

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙДЫҢ «ЖИДЕБАЙ-БӨРІЛІ»
МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ
ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ



Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына арналған

«АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ: РУХАНИЯТ, ПАРАСАТ, ТАНЫМ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ



ӘОЖ:821.512.122.0
ББК: .83.3 (5Қаз)
П24

Жалпы редакциясын басқарған Shakarim University ректоры
Д.Р. Орынбеков

Редакция алқасы:

Смағұлова А. «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның басшысы, ф.ғ.к.

Қасымов А. Білім беру жоғары мектебінің деканы, PhD
Мұсағалиева К. – «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның жетекші ғылыми қызметкері, г.ғ.м.

Ұлы ақын, ағартушы, гуманист Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына арналған **«Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының (9 тамыз 2025 жыл) материалдары / Бас редакторы: Д.Р. Орынбеков. – Семей: Shakarim University, 2025. – 262 б.

ISBN 978-601-313-227-3

Жинаққа «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылық құрамына, докторанттарға, магистранттар пен студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналады.

ӘОЖ:821.512.122.0
ББК: .83.3 (5Қаз)
П24

ISBN 978-601-313-227-3

© Шәкәрім университеті, 2025

**Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат Нұрбек**

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

**Құрметті конференцияға қатысушылар!
Қадірлі ғалымдар, әріптестер, жастар!**



Халқымыздың кемеңгер ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Адамзаттың Абайы: руханият, парасат, таным» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуымен баршаңызды құттықтаймын!

Бұл ғылыми басқосудың Шәкәрім университетінде ұйымдастырылуының мәні аса жоғары деп ойлаймын.

Ұлттық сана мен руханияттың алтын арқауы Абайдың сан-салалы мұрасына үңіліп, ойларынан өрісті өнеге дарыту мақсатында бас қосып отырмыз.

Абай мұрасы – ізгілік пен кісіліктің мәңгілік қайнары. Терең гуманизмге суарылған ақындық ой

мен философиялық толғамдар халқымыздың рухани темірқазығына және жалпы адамзаттың игілігіне айналды. Жаратылыстың үйлесімін, адамның асыл мұраты мен баянды мақсатын терең таныған ойшыл ақынның асыл сөздерін зерттеу, зерделеу арқылы өзімізді танимыз, тарихқа тағзым, болашаққа бағдар жасаймыз.

Қазіргідей жаңа технологияларға жаппай ұмтылған дәуірде мәдениет пен ғылыми ортада гуманистік дағдарыс жөнінде жиі айтылып жүр. Бұл жаһандану дәуірінің шындығы. Ғаламдық деңгейдегі осынау сындарлы шақта «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» ғасырлар қойнауынан үн қатқан гуманист тұлғаның ізгілікті ойларының бағасы еселене түседі. Адамгершілік мәңгілік мұраттарды жоғары бағалаған Абай сияқты ірі ойшылды жан-жақты тану және көпшілікке барынша таныту, сондықтан да, аса маңызды қадам деп білеміз. Сол арқылы біз адам бойындағы ізгі қасиеттерді насихаттаймыз.

Данышпан тұлғаға арналған мерейтойлық шаралар ойшыл ақынның адамгершіл мұраттарға негізделген мұрасына барша халықтың назарын аударуға, жаңаша тануға және тағылым алуға үлкен үлес қосады деп сенемін. Осы орайда, қасиетті Семей өңіріндегі мерейтойдың мәні мен мазмұны үлкен тағылымдық мақсатқа құрылғаны қуантады.

Министрлік тарапынан мерейтойға орай еліміздің барлық жоғары оқу орындарында Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде 3 бағыт бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда, олар: «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Осы идеяны жүзеге асыру барысында университеттерде орталықтар немесе ашық алаңшалар (оупен спейс) құрылған. Мысалы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық, Абай атындағы Қазақ ұлттық, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық, Шәкәрім, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеттерінде Абай орталықтары жұмыс істеуде. Бұл бастама жастардың Абай ілімін университетте игеруіне барынша мүмкіндіктер жасайды.

Абайдың «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім» деп Батыс пен Шығыс әлемін меңзеген үлкен ойшылдық сөзі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда толық жүзеге асырылуда. «Болашақ» бағдарламасы арқылы мыңдаған жастарымыз Батыс пен Шығыстың жетекші университеттерінде білім алып келгенін білесіздер. Бүгінгі таңда шетел университеттерінің филиалдары Астана, Алматыға қоса барлық өңірде дерлік ашылып, өз елімізде сапалы білім алудың зор мүмкіндігі туғанын айрықша атауға тиіспіз. Америка Құрама Штаттарының,

Қытайдың, Ұлыбританияның, Францияның, Түркияның, Оңтүстік Кореяның, Ресейдің және тағы да басқа шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып, жұмыс істеуде. Ондағы басты мақсат – озық халықаралық тәжірибелерді трансферттеу арқылы отандық жоғары білім беру жүйесін дамыту. Қазіргі уақытта Қазақстанды Орталық Азиядағы білім беру хабына айналдыру бойынша елеулі жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі халықаралық конференцияда Абайдың гуманистік, суреткерлік өрісті ойларының эстетикалық, дидактикалық және философиялық негіздері, зерттеу әдіснамасы жөнінде тың ғылыми ұсыныстар айтылады деп ойлаймын. Қазіргі әлемдік ғылымда пәнаралық байланыстардың өзектілігі күшеюде. Сондықтан Абай сияқты сан қырлы тұлғаның еңбектерін бірнеше ғылымның тоғысында зерттеген жөн.

Абай мұрасын дәріптеу – ұлттық ынтымақты күшейту мен рухты көтеру, келер ұрпақтың бойына адамгершілік пен білімге деген шынайы сүйіспеншілікті сіңірумен тікелей сабақтас.

Баршаңызға амандық, шығармашылық табыстар және жемісті ғылыми байланыстар тілеймін.

Орынбеков Думан Рымғалиұлы
Shakarim University ректоры

**Қадірменді зиялы қауым,
Абай мұрасын ардақтаған әлеумет!**



Бүгін біз географиялық қана емес, философиялық әрі рухани кеңістікте бас қосудамыз. Бұл кеңістіктегі бір ғана атау, ол – Абай!

Абайдың тұлға болып қалыптасуына, білім мен ізгілікке бет бұруына ықпал еткен қасиетті мекен Алаш астанасы – Семей шаһарына қош келдіңіздер!

Абай тойы – бұл тек бір ақынның мерейтойы емес, тұтас ұлттың ой-санасының, мәдениетінің, рухының мерекесі. Бұл – қазақ руханияты үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі мен жаһандық өркениет үшін елеулі тарихи белес. Өйткені Абай – өзінің терең ойымен, кемел парасатымен, адамзаттық құндылықтарды дәріптеген даналығымен әлемдік деңгейдегі ойшыл тұлға.

Бүгінгі конференциямыз – Абай мұрасын жаңа қырынан танып, оның рухани-адамгершілік, философиялық, ағартушылық мұраларын заманауи көзқараспен бағамдай отырып, жастар тәрбиесінде, ұлттық идеологияны нығайтуда және ғылым мен білім жүйесінде қалай тиімді қолдануға болатынына ой қосудың алаңы.

Құрметті қауым! Бүгінгі игі басқосуымызға – қазақ руханиятының алтын бесігі саналатын Абай еліне отандық ғылымының беделді ғалымдары, мәртебелі қонақтар, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов ұрпақтарының арнайы келіп, қатысып отырғанын зор мақтанышпен айта аламыз.

Шәкәрім университетінің ғылыми алаңында еліміздің түкпір-түкпіріндегі іргелі жоғары оқу орындарының ректорлары, көрнекті ғалымдар арнайы қатысып отыр.

Конференция барысында Абай шығармашылығының өзектілігі, қазіргі қоғамдағы рөлі, сондай-ақ оның әлемдік деңгейдегі идеялармен үндестігі кеңінен талқыланады деген сенемдеміз.

Баршаңызға сәттілік, тың ой мен мазмұнды пікір алмасу тілеймін!

Рухани кемелдікке бастайтын Абай мұрасы мәңгілік болғай!

Сағадиев Ұлан Болатұлы
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры

Армысыздар қадірменді қауым!



Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол – қазақтың жан-дүниесінің тұңғыығына бойлаған дара тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы. Абай жаңа әдебиетіміздің негізін қалаған ақын ретінде ел тарихында айрықша із қалдырды. Оның еңбектері бір ғасырдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтқан емес. Әлі күнге дейін баршамызға рухани азық болып келеді. Ақынның ғибратты ғұмыры мен мол мұрасы – халқымыздың және жаһан жұртының асыл қазынасы. Абайдың өсиеті – өскелең ұрпақтың айнымас темірқазығы.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын

орталыққа айналдыру керек» - деген еді.

Абай музейі Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын, оның әртүрлі кезеңдердегі өмірі мен шығармашылығы туралы құнды деректерді сақтап қана қоймай, сонымен қатар ақындық өнер айналасы – Көкбай Жанатайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әріп Тәңірбергенов, және Мұхтар Әуезов, Алаш арыстары және тағы басқа да Абайдың ізбасарлары мен замандастарының шығармашылық мұрасын да қамтиды.

Абай музейі қазақ әдебиетінің алтын қорын сақтаушы ғана емес, сонымен қатар ұлы ақынның мұрасын әлемдік деңгейде зерттеп, танытуға үлес қосатын ғылыми-мәдени орталық болып табылады. Бүгінгі күнде музей қорында жалпы 22 350 жәдігер сақталса, ның ішінде негізгі қорда 12 585, қосалқы қорда 9 765 экспонат ел танымын байытуға септігін тигізіп келеді.

Адамзаттың рухани азығына айналған Абай Құнанбайұлы – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығының ортақ құндылығына айналған кемеңгер тұлға. Оның даналығы, терең философиялық ойлары, адамгершілік қағидалары мен рухани мұрасы – қазіргі заманғы қоғам үшін де өзектілігін жоймаған асыл қазына. Сондықтан Абайдың шығармашылығын жан-жақты зерттеп, оны ұрпақ санасына сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

FTAMP: 17.82.10

Т. Жұртбай

филология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

«ШЫН ЖҮРЕК – БІР ЖҮРЕК...» (һашия)

**Шын жүрек – Бір жүрек,
Қайта толқып,
Жолдан қорқып,
Айнымас.
Абай.**

Сарыла отырып санап шыққанымда, Абай өзінің шығармаларында «жүрек» деген сөзді 167 реттен аса қолданыпты. Ал, сол «жүректің» баламасы не ауыспалы мағынасы ретінде қолданылған көңіл, көңіл кірі, кірлі көңіл, күпті көңіл, бұла буын, ысынған кеуде, булыққан тұла бой, жан, тән, тағы да басқа телімдерді қоссақ, оның саны екі еселенбек. «Телміріп, терең ойдың соңына» түсіп, тек «жүректің» өзін ғана Жүрек-Қалб философиялық жүйесінің ұғым-категориялары туралы оқымыстылардың арлы-берлі айтылған ойларымен салыстырып қарағанымызда, бұл 167 жүректің 167 түрлі мағына мен көңіл-күй ауанын беретіне көзіміз анық жетті. Соны, қысқаша һашия түрінде пайымдап, назарға ұсынуды мақұл санадық.

Абайдың поэзиясы мен пәлсафалық рисаларындағы 167-ден астам рет қолданылған:

«Жүрек», «орныққан жүрек», «қуатты жүрек», «ынталы жүрек», «сауатты жүрек», «ыстық жүрек», «...ыстық тиген жүрек», «қозғаушы жүрек», «бұла жүрек», «асау жүрек», «асыл жүрек», «долы жүрек», «...әлек жүрек», «қайратты жүрек», «іскер жүрек», «жүрек ісі», «миды тербеп оятатын жүрек», «ақылдың сауыты – жүрек», «ұйылы-ояу жүрек», «қозғаушы жүрек», «раһит (нұр) құятын жүрек», «ақ жүрек», «арлы жүрек», «ұятты жүрек», «ұялшақ жүрек», «дәмелі жүрек», «сынғыш жүрек», «толқымалы жүрек», «саусақты жүрек», «арынды жүрек», «алқынған жүрек», «дос жүрек», «момын жүрек», «жуас жүрек», «жасық жүрек», «мінезді жүрек», «қас жүрек», «қызықшыл (хикметшіл) жүрек», «қызба жүрек», «қызулы жүрек», «шошынға жүрек», «суылдаған жүрек», «жомарт жүрек», «құбылмалы жүрек», «жас жүрек», «жаралы жүрек», «... із қалған жүрек», «қызықты жүрек», «сорлы жүрек», «ит жүрек», «ет жүрек», «ұйқылы жүрек», «ояу жүрек», «жылы жүрек», «жұмсақ жүрек», «өрт жүрек», «отты жүрек», «жанған жүрек», «жалынды жүрек», «өртенген жүрек», «мұз жүрек», «улы жүрек», «дертті жүрек», «ауру жүрек», «ыстық жүрек», «балқыған...жүрек», «суыған жүрек», «қан жүрек», «жан жүрек», «қам жүрек», «әз жүрек», «сезгіш жүрек», «сезімтал жүрек», «лүпілдеген жүрек» «...суылдаған жүрек», «...соғушы жүрек», «...тербелген жүрек», «дүрсіл қакқан жүрек», «толқынды жүрек», «толғанған жүрек», «алқынған жүрек», «алас ұрған жүрек», «тыңдамайтын жүрек», «теңіз жүрек», «қайғылы жүрек», «мұңлы жүрек», «өкпелі жүрек», «өнерлі жүрек», «таза жүрек», «күйген жүрек», «сүйген жүрек», «айна жүрек», «айналы жүрек», «көзі бар жүрек», «қалыпты жүрек», «тыңдаушы жүрек», «майда жүрек», «...түртілген... жүрек», «түпті жүрек», «тексеруші жүрек», «байқағыш жүрек», «сақ жүрек», «жамау жүрек», «(қосылған) жүрек», «қорқақ жүрек», «кескіленген жүрек», «кірлі жүрек», «кірлеген жүрек», «ғаділетті жүрек», «таза жүрек» «іңкәр жүрек», «тән жүрек», «жан жүрек», «шын жүрек», «бір жүрек» т.б. – деген теңеулермен;

«Жүрек айнасы», «жүректің көзі», «жүрек оты», «жүрек қаны», «терең жүрек», «жүректің түбі», «жүректің басы», «жүректің сауыты», «жүректің қанаты», «ұйықтап

жатқан жүрек», «жүректің ақылы», «шешімді жүрек», «ызалы жүрек», «жұмсақ жүрек», «жұмбақ жүрек», «жүрек қалыбы», «жүрек ісі», «қуаты күшті жүрек», «тоқтаған жүрек», «кірлеген жүрек», «кірлегіш жүрек», «жүректен күлу», «қорықпас жүрек», «жаужүрек», «жұмбақ жүрек», «айнымас көңіл (жүрек)», «босанбас буын (жүрек)», «Тіл жүрек (Жүректің тілі)», «ұмыт жүрек», «жүректі», «әншейін жүрек», «қасқыр жүрек», «әлекшіл жүрек», «жігерлі жүрек», «қайратты жүрек», «байлаулы жүрек» «жан жүрегі», «тірі жүрек», «елжіреген жүрек», «еріген жүрек», «би жүрек», «жүрек суреті», «жүрек қуаты», «тулаған жүрек», «қайнаған жүрек», «әлекшіл жүрек», «кіршіл жүрек» [1-2], т.б. – деген ұғымдық тіркестер сол шүйкелеуге түскен көркем жүйенің жүйке тамырлары.

Бұл тіркестер мен ұғымдар көркем оймен, «сұлу сөзбен», астарлы, емеуірінді мағынамен, ырғақпен, ұйқаспен өрнектеліп барып тұтас бір көркем жүйеге айналып, шығармашылық мазмұнға ие болады. Өзіне тән дербес көркем жүйесі болмаған талант – кемел, толық тұлға емес. Ақыл-ойдың көркем ойлау деңгейіне жете алмаған, бірақ көрнекті тұлға ретінде бағаланады. Бұл реттен алғанда, Абай – мұқым жаратылыстық сипаттармен тамырласып жатқан өзіндік қабылдау, санада саралау және бейнелеу жүйесі бар әлемдік дара дана.

Ал енді, турасына көшкенде, Жүрек-Қалб философиялық жүйесі – ұлы жүйе. Абайдың пайымдауынша да Жүрек – мынау мұғжизалы қилы-қилы құбылысты дүниенің әсерін қабылдап, оның астары мен мағынасын сана сарасынан өткізіп, соның сырын бейнелеп жеткізетін көркем ойлау жүйесі. Жаратқан иемнен, оның тоқсан тоғыз сипаты мен құдіретінен бастап, мұқым Он сегіз мың ғаламды, жан мен тәнді, дүниенің мағмұрлығымен қоса «адам ұлының мінездерін» қамтып, «махаббаттың төлеуін – махаббатпен» қайырған қайырым иесі. «Отыз сегізінші сөздегі»:

«Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім!» [1, 469], – деген қаратпа сөз Абайдың бүкіл көркем ойлау жүйесінің жиынтығы болып табылады.

Өйткені, адамның негізі – Тән мен Жан. «Тән – жанның қонағы», яғный, затиялық бітім. Тірліктің көзі – Жан. Ал, жанның өзіне жан бітіретін субутиялық қасиет – жан қуаты. Жан қуаты мен ділінің шарпысуынан ақыл тұмақ. Сол ақыл мен қуаттың қормалы – жүрек. Сондықтан да, Абайдың ойлау жүйесі мен көркем әлемінің айнасы – осы үш бірліктің санадағы дидары. О баста өзіне құдірет сипатымен тұмыса біткен бұл жауапты артықшылықты жүрек те біледі. Біліп тұрып сол қасиеті үшін өзі тұтқасын ұстаған ақыл мен қайраттың менменсінуіне налып:

«Мен адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды. Жан – менде мекен қылады. Менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсек те, жылы үй де тамағы тоқ жатқан кісіге: төсексіз – кедейдің, тоңып жүрген – киімсіздің, тамақсыз – аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен – деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен. Бірақ (адамдар) мені таза сақтай алмайды, ақырында (өздері) қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейт ұғын нәрселердің бәрі менен шығады. Менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» [1, 453], – деп масаттануы орынды.

Мақтан емес, өзін басынғысы келгендерді орынына қою, өзін, яғный, жүректі сыйлата білудің амалы. Егерде, соншама құдіретті сипатқа ие бола тұрып, ақыл мен қайрат жүректі сыйламаса, онда Шариғат та, Тариқат та, Мағрифат та жоқ. Ақиқаттың фирдауыс қақпасын да аша алмайды. Жаратқан ием жаратқан жаратылыста да қасиет қалмайды. Пендесіне иман ұйымайды, қайырым бұйырмайды. Арын сатып, ақылдың айнасымен адамзатқа қарсы амал тапқан адам, қайрат бойына біткен қуат-күшті пайдаланып дүниені бүлдіріп тынар еді. Бұл риуаяттың тәмсілі де осы болса керек. Шындығында да, мынау фанидің бар адами жауапкершілігі жүрекке салмағын салады.

Жүректің тіршілікке қатысты затиялық міндеті өз алдына ұшан-теңіз әрі жан-жақты. Ал, оның жан қуаты тұрғысынан алғандағы субутиялық парыз-сүндеттері және оған

қойылатын талаптар Шариғатты да, Тариқатты да, Мағрифатты да, тіпті, Ақиқатты да қамтиды. Біз, тек Абайдың пікір-пайымдауымен таратылатын пікірлерге, соның ішінде, ақыл, қайрат, жүрек мәселесіне қатысты жалпылама берілген тассаууфтық анықтама-ұғымдарды атап өтумен ғана шектелеміз.

Тасаууфтың қағидаттары бойынша:

Жүрек – жақсылық пен жамандықтың, тақуалық пен күнәнің, яғни, періште мен шайтани күштердің ғарасат майданы. Яғни, қалау қабілеті мен құмарлықтың (нәфсінің) қарама-қарсы қозғалысы. Құран – жүрекке түскен (4. Шұғара. 193-195). Сондықтан да, жүрек – иманның орыны.

Жүрек – тән мен рухани жан дүниенің де ұясы және таза қанды тәнге таратушы қуат. Егер қан айналымы төрт секунд тоқтайтын болса, жүрек тоқтайды.

Жүрек – Ақиқат пен Хақтың құбылнамасы.

Жүректің досы – қанағат, дұшпаны – күпірлік.

Жүрек және оның рухани жаратылысының атауы – көңіл.

Ихсан дәрежесіне жеткен жүрек – тірі жүрек.

Нәфсіге құмар жүрек – мөр басылған өлі жүрек, надандық пен өтірік билеген, сезімнен ада, қанағатсыз жүрек – ауру жүрек [6, 183-194].

Жүректің он сегіз мың ғаламнан алатын орыны, ықпалы, ақыл, мінез тәрбиесі, ар тазалығы, иманды ұйытатын жүрек мәйегі, оның игілікті сақтап қалу жолындағы амал-әрекеті, Шариғаттық, Тариқаттық, Мағрифаттық сыпаты ислами ойлау жүйесінің ең бір құнарлы да мағыналы «Қалб» (Жүрек) катеогриясында толығымен және сондай бір нәзік те алғыр сезіммен түсіндіріліп берілген. Абай жиі қолданатын: «Жүректің қалыбы», «Жүрек қалпы» «Жүрек қалпында таза сақта» – деген сөз тіркестері осы «қалбті» -жүрек катеогриясын білдіреді. Біз, жоғарыдағы таңдалып алынған анықтамалардың әр қайсысының терең философиялық мәнге ие екендігін аңдату үшін өзінің өлеңінде арнайы тоқталған «ауру жүрек» ұғымына аз аял етеміз.

Сонымен:

1. **«Қалб-и салим» – «Таза жүрек»**, нәфсіден толық тазарып, иман ұйыған жүрек.

2. **«Қалб-и мүниб» – «Шын жүрек»**, фанидің қызығынан бақидың сынағын жақсы көрген, «ахирет азығын», Абайша айтқанда, «жол азығын» толық жинаған пенде.

3. **«Қалб-и мүтмайн» – «Қанағатшыл жүрек»**, жамандықтан жиіркеніп, жақсылықты ұстанатын жүрек.

4. **«Мөр басылған жүрек»** – иманның есігі жабылған, іс-әрекеті хайуанмен тең өлі жүрек.

5. **Науқас (ауру) және ғапыл жүрек** – фанидегі өмірі күйінішпен, күмәнмен, тұрақсыздықпен, жаны азапқа түсумен өтетін, ішкі дүниесінде тыныштық жоқ: күмәнға, надандыққа, құмарлыққа, ашкөздікке, әдепсіздікке, қаттылыққа бой алдырған рухани дертке шалдыққандар [3-6, 6.183-194].

Оларды, Иман – төрге жетелейді, имансыздық – көрге жетелейді.

Міне, өзі барынша ашық сынаған мінездерден арылмаған, жаны азап шегумен өткен пенденің жан азабын Абай өзінің «Ауру жүрек» атты өлеңінде барынша шынайы шіміркеніспен суреттейді. Ол ар сотына түскен жаһил жанның қан қысымы мен жан азабын:

Ауру жүрек ақырын соғады жай,

Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.

Кейде ыстық қан басып кетеді оны,

Дөңбекшіген түнде де тыншыға алмай.

Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,

Еркелік пен достықты ауыр көрген.

Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты

Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,

Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.

Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.
Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,
Кетірет деп мазақтап беттің арын.
Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тығып ішке, ол білдіре алмай.
Кейде ыстық тағы да қан басады,
Кейде бір сәт тыншығар үн шығара алмай [1, 279], – деп суреттейді.

«Ауру адамның» ар-ұяты өртенген, кеудесінде ар-ожданның күйігі қалған. Арлы емес, бірақ, арсыз болудың амалын таппайды. Ұстамдылық, сабыр, қанағат, тәубә, төзім жоқ. Күнәқар болса да, күнәсіз боп көрінгісі келетін қылымсыған алмағайып күн көрістің иесі. Өлі де емес, тірі де емес, алмағайып тірі өлік.

Міне, Абайдың бір «ауру жүрек» ұғымының өзінде осыншалықты фани мен бақидың арасын қамтитын астар жатыр. Оның әдібін жазып, «жүрегiнiң түбiне терең бойлап» түсiнген адам ғана Абайдың «жұмбағын» түсiнедi. Ол «жұмбақ» мұнымен ғана шектелмейдi.

Абайдың ақыл-ой iлхамы – «Махаббатпен жартқан адамзатты» [1, 296], «Әкесiнiң баласы – адамның дұспаны, адамның баласы – бауырың» [1, 468] – деген дүниеауилық ұстаным. «Ақылдың сауыты», «жүрегiмнiң қуаты, перзенттерiм!» – деп Абайдың барлық пенде атаулыны бауырына тарта қамтуы және арнайы «адам ұғлының мiнездерi туралы» ядғар қалдыруы да сондықтан. Ақыл мен қайратты қалыс қалдыра тұрып, оның тек қана «жүрек» сөзi мен ұғымын қолданудағы психологиялық желiсi мен ой ырғағын ғана қарастырсақ, «жүрек» ұғымы оның көркем бейнелеу жүйесiнде соншалықты тиянақты сыпатқа ие екендiгiн аңлау қиынға соқпайды. Жалпы, «жүрек» ұғымын осыншама биiк ақыл деңгейiндегi көркем жүйенi құралы еткен талант әлемдiк ой адамдарының арасында да сирек құбылыс. Дегенмен де, тәмiсiлден – тәмiсiл тудырмас үшiн, бiз Абайдың әр түрлi сана арпалысы мен жанталасы тұсында адамның көңiл-күйiнiң, ақыл ауанының, жан қуатының һал күйiн (исламиятта бұл өзi мұғжизалық сифаты бар аса ауқымды және өте маңызды философиялық категория) бейнелеп жеткiзген жүрек ахуалына байланысты ядғарларын дәйек ретiнде үш түрлi желiге жүйелей түсiрiп, сөз бе сөз ұсынамыз:

Жүректің харакетіне тән бірінші һал-күй: Егер, «Жүректің көзi ашылып, «Хақтықтың сәулесi түсiп», «iштегi кiрдi жуса», «адамның хикмет кеудесi (жүрегi)» тазарады. «Ол сәуле болмаса, наданның көңiлiн қараңғылық пердесi басып тұрады». Онда адам «ақылдан бойын қашық ұстайды», ойында тек «бiр-ақ шаруа – өзiнiң күйбiң тiршiлiгi» ғана болады.

Ал, Ақыл – «қуатты ойдан бас құраса» ғана, «сөз еркеленiп, еркiн шығады» (яғный, жүректің қуаты болмаса ақыл өз бетiнше дербес бас құрай алмайды). Сондықтан да, «Дүние (өзiнiң) барша қуатын (бар салмағын) Өнерге (жүрекке) салады. Өйткенi, «Жүрек – ақылдың сауыты». Жүрекпен сүю арқылы «Махаббат қылса да Тәңiрi жарылқасын» үшiн iстейдi. Өйткенi, «Шын жүрек – бiр жүрек».

Екінші һал-күйі (Жастық қуаты): «Жастықтың оты (қуаты) жарқылдап, жүректі түртіп қозғайды». Қандай да болмасын, бiр мезет «асау жүрек қайнамай», «iс те бiтпейдi». Жүрек дер кезiнде мiнез көрсетпесе, «жуасып», жасып кетер едi. Мұндайда, «жүрек әдiлдiк пен ақылға сүйенiп, қайраттың дегенiне көнедi». Бiрақ, «жүрек өз еркiмен ешбiр дүниеге тимейдi». Ол, «Жас жүрек» шын адал ниетiмен «алыстағы Айға талпынып, саусағын жаяды».

Егерде, «жас жүректің толқынын дөп баспасаң», ол «ақ жүрегiңнiң өзiн ұнатпайды». Тек «қалауын тапсаң ғана «мұз жүрегi май сықылды еридi». Егер, ерiксiз «қор қылуға Құдiреттен бұйрық арқылы өрт (қатер) түссе (келсе), онда «жас жүрек жай таба алмай жанады», «Тұла бойды жылытқан ыстық жүрек өз-өзiнен толғанып барып», «Құдiреттiң» бұйрығын алқынады».

«Жүрегі жұмсақ білген құл ғана, Жүректің отын сөндірмейді, керісінше, жүректің көзін ашады». Хақтықтың сәулесін түсіреді. Іштегі кірді кетіреді. Егерде, «жүректе айна жоқ болса», онда «мұның бәрі бос сөз». «Жүректі лүпілдетіп, Жүректі алас ұрғызып, Жүректен қозғайтын» және «Жүрекке құйылып, жан рахатына бөлейтін бір рағит сәуле бар».

Мүмкін, Махаббат деген осы шығар.

Үшінші хал-күй: Жүрек – өмірдің «жүрегінді қан қылатын» қиын да қилы-қилы құбылыстарына тап болуы мүмкін [3-6]. Ондайда: «Жаужүрек, жомарт, құбылмайтын, жүрек жалыны суынбайтын, жалтандаған (жайтандаған) жас жүрек: «Байғұс-ай!» – дегенді жақтырмайды. Сондай сәтте жүректің достары «қайрат пен ақыл жол табады». «Қашқанға да, қуғанға да әділет пен шапқат» кесім айтады. Болмыстық түйсік солай. Өйткені, «Бастапқы екеуінсіз» жүректің «Алды – жалын, арты – мұз». Сондықтан да, «Шошынып, суылдап, елжіреп тұрған шын жүректі» «қорқытпай орнықтыру» – ақыл мен қайраттың парызы.

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,

Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

Жүректен қызу-қызба кете қалса,

Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,

Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.

Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,

Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі [1, 299].

«Көздің жасы, жүректің қанын» сол екеуі – ақыл мен қайрат қана құрғатып, «іштің мұзын ерітеді». Одан өзге жүрек дәмететін» жақсылық жоқ».

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1, 249].

Бұл жақсылықтың өтеуі мынау: «бастағы ұйықтап жатқан миды жүрек тербеп оятады», ал «ұйықтап жатқан жүректі әнмен оятады». Сонда ғана, «жылы жүрек қозғалмақ». Қозғалып барып: «Көрген-білгенін әділет пен ақылға сынатyp, солардың сөйле дегенін алыс, жақынға білдіреді». Сондықтан да, «ынталы жүрек, шын көңілдің» иесі:

Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме [1, 265].

Асыл ойдың тереңіне бойласаң ғана: «Ақылды, асыл, сөзі майда жүректің» «ізі кетпес қызығын көресің». «Тулағыш мінезіңнің» долы күйімен «жүректің басынан у төгілгендей» болса да, «жүрекке сеніп, жылауға да, сенуге де болады». Ізгілікке «іңкәр жүрек» кек сақтамай «ұмытуға ұмтылады». Тек: «ет жүрексіз еріннің сөзін айтпа», шынға жүгін. Әйтпесе, «қайран жүректің мұзы» ерімейді. Егер, «жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды» оятпаса, «ақылға сәуле қонбаса», онда «хайуанша жүріп» күнелтпексің. «Ақыл қайраттан аспаса, тереңге бармай, үстірт» қалқисың. Еріксіз:

Күйесің, жүрек, күйесің,

Күйгеніңнен не пайда?

Дүниеде нені сүйесің,

Өмір қайда, дос қайда? [1, 287], – деп күйінесің.

«Жүрегім, соқпа, кел тоқта», – деп, «көзіңе жүр-жүрлеп жас келіп», күйінбес үшін, әуелі:

Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен

Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш? [1, 291].

Соны түгенде. Ол үшін «сынық көңіліңді» жұбата отырып, «жүрегінді байқа» (тексер), егер «иненің жасуындай» кір болса да «аршып алып таста». Сонда:

Сылдырлап өңкей келісім

Тас бұлақтың суындай,

Кірлеген жүрек өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай [1, 256].

Иә, жоғарыда айтқанымыздай:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1, 249].

Бұл тәмсілдерге қарап, жүректің міндеті – тек жабырқау, жабығу сияқты көрінуі де мүмкін. Үнемі қайғыруға тән де, жан да шыдас бермейді. Абайдың:

Тән сүйгенін бермесе,

Жан шыдамас жаны ашып.

Бере берсең – бер десе,

Үміт етер таласып [1, 276], – дегені соған дәлел.

Серпілген, сергек жүректің қанаты – көңіл-күй. Сондықтан да, Абай сергек, жеңіл, адами сезімдерге қарата жүректің орынына «көңіл» деген сөзді жиі қолданады. Айтылып, жазылуы басқа болғанымен де, екеуі де бір көркемдік жүйенің балама ұғымдары. Тек «жүрекке» – тәңірі текті сыпат береді, ал «көңілде» – адами сезім басым. Әйтпесе:

«Жүрек және оның рухани жаратылысының атауы – көңіл». Хазіреті Мәуләнаның пайымдауы бойынша: «Егер сенде көрегендік бар болса, онда көңіл Қағбасына тауап қыл. Сен: топырақтан жасалған деп ойлаған Қағбаның негізі – көңіл» [6, 272-273].

Ішінара ғана мына дәйектерге иек артсақ, бұл пікірдің астары анық аңғарылады. Мәселенки:

«Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақта», «жүрекке бір сәуле жан рахаты боп құйылған кезде», «ұйықтап жатқан жүректі (өмір аңсары) ән оятады». Сөйтіп, «Көңіл құсы шартарапқа құйқылжып, Адамның ойы түрленіп»: «Құдай-ау, бұл көңілім, Күн бар ма бір тынар?» – деп сілкінеді». «Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжытып, жүректі тербейді, миды оятады». «Кейі зауық, кейі мұң, тәтті үн дертінді қозғап, жас балаша көңілді уатады». «Мұңмен шыққан тәтті күйге жылы жүрек қозғалады». Мұндайда:

...Сонда ақын белін буынып,

Алды-артына қаранар.

Дүние кірін жуынып,

Көрініп ойға сөз салар [1, 256].

Сөйтіп, «Ақылды, сөзі майда асыл жүрек»: «жүректі – ізі кетпес қызық пен жақсылыққа бөлейді». «Жаралы болған жүректі дауалап», «сынық көңілін жамайды». Содан кейін, «Көңіліне түрлі ой түсіп, әр тереңге нұсқайды». Шамырқанып-қомданып, өзін-өзі:

«Енді аяңда, жығылма, Сыймас жерге тығылма, Қой бұрынғы желгенді! Қайғы шығып иыққа, Қамалтпасын тұйыққа, Сергі, көңілім, сергі енді! Балапан құстай ондалып, Қанатыңды қомданып, Жатпа ұяда, қорғанып, Ұш, көңілім, көкке, кергі енді! Көңілде қайғы, қалың зар, Айтатұғын сөзім бар, Салсын құлақ ұққандар, Өрбі, сөзім, өрбі енді! Іште қайғы дерт пысып, Көкіректі өрт қысып, Айтуға көңілім тербенді [1, 166], – деп шабыттандырады Абай.

Міне, бұл – ақылға сүйеніп, жан қуатынан күш алған қайратты жүрек, яғни, софылық-рисалалардың тілімен айтсақ, «тірі жүрек». Келтірілген: «Орныққан жүрек», «жылы жүрек», «ауру жүрек», «жаралы жүрек», «күйген жүрек», «сүйген жүрек», «қалыпты жүрек», «кірлі жүрек», «ғаділетті жүрек», «таза жүрек» «тән жүрек», «жан жүрек» «айна жүрек», «жүрек айнасы», «жүректің көзі», «ұйықтап жатқан жүрек», «кірлеген жүрек» сияқты т.б. тәмсілдердің барлығы да жәй қисынды сөз, қиынды ұғым, әдемі теңеу, не ойды шендестіру ғана емес, сонымен қатар, мұндағы әр ұғым жеке-жеке философиялық категория. Әр ұғымның өзіне тән анықтамасы, қалыптасқан қағидаттары, қамтитын шек-шекарасы, дербес мазмұны бар.

Ол айтылған анықтамалардың әр қайсысын даралап талдау біздің Мағрифаттағы ар тазалығына қатысты негізгі ой желісін шашыратып әкетуі мүмкін. Сондықтан да, ең қуатты және иман тазалығына, яғни, ар тазалығына кепілдік беретін Абайдың көркем жүйесінің бір тамыры – жүрек айнасы мен оның баламасы – «көңіл көзі» дербес тоқталуды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Редакциясын қарап, түсініктерді, материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Ә.Жиреншин. – А.: Қазмемкөркемдбас. 1961 ж. – 693 б.
2. Жұртбай Т. Толық адам: 1-кітап: Сол шыншыл: Хақ және Жалғыз. Абайдың сыртқы (заһир) әлемі. Әдеби-салыстырмалы рисала. 2-кітап. Билемесе бір кемел. Абайдың ішкі «батин» әлемі. Әдеби-салыстырмалы рисала. – Алматы: Атамұра, 2023.
3. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4 000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. Ауд. Кенжетай Д., Қаратышқанова К., Төлеген М. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы Қоғамдық қоры, 2018. – 432 б.
4. Имам әл-Ғазали. Бидайат әл-хидайат (Начало наставления на истинный путь)/ Пер с араб. Шамиль ибн Омар// – М.: СПб.: Диля, – 2009.
5. Коран І. Перевод смыслов и комментарии Иман Валерии Пороховой. 7-е изд. – М.: РИПОЛ КЛАССИК. 2003. – 800 с.; II.2. Құран (The Space Atlas («Космический атлас»), Хизер (Heather) и Хенбест (Hendest);
6. Топбаш О.Н. Иманнан – ихсанға. Тассаууф. Ауд. Х.Өзтүрік. – А., 2007. – 600 б.

ҒТАМР: 17.09.91

А.С. Еспенбетов

филология ғылымдарының докторы, профессор
Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ

Ұлы Абайға 180 жыл! Бүгінгі қарыштап дамып келе жатқан Қазақ Елінің атап өтерлік мерекесі. Халық рухының биіктер, қазақ жұртының мәре-сәре болар мерейлі мерекесі. Тек Қазақ Елі аумағында ғана емес, ұлы ойшылды құрмет тұтар алыс-жақындағы достарымыздың ортақ қуанышы.

Абай – кім? Заманының қуанышы мен күйінішін, тұрмысы мен әдет-ғұрпын, қандастарының қайғысы мен мұңын, халқының асыл мінезін, сонымен бірге оғаш қылықтарын жүрек түбінде саралап, қоршаған орта қабілетін барынша шынайы танытқан қайраткер. Бүгін бізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де «Адамзаттың Абайы» ұғымы қалыптасты. Ахметше толғасақ «Қазақтың бас ақыны», Әлиханша әрлесек «Тағдырдың өзі сыйлаған сом алтын».

Абайды танудың ұзақ тарихы бар. XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасыр басында ақын есімі атала бастады. Олар данышпанды тануда белгілі бір қызмет атқарғанымен, ғылыми-теориялық, әдістемелік толыққанды зерттеулер өткен ғасырдың отызыншы жылдарына тиесілі.

Бұл арада абайтанудың ғылыми-теориялық, әдістемелік ұстанымын негіздеген профессор М.О.Әуезов пен профессор Құдайберген Жұбанов зерттеулерін бөліп айту парыз.

«Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, айқын жүзді айдай игі бір нұры дейміз Абайды» дей келе, М.О.Әуезов: «Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі, өрнектері». Абай шығармашылығы халықпен бірге жасайтындығына шек келтіре алмаймыз. Ендеше бұл ұстанымның үнемі бағдарымызда болары хақ.

Қ.Жұбанов тумысында тілші-ғалым бола тұра, әдебиеттің келелі мәселелеріне үңіліп, ұлттық музыкадағы күй жанрының пайда болуы, қазақ драма театрының жетістіктері, ұлт театрының түйткілді мәселелері хақында тосын ойларын ортаға салған еді. Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекелік мәжілісте жасаған баяндамасы негізінде 1934

жылғы «Әдебиет майданы» журналының 11-12 сандарында «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» мақаласын жариялады. Онда: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырмалаушылар, оған да місе тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр: ол өз тұсында, жалғыз қазақ ғана емес, басқа көршілес елдерден де, Абайдың әдебиеттегі үздіктігі», деп батыл, әрі жаңа пікір білдірді. Абайды үстемшіл таптың ақыны емес, тұтас қазақ әдебиетінің алтын діңгегіне балады.

Онымен де шектелмей: «Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да – сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады», – деп ақын поэтикасының тұтастық сипатын жан-жақты ашады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында елең еткізген жаңа тұжырым. Тарихтың ұзақ сонар соқпағына түсіп кетуден сақтанып, ордалы ойға оралайық.

Абай өзі өмір кешкен ортаны мейлінше терең, жан-жақты ашты. Сондықтан, **біз, бүгін алаштық идеяның қордаланған мәйегі Абай шығармашылығында екенін жасқанбай, бар дауысымызбен айтуымыз керек.** Кеңестік кезеңде Абай мен Алаш байланысын барынша жасырды, тіпті оларды бір-біріне қарсы қойды.

Алаш ардагерлері Абайды жанындай сүйіп құрметтеді. Алаштықтардың басты қызметі ақын мұрасын насихаттауында, ғылыми зерттеуді мұрат етпеген.

Ә. Бөкейханның 1905 жылы азанама мақаласы, ұлы ақын өлеңдерін кітап етіп шығаруды Абай балаларына тапсыруы, ақырында С.-Петербургтегі И. Бораганский баспасынан шығаруға жол сілтеуі кездейсоқ емес-ті. Ұлылық сырларын бойлай ұғынғандығында.

Мәселен, А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ», 1913, 23 ноябрь; 30 ноябрь; 22 декабрь) мақаласы. 1909 жылы дүниеге келген жинақтың қазақ оқырманының сұранысына иеленбей отыруы қынжылтады. Немесе, М. Дулатұлының «Абай» («Қазақ», 1914, 23 июль) мақаласы Абайдың әдебиеттегі орнын, мұрасының маңыз қасиетін түсіндіруге арнаған. «Абай» мақаласындағы «Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтимал, қазақтың жоғалуы қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», – деп келетін Міржақып Дулатұлы аузымен айтылған толғам Алаш қайраткерлерінің ортақ ұстанымындай. Пайғамбарлық болжам таңғалдырып, таңдай қаққызбай қоймайды.

Семейде 1917-1919 жылдары «Сарыарқа» газеті шығып тұрса, алаштықтар жаңа журнал ашып, оған «Абай» атын беріп ұлттық сананың өскендігін танытты. Ұлы ақынның есімін журналға беру – ақынға көрсетілген құрметтің ең көрнектісі, мәдениет шеруінде жаңа арна, тың серпін иелене бастаған төл өнеріміздегі жаңа құбылыс. Бас мақалада: «Қазақта қашаннан білгіштік, соңынан ергіштік береке бар. Оқыған зиялыларымыз да, оқымаған саңылаулы адамдарымыз да Абайды үлгі қылмайтыны жоқ... Абайды құрметтеуге бүтін қазақ, оның ішінде көңілі ашық оқығандар борышты. Абайды бетке ұстасақ, білгішке ергіштік нысанымызды атқарамыз», – деп жіліктеп түсіндірген. Абай қазақтың ұранына айналып, ұлт игілігіне қызмет жасайтынына жүрегімен сенген.

Қазағын емірене сүйген, ұлтының тағдырын басты орынға қойған Ахмет Байтұрсынұлы: «Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, осы аз ғұмырда елге қызмет жасайық», – деп қандастарын жігерлендіріп, іске кірісті.

Дереу Алаш партиясының бағдарламасын түзіп: «Россия демократическая, федеративная республика болу.

(Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауаптар болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте, һәм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болады»,– деп көрсетті. Онымен де шектелмей жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі мәселелеріне көзқарас тиянақталды. Жоба жасаушылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Ғұмаров т.б. («Қазақ», 1917, 21 қараша).

Алаштың ұлы перзенті Сұлтанмахмұт ақын сезімін өлеңмен өрнектеді. «Алаш ұраны» гимні қазақ аспанында жарқ ете түсті. Биік пафоспен жазылған жыр қазақ аспанында қалықтап тұрды:

Алаш туы астында
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!

Асыл армандарын сүбелі ойларын жүзеге асыруға тоталитарлық режим мүрсат бермеді. Биік идеялар, бағдарға алған істер жөргегінде тұншықтырылды. Алаш қозғалысына қатынасушылар аямай жазаланып, жаппай репрессияға ұшырады.

Тәуелсіздікке бет бұрған кезеңде алаштықтардың аяулы есімдері біртіндеп халқына қайта оралды, осы көңілді қуаныш кернеген кезеңде Абай мен Алаш байланысын жан-жақты зерттеген ұстазымыз Қ. Мұхамедханов. Ғалымның Шаһкәрім, Турағұл Абайұлы, Кәкітай, Көкбай, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатовқа арнаған зерттеу-очерктері «Абай мұрагерлері» (Атамұра, 1995) атты кітапқа топтастырылды. Издегенін ақын мұрасынан тауып өзі де Абай мұрагерлерінің қатарынан биік орын алды.

Ескеруді қажетсінетін жәйт М.О. Әуезов Абай ақын айналасын тар көлемде қарастыруға болмайды деген еді. Ол уақытта алаштықтардың есімін ауызға алуға болмайтын.

Өңгіме түйініне көшсек 180 жылдық мерейлі мейрам аясында Абай мен Алаш ұғымдарының біте қайнаған, бөліп жаруға келмейтін құбылыс екендігіне көзіміз толық жетті.

Тағы да М.О. Әуезов пікіріне жүгінсек: «Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ»,– деп еді ғой.

Ұлы Абайдың **екінші мүшелі** әлі алда. Мүшел жасын қазақ халқы бірнеше ғасырлап тойлай бермекке тілек етелік.

XIX ғасыр перзенті бүгін де Жаңа Қазақстанмен бірге ұлттық ой-сананың жаңа сатыға көтерілуіне қызмет етуде.

Абай замандасымыз!

«Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол!» – дейтін өміршең нақылы нешеме мүшелді басынан өткерсе де көнермейтін терең толғам. Арамызда әрекідік ұшырасатын өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық секілді дерттердің көзі жойылса атамыздың аталы сөзін ұғындық, зердемізге құйдық деп марқая аламыз.

Той ұлағаты осында!

N. Biray
Profesör Doktor
Pamukkale Üniversitesi
Türkiye, Denizli ş.

TÜRKİYE’DE ABAY KUNANBAYULI ÜZERİNE YAPILAN ÇALIŞMALARA BİR BAKIŞ

Kazak edebiyatı ve Kazak düşünce dünyasının önemli ediplerinden olan Abay Kunanbayuli (1845-1904), şair, düşünür, sanat adamı, müzisyen ve toplumuna yön veren aydınlanmacı biri olarak Kazak halkının fikrî ve kültürel açıdan gelişmesinde etkili olmuş ve Kazak toplumunda derin izler bırakmış bir kişidir.

Çağdaş Kazak edebiyatının kurucusu olarak kabul edilen Abay, aynı zamanda sözlü edebiyattan yazılı edebiyata geçiş arasında köprü kuran, ferdî olduğu kadar felsefî nitelikte eserler veren bir aydındır. Rus ve Batı edebiyatından yaptığı çevirilerle hem bu edebiyatların Kazak toplumunda tanınmasını hem de Kazak edebiyatının sınırlarını genişletmesini sağlayan Abay, eserlerinde kendi toplumunda yaşanan sorunları ele almış ve sert bir dille eleştirmiştir. Kara Sözler ve şiirlerinde Kazak insanların ahlaki konularda yaşadığı çöküşü, halkın cahilliğini, tembellik ve aralarındaki boy kavgalarını, vurdumduymazlığını keskin bir dille eleştirmiştir.

Kutadgu Bilig ve Kâbusnâme gibi siyasetname tarzındaki eserlerin de etkisini sürdüren bir anlayışla kaleme aldığı eserlerinde toplumuna yön vermeye çalışmış, geri kalmış olan toplumun sorunlarını tespit ederek çözüm önerilerinde bulunmuştur. Bu açıdan ele alındığında onun genel olarak bildirdiği çözüm önerilerinin eğitim, ahlaki değerlerin inşası, boy milliyetçiliğinden vazgeçip millî şuurla hareket etme gibi konularda yoğunlaştığı görülmektedir. Bu tür içerikleri taşıyan felsefî yönü ağırlıklı yazılarını kırk beş kara sözün yer aldığı *Kara Sözler* adlı eserinde buluruz.

Bu eleştirel ve sosyal konulu eserleriyle Abay, Kazak millî kimliğinin oluşmasında etkili olmuş, Kazakistan’ın bağımsızlığıyla beraber millî bir sembol haline gelmiştir. Onun görüşleri, çözüm önerileri devletin farklı mercilerinde rehber olarak görülmüş ve uygulanmıştır.

Abay, şiirleri ve Kara Sözleriyle Kazak toplumuna sadece edebî metinler değil Kazak kültürünün modern hale gelmesi ve aydınlanmasında, millîleşmesi sürecinde yol gösterici fikrî ve felsefî bir miras da bırakmıştır.

Abay Kunanbayuli’nin önemi ve etkisi sadece Kazak edebiyatı ve düşünce dünyasıyla sınırlı değildir. O, ana dili bilinci, aydınlanmacı tavrı ve felsefî düşünceleriyle bütün Türk dünyasını etkileyen ortak bir değerdir. Türk dünyasının ortak edebî, kültürel ve millî köklerinden beslenen Abay, eserlerinde ortak değerlere hitap eden söyleyişleriyle bütün Türk dünyasına da seslenmektedir. Onun eserlerine bakıldığında üzerinde durduğu iyi insan olmak, dürüst olmak, çalışkan olmak, ahlaklı olmak, bilgili olmak gibi ortak değerlerin evrensel değerlerle de örtüştüğü görülmektedir.

Abay’ın 19. yüzyılın sonu ile 20. yüzyılın başında Türk dünyasını içine alan Ceditçilik hareketiyle hem manevi hem de fikri yönden aynı özellikleri gösteren söyleyişlerine bakıldığında halkı çağdaş, bilgili, akılcı ve eğitilmiş olmaya çağırdığı fark edilir. Bu açıdan Abay’ın, İsmail Gaspralı, Hüseyin Cavit, Yusuf Akçura, Ziya Gökalp gibi Türk aydınlarıyla aynı ülküyü paylaştığı da görülmektedir.

Abay, eserlerini halkın anlayabileceği sade bir dille, ana dilinin imkânlarıyla kaleme almıştır. Türk lehçelerinin birbirinden henüz farklı Sovyet dil politikalarıyla uzaklaştırılmadığı bir dönemde yazılan bu eserler, Türk lehçelerinin birbirine ne kadar yakın olduğunu da göstermektedir.

Abay’ın şiirleri ve Kara Sözleri içerikleri ve üslubu bakımından ortak Türk edebiyatının da en güzel edebî eserleri içerisinde yer almakta ve okutulmaktadır. Bütün bu özellikleriyle Abay’ın Türk dünyasında köprü rolü oynayan bir kültür elçisi, bilge bir kişi, bütün Türk dünyasını birleştiren millî, aydınlanmacı bir düşünür olduğunu ifade etmek hata olmayacaktır.

Onun fikirleri günümüzde de toplumun ahlaki açıdan iyileştirilip düzenlenmesi, eğitime ağırlık verilerek toplumun kalkındırılması, boy milliyetçiliği gibi ayrıştırıcı fikirlerin terk edilerek

millet bilincinin oluşturulması, Türk dünyasının ortak değerleri etrafında birleşmesi ve birlik içinde hareket edilmesi konularında yol göstericilik görevini yerine getirmektedir.

Abay Kunanbayulı sadece Kazakistan'da değil Türk dünyasının ortak kültürel ve fikrî hafızasında bulunması hasebiyle bütün Türk coğrafyalarında anılmakta ve hakkında birçok çalışma yapılmakta, eser yayımlanmaktadır. Onun ölüm ve doğum günlerinde anma törenleri yanında bilgi şöleni ve akademik etkinlikler de yapılmakta, disiplinler arası çalışmalar yayımlanmakta, Türk dünyasının aydınlanmacı ferdi olarak tarihten bugüne süregelen ortak tarihî hafızanın devamlılığı, aydınlanmacı ruhun canlanıp sürdürülmesi sağlanmaktadır.

Abay Kunanbayulı ile ilgili Türkiye'de de her yıl farklı eserler yayımlandığı, ölüm ve doğum yıllarında bilgi şöleni, çalıştay, panel ve akademik faaliyetlerle birçok eserin ortaya konulduğu görülmektedir. Bildiride bu eserler kısaca konularına göre tanıtıldıktan sonra bildirinin sonuna kronolojik olarak listesi eklenecektir.

Türkiye'de 1942'den bugüne kadar yapılan yayınlardan 20'si kitap, 2'i bildiri kitabı, 90'ı kitap bölümü, 1'i doktora 10'u yüksek lisans tezi, 4'ü ansiklopedi, 1'i antoloji, 76'sı makale, 30'u bildiri ve özel sayı olarak yayımlanan bir dergiden oluşmaktadır. 2020 yılında Uluslararası Türk Akademisi önderliğinde Bengü Yayınları tarafından yayımlanan editörlüğünü Prof. Dr. Nergis Biray, Prof. Dr. Güljanat Kurmangaliyeva Ercilasun ve Doç. Dr. Soner Sağlam'ın yaptığı *Türk Dünyasının Bilgesi Abay Kunanbayoğlu* adlı eser ve kitap bölümü olarak yayımlanan makalelerin içeriği ayrıca tanıtılacaktır. Kısacası 20 kitap, kitap bölümü, ansiklopedi, antoloji ve dergiyi makale başlığı altında toplarsak 191 makale, 33 bildiri ve 11 tez hazırlanmış olup bunların toplam sayısı 255 yapmaktadır. Tarafımdan tespit edilemeyen yazı veya bildirilerin de olabileceği gözden uzak tutulmamalıdır.

Abay Kunanbayulı, 1942 yılında Abdulkadir İnan tarafından *Türk Amacı* dergisinde yayımlanan *Kazak-Kırgız Şairi Kunanbayoğlu Abay* adlı yazı ile Türkiye'deki okurlara tanıtılmıştır. Abay üzerine yapılan çalışmalar 1965 yılında tekrar başlamış, ardından durağan bir döneme girmiş, ancak 1995 yılından bugüne kadar her yıl daha da artarak devam etmiştir.

Bu eserlerin ele aldığı konulardan kısaca bahsetmek gerekirse şunları söyleyebiliriz. Türkiye'de yayımlanan kitaplardan sekiz tanesi Abay'ın hayatı, yaşadığı dönem, edebî şahsiyeti, aydınlanmacılığı ve eserleri gibi konuları ele almakta ve yazarı tanıtmaktadır. Kitaplardan biri, Abay'ın felsefî dünyasını tanıtırken bir kitapta şiirleri Türkiye Türkçesine aktarılmıştır. Kitaplardan üçü *Kara Sözlere* Türkiye Türkçesine aktarılmasını içermektedir. İki eser, Abay'ın eserlerinden seçmeleri, biri Abay ve ülküsü konusunu, üç kitap da birçok yazarın makalelerinin olduğu araştırmaları kapsamaktadır.

Bu eserlerden *Türk Dünyasının Bilgesi Abay Kunanbayoğlu* (Biray, vd. 2020) adlı eserin diğerlerinden farkı Kazakistan ve Türkiye'den bilim adamlarının makalelerinden oluşmasıdır. Uluslararası Türk Kültürü Teşkilatı TÜRKSOY Daimi Konseyi tarafından alınan bir kararla 2020 yılı *Doğumunun 175. Yılında Kazak Aydını Abay Kunanbay Yılı* olarak ilan edildiğinde, bu tür programların millî ve kültürel değerlerimiz, abidevî şahsiyetlerimiz ve mirasımızın araştırılması, gençlerimize öğretilmesi ve bu konuda eserler hazırlanmasının önem taşıdığı bilinci ile Abay Kunanbayulı hakkında bir kitap hazırlamaya karar verdik.

Çalışmamızın amacı, eserde Abay Kunanbayulı'nı ve tabii ki onunla bağlantılı olarak Kazakistan tarihi, edebiyatı, dili ve sosyal hayatını öğrencilerimize olduğu kadar Türkiye'deki okurlara tanıtmaktır. Kitapta, bu projeyi hayata geçirmek için üç kaynaktan makaleler istendi. Kaynaklardan ilki bu tür çalışmalarda desteklerini esirgemeyen dönemin Kazakistan Türkiye Büyükelçiliği ve Kazakistan büyükelçisi Sayın Abzal Saparbekulı; ikincisi makale temini yanında Kazakistan ilim dünyasıyla bağlantılar kuran, makalelerin tasnifi ve sıralanışına büyük katkı sağlayan ve editörlüğünü birlikte yaptığımız Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi'nden Prof. Dr. Güljanat Kurmangaliyeva Ercilasun, üçüncüsü Semey Şakerim Üniversitesi'nde görev yapan Dr. Assem Kassymova vasıtasıyla ulaşılan Semey'deki bilim adamlarıydı. Bu kaynaklardan gelen makaleler, Pamukkale Üniversitesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü öğrencileri tarafından gönüllülük esasıyla ve büyük bir özveriyle Türkiye Türkçesine aktarıldı.

Türkiye’deki üniversitelerde bulunan bilim adamları ve Pamukkale Üniversitesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları öğretim üyeleri ve lisansüstü öğrencilerinin makaleleri ve inceleme yazıları da çalışmaya katkı sağlayan makalelerdi. Sonuçta elimizdeki eser ortaya çıktı.

Kitap Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Sayın Kasım-Jomart Tokayev, dönemin Uluslararası Türk Akademisi Başkanı Sayın Darhan Kızıralı, 2024 yılında ansızın kaybettiğimiz ve rahmetle andığımız Avrasya Yazarlar Birliği Başkanı Sayın Yakup Ömeroğlu’nun sunuş yazılarıyla başlamaktadır.

Eserde toplam olarak 82 makale yer almaktadır. Makalelerden 30’u Türkiye Türkçesi ile Türkiye’deki öğretim üyeleri ve öğrenciler tarafından kaleme alınmıştır. 50 Makale Kazak Türkçesinden, 1 makale Rusçadan, 1 makale de İngilizceden Türkiye Türkçesine aktarılmıştır.

Eserde Abay’ın hayatı, yetiştiği dönem ve fikirleri çeşitli makalelerle tanıtılmaktadır. Abay’ın nasihatname ve siyasetnamelerde en çok karşımıza çıkan ve içinde kültürel kodlarımızı da taşıyan eğitim, gençlik, ahlâk, ilim, tabiat, aşk, yöneticilik, adalet gibi konulardaki düşünceleri makalelerin ana konularını oluşturmaktadır.

Eserdeki makalelerin işlediği konular genellikle üç ayrı bölümde ele alınabilir: İlk bölümdeki makaleler (50 makale) doğrudan Abay’ın hayatını, fikirlerini ve eserlerini anlatan yazılardır. Abay’ın yetiştiği çevre, aldığı eğitim; «insan-ı kâmil» veya iyi insan, ahlak, adalet, ilim, aşk, yöneticilik gibi konulardaki görüşleri ve gençliğe yönelik nasihatleri ile eski siyasetnamelerin takipçisi oluşu gibi konular bu makalelerde işlenmektedir.

İkinci bölümü (15 makale) Abay’ın etkisinde kaldığı şahsiyetlerle Abay’ın takipçisi olan yazar ve şairler ile onların verdikleri eserler oluşturmaktadır. Bu tür makalelerde takipçilerinin Abay’ın tesirinde oluşturdukları eserler ve onlar hakkındaki incelemeye dayalı yazılar yer almaktadır. Bu bölümdeki makalelerde geçmiş dönemlerden Yusuf Has Hâcîp, Ahmet Yesevî; kendi dönemi ve sonraki dönemlerden Alihan Bökeyhan, Muhtar Avezulı, Duvlat Babatayulı, Şakerim Kudayberdiulı, Dostayevski, Turağul Abayulı Kunanbayulı gibi ediplerin Abay’la ilgili konularda ve eserlerdeki konuların içerikleri açısından ele alınıp değerlendirildikleri görülmektedir.

Мұндай кезде адамның тебіренісі күшейіп, эмоциялық күйде болады. Бұл шабытты шақ, яғни инсайт. Интуициядан өрістеген эмоция арқылы шығармашылық қабылдау субъективті иррационалды болады. Бұл арада автор объектіні тікелей емес, субъектінің объектіге қатынасын бейнелейді. Мұндай қатынаста автордың объект туралы поэтикалық танымы интуиция мен әсерленуден басталып жүрегіндегі, ойындағы болмыстан ұялаған шындықты қорытады. Әдетте бұл табиғатынан субъективті таным иелері – ақындарға тән құбылыс. Соның нәтижесінде ойшыл ақынның лирикасынан бізге субъективті – эмоционалды әсер дарытқан көркем бейнені, ойды қабылдап, өзіміз де эмоционалды күйге түсеміз. Мағжан Жұмабаевтың «Алқа» бағдарламасында: *«...искусствоның негізі-сезім, сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту»* дейтіні осыдан [7,440]. Ондай көркем ақпарат ал ең алдымен біздің сезімімізге әсер беріп, санамызда қорытылады. Өнер туындысы ретінде өлең арқылы келген осындай эмоционалды мазмұн адамға әсері тұрғысынан әлдеқайда маңызды.

Эмоциялық тебіреністен өрістеген поэтикалық пікірде бағалаушылық сипат жалпы өнердегі даралықты, алуандықты жасайды да жаңашылдыққа бастайды. Мысалы, бір тақырыпқа арналған шығармалардың алуан түрлі болатыны осыдан.

Интуиция ақыл арқылы танымға қарағанда мейлінше бейсаналы, иррационалды, яғни мұнда рационал мазмұндағы пікірлер мен тұжырымдар емес, сезіну арқылы келген әсердің ықпалы күшті. Шығармашылық қабілеттің бастауы Жаратушыдан.

Тәңірінің күні жарқырап,

Ұйқыдан көңіл ашар көз,-

дейді. Абайдың осындай танымын Көкбай Жанатайұлының: *«Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы. Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай, жабайы адам болмайды», - дейтін»* деген сөздері бекіте түседі [8,96].

Интуиция жалпы адам, оның ішінде өнер адамына тән құбылыс ретінде шығармашылықты танудағы аса өзекті мәселе.

«Жүрек» концептісі

Интуитивті танымның мазмұны мен маңызы Абайда бірнеше концептілермен сипатталады. Негізгілері: *жүрек, көңіл, ниет*.

Жалпы Абай өнернамасында «жүрек» сөзі адам танымының, мінезінің, жалпы табиғатының ерекшеліктерін танытуда айрықша маңызға ие болғандықтан жиі қайталанып, 156 рет қолданылған. Ойшыл ақынның трактовкасында жүрек көптеген қасиетке ие. Мысалы: *жүректің ақыл суаты, жүректің ынтасы, жүректің оты, жүректің сәулесі, жүректің қайраты, жүректің жылуы*. Олар интуитивті танымды сипаттайды.

Интуиция – шығармашылық тұлғаның әсерленуінен шығатын сезім мен ой тәжірибесі. Мұндай тәжірибе өмірде көргендерді сезінуден, түйсікте жинақталған ой қорынан өрістейді де, әсерленген шабытты кезде сыртқа шығады, оны шығармашылық интеллект қорытады.

Интуиция жеке субъективті қабылдаудан өрістейтін үдеріс болғандықтан жаңашыл және көбінесе бұрыннан қалыптасқан стереотиптерге бола бермейді. Интуиция арқылы ақын нағыз ақиқаттың мәнін таниды. Жалпы, жаратылыстың мәні мен адамның табиғатында ақиқат пен адамгершілік өзара тікелей сабақтас құбылыстар. Ақиқаттың салтанат құруы айналып келгенде адамгершілік қағидалардың сақталуымен орайлас. Осы маңызды сабақтастық жалпы

өнер атаулының арқауы мен өзегі. Адамзат қоғамына өнердің ең басты қажеттілігінің өзі осында болса керек.

Осы интуитивті түрде танылған ақиқат арқылы ол адамның, жалпы қоғамның бейүлесімі мен қайшылықтарын сезінеді, жіті байқайды, оларға ақындық қарсылығын білдіреді де, осыдан барып сын пайда болады. Ақиқатты ашық айту, жариялау арқылы ақын арылады. Соның нәтижесінде, өнер атаулының табиғатына тән катарсис үдерісі жүреді. Катарсис бір жағынан интуициямен келген ішкі эмоциялық әсердің сыртқа шығуы, екінші жағынан ақынның ақиқатты тануы негізінде ізгі көзқарастарының адам мен қоғам қайшылықтарынан биік тұруы, зор адамгершіл мұраттарының салтанат құруы. Өнердің нағыз мәні мен міндеті, қызметі де осындай табиғатында. Абай лирикасынан өнерге тән осы катарсис үдерісінің бейнеленуін анық аңғарамыз. Осы үдерістің негізгі ерекшеліктері «Адамның кейбір кездері» өлеңінде ашылған деп ойлаймыз. Мысалы, өлеңнің алғашқы шумағында автор ақындық шабыт пен интуиция жайын:

*Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса.*

деп айта келе, екінші және төртінші шумақтарда катарсистік күйді береді:

*Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.*

*Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.*

Міне, осы шумақтардағы «Кірлеген жүрек өзі үшін... Дүние кірін жуынып...» деген поэтикалық тіркестер ақынның арылу, тазару күйін айқын аңғартады. Адам жүрегінің катарсистік осындай күй кешетіндігін Абай «Он жетінші сөзіндегі»: «Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алааламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманишылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - дейді деген ойларынан анық аңғарамыз. Жоғарыдағы өлеңге оралар болсақ, ары қарай ақиқатты ту еткен ақынның аса шыншыл бейнесін көреміз:

*Әділет пен ақылға
Сыналып көрген-білгенін,
Білдірсе алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.*

Осындай сәтте интуиция белсенді, шабыт оянған: «Ұйқыдан көңіл ашар көз...». Бұл шақта ақын дәстүрлі ойлау шеңберінен шығып эстетикалық және философиялық жаңаша танымға еркін және батыл қадамдар жасайды. Мысалы:

*Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.*

және:

*Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.*

деген өлең жолдары ақындық танымның осындай мазмұнын анық аңғартады. Біздің ойымызша, Абайдың еркіндігі мен батылдығы оның жаңашылдығының да негіздерінің бірі деуге толық болады. Себебі, Абай сияқты аса дарынды тұлғалар және реформаторлардың барлығы да батыл ойлы адамдар. Өзгеріске, жаңалыққа барудың өзі аса үлкен батылдық. Бұл жөнінде Абай «Отыз сегізінші сөзінде» былай деп жазады: *«Бұл хақимдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы... хай пен батылдықты айырмақты үйреткендігі – баршасы нәфизлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ»*. Осы ойлар Абайдың жаңашыл һәм батыл тұлғаларды айрықша бағалауы. Осындай бағаны реформатор ретінде біз Абайдың өзіне қаратып та айтуымызға толық болады.

Абайда «жүрек» концептісі шешуші маңызда екенін айттық. Бізге осылай деуге әлбетте ойшыл ақынның тікелей өзі толық мүмкіндік береді. Өйткені ақынның танымында жүрек сезінуші, толғанушы, тебіренуші қасиетке ие.

Адамның ізгі қасиеттері, махаббаты мен құштарлығы – жүректе. Әділеттің таразысы, да, мейірімнің қазынасы да – жүрек. Абайдың жүректі айрықша бағалауын «Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Жүректе қайрат болмаса», «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» сияқты өлеңдерінен және «Он жетінші сөзінен» оқимыз. Осы шығармалар бізге шығармашылық адам үшін жүректің қаншалықты маңызды екенін айғақтайды. Жүрегімен сезіну, жүрегімен қабылдау, жүректің айтқанын істеу, жүрегімен сүю мен мейірлену, жүрегін таза ұстау немесе былғап алу осының бәрі де, баршасы да шығармашылық иесінің көңіл күйін, эмоциясын, объективті және субъективті көзқарастарын, жалпы әлемдегі құбылыстарға қатынасы мен бағасын жасайды. Олай болса, жалпы өнер адамының жаратылысты, қоғамды, адамды, оқиғалар мен құбылыстарды сезінуі мен оларға баға беру үдерісінде жүректің орны айрықша. Абай осыны жақсы сезінген, сөйтіп жүрегіне бағындырған.

Интуиция – жалпы көркемөнердің жаны мен қуаты. Өйткені егер әрбір өнер туындысын қайталанбас қолтаңбаның жемісі дейтін болсақ, әрбір қаламгердің шығармасы осындай алуан сәттегі интуициялық көңіл күйінен туындап, соған орай шығарманың даралығын қамтамасыз етеді де, тың, соны сипатымен ерекшеленіп, көркемөнерге тән барлық қасиеттерге ие болады. Сондықтан да көркемөнердің жаңалықты болуы үшін интуицияның орны аса маңызды.

Жалпы шығармашылықты қалыптастыратын қасиеттердің қатарындағы интуицияны көне антикалық дәуір ойшылдары Демокрит, Платондар оны «ішкі зерде», «көз» деп атаса, Шығыстың атақты шайыры Руми:

*Ей бауырым, мұны қалай байқарсың,
Жасқап тұрса жүрек көзін шаштарың.
Жүрек көзін тазартарсың дерттерден,
Содан кейін бәрін-дағы аңдарсы, -*

депті. Антик дәуірінің ойшылдары да, Руми да, Абай да «интуиция» деген терминді қолданбағаны түсінікті. Оның орнына «көз» ұғымын қолданғанын келтірдік. Абай да осы сөзді жүрекпен байланыстырып қолданған. Мысалы:

*Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі
Іштегі кірді қашырса
Адамның хикмет кеудесі, -*

дейді. Абай танымында интуитивті сезіну дегеніміз – «жүректің көзі». Ол – Хақтан яғни Жаратушыдан келетін «сәулені» қабылдаушы. Сол кезде адамның кеудесі керемет, ғажайып күйге еніп, яғни «хикметті» сезінеді. Бұл ақынның жүрегі мен санасына шабыттың сәулесі түскен кез.

Абай шығармаларындағы «жүрек» ұғымының концептілік және танымдық мәні жөнінде мынадай негізгі тұжырымдарға қол жеткізуге болады. Біріншіден, ақын ұғымында жүректің бағасы – ең әділ баға: *«Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды»*;

Екіншіден, жүрек адамның ең қымбаты: «*Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?!*»; Үшіншіден, адамның батылдығы жүрегінде: «*Жау жүрек жомарт құбылмай; Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп*». Төртіншіден, адамның мейірімі жүрегінде: «*Достық пен жүрек еріп, тәуір еттік*»; Бесіншіден, жүрек адамның ойын қозғаушы: «*Жүрек тербеп, оятар баста миды*»; Алтыншыдан, өмірден торыққанда жүрекке күш түседі: «*Мұз жүрегім май сықылды, Еріп от боп күйді жанып*»; Жетіншіден, адамның ерік бермес күштарлығы да жүрегінде: «*Басы қатты сұм жүрегін, Тоқтата алмай кетті де*». «Жүрек» концептісі Абай еңбектеріндегі осы сияқты маңызды ұғымдармен сабақтастырыла қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз.

«Көңіл» концептісі

Жүрекке интуитивті таным тұрғысынан жалғасатын көңіл концептісі Абай шығармаларында 211 рет әр түрлі мәнде, орайда қолданылған. Бұл ұғымның соншалықты жиілігі мен алуандығын Абайдың әрі ақын, әрі ойшыл болуымен түсіндіреміз. Ақын ретінде ол ұғымның ассоциациялық өрісін бейнелейтін болса, ойшыл тұлғасында таным үдерісінің сыры мен сынын жақсы аңғартқан. Адамның алуан түрлі әсерленуін, қабылдауын және бағалауын көңілімнің санасы, көңілімнің сарасы, көңілдің күйі, көңілдің ойы, көңілдің көзі, көңілдің жүгі, көңіл құсы, сезімпаз деген тіркестермен мәністейді.

Абай М.Ю.Лермонтовтан аударған «Өзіңе сенбе, жас ойшыл» өлеңінде:

Тіл өнері дертпен тең.

Көңілдің жүгін қиял қыл,

дейді. Ақынның бұл ойы көңілі шын сезінгенді, қабылдағанды ғана жазу қажеттігін айтқаны. Осы мәселенің ғылыми жағына үңілер болсақ, Гегель сөз өнеріндегі рух, сезім табиғаты туралы баяндай келіп: «*Рухтың мазмұнын айту үшін реалды болмысты өзінің ішкі өмірінен іздейді, өйткені мұндай мазмұн оның ішкі әлеміндегі қиялға тиесілі*» деп тұжырымдайды [9, 346, 347]. Бір ортақ шығармашылық құбылысты қазақ ақыны поэтикалық аса ықшам мазмұнда берсе, неміс философы теориялық түсіндіру мәнінде жеткізген.

Ойшыл ақынның өнер, өлең, шабыт туралы жазылған классикалық шығармасының бірі – «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі. Автор:

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,

Адам ойы түрленіп ауған шақта

деп бастап, алдымен шығармашылық шабытты бейнелейді. Өлеңнің келесі шумағындағы «*Жүрек тербеп, оятар баста миды*» делінген жалқы тармақтағы жинақы ойда терең мағыналы идея бар. Мұнда шынайы шығармашылық үдерістің логикалық-эстетикалық табиғаты қамтылған: сезінуден ерекше әсерленген жүректің сананы, интуицияның интеллектіні қозғайтын қуаты шебер суреттелген. Бұл дарын иелерінде болатын шығармашылық күйдің бастапқы тебіреністі сатысы. Сезім кернеуімен әсерленген жүрек адамның санасына бірден тікелей сигнал береді. Сөйтіп ол сезіну сатысынан ақыл арқылы қорыту сатысына көтеріледі. Соның нәтижесінде шығармашылық иесінің бойында интуитивті, яғни иррационалды танымнан сана деңгейіндегі қабылдау арқылы рационалды таным пайда болады. Осы идея «Отыз сегізінші қарасөзінде» дамытыла түседі.

Интуиция және интенция

Интуитивті таным құбылысын талдау үшін тағы да бір т аса маңызды ұғымға баруымыз қажет. Ол «интенция» ұғымы. Дәл осы термин шығармашылыққа қатысты ұғымдарды жинақтап көрсете алады. Латын тіліндегі «*intentio*» ұғымы «*ниеттену*», «*талпыну*» деген түсініктерді береді. Абай шығармаларында жалпы «интенция» ұғымы осыған мәндес «*жаһат*», «*жәһәт*», «*ниет*», «*ықылас*», «*ынта*», «*пейіл*», «*бейіл*», «*пиғыл*», «*фиғыл*» сияқты сөздермен беріледі. Бұл ұғым хадистерде, дәстүрлі араб философиясы мен құқығында «*ният*» термині арқылы ұсынылады. Біздің ойымызша, ол Абайға басқа да көптеген ұғымдармен бірге Исламнан келгені ақиқат.

Ислам ілімі негізіндегі таным Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде мейлінше жүйелі көрінетіні жалпы танымға байланысты жазған болатынбыз. Оны «*жаһат*», «*жәһәт*» ұғымдары арқылы берген демек, танымның алғашқы шарты ниетте. Ол үшін фатлұбни болуы

шарт, бұл дегеніміз – талаптану. Ниет дұрыс және талап оң болуы үшін сафлық керек. Ол – адамның ішінің, ықыласының тазалығы. Осыларға қоса иждиһад керек. Бұл жөнінде: *«Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһад ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз»*, - дейді. Абай сөйтіп терең ойы арқылы таным үшін махаббат, ниет, иждиһад қажет екені жөнінде маңызды философиялық тұжырым жасайды. Интенция танымның бастапқы маңызды сатысы болса, ары қарай *хауас сәлим*, яғни сезім, әсерлену арқылы қабылдау мұлахазаға бастайды. Ол дегеніміз – интуиция арқылы танымның ақылмен қорытылуы, нақтырақ айтатын болсақ, интуитивті иррационалды танымның рационалды танымға ұласуы. Осы қос таным арқылы біз дүниенің муафихын, яғни үйлесімін және тәхминін, яғни шамасын танымақпыз.

Абайдың танымын сипаттайтын бұл ұғымдар жай сөздер емес, біздің ойымызша, әрқайсысы да концептілік мәндегі категориялар. Олардың өзара қисынды және органикалық селбесуін біз кеңірек қарағанымыз жөн. Сөйтіп осыдан өрістеп, Абай шығармашылығын әдіснамалық тұрғыдан жекенің тұтастануы және тұтастықтың жекеге әсері тұрғысынан, яғни ойшыл ақын танымындағы дедукция мен индукцияның сабақтасуынан қарағанымыз абзал.

Философиялық тұрғыдан келгенде, индуктивті танымнан дедуктивті танымға және дедуктивті танымнан индуктивті танымға қарай. Бір қызығы, Абай туралы естеліктерде индукция мен дедукция туралы сұрағаны жазылған. Демек, ол осы құбылысты білген деуге негіз бар.

Интуитивті танымның осындай сатылары бізге Абайдың дүниетанымын жақсырақ, жақынырақ білуге көп мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл мәселе аса өзекті, дендеп зерттеуді қажетсінеді.

Интуиция және интеллект

Шығармашылық үдерісте интуиция қалай маңызды болса, интеллект те сондай маңызға ие. Асылы, осы екеуінің тығыз бірлігі шығармашылық дарынның негізін құрайды. Сондықтан олар қашанда диалектикалық, органикалық тығыз бірлікте. Егер интуиция субъективті эмоционалды идея, пафос болса, интеллект – интуициядан өрістеген осы идеяны жинақтаушы, реттеуші һәм қорытушы. Сондықтан да шығармашылық таным тұрғысынан қоскомпонентті, интуиция идея береді, интеллект өзіне тән логика арқылы көркем идеяны көркем формаға айналдырады. Бұл арада субъективті таным мен объективті таным өзара тұтасады да туындыны өмірге келтіреді.

Интуиция интеллектіге қозғау салып айрықша серпін береді, ойды оятады. Сондықтан олар көркем шығармашылықта, бәлкім шығармашылықтың барлық түрінде өзара ажырағысыз бірлікте. Осыдан шығып шығармашылықта интеллектіні интуитивті, ал интуицияны интеллектілі деуге болады. Екеуі бірігіп таным үдерісін іске қосады. Интуициясы күшті шығармашылық иесінің интеллектісі де жоғары болады. Мұндағы интеллект академиялық мағынадағы білімнен гөрі табиғи таза танымға қатысты. Егер интуицияны шығармашылық қуат дейтін болсақ, интеллектіні шығармашылық қор деген жөн.

Интуиция поэзия үшін интеллектінің бастауы, абайша айтсақ: *«Жүрек тербеп, оятар баста миды»*, *«Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім түртпек»*. Осы философиялық мәндегі поэтикалық пікірлер арқылы Абай иррационалды танымның рационалды танымға ұласуын айтқан. Асылы, Абай шығармашылық актіні суреткер ақын және аса ірі ойшыл ретінде барынша сезінген және мұндай шабытты шақтарды әлденеше рет өзінің басынан өткерген.

Екеуінің өзара диалектикасы және қуаты, энергиясы бір-біріне ықпал етіп, соның нәтижесінде интуиция күшті болған сайын интеллекті де күшті немесе интеллект күшті болса, интуиция да сондай болады. Ал олардың пайда болуына келсек интуицияны шабыт тудырады, ал интеллект жинақталған ой қуатының жемісі, екеуі бірігіп қаламгердің шығармашылық тұлғасын қалыптастырады. Егер интуиция әр шығармашылық иесіне тән субъективті эмоционалды идеяның жемісі дер болсақ, онда қаламгердің даралығын қалыптастырады.

Интуиция субъективті, интеллект концептуалды, сонымен бірге эстетикалық, яғни бұрыннан бар ұғымдарды тың, жаңа семантикалық өріс аясында бейнелейді. Яғни интуиция адам түйсiгiндегi әр алуан ассоциацияларды жаңғыртады, жандандырады, мiне осындай үдерiс нәтижесiнде көркем шығармашылықтың үйлесiм, әсемдiк, бейнелiлiк сияқты маңызды ерекшелiктерi пайда болады. Ақынның немесе суретшiнiң қиялы арқылы бiз сөздердiң немесе бояулардың, формалардың әр алуан композициясы мен комбинациясын көреміз. Әлбетте, бұл ретсiз, жүйесiз дыбыстар, сөздер немесе бояулар емес, ақынның интуициясы арқылы туған, интеллектiсi жүйелеген қисынды көркем идеяның мазмұнды формалары.

Жалпы интуиция және интеллект танымның, оның iшiнде шығармашылық танымның жеке және өзара сабақтас бағыттары ретiнде арнайы зерттелiнуi тиiс.

Интуиция және әдеби үдерiс

Әдеби үдерiстi, әдебиет тарихын және әдебиет өкiлдерiнiң шығармашылығын тану мен дәуiрлеу барысында көбiнесе бiз қоғамдық-әлеуметтiк мәселелерге, сөз өнерiндегi тақырыптарға, идеяларға немесе жанрлар, стильдерге барынша мән үстемелеймiз. Әлбетте, бұл дұрыс десек те, оларға танымдық жағынан да мейлiнше маңыз бергенiмiз жөн деп ойлаймыз.

Абайдың шығармашылық интуициясы жеке тұлғаның өнернамасындағы құбылыс болуымен қоса, бұл жалпы ұлттық әдебиеттiң даму үдерiсiндегi үлкен iлгерiндi жаңалық. Өйткенi танымдық мәндегi осы құбылыс арқылы қазақ сөз өнерiнде жаңа мазмұндағы бетбұрыс пайда болды. Бұл *бiрiншiден*, аса iрi шығармашылық тұлғаның әдебиетке келгенiн және сол арқылы тың әдеби-көркем һәм идеялық жаңалықтардың болғанын көрсетсе, *екiншiден*, Абай өнер мәнiндегi әдебиеттiң шынайы шығармашылық табиғатын танытты. Бiз Абайды қазақ сөз өнерiне үлкен реформа жасаған аса iрi суреткер дегенде оның танымдық мазмұндағы осы дәуiрлiк жаңашылдығын айрықша бағалауымыз керек.

Абайдың қос танымын, яғни сезiм және ой арқылы қабылдауын әдеби үдерiспен алғаш байланыстырған Сәбит Мұқанов болды. Ол : *«Абай зор сезiм мен зор ақылдың басы түйiскен жерден шыққандықтан және сол зор сезiм мен зор ақылға зор бiлiм қосылғандықтан ғана қазақ әдебиетiнiң тарихында жаңа дәуiрдi бастаушы болып отыр. Егер онда зор сезiм мен зор ақыл болмаса, Шығыстан, Еуропадан кiтапты көп оқумен Абай бола алмас едi»*, - деп аса бiлгiрлiкпен жазды [10,149]. Осы пiкiрде *бiрiншiден*, Абайдың сезiм арқылы интуитивтi танымы қазақ әдебиетi үшiн аса үлкен дәуiрлiк бетбұрыс жасағаны айтылса, *екiншiден*, бiздiң осы еңбекте жазғанымыздай, шығармашылық адамы үшiн тек бiлiм ғана емес, сезiм мен ақыл арқылы ғана шынайы дарын бола алатыны нақты түрде айтылғанын көреміз.

Абайдың терең танымынан қазақ әдебиетiнде алғаш рет өлеңнiң өнер екенiн шынайы түсiну мен бағалау басталады. Оның алдындағы дәстүрлi ақындарда осы идеяның тек бастапқы кейбiр нышандары ғана байқалды. Шығармашылық интуицияны зерттеушi француз ғалымы Ж.Маритен Еуропа әдебиетiндегi осыны «маңызды тарихи құбылыс» ретiнде бағалай келедi де: *«Поэзияға өзiнiң төл рухани болмысы ашылғаннан кейiн, ол барынша терең және артқа шегiнбестен өзiне ғана тән рухани тәжiрибеге бойлай бердi»*, - деп жазды [11,167]. Өлеңнiң, жалпы өнердiң шынайы табиғатын, содан тiкелей өрiстеп мәнi мен маңызын шығармашылық иелерiнiң барынша түсiнуi мен сезiнуi, бағалауы бiр жағынан, әдебиет пен өнердiң жаңа сапалық деңгейге жеткенiн, екiншi жағынан қоғамның да сондай қабылдауы мен қажеттiлiгiн байқатады.

Абайдың өлеңдi өнер ретiнде шынайы бағалауы «Мен жазбаймын өлеңдi ермек үшiн», «Өлең – сөздiң патшасы, сөз сарасы», «Адамның кейбiр кездерi» және тағы басқа өлеңдерiнен анық аңғарылады. Сондай-ақ оның музыкаға арналған өлеңдерiнде де өнердiң табиғаты ашылған. Бұл жөнiнде ақынның өзi де: *«Алты өлеңмен бiлдiрдiм әннiң жайын»* дейдi. Жалпы осы мәселенi «Абайдың эстетикасы» тақырыбы аясында зерттесек, онда Абайдың және жалпы ұлттық әдеби үдерiстiң барысы мен баяны жөнiнде бiрқатар маңызды мәселелер айқындалмақ.

Қазақ әдебиетiнiң сан ғасырлық ұзақ тарихында Абайды бетбұрыс жасаған ойшыл ақын дер болсақ, осы тарихи еңбегiнiң астарында терең танымы жатыр. Сол арқылы ол шығармаларына арқау еткен құбылыстардың сыры мен сипатын, олардың өзара тысқы және

ішкі байланыстарын, жаратылыстың эволюциясын білді, ең бастысы сезінді. Ақынның осы ерекшелігін алғаш байқаған А.Байтұрсынұлы: *«Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендігінен»*, - дейді [11,12]. Бұл пікірдегі *«арғы асылынан қарап»* дегенін ойшыл ақынның иррационалды сезіну арқылы *«сөйлегендігінен»* деп ойлаймыз. Айталық, Абай интуитивті сезінген құбылыстарды аса мәнді өміршең идеяларға айналдырды. Ол өзінің жүрек сырына жүгіне келе, ішкі әлеміне бойлап, жалпы жаратылыс, адам және қоғам туралы биік ойшылдық деңгейде маңызды тұжырымдар жасады. Интуитивті таным тереңдігі Абайды жыраулар мен дәстүрлі ақындық поэзиядан ерекшелендіретін ең басты қасиеттерінің бірегейі.

Ойшыл ақынның интуитивті таныған шындығы мен мейлінше рационалды танымдағы дәстүрлі дидактика мен риторика арасында айырмашылық бар. Дәстүрлі әдебиеттегі осы екі ерекшелік өнерлік құбылысқа қарағанда қолданбалы, утилитарлы сипатта болды. Ал Абайдың поэзиясы әсерлену мен сезінуге негізделген интуитивті танымның нәтижесі болды да өзінің негізгі өнерлік табиғатын сақтады. Абайда да дидактикалық және риторикалық мазмұнға жақын идеялар мен көркем формалар баршылық. Дегенмен олар алдымен интуитивті танымнан өрістегендіктен, мұнда өнерге тән эстетикалық мазмұны мен этикалық мазмұнның басымдығы сақталған. Ойшыл ақынның Жаратушы, дін жайындағы өлеңдерінің моральдық-этикалық мақсатына қарасақ, қисынына орай олар таза дидактикалық сарында болуы керек еді. Дегенмен, бұл өлеңдерді оқу барысында тікелей насихат мақсатындағы шығармалармен емес, автордың субъективті сезімі мен объективті толғаныстары тең өрілген аса көркем лирикадан әсерленеміз. Мұнда тікелей насихат емес, Алланы шексіз сүю, іліміне нағыз ақиқат ретінде ой жеткізу мейлінше эстетикалық мазмұнда берілген.

Абай лирикасы арқылы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өлеңге, сол арқылы жалпы сөз өнеріне эстетикалық және философиялық баға берген ойшыл ақын екенін жаздық. Баршамызға мектептен белгілі бірер шумағын мысалға келтірелік:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,

Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап,-

дейді. Алғашқы шумағы – автордың өнер туындысы ретіндегі өлеңге берген талабы мен бағасы. Келесі қос тармақ – өзінің алдындағы риторикалық әдебиетті сынауы. Осы ойды өрістетсек, онда Абайдың жалпы өнерге, нақты өлеңге қойған талабын әдебиет пен музыкаға арналған өлеңдерінен анық аңғаруға болады. Ол жөніндегі ойларымызды шығармашылық интуициясына байланысты келтірілген өлеңдерін талдау барысында айтқан болатынбыз.

Абайға дейінгі әдебиет өнерлік функцияға қарағанда мейлінше қоғамдық функцияны атқарып келгенін білеміз. Сондықтан да мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, зерттеулерде осыған барынша мән беріліп, әдебиеттің тарихы қоғамның дамуымен тікелей байланыстырылады. Дегенмен егер оларды «сөз өнері» дейтін болсақ, онда тиісінше сол кезеңдегі шығармаларды эстетикалық мазмұны тұрғысынан да қарастыру міндетті болмақ.

Абай әдебиетті өзінің табиғи өнерлік функциясына қарай бұрды. Сондықтан да *«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел»* деп жаңа поэтиканы жариялады. Өзінің алдындағы Бұхар жырауды, Дулат пен Шортанбайды сынауы да осыдан. Жалпы «Абайға дейінгі және Абай поэзиясы» және «Абай поэзиясы және одан кейінгі қазақ әдебиеті» деген ғылыми тақырыптар барынша таза эстетикалық, интуитивті шығармашылық таным тұрғысынан әлі де нақтылануы қажет деп ойлаймыз. Сол арқылы біз ұлттық әдеби үдерістің барысын, арналарын және бағыттарын мейлінше дәлірек тануға, бағалауға барынша қол жеткіземіз деп ойлаймыз.

Қорытынды

Абай шығармашылығын интуитивті танымымен сабақтастыра қарастыру бізге ақындық һәм ойшылдық табиғатын мейлінше объективті тұрғыдан қарауға көп мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл мәселе аса өзекті, дендеп зерттеуді қажетсінеді.

Абайдың шығармашылық интуициясын зерттеу арқылы мынадай маңызды нәтижелерге қол жеткіземіз:

- шығармашылық акт, үдеріс табиғатын тануға болады;
- дара шығармашылық тұлғасы танылады;
- таным табиғатын көрсететін поэтикалық және философиялық ойлары жүйеленеді;
- жалпы ұлттық таным үдерісіне әкелген жаңалықтарының генезисі ашылады;
- философиялық ойларын онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық аспектілерде қарастыруға барынша мүмкіндіктер ашылады;
- қазақ әдебиеті тарихының үдерісін мейлінше дәлірек тануға және объективті жүйелеуге ғылыми алғышарттар жасалады;
- әдеби-теориялық тұжырымдар жасалып және негізделіп, ұлттық әдебиеттанудың әдіснамасы жетілдіріледі.

Әдебиеттер

1. Кант И. Критика чистого разума. Москва, 1964
2. Кант И. <https://aphoristic-world.ru/person-quality/3355-intuitsiya.html>
3. Аймауытұлы Ж., Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. //Абайтану антологиясы. I том. Алматы: Қазақ университеті, 2021. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. //Абайтану антологиясы. I том. Алматы: Қазақ университеті, 2021. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Монография//Абайтану антологиясы. V том. Алматы: Қазақ университеті, 2021
4. Абайұлы Т. Әкем Абай туралы//Абай туралы естеліктер. Семей, 2022
5. Платон. https://iphras.ru/elib/Or1_2.html
6. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан//Абайтану антологиясы. V том. Алматы: Қазақ университеті, 2021
7. Мағжан. Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 том. Астана, 2023.
8. Жанатайұлы К. «Мен енді өлеңімді өзім аламын дейді»//Абай туралы естеліктер. Семей, 2022
9. Гегель. Эстетика. В четырех томах. Том третий. Москва: Искусство, 1971
10. Мұқанов С. Абай Құнанбаев// Абайтану антологиясы. III том. Алматы: Қазақ университеті, 2021
11. Маритен Ж. Творческая интуиция в искусстве и поэзии. Москва, 2004
12. Ахмет. Шығармаларының академиялық толық жинағы. II том. Алматы, 2023

FTAMP: 17.82.10

Е. Тоқтарбай

Қазақстан Жазушылар одағы Балалар әдебиеті кеңесінің басшысы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ОЯН» ТАҚЫРЫБЫ: МОТИВ ЖӘНЕ ИНДЕКС КОМПОНЕНТІ

XIX ғасырдың екінші жартысы – қазақ әдебиетінде ұлттық сананың оянуына түрткі болған тарихи кезең. Бұл тұста орыс отаршылдығы күшейіп, елдің дәстүрлі құрылымы ыдырап, рухани-мәдени іргетасы шайқала бастаған шақ еді. Міне, осындай кезеңде Абай Құнанбайұлы поэзиясы қазақтың ұлттық ой-санасын оятуға, ел ішіндегі рухани ұйқылы-ояу халді сынға алуға бет бұрды.

Абай шығармашылығындағы «Оян» тақырыбы – тек жеке бір мотив емес, ол тұтас интеллектуалдық, моральдық серпіліске шақырушы өркениеттік бағдар ретінде көрінеді.

Мотив – шығармадағы тұрақты қайталанатын психологиялық, идеялық, немесе әрекеттік жүйе. Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» деген өлеңінде [1] бірнеше өзекті мотивтер көрінеді:

1. Ояну және рухани дерт мотиві. Мысалы, «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым». Бұл жол – Абайдың өзіне де, халқына да қарата айтқан рухани сергектік мотиві. Ол «ояну» арқылы өмір мен қоғамның сырын ұғынғанымен, толық әрекет ете алмағанына өкінеді.

2. Жалғыздық мотиві. «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!», «Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!». Бұл жерде Абай қоғаммен келісе алмаған рухани тұлғалық жалғыздығын сезіндіреді. Ол жақсы мен жаманның, жарық пен түнектің арасында сандалып жүрген бейнеде көрінеді.

3. Тағдыр мен еріксіздік мотиві. «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме», «Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?». Ақын өз өмірін тағдырдың еріксіз ноктасына түскен жан ретінде сипаттайды. Бұл ерік бостандығы мен қоғамдық қысым арасындағы қарама-қайшылықты суреттейді.

Индекс компоненттері дегеніміз – белгілі бір символдық мағынасы бар тұрақты бейнелер, поэтикалық кодтар. Бұл өлеңде бірнеше индекс-компоненттер анық көрінеді. Мұны Абай өлеңінің индекстік компоненті мен мазмұндық жүктемесіне зер салғанда байқаймыз: Мәселен, «Жүрек» (Рухтың, адамгершіліктің символы. Жүрек – «махаббат, ғадауат» аренасы); «Қара жер» (Ақырет, мәңгілік тыныштық, тазару орны); «Өлең» (Өмір мәнін тарататын құрал, бірақ бір мезетте қауіпті «өсекші»); «Тағдыр» (Еріксіздіктің символы, адам өмірінің сыртқы бақылаушысы); «Ұйқы / Тыныштық» (Рухани шаршаған жанға қажетті демалыс. Ақын үшін бұл – реквием); «Сыртым – дүрдей, ішім – у» (Адамның ішкі қайғысы мен сыртқы маскасы арасындағы конфликт). Енді аталмыш шығармадағы «Оян» мотивінің көркем трансформациясына тоқталайық: Абай осы өлеңінде «оян» деген сөзді тікелей қолданбайды, бірақ оны метафоралық, бейнелі, философиялық құралдар арқылы жеткізеді. Мысалы, «Ерте ояндым, ойландым...» (Абайдың өз ішкі жаңғыруын білдіреді); «Ой кіргелі тимеді ерік өзіме» (Ой мен ерік арасындағы тартыс); «Сен есірке, тыныш ұйықтат...» (Рухани тозудың нүктесі). Бұл өлең – рухани оянудың ең ауыр, ең қайғылы, бірақ ең шыншыл көрінісі. Мұндағы мотивтік желі: ерте оянған рух пен жете алмаған мақсаттың қайшылығы, ал индекс компоненттері: жүрек, өлең, тағдыр, жалғыздық арқылы ашылса, поэтикалық дыбыс пен ырғақ – қасірет пен үміттің арасында тербеліп тұратынын байқауымызға болады.

Асылында, Абай – оянған рухтың иесі. Бұл өлең – оның халыққа аманат еткен рухани тестаменті. Мотив – көркем шығарманың (поэзия, проза, драма) ішінде қайталанып отыратын, белгілі бір идеялық, эмоциялық немесе әрекеттік негізге ие тұрақты көркемдік элемент. Ол – кейіпкердің мінезін, оқиғаның дамуын немесе авторлық идеяны алға сүйрейтін мағыналық тірек.

Мотив – белгілі бір кейіпкердің мінез-құлқына немесе туынды құрылымына түрткі болатын қайталанатын ой, әрекет, бейне немесе эмоциялық жағдай. Ол – идеяның көркемдік қозғаушы күші. Міне, көркем әдебиеттегі мотивтің негізгі қызметі – осы. Ендеше, «Оян» мотиві және оның поэтикалық негізін қарайық: Абайдың «оян» сөзі тікелей қолданылмағанмен, «аңғар», «сез», «түсін», «ақылға сал», «есінді жи» секілді сөз тіркестері осы семантикалық алаңды құрайды. Ақынның тағы басқа өлеңдерінен бірер мысал келтірейік:

«Қайнайды қаның, ашиды жаның,

Мінездерін көргенде көп қазақтың...» («Болыс болдым, мінеки»)

«Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...» («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»).

Бұл үзінділерден көрінетіні – Абайдың рухани күйзелісті сезініп, ұйқыда жатқан халықты оятқысы келуі. Демек, «оян» мотиві – Абайда ақылмен түзеу, жүреппен сезіну, армен өмір сүру идеялары арқылы беріледі.

Қазіргі әдебиеттануда «мотив индексі» ұғымы шығармаларда қайталанып, белгілі бір семиотикалық мәнге ие тұрақты белгілерді білдіреді. Бұл тұрғыда Абайдағы «оян» тақырыбын мынандай индикаторлық компоненттер арқылы саралауға болады: «Ұйқы (ұйқы хәлі)» – «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» немесе «Есті, есер емес, естіген білер...»; «Ақыл» – «Ақыл мен қайраттан бірдей туса, іс болар»; «Ар-ұят, ождан» – «Кісіге қарап сөз алма, өз сөзіңе қара»; «Ғылым, білім» – «Ғылым таппай мақтанба» я болмаса «Интернатта оқып жүр...»; «Жауапкершілік» – «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан»; «Сыншылдық» – «Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің...». Абай шығармаларындағы осы ұғымдар – оянудың рухани-танымдық белгілері ретінде әрекет етеді.

Абайдың өмір сүрген кезеңі – отарлық жүйенің, патриархалдық құрылымның күйреуі, мұсылмандық дүниетаным мен еуропалық рационализмнің тоғысуы [2, 3]. Осы тарихи шындық Абай поэзиясында халыққа «оятушы» үндеуге айналды. Бұл жерде «оян» сөзі тек физикалық сергектікті ғана емес, ұлттық өзіндік сана, әлеуметтік әділет, рухани жауапкершілік ұғымдарын білдіреді. Абайдың «Сегіз аяқ», «Жігіттер, ойын арзан...» өлеңдерінде қоғамға тікелей үндеу жасалады. Бұл үндеулер – ұйқыдағы сананы түрту емес, ұлтты ояту мен ұлт ретінде қайта жаңғыруға үндейтін идеялық вектор.

Абай және XX ғасырдағы «оян» концепциясының сабақтастығы өзекті мәселеге айналды. Абай шығармашылығы XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенция үшін рухани іргетасқа айналды. Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) кітаптары мен Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) жинағының идеялық-рухани өзегі де Абайдан нәр алды [4]. Осы еңбектердің эпиграфы ретінде Абайдың «Қалың елім, қазағым...» өлеңінен үзінді алынуы – сабақтастықтың дәлелі.

Абай – «оян» идеологиясының бастауында тұрған ойшыл. Абай Құнанбайұлының поэзиясындағы «оян» мотиві – рефлексия мен өрлеудің тоғысқан тұсы. Оның әр өлеңі – қазақтың рухани ішкі күйіне диагноз қойып, оны емдеудің жолын нұсқайтын мәтін. Абайда «оян» тақырыбы мынандай үш бағытта көрініс береді: 1) Рухани ояну – ар, ұят, иман, жүрек тәрбиесі; 2) Ақыл-ой оянуы – білімге, ғылымға, логика мен танымға үндеу; 3) Қоғамдық ояну – әділет, жауапкершілік, өз болмысына ие болу. Абайдың бұл мотивін постколониялық әдебиетпен салыстырып, отарланған халықтардың ұйқылы-ояу күйін руханият арқылы түртпектеу әдістерін зерттеуге болады.

Абай – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы түркі дүниесіндегі ұлттық жаңғыру дәуірінің көшбасшыларының бірегейі. Оның ағартушылық, ойшылдық, ұлттық сана мен рухты оятудағы миссиясы өзбек Әлішер Науай дәстүрін жалғастырған Мұхаммеджан Бехбудий, қырым татары Ысмайыл бек Гаспыралы, қазан татары Шихабуддин Марджани, башқұрт Зайнулла Расулев, Әзірбайжан Мирза Фатали Ахундов, түрік Намык Кемал, Зия Гөкалп сынды тұлғалармен үндес. Абайдың халықты оятушы ретіндегі қызметі – бүкіл түркі жұртының модернизациялық үдерісіндегі рухани серпілісінің жарқын үлгісі. Ол «өзгерісті сырттан емес, адамның ішкі рухани әлемінен бастау керек» деген идеяны ұсынды. Бұл тұрғыдан оны жоғарыда аталған түркі ағартушыларымен салыстыру тек мүмкін ғана емес, өте қажет те.

Бір сөзбен айтқанда, мотив – шығарманың жан жүйесі, идеялық жүйесін алға сүйрейтін көркем кілт. Демек, Абай поэзиясы мен прозасындағы (Қара сөздері) мотивтерді терең тану – шығарманың рухани қуатын, авторлық ұстанымды, қоғамдық контексті түсінуге жол ашады.

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.
2. Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбайұлы. – Алматы: Ғылым, 1997.
3. Said E. Culture and Imperialism. – New York: Vintage Books, 1993.
4. Тоқтарбай Е., Кәрімхан З. Абай және Алаш. Абайтанудың кейбір мәселелері. – Астана: Алашорда, 2021.

1-СЕКЦИЯ: АБАЙТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕКЦИЯ 1: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АБАЕВЕДЕНИЯ

FTAMP: 17.82.94

Ө. Әбдиманұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., abdimanuly@rambler.ru

АБАЙ ЖӘНЕ АХМЕТ ТАНЫМ ТАМЫРЛАСТЫҒЫ

Адам өмірі ғаламдық уақыт өлшеуішінің еркіндегі тым келте құбылыс болсадағы, адамзаттық ой-санаға қосқан өзіндік үлесі, жасампаздық іс-әрекеті, жасаған тіршілігінің мәні арқылы өзі ғұмыр кешкен кезеңде ғана қалып қоймай, алдағы заманаларға жол тартып, келешекпен кемел үндесіп, жаңа дәуірмен жаңаша тіл табысып, мәңгілікке ұласқан болашақпен жалғасып жатары анық. Бірақ кез келген адамға мұндай бақыт бұйыра қоймаған, жалпылама жаттанды түрде айтқанда, кез келгенге ұлы тұлғаға айналууды тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүтіндей ұлттың рухани болмысының көрсеткішіне, рух құдіретіне айналар жандар өте сирек.

Әрине әр дәуірдің, әр заманның мыңнан бір туар тұлғаларын уақыт жасары хақ. Біздің халқымыз үшін осы бір уақыт елегін еске түсірген сәтте, әсіресе көзге анық шалынып, ойға еріксіз орала беретін бір тұс – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Осы екі тарихи уақыт кезеңінің өзіндік ерекшеліктері болғанымен, олардың бір желіге жымдасқан ортақ бірлікті тұсы да бар. Екі ғасырдың тоғысар тұсындағы бұл бірлік ұлтының қамын ойлаған саналы азаматтардың бастауымен, оянған сананың жебеуімен білім-ілімге, күррескерлік рухтың арқасында азаттық пен бостандыққа ұмтылған халықтың өркениетке бет бұруынан көрініс табады.

Шындығында қазақ тарихының осы бір кезеңінде ұлтын биікке жетелеген озат ойлы зиялылар шоғыры айрықша көзге түседі. Бірақ «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей тулаған толқынды топ ішінен ұлы Абай мен ұлы Ахмет тұлғалары көзге ерекше шалынады.

Абай! Ахмет! Екі ұлы санаткер! Екі ұлы өнери тұлға! Екі ұлы ақыл-ойдың алыбы! Бірі дүниеге келгенде, екіншісінің шығармашылық қуаты шырқау биікті шарлап, қазақ сөз өнерінің асыл қасиетін аспаңдатып тұрды. Бірі дүниеден қайтқанда, екіншісі өзіне ғана тән өзіндік ой-танымдық көзқарасымен қазақ қоғамының ой-сана өрісін жаңа арнаға бұруға бет алып, бекем байламға бекіп, тура жолды нұсқаған тың ойларын алға тартты.

Бірі өз заманында өзгелер «өзінде бармен көзге ұрып», жоққа жөн таба алмай дағдарып тұрғанда, бұлқынысы қатты булыққан қайнардың көзін аршып, өнер-білімге үндеді. Ұлы мақсатын: «мақсатым тіл ұзартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деп жайып салды. Екіншісі ел отаршылдықтың қыспағында тұншығып, енді не болар деп жұрты жаутаң қаққанда тұста, тұйықтан шығарар бағыт-бағдарды айқындап, тұңғыықтан сәулелі жарыққа жол ашты. Сөйтіп екеуі де қазақ ой-танымына теңдесі жоқ ғаламат қозғау салып, ұлы өзгерістер өрісіне бет бұрғызды.

Бұл не, жәй ғана кездейсоқтық па, болмаса кезеңіне тап келген уақыт үндестігі ме?.. Жоқ! Мұнда терең тамырлы мән жатыр. Өйткені, қазақ қоғамдық ой-санасының қос алыбы, қос шығармашылық тұлға қоғамдық дамудың әр деңгейінде өмір сүргенімен, үнемі ойы үндес, жүрегі тілдес келіп отырғаны талассыз шындық. Тіпті екеуінің тасқа басылған сөздерінің бір мезгілде жарық көруінде де белгілі бір тылсым сырға толған құпиялық бардай. Ол қандай құдіреттің күші, ол жағы бізге беймәлім.

Абай мен Ахметтің шығармашылық, санаткерлік іс-әрекеттерінің уақыт кезеңі әрқелкі екенін жоғарыда атап өттік. Дегенмен, іштей қабысып жатқан үндестікті, ой-сана сабақтастығын, алмасып жатқан сарындастықты аңғару да, сезіну де аса қиын емес. Бірақ бір ғана мақалада сан қырлы тұлғалардың бүкіл болмысындағы үндестікті зерделеп шығу қиын-

ақ. Сондықтан біз екі-ақ нәрсеге назар аударғымыз келеді. Бірі алғашқысын соңғысының тануы мен танытуы, екіншісі екеуіне ортақ тақырыптағы мысал, аудармаларына назар салу. Өзге қырлары келесі әңгімелердің өзегі болмақ.

Иә, өркениетті елдердің озық қасиеттерін ардақтап «Тіл ұзартпақ болған Абай да, өркениеттің империялық құлқын танып, қасқайып қарсы тұрған Ахмет те өз уақытының ұлдары, заманының перзенттері. Сонда үндестік қайда, сарындастық неде? Бұл белгілер басқасын былай қойғанда, ең алдымен екеуінің де мезгіл межесінде қалып қоймай, заманаға ой оздырған өнерпаздықтарында. Бұл тұрғыдан алғанда, әсіресе Абай орны бөлек-ақ. Шәкәрім:

*Кім жалғыз бұл жалғанда есті жалғыз,
Мұндасар болмаған соң бір сыңары,
Жалтақт ап жалғыз Абай өткен жоқ па,*

Қазақтан табылды ма соның пары? – деп, текке айтпаса керек-ті. Өйткені Абай заманы ұлы ақынды еріксіз «қартайтып, қайғы ойлатып, арманын ұлғайтып, ашуын ашыған у, ойын кермек еткен» кер заман болатын.

Енді олардың әлгі айтқан таным тамырластығына ой жүгіртейік. Сонда Абай зарын, ақын заманын Аханның қалай ұғынғаны таныла кетеді. Жалпақ қазақтан ой да, сөз де, өнер де оздырған ұлы Абай өз кезеңінен гөрі кейінгі ұрпаққа кеңінен танылды, жарқырап ашылды. Неге? Негесі, сол жазушы Асқар Сүлейменовтің сөзімен айтқанда: «Ұлы Абай ұлы оқырманды тәрбиеледі, сол ұлы оқырманнан ұлы қайраткерлер, ұлы ақындар шықты». Яғни, ақынның ұлылығы сонда – өз тұстасы ғана емес, өзінен кейінгі ұрпақтың қажетіне жарап, қанатын кеңге жайдырып, биікке құлаш серметкенін де. Әрі өксікке толы өкініш, әрі шексіз қуаныш. Өкініштісі өз заманының ұқпағаны, «керекті керек деп білмегені» (Шәкәрім). Қуаныштысы кейінгінің терең ұғына отырып, ұлыдан ұлағат түйгені.

Бұған нақты дәлелді Ахметтің өз басынан айқын көреміз. Қазақ баспасөзінде Абай аты алғаш Мәшһүр-Жүсіп аузынан аталса (Дала уәләты. № 48, 1889), онан соң орыс оқырмандары Әлихан Бөкейханов арқылы таныса, Абайды алғаш қазақ оқырмандарына кең көлемде, толығынан таныстырған Ахаң – Ахмет Байтұрсынов еді. Бұны кезінде бүтін қазақ зиялылары мойындаған. Мәселен, М. Дулатов 1914 жылы жазған «Абай» атты мақаласында: «1904 жылы июнь жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңдерінің басылып шығуын қаламайды һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын, һәм өлеңдерін бастыру жайын сөйлесемін», – деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады. Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде опат болды».

Міне, осынау көкірегінде піскен ұлы арманын Ахмет 1913 жылы жүзеге асырып, «Қазақ газеті жарық көрісімен оның 39, 41, 43 сандарында үлкен мақала жариялады. «Қазақтың бас ақыны» атты зерделі зерттеу еңбекке пара-пар мақаласында алғаш рет Абай ақындығына танымдық талдау жасап, ғылыми түрде жан-жақты баға берді. Ұлы ақынның өлеңдеріндегі сөз өрнегін, нәзік те сыршыл иірімдерін, сөз астарындағы «мағыналы, маңызды» ой салмағын терең түйсініп, ақындық құдіретінің бар болмысын жарқырата аша білді. Өрқайсысы дәуір жүгін арқалаған ақынның сөз сиқырына тәнті болып, Абайдың өнер әлемінің сыр-сипатына терең бойлай алды. «Абай сөздері – деп жазады Ахмет, – жалпы адамның түсінуіне ауыр рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік».

Көріп отырғанымыздай, Ахаң Абайдың сөз өнеріндегі тіл арқылы берілген ой-таным мән-мағынасының қаншалықты салмақты екендігін тап басып танығандығын аңғару қиын емес. Ахмет бұдан әрі: «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың сөзінде ғана емес, өзінде де болған» деген қорытынды жасайды. Бұл сөздер – жоғарыда айтқан Абайдың заманынан озық тұрған тұлға, кейінгіге ғана шешілген «жұмбақ жан» екендігінің нақты көрінісі, бұлтартпас дәлелі. Және де бұл пікірді алғаш айтқан, Ұлы ақынды жан-жүрегімен ұға білген ұлы Ахаң – Ахмет

Байтұрсынұлы.

Ахмет түсінігіндегі Абай ақынның шеберлік сыры неде? Ахметтің өз сөзімен пайымдасақ, «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған». Еңдеше ақынға тән қасиеттің бәрін бойына жинақтаған Абай ақындығының табысы да, табиғи ерекшелігі де әлгі Ахаң айтқан үш белгіден күш алады. Осы арқылы Ахмет Байтұрсынов Абай шығармашылығын қазақ өлең өлкесіндегі мүлде жаңа кезең, тың сөз, өзгеше өрісті де, желісті үрдіс екенін аңғартады. Ахаңның: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек», – деген өсиеті – аса зор әлеуметтік мәнге ие, абайтануды әрбір қазақ ұлына міндет еткен терең таным.

Ахмет Абай өлеңдерімен ерте танысқан. Сөз етіп отырған мақалада ол: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті» – деп жазады. Ақындықта өзін сынап, көкейіне көп нәрсе түйіп жүрген азамат «қолға түскен дәптерді» ыждахаттап, ойлана оқып, терең түйсінуге ұмтылған. «Сөз аз, мағынасы көп терең өлең үлгілері, ұлы ақынның құбылысты «түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін тереңдей жазатыны, сөзінің бәрі халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып жататыны оны қатты қызықтырған. Міне сол тұстан бастап ол Абай үлгісінен үйренуге ден қояды. Ахмет – ақын Абай өлеңінің нәріне тұщынып қана қоймай, қастерлі өнер – «Сөз сарасы» өлеңді Абайша қастерлеуге байлам жасайды. Сөйтіп Абайдың ақындық дәстүрін жаңашылдықпен дамытқан азатшыл рухты поэзияның асыл арқауын айналдыра алды.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушыларының бүкіл телегей-теңіз ізденіс тасқыны Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Сондықтан XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды ұлы тұлғалар поэзиядағы Абай салған дәстүрдің сан қырын ашып, жаңашылдықпен жалғастырғанын атап өту ләзім. Онсыз сол кездегі поэзияның даму барысын, көтерілген биігін аша алмаймыз.

«Абай – қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз», – деп З.Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық», – деген тұжырым жасайды.

Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына «Жарығын түсірді» десек, өсіріп айтқанымыз емес. Өйткені «Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан». Ұлы Мұхтар Әуезовтің бұл ойларынан артық Абай болмысын тап басып тану қиын. Абай дәстүрін жалғастырушылар оның осы «оқушылары» еді. Олар – XX ғасыр бас кезіндегі қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды бір туар дарындар еді. Бұлардың бәрі өз кезегінде Абай ұлылығын тануға ұмтылып, ақындығын бағалауға тырысқан болатын. Осы орайда Абай ақындығын бағалаудағы олардың ұлы ақынға берген атаулары да әрі қызық, әрі ой саларлық. Ең жақын шәкірті Шәкәрім «Ұлы ұстаз» тұтса, Ахмет «Қазақтың бас ақыны» деп біледі, Мағжан үшін «Ақындар хакімі» болса, Сұлтанмахмұт «Ақындар пайғамбары» көреді.

Абай ұлылығын тани біліп, ақындығына табынған осынау «оқушылар» ұлы ақын дәстүрінің әр қырын, әр бағытын өз шығармашылық мүмкіндігіне, ұстанған мақсатына орай дамытып, жаңғыртып әкетті.

Қарап отырсақ, XX ғасыр басындағы ақындар Абай мұрасынан үлгі-өнеге ала отырып, ұлы тұлғаның сан қырлы, мол сырлы поэзиясынан жандарына жақын, рухына үйлес, өз ой-пікірімен үндес келер тұсын үйіріп әкетіп, жаңғырта да жаңаша дамытқанын байқаймыз.

Иә, бірінің бірі жалғасы іспетті Ұстаз бен шәкірттер шығармашылық байланысы – үлкен ізденістерге апарар сара жол. Соның шынайы көрінісін Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясынан да табамыз. Ахмет шығармашылығы – қазақ өлеңінің болмысын түгелдей жаңарта, жаңғырта білген, өлең өрнегін түрлендіріп, көркемдік болмысын, әсемдік әлемін жарқырата ашқан ұлы Абай мұрасының тікелей жалғасы. Оның қай өлеңін алып қарасақ та, не тақырып шешімінде, не сөз саптау мәнерінде, не өлең құрылысында Абай ақын өнегесі сезілмейтін тұс кемде-кем. Ең бастысы – олардағы идеялық үндестіктің бірінен екіншісінде жалғасын тауып, уақыт талабына орай жаңашылдықпен дамытылып отыратындығы.

Ахмет бас ақынға қоғамның ең көкейкесті мәселелерін қозғаған ой-толғам, отарлық қыспағындағы ұлттың қамын ойлаған тұстан үндесіп, азаматтық ұстанымынан туындаған азаттық сарынды жаңғыртуымен жаңаша жол тапты.

Елдің бетке ұстар азаматтарын бірлікке шақырып, күреске үндеген Ахмет өлеңдері бостандықты, азаттықты аңсаған әлемнің алдыңғы қатарлы прогресшіл үнімен ұштасып жатады.

*Мен бұқтым-жаттым,
Сен бұқтың-жаттың,
Кім істемек қызмет?!
Ауызбен айтып,
Істерге қайтып,
Жоламасақ не міндет?*

Осы Аханның өзіне тән сарын, өзі салған сара жол дейтін азатшыл рухтың өзінде Абай танымының тағылымы жатқандығы айқын. Абайдың атақты «Сегіз аяғындағың мына жолдар соның куәсіндей:

*Біріңді қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма, қорға татулас.*

«Сегіз аяқ» демекші, осы өлең үлгісінде жазылған Ахметтің «Жиған-тергенін» осынау Абайдың даналық туындысының дүниеге қайта келген бір сыңары деп бағалауға болатындай. Өзгені былай қойғанда, екі ақынның сөз бастауларына дейін егіздің сыңарындай төгіліп түсуі ғажап келісім емес пе?!

Абай:
*Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғаулы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.*

Ахмет:
*Оюын ойып,
Орындап қойып,
Тұр салғандай өрнекке.
Қиыннан қиып,
Қиырдан жиып,
Құрап, сөзді термекке.
Еңбекке егіз, тіл мен жақ,
Ерінбесең, сөйлеп бақ!*

Ахметтің тек ағартушылық, өнер-білім, күреске үндеген өлеңдерінде ғана емес, терең философиялық түйін түйген өлеңдерінде де танымы, түйсінуі Абаймен сабақтас өріліп

жатады. Оның «Н.Қ. Ханымға» (Нәзипа Құлжановаға арнаған) өлеңінде бұл жай тіпті жақындық танытады.

Бұл өлеңінде Ахмет:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлатындар мен емес бір күнгісін,

Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін, – деген зор сенім мен үлкен философиялық ой түйеді.

Азаттық үшін күрес жолындағы сансыз қиындықтар, жазықсыз жапа шегу мен қудалау, қиын тағдыры мен арпалысты өмір, бостандықтың мәні мен мақсаты жайлы толғаулар ақынды осындай өмір мен өлім, бүгін мен болашақ туралы терең тұжырымға алып келеді. Ол ғұмырын арнаған игі істің жемісі мен жеңісін ертеңінен күтеді. Алға жетелген ақ арман биігінде мерт болудан қамықпай, тәні өлгенмен, рухы өлместігіне сеніп, бүгіннен келешектің жалғасын көреді. Осы арқылы адамның өмірі мен өлімі жайлы – «менің мен «менікінің» айрылғанын, өлді деп ат қойыпты өңкей білмес» деп ұлы Абай түйген ойды өрістете түседі.

«Н. Қ. Ханымға» өлеңінен біз елінің ертеңі үшін, жарқын болашағы үшін бойындағы барын сарп етер, ештеңесін аямайтын қаһарман күрескер бейнесін танимыз:

Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,

Ұзақсынып жатпасын жалыққаннан.

Жұрт қолымнан келмесе өкпелемес,

Барым сақтап, мен аяп алып қалман.

Ұлы Абайдан тәлім алып, өлең күдіреті арқылы халқына ой салып, саналы іс-әрекетке, күреске үндеу – Ахмет поэзиясы әкелген жаңа арна. Сондықтан ол қазақ поэзиясында бастаған жаңа бағыт – ұлттық бірлік пен ұлттық азаттықты жырлау. Құр жырлау, құрғақ ойбай емес, бостандықтың биігіне алып шығар жолды көрсетіп, жөн сілтеу. Ахметке дейінгі ақындар өз халқының қайғы-қасіретін сезініп, жаны езіле жырлағанымен, құтқарудың жөнін айта алмады, ал Ахмет көрер көзге, сезер жүрекке мұны көрсетіп ғана қоймай, нысана етіп қоя білді. Бұның басты себебін С. Қирабаев: «Олардың (Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов) бүкілроссиялық дамудың жаңа бір кезеңі туғанын дұрыс танып, соның ыңғайымен қазақ қоғамын қозғалысқа келтірудің жолын іздеуінен», – деп біледі.

Ахмет поэзиясындағы ағартушылық – оянуға, ояну – қасіреттің сырын білуге, бас кінәліні сезінуге, сезіну – бостандыққа жол ашар бұлқынысқа жетеледі. Міне, Ахметтей поэзияның ұлы тұлғасы салған өлең өлкесіндегі сара жол осы. Әрине, мұның бәрі ұлы Абай поэзиясынан тамыр тартып жатқаны еш талассыз таным тұжырымы.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,

Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.

Осыдан гибрат алып жас жігіттер,

Һәммасы өз халқына қызмет еткей! – деп Міржақып тегін айтпаған. Сұлтанмахмұттың сонау 1914 жылы «өткірсің наркескеннің алмасындай» деуі осыдан еді.

Бағаң жоқ көр соқырдың көз алдында,

Мұңыңды жылап шақшы өз алдымда.

Гауқар тұрсын, айырып алтыныңды,

Аузына керек тас деп бірі алды ма?

Өткірсің нар кескеннің алмасындай,

Жүйріксің полный ходтың арбасындай.

Сен - Сұңқар. Көңілі соқыр сенімен қас,

Өзінің болмады деп қарғасындай.

Қашанда жаңа ой, жаңа жолдың қалыптасып кетуі, көкейден шыға қалуы қиын. Ахаң тағдыры да, өлеңі де жасандылықтан сау. Ол еркіндік үнін өлең арқылы шырқау биікке көтерді. Абайдан тәлім алып ғана қоймай, өзіндік сара жолын да әкелді. Қазақ поэзиясына Ахмет Байтұрсынұлы әкелген елдік, еркіндік, азаттық сарынның Міржақып, Мағжан,

Сұлтанмахмұт, Бернияз, Сәкен, Ілиястар азаматтық абыроймен көтеріп тың ізденістермен байытты, жаңа рухани биіктерге көтерді.

Ахмет поэзиясының арналы бағыты, қазақ әдебиетінде алар орны жайлы Міржақып Дулатов: «Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілінде азаттық туралы, ұлт туралы, езілген, артта қалған қазақ ұлты туралы жырлады. Ол – қарсылықшыл ақын. Ол поэзиясын қазақтарды езген монархиялық Ресейдің саясатымен күресудің құралына айналдырды. Ішкі сұлулығы мен мазмұны жағынан, жинақылығы мен желілігі жағынан А.Байтұрсынұлы жырлары қазақ әдебиетінде бірінші орын алады», – деп өлеңдері өршіл рухымен дараланатындығын атап өткен болатын. Тапшылыққа қанша табынса да, Ахаңның қазақ жазба әдебиетіне жаңа сарын, жаңа үлгі әкелгенін таныған, Ғ.Тоғжановтың: «...Ахметті қазақ еңбекшілері ұмытпайды. Бір кезде «Сары маса» болып ызындап оятқан Ахметті қадірлей біледі. Көбіміз сол Ахметтің бауырында өскенбіз. Сол кездегі Ахметтің әлі де ескірмеген үлгілі сөздері, үлгілі істері көп. Ахметтің тарихи ісіне, тарихи маңызы бар өлеңдерін әлі де біз үлгі қыламыз. Абай, Ахмет сықылды өз тұсына ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ», – дегеніне қосыла қоймау қиын.

Ендеше ұлы Абай салған сара жолды одан әрі дамытып, қазақ поэзиясына өзгеше ойлы өлең әкелген Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы кейінгі ақын-жазушыларға өзіндік үлгі-өнеге болары сөзсіз. Қазақ ой-санасының қос алыбы қоғамдық дамудың әр кезеңінде өмір сүргеніменен, үнемі ойы үндес, жүрегі тілдес екендігі айдан анық!

FTAMP: 16.21.33

Б.К. Момынова

А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., momynova_b@mail.ru

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР МЕН АБАЙДЫҢ АУДАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ-АБАЙ ПАРАЛЛЕЛЬДЕРІ

Ұсынылып отырған мақалада үш мәселе төңірегінде сөз қозғалады.

1. Абай тіліне өзге тілдердің әсері (кірме сөздер). Бұл – бірінші мәселе.

Көзі ашық, көкірегі ояу Абай ескі өзбек (шағатай) және парсы (шығыс) классиктерінің шығармашылығымен таныс болған әрі оларды қатты бағалап, барынша құрмет тұтқан. Оның өлеңдеріндегі арагидік болсын кездесіп отыратын арабизмдер мен фарсизмдердің ақын тілінде кездесуінің басты себебі Абайдың шығыс әдебиетін сүйіспеншілікпен оқып, шығыс ақындарына құрметпен қарауында жатыр. Ал ақын араб тілі элементтерін сол кездегі үрдіске орай (жалпы алғанда жазба тілдің өзге тілге тигізетін әсері үнемі осылай болып келген) мейлінше өзгертпей қолданған [1].

Әрине, өзге тілден өзгеріссіз сөз алу әрі барынша өзгеріссіз алу-жазу мен жазба әдебиеттің әсер-ықпалынан туындайтыны белгілі жайт. Ол жазудың оқып та, жазып та отырған адамның миында, жадында таңбаның бейнесі (сурет сияқты) арқылы қалыптасатын ерекшелігімен байланысты. Белгілі грамматолог ғалымдар бұл мәселені априори ретінде ұсынады, дегенмен әрбір ұлттың өз танымы мен табиғатының осы процеске белгілі бір дәрежеде қарсылығы болатыны бұл тұжырымды аксиомалық деңгейге жеткізбейді (қазақ тілінде барынша фонетикалық өзгеріске түсіріп сөзді сөйлету, жазу, мысалы, самауыр, кереует, машина т.б.). Бірақ қазақ жазба тіліндегі яки жазудағы кірме сөздерді барынша сол күйінде жазу-оқу, яғни әрбір кірме сөздің сөз-образымен, бейнесімен тілге еніп, санада қалып қоятынын мүлде терістеп, жоққа шығару қиын. Қазақ тілінің тарихында мысалды тым әріден іздеп, алысқа бармай-ақ *алла-алда* (Алда сақтасын!), *молда* деп жазып-айтып келсек те (орта ғасыр, ескі жазба тілді қаперге алмағанда, Шәкәрімнің өлеңдерінде де молланы *молда* деп жазғанын еске салуға болады), қазіргі кезде кірме сөздердің барынша ауызекі сөйлеу тілінің әсерімен өзгергенінің куәсіміз. Бұл қазақ тілінің табиғи қалпының көпке дейін сақталуына

жазуды жаппай пайдалана қоймағанның игі ықпалы деуге болады. Керісінше, бүгінгі таңда жазу ықпалы мен діни уағыздардың, дін оқуының күшеюіне қарай немесе әлеуметтік сипаттың белең алуымен бірге қайтадан *молла (молда емес), АЛЛАҺ (Алла емес)* деп жазып-оқу күш алғанын, тіпті оыс сипатты сөздердің узуалды сипаттан нормаға ауысып үлгіргенін айтсақ та, жеткілікті. Бұл – жазудың құдіреті әрі адам жадында сөздің кірметілдік образын сақтап қалуы күрделі психологиялық жағдай.

Жазудың қолданысқа түсуі әдеби тілдің қолданыс аясын кеңейтіп қана қоймайды, оның өмір сүруінің әрі дамуының басты шарттарының біріне айналады. Өйткені, өркениеттік заманның талабы осы үлгіде, осы үрдісте қалыптасады. Ал фольклор тілі, әдет-ғұрыпқа байланысты этюдтер тілі мен шешендік сөздер, ауызша поэзия тілі диалектіден жоғары тұрған, сұрыпталған тілдік элементтерінің қолданыс жиілігімен ерекшеленеді. Фольклор тілінің осындай әдеби тілге сұранып тұрған белгілері туралы айта келіп, Э.Р.Тенишев былай дейді: «Следует заметить, что преимущество языкового развития, наследование престижной традиции – существенный признак литературных языков вообще» [2].

Қазақ әдеби тіліндегі жазба дәстүр өкілдерінің тілін саралағанда, олардан ауыз әдебиеті үлгілері мен ауызша поэзия тілінің белгілерін іздеудің сыры осында жатыр. Сол үлгі негізінде Шәкәрім тілін танудың соқпағы салынуы керек. Сондықтан Шәкәрім тілін саралау Абай, Дулат, Дулат тіліндегі ауызша поэзиялық белгілерді анықтап алудан, өзге ақын-жыраулар тілімен салыстырудан басталса, Шәкәрім шығармаларының ерекшеліктерін түсіну үшін оның тілі Абай мен сол өңірден шыққан дүлдүл ақын Дулаттың тілімен ұштастырыла отырып, қатар қарастырылғаны дұрыс. Бұл пікір-көзқарасты өрістете түсуге жазба тілдік дәстүрдің нәр алған бастау-бұлағын арши түсу әрекеті түрткі бола түседі

Сөз басында айтқанымыздай, өзге мәдениетпен, әдебиетпен кітап арқылы танысып-біліскен Абай көп ұзамай-ақ өзгелерге көзсіз табыну үрдісінен, кезеңінен бас тартады. «Іші мен сырты біте қайнасқан» Абай шығармашылығында бұл іспеттес еліктеудің әсерінен туындаған ауыспалы кезеңнің болуы заңды. Қ. Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Алматы, 1998) еңбегіне енген «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында (кітапшадан үзінді): «Рас, алғашқы әзірде, өлең дүниесіне қадам басқан кезде, шағатай қармағына Абай да ілінген. Бірақ, көп ұзамай ол қармақтан бұлқынып шығып кеткен сияқты. Әзірге белгілі әр кезеңіне жататын 3-ақ өлеңі бар. Оның да бірінің бас-аяғы жоқ. Бірақ осы аз өлеңінің өзін жазылған мезгілдері мен формалары арасындағы үйлесімі жағынан алып қарағанда, шағатай қаумасынан Абайдың бір аттаса-ақ шығайын деп тұрғанын көру қиын емес», – дейді [3].

Үш өлеңнің екеуі 1858 жылы (13 жасында) жазылған да, қалған біреуі бұдан алты жылдан кейін 1864 жылы жазылған. Міне, осы алты жылдың өзі шағатай әдебиеті мен Абай арасына едәуір сына болып қағылған. Қ. Жұбанов аталған еңбегіндегі ойын әрі қарай былай жалғастырады: «...Осы екі өлеңнің екеуінің бір жылда жазылуы, түрінің ұқсастығы осыны көрсетеді: екеуінде де үштен тастап, төрттен түйген тізгін ұйқасы, бірінде шағатай ақындарына сиыну болып, екіншісінде солардан қалған жауыр бейне болуы – осының бәрі, осыншама ұқсастық, бұл әлдеқайда кездейсоқ нәрсе емес. Бұл – Абай ақындығының бір кезеңі – шағатайға еліктеу кезеңі, олардан шығып кетпек түгіл, әлі олардың өз ішіндегі тәуірін таңдап алуға да, өз ішінен түр іздеуге де шамасы келмеген кезеңі» [3]. Бұл пікірлерден байқалатыны – Абай тілінің өзі өмір сүрген диалектілік орта тілінен және жалпыхалықтық тілден айырмашылығы – осы араб-парсы және орыс тілінен енген кейбір кірме сөздердің болуында. Күні кешеге дейін көпке таныс бола қоймаған проф. Қ. Жұбановтың пікірін келтіріп отырғандағы көздегеніміз, Абай тілінің, Абай талғамының қалай қалыптасқанын қысқа баяндау ғана.

2. Абай аудармалары мен Хайям аудармаларын салыстыру. Бұл – мақалада аз ғана сөз болатын екінші мәселе. Аудару немесе аударма проблемасы Абайда (яғни аудармашыларда) қалай, қандай сипатта байқалады екен? Бірақ мақсатымыз – Абайды аударған таланттардың жазғанын талдау емес, неге Абай Омар Хайямдай деңгейде адамзатқа таныла алмай отыр деген мәселеге көңіл аударту ғана.

Бес ғасырға созылған ұзақ мерзімде тек жеті ақынды ғана (өзгелер солай дегенмен, керемет жетістік деу керек!) аспанға әуелете көтеріп, классик деп таныған парсылар Хайямға ерекше табынады. Математик-астроном, Мелик-шахтың обсерваториясын басқарған өз өлеңдерін араб жазуымен жазған парсы Омар Хайямның рубайаттары оның басқа жазғандарынан, ғылыми жетістіктерінен әлдеқайда жоғары бағаланады. Рубайаттарының күдіреттілігі соншама олардың себебінен құрылған, жасақталған Хайям қорлары бар, ол қорлар тіпті Еуропада да бар. Рубайаттары Хайямды адамзаттық деңгейге жеткен культке айналдырды. Өйткені рубайят деген сөз естілгенде, осы сөздің ассоциациясы, әрине, Омар Хайям ғана болады, дүние соны ғана таниды. Парсы ақындарының арасында сопылық бағыттың ірі өкілі Хорасандық Абу-Сеид ибн-Абиль-Хейр философиялық-пессимистік сарындағы афоризм-шумақтарымен тарихта қалғанмен, оның да шумақтары әдебиет әлемінде Хайям ғазалдарының алыстан естілген үнін жеткізуші, сөзсірәсі ретінде ғана бағаланады. Энциклопедист, Аристотельдің ілімін жалғастырушы Бұхарадан шыққан философ, дәрігер, өз жырларын араб әліпбиіне негізделген жазумен жазған Ибн Сина шығармалары да, яғни оның ақындығы да әдеби әлемде Хайям ғазалдарының алдында жіп есе алмайды. Низами, Саади, Руми, Хафиз – осы жетеудің ішіне кіретін шайырлар. Парсы шайырлары. Бірақ олар да дәл Хайямдай адам жанын тебіренге алмайды, жеріне жете толқыта алмайды. Рубайаттары Омар Хайямды шығармашылық иелерінің бәрінен де жоғары қойдырып отырғаны – ақиқат. Күні бүгінге дейін рубайят жазудың хас шебері, патшасы мен құдайы да – Омар Хайям болып қалып отыр. Фейсбук, инстаграм сияқт әлеуметтік желілерде Хайям рубайаттарының мыңдаған оқырман жинайтын алапат күші мен сиқыры бар, керемет подкастар жаздыртатын сұрапылдыққа ие.

Омар Хайям – адамзат тарихындағы құбылыс, оны Еуропа да, Америка да мойындаған. Бірақ ол барлық тілде (аударылған иілдерде) қалайша осындай танымалдылық сипат ала алды? Әрине, сәтті де нақты аудармалары арқылы адамзаттық танымалдылыққа жеткен деп ойлау ғана қалады.

«Что есть жизнь? Кто дал мне эту жизнь? Зачем я живу? Что будет потом? Для чего все это? Из всех людей бившихся над этим, только Омар Хайям сказал полно, ясно, доступно и приемлемо для человека. И главное – красиво» [4]. Бұл Омар Хайямның ұлылығын мойындағанмен де, әлі де жеріне жеткізе айта алмаған зерттеушінің пікірі ғана. Бұл сөздің сірәсын Хафиздің Хайям бастаған жеті шайырдың бірі болғанын айту үшін ғана емес, әлі шығармаларын аудару туралы жібі түзу әңгіме айтылмай жүрген Шәкәрім түгілі Абайдың ұлы сөздерін әлі күнге дейін өзге тілде жеріне жеткізе сөйлете алмай отырғанымызды көрсету үшін ғана келтіріп отырмыз.

Ең негізгі әрі аса ден қоятын кемшілік – Абайдың аудармаларының денінің орыс тілі арқылы (орыс адамының дүниетаным призмасы арқылы) аударылуы, өзге тілде қазақ емес, алдымен орыс танымымен сөйлеуінде сияқты. Басқаларды айтпағанда, «Абай жолының» аудармалары алдымен орыс тілінде сөйлеп, еуропа тілдерінде, роман-герман тілдеріне негізінен осы орыс тіліндегі аудармаларынан танылып жүргендігін тілге тиек ету керек сияқты.

Бұл жалпы аударма теориясының қисыны бұзылғанын, қиюы қашқанын байқатады. Абайды жаны қазақ, тәні қазақ, танымы қазақ адам ғана өзге тілдерге (кез келген тілге) аударуы керек. Сондай деңгейдегі мамандар даярлануы керек. Мүмкін бұл жерде сөз күдіретін, сөз табиғатын түсінумен бірге терең философиялық деңгейде ой толғап, жаза алатындар, жанымен, қанымен жазатындар әрекет етуі керек және оларды Абайды сүюі керек. Ақын сөзінің дәнін де, дәмін де барынша нақты интерпретациямен жеткізетін адам аударуы керек. Аударғанда да тікелей қазақ тілінен өзге тілге аударуы тиіс. Аударма теориясының негізі талаптарының бірі де екі тілді (аударылатын, аударма жасалатын тілді ғана білу жеткіліксіз, екі тіл өмір сүретін мәдениетін де терең түсіну, екі елдің, ұлттың танымына бойлау). Бұл аударма теориясын (ол қисынды жазғандар мықты теоретиктер ғана емес, ақиқатты дұрыс түсінгендер) және тек орыстілді ғалымдар емес, роман-герман тілінде ғылыми еңбектер жазған ғалымдар екенін ескерту керек.

Жоғарыда аталған Шығыстың ұлы шайырларының ішінде Хафиздің есімі Шәкәрім өлеңдерінде жай аталып қана қоймайды, Шәкәрім қажы оның өлеңдерін аударған. Қожа Хафиз «Кел, аяқшы, қымыз құй» (148-б.) деп басталатын 8 шумақтан құралған өлеңнің соңында Шәкәрім мынадай түсініктеме берген екен: «Бұл парсы жұртының баяғы өткен атақты білгіш ақыны Қожа Хафиз сөзінен қазақ тіліне аударылған. Осы күнгі Алаш ұранды халықтың һәм басшыларының басына келіп тұрған ауыртпалыққа дәл келетұғын сөз болған соң насихат болар деп жаздым. Оқушылар, естерінде болсын: Қожа Хафиздің «арақ» деп жазғанын мен көбінесе «қымыз» деп жазамын. Оның «арақ» («қымыз») дегені – ақыл, ғылым; хақиқатта «жар» дегені дос дегені, Алла тағала һәм табиғаттың көркемдігі. Мысалы: «Жаз таңының нұр желі» деген жырының мағынасы – бостандық келерде адамдардың әртүрлі партия толқыны табиғат тұрмысын шайқалтып, бізді қатты қайғыға салып тұрады дегенге келеді» [5,149-б.]. 147-беттегі «Кел, қымызшы, қымыз құй» деп басталатын 5 шумақ – Хафиз сөзінің аудармасы.

Қожа Хафизден аударылған келесі өлең «Кешегі басшы піріміз» деп басталатын 8 шумақтан тұратын өлең [6]. Енді бірі:

«Көңіл жібі қолымнан

Шықты, көңілі тазалар» деп басталады. Бұл өлең 10 шумақтан тұрады. Келесі өлең «Баяғыда парсы жұртында әрі білгіш, әрі сопы, әрі ақын 6 шумақтан тұратын жыр жолдары бар Хожа Хафиз деген кісі болған. Иманына қазақтың талапты жастарын таныс қылмақ үшін төменгі жырын қазақ тіліне аудардым» деп түсінік бергеннен кейін:

«Көрініске шоқынған

Сопы бізді не білсін» деген жолдан басталатын 11 шумақтан құралған өлең. Осы өлеңнің соңына «Қожа Хафиз сөзінен» деп көрсеткен екен. «Иманым» жинағының 37-бетіндегі алғашқы жолы «Анық ерге жолдас бол» деп басталатын өлең де «Қожа Хафиз сөзінен» деген белгімен ұсынылған. 97-бетте де «Егер сүйікті ол бала» дәл осылай Хафиз сөзі екені көрсетілген, 8 шумақтан тұрады. 99-бетте «Ей, Жарымыз, ай нұры» деген жолдан басталатын өлең 9 шумақтан құралған, Хафизден алынғаны (аударылғаны) көрсетілген.

Осы «Хожа Хафиз сөзінен» деп белгіленген келесі өлең «Мәжілісінде досыңның Қиын аман қалмағың» деп басталып, «Көкте Ғайса қозғалып Әніммен қоса билесе» деп аяқталатын жолдар екен, 6 шумақтан тұрады. «Иманым» жинағындағы келесі өлең екі шумақтан тұратын

«Тұр, аяқшы, бер қымыз

Қайғыларға топырақ ат

Шын сұлуды көр мінсіз

Неге керек өзге жат.

Пәлесіне дүниенің

Күні-түні сабыр қыл

Таза болса, мақсатың

Ақыры қолың жетер, біл» (И., 275-б.).

Қорыта айтқанда, біз егемендік алғалы дүниежүзі классиктерінің барынша қазақы аудармаларын қолға ұстап оқып, тұшынып жүрміз. Қазір түпнұсқа тілге жаақындатып, «Гарри» емес «Хәрри» (Потер) деп балалар сөйлеп, жаза бастады. Бала жадында Гарри қалмайды, Хәрри бейнеленеді деген сөз. Енді өз классиктеріміздің сөзін жоғары деңгейде қазақы табиғатын барынша сақтап аудару керек. Ол үшін біріншіден қазақ тілінен өзге тілдерге тікелей аударатын аудармашылар дайындау керек, болмаса таланттарға қолдау көрсету керек, стимул жасау дұрыс. Қазақты, белгілі тұлғаларды дәріптейтін танымал қорлар, аударма орталықтары (мысалы, Абай атындағы) барлық елдерде болмағанмен, Еуропада ашылып, жұмыс істеуі керек сияқты. Мемлекет қамқорлығымен.

2. «Абай мен Шәкәрім: тілдік параллельдер» – мақаладағы тоқтала кетер үшінші мәселе. Шәкәрімнің тілдік модельдері Абай өлеңдеріне ұқсас. Өйткені, Абай мен Шәкәрімнің топырағы, тегі, өрісі бір; рухани әлемі тектес; олар – тоғысар тұстары көп тұлғалар, сондықтан олардың тілінде әр деңгейлік ұқсастықтардың болуы заңды, жеке-жеке тілдік тұлғалар болғандықтан, олардың шығармашылығында айырмашылықтар болмауы мүмкін емес, ал ұстаз-шәкірт ретінде сабақтастық пен жалғастықтың кездесуі орынды. Сондықтан Шәкәрім

тілін зерттегенде Абай шығармалары тілінің ерекшеліктеріне соқпай өту мүмкін емес. Шәкәрім туралы зерттеулер Абай зерттеулеріне өз сәулесін түсіреді. Ал қазақ әдеби тілі тарихында Абай тілін зерттеу жалғаса береді. Өйткені, Абай – ұлы суреткер, «...суреткер тілін танудың біз бармаған қырлары әлі де аз емес екенін айтамыз, ол қырлар (зерттеу аспектілері) жеке танымдық ізденістермен қатар, көркем тілдің жалпы теориялық мәселелеріне де қатысты болатынын және айтамыз. Бұл – алдағы шаруалар, бізден кейінгі зерттеушілердің, әсіресе жас талаптардың қолына алатын игілікті ісі деп білеміз» – дейді белгілі ғалым Р.Сыздық. Әрине, «Абай шығармаларының тілі» мен «Абайдың сөз өрнегі» атты екі бірдей ғылыми еңбектің авторы көп нәрсені айтты, көп дүниені қамтыды, одан артық айтамыз деудің өзі де қиын, бірақ ғалым осы пікірін айтқанда, Абай әлемінің, оның тілдік қырларының шексіз көп екенін, тереңдігін, сондықтан зерттеулерді тоқтатпау керектігін айтқысы келгені сөзсіз [7].

Шынында да, Абай тілінің әлі танып бітпеген қырлары көп, олардың кейбірі Шәкәрім мен Абайдың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралау арқылы ашылады. Бұл, әсіресе, Абайдан гөрі, біріншіден, Шәкәрім үшін қажет және, екіншіден, Абай салған тілдік-стильдік ерекшеліктердің әдеби тіл дамуы процесінде қалай өз жалғасын тапқанын нақтылай түсу үшін керек, үшіншіден, стильдік тармақтардың қалыптасуы мен дамуының эволюциясын таразылайтын әдеби тіл тарихы үшін қажет.

Ең біріншіден, Абайды үлгі тұтпайтын, өзінің пірі санамайтын қазақта ақын жоқ. Ал Шәкәрім мен Абай шығармаларының тілдік-стильдік ерекшеліктерін салыстыру Абай кімдерге тікелей үлгі болды, Абайды үлгіге алу қашан басталды деген сұрақтардың жауабын табуға көмектеседі.

Абайдың бар қазаққа үлгі болғаны рас, бірақ Абайды үлгі тұту Шәкәрімнен басталады. Эпистола (жолдау, хат) түріндегі өлең жанрымен жазылған Шәкәрімнің мына өлеңі Абайды жоқтау ғана емес, Абайды мойындаудан, Абай поэзиясының ұлылығына тәнті болудан, оны үлгі тұтудан туындаған:

Жолама қулар маңайға,
Не қылмадың талайға?
Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға?
Сендерден белгі нең қалар?
Жемтігің, жеген жем қалар.
Ақылы дария Абайдан
Таусылмас қоры кен қалар (И.,133-б.) .
«Ақылы дария Абай» – Шәкәрім үшін ұлы ұстаз еді.
Қысқарту:
И.- Шәкәрім. «Иманым». – Алматы: «Арыс» баспасы,2000.

Әдебиеттер

1. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2011, – 12 б.
2. История тюркских письменных литературных языков донациональной поры // Эдгем Рахимович Тенишев. Жизнь и творчество.1921-2004. – Москва: Инсан. 2005. – 80 б.
3. Жұбанов Қ. Абай қазақ әдебиетінің классигі. Кітапта: Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1998.
4. Омар Хайям и персидские поэты X-XVI веков. – Москва: изд. «Белый город», 2008.
5. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000.
6. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.
7. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004, – 207 б.

Ш.Қ. Әбілов

опера әншісі, Қазақстанның халық әртісі,
Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ – АЛЛАНЫҢ АМАНАТЫ
Тұжырымдамалық баян

Соңғы бес-алты жылдың бедерінде ұлтымыздың бас ақыны Абай шығармашылығын – өлеңдерін, ғақлия сөздерін, әндерін негізге ала отырып, көрермен қауымға еліміздің көрнекті сахналарынан «Толық адам. Ой толғау. Хакім Абай» атты жаңа сипаттағы моноопера ұсынып жүргенімді құлағы түрік жұртшылық білсе керек. Бұл туынды сахнаға әр шыққан сайын жаңарып, толығып, үстемелене түсуде. Әр жолы жаңа мағынамен байытуға, тақырыпты тереңірек ашуға, кеңірек қамтуға жан салып бағудамын. Монооперада хакім Абайдың даналығы, философиясы, өмірлік ұстынды қағидалары, ұлағат-ұстанымдары, көзқарасы, ой иірімдері барынша жарқырап көрінсе екен деймін. Осы ізгі ниеттен туған мақсатым орындалып та келе жатқан сияқты. Әсіресе, моноопераның соңғы нұсқасында Абай даналығы – Алланың аманаты екендігі, оның бүкіл шығармашылығы хақ дінімізді қастерлеу, Құран Кәрімнің нағыз хакімдік тұрғыдағы түсіндірме хадистері болып табылатыны айғақтап айқындалады.

Осы арада «хакім» сөзінің мән-мағынасына тоқтала кетейік. Абайды ең алғаш «хакім» деп атаған заманалар зарлығы Мағжан. «Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес», – дейді ол. Одан әрі Абай сөзінің мың жылда да дәмі кетпейтінін, әлемнің құлағынан әні кетпейтінін ізерлейді. Нағыз көріпкелдік деген осы шығар. Байқайсыздар ма, Мағжан бұл арада Абай бойындағы хакімге тән қасиеттерді, Құран Кәріммен туыс, пайғамбарлық әлеміндегі тылсым сипаттарды нұсқап отыр. Бір сөзі мың жыл ұмытылмаса; қазақтың ғана емес, әлемнің құлағынан әні кетпесе, сөйтіп, адамзаттың рухани азығы болса, мың жылдан кейін қайырылып келіп, қасқа жолына жөн сілтер темірқазығы болса – онда Абайдың кім болғаны? Олай болса, Абай сенгірі ғұламалықтан биік, абыз даналықтан жоғары деп пайымдаймыз. Иә, Абай алты алаш мойындаған хакім. Ал, хақ дініміздің қағидалы қалыбында Жаратушы Хақ тағалаға ең жақын адам – пайғамбар, одан соң сахабалар, әулиелер, сосын хакімдер болып тізбектеледі екен. Міне, хакім Абай осындай қасиет-киеге ие, исі қазақ ішінде Аллаға ең жақын адам.

Аллаға деген құрмет, сүйіспеншілік орайында хакім Абайдың ой-пайымы өзінен бұрынғы, әлемнің екінші ұстазы саналған әл-Фараби шығармаларымен, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерімен үндесіп, оларды сәтті жалғастырып, әрі қарай дамытады. Ғұлама академик Ақжан Машанидің Әбу Насыр әл-Фарабиді мұсылман хакімі деп атауы тегін емес. Екінші ұстаз адамдағы ұлы махаббатты Алламен сабақтастырады, ізеттілік пен әдеп, ақылды имандылықпен байланыстырса, хакім Абай махаббат адам бойындағы жағымсыз қылықтарды жояды дейді. Ал, Қожа Ахмет Ясауи: «Хикметтерім – келген пәрмен Алладан, Ұлы түбін Құран десін ұққан жан» деп, өз өлеңдерінің Алладан келген аян екенін білдіреді. Қазақы түсінікпен айтқанда, Алла аузына сөз салған. Осы тұрғыдан келгенде, Ясауи хикметтері Құранның мазмұны мен мәнін ашады, сопылық жанкешті махаббатпен Алланы танытуға, тануға ұмтылады. Ал, Абай иманигүл ілімін жасап, үш сүю танымын қалыптап, сөздің басы әуелі аят, хадис екендігін айтып, қалың елі қазағын Алла мен адамзатты және әділетті сүюге шақырады. Иманигүлдің кереметі осы. Бұл – адамгершілік пен имандылықтың, ізгіліктің ең биік шыңы деп білеміз. Моноопераның соңғы нұсқасында осы жайлар айшықтала түседі.

Күллі дүниенің бастауы Жаратушы Аллада десек, руханиятымыздың, ғылым-білім мен өнер-мәдениеттің асыл түбі Құраннан тартылады. Құран – поэзия, Құран – ән, әуен. Өйткені, Алла «махаббатпен жаратқан адамзатты». Нағыз байыбына барсақ, «Құран» сөзі араб тілінде дауыстап оқу, мақамдатып, әуендетіп, ырғаққа салып оқу деген мағынаны білдіреді. Бұл әуезділікті Құран аяттарын оқитын әрбір хақ мұсылман біледі десек, қателеспейміз. Осы ғажапты ең алғаш аңғарып, ілімінде айқындаған Әл-Фараби бабамыз: «Табиғат дүниесінің

көркі - аспан шырақтарында, жан сұлулығы – музыкада. Музыка мақамы ғаламның ғажайып үндестік гармониясына ұласады. Осындай дәрежеге көтерілген адамдар нағыз даналар» дейді де, осы айтқандарын Хақ Тағаламен сабақтастырады. Ал, Құл Қожа Ахметтің Хаққа ғашық болып айтқан сөзіне жүгінсек: «Тағаланың мақамы ғажап мақам...Ол мақамды ғашық құлдар тандау қылар... Осы мақамды білдіретін пір керек»... Әрине, Хақ Тағаланың бұл арада айтылып тұрған мақамы – Құран, Құран сүрелері мен аяттары. Олай болса, қазақ әні мен поэзиясының бастау бұлағы Құранда жатыр.

Көңілімізде, көз алдымызда Абай десек – қазақ, қазақ десек – Абай тұрады. Бұл жай сөз емес. Бұл – Құран Кәрімнен келген рух. Абай өз шығармаларында, ғақлия қара сөздері мен өлеңдерінде Құран Кәрімнің сүрелері мен аяттарын өзінің басты тақырыбы қылды, сөйтіп, оны қазақтың дәстүрлі асыл сөздеріне ұштастырды. Қазақ хакімінің ұлылығы да, міне, осында. Менің осыдан шығатын ойым – Абай Олимпиадасын жасау. Олимп дегеніміз биік шың ғой. Бар әлемнің басын қосатын әлемдік деңгей, әлемдік дүние. Пәлсафалық ұғымға салсақ, біз ғылымда, өнерде, поэзияда әлемдік деңгейге Абай арқылы көтерілеміз. Осы орайдағы мақсатым: Абай қорын ашсам деймін, Павлодарда Абайға арналған республикалық конкурс ұйымдастырсам деймін. Бір ғана Абай емес, оның өз әндері мен романстарына қоса, Абай өлеңдеріне жазылған қазақ композиторларының романстары. Мұның сыртында Біржан сал, Ақан сері, Өсеттерге жол ашып, бұған консерватория, колледждерді қатыстырып, жыл сайын Абай оқуларын, Абай атындағы ән-әуез мерекесін өткізу керек. Осынау Абай ұлағатын бүкіл Қазақстанға жайып, сосын түркі әлеміне шығару, одан соң дүние жүзіне, әлемдік Олимп төріне жол ашу – қазіргі басты мұратым.

Тағы бір өзекті мәселе бар. Абайдың сыйынғаны, басты махаббаты Алла десек, тәу еткендері, ұлық ұстаздары, аға тұтқан абыздары, сырлас һәм мұңдас достары кімдер? Бұған жауапты хакімнің өзі береді.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммаси
Мәдәт бер я шағири фәрияд.

Мұнда темірқазығы, ұстаздары кімдер екені тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Абай осы жолдан өмір-бақи тайған емес. Өйткені, ол «пайда ойламады, ар ойлады, артық білуге талап қылды». Қырық төртінші қара сөзінде «Адам баласының ең жаманы – талапсызы» деген еді. Талап қылушылар да неше түрлі болады. «Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі»... Көрдіңіз бе? «Талапты ерге нұр жауар». «Оған да ғылым, оған да ой» керек. Сонда айтады «Қазақтың өз бетімен ізденіп оқыған талап болмаса, кітап бетінен оқып іздеген талап емес. Оның үшін кітап сөзімен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек. Одан соң ғибадат қыл» дейді. Осы орайда мына өлеңі керемет.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін.

Міне, қалай ғибадат қылу керектігін, қалай тазару керектігін, соның бәрін Абай түгелімен айтып кеткен. Сондықтан, талап-ыждағатсыз ештеңе болмайды. Ал, талаптыға үлкен ой, соған сай ғылым, парасат керек. Талапсыздардың ешқайсының ойында Салтыков пен Толстойдың жоқтығына назаланып, ақыл айтатын «Здравомыслящий» парасат иесі ағаларға қарай жөн сілтеді. Сонда Абай көкірегіне ұя салған бұл ақылды ағалары кім? Менің ойымша, олар адамзаттың маңдайына біткен алыптар – Пушкин, Крылов, Гёте, Байрон, Шиллер, Лермонтов... Иә, осындай «единицалар» болмаса, «не болады өңшең нөл?». «Көп

шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел?». Абай шығармашылығының адамгершілік қағидалары, ізгілік пен парасат ұстыны әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауиден тартып, жоғарыда аталған әлемдік ақыл-ойдың алыптарымен үндес те бірлес болды. Ой-толғаныстың осындай тынымсыз арпалысы, иманигүлге талпынысы қазақтың данасын осылайша «толық адам» жазирасына қадам бастырды. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деп тура жол нұсқады, кемелдікке жетудің сүрлеу-соқпағын көрсетті. Осындай кемелдердің қатарына қазақтан Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімді қоссақ, тіптен дұрыс деп ойлаймын.

Кемелдіктің де, ерендіктің де, пәни дүниедегі барлық жақсылықтың да түп бастауы Құранда жатыр. Абай даналығы мен философиясының бастауы сонда. Құран тұнып тұрған поэзия. Осыны мейлінше ұғынған Қожа Ахмет Ясауи Алла Тағаланың мейіріміне мінәжат етіп, «Диуани хикметін», имандылық жырларын толғаса, Пушкин өзінің атақты «Пайғамбар» және «Құранға еліктеу» атты өлеңдерін жазды.

Мықты ғой Алла тағала:
Мұхаммед алса Құранды,
Бізге түсер самала,

Сыпырып көзден тұманды, – деп жырлаған Пушкиннің осынау данышпандық өлеңдерінде (қазақ тіліне аударған Қуандық Шаңғытбаев) Құранның құдіреттілігі, үнділігі мен әуезділігі анық айшықталады. Соның ізін ала, Құранды орыстың дүние жүзіне мәшһүр ұлы жазушысы Лев Толстой қолдады, туралық пен дұрыстық хақ мұсылмандықта екенін жария етті, үндістандық Махатма Ганди Құран өсиеттерін өнеге тұтты. Кейінгі біздің заманымызда орыс зиялысы Валерия Порохова Құран Кәрімді орыс тіліне өлеңмен өрнектеп, поэзиямен төгілдіріп, ырғақ-мақамын сақтай отырып, керемет аударып шықты. Алла мен адамзатты сүйген Абайдың өлеңдері, қара сөздері Құранның нұрына толып тұрады, олар құдды хадистер сияқты, Құранды тәпсірлейді. Мұхаммед с.ғ.у. пайғамбардың 632 жылы Арафа тауында адамзатқа өсиет етіп қалдырған аманаты Құран Кәрім болса, сол аманатты хакімдік ақыл-парасатымен, өлең-жырымен, даналығымен аялаушы - Абай. Олай болса, Құранмен үндестік тапқан Абай даналығы алты алаштың ғана емес, күллі адамзат баласының Адамгершілік жарғысы, хатқа түскен Парасатнамасы деп айтсақ та мүлт кетпейміз.

Мақамдатып оқыған кезде Құранның өзі – ән дедік. Ән – сезім, тілсіз тіл. Тек сол ғана емес, ақыл, парасаттың айдыны да Құран. Ұлы ғалым Эйнштейн әлемдік ғылым Құран Кәрім түскеннен кейін басталғанын айғақтайды. Құран аяттарында 65 ақыл-өнеге, 217 ғылым бар екен. Құран болмаса, әлемдік үндестік болмайды. Ол – әлемдік тыныс, гармония, жүректің ішінде нұрланған рух қасиеті. Сондықтан, Құранды Алла Тағала адамзатқа өлең түрінде, әнмен әуездеп түсірген. Абай әуелетіп көтерген, әлемдік биікке самғатқан Мұхаммед с.ғ.у. пайғамбардың аманаты осы қасиетті үнде, асқақ әуенде жатыр. Әуен мен үнді әзіреті пайғамбарымыз өте жақсы көрген. Харам үнді жолатпаған, жаратпаған. Өнердің, үннің өзіндік мақсаты бар. Ізгі, иманды үнді басқаларынан айыра білген абзал. Орынсыз думан, сөлекет сауық-сайраннан бойды аулақ салу керек. Одан жезөкшелік, есірткіге әуестік сияқты жаман нәрселер бас көтереді. Абай қашық болуға кеңес беретін бес нәрсе де осының ішінде. Ондай жаман қылықтар бүтін бір елді, ұлыс-ұлтты құртып, жойып жібере алады. «Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ» деп Абай бекер айтқан жоқ, осындай келеңсіз жайлардан сақтандырды. Алланың әлемге берген ең соңғы пайғамбары да: «Әй, адам болындар, болашақты ойлаңдар» деген. Осыны темірқазық нысана етпесек, ел де, қоғам да болмайды. Абай бұл жәйттерді жеріне жеткізе, түгел түгендеп жазып кетті. Соны біз әлі түсінбей жатырмыз. Әлемде болып жатқан қазіргі сұмдық жағдайлар осыған айғақ.

Әлемді парасат пен мейірім, әділет пен ақыл, адамгершілік пен имандылық құтқарады. Абай хакім осыны меңзеген. Хакім: «Адамшылықтың алды махаббат, әділет» десе, бұл да Құраннан шығатын хикмет. С.Ғ.У. Пайғамбарымыздың мұсылмандарға арнаған қоштасу сөзі: Сендерге аманат қалдырам. Ол аманатты мықтап ұстаңдар. Ол аманатым – Алла Тағаланың кітабы Құран Кәрім. Адамдарды қараңғылықтан иманның нұрына алып шығатын жол, дейді. Құран адам баласының назарын ақыл мен даналыққа аударады, тура жол көрсетеді, дейді.

Құранның осындай хикметтері Абай даналығының негізіне алынса, Алланың һәм с.ғ.у. пайғамбардың аманатын нысана еткен Абай даналығы – біздің монооперамыздың негізгі арқауы. Осылайша моноопералық сахналық қойылымымызды соны үрдісте жаңа биіктерге жетелеп көтере бермекпіз. Осы мақсатпен жақында бұл моноопераны қазақтың қасиетті жері, Алаштың абыз ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың елі Торғай-Арқалықта көрермен қауымға ұсынып, ыстық лебізді алғыс, ризашылық арқалағанымызға мерейіміз өсті.

Қазақтың тағы бір данышпаны Мұхтар Әуезов «Абай жолы – Хақ жолы», ол Аллаға апаратын жол екендігін айта келе: «Адамның жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтыққа сүйрейтін үлкен күш – дін. Пәлсафа дінмен бастасқан» дейді. Иә, Мұхаң өте дұрыс айтады. Құранды пайымдау үшін пәлсафалық ғылым керек. Алла мен Құран хақында да Абай жазғандай философиялық ой-толғамдар сирек немесе жоқтың қасы. Оның иманигүлін, Аллаға махаббатын әлем ұғып білсе, Абайды алақанына салып әлпештер еді. Мұхаммед с.ғ.у. пайғамбарымыздың аманатын қазаққа Абай жеткізіп, түсіндіріп, ұғындырды. Оның хакімдігі, ұлылығы, данышпандығы нақ осыдан, иманға ұйыған ғашық жүрегінен көрініс тапқан.

М. Әуезов одан әрі: «Абай – ұлы композитор. Қазақтың әндерін, романстарын әлемдік деңгейге шығарған Абай» дейді. Құран да адамзатқа үн мен музыка арқылы жетті. Біздің монооперамыздың өзегі де осы. Мұхаммед с.ғ.у. пайғамбарымыз соңғы аманатында тазалыққа, имандылыққа, білімге, ғылымға бастап апаратын Құран Кәрім деп әндетіп кетті ғой күллі мұсылман үмбетіне. Ал, Абайдың хакімдік ой-парасаты бұл аманатты жан-жүрегімен қабыл алды, қазағына жеткізді. Хакімнің шығармашылығы түгелдей дерлік – Поэзия. Ол дегеніміз – үн, әуен, әуез. Ол поэзиядан үлкен ғұламалық, иманға ғашық, Алланы сүйетін, адамзатты сүйетін әндер шығады. Шықты да. Әлі де шығуы керек. Оның пәлсафасын, жан сырын түсінетін тұлғалар керек. Алла мен Құранды танудың бұл үдерісі тоқтамайды. Өйткені, Поэзия мен Ән – Құранның хикметі. Төгілген өлең-жырдың түп қайнары, бәрі Құранда жатыр екен. Осы ғажаптың растығын дәлелдеген, нақпа-нақ көрсеткен – Абай. Алла – өзгермес. Алла – мінсіз. Құран – рас. Алланың аманатын хакім Абай осылай тәпсірлейді. Осы ретте тағы бір өзіме ұнаған дәйексөзге жүгінсек: «Адам баласына Тәңірі берген ең ұлы нығметтердің бірі – сөйлеу мен дыбыстау қабілеті. Ал осы қабілетті өнерге айналдыру – әншілік. Вокал – бұл тек шеберліктің ғана емес, рухтың, ішкі жан дүниенің көрінісі. Ән айту – бір адамның жанынан шығып, екінші жанға жол тартатын сәуле секілді... Дыбыс – жүректен шыққан сәуле. Ән - сезім тілі. Ол адамның ішкі жан дүниесін сыртқа шығарады...Ән айту – дене мен сананың бірлескен еңбегі». Иә, адамды Алла жаратты, демек, әншілік қасиет те Алладан дарыған. Абай бұл хикметті «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішпен біл» деп сипаттаса, Әл-Фараби музыка арқылы жанды тәрбиелеуге болатынын жазған. Бұл – ән айтудың тек өнер емес, рух тәрбиесі екенін көрсетеді. Ал, тәрбиеші, тәлім беруші – Құран.

Осы ойымызды әрі қарай жалғастырсақ, шын мәніндегі ғажайыптарға жол ашылғандай сезімге бөленеріміз хақ. Абайдың мына бір шуақты шумағына зер салайықшы:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Иә, өмірдің қорғаушы күші ән екен. Сезімді тербеуші – ән. Осы арада ұлылар үндестігіне қайран қалмасқа болмайды. Пушкиннің айтатыны бар: «Из наслаждения жизни одной любви музыка уступает, но и любовь – мелодия... Өмір ләззаттарының ішінде музыка махаббатқа ғана жол береді, бірақ махаббаттың өзі де – әуен» дейді. Әнеки, ән-әуен адамға жан бітірердей құдіретке ие. Осыны Абай мен Пушкин бір-бірімен келісіп қойғандай үндесіп дәл айтып тұр. Мұқағалиша толғасақ, «Абай жаққан бір сәуле» осы болар. Абайдың махаббат жырларының бәрі әнге, романсқа айналуы осыны көрсетеді. Ғашықтар өз сезімдерін Абай әнімен, Абай өлеңімен білдіреді.

Абай поэзиясының Құрандай қасиетті, үнді, мақамды болуы да содан. Менің монооперам – Абайдың поэзиясы, Абай әндері. Мен де Құраннан қуат аламын. Біз осы арқылы поэзия мен ән, ондағы «ұйықтап жатқан жүректі оятатын мән» арқылы Абайды әлемге

танытуға ұмтыламыз. Өкінішке қарай, бас ақынымыздың поэзиясын әлем тілдеріне жоғары деңгейде аударма алмай жатырмыз. Ендеше, Абай поэзиясының Алла аманатын арқалаған құдіретін әр тілде әнмен жеткізу керек. Мысалы, Лермонтовты, Пушкинді, Гёгені Абай қазаққа әнмен танытты емес пе! Біз де сөйтейміз. Монооперамыздың бір мақсаты осы.

Ән, мақам, әуен, саз, әуез – адамның өмір бойғы серігі. Абай философиясы осыған саяды. Хакімнің сол ұлы пайымы моноопераға үзілмес арқау, желі болып тартылды. Оның мән, мағынасы мына бір шумақ өлеңде жатыр.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең...

Атамыз қазақ: «Адам өмірге жылап келеді, жылап кетеді» дегенде осыны, адам өмірі әнмен өрілетінін, жан мен әннің егіздігін паш етіп меңзеген сияқты. Абай мұны дәл аңғарып, анық сипаттаған. Мұның түбіне терең бойласақ, бұл – хақ мұсылманның баласы қалай туды, солай, сол сәтінен бастап иман нұрына бөленеді деген сөз. Сәби нәрестенің жылауы – оның періште жүрегінің дұғасы. Ал, өмірден өткен кезде жаназасында әндетіп, мақамдатып оқылған Құран аятымен бақиға, мәңгілік мекеніне шығарып салады. Мінеки, Абай осыны меңзеп тұр. Шынымен де, өмірде солай ғой. Хақ мұсылмандар өмір бойы Құран аяттарын елти тыңдап, содан жанына рухани азық алып, иман нұрына бөленіп жүреді ғой. Монооперада көп ойлар осы өлеңнен таратылып айтылады. Абайды ән арқылы, үн арқылы түсінеміз.

Абай Құран Кәрім нұсқаған тура жолмен қазақтың өлмес, өшпес поэзиясын жасады. Құран мақамы – ән. Мен Абайдың монологтарын мақамдатып, ән секілді айтамын. Қай өлеңін алсаңыз да, адамшылық қағидалары кемелдікке бастайтын, талаптылыққа жетелейтін кемеңгер ақыл, кең көсілген парасат тұнып тұрады. Мақамдатқан кезде Абайдың пәлсафалық, даналық өлеңдері Алланың рахметіне бөленгендей, Құран аятының нұрына шомғандай түрленіп сала береді, ғажаптана түседі. Сол арқылы жай монологтарды емес, Абай даналығы арқылы Алланың аманатын айтып тұрғандай боламын. Олай болса, монооперамыздың алтын арқауы да, ендігі атауы да «Абай даналығы – Алланың аманаты» деп біліңіздер, айналайын әлеумет...

GTAMP: 17.07.41

Ә.Ж. Қайырбеков

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК-ге қарасты
«С. Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені»
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., adilgazy.k@mail.ru

АБАЙДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ АРНА

Белгілі Абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметов Абайтанудың ғылыми тұрғыдан зерттелуін үш кезеңге бөліп қарайды [1]. Бірінші кезеңі 1889-1934 жылдар; екінші кезеңі 1934-1961 жылдар; үшінші кезеңі 1961 жылдан бергі дәуір. Екінші кезеңді Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясын жазуы және «Абай жолы» эпопеясын дүниеге әкелуімен байланыста қарастырады. Біз баяндамамызда Мұхтар Әуезовтің Абайтануға қосқан аса зор үлесін атап өте отырып, Ғабит Мүсіреповтің «Абай», «Абай» романы туралы, «Абай» – қазақ операсының жаңа белі», «Абай» – Қарағанды қазақ драма театрының жаңа табысы» атты мақалаларына тоқталмақпыз. Бәрі де, аттары айтып тұрғандай, Абай тақырыбына, М.Әуезовтің шығармашылығына арналған. Ал «Абай және орыс әдебиетінің классиктері» атты тағы бір мақаласы Абай шығармашылығының орыс әдебиетімен қарым-қатынасына жазушының берген өз бағасы

1940 жылы 30 қазанда Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» атты пьесасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасы болды.

Қоюшы режиссері Асқар Токпанов. Осы спектакль туралы Ғ. Мүсіреповтің «Абай» атты мақаласы «Лениншіл жас» газетінің 1940 жылғы 3 қарашадағы санында жарияланды [2]. М. Әуезовтің Абай тақырыбына ерекше ден қоюындағы бұл бір бетбұрысты кезең еді. Абай туралы роман әлі жарық көрген жоқ. Ал пьесаның жазылуы және оның театр сахнасына шығуы сол кездегі қазақ қоғамындағы, қазақ театрының тарихындағы ерекше оқиға болды. Ғ. Мүсірепов мақаласында пьеса туралы «Шебер қолдан, үлкен ой, шын жүректен туған еңбек» деп, «Абай» сезімінді босатпай ұстайды, бір жерде түйілген түйін оңай шешілмейді, көбінесе кесуді керек етеді. Ол кесілген түйіндер: Айдардың өлімі, Абдрахманның Мағышқа «Мен өлімге бұйырылған адаммын!» дейтін жері, Абайға шоқпар жұмсалуды» деп кесімді баға бере отырып, енді оның сахналық сипатына қатысты «Театр «Абайдың» стилін дұрыс тапқан. Абай дәуірінің мазмұнын беруге көп еңбек сіңірген. Әсіресе жас режиссеріміз Асқар Токпановқа қатты риза болуымыз керек. Алыста қалған өмірдің тек сыртын ғана емес, сырын да ашу үшін барын аямағандығы айқын-ақ. Сахнаға шығарған басты геройлары бірі арғы замандікіне, бірі бергі замандікіне ұқсап тұрған жоқ, бір өмірдің, бір кезеңнің адамдары сияқты, шүбә туғызбайды. Кейде сөз жазушынікі, декорация мен киім суретшінікі, образ әрбір артистікі болып тұратыны бар ғой, «Абайды» қойған Асқар бұған ұшыраған жоқ. Сөз бен киім образдікі, образ пьесанікі, постановка Асқардікі. Алдымен көңілге қатты қонатыны Абай образы» деп терең ой тарқатады. Ғ. Мүсірепов осы мақаласы арқылы Шекспир, Гете, Горькийдің шығармалары деңгейіндегі драмалық туындыларға қол жеткізу арқылы ғана театрымыздың өсетініне назар аудартады.

Жазушының «Абай» романы туралы» мақаласы – 1943 жылы наурыз айында Жазушылар одағында М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабын талқылауда сөйлеген сөзі [2]. Алғаш рет 1959 жылы «М.О. Әуезов: Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы» атты кітапта жарияланды. Кейін жазушының «Суреткер парызы» (1970), «Бес томдық шығармалар жинағы» (1975, 4-том) кітаптарына енген. Жаңа романды жатсынбай қабылдау, түсініп қабылдау, оның қазақ әдебиетіндегі эпопеялық туынды болатынын болжап-сезіну М. Әуезовтің замандастарына оңай болмаған. Романды талқылауда баяндама жасаған сыншының «мақтауында – қуаныш, жамандауында кейіс жоқ» еді. «Абай» романы шыға салысымен-ақ солақай сынның соққысына ұшырай бастағанда бұл романның қазақ әдебиетіндегі жаңа көркемдік әлем екендігін, қазақ сөз өнеріндегі айрықша құбылыс болатынын алғашқы болып аңғарған және қаламгер қауымға соны қалтқысыз жеткізген Ғабит Мүсірепов еді! Ғ.Мүсірепов ең алдымен «Абай» романын талқылауға арналған әдеби жиында жасалған баяндама көңілінен мүлде шықпағанын, онда «Абай» романына кәсіби әділ баға берілмегенін қатты сынады. Өзі бұл романды Мұхтар Әуезовтің ұзақ жылдардағы әдеби еңбегінің қорытындысы, жақсы нәтижесі деп бағалайтынын білдіреді. Алғашқылардың бірі болып «Абай» романына үздік көркем шығарма ретінде әділ, тура, жоғары баға береді. «Әр дәуірдің бар тобын, бар бейнесін, ой тереңдігін, сезім нәзіктігін, тілек мағынасын тұтас, түгел көрсете алған шығарма ғана шын мағынасында ұлттық, халықтық шығарма болады», – деп ой тұжырымдап, «Абай» романының осы талап үдесінен шығатынын жан-жақты дәлелдейді. Қазақ әдебиетінде бұрын мұндай кесек туынды болмағанын, бұл шын мәнінде әлемдік әдебиеттің озық үлгісімен жазылған туынды екенін баса айтады. Абай өмір сүрген заманның жарығы мен көлеңкесін, озығы мен тозығын, ескіруі мен жаңаруын, шаттығы мен мұңын, тайталасты тағдырлар тоғысын кең қамтыған роман деп бағалайды. Романдағы образдардың толыққандылығын, осының бәрі Абай тұлғасын сомдауға қызмет еткендігін түсіндіреді. Абай мен Құнанбай арасындағы, әке мен бала арасындағы, ескі мен жаңа арасындағы қарым-қатынасты жеткізетін көркемдік шешімдерді құптайды. Тек Қодар мен Қамқаға қатысты оқиғаны, екі жас жігіттің келіншектерін айырбастауын, Оспанның оспадар қылығын романға енгізбеу керек еді деген өз ойын білдірген (Келіншек айырбастауға байланысты эпизодты жазушы кейін алып тастағаны белгілі). Ол «Абай» романы қазақтың рухын, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, этнографиясын, тарихын, шежіресін мол қамтыған күрделі де кесек туынды екенін таразылай талдайды. Әсіресе Әуезовтің тіл байлығынан, сөз өрімінен, ой қисынынан жаңалық табады. Романның артықшылықтарын санамалай келе: «Абай» – әрі шын мағынасында қазақ

халқының шын өмірінің шын бейнесін көрсете алған ұлттық роман, әрі мәдениетті елдердің жақсы деген қай романымен болса да салыстыруға болатын роман», – деп берік тұжырым жасайды. Кейін «ұлттық роман» деген бағаны біз әдебиет сыншыларының аузынан көп жылдар бойы ести алған жоқпыз. «Ұлттық» деген атау бергені үшін-ақ «ұлтшыл» деген айып тағылатынын біле тұра Ғ. Мүсірепов мұндай қадамға неге барды? Біріншіден, «Абай» романының табиғатын ашу үшін ештеңеден қаймықпай-ақ осылай атауды жөн санады. Екіншіден, қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихында тұңғыш рет ұлт мүддесін, ұлт рухын, ұлттың мақсат-мұратын ақын образы арқылы сомдаған кесек туындының келгенін жария жасады. Үшіншіден, осы роман қазақ жазушыларының алдағы уақытта ұлтқа қызмет етуінің ең озық үлгісі, адастырмас Темірқазығы, айқын нысанасы болуы керек дегенді ұқтырды.

1944 жылы 24 желтоқсанда Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында «Абай» операсының премьерасы өтті. М. Әуезов, А. Жұбанов, Л. Хамиди – үшеуінің шығармашылық үндесуімен сахнаға шыққан бұл туынды қазақ опера өнерінің тарихындағы елеулі оқиға болатын. Осы опера туралы Ғ. Мүсірепов 1945 жылы 16 қаңтарда «Абай» – қазақ операсының жаңа белі» атты мақаласын бірінші болып «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялады. Ғ. Мүсіреповтің байсалды пікірі, қоюшылардың еңбегіне, әрбір образдың қалай шыққанына, актерлік шеберлік пен режиссерлік шешімдердің қаншалықты иланымды болғанына кәсіби сыншының көзімен қарап баға беруі тәнті етеді. Мәселен, операда Абай образы қалай шықты деген сауалға былайша жауап береді: «Абай рөлін ойнаған Ришад Абдуллиннің еңбегін ерекше атау керек. Шындап келгенде, опера сахнасындағы жас артистеріміздің бірі Ришад бұл жолы ойлаған жерден шықты. Ол әрі күшті, әрі сұлу дауысты, сирек кездесетін әншілердің бірі екені рас. Ришад Абайдың әнмен ашылар, әнмен жасалар бейнесін терең-ақ жасап шыға алды. «Кескіні келмейді» деген сын айтушылар жоқ емес, бірақ көркемөнерге «кескін келтіру» міндет те емес, заң да емес». Немесе «Абай бейнесін Қанабек Байсейітов жолдас ойнағанда да өте жақсы. Ең алдымен, Қанабек Абайға құйып қойғандай ұқсайды. Екінші, ол артистік шеберлігінің арқасында азғана қимылдармен, әсіресе көз қарауларымен Абайдың сыртқы бейнесін түгел шығарады. Өлең мен әннің ішкі мағынасын да жеткізе алады» [2]. Осындай салыстырулар операдағы Абай бейнесінің қалай жасалғанынан дәл мағлұмат беріп тұр. Сондай-ақ Күләш Байсейтова мен Шабал Бейсекованың, Құрманбек Жандарбековтің, Мүсілім Абдуллиннің сомдаған образдарына оң бағасын берсе, Әнуар Үмбетбаевтың Айдарына, Манарбек Ержановтың Әзіміне т.б. жекелеген рөлдерге қатысты сыны да бар. Шағын мақалада операның образдар жүйесіне сарабал талдау жасалады, кемшін тұстары атап көрсетіледі, жетілдіретін жақтарына назар аудартады.

«Абай» – Қарағанды қазақ драма театрының жаңа табысы» атты мақаласы 1951 жылы жазылып, облыстық газетте жарияланып, одан соң «Әдебиет және искусство» журналында (1951, №4) басылған, «Суреткер парызы» атты кітабына енген [3]. Бұл мақаласында да Ғ.Мүсірепов Абай тағдыры, заманы, әлеуметтік ортасы, тұрмыстық жағдайы, ескі мен жаңаның тартысы арқау болған романнан бастаған ой-толғаныстарын облыстық театрдың батыл қадамына деген ризашылығына ұштастырған. «Абайды» қойған Лурье жолдас пен артистердің арасында бірін-бірі жете түсінгендік, бірге ойласып, бірге өлшесіп, коллектив қолымен бірге көтеріскендік байқалады» деген байлам жасайды. Абай рөлін сомдаған Мүлік Сүртібаевтың ойынына сүйсініп: «Сахнаға қонымды сырт көрінісімен қатар, бұл іші бай, мәдениетті артист. Қозғалыс-қимылдары есепті, бос қозғалысы жоқ, жүзінің аз құбылысымен көпті аңғарта алады. Сүртібаев жасаған Абай образына қалтқысыз сеніп отырасыз» деп жас өнер иесінің еңбегін жоғары бағалайды. Михайловтың, Ұлжан мен Дәркембайдың, Зеренің образдарының сәтті шығуының себебін саралайды. Құнанбайдың сахналық бейнесін бағалауда таптық көзқарастың ықпалы да байқалады. Ұсақ рөл, кіші кейіпкер деген түсініктің аясында қалмауды, ең бастысы актерлік шеберлік екенін оңтайлы аңғартқан. Мақалада жанашыр сын бар. Әрине, қарағандылық өнер ұжымының озық талпыныстарымен қоса, олқы тұстарына сыни көзқарасын да ашық жазған. Қарағанды театрының негізгі күші музыкалық спектакльдерден гөрі, драмалық шығармаларда екенін айтып, жаңа Мәдениет сарайының сахнасы театр ұжымы үшін жаңа тыныс ашса деген тілегін де қоса жеткізген.

Осы мақалаларының бәрінде де Ғ. Мүсірепов М. Әуезовтің шығармашылық табыстарына шын қуанып, шынайы көңілден тілектестігін білдіріп отырған. Ал М.Әуезов 1958 жылы Мәскеуде жарық көрген «Абай» романын «Габиту – любимому брату-содругу, сотоварищу на всю жизнь во всех наших лучших порывах. 1958 г.11 июня» [4] деп қолтаңбасымен ұсынған екен. Ғабеннің Мұхаң дүниеден озғандағы қоштасу сөзінде «Бетке ұстасақ – беделің қандай еді, арқаға ұстасақ – панаң қандай еді! Оны ешкім ұмыта алмас!» [2] деп егіле сыр ашуында да көп мән бар.

Өзі де сол XX ғасырда спектакльге айналатын талай пьесаның, опера болып қойылатын либреттоның, үздік кино сценарийінің авторы болған шебер жазушы-драматург алдындағы кемеңгер ұстазы М. Әуезовтің Абай тақырыбын әртүрлі жанрда игеру тәжірибесін жіті қадағалағанын және жете бағалағанын байқаймыз.

Ғ. Мүсіреповтің «Абай және орыс әдебиетінің классиктері» атты мақаласы алғаш рет «Соц. Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 21 тамыздағы, «Ленин туы» газетінің 1945 жылғы 5 қыркүйектегі сандарында жарияланды. «Үлкен сарынның ақыны» деген атпен «Абай тағылымы» (1988) атты ұжымдық жинақта жарық көрді. «Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» деген атпен «Суреткер парызы» мақалалар жинағына (1970), Бес томдық шығармалар жинағына (1975, 4-том) енген. Кейін «Заман және әдебиет» атты әдебиет туралы ойлары мен толғаныстары кітабында (1982) басылды. Абай мен орыс классиктерінің арасындағы байланысты өз ой сүзгісінен өткізеді. «Өмірден жалпы адамгершілік ұлы мағына іздеген Абай оңнан-солдан, шығыстан-батыстан келер жаңа идеяларға тіптен селсоқ емес еді. Сол алған бастау ойды Абай орыстың ұлы классиктерінен – Пушкиннен, Лермонтовтан, Белинскийден, Чернышевскийден, Толстойдан, Салтыковтан тапты» [2] деп олардың көзқарас үндестігіне, халық мұң-мұқтажын жоқтап күресуіне құптап ден қояды. Мақаласында орыс классиктері туралы ақпарат бере отырып, керітартпалықпен күресу, оқу-білімге шақыру, рухани мәдениетті дамыту жолдарын да сараптайды. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім, қазағым...», «Ішім өлген, сыртым сау...» өлеңдерін Лермонтов өлеңдерімен байланыста қарастырса, «Жаз», «Қыс» өлеңдеріндегі Пушкинмен, Некрасовпен үндестікке назар аудартады, аударма өлеңдерінде сөз ауысуы болса да, мағына, мазмұн сақталатынына көңіл бөледі. Мақаласының тұтас жүйесі қазақтың бас ақынын лайықты бағалауға келіп тіреледі. «Абай өткен заманның емес, бүгінгі дәуірдің ақыны» деген кесек ой түйеді. Абай шығармашылығы өзінің биігіне көтеріле беретініне оқырманын иландырады.

М. Мырзахметұлы «Абайтанудың негізін қалаған М. Әуезовтің ұлы ақын мұрасы жолындағы орасан зор ғылыми шығармашылық ізденістерімен қатар басқа ғалымдар да бұл салаға елеулі үлестерін қосып жатты. Алғашқы диссертациялық зерттеу еңбектері де осы тұста туындап жатты. Әдебиеттен алғаш рет проф. Қажым Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деп аталатын докторлық диссертациясын қорғауы абайтану саласында елеулі мәні бар құбылысқа айналды. Абайтанудың М. Әуезов дәуірінде С. Мұқанов, М.С. Сильченко, Қ. Бейсембиев, Қ. Мұхаметханов, Ә. Жиреншин, З. Ахметов, Полибина, М. Фетисов т.б. абайтанудың әр түрлі саласынан ғылыми монографияларын жариялап үлгерді. Абайтанудың ғылыми деңгейін көтерген зерттеу еңбектері дүниеге келді. Бірақ бұл ғылыми зерттеу жұмыстарының бәрі де сол тұстағы кеңестік жүйенің таптық идеологиясы қойған тегеуірінді талаптың шеңберінен шыға алмады. Осы себепті зерттеу жұмыстарының дені Абай мен орыс әдебиетінің қарым-қатысы туралы мәселеге арналған тақырыптарға қарай ойысуы уақыт пен заман талабы болатын-ды» [1] деп жазған болатын. Осы пікір академик-жазушы Ғ. Мүсіреповтің аталмыш зерттеу мақаласына да қатысты.

Әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өнд., толық., 2-бас. – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. – 432 б.
2. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Жазушы, 1975. – 552 б.
3. Мүсірепов Ғ. «Суреткер парызы». Мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 544 б.
4. Ауэзов М. Абай. Роман. Художественная литература. – М., 1958. – 784 стр.

А.Т. Смагулова
Шәкәрім университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., akma.2000.2006@mail.ru

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МЕКТЕБІ МӘСЕЛЕСІ

Қайым Мұхамедханұлының зерттеушілік бағытын айқындайтын тақырыбы, ең арналы мәселесі, мақсаты – абайтану. Ол – ұлы «сөз патшасын» барлық шығармашылық қырынан зерттеуші. Нақтылай түссек, «ол – Абай өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылу, басылу тарихын зерттеген историограф, үш – төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақында монографиялық еңбек бітірген теоретик, сол замандағы қоғамдық қарым-қатынастарды зерттеген тарихшы, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы жыр-өлеңді, әңгіме-аңызды қағазға түсірген фольклорист» [1]. Рухани дүниемізге айналған ұлы ақын Абайдың мұраларын тану жолында абайтану сынды ғылым қалыптасты. Бұл саланың негізгі зерттеу нысанасы болып отырған Абай мұрасын тану, бағалау жайы төңкеріске дейін-ақ басталып, бүгінге дейін үздіксіз зерттелу үстінде. Төңкерістен бұрынғы баспасөз бетінде жарияланған материалдар абайтанудың қаз тұрып, қанаттануының алғашқы белесі болды.

Бүгінде іргелі негізі бар абайтану ғылымы ұлы ақын шығармашылығының жан-жақты толыққанды зерттелуімен ғана ерекшеленбейді, сонымен қатар Абай айналасына топтасқан, Абай дәстүрін жалғастырған мұрагер шәкірттері шығармашылықтарымен толысып, кемерлене түседі. Абайтану арналы ғылым десек, тоғысар сағасының бірі – ұлы ақынның әдеби мектебі, ақын шәкірттері. Қазақ әдебиеті тарихында «Абайдың ақын шәкірттері» деген ұғым жөнінде алғаш сөз қозғаған М. Әуезов. Бұл жөнінде Қ. Мұхамедханұлы: «Мұхтар: «Абай жөніндегі ең қызықты, ең соны және әдебиеттік прогрестік ретіндегі ірі мәселе – Абайдың ақын шәкірттері», – деп 1918 жылдан бастап айтып та, жазып та келеді», – дейді [2]. Белгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы: «Әуезов Абайдың әдеби ортасы, әсіресе, әдеби мектебі жайлы алғашқы ой-пікірін 1922 жылы жария етті» [3, 261], – дейді. Әуелден Әуезов іргетасын қалап, кеңестік дәуір талабының талқысына ұшыраған Абай мектебі – бүгінгі күнде абайтану әлемінің ішіндегі ұлы ақын ұстаз бен ақын шәкірт арасының құдыреттілігін танытар ең өнегелі де, өрісті дүниелерге толы, арналы салалардың бірі.

Абайдың әдеби мектебіне бірінші көңіл аударып, Абай мектебін ғылыми зерттеу ісіне алғашқы жол ашып, негіз салған М.Әуезов 1933 жылғы «Абайдың туысы мен өмірі» [4, 271], деген мақаласында 1889 жылдан бастап Абай алды үлкен мектепке айналып, Абай айналасына талапты жастардың шәкірт есебінде жиналып, топтала бастағанын айтады. М. Әуезов 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» [5] атты мақаласында Абайдың әдеби мектебі анық жазушылық мектебі болғанын аша түседі. 1939 жылы «Абайдың идеялық – мәдени ізденулері» [6] деген мақаласында М. Әуезов Абайдың іздену жолдарын айта келіп, ұлы ақынның өз заманынан иығы асқан білімді, мәдениетті адам болуымен бірге халыққа әдеби мектептің атасы болып танылғанын айтады. 1940 жылы «Абайдың өмірбаяны» [7, 45] және 1945 жылы сол тақырыпта жазған орысша мақаласында ғалым («Жизнь и творчество Абая (Ибрагим) Кунанбаева» [8, 17-18] Абайдың әдеби мектебіне де арнайы тоқталып, сөз етеді. Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына орай жазылған мақаласында М.О. Әуезов: «Енді бір уақытқа шейін ақынның айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда, біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына құйылған салаларды алып келдік. Бірақ, ақындық айналасы Абайдың өзі алған санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір мәселе – Абайдың өзгеге берген нәрі турасында, - дей келе, - Дәлін айтқанда, мыналар: Көкбай, Шәкірім, Ақылбай, Мағауия ақын шәкірттері есепті де, Абайдың алды оларға жазушылық мектебі болды», - деген пікір қорытады [9, 19]. С. Қирабаев: «Ақын өскен ортаның сырын ашатын бір сала – Абай маңындағы ақындар, жыршылар, өнер сүйгіш жас қауым, шәкірттері [10, 13] –деп ақын

айналасына топтасқан шәкірттеріне баға береді. Алайда «Абайдың ақын шәкірттеріне белгілі бір нақтылы меже, өлшем қолдану тұрғысынан қарамауы себепті талғамсыздыққа жол беріліп» [3, 132], ақын шәкірттерінің қатары жүйелі болмады. Қ. Мұхамедханов [11], Е. Исмайлов [12], Ғ. Сералиев [13], Ә. Токмағанбетов [14], Ә.Жиреншин [15] және А.Нұрқатов [16] зерттеулерінде ақын шәкірттері қатарын әр түрлі беріп, екі топқа бөле қарайды. Абайдың тура немесе толық мағынасындағы шәкірттері қатарына М. Әуезов Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Шәкәрім есімдерін жатқызса, Ә. Токмағанбетов Мұқа мен Әсетті, Е. Исмайлов Кәкітай, Әубәкір, Нарманбет, Әріп, Әбсалық, Әрхам, Турағұлды, Ә. Жиреншин Нұрлыбек, Мұқаметжан, Баймағамбет, Байкөкше, Төлеу, Ағашаяқ, Қиясбай, Көрпекбай, Ырысалды, М. Сералинді енгізсе, Ғ. Сералиев Ажар, Кемпірбай, Шортанбай, Жүсіпбекқожа, Қуандық, Біржан, Әбдірахманды қосты, Қ. Мұхамедханұлы Бейсенбай, Халиолла, Әлмағанбетті жатқызады.

Абай үш қайнар бұлақтан сусындады, Әуезов болса Абай сусындаған бұлақтан қанып ішіп, ұлылықтың үлгісін бойына жиған Абай дәстүрінен ғибрат алды, ал Қайым Мұхамедханұлы қос ғұламаның нәрлі бұлағынан тояттап, руханилылықтың кемел шыңына жетті. М. Әуезов пен Қ. Мұхамедханұлын бір-біріне ағалы-інідей жақындастырып, табыстырған ол данышпан атамыздың мәңгі қайталанбас жырлары, «жұмбақ адамның түбіне терең бойлауға» итермелеген ұстанымы еді. Болашақ ғалымның әдебиетке емін – еркін араласып кетуіне игі әсер еткен оның бала жасынан тәлім -тәрбие алып өскен ортасы, ұшқан ұясы екені сөзсіз. Кемелдікке жетелеген әке ұлағаты жөнінде Қ. Мұхамедханұлы былай еске алады: «Әкем сауатты, әрі орысшаны да жетік білетін адам еді. Өзіне жетерлік кітапханасы да болды. Алаштың туын көтерген арыстар әкемнің қамқорлығын көп көрді. Біздің үйге Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Әлихандар ат басын тіреп келетін. Әкемнің айналасындағы адамдарды жатсынбай бауырына тартуының арқасында М. Әуезовтей дарынды адамдар туғанымыздай бізбен араласып кетті. Бұл менің болашағыма үлкен мектеп болды» [17]. 30-жылдар тұсында М. Әуезов негізін қалаған абайтану ғылымының мәнерлі болуына Қ. Мұхамедханұлы бүкіл ғұмырын сарп етті. Жас таланттың ұшталып, тас қияға өрлеуі М.Әуезов есімімен тығыз байланысты. Абайдың әдеби мектебі сынды зерттелінбеген тың мәселені жалынды жас жігіт Қайымға тапсырады да: «Абайға байланысты істейтін көп жұмысың бар. Ол – сенің қолыңнан келетін жұмыс. Абайдың ақын шәкірттері Ақылбайдың, Мағауияның, Көкбайдың, Турағұлдың тағы басқалардың өлең-жырлары, дастандары түгел жиналған жоқ. Осыларды жинап, зерттеп, жазу жұмысын қолға алуың керек» деген міндет қояды [18].

1938 жылы мамыр айында Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толған мерейтойына келген жас ақын, ұлы ұстаз, қамқор ағадан осындай тапсырма алып қайтады. Кейіннен (1939) бұл тақырып Мұхамедханұлының ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы болып бекітіледі де, шығармашылық өмірінің өрісті өзегіне, мағынасы мен мақсатына айналады. Аталған мәселені қарастыра, ел аузынан жинай жүріп, ол 1940 жылы Семейдегі Абай музейінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Абайдың мемлекеттік әдеби музейінің 1940-1941 жылдары берген есебінде былай делінген: «По теме «Литературная школа Абая» товарищ Мухамедханов собрал большие материалы (рукописи и другие).

Подготовлено и включено в план издательства 1941 г. полное собрание сочинений одного из ближайших учеников Абая поэта Арипа Танирбергенова. Это будет первый научный труд работником музея Абая 1941 г.» [19]. Музей тарихында алғашқы ғылыми еңбектің ізін сала отырып, баспасөз беттерінде мақалаларын да жариялай бастайды. «Абайдың әдебиет мектебі» деген атпен 1945 жылы Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауияның «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылық өмірлеріне арналған мақалалары жарық көреді [20].

Абайтану ғылымы – тар жол, тайғақ кешулерді басынан өткерген ғылым. Коммунистік дүниетанымның қиянаттары Абай мұрасын, оның жеке басын бағалауға теріс әсерін тигізді. Идеологиялық саясат тұрпайы түсінік, таптық тұрғыдан талдау тәсілін ұстанды. 1947 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Ж.Жұмақанов «Абайға ешбір қоқыс жараспайды» атты

мақаласын жариялайды. Семейдегі Абай музейінің жайынан хабар беретін бұл мақала музейдегі «жанды-жансыз коқыстардың бәрінен дереу тазарту» қажеттігіне арналған. Ғылыми қызметкерлердің уақытты қалай өткізетіндігін айта келіп, «Қ. Мұхамедханов жолдас Әріп ақын жайында мақала жазып отыр. Бұл «еңбегінің» Абайға қаншалықты қатысы бар десеңізші», – дейді автор [21]. Бұл Абайдың ақын шәкірттерін зерттеу тұрғысында Қ.Мұхамедханұлына айтылған сыңаржақ пікірдің басы еді. «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақалада: «Семейде бір топ әдебиетшілер бар, олардың бірсыпырасы Абай музейінде «ғылыми» қызметкер болып істейді, өздерін «Абай ауылынанбыз, Абайдың мирасқорларымыз деп санайды», – деп түйрей келіп, облыстық «Екпінді» газетінің 1947 жылғы мамырдың 14-дегі санында жарық көрген Қ. Мұхамедханұлының «Қазақ әдебиеті заманымыздың талабына сай болсын» деген мақаласын сынайды [22]. Ол мақаласында Қ. Мұхамедханұлы қазақ әдебиетін дәуір-дәуірге бөліп зерттеу, ғылыми негізде баяндау, оны жоғарғы және орта мектепте оқыту мәселелерін жан-жақты саралап, Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті, оның ақындық мектебінің концепциясын жасау, оның талантты шәкірттерінің шығармашылығын бағалауға ғылыми тұрғыдан келу мәселелерін көтереді. Зерттеуші Абайдың ақын шәкірттері қатарына жатқызғандардың барлығын (Турағұл, Әріп, Шәкәрім) «Социалистік Қазақстан» газеті «совет үкіметіне, партияға қарсы адамдар. Бұл мақала авторы оларды «прогрессшіл еді», «шәкірті еді» деп босқа лағып отыр», – деп біржақты пікір білдіреді. Қазақстандағы ұлтшылдық айыптаулармен байланысты науқан осылайша Абайды зерттеушілерді сынаумен басталып, Абайдың әдебиет мектебін де үлкен айтысқа тиек қылғаны белгілі. Абайдың ақындық мектебі төңірегіндегі айқай-шу абайтану ғылымының әлі де темір құрсау торында екенін көрсетті.

М. Әуезовтің жетекшілігімен Абайдың ақындық мектебі мәселесін зерттеу нәтижесінде Қ. Мұхамедханұлы 1951 жылдың 7-сәуірінде «Абайдың әдебиет мектебі» атты кандидаттық диссертациясын Қазақстан Ғылым академиясының Ғылыми Кеңесінде қорғайды. Абайдың ақын шәкірттері қатарына диссертант Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатаевтарды, ал диссертацияға қосымшаға Халиолла Өскенбаев, Кәкітай Ысқақұлы, Мұхамеджан Майбасаров, Бейсембай Жәнібеков, Баймағамбет Мырзаханов, Мұқа Әділханов, Әубәкір, Әлмағамбет Сексенбаевтарды енгізді. Ғылыми жұмыс 3-бөлімге, ішінен он тарауға жіктелген. Абайдың шәкірттерін зерттеуші төмендегідей екі топқа бөле қарайды:

1 Әдеби мұрасын қалдырып, ақын дәстүрін дамытушылар;

2 Абайға шәкірт болған, бірақ артына творчестволық мұра қалдырмағандар.

Көркем шығармаларымен әдеби мұра қалдырып, ақын дәстүрін жалғастырушылар қатарына диссертант Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Әубәкір, Көкбай Жанатаевтарды жатқызады. Абайға шәкірт болған, бірақ артына шығармашылық мұра қалдырмаған әнші шәкірттері қатарына зерттеуші төмендегілерді жатқызады: Мұқа Әділханов, Бейсембай Жәнібеков, Әлмағамбет Сексенбаев, Мұқаметжан Майбасаров.

Диссертацияда ақын шәкірттерінің әрқайсысының өмір жолы мен шығармашылық мұрасы алғаш рет ғылыми тұрғыда талданады. «Следует отметить, что в развернутом виде эти вопросы впервые ставятся в данном исследовании. Наши литературоведы и абаеведы все свое внимание обычно сосредоточивали на изучении различных сторон деятельности и творчество самого Абая, лишь мимоходом упоминая об его учениках, соратниках и последователях» [23, 4] – деген жолдар Қайым Мұхамедханұлы зерттеуінің арқалар жүгін сипаттайды. М.Мырзахметов: «Қ.Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі туралы» деген диссертациялық еңбегі өзі бөле қараған өнер иелеріне арналуы жай нәрсе емес еді», – деп аталған зерттеудің нысаналы бағыты мен ғылыми негізін атап өтеді [3, 132].

Ғылыми жұмысқа жетекшісі М. Әуезов мынандай пікір береді: «Большое количество собранных самим тов. К.Мухамедхановым произведений почти забытых, но талантливых поэтов – новаторов конца 19 столетия, воскресло для казахской литературы ряд дорогих имен и позволило в дальнейшем вести исследование послеабаевского периода литературы на более

учащенных рядах, на более разнообразных, чем было до сих пор, фактах художественного наследия прошлого» [24]. Бірақ кеңестік идеологияның адамды жазғанына, жұртына қалдырған әдеби мұрасына қарап емес, шыққан тегіне қарап бағалайтын таптық саясаты Абайдың ақындық айналасын да мүлт жібермейді. Қорғауда М. Әуезовке, ол негізін салған Абайдың ақындық мектебіне, Абайдың ақын шәкірттеріне жабылған жала саяси айып тағудың басы еді.

Қорғауда ресми оппоненттері М. Әуезов пен М. Сильченкодан кейін бірінші болып сөз алған С. Нұрышев пен Қ. Жұмалиев диссертацияның «зиянды» тұстарын әшкерелеп қарсы шығады. «...Ауэзов утверждает, что идейно творческое направление Абая, школа Абая – это панисламизм. Если бы он вышел за рамки аула, он пошел бы по пути панисламизма. Даже поворот Абая к русской культуре он объясняет панисламизмом. Считать ли это только ошибкой, которую можно было бы заметить как это делает М. Ауэзов? Нет, нельзя. Это можно считать протаскиванием в советскую науку антимарксистских взглядов, как со стороны диссертанта, так и со стороны М. Ауэзова» [25]. Қ. Жұмалиев сөзінің қорытындысында: «Диссертация тов. Мухамедханова, представленная и соискание ученой степени кандидата филологических наук, не соответствует требованиям, предъявляемый к кандидатской диссертации, потому что она носит антинаучный характер. В ней сосредоточены восхваления поэтов, идеализирующих Кенесары Касымов, протаскиваются идеи пантюркизма, находят себе оправдания поэты, чуждые народу по своему мировоззрению. Поэтому я, как член Объединенного Ученого Совета гуманитарных институтов АН КазССР, при всем своем уважении к официальным оппонентам, не могу ходатайствовать перед Ученым Советом о присуждении автору диссертации ученой степени кандидата филологических наук без коренной переделки его работы», – деген пікір білдіреді. Жала жабушыларға қарсы М. Әуезов: «Выступление по поводу диссертации тов. Мухамедханова товарищи в целом, за исключением двух тенденциозных ораторов, правильно указывали на достоинство и на отдельные недостатки диссертаций» – деп, диссертанттың 12 жыл бойына нағыз ғылыми зерттеу жұмысын жүргізгендігін баса айта отырып, тырнақ астынан кір іздеушілерге: «вы вдвоем подготовились заранее, чтобы ущемить через эту диссертацию Ауэзова, а это чистейшая беспринципная склока и ничего иное», – деген жауап айтады [26, 82].

Бұл қорғау екі айдан кейін, 1951 жылы 15 маусымда, Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты мен Қазақстан совет жазушылар Одағы бірлесіп өткізген «Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналғын ғылыми айтысқа» ұласты. Үш күнге созылған жиналыста «Абайдың әдебиет мектебі және оның шәкірттері», «Абай мұраларын танудағы кейбір талас мәселелер», «Абай творчествосының идеялық арналары туралы», «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер» деген тақырыптарда жазушы С. Мұқанов, филология ғылымының кандидаттары С. Нұрышев, М. Сильченко және профессор М. Әуезовтер баяндама жасайды. Баяндамалар бойынша жарыссөзде филология ғылымдарының кандидаттары: З. Ахметов, М. Ғабдуллин, Қ. Тұрғанбаев, профессор Қ. Жұмалиев, тарих ғылымының кандидаттары: Ж. Юсупов, М. Ақынжанов, Ә. Тұрсынбаев, жазушылар: Ғ. Мүсірепов, Қ. Жармағамбетов, Ә. Әбішев және басқалар барлығы 18 адам пікірлерін ортаға салады.

Абайдың әдеби мұраларын тануда жүргізілген елеулі істермен қатар, әлі де болса бұл салада бірсыпыра қателіктер мен кемшіліктер кездесіп жүргенін де жасыруға болмайтындығы айтыла келіп: «осының салдарынан кейбір әдеби зерттеу еңбектері жұртшылыққа данышпан ақын, өз заманының озат пікірлі ағартушысы, қоғамдық қайраткері Абайдың ұлылығын түсінуге көмектесе алмайтыны былай тұрсын, қайта мұндай еңбектер ұлы Абайдың біздің тарихымыздан алатын рөлін төмендете түсіп отыр. Міне, осындай құнсыз зерттеулердің қатарында, ең алдымен Ә. Жиреншиннің «Абай және оның орыс достары» деген кітабын, Қ. Мұхамедханұлының «Абайдың әдебиет мектебі» деп аталатын сәтсіз диссертациясын жатқызуға болады», – деген пікірді қолдаушылар басым болды [27].

Абайдың әдеби мұрасын маркстік-лениндік ілім тұрғысынан дұрыс тануға тырысқандар Қ. Мұхамедханұлы диссертациясында Абайдың ақын шәкірттері қатарына

жатқызылғандарды реакцияшыл, монархияшыл ақындар, діншілдер, молдалар деп сынайды. «Олардың ішінде халық жауы Турағұл да, Кенесарының реакциялық қозғалысын мадақтаған ұлтшыл ақын Көкбай да, тіпті ақындығы жөнінде ешқандай дерек жоқ, әдебиетте із-тұсы белгісіз Иманбазар, Мұхаметжан, Әлмағамбет, Бейсенбай, Мұқа, ертегіші Баймағамбет деген біреулер де, тағы басқалар да бар», – деп әділетсіз, біржақты сын білдіреді [27].

М. Әуезовтің диссертант жұмысымен толық келісетіндігі, халық бұқарасының дұшпаны болған адамдарды, қайдағы бір ұлтшылдарды, діншілдер мен молдаларды ұлы Абайдың атағымен бүркемелеп қазақ әдебиетінің тарихына енгізбек болғандығы да қатал сынға ұшырайды. Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтыс деген аты болмаса, заты ақын мұрасын талқылаған ғылыми айтыс болмай, айтыстың әдейі арнап нысанаға алғаны «Абайдың әдебиет мектебі» мәселесі мен М. Әуезовтің абайтанудағы ғылыми және әдеби еңбегі болғанын айтыстан анық көреміз.

Абайдың ақын шәкірттері жайында сөз алған С. Мұқанов советтік қоғамға жат элементтердің әдеби мұраларын насихаттағандары үшін Әуезовті де, аспирант Қ. Мұхамедханұлын да қатал сынға алады. Қазақ совет әдебиетінде «Абайдың шәкірттері» кімдер деген сұрауға бірінші рет жауап берген адам – М. Әуезов жолдас деп жазған С. Мұқанов: «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында М. Әуезов: «Абайдың өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен ақын төртеу, оның екеуі Ақылбай, Мағауия Абайдың өз балалары, қалған екуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған. Абайды зерттеуге осы төрт ақынның атын қыстыратын бір үлкен себеп – бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де, бой ұрған бірталай тың еңбектер. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болды», – деген жолдарын келтіреді [26].

Абай салған дәстүрді жалғастырып, ақын шәкірттері атанған ізбасар мұралары абайтану ғылымының мәнді тарауын құрайтын Абайдың әдеби мектебі сынды әлі де ғылыми бағдарға түспеген тың ұғымды Қ.Мұхамедханұлы тұңғыш рет ғылыми тақырып етіп көтеріп, әдеби айналымға енгізді. Тарихи әділетті қалпына келтіруде темір торлы түрменің дәмін татса да, ғалым табандылық танытты. Қ. Мұхамедханұлының Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығын жүйелеуде жарты ғасырға жуық уақыты кетсе де, ақын шәкірттері мұраларын жинастыруда ыждаһаттылық көрсете білді. Ақын мұрагерлерінің халық аузында жатталып қалған мұраларын қолжазба деректермен салыстыра отырып, түбегейлі зерттеп, ақиқатына жетті. Соның негізінде, Абайдың ақын шәкірттері сынды абайтану саласының жаңа бағытының негізін қалады.

Әдебиеттер

1. Жұртбаев Т. Қайсар ғалым // Жұлдыз, 1986, №1. – 192 б.
2. Мұхамедханов Қ. Мұхтар кешкен қилы заман // Абай. – 1992. – №3. – 78 б.
3. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі. – 1994. – 192 б.
4. Абай. Толық жинақ. 1933, Қызылорда. – 374 б.
5. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы // Әдебиет майданы. – 1934. – №11-12.
6. Әуезов М. Абайдың идеялық-мәдени ізденулері // Әдебиет және искусство, 1939, №7.
7. Абай. Толық жинақ, 1940. – 326 б.
8. Кунанбаев А. Избранное, – Москва, 1945. – 280 с.
9. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы. Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. Алматы: Ғылым, 2002. – 274 б.
10. Қирабаев С. Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы. Кітапта: Абай және қазіргі заман. Алматы: Ғылым, 1994. – 337 б.
11. Мұхамедханов Қ. Абайдың әдебиет мектебі // Екпінді, 1940, 5 қазан.
12. Исмаилов Е. Кемеңгер Абай // Әдебиет және искусство, – 1940, № 9.
13. Сералиев Г. Қазақ халқының данышпан ақыны // Ленин туы, 1940, 15 қазан.

14. Тоқмағанбетов А. Абайдың ақындық мектебі // Социалистік Қазақстан, – 1940, 26 қазан.
15. Жиреншин Ә. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбаев // Екпінді. 1940, 23 мамыр.
16. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 348 б.
17. Тоқпатаев У. Ұлттық рухтың қазынасы // Дидар, – 2000, 4 қазан.
18. Мұхамедханов Қ. Ұлы ұстаз, қамқор аға // Парасат, – 1997, №8, 6 б.
19. ШҚО ҚЗТҚО.-1406-қор, 1-тізбе.
20. Мұхамедханов Қ. Абайдың әдебиет мектебі // Екпінді, – 1940, 23 қыркүйек
21. Жұмақанов Ж. Абайға ешбір қоқыс жараспайды // Социалистік Қазақстан, – 1941, 22 мамыр.
22. // Социалистік Қазақстан, – 1947, 2 тамыз.
23. Мухамедханов Г. Литературная школа Абая. Автореферат дисс. на соискание ученой степени кандид. филологических наук. – Алма-Ата, 1951. – 15 с.
24. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің қоры. КП 1951.
25. Султанбеков М. Книга с трудной судьбой // Иртыш, – 1994, 9 апреля.
26. // Абай, 1992, №3, 96 б.
27. Абайды зерттеудегі бұрмалаушылыққа қарсы // Социалистік Қазақстан, 1951, 4 шілде.

ГРНТИ: 17.07.41

Т.М. Демежанов

Шәкәрім университеті

Республика Казахстан, г. Семей., toleubek@yandex.ru

О ПОЭТИКЕ МЕМУАРОВ ТУРАГУЛА АБАЙУЛЫ «О МОЁМ ОТЦЕ АБАЕ»

Как известно, биография Абая была во многом реконструирована благодаря воспоминаниям его современников: близких родственников, учеников, знакомых, очевидцев и т.д. До нас дошли устные рассказы об Абае Архама Какитайұлы, Турагула Абайұлы, Кокбая Жанатайұлы, Касенова Кусаинова, Даулетияра Стамбека, Ниязбека Алдажарова, Ахата Шакаримұлы и др. В разное время они были объединены в сборник «Воспоминания об Абае» и выходили отдельным изданием [1].

В этих материалах можно найти разнообразные и интересные сведения, освещающие различные этапы жизни Абая, раскрывающие отдельные грани его личности и тем самым проливающие свет на его творчество в целом, мировоззрение, взаимоотношение с окружающими. Среди них исключительное место занимают воспоминания одного из сыновей Абая Турагула (1875-1934) – литературоведа, поэта, переводчика, общественного деятеля. Они были записаны в середине 20-х годов прошлого века по просьбе М. Ауэзова, собиравшего изустные материалы для составления творческой биографии поэта. Мемуары Турагула стали первым системным свидетельством о частной жизни Абая, его характере, привычках, семейных отношениях, а также его мировосприятии и духовных поисках.

Актуальность и важность воспоминаний Турагула оказались столь значительной, что впоследствии они были опубликованы на страницах печати, а в 1933 и 1940 гг. вошли в сборники произведений Абая.

По жанру воспоминания Турагула можно отнести к мемуарной литературе. Под мемуарами (от фр. *mémoires* – воспоминания) обычно понимают записки современников, написанные от первого лица, рассказы о событиях прошлого участником которых был сам автор и о людях, с которыми автор был знаком.

Структурно в записках «О моём отце» можно условно выделить 3 части – рассказ автора о себе, повествование об отце и повествование о других людях.

Приступая к мемуарам, автор осознает всю меру сыновней ответственности и во вступительной части оговаривает, что его воспоминания носят чисто субъективный характер, опираются на личные впечатления и собственные наблюдения. Он признается, что, не имея опыта в написании подобного рода сочинений, боялся вольно или невольно идеализировать, или исказить образ отца. («Когда я вначале обмолвился, что писать сыну об отце не совсем с руки, то, имел ввиду, что сын будет вспоминать лишь положительные качества родителя, умолчав об отрицательных»).

С источниковедческой точки зрения мемуары Турагула ценны для нас тем, что очень близко передают общую атмосферу, детали, дух и колорит воссоздаваемой эпохи, многое уточняют в художественной специфике поэзии Абая.

В рассказе о себе автор определяет для читателя степень родства с Абаем (первенец от второй жены Айгерим) и сообщает о главной цели своих записок – они написаны не столько для назидания потомкам, сколько адресованы будущим биографам Абая, которые смогут почерпнуть для себя полезные материалы для его жизнеописания. Причиной побудившей взяться за перо, как объясняет сам автор, послужило то, что при жизни Абая в его окружении было мало грамотных людей, которые бы оставили письменные свидетельства о нем. Понимая, что в небольшом по объему сочинении невозможно охватить весь масштаб личности Абая, показать его в полный рост, Турагул через описание повседневного быта, привычек, манеры общения и речи, социальных связей пытается нанести штрихи к особенностям психологического портрета поэта, стремится дать общее представление о нем как о человеке своего времени, отце, наставнике юношества и общественном деятеле.

Собственно повествование об Абее начинается с указания на его возраст: «когда я родился отцу было 32 года и он, вступил в пору зрелости, переступив горячку юных лет» и считался «старшим джигитом».

Воскрешая в памяти свои детские впечатления, Турагул замечает, что Абай был не очень строгим родителем, предпочитая телесным наказаниям и методу устрашения воспитание словом, афористичными изречениями и поучениями в пословично-поговорочном духе, в которых выражалось его нравственное кредо («страх и любовь не уживаются вместе, как огонь и вода»; «человек внимая советам любимого человека, обретает в них пользу, советы же внушаемые страхом и бранью бесполезны»; «на человека оказывают влияние три категории людей: родители, наставники и ровесники, кого он больше любит больше других, оттого и многое получает»; «человек посвятивший жизнь карьере или богатству ничтожен»). Как резюме звучит искреннее признание: «Я многим обязан отцу, который еще в раннем детстве разглядел во мне природные задатки и всячески поощрял их с радостной надеждой».

Композиция основной части мемуаров (повествование об Абее) мозаична, фрагментарна и представляет собой «собрание пёстрых глав» - сцепление разнородных эпизодов, сюжетных ситуаций, связанных между собой не столько каузально, сколько произвольно. Автор описывает повседневную жизнь семьи Абая, атмосферу в ауле, литературные интересы своего отца, его отношения с близкими и учениками, социально-политическую обстановку, конфликты с традиционным обществом и родовой знатью.

В этих «картинках с натуры» оживают некоторые черты духовного и нравственно-психологического облика героя – открытость, общительность, веселость, ироническое и снисходительное отношение к человеческим слабостям, внезапная смена настроения и т.д.

В свое время М. Ауэзов отмечал, что при исследовании биографии Абая важно учитывать не только художественный мир поэта, но и контекст его эпохи, традиции, обычаи, быт и нравы казахского народа [2, с. 255].

В этой связи автор мемуаров, стремясь к большей достоверности и полноте отражения фактов, к правдивости и точности описания увиденного, прожитого и пережитого, включает в свой рассказ многие «мелочи» быта, такие незначительные сведения как «отец спал мало – ложился поздно, вставал рано», «перед сном, как правило, сидел в одной рубахе, облокотись на подушку или подмяв её под себя», «чай пил из стакана, предварительно остудив, а затем глотал залпом», «дома отец постоянно ходил в тубетейке, рубахе и штанах», «в молодости

отец был хорошим наездником, но в зрелом возрасте оставил верховую езду и более не садился в седло» и т.д.

Довольно подробно автор рассказывает об увлечении Абая национальной игрой «тогуз кумалак» (в которой ему не было равных), ставшей в те годы столь популярной в степи, что в аул Абая съезжались игроки со всей округи и месяцами проживали там, участвуя в борьбе за призы (победители увозили барана, телку или бычка). Состязание, видимо, было нешуточное, поскольку автор по прошествии многих лет поименно называет наиболее азартных и заядлых игроков, приезжавших из дальних окрестностей. Не менее подробно повествуется об увлечениях Абаем соколиной охотой («через мои руки прошло около 250 пернатых», - замечает автор) а также его пристрастия к породистым скакунам.

К жанровым особенностям мемуаров относится едва ли не обязательное включение в повествовательную канву упоминаний о родословной героя, деяниях предков, восходящее к устно-поэтической традиции: «Ыргызбай – Оскембай – Кунанбай – мой отец были людьми достойными и особо почитаемыми в народе» и т.д.

Характерно, что порой в ход повествования исподволь вплетаются авторские комментарии к обычному праву казахов: «Обычай наш таков, что гость прибывший издалека не сразу, а лишь на следующий день сообщает о цели своего приезда...»; «В 1894 году после смерти Оспана (младшего брата Абая) отец по закону аменгерства взял в жены его вдову Еркежан...» и т.д.

Цепкая память автора хранит не только имена действующих лиц, оставивших след в истории края, но и людей, о которых едва ли кто помнил (слуг, батраков, пастухов, табунщиков, конокрадов). Вводя таких персонажей в свой рассказ, автор непременно приводит их «паспортные» данные: Есиркеп (сын батрака Архата); Айтказы (сын Жексенбая); Менке (дочь скотокрада Алдангара); Кусаин, сын Какимбая из рода Кокше ветви Балтай по прозвищу Карасакау):

«Сей Кожекбай был родом из Мамаев ветви Еламан. Его отец Жамантай приходился тестем Кунанбаю-кажы, поскольку наша бабушка Улжан была его приёмной дочерью»; «В 1889 году, когда мне исполнилось 14 лет, выдавали замуж мою сестру Райхан (дочь отца от старшей жены) за Кудайбергеном сына Серикбая из рода найман».

Такие несущественные, и, казалось бы, избыточные уточнения, отвлекающие слушателя-читателя от основной сюжетной линии, с одной стороны – следование устно-поэтической традиции казахов, с другой – свидетельство достоверности описываемых событий. Много внимания в мемуарах уделено социально-политической обстановке в степи – «подковёрным» играм, межродовым распрям и интригам особенно в период выборов волостных управителей.

Квинтэссенцию же мемуаров составляет литературно-творческая деятельность Абая, которой посвящена главная часть воспоминаний и в которой Абай предстаёт в качестве наставника молодых поэтов и маститого акына.

«Я был в числе немногих учеников отца, возглавляемых Шакаримом кажы. Мы вели ожесточенные споры о сущности истины и природебытия. Наставления же отца я воспринимал как слова пророка, искренне веря, что, если следовать им, можно стать достойным человеком в этом мире», - вспоминает Турагул.

Абай, подвергая критической оценке первые поэтические опыты своих учеников, указывал на их достоинства и недостатки. Так, он порицает молодого Шакарима за юношеский максимализм, Кокпая - за чрезмерную религиозность, Арипа - за увлечение поэтическими штампами и красками. В назидание им Абай пишет своё знаменитое стихотворение «Не для забавы я слагаю стих...», в котором излагает свой взгляд на роль поэта и поэзии.

Али-азрету не слагаю гимн. *(ответ Кокпаю)*

Красавиц с подбородком золотым

Я не пою *(ответ Арипу)*; я к смерти не зову *(ответ Шакариму)*.

По признанию автора, в молодости он написал проникновенные стихи о песне и музыке и попросил отца их отредактировать, который ответил на это своим стихотворением «Ласкают

слух красивая песня и сладкозвучный кюй», навеянным ему в свою очередь мотивами лермонтовского стихотворения «Звуки» [3, с.370].

Начинающим акынам посвящены такие стихи как «Не ради забавы по кругу бегут...», «Стук часов – не робкий шелест забытья».

В памяти рассказчика отчётливо запечатлелся образ отца во время творческого процесса: «Он сидел в грустных размышлениях перед чистым листом и с карандашом в руке. Когда находило вдохновение, он начинал писать отрешенно и без остановок, что-то нашёптывая самому себе. В такие минуты он походил на запыхавшегося покорителя вершин, готового прослезиться от избытка чувств».

Примечательно, что автор не только знал наизусть многие стихи своего отца (он входил в число составителей первого сборника стихов Абая), но и смог рассказать их предысторию (когда, где и при каких обстоятельствах они были написаны, кому посвящены), сопровождая собственными лаконичными комментариями. Так, известное сатирическое стихотворение «Наконец волостным я стал...» (Кулембаю), согласно Турагулу, появилось в 1888 году на берегу реки Баканас после выборов волостного управителя Мукурской волости, в которых победу одержал человек незнатного происхождения по имени Кулембай. По мнению автора мемуаров, ему удалось добиться этого лишь благодаря своему богатству. Другое стихотворение, ставшее классикой казахской пейзажной лирики «Лето» (1886), было навеяно картинами летней перекочёвки на джайляу к низовьям Баканаса, а стихотворение «Зима» - джутом, разразившимся в степи в 1884 году. Запомнился Турагулу и приезд в 1894 году уездного начальника Недорова, который узнав, что Абай увлекается переводами Лермонтова на казахский язык, посоветовал ему заняться баснями Крылова, поскольку они проще и понятнее простому народу.

В заключение следует отметить, что мемуары Турагула Абайулы «О моем отце Абаяе» – важнейший биографический источник, без которого невозможно составить полноценный образ Абая как личности. Это не просто книга о великом человеке, но и искреннее свидетельство сына о жизни, духовной силе и нравственной высоте отца. Мемуары Турагула занимают почётное место в ряду свидетельств, формирующих историческую память казахского народа, и служат прочной основой для изучения не только биографии Абая, но и эпохи, в которой он жил.

Литература

1. Абай туралы естеліктер. Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің қорынан [құраст. Б. Жүнісбеков т.б.]. – Алматы: Қаламгер, 2018. – 504 б.
2. Ауэзов М. Исследователям Абая. В кн. Абай Кунанбаев. Монография и статьи (на каз.яз.) – Алматы: Санат, 1995. – 320 с.
3. Абай: энциклопедия / Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 720 с.

ҒТАМР: 06.81.23

Т.А. Кариева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., karieva77@mail.ru

ЫСҚАҚ ДҮЙСЕНБАЕВТЫҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Ғылыми зерттеуде ғалымдардың қолжазба мұралары деректік негіз ретінде ерекше маңызға ие. Олардың арасында Ысқақ Дүйсенбаевтың еңбектері, қолжазбалары қазақ әдебиетін, оның ішінде ұлы акын және ойшыл Абай Құнанбаевтың шығармашылығын

зерттеуде айрықша орын алады. Ысқақ Дүйсенбаевтың қолжазбалары Абай мәселесін терең түсінуге жаңа мүмкіндік береді.

Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев 1910 жылы Ресейдің, Омбы облысы, Таврия ауданы, Қаушақпан ауылында 1910 жылы туған. Мәскеудің М. Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген. ҚСР ҒА-ның президиумында ғалым-хатшы, өнертану секторының меңгерушісі болған. Ол өзінің бар ғұмырын қазақ әдебиетінің тарихына арнаған ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ы.Дүйсенбаев сан қилы өмір жолынан өтіп, өмірінің соңына дейін ҚР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі қызметін атқарды.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, абайтанушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбайдың жеке архивінде сақталған материалдар – қазақ руханиятының жады ретінде бағалануы тиіс. Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы профессор Т. Жұртбайдың жеке «Кітап қорында» ғалым Ысқақ Дүйсенбаевтың жеке ісі сақтаулы. Ы. Дүйсенбаевтың Абай мен Мұхтар шығармашылығына қатысты жазған зерттеу еңбектері, мақалалары, сондай-ақ жарияланбаған қолжазбалары – қазіргі ғылыми айналымға түсуі тиіс аса маңызды мұра. Мақала осы архив қорындағы деректер негізінде әзірленіп отыр. Жалпы Ысқақ Дүйсенбаевтың артында қалған ғылыми мұралары үш саланы: қазақ әдебиетінің тарихына, абайтануға және әуезовтануға арналған зерттеулерді қамтиды. Сонымен бірге ғалымның «Күнделіктері» де назар аударарлық эпистолярлық жәдігер болып табылады. Ысқақ Дүйсенбаевтың ғылыми мақалалары мен күнделік жазбалары ғалымның өмір сүрген жылдары, сол кездегі қоғамдық-саяси өзгерістер жөнінде ақпарат беретін дерек бола алатындығы сөзсіз.

Ғалымның қолжазба мұрасы арқылы Абай шығармашылығына деген көзқарасы зерттеледі. Ы. Дүйсенбаев шығармалары – авторлық таным мен дәуірлік көзқарастың тоғысында жатқан еңбектер. Оның архивтік жазбаларында Абай шығармашылығының жаңа қырына және М. Әуезовтің тарихи рөліне терең талдау жасалған. Бұл деректер арқылы кеңестік кезеңдегі ғылыми таным мен идеология және авторлық ұстанымдар зерделеніп, абайтану мен мұхтартанудың даму тарихын жаңаша жазуға жол ашылады.

Ғалым-зерттеуші Ы. Дүйсенбаев өмірінің соңына дейін қазақ руханиятына қатысты мәліметтерді жинақтап, қолжазба түрінде сақтаған. «Ғасырлар сыр бар...» әдебиет тарихы туралы зерттеулер жинағы 1970 жылы жарық көрген. Алайда кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулер, партиялық принципшілдік, цензуралық қатаң бақылау, саяси жағдайлар Ысқақ Дүйсенбаевтың кейбір ой-пікірлерін ашық айтуға мүмкіндік бермеді [1, 18]. Осыған байланысты жарияланбаған қолжазбаларында сақталған идеялар бүгінгі күні ерекше құнды.

XX ғасырда абайтану ғылымының қалыптасуына бірнеше буын өкілдері еңбек сіңірді. Кеңестік кезеңнің қатаң идеологиялық шектеулеріне қарамастан, Ысқақ Дүйсенбаев – Абай мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеп, ұлттық дүниетанымды сақтай білген әрі терең философиялық ой түйген көрнекті ғалымдардың бірі ретінде танылды. Оның пікірінше, Абайды дұрыс түсіну үшін ақынның заманына, қоғамдық-әлеуметтік жағдайына және философиялық категорияларына үңілу қажет. *Абайдың реалистік дәстүрі қазақ әдебиеті халық өмірінің келелі мәселелерін көтеріп, сол мәселеге қалың бұқараның назарын аударуға тырысты* [2, 22].

Абай шығармаларын ғалым жай ғана әдеби мұра ретінде емес, қазақ халқының рухани қалыптасу үдерісін сипаттайтын дереккөзі ретінде зерттеді. Ғалым Абай шығармаларын баспаға дайындаудағы мәтінтанушы ретінде ереше жауапкершілікпен қарағандығын көреміз [3]. Ы. Дүйсенбаевтың Абай шығармашылығына қатысты зерттеулері Абайтану ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Ол Абай өлеңдерінің қолжазба және баспа нұсқаларын салыстыра отырып, текстологиялық талдау жүргізді. Ы. Дүйсенбаев өз күнделігінде: «Абай шығармаларының текстологиясы түгелдей аяқталды (өлеңдері мен поэмаларын айтып отырмын)» – дейді. Мұқаң осы жұмыстың басы-қасында болып, ерекше көмек көрсетті. Негізінде сол кісінің нұсқауы бойынша Зәки (Ахметов - К.Т.) екеуіміз түсініктерін де жазып шықтық-деп пікір білдіреді [4, 48].

Ғалым тек Абай шығармаларына текстологиялық талдау жасап қойған жоқ, сонымен бірге Абайдың ақын шәкірттерінің шығармаларымен де таныс болған [5, 131].

Абай мәселесіне Ысқақ Дүйсенбаевтың көзқарасы тұрғысынан қарайтын болсақ, Абайды тек әдеби феномен ретінде ғана емес, қазақ халқының рухани-мәдени дамуының маңызды факторы ретінде қарастырады. Ғалымның қолжазбаларында Абай шығармашылығын жан-жақты талдау, оның поэзиясы мен қара сөздерінің қоғамдық-саяси мәнін ашу басты назар екендігіне көз жеткіземіз.

Ы. Дүйсенбаевтың зерттеуінде Абайдың ойшылдық мұрасы кеңінен қамтылған. Оның философиялық көзқарастары, моральдық идеалдары және қазақ қоғамындағы жаңғыру идеялары қолжазбада нақты тұжырымдалған. Бұл тұрғыда Ы.Дүйсенбаев Абайды дәстүр мен жаңалықтың арасындағы көпір ретінде қарастырды.

Қолжазбалардағы деректерге сүйене отырып, ғалым Абай шығармашылығын тарихи контекстпен байланыстырып, оның қазақ әдебиеті мен қоғамындағы рөлін тереңдетті. Абай мәселесіне қатысты Дүйсенбаевтың көзқарасы кең әрі кешенді, ол поэзияның әлеуметтік функциясын және ұлттық санаға әсерін зерттеуде маңызды үлес қосты.

Абайдың дүниетанымын зерттеуші (Ы. Дүйсенбаев) шығыстық тәрбие мен батыстық ақыл-ой жүйесінің тоғысында пайда болған тұтас әлемдік көзқарас ретінде сипаттайды. Оның пайымынша, Абай шығармалары – гуманистік ойлаудың шыңы, жаңа әдеби-эстетикалық дәуірдің бастамасы.

Ысқақ Дүйсенбаев Абайды **идеялық күрестің адамы** ретінде қарастырды. Ол Абайдың қазақ қоғамының ішкі қайшылықтарын, білімсіздік пен дін атын жамылған надандықпен күресін ашып көрсетуге тырысты. Бұл ұстаным әсіресе кеңестік кезеңдегі идеологиялық шеңбермен үндескенімен, **ұлттық сана мен өзіндік пікірді** сақтап қалудың амалын танытады. *Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күрсінуі – терең әлеуметтік сын. Ол – өз халқын сүйе отырып, оны түзетуге ұмтылған ұлы гуманист.*

Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасын жинау, жариялау және жүйелі зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың бас кезінен бастап қолға алынып, бірнеше онжылдық бойына үздіксіз жалғасып келеді. Бұл үдеріс қазақ әдебиеттану ғылымының кәсіби деңгейге көтерілуімен тікелей байланысты. Кең ауқымды ізденістер мен зерттеу еңбектерінің нәтижесінде қазіргі таңда «Абайтану» деп аталатын дербес ғылыми сала қалыптасты.

Абайтану ғылымының іргетасын қалаған және осы бағытта терең де кешенді зерттеу жүргізген көрнекті тұлға – **Мұхтар Омарханұлы Әуезов**. ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуді мақсат еткен тұтас ғылыми-шығармашылық бағдарлама жасады. Оның қаламынан туған «Абай» трагедиясы (1940), «Абай» және «Абай жолы» романдары (1942-1956), сондай-ақ ондаған ғылыми мақалалар мен баяндамалар – осы бағдарламаның құрамдас бөліктері.

Әуезов Абай шығармашылығын **ұлттық руханият пен мәдениет тарихының биік шыңы** ретінде қарастырып қана қоймай, оны **дүниежүзілік әдебиет кеңістігіне енгізе алды**. Мұхтардың «Абай жолы» эпопеясы арқылы Абай тұлғасы әлем оқырманына (әлемнің 116 тіліне аударылды) таныстырылып, қазақ әдебиеті алғаш рет еуропалық деңгейде бағаланған көркемдік жүйеге көтерілді. Бұл тұрғыдан келгенде, Абайды жаңа заманға танытқан – Мұхтар Әуезов болса, Мұхтарды әлемдік әдебиет тарихына енгізген – Абай феномені, оның рухани болмысы мен ақындық мектебі екенін айту әділетті.

Тарихи деректерге жүгінсек, Абай мұрасын зерттеу ісі Әуезовтен бұрын да болғанымен (мысалы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Сералин, Кәкітай Ысқақов еңбектері), **Абайтанудың ғылыми жүйе ретіндегі тұтас теориялық негізі Мұхтар Әуезов арқылы қалыптасты**. Оның 1933 жылы жарық көрген алғашқы толық жинаққа жазған өмірбаяндық очеркі, сондай-ақ 1940 жылдардан кейінгі университеттік дәрістері осы ғылымның академиялық деңгейге жетуіне жол ашты.

Абайды жаңа заманға жетектеп әкеліп танытып, бүкіл дүниеге паш еткен – Мұқан десек, Мұқанды әлем әдебиетінің заңғары етіп қалдырған – Абай жолы, рухы екендігінде кімнің таласы бар. *Осылайша, Әуезов көркем шығармашылығы арқасында тек туған еліне*

ғана емес, әлемге аты мәшһүр жазушы атанды. Ы. Дүйсенбаев қолжазбасында: М.О. Әуезов өзінің Абайға арнаған белгілі еңбегінде ақынның осы аудармаларын эпистолярный роман деп атаған.

Абай мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеуге Ысқақ Дүйсенбаевтың ықпалы болғандығына көз жеткіземіз. Ол белгілі абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметұлын Әуезов музей-үйінің директоры Ләйлә Мұхтарқызына ертіп апарып, «ғылымның нағыз қойторысы» деп баға беріп, оның сол жерде жұмысқа орналасуына жәрдемдескен жан [6]. Бұның өзі Абай мұрасының зерделеніп, жаңа ғылыми ашылулар болғандығын уақыт көрсетіп берді.

Ғалым: «біз Мұхтар ағаның ғылым саласындағы, дәлірек айтқанда Абайды танудың (Абаеведение) іргесін қалаудағы ерен еңбегіне айрықша тоқтап өтсек» – десе, енді бірде, «Мұхтар Әуезов – диапазоны кең, эрудициясы мол ғалым. Ұзақ жылдар бойындағы педагогтік қызметінде, ғылыми-зерттеу еңбектерінде Мұхтар Әуезов Абайдың өмірі мен творчествосы, осы күнгі совет әдебиетінің күрделі проблемаларымен белсенді түрде шұғылданды» – дейді.

Әуезовтің Абай мұрасын тарихи-философиялық тұрғыда зерделеп, ұлттық рухани үдерісті мәдени орта аясында қарастыруы Ы. Дүйсенбаевтың шығармашылық көзқарасының қалыптасуына елеулі әсерін тигізді. Қолжазбада ғалым: «*Әуезовтің әрбір сөйлемінен ғылымға деген үлкен жауапкершілік сезіледі. Ол Абайды зерттегенде – ұлтты зерттеді. Біз осы тереңдіктен үйренуіміз керек*» – деді.

Ысқақ Дүйсенбаевтың Мұхтар Әуезовті үлгі тұтуы – кездейсоқ таңдау емес, ғылыми ұстаным мен рухани бағдардың табиғи жалғасы. Ол Әуезовтің ғылыми әдіснамасын, ұлттық мүддені қорғаған азаматтық позициясын, рухани биігін және әдебиетке деген көзқарасын өз шығармашылық жолына бағдар етіп ұстанды. Сол бағытта Ы. Дүйсенбаевты Әуезов салған жолдың ізбасары ғана емес, осы мектептің аясын кеңейтіп, мазмұнын тереңдетуге атсалысқан тұлға деп танымыз.

Ы. Дүйсенбаев Әуезовті үлгі тұтудың екінші себебі – оның азаматтық тұлғасы. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық қысымға қарамастан, М.Әуезов ұлттық идеяны ғылыми тілмен жеткізуге тырысты. Бұл тәсіл Ы. Дүйсенбаевтың да басты ұстанымына айналды [1, 24]. *Мұхаң (М. Әуезов) – ғылыми этиканың биік үлгісі. Ол саясатқа бейімделмей, ғылымды биік ұстады. Бүгінде бізге сол мінез жетіспей жатыр...*

Мұхтар Әуезов әдебиетті **ұлттық танымның негізгі тірегі** деп таныса, Ысқақ Дүйсенбаев бұл тұжырымды одан әрі жалғастырып, кеңестік идеологияға бейімделе отырып та, ұлттық әдеби мұраны қорғаудың амалдарын іздеді. «*Мұхтар Әуезов үшін әдебиет – ұлттың рухани коды. Біз осы кодты бұзбай, жалғастыруымыз керек. Әдебиет – ұлттың ұжданы*». Бұл ойды ғалым, әдебиеттанушы Т. Жұртбай да қуаттайды: «*Ысқақ Дүйсенбаев – Әуезов мектебінің жалғастырушысы. Ол Мұхтардың ғылыми, рухани биігін таныды, соны қорғауға тырысты*». Бұл дәйексөзден Дүйсенбаев Әуезовтің **ғалымдық мінезін, принципшілдігін, қоғамдық қысымға қарсы тұра білген тұлғалық тұғырын** жоғары бағалағанын көреміз.

Ы. Дүйсенбаев ешқашан Әуезовтің тікелей шәкірті болғанын ресми айтпағанымен, оның жазбаларында рухани шәкірт ретінде мойындағаны анық байқалады.

«*Мен Мұхаңның әр сөзінен үйрендім. Ол кісінің қасында болу – бір университетпен тең еді...*» [7].

Бұл сөздер Әуезовтің шәкірттері арасында тек формалды қатынас ғана емес, **рухани сабақтастықтың** да болғанын дәлелдейді. Дүйсенбаев – Әуезов мектебінің рухани мұрасын жалғастырушы ғана емес, оны жаңа деңгейге көтеруге тырысқан тұлға.

Күнделік жазбалары – кеңестік кезеңнің ғылыми ахуалын көрсететін құжат. Ысқақ Дүйсенбаев күнделік үлгісінде жазған ой-толғамдарында тек әдеби-ғылыми пікірлерімен шектелмей, өзінің ғылыми ортада кездескен **идеологиялық қысым, ғылыми пікір-таластар мен ішкі рухани арпалыс** сәттерін бейнелейді. Бұл жазбалар: «...біз шындықты айналып айтудан шаршамай келеміз, себебі ашық пікір айту мүмкіндігі жоқ. Абайды түсіндіруде де, Әуезовті бағалауда да, біреуге жақпай қалу қаупі үнемі бірге жүреді...» [7]. Мұндай жазбалар сол кезеңнің **интеллектуалдық климаты мен ғылыми еркіндіктің**

шектелу деңгейін айқын көрсетеді. Бұл үзінді кеңестік кезеңдегі еркін пікір айтуға қойылған идеологиялық шектеулер мен зерттеушілердің ішкі қайшылығын пайымдауға мүмкіндік береді.

Субъективті тәжірибені жеткізетін шынайы куәлік ретінде күнделік – автордың субъективті дүниетанымы мен танымдық үдерістерінің тікелей көрінісі. Ы. Дүйсенбаев күнделіктері арқылы біз оның тек зерттеуші ғана емес, **заманмен күрескен азаматтық тұлғасын** да танимыз. Ол жазбада Абайдың «Толық адам» іліміне өз заманының биігінен көз тастайды: «...Абайдың «адам болам десеңіз» қағидасы бүгінгі ғылымда жоқ тәрбиелік категориялардың орнын басады. Біздің теориямыз догмаға айналып кеткен. Абай – тірі философия». Бұл жазба тек Абайтану үшін емес, **қазақ руханиятының интерпретациясы тұрғысынан да маңызды дерек** болып саналады.

Ғалым күнделігінен **ғылым тарихындағы «ішкі дауыс» феноменінің көрінісін байқауға болады**. Ысқақ Дүйсенбаевтың күнделік жазбалары – кеңес тарихындағы сирек кездесетін **«ішкі дауыс» феноменінің үлгісі**. Ғалым ресми мақалаларында білдіре алмаған ойларын өзінің жеке жазбаларында қалдырған. Мұндай жазбалар архивтік тұрғыдан ғана емес, **тарихи-философиялық танымды зерттеу үшін де дереккөз** бола алады.

Тарихи жадыны қалпына келтіру құралы - күнделік. Күнделік жазбалар айтылып (жазылып) отырған мәселенің ресми нұсқасынан тыс қалған **альтернативті шындықты қалпына келтіруге** көмектеседі. Ысқақ Дүйсенбаевтың жеке жазбалары Абайдың ақиқаты мен Мұхтар Әуезовтің тарихи рөлі туралы кеңірек пайым жасауға жол ашады. Бұл – қазіргі абайтану мен мұхтартану ғылымдары үшін **жаңа методологиялық кеңістік** ұсынатын дерек.

Қорыта айтқанда, Ысқақ Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы – қазақ әдебиеті мен тарихының дамуындағы елеулі кезеңдердің бірі. Оның әдебиет тарихын ғылыми жүйелеу жолындағы әрекеттері, зерттеушілік дәлдігі мен жауапкершілігі кейінгі буын ғалымдарына үлгі бола алады. Әдебиет пен тарихтың өзара байланысын терең түсіндіру арқылы ғалым ұлттық руханиятты тануда тың бағыттарды ұсынды. Ғалымның мақалалары мен күнделік жазбалары болашақ зерттеулер үшін дерек ретінде де, әдіс ретінде де өз құндылығын сақтап отыр. Осы себепті, Дүйсенбаев еңбектерін қайта басып шығару, оларды ғылыми айналымға кеңінен енгізу – отандық ғылымның дамуына үлкен серпін берері сөзсіз. Бүгінгі күні Ы.Дүйсенбаев еңбектерін заманауи көзқарас тұрғысынан қайта саралап, әдебиеттану ғылымына интеграциялау маңызды болып табылады.

Ысқақ Дүйсенбаевтың профессор Тұрсын Жұртбай архивінде сақталған қолжазбалық мұрасы – ұлттық руханият пен мәдени сана үшін де аса маңызды дерек көзі. Бұл мұралардың ғылыми айналымға енуі Абайтану мен Мұхтартану салаларына тың серпін беріп, әдебиет тарихын қайта пайымдауға мүмкіндік берері сөзсіз. Болашақта бұл архивтік материалдарды жүйелі зерттеу, цифрландыру және ғылыми айналымға енгізу – қазақ әдебиеттануының өзекті міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Әдебиеттер

1. Мухатаева К. Ы. Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2007. 31 б.
2. XX ғасыр басындағы әдебиет. Екінші кітап. Жалпы редакциясын басқарған Ы.Т. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1965. – 522 б.
3. Әзібаева Б. Ы. Дүйсенбаевтың фольклортанулық еңбектері жөнінде //Түркология. – № 4. – 2017. – 80-92 беттер.
4. Дүйсенбаев Ы. Күнделіктер. Бірінші дәптер, 1956 ж., 48 б. Т. Жұртбай архиві.
5. Дүйсенбаев Ы. Күнделіктер. Бірінші дәптер, 1960 ж., 131 б. Т. Жұртбай архиві.
6. <https://qazdauiri.kz/news/abaitanusy-romannyn-bas-keiipkeri-1>.
7. Ы. Дүйсенбаевтың қолжазбасынан. Т. Жұртбай архиві.

**АБАЙ ӘНДЕРІ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ СОҢҒЫ БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ
МУЗЫКАЛЫҚ РЕДАКЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

XIX ғасырда қазақ даласында орын алған мәдени өзгерістер тұсында көрінген тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы. Оның шығармашылығы қазақ халқының рухани мәдениетінде түбегейлі бетбұрыс жасап, философиялық ойдың, қоғамдық сана мен жазба әдебиеттің жаңа бағытта дамуына жол ашты. Сондай-ақ, ол қазақтың әуен жүйесіне де тың бағыт, қазақ музыкасының көркемдік тіліне жаңа сапа әкелді. Абай шығармашылығы қазақ музыкасы мен поэзиясын біртұтас көркем кеңістік ретінде дамытып, мүлде жаңа ырғақтық-интонациялық мазмұнмен байытты. Абайдың бұл бағыттағы мұрасы шығарушылық пен орындаушылық өнердің бөлініп, жаңа композиторлық мектептің іргесін қалады. Айтушы мен тыңдаушы мәдениетін жаңа биікке көтерді. Бұл қазақ ән өнерінде мүлде жаңа тарихи кезеңнің бастауы болды.

Абай әндері туралы алғашқы жазба деректер қазақ музыка этнографиясы тарихының екінші жүзжылдығында – XX ғасырдың басында ғана хатқа түсе бастады. Алғаш 1919-1922 жылдары А. Э. Бимбоэс нотаға түсірген «Татьянаның хаты» мен «Сегіз аяқ» әндері «Қазақтың 25 әні» атты мақаласына еніп, «Музыкалық этнография» жинағында жарияланса [1, 66], «Татьяна әні», «Абай», «Қор болды жаным», «Тілек батам» («Қарашада өмір тұр»), «Өлеңді қайтіп қоярсың» шығармалары 1925 жылы А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 ән-күйі жинақтарында басылды [2], [3]. Кейін В. Дернова, Б. Ерзакович, Ғ. Бисенова сынды ғалымдардың еңбектері негізінде Мәскеудегі М.И. Глинка атындағы Музыкалық мәдениет музейіндегі А. Затаевич қолжазбаларынан Абайдың тағы 12 әні сақталғаны анықталып, аталған ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Бұл – Абай әндерінің жинақталуының алғашқы кезеңдері.

Абай әндерін жинау ісінің екінші кезеңі 1935 жылы М. Әуезовтің тікелей ұйтқы болуымен басталып, қазақтың рухани әлемінде тарихи және мәдени мәні зор игілікті іске айналды. Л. Хамиди, А. Жұбанов, А. Серікбаева, Е. Брусиловский, Б. Ерзакович, У. Бекенов, Қ. Жүзбасов сынды музыка зерттеуші ғалымдар М. Әуезовтен бастап, Ә. Қашаубаев, Ә.Ысқақов, Т. Арғынбаев, Қ. Лекеров, Ж. Елебеков, М. Мұхаметжанова, Ғ. Сармұрзин, Х.Демшінов, Ж. Стамбаев секілді ел ішіндегі әртүрлі айтушылар және белгілі кәсіби орындаушылардан Абайға тиесілі музыкалық мұраларды хатқа түсіріп, ғылыми айналымға енгізді.

Бұл іске түрлі ғылыми-зерттеу институттар мен өнер оқу орындары да белсене атсалысып, Абай әндерінің насихатталуына, ғылыми негізде зерттелуіне зор үлес қосты. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жанынан құрылған фольклорлық зертхана 1958 жылдан бастап Абай әндерін дыбыс таспасына жазып алып, ғылыми өңдеуден өткізді. 1984 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдасуымен М. Мұхаметжанова орындауындағы Абайдың 17 әні жазылып, Қ.Жүзбасовтың нотаға түсіруінде белгілі жинақтарға енді [4], [5].

Ал Абайдың музыкалық мұрасының алғашқы топтамасы 1940, 1945 жылғы академиялық жинақтарға (түр-нұсқаларымен 20 ән) енсе [6], жеке жинақ ретінде тұңғыш рет 1954 жылы Б.Ерзаковичтің құрастыруымен «Абайдың музыкалық творчествосы» деген атпен жарық көрді (36 ән) [7]. 1986 жылы «Айттым сәлем, қаламқас» атауымен (65 ән, 3 күй) екінші рет басылып шықты [8].

Қазақтың рухани-мәдени тарихында Абайдың музыкалық мұрасы – қайталанбас құбылыс. Оның әндері тек эстетикалық туынды ретінде ғана емес, ғылыми тұрғыдан да терең зерттеуді қажет еткен салаға айналды. Бұл бағыттағы алғашқы жүйелі зерттеулер өткен

ғасырдың орта шенінен басталып, ән мәтіні мен әуеннің байланысы, жаңа поэтикалық формалардың музыкалық құрылымға ықпалы, әндердің нотаға түсу барысы мен түр-нұсқалары, Абай әндерінің жалпы музыкалық стиль аясындағы орны секілді бағыттарда зерделене бастады. Мәселен, Абай әндеріндегі жаңашылдық пен ерекше стиль алғаш рет А.Жұбанов тарапынан атап көрсетілсе [9], Г. Шомбалова Абай енгізген жаңа өлең өлшемдерінің әуенге әсерін нақтылауға әсерін тигізді [10]. В. Дернова бұл әндердің стилистикасын зерттеудің әдіснамалық негізі мен түр-нұсқалардың авторлық түпнұсқаға жақындығын салыстыру мәселелерін ұсынса [9, 26], В. Беляев пен М. Ахметова оларды қалалық-демократиялық әндер деп бағалап, дәстүрлі музыкалық жүйеден ерекшеленетін тұстарына тоқталды [10].

Кейінгі кезеңде бұл салада тың көзқарастар музыкатанушы ғалымдар А. Бердібаева мен Ә. Сабырова тарапынан көріне бастады. Ә. Сабырова Абай әндерінің ішкі композициялық құрылысы мен философиялық мәнін ашуға бағытталған зерттеу жүргізіп, ән мен сөздің тұтастығын ұлттық таным тұрғысынан талдауға ден қойса [11], А. Бердібаева Абай мен Жаяу Мұса шығармаларын салыстыра қарастырып, олардың көркемдік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын поэзиялық және музыкалық тұрғыда сипаттама берді [12], [13].

Алайда жинақталған әндер әр басылым сайын көбейіп қана отырғаны болмаса, жүйеленіп, стильдік жағынан сараланып, іріктеліп, бірізділікке түспеді. Атап айтқанда, жинақтардағы бір әуеннің екі ән сөзіне арқау болуы, ақынның бір өлеңі екінші әннің әуенімен айтылуы, Абай сөзімен айтылған халық және сал-серілер әндері мен жоқтау сарындағы әуендер, тіпті жаңа заман композиторлары туындыларының Абай әндері қатарында қарастырылып, жариялануы осыны көрсетеді.

Абайдың музыкалық мұрасы ең соңғы рет 2020 жылы жарық көрген шығармаларының академиялық толық жинағында бір арнаға тоғыстырылды деуге болады. Бұл жинаққа 1919 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі барлық ғылыми еңбектер, онда жарияланған ақын әндерінің үлгілері, архив және ғылыми зерттеу зертханаларындағы Абайға қатысты музыкалық мұралар толық қамтылды [14]. Алайда мұндағы түр-нұсқалар саны 150-ден асса, осы академиялық жинақ негізінде 2022 жылы жарық көрген «Көзімнің қарасы. Абайдың музыкалық мұрасы» атты толықтырылған жеке жинаққа енген ән үлгілерінің саны 170-ке жуықтады [15].

Иә, Абай мұрасын жинау – тек көлем немесе сан қуалау емес, оның мәнін түсініп, маңызын жоғалтпай сақтау деген сөз. «Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық» деген М. Әуезов сөзі бұл іске жауапкершілікпен қараудың маңызын ескертсе керек. Осы тұрғыдан келгенде соңғы жинақтарда (2020, 2022) Абай әндерін сұрыптау – жүйелі түрде саралау негізінде қарастырылды. Мәселен, композитордың ән шығару мәнеріне тән стильдік ерекшелігі алдымен назарға алынса, ақын әндерінің тікелей ұрпақтары мен туыстарының орындауында жеткен үлгілері жеке қарастырылып, олардың түпнұсқалық сипаты ескерілді. Бұдан бөлек, ертедегі кәсіби орындаушылар мен жеткізушілердің орындауында нотаға түсірілген нұсқалар өзара салыстырылды. Сондай-ақ, дауысы таспаға жазылып сақталған бұрынғы және кейінгі кәсіби әншілердің орындауындағы үлгілер талданып олардың интонациялық ерекшеліктері сараптала отырып, 24 ән, 3 күй (түр-нұсқасымен 35 ән) таңдалып алынды. Ал алдыңғы жинақтарға жарияланған Абайдың әуен өрнегінен алыс әндер ақынның музыкалық мұрасы қатарына қосылмады.

Аталған мәселелер биылғы соңғы басылымда да деректермен толықтырылып, салыстырулар жасалды. Осы жайттарға ішінара тоқталсақ.

Абайдың дара қолтаңбасын танытатын ерекше туындыларының бірі – «Сегіз аяқ» әні. Әннің жұртшылыққа кеңінен мәлім болған түрінен бөлек, бірқатар музыка зерттеушілердің әртүрлі орындаушылардан жазып алынған өзге де үш түрі және оның бірнеше нұсқасы бар. Мәселен, А. Бимбоэстің М. Нұрабаевтан және А. Затаевичтің Қ. Мырзабеков, К. Қашқымбаевтардан жазып алған және Б. Ерзаковичтің Қ. Лекерев айтуында түсірген үлгілер бір тектес түр-нұсқалар болса, Т. Арғынбаев, Х. Елебекова айтуындағы түрлері өзара үндес болып келеді. Бірақ осының бәрінде Абайдың өзіне тән композиторлық стилінен гөрі

халықтық әуенге тән сипат басым. Яғни, әндердің саздық құрылысы мен интонациялық өрнегі ақынның төл әуенінен алыс. Дегенмен, бұл нұсқалар ел ішінде Абайдың «Сегіз аяқ» әні ретінде қабылданып, бүгінгі күнге дейін түрлі мәдени іс-шараларда сахна төрінен көрініп қалып жүр. Атап айтқанда, Қ. Лекеровтің айтуында жеткен «Сегіз аяқ» халық әні «Гүл-гүл жайна» әнінің әуенімен бірдей екені байқалады. Бұл нұсқаның әуені Абай шығармашылығына тән интонациялық ерекшеліктерден алшақ болғандықтан, оны Абайдың төл әні ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізсіз.

Онегин тақырыбындағы туындыларының ішінде «Татьянаның хаты» («Амал жоқ қайттым білдірмей...») мен «Татьянаның жауабы» («Тәңірі қосқан жар едің сен...») өлеңдерінің музыкалық нұсқалары халық арасына «Тәтіштің әні» деген атаумен кең таралғаны белгілі. Алғашқы кезеңдерде «Ішім өлген, сыртым сау» әнінің әуенімен айтылып, сол үлгіде нотаға да түсірілген. Алайда зерттеушілерден өзге бұл әндердің қайсысы «хаты», қайсысы «жауабы» екенін ажыратып, олардың әрқайсысының қай әуенмен орындалатынына нақты үңілген дәстүрлі орындаушы болған жоқ. Нәтижесінде «Татьянаның әні» деген атпен Ж. Елебеков үлгісіндегі «Татьянаның жауабы» ғана орындалып келеді. Ал «Татьянаның хаты» ертедегі Р. Жаманова, Ә. Нұғманова сынды академиялық бағыттағы орындаушылардың репертуарында ғана кездескені болмаса, дәстүрлі орындаушылардың айтуында (қыздар) естіле қойған жоқ. Бүгінде Б. Төлегеновадан ғана тыңдауға болады. Дегенмен, қос туындының негізі ортақ болғанымен, олардың өлең құрылымы мен мазмұнына сай әуендік өрнектелуі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Осыған байланысты болашақта бұл әндер орындаушылар репертуарына екі бөлек, дербес шығарма ретінде орныққаны жөн. Бұл тұста қосар тағы бір сөз, поэтикалық құрылымы жағынан бірдей болып келетін, М. Мұхаметжанова айтуында жеткен «Онегиннің хаты» мен «Онегиннің жауабы» да дәстүрлі орындаушылар назарында болғаны дұрыс.

Абай аудармаларының ішінде әнге айналып, халыққа кең тарағаны – «Қараңғы түнде тау қалғып» әні. Бұл әннің де бірнеше нұсқалары жетті. Осы нұсқалар ішінде еркін де кең, халықтық ән формасына жақын Қ. Байжанов интерпретациясынан туған үлгі де алдағы уақыттарда сахналардан естілуі керек деп ойлаймыз.

Абай сөзіне қазақ жұртының іздеген жоғын тапқандай құмар болуы – оның өлеңдерінің халықтық музыкалық дәстүрмен тоғысуынан да көрінеді. Мәселен, «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма», «Қыс», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Аш қарын жұбана алмас майлы ас жемей», «Ойға түстім толғандым» секілді өлеңдері мен поэмалары халықтық әуендермен айтылып, ел арасына кең тараған. Мұны Абай поэзиясының ұлттық музыкалық санада қалай қабылданғандығын айғақтайтын құбылыс деуге болатын шығар. Алайда Абайдың шығармашылық бағытынан алшақ халықтық мұраны авторға телу – оның шығармашылық ауқымын кеңейтпейді, керісінше бұрмалап, музыкалық мұрасына қатысты нақты шекараны көмескілендіреді. Орындаушылар бұл жағына келгенде де Абайға абай болғаны дұрыс.

Абай әндерінің ішінде екі түрде жеткен жалғыз ән – «Көзімнің қарасы». Оның көпшілікке белгілі үлгісінен бөлек Ә. Ысқақов айтуында жеткен түрін Т. Базарбаев әуелде «бұл ән басқа бір мәтінмен айтылатын ән сияқты» деп бағалаған, кейіннен «Көзімнің қарасының» екінші түрі ретінде қарастырған. Осы әуенмен «Қарға мен бүркіт» мысалы да айтылған. Алайда Абай, Шәкәрім әндерін зерттеушілердің бірі, семейлік композитор А. Ахметжанов бұл әуеннің «Көзімнің қарасының» екінші түрі болып қате берілгенін, өзінің жазып алған дерегі бойынша бұл ақынның Әбдірахманға арналып жазылған «Мен сәлем жазамын» өлең-әні деген тың дерек әрі қисынды пайым ұсынады [16]. Дегенмен, жинаққа алдыңғы жинақ бойынша әннің екінші түрі ретінде енді. Бұл – болашақта абайтану мен музыкатанудың біріге отырып қарастыратын мәселесі болуға тиіс.

Абайдың музыкалық мұрасына қатысты жаңа деректердің пайда болуы ХХІ ғасырда да жалғасын тауып отыр. Алайда табылған деректерді сыни тұрғыдан қарастыра пайдаланбау белгілі шығармаларды жаңсақ тануға алып келуде. Мәселен, 2024 жылы қобызшы Ә.Қазақбаев «Егемен Қазақстан», «Қазақстан дәуірі» газеттерінде жариялаған «Абайдың жаңа әні табылды» мақаласында (кейіннен жеке кітапша болып жарық көрді) А. Балғожиннің 1956-

1957 жылдары ШҚО өңіріне жасаған экспедиция кезінде «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңімен айтылған «Абайдың өлеңі» деген атпен жазылып алынған әнді түп негізін зерттеп зерделемей, интуитивті пайымдармен шектеліп Абайдың әні деп тұжырым жасаған [17]. Ал бұл – анықталғандай, «Жарқ етпес...» өлеңімен айтылған ертеден келе жатқан орыс халқының «Из-за острова на стрежень» әні болатын. Абай мұрасына келгенде сенсация жасаудан гөрі селкеу түсіріп алмайық деген ой бұрын тұру керек деп санаймыз. Жинақ түсінігінде бұл да ескеріліп, кең мағлұмат берілді.

Абайдың музыкалық мұрасы төңірегіндегі көрінген жаңалықтың бірі – оның күйлері. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап «Желдірме», «Май түні», «Торы жорға», «Майдақоңыр» секілді төрт күйі белгілі бола бастады. Алайда аталған үш-төрт күй оның күйшілік өнердегі орнын, стилі мен көркемдік тәсілдерін анықтауда қиындық туғызатыны жайлы пікірлер де айтылды (Т. Қоңыратбай) [18]. Оның үстіне «Май түні», «Торы жорға» күйлерінің алғашқы және кейінгі ноталық үлгілері арасында да айтарлықтай көркемдік айырмашылықтардың көрінуі – Абайдікі делінген күйлердің түпнұсқалығы мәселесін өзектендіре түссе, «Желдірме» күйінің аты мен затына қатысты сәйкессіздіктер мен стильдік алшақтығы да бұл туындылардың Абай шығармашылығына қатыстылығын дәлелдеуді күрделендіреді.

Мәселен, алғашқы басылымда У. Бекеновтің ноталық үлгісі берілсе, «Көзімнің қарасы» жинағына Ғ. Сармұрзиннің өз орындауынан түсірілген С. Малаевтың ноталық үлгісі І нұсқа, У. Бекенов үлгісі ІІ нұсқа ретінде енген болатын. Алайда соңғы басылымға Абайға тиесілі делінетін күй мұрасын тарихи-музыкалық тұрғыда біріздендіру мақсатында «Май түні» мен «Торы жорғаның» 1983 жылы Ғ. Сармұрзиннің алғашқы телевизиялық таныстырылымдағы орындауы бойынша С. Малаевтың нотаға түсіруіндегі соңғы нұсқасы ғана берілді. Сондай-ақ, Ә. Қазақбаев мақаласында А. Балғожин қолжазбасынан «Желдірме» атты екі күйдің кездескенін, алайда олардың Абай сөзіне үйлестіріліп (Қыран бүркіт не алмайды салса баптап...) музыкалық-поэтикалық шығарма ретінде айтылғандығы жазылған. Демек, бұл – ертеде Шығыс өңірінде халық әуендері (ән-жыр болсын, күй болсын) Абайдың өлеңдерімен айтылғанын көрсетеді. Ал бұл тұрғыдан алғанда, 1977 жылы Х. Демшіновтен жазылып, алдыңғы жинақтарда жарияланып келген «Желдірме» күйінде де Мәдидің «Үшқарасы» мен Зілқараның «Жиырма бес» әні интонациясының байқалуы – ол «Желдірмені» де тікелей Абайдың төл туындысы ретінде қабылдауға ғылыми негіздің әлсіз екенін көрсетеді. Осы негіздерге сүйене отырып, Х. Демшіновтен жазылып алынған «Желдірме» соңғы басылымда Абай мұрасы қатарынан алынып тасталды.

Сонымен бірге, ақынның 175 жылдығы қарсаңында күйші, зерттеуші А. Мәулетұлының «Егемен Қазақстан» газетіндегі (21.05.2020) мақаласында Қытай жерінен «Абайдың ақтолқыны» секілді күйдің табылуы айтылса [19], автордың «Ақтолқын» атты бір-біріне ұқсамайтын тағы да бірнеше күйдің әртүрлі орындаушылардан жазып алуы, алайда бұлардың нақты қайсысы Абайға тиесілі екендігінің анықталмауы, тіпті Қытайдың Іле аймағына белгілі күйші Әшім Дүңшеұлының «Ақ ерке» күйінің «Абайдың Ақтолқыны» болып тартылуы күдік күмәнді қоюлата түседі [20]. Бұл тұрғыда күй зерттеуші музыкатанушылар тарапынан әлі де кәсіби пікірлердің көрінбеуі – ақынның күй өнеріндегі орнын анықтауда тұрақты көзқарастың қалыптасуына екіұштылық тудырады. Бұл мәселелер де жинақтың түсініктер бөлімінде ескеріліп, кеңінен қамтылды.

Қорыта айтқанда, Абай шығармалары мәтінтану ғылымы тұрғысынан қалай сарапталса, оның музыкалық мұрасы да классикалық үлгі ретінде қарастырылып, біріздендірілгені дұрыс. Сондай-ақ, Абай мұрасын зерттеу кеңестік кезеңде идеологиялық шектеулермен жүргізіліп, ұлттық болмыс көбіне назардан тыс қалып, Абай әндері саяси жағдайға сай сипатталғаны да белгілі. Мұндай тұжырымдарға А. Жұбанов, Ғ. Бисенова, С.Күзембаева сынды ғалымдар өз уақытында қарсы пікірлерін білдірді. Дегенмен, қазір Абайдың музыкалық мұрасын қазақтың төл мәдени болмысы мен интонациялық табиғатына негіздей отырып, жаңаша пайымдау қажеттілігі айқын байқалып отыр. Бұл – тек ғылыми

зерттеудің ғана емес, сонымен бірге ұлттық рухты, дүниетанымды және көркемдік ойлау жүйесін тереңірек танудың маңызды жолдарының бірі.

Сөз соңы, Абай есімінің қазақ халқы үшін аса қастерлі болуы – оның рухани мұрасының баға жетпес құндылығында. Сол мұраның ажырамас бір бөлігі – ақынның музыкасы. Ал Абайдың ән-күйлері – ұлттық мәдениеттің көркемдік әлеміндегі терең мәнді құбылыс қана емес, сонымен бірге қазақ музыкасының дамуына серпін берген қайнар бастаулардың бірі. Ол – төл халықтық интонация мен поэтикалық сезімнің, эстетикалық талғам мен дүниетанымның тоғысынан туған, мазмұндық әрі формалық жағынан өзіндік ерекшелігі бар музыкалық мұра. Сол мұраны зерттеу, зерделеу, ұлттық дүниетаным биігінен пайымдау, методикалық тұрғыдан қарастыру – болашақтың басты мұраты болуға тиіс.

Әдебиеттер

1. Народная музыка в Казахстане. Составитель В. И. Дернова / Издательство «Казахстан». – Алматы, 1967. – 269 стр
2. Затаевич А. Народный Артист Кир ССР. 1000 песен Киргизского народа (напевы и мелодии). Со вступлением проф. А. Д. Кастальского, предисловием и примечаниями автора. – Киргизское Государственное Издательство. Оренбург, 1925 г.
3. Затаевич А. (Народный артист Каз. ССР). 500 казахских песен (напевы и инструм. пьесы). Наркомпрос Казахской АССР. – Алматы, 1931.
4. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми-зерттеу фольклорлық зертханасы. №1 журнал. П/Н 1-2989. П/Н кассет 1-85. 1-138 (старые №№) 1958-1968 жж. Р/С 932
5. «Фольклорлық ғылыми зертханасы қорындағы Абайдың музыкалық мұрасы», CD жинақ. 2020 жыл
6. Abai (Ibrahim) Qunanbai ul'. Sygarmalar. II tom. Audarmalar men qara sözderj. QAZAQYSTAN KÖRKEM ӘDEBIET BASPASY. ALMA-ATA – 1940
7. Абайдың музыкалық творчествосы. Этнографиялық жинақ. – Алматы: Қазақ ССР ғылым Академиясы, 1954, – 60 б.
8. Айттым сәлем, қаламқас. Әндер мен күйлер. – Құрастырған Б. Г. Ерзакович. – Алматы, 1986. – 91 бет
9. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. [Қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер] – Алматы, 1975. 464 б.
10. Аравин П.В., Ерзакович Б.Г. Қазақстанның музыка мәдениеті. Мақалалар мен материалдардың жинағы. – Алматы: Қазақ мемлекет, 1957.
11. Сабирова А. С. Абай и Шакарим: философия музыки и песенный стиль. Вопросы изучения казахской традиционной песни: Монография. – Алматы, 2014. – 456 с.
12. Бердибай А. Песенное творчество Жаяу Мусы и Абая как новый этап развития казахской музыкально-поэтической формы. Традиционная культура народов Поволжья: Материалы V Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, посвященной 95-летию со дня рождения известного этнографа Р.Г.Мухамедовой. 12-14 февраля, 2019. Республиканский центр развития традиционной культуры, Казань.
13. Бердібай А. Абай әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымы. «XXI ғасырдағы дәстүрлі музыка» Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. / Ред. Р.К.Жуманиязова, В.Е.Недлина. – Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, – 2017. – с., нот., ил. 298 б.
14. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2- томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К. І., Қорабай С. С., Қыдыр Т. Е., Шүкіман Е. Т., Жұматаева А. Н. – Алматы: Жазушы, 2020.
15. Шүкіман Е. Көзімнің қарасы. Абайдың музыкалық мұрасы: Оқу құралы. – Толықтырылған басылым. – Алматы: «Abai baspasy» ЖШС, 2022. – 248 б.
16. Ахметжанов А. Рухани жол (Духовный путь): Абай. Ән. Мұра. (Абай. Песни. Наследие). 1 кітап. – Семей, 2015. – 244 б.

17. Қазақбаев Ә. Абайдың жаңа әні табылды // «Qazaqstan dauiri» газеті, №31 (1507). 8 тамыз 2024 жыл
18. Қоңыратбай Т. Әлемдік музыка тарихы. – Алматы: Өлке, 2010. – 480 б.
19. Мәулетұлы А. Абайдың «Ақтолқын» күйі. Egemen Qazaqstan, 21 мамыр, 2020.
20. Мақай К. Абайдың күйі «Ақтолқын» // «Шыңжаң қоғамдық ғылымы» журналы. 1995, №3

FTAMP: 17.01.29-4

А.К. Жундибаева¹, И.Б. Байсыдық², Н.А. Наурызалиев³

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., arayzhkz@gmail.com

АБАЙ ЖӘНЕ АДАМЗАТ МҰРАСЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.

Қарадан хакім болған сендей жанның

Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,

Сау қалғанның көбісі ертең бітер.

Тоқтамас дүниенің дөңгелегі,

Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер, – деп Мағжан ақын жырлағандай [1, 146], «шешеннің айтқан сөзі көпке жетті». Бұл шешен Абай еді...

«Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», – деп, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абай шығармаларының өшпес мұра екендігіне кеңінен тоқталды. Абай бейнесін жан-жақты ашып көрсетті [2].

Абай мұрасы қазақтың интеллектуалды болмысын, бұл елдің әлемдік өркениетке қосқан, қосып келе жатқан үлесін көрсетеді.

Абайдың ұлттың ақыны, «қазақтың бас ақыны» дәрежесіне көтеріліп, ғасыр өтсе де, есімі асқақтай беруде.

Жер бетінде адамзат баласы пайда болғаннан бастап, күллі адамзат қауымының ақыл-ойының жемісіне айналған *әлемдік шығармалардың тұтас сюжеті* Абай шығармаларының өн бойына айналды.

Гуманист Абай Құнанбаевтың әрбір адамның басты қадір-қасиетіне деген терең сенімі, оның табиғатын барлық өлшем ретінде көре отырып, адамзат баласы прогресінің мүмкіндігін бекіту еді. Білім мен ілім Абай үшін адамның үлкен әлеуетті мүмкіндіктерін ашу құралы болды. Білім алу, үздіксіз өзін-өзі рухани азықтандыру: ол үшін адам прогресінің кілті болды [3, 118].

Абайдың ақындық өнер тегінен дарыған халықтың арасынан есімі озық шығып, адамзаттың ақыл-ойына өз үлесін қосқан интеллектуалды дана данышпанына айналуына дәуірмен, ғасырмен қайталанып келіп отыратын *тарихи әдеби сюжеттер* себепкер болды. Бұл тарихи сюжеттер Абайдың өзінің толысуына, жер шарының әрбір пендесіне ой салатын рухани әлемнің тұтас формуласын жазып қалдыруына жол ашты.

Бір ақынның есімі бір ұлттың паспорты ретінде аталып, сол ұлттың рухани көрсеткіші бола алады деген түсінік бар әдебиетте. Бұл түсінік әлі де жалғасып келе жатыр.

«Хәр халықтың сөз санатында оны дүниеге танытқан, өздерінде сөз символына айналған тұлғалар бар: орыстарда бұл – Пушкин, өзбектерде – Науаи, украиндарда – Шевченко, кыргыздарда – Шыңғыс Айтматов, татарларда – Тоқай...» [4, 160]. Грузин халқы

десек Шота Руставелиді, орыс халқы десек, Лермонтовті еске алатын едік. Абай да осы қатардың ғана орнын алатын...

Біздің жан-жақты ғылыми ізденісіміз Абай поэзиясы мен прозасының алар кеңістігі адамзатқа ортақ ақыл-ой қазынасын тұтас қамтуымен айқындалып, тек бір ғана «қазақ елінің ақыны» дегеннен гөрі, «*әлемге ақыл-ой сәулесін себуші*» деген анықтамаға толық сай бола алатындығын көрсетті.

Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең,

Себебі оқымаған, ілімі кем... – деп Сұлтанмахмұт айтпақшы [5, 44], Абайдың білімі «жеті жұрттың» білімін қамтыды.

Бұл ойымызға XX ғасырда жазып кеткен М.Әуезовтің: «...Сыншыл ойға көз сүзіп, бас иген, дінге сынның тұрғысымен қараған, халқының мәдениеті жолында аянбай күрескен жалынды қайраткер, пысық, дүниеқор, мансапқор, алаяқ феодал ақсақалдардың ішінде серік таппай күйінген Абай қазақ елінің көлемінде ғана емес, сонымен бірге қазақ елімен іргелес жатқан шығыс елдерінің көлемінде де *заманынан оза туған дана кісі* болды» - деген пікірі дәлел [6, 5].

Абай – әлемге ақыл-ой сәулесін себуші. Ақынның өзінің кеңістігі: жер, тағдыр, мұра, халық. Осы тақырыптарды жырлау барысында Абай барынша оқыды, ізденді.

Абайдың ең бірінші жетістігі: артына терең, ойлы мұраларын қалдырып кетуінде ғана емес, ол барлық оқығанын-білгенін; адамзат баласының рухани кемелденуіне бағыт беретін тұнық ойларын сүзгіден өткізіп; қазақы қалыпқа салып; туған ұлтына мұра етіп тартуында. Абай елікпеді.

«...Ауғанның Жәлелләтдіні мен Мысырдың Мұхаммед Ғабдүһиының учениелері де, керек десе сол тұстағы Ресей мұсылмандарының арасында дәріпті болған Исмаил Гаспринскийдің де учениесі Абайды өзіне еліктіре алмады» [6, 5].

Абай ешкімді еліктіруге тырыспады. Бұл ретте ақынның өмірлік түйінді тұжырымы: «*Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық. Бақпен асқан патшадан, мыйымен асқан қара артық*» [7, 280]. Осы ретте біз келесі сауалдарға жауап іздемекпіз.

Әлемдік көзқарас деген не? Ақынның (жазушының) әлемдік көзқарасы қалай қалыптасады?

Өз оқырманына әлемдік көзқарас қалыптастыру үшін ақынның (жазушының) шығармашылық лабораториясы нені қамтуы тиіс?

Абай Құнанбайұлы шығармаларынан адамзатқа ортақ әлемдік рухани мұралардың реминисценциясы байқала ма?

Абай ойларының әлем әдебиетіне ортақ шығармалар сюжетімен үндестігі қандай?

Абай заманында ұлттың өзін-өзі сақтау идеясы өзінің көкейкестілігімен бірінші кезекте көрінді. Ел тағдырын елеп-екшеген ақынның көрегендігі, кемеңгерлігі осы ұстанымның тіршілікке сәйкестігін тап басып таныды [8, 52].

Жалпы кез келген шығармашылық иесінің шығармашылық лабораториясының бай болуы оның білімпаздығымен, оқыған ғылымымен өлшенеді.

Ал реминисценция шығармада автор қалауы бойынша өзінен бұрынғы ақын шығармаларындағы образға сүйену немесе белгілі бір ойды беруде тура, алдыңғы бір авторды қайталауы түрінде болуы мүмкін. Сондай-ақ, автордың өзінің айтар ойы кейбір шығармалардағы ойлармен үндес, сәйкес келіп жатса, бұл – реминисценция құбылысы деп білгеніміз жөн.

«Абай – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстанған адам» [9, 18] болды.

Бұл зерттеуімізде «...*sonra 1856 ya kadar Bükey Hanın diğer oğlu Tevke'nin Koşbek, sonra karadan Tobuklu kabilesinden Öskembay oğlu Kunanbay Mirza... uzun zaman ağa sultanlık vazifesinde bulundular* [10, б. 249-250]», яғни, қарадан шығып сұлтан болған әкесі Құнанбайдың тәлімін көріп, халық ауыз әдебиетімен, дала ақындары мұраларымен сусындаған Абай сөзі әлемдік құндылығымен, әлемге ортақ шығармалармен сюжеті үндес.

В.Шмидтің «The Origin of the Idea of God» («Құдай идеясының пайда болуы» атты еңбегінде бастапқы кезде адамдар барлық нәрсенің алғашқы себебі және көк пен жердің иесі – Құдайдың жаратқанын айтады [11, 15].

«...Алла тағала пенделеріне тура жолды ұқтыру үшін, әрбір заманда пайғамбарлардың қайсыбіреулеріне кітап жіберген. Оның үлкені төртеу: бірі біздің пайғамбарымызға жіберген - Құран, біреуі - Мұса пайғамбарға жіберген - Тәурат, біреуі - Дәуіт пайғамбарға жіберген - Забур, біреуі - Ғайса пайғамбарға жіберген - Інжіл және бұлардан басқа Сахаф дегендері бар...» – дейді Құдайбердіұлы Шәкәрім [12]. Мұндай оқиғалы мотивтер сенім тудырушы шығармаларда қайталанып отырады.

Абайдың шығармаларындағы осы адамзат баласына ортақ қасиетті кітаптардың бірі - Құран сөздерінен алынған ойларын, өнегелі сөздерін зерделесек, оның Алла туралы өлеңдерінен, қара сөздерінен өзіндік пайымын, көзқарасын байқай аламыз. Бұл Абай шығармаларындағы қасиетті Құран мотиві.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз еш уақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөзі айрылмас, – деген Абай [13, 92]. Алланың өзі де рас, сөзі де рас деп, аксиомалық шындықты зерделейді.

Осы жағынан келгенде, Абай Алланың насихатшысы емес, оны танушы, зерттеуші ойшыл [14, 52].

Ол өзінің отыз сегізінші қара сөзінде ғылым туралы түсіндіре келіп, өзі: «Әмәнту биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи (арабша) – мен Аллаға, сол сияқты оның есімдері мен құдіретті сипаттарына сенемін, – деңіз», – дейді [15]. Яғни, «... Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық... Себебі Алла тағала – хақиқат, растықтың жолы» – дей келе, ғылымның маңызына, иманның сипатына кеңінен тоқталады.

«...Қиянат - хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақлықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықпенен табылады. Ол Алланың ғылымы ғана емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым - Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хақимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар», – [15] деген ақынның бұл ойлары дін тарихы туралы, пайғамбар өмірі туралы, әулиелер мен данышпандар, әлемдік хақимдер туралы білімі толық болғандығын көрсетеді.

Пайғамбар кім? Әулиелер кімдер? Кәміл мұсылмандар дегеніміз кімдер деген сауалдарға жауап алсақ, Абайдың болмысы адамзат баласына жарық нұр себуші ретінде ары қарай ашыла түседі.

Олай болса, ізденісімізге сай, пайғамбар атауына қандай анықтама берілетіндігіне діни әдебиеттерден өзге ғылыми дереккөздерін қарастырып көрген едік.

2013 жылы Стамбулда шыққан Парадигмалық сөздікте: *Peygamber* – bir dinde Tanrı'nın mesajlarını ve buyruklarını insanlara iletme elçi. İslam inancı açısından, peygamberlerde diğer insanlar arasında maddi yaşayış bakımından bir ayrılık, insan olmak bakımından bir farklılık yoktur. Peygamberi diğer insanlardan ayıran şey, masum olmak ve günah işlemek, güvenilir olmak, doğru sözlü ve anlayışlı olmak ve mesajleri iletme gibi özelliklere sahip olmak bakımından Tanrı tarafından seçilmiş olma durumu ve vahiydir [16, 1256]. Яғни, *пайғамбар* – Алланың елшісі, бір діндегі Жаратқанның жолдауы мен өсиеттерін адамдарға жеткізуші. Ислам дінінде пайғамбарымыздың (с.ғ.с) басқа адамдар арасында материалдық өмір тұрғысынан бөліну, басқаша адам болу ерекшелігі жоқ. Пайғамбарды басқа адамдардан ерекшелейтін бір сипаты - бұл сенімсіздік пен күнә тұрғысынан Құдайдың таңдаған құлы болуы, сенімді, шынайы, әрбір әрекеті түсінікті болуы, әрі аяңды қабылдау сияқты қасиеттері бар жан. Адамдарға тура жолды көрсетуші.

Ал Құранда «нәбийуллаһ» деген сөз «Алланың пайғамбары» деген мағынаны білдіреді. Ал «Расулуллаһ» – «Алланың елшісі» деген сөз. Нәби яғни пайғамбар дегеніміз белгілі бір хабар, арнайы шарифат үкімдері беріліп, оны жеткізу «әмір етілмеген пайғамбар», ал «расул», яғни елші шарифат беріліп, оны жеткізу әмір етілген пайғамбар. Нәби – өзінен бұрынғы пайғамбардың шарифатын әрі қарай апарушы, Расул – өзіне жаңа кітап, шарифат түсірілген пайғамбар. Барлық Расулдар, яғни Алланың елшілері пайғамбар, нәби болып есептеледі. Алайда барлық нәби яғни пайғамбар расул болып есептелмейді. Бір хадисте Алланың елшісінен сахабалары: «Өзіңізден бұрын қанша пайғамбар түсірілді?» – деп сұрағанда, ол: «Жүз жиырма төрт мың», – деп жауап берген. Ал, «Олардың қаншасы расул?» – деп сұрағанда: «Он үш мың үш жүзі Расул», – деген. Мысалы, Құранда аталған Ибраһим, Дәуіт, Мұса, Иса, Мұхаммед сияқты пайғамбарлар нәби әрі расул [17].

Абай Алла мен адам ортасындағы жалпы түсініктерді зерделеуші, бірақ Аллаға бойсұнып, бас қойған діншіл ақын емес. Бұл тұжырымға келуімізге ақынның төмендегі ойлары жол сілтейді.

Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,

Өзгесі хаққа жол емес, – дейді Абай [13, 91].

Жүрекпен, ықыласпен өмір сүру Абай үшін нағыз шындықтың кепілі, яғни, өзгесі хаққа жол емес дегенде шын мұсылмандықтың қырын жүректің тазалығына әкеліп, жол сілтейді.

Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бас,

Келер, кетер, артына түк қалдырмас.

Соның бірі - арнаулы таусыншық күн,

Арғысын бір-ақ Алла біледі рас, – деп келер күннің, әрбір сәттің бәрі Алланың қолында екендігіне назар аударады.

Ал әулиелердің пайғамбарлардан ерекшелігі: әулиелер де тылсым құбылыстың қасиетіне ие жандар. Олар да пайғамбарлар сияқты жаратушының жақсылығын халыққа жеткізуші. Әулиелер де алысты болжай алады, халықты келе жатқан пәле-жаладан, дерт пен қиыншылықтан сақтандырады. Тек олар жаратушының (немесе Алланың) елшісі емес. Әулиелік (құтсал инсан, әулие адам) – алысты көре білудің бір нышаны [16, 1256].

Өркімнің мақсаты өз керегінде,

Біле алмадым пысығын, зерегін де,

Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,

Хахиқат та, дін-дағы тереңінде – дейді Абай. [13, 91].

Хакім кім? Араб тілінің сөздігінде: «хакім» – әкім, қазы, сот деген мағынаны білдіретін сөз ретінде көрсетілген [18, 119].

Хакимдікке жету жолында адам нені білуі тиіс? Бұл – ақыл-ойдың биігі. Адамдықтың жоғары сатысы. Хакимлік - бұл данышпандық. Хаким, хакім, хәкім, қайсысын алып қарасақ та, мағынасы бір сөздер. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сай әртүрлі жазылып жеткен.

Даналық дегеніміз не? Бұл – Алла берген ақылыңды жәрдем етіп, алған ғылымыңды тұрмыста дұрыстап пайдаланып және басқаларға қал-қадірінше оң жол көрсету.

«Инсанлық» – бұл адамдық. «Инсан-е камил» – бұл «толық адам» [19, 54].

Алла, жаратылыс, пайғамбарлық пен әулиелік туралы өзінің отыз сегізінші қара сөзінде жан-жақты түсіндіріп кеткен Абайдың тереңдігі: пайғамбарлық, әулиелік, ғалымдық, хакимдік дәрежелерін тереңінен ашып бергендігінде.

Бұл туралы «әл-Фараби мен Абай» атты еңбегінде ғалым А. Машани: «Абайдың мұсылман хакимдері деп ерекше арнап айтып отырған себебін дұрыс түсіну қажет. Өйткені адам баласының бәрі досың деген Абай бұл арада мұсылмандықты неге алға қойған? Оның себебі ислам діні ең ақырғы дін. Ол адам баласының тарихи, табиғи, ғылыми, рухани, діни өрлеу сатысының шыңына жеткен заманда дүниеге келген», – деп қорытындылайды.

«Иов мұсылман әлемінде Аюп пайғамбар деген атпен белгілі. Абыройы, Енжілдегі, христиан жұртындағы абыройынан еш кем емес, мұсылман этикасының негізін қалаған абзал тұлғалардың бірі ретінде аталады», – деп түйіндейді Т.Әсемқұлов [20].

Т. Әсемқұловтың мақаласы – абайтанудың сұрлеуіндегі көп зерттеулерден өзгеше: зерттеушінің танымдық тұрғыдан Абайдың ой-толғамын кең акустикада көрсету. Абай туралы қазақ әдеби зерттеулеріндегі қазақ Абайын әлем Абайы биіктігіне жеткізудегі тың ізденіс, ойлы толғам, трагедиялы сюжеттік оралымдардың параллелдік арнасы Иов пайғамбар мен Абайды қатар қою арқылы Абай ойларының адамзат баласына ортақ мұралардағы рухани ой-тәмсілдермен құралатындығын терең көрсетеді.

Әдебиетте наным-сенім кульминациясын қалыптастыратын әрі жалғастыратын ұғым, бұл – мотив. Мотив шығарма құрылысы арқылы, ой арқылы, идея, тіпті болмаса, бір баяндалатын жайттың тақырыбы арқылы да берілуі мүмкін.

«...Айуб пайғамбардың «пәлеге сабыр айдағаны», «Ескендір Зұлқарнайынның әлемді бағындыруы», «Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбардың мигражқа көтерілуі» т.с.с. – ислам әдебиетіндегі тұрақты канондық мотивтер [21, 341].

«... дінге соқыр сеніммен келуге болмайды, ол ғалымдықты, тіпті, хәкімдікті меңгеріп барып мойынсұнатын дүние, Оған дейінгі жолыңда өзгеге молда болуың «бұлары білімсіздік» болады [22, 10].

Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде» ғалым сөзінің: ғалим, әлім, ғалым 1) білетін, тәжірибелі; 2) оқымысты, ғылыми қызметкер, – деген түсінік берілген. Жалпылама айтсақ, ғалым – дүниенің бір сырын жақсы білетін, зерттеген, түйген адам, әлім, ілім сонымен мәндес, ал хакім – білген, түйгенінен ой өрбітіп, адамзат игілігіне жаратудың ізгі жолын ұсына алатын, мән ұқтыра алатын ғұлама жан».

Ол батыс пен шығыс мәдениеті ғана емес, әлем мәдениетін санасына жинаған ойшыл.

Абай батысты да, шығысты да терең білген деген сөзімізге тағы бір дәлел: Семейдегі Ахмет Риза медресесінде дін оқуын оқып, артынан «Приходская школаға» түсіп, орысша оқуы – оның шығыстың да, батыстың да мәдениетімен ерте жастан танысқандығы. Абай шығармашылығы тереңдігі туралы сөз айту үшін Хафиз, Науаи бастаған шығыс шайырлары шығармаларының түпнұсқасымен, ежелгі және орта ғасырдағы философтар еңбектерімен, А. Герцен, А. Пушкин, Н. Некрасов, Л. Толстой, И. Крылов. Ф. Достоевский, И. Тургенов, Гете, Байрон т.б. тұлғалардың еңбектерінің түпнұсқасымен танысып барып сөз айту дұрыс болар. Ал осындай бірегей туындылармен толық танысып шығуға бір адамның тұтас ғұмыры жете ме? Ойланарлық сұрақ. Сондықтан оның әр қырының бірін ғана алып, зерделеуге тырысамыз. Оны әлемдік құбылыс деп бағалауымыздың бір парасы осы деп ойлаймыз.

Абайдың әлемге ортақ ойлары «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген түйінді ойынан да байқалады. Иә, Абайдың күллі адамзат баласына ізгілікті тілегенін перфектибизм ретінде қарастыратынымыз хақ. Адамзат баласына ортақ канондық мотивтердің ақынның поэзиясында да, прозасында да жиі ұшырасуы – Абай жинаған ілімнің тереңдігі.

Әдебиеттер

1. Абайды оқы, таңырқа. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [Электронды ресурс] – 2020. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy> (қаралған уақыты: 12.03.2020).
3. Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2016, – 464 с.
4. Миннегулов Х. Әдәбиятны өйрену юлында. – Казан: Татар китапләры, 2018. – 383 б.
5. Жүрегіңнің түбіне терең бойла. Алматы: Рауан, – 1995. – 64 б.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 15 том. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы. 2014. – 368 б.

7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 6 том. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы. 2014. – 280 б.
8. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Монография. – Алматы: Ата-В, – 192 б.
9. Ғабдрахман С. Жүрегіңнің түбіне терең бойла. – Алматы: Рауан, 1993. – 160 б.
10. A.Zeki Velidi Togan. Bugünkü Türkili Türkistan ve yakın tarihi. İstanbul: Aksiseda Matbaası. – 1981.- 701 s.
11. Армстронг К. Иудаизм, Христиандық пен Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – Астана: Ұлттық аударма бюросы. – 2018. – 432 б.
12. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Семей: Үш биік. – 2018.- 219 б.
13. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1. – 2005. – 296 б.
14. Есімов Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра. 1994. – 200 б.
15. Абай. Книга слов. Поэмы. – Алма-ата: Ел. 1992. – 272 с.
16. Cevizci Ahmet. Paradigma Sözlüğü. İstanbul: 2013. – 1816 s.
17. Пайғамбарларға сенім [Электронды ресурс] – 2014. –URL: <http://fatua.kz/kz/post/view?id=218> (қаралған уақыты: 12.03.2020).
18. Дәдебаев А., Қайранбаев Ж. Арабша-қазақша сөздік. Алматы: Рауан. – 1990. – 328 б.
19. Қасым А. Абай және парсы әдебиеті. Монография. – Алматы: Жазушы.-2015. – 200 б.
20. Әсемқұлов Т. Аюп һәм Абай. [Электронды ресурс] – 2019. –URL: <https://abai.kz/post/95352> (қаралған уақыты: 11.03.2020).
21. Көне түркі әдебиетінің типологиясы. Алматы: Evo Press. – 2014. – 416 б.
22. Әбікенұлы С. Абай туралы //Жетісу, 2020 ж. – №54-56, – 10-11 б.

FTAMP: 17.01.30-21-58-1

Н.А. Наурызалиев¹, А.К. Жундибаева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., arayzhkz@gmail.com

ЭЗОП ПЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Ежелгі гректердің әңгіме жанрының шеберлерінің бірі, аңызға айналған сықақшы, мысал жанрының атасы атанған Эзоп есімі б.з.б VI ғасырлардан белгілі. Ежелгі гректер мен римдіктер «Эзоп әңгімелері» деп атайтын мысалдар бес жүзге жуық. Бұл әңгімелер сюжеті мен көркемдік желісі жағынан Хемингвей, Дмитриев, Крылов шығармаларына сан жылдар арқау болды [1].

Эзоп мысалдары әлемнің әр тілінде жарық көргенімен, түпнұсқаға сай, мазмұны дәл, толықтырылған нұсқасы 1962, 1965 жылдары орыс тілінде жинақ болып жарық көрді.

Эзоптың бізге жеткен мысалдарының біршамасы қазақ тілінде де әр жылдары аударылып жатты. Солардың алғашқы аудармашысы Абай екенін анықтап отырмыз. Абай Эзоп мысалдарының сюжетін толық білген. Ол мысал жанрына қалам тартуда, аудармашы ретінде шебер меңгерді.

Эзоптың «Дуб и Тростник» мысалына назар аударайық: *«Дуб и тростник спорили, кто сильнее. Подул сильнее ветер, тростник дрогнул и пригнулся под его порывами и оттого остался цел; а дуб стретил ветер всей грудью и был выворочен с корнем.*

Басня показывает, что с сильнейшими не следует спорить. (70 басня)» [1, 84].

Осы мысалдың мазмұнына, түйініне көз жүгіртсек, Абайдың «Емен мен шілік» аудармасы ойға оралады.

Абай «Емен мен шілік» аудармасында:

*Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті:
 – Аллаға, сорлы, неден жаздың? – депті.
 Торғайға да майысып солқылдайсың,
 Жел бүлк етсе, тебесің әлпешекті.
 Құдай басқа салмасын сен секілді
 Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті.
 Обалың бір құдайға, байғұс, сенің,
 Қақтырып қойған мұңша бос селтекті.
 Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,
 Тау, жартасқа, ұзарып, бой теңестім.
 Сенің қорыққан дауылың — маған өлкек
 Маңыма сәуле өткізбей, күнге егестім.
 Тырп етпес менің күшім жауын, желге,
 Жапырағым көлеңке талай жерге.
 Ығыма сені де алып қорғар едім,
 Иең сені бітірген йен дөңге.
 – Есіркегіш екенсің, – деді шілік, —
 Оңша сорлы емеспін, тартпа күйік!
 Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,
 Желден маған келмейді еш кемшілік.
 Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?
 Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған.
 Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,
 Екпінге ерегессең, қатер саған.
 Кавказға бір қап-қара бұлыт мінді,
 Естіп тұрған кісідей тау күңіренді.
 Жер-дүниені шаң, тұман қабат басып,
 Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.
 Арты бұршақ, алды шаң жел құтырды,
 Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.
 Басы көкке, сирағы жерге енсе де,
 Ақырып долданғанда алып ұрды.
 Майысқаннан шіліктің несі кетті,
 Батыр, мақтан күйлеме, сен де, о ғұрлы —деп [2, б. 388] оқырманына ой сілтейді.*

Абай аудармасы мен Эзоп мысалының үндес екендігі белгілі болды. Ә.Жиреншиннің әзірлеуімен сөз соңы, түсініктерімен басылған 1961 жылғы ақынның бір томдық шығармалар жинағында: «...шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді. И.А. Крыловтың «Дуб и трость» деген мысалының аудармасы...» деп түсініктеме берілген [2, 641].

А.Крыловтан аударылған мысал екендігі ақынның кейінгі басылған жинақтарында да аталып көрсетіліп, қайталанып, басылып келеді.

1988 жылы Мәскеуде «Детская литература» баспасынан шыққан И.А.Крыловтың мысалдар жинағында берілген «Дуб и Трость» мысалы да расында да, Эзоп мысалымен жете үндес. Абай Эзопқа Крылов арқылы келген.

Крылов мысалдарын аудару арқылы Эзоп мысалдарының қазақ арасынан кеңінен тарауына зор үлесін қосқан.

И.А. Крылов өзінің мысалында:
*«С Тростинкой Дуб однажды в речь вошел.
 «Поистине, роптать ты в праве на природу»,
 Сказал он: «воробей, и тот тебе тяжел.
 Чуть легкий ветерок подернет рябью воду,
 Ты зашатаешься, начнешь слабеть*

И так нагнешься сиротливо,
 Что жалко на тебя смотреть», – дейді; бұл Абай аударған шумақтармен үндес.
 Орыс ақыны көркем жырлайды:
 Меж тем как, наравне с Кавказом, горделиво,
 Не только солнца я препятствую лучам,
 Но, посмеваясь и вихрям, и грозам,
 Стою и тверд, и прям,
 Как будто б огражден ненарушимым миром.
 Тебе всё бурей – мне всё кажется зефиром.
 Хотя б уж ты в окружности росла,
 Густою тению ветвей моих покрытой,
 От непогод бы я быть мог тебе защитой;
 Но вам в удел природа отвела
 Брега бурливого Эолова владенья:
 Конечно, нет совсем у ней о вас раденья». –
 «Ты очень жалостлив», сказала Трость в ответ,
 «Однако не крушись: мне столько худа нет.
 Не за себя я вихрей опасуюсь;
 Хоть я и гнусь, но не ломаюсь:
 Так бури мало мне вредят;
 Едва ль не более тебе они грозят!
 То правда, что еще доселе их свирепость
 Твою не одолела крепость,
 И от ударов их ты не склонял лица;
 Но – подождем конца!»
 Едва лишь это Трость сказала,
 Вдруг мчится с северных сторон
 И с градом, и с дождем шумящий аквилон.
 Дуб держится, – к земле Тростиночка припала,
 Бушует ветер, удвоил силы он,
 Взревел и вырвал с корнем вон
 Того, кто небесам главой своей касался

И в области теней пятою упирался, – [1, 23] деп ойын түйіндесе, бұл жерде Абай аудармасы орыс тілінде нұсқамен сәйкес келетініне көз жеткіземіз.

Абай аудармаларының аударылу тарихы туралы біз жанрлық жағынан, хронологиялық тұрғыдан осы уақытқа дейінгі абайтану зерттеулерінен білеміз.

М. Әуезов, Қ. Мұхамедханов, Ә. Жиреншин, М. Мырзахметов, Ғ. Есім, Т. Жұртбай зерттеулері мен ғылыми еңбектері әрдайым өзекті.

Шығарманы оқу барысында зерттеуді қажет ететін келесі сұрақтарға жауап іздеуімізге тура келеді:

- Крылов Эзоптан қандай мысалдарды аударды?
- Әлде бұл шығармалар Крыловтың төл туындысы ма?
- Абай аудармасының өзегі неден бастау алады?

Әлемдік әдебиет теориясында «сюжеттердің ауысуы» деген ұғым бар. Кейін «сюжеттердің ауысуы» ұғымы театр қызметтері мен суретшілердің сахнада ойналатын шығармалардан балалар үшін жаңа шығарма жазып шығуы деген түсінікке ауысты. Бұл ақынның шығармашылық лабораториясымен де тығыз байланысты. «Сюжеттердің ауысуы» дәлірек айтсақ, уақытпен бірге әр ақынның шығармашылық лабораториясында өзгеруі де мүмкін.

Жоғарыда атап өткеніміздей, теория шарты бойынша, ақын өзіне дейін жырланған шығармалардағы оқиға мазмұнын қайталауын «реминисценция» деп атасақ, «сюжеттердің ауысуында» шығарманың мазмұны сәл де болса, (жанрлық өзгеріс, баяндалу тәсілі) өзгеріске

ұшырайды. Авторы әртүрлі шығармаларда бір сюжеттің қайталануы, бұл – сол сюжеттің жаңғыруы. Сюжеттің жаңғыруы уақыт пен кеңістік ұғымымен қатар дамып отырады.

Мысал жанры атасы атанған Эзоп шығармалары дүниежүзіне кең таралуының өзі - ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдеби трансформациядағы «реминисценция». Ал кез келген реминисценцияға әсер етуші шығарма сюжеті кімнің шығармасынан бастау алса, ол сол сюжеттің авторы саналады да, қалған шығармалардағы сюжет *реминисценция тудырушы сюжет* болып есептеледі. Сюжеттің жаңғыруында да, автордың дүние келуі, өмір сүру жылдары маңызды саналады.

Эзоп мысалдары әлемнің 100-ге жуық тіліне аударылған. Сөзіміз дәлелді болуы үшін кейбір тілдердегі Эзоп мысалдарын тақырыбына байланысты зерделеп көрдік.

Мысалы, орыс тіліндегі Крыловтың аудармасындағы «Лягушка и Вол» мысалы ағылшын тіліндегі «Frog and Ox» мысалымен үндес. Тақырыбы да, сюжеттік желісі де біте қабысқан. Тек Крыловтың қолымыздағы шығармалар жинағында [1] бұл мысал ақынның төл туындысы деп көрсетілсе, ағылшын тілінде жарияланған бұл мысалдың біз авторы Эзоп екендігін көріп отырмыз.

Крылов:

*«Лягушка, на лугу увидевши Вола,
Затеяла сама в дородстве с ним сравняться:
Она завистлива была.
И ну топорщиться, пыхтеть и надуваться.
«Смотри-ка, квакушка, что, буду ль я с него?» –
Подруге говорит. "Нет, кумушка, далеко!» –
«Гляди же, как теперь раздуюсь я широко.
Ну, каково?*

Пополнилась ли я?» - «Почти что ничего», - деп жырлайды. Бұл жерде бақа өзінің шамасынан тыс әрекет етеді.

Дәл осы сәт ағылшын тілінде былай беріледі: *«Oh, Father!», said a little Frog to the big one sitting by the side of a pool, «I have seen such a terrible monster! It was as big as a mountain, with horns on its head, and a long tail, and it had hoofs divided in two. «Tush, child, tush,» said the old Frog, «that was only Farmer White's Ox. It isn't so big either; he may be a little bit taller than I, but I could easily make myself quite as broad; just you see» [3].*

Мұны Абай «Бақа мен өгізде» былай жырлайды:

*«Қарасаң, тым-ақ көп
Көре алмас іші тар.
Несі артық, бізден деп,
Салыспақ жұрт та бар.
Су ішкелі бір өгіз
Барып еді бұлаққа.
Бақалар қорқып, тарбақтап
Қашып шықты әр жаққа.
Бақаға өгіз таумен тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақтың, сен көрсең,
Бақада екен төресі.
Өз-өзінен бір бақа
Күшенді де, бөртінді.
Қарны үлкейді қампайып,
Өгіздей болам деп ісінді.
Қасындағы жолдасқа
"Қарашы, – деді, – сен бізге!
Бұл үзінділердегі «ой көзі» тіркесін сауатты оқырманның қиналмай қабылдары хақ. Тек «Көзінен басқа ойы жоқ» деген сөйлем ғана санаға аздап салмақ салады. Сол себепті шығар, кейбір зерттеушілер бұл қатарды «Өзінен басқа ойы жоқ» деп қате жазып жүр. Ал расында оны «редакциялау», сөйтіп «көзді» – «өз» қылу қажетсіз... Жауап – Абайдың «Жетінші сөзінде»: «Жан бізді жас кезімізде билеп жүр екен. Ер жеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық... Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуаннан неміз артық?...» [5, 165]. Осылайша, мұнда «көз» сөзі тек адам ағзасындағы көру қызметін атқаратын мүше ретінде емес, сонымен қатар – ақылға апарар жолды меңзейтін философиялық мағына жүктеген. Сондықтан да, «Көзінен басқа ойы жоқ» деген тіркес – Абай поэзиясында надандықты білдіретін атаулардың бірі. Бұған дейін Дулат өз туындысындағы төмен санадағы кейіпкеріне мынадай сөз айтқызған екен:

Сөзім бар да, көзім жоқ,
Көзім жоқ деп жатпадым [1, 24].
Сондай-ақ, ол мұнымен іліктес:
Есерсоқ өңшең мастары,
Бұзақор, ойсыз жастары
Алжыды деп Дулатты,
Келеке етіп күлерсің.
Менің айтқан бұл сөзім,
Саналы болса ой көзің,
Өлең емес, жыр емес,
Басыңа түссе білерсің! [2, 14]

Алдыңғы екі тармақ Абайдың: «Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары» [1, 166], – дегенін еске түсірсе, одан әрі бізге керек – «Саналы болса ой көзің» дейтін қатардың да астары ашылады.

Әрине, «жан» мен «тән» тақырыбына келгенде, Абай Дулаттан әлдеқайда озып шығады. Адамның жүрек әлеміне, сезім табиғатына, ақыл көкжиегіне қатысты терең сырларды дәл әрі көркем де нәзік өрнектеуде хакімнің артықшылығы анық көрінеді. Мысалы, Дулат өз қауымына: «Бейнең қандай болды екен, Қарасаңшы бір мезгіл Қолдарыңа айна алып» [1, 16], – деп күйіне кеңес айтса, Абай: «Жүректе айна жоқ болса, Сөз болмады өңгесі» [4, 166], – деп терең философиямен толғайды. Қолдағы айна мен жүректегі айна бейнелері арасы – «алты айшылық алшақтық»; қалай болғанда да, бұл – Абай мен Дулат арасындағы танымдық шек. Дулат шығармаларындағы мақтан («Мақтан деген – алтын ер, Арқасына талайдың, Аяңшыл қылып батқан ғой»), құмарлық, өсек, өтірік («Құмарлық, тасқын, мақтан – жел, Өсек-өтірік – ұшқыны»; «Өсекші – тәңірі дұшпаны»; «Бәрінен де дауасыз Өсекті қайтіп бағайын?»), күлкі («Күле алмассың, қазағым, Бейпіл тыныштық күлкінді»), т.б. ұғымдар этикалық тереңдігі жағынан Абайдағыдай кең ауқымға жетті.

Кез келген ұлттың болмыс-бітіміндегі ерекшеліктер оның этнографиялық дәстүр-салтымен сабақтас айқын белгілерінен анық байқалып, көзге бірден түседі. Көшпелі жұрттың тіршілігінде ас ішу мен аяқ босату үрдісі қатар жүрген түрлі жағдайлармен қоса, ауқымды идеологиялық мәнге де ие болған. Осы тұрғыдан қарағанда, қонақ күтуге негізделген қазақы болмысқа ұлттық тағам тұтыну, сол арқылы сыйластық орнату дәстүрі мен мәдениеті арқылы баға беруді ескерусіз қалдырған ақындар өте аз.

Қайыңның пейілі жаман бай да болса,

Мертіккен көрер бізден тай да болса.
Кел, қатын, үйінді жық, біз көшейік,
Бұл қымыз табылады қайда болса.
Атандым қырыққа жетпей құл-қу мешкей,
Жарамас бұл арадан енді көшпей. **Өске Торқаұлы** [6, 53].
Қонаққа бір керегі – ет пен қымыз,
Бар болса, адал дәмін ауыз тигіз. **Қобылан Бөрібайұлы** [6, 49].
Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса оңбас деген. **Шөже Қаржаубайұлы** [6, 109]

Қарасаңыз, ағайын арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілік, өкпе мен өшпенділік, қадір мен құрмет, жомарттық пен жоқшылық, байлық пен бейшаралық – бәрі де ас пен табақсыз түсіндірілмейтін секілді. Дулат пен Абай да бұл халықтық түсінікті өз ой елегінен өткізеді. Шал ақын: «Қызығы жігіттіктің сол емес пе, аралап әрбір жердің дәмін татқан» [7, 124], – десе, оған кереғар түрде – «шаруа десе жиренбек, өсек десе сүйрендеп, қымыз аңдып қыдырып, бейпіл сөзге сыдырып» (Дулат) жүрген елді жаңа заман ақындары мүлде құптамайды. Екі ақынның бір-бірімен сабақтас көзқарастары – Дулаттың «Май, май дейсің, май дейсің», «Қымыз құмар, сор құмар» [1, 53-54], Абайдың «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» [4, 223], «Осы қымыз қазаққа» [5, 108] деген өлеңдерінде көрініс тапқан. Ерекше ойлайтын қос шайыр да сынайтыны – ет пен қымыз, яғни, сол ас пен ішімдікке деген шектен тыс әуестік. Бұл – салтқа сын айту, дағдыны терістеудің батыл көрінісі әрі дәмнің қанау тетігіне айналғанына наразылық. Дулат: «Қымызы бар құтырса, Соқтығасың әркімге, Қарамай қара, ағына», тіпті малайы (Абай: «Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа») болуға дәрменсіздігінен дайын тұрды. Мұның аяғы – мәлім. Сонда не істеген абзал? Дулат: «Бар болса қолда айраның, Ірімшік, құрт, қаймағың», Қанағат қылсаң болмай ма, Көксемей-ақ қымыз, ет?!», - десе, Абайдың ұсынатын ақылы: «Қызылшыл семіз, жаз қымыз – Бір үлкен борыш басында, Жуасты мін де, айран іш, Жоқ немеге шатылма».

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік типтер мен топтардың аражігін айқындап, бейнелерін жасау, мінез-құлықтарын саралау тұрғысынан алғанда, Абай енгізген көркемдік жаңалықтардың біразы Дулаттан бастау алатыны байқалады. Мысалға, Абайдың өлеңдерінде болыстың бейнесімен қатар кем сипатталмаған жағымсыз образдың бірі – пысық. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» атты өлеңінде ақын бұл кейіпкердің табиғатын былайша сипаттайды:

Пысық кім деп сұрасаң –
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «ку»... [4, 82].
Ал Дулаттың пысығы мынау:
Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады.
Өзі елді қорқытып,
Онан өзі қорқады,
Алдына түсіп томпаңдай [1, 41].

Біз Дулаттың «Би мен бекті жақтадым, / Бай, мырзаны мақтадым, Бәйбішенің мойнына/ Жырдан алқа таққаным» [1, 24] деген жолдарына жүгініп, оның образын «сарайдың мадақшысына», «феодалдықтың жыршысына» балаумен болдық. Бұл – түбірімен қате қорытынды. Мысалға алынған майлағыш, мәймөңке сөздер Дулаттың өзіне қатыссыз,

монологты мінездеуге құрылған сатиралық туындының қаһарманы – азған қазақ қоғамының қолпашқұмар, қошеметшіл ақынына тиесілі (Егер «Болыс болдым, мінеки» немесе «Ойға түстім, толғандым» өлеңдеріндегі болыс пен пысықты Абайдың өз бейнесіне телісек не болар еді?!). Сонда әлгі жыр үзіктері «мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» (Абай) күнелткен өлеңшілерді әдейі әшкерелеу, тұқырта терістеу болып шықпай ма?! Осы пікірінде Дулат, жоғарыда айтқанымыздай, Жанақпен, Түбекпен, Шөжемен ат құйрығын кесіседі; бұл жерде де ол – Абайдың алды. Өлеңге қарасты өлшесек, Абайлық мағынадағы «сөз ұғу» тіркесі мен Абайлық мәндегі «Ел құлағы саңырау, Кімге айтамын сөзімді?» деген сергелдең сауалды да алғаш рет Дулаттан ұшырататынымызды айта кеткен абзал.

Дулат пен Абай арасындағы кейде жалғасатын, кейде қатар өрбитін – үйлесімді қатынасты сырт көзге анық көрінетін сыртқы жарасыммен ғана емес, бірден аңғарыла бермейтін терең көркемдік және көзқарастық үндестіктер де дәлелдейді. Рух мәселелері, мінез сипаттары, халықтың тағдыры мен әлеуметтік жіктеліс, тіршілік пен тұрмыс шындығы және тағы да басқа құбылыстар – бұлардың бәрі шығармашылық тұрғыда Дулаттан Абайға қарай идеялық әрі поэтикалық жағынан тереңдей, түрлене, күрделене дамып отырады. Ақыры келгенде, Дулат пен Абай арасындағы көркемдік жалғастық – көп салалы, сан тарапты байланыстың көрінісі.

Әдебиеттер

1. Зар заман: Жыр-толғаулар (Құрас. С.Дәуітов). – Алматы: Жалын, 1993. - 176 б.
2. Шапай Т. Анық Абай// Жұлдыз. – 1999. - №2. – Б.138-160.
3. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
4. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.1. – 336 б.
5. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.2. – 384 б.
6. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 320 б.
7. Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық (Құрас. М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.

FTAMP: 17.07.25

А.Б. Сайленова

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к. **А.Т. Смагулова**

Шәкәрім университеті

Қазақстан Республикасы, Семей қ., aiko14.08@mail.ru

АБАЙ БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ РӨЛІ

Кино – күнделікті өмірде орын алатын қарапайым оқиғалардың үлкен экранда көркем түрде көрініс беруі. Кино өнері, жалпы киноиндустрия, бүкіл әлемді жаулап алған уақыттан бері, біз - әртүрлі тарихи ақпараттарды, отбасылық жағдаяттарды кино арқылы тамашалайтын болдық. Соның ішінде кеңірек тоқталғым келетіні біздің заманымыздағы қазақ киносының Абай бейнесін қалыптастырудағы рөлі қандай екенін айқындау. Бүгінде қазақ киносы әлемдік кинолармен иық тірестіре алатындай биік дәрежеге жету жолында көп тер төгіліп жатыр. Яғни заман ағысы өзгеріп, дамыған сайын бұл сала да әртүрлі ракурста түрленуде. Біз білетін қазақ киносындағы Абай Құнанбайұлының бейнесі – егде тартқан қария, ақсақал ретінде танылған. Шынында «Абай» десе әр қазақтың ойына басына тақия киіп, шапанын желбегей жамылған нар тұлғалы кесек адамның түрі елестейді. Неге олай деген сұрақ орынсыз болар, біз оқып жүрген кітап пен көріп жүрген кинода Абай Құнанбайұлының бейнесі осылайша беріледі. Сонымен Абай туралы фильмдер қазақ киномотографиясында саусақпен санарлықтай ғана.

Қазақ халқының нағыз мақтанышы, ұлы ақынымыз жайлы толассыз мол дүние түсіріп, көрерменге ұсынса да болар еді. Дегенмен, барға қанағат етіп, соңғы бір ғасырда Абай Құнанбайұлының өміріне байланысты қандай кинолардың қалай жарық көргендігі туралы және ұлы ақынның бейнесін қалыптастыруға нендей үлес қосқандығын жіктеп айтуға тырыссақ.

Абай туралы ең алғаш таспаланған фильм – оның жүзжылдық мерейтойына арнайылап 1945 жылы түсірілді. Мұхтар Әуезов мұрындық болып, сценарийын жазып, өзі басы қасында жүріп, бастан-аяқ ат салысқан бұл киноның аты «Абай әндері» деп аталады. Сол заманның ең озық технологиялары пайдаланылып, ең үздік режиссерлер мен актерлер бой көрсеткен «Абай әндері» фильмі әлі күнге халық жадында. Ол уақытта соғыс кезі болса да, Кеңес Одағына аты дүркіреп тұрған Григорий Рошаль мен Ефим Арон деген екі бірдей талантты режиссердің еңбегін ескермесе болмас. Киноның жалпы мазмұны сол уақытта әлі жазылып жатқан «Абай жолы» роман-эпопеясының желісі бойынша түсірілді. Қысқаша айтар болсақ, кино жастай жесір қалған Ажар есімді келіншек пен Айдар атты жас жігіттің қосылмақ болған ниетінен басаталады. Айдар - Абайдың төл шәкірті, жанында жүрген жанашыр жақынының бірі. Ол көрші ауылда жесір қалған Ажар деген келіншекпен сөз байласып, ақыр соңында оны алып қашып, Абай ауылын келіп паналайды. Абай – екі жасты қанатының астына алып, паналатады. Билер соты Айдар мен Ажарды жазаға тартпақ болған кезде де Абай күллі жұртшылыққа қарсы шығып қос ғашықты арашалап алады. Егер билер соты Айдарды өлімге қиса, Абай өзін де өлтіруін талап етеді. Ата-баба салты бұзылғанмен, жастардың махаббат алдындағы бұл қателігін кешіруге болатынын, оның әбестігі жоқ екенін барынша түсіндіреді. Осы орайда Абайды өзіне жау көріп жүрген Ерден бай мен діншіл ақын Шәріп екеуі оны халыққа айдап салмақшы болады. Ол заманда Абайда дос та, дұшпан да аз болмағандығын байқаймыз. Бірақ арандатушылардың дегені болмай, Ажардың соңынан жесірінің құнын даулап келген қарулы жігіттер тобынан халық Абайды арашалап қалады. Сол екі арада діттеген мақсатына жете алмаған Шәріп сияқты зымияндар Айдардың қымызына у қосып беріп өлтіреді. Фильм – Абайдың надан тобырға қарсы тұрарлық жақсы заманның келеріне сенуімен, Абайдың ерік-жігерінің мықтылығы мен еліне деген жанашырлығының шынайы көрінуімен аяқталады. Бас-аяғы бір жарым сағаттық фильмнің негізгі өзегі мен айтар ойы осы. Абай – елі үшін туған дара болмысқа ие адам болған. Осы тұстан-ақ, Абайдың халық алдындағы абыройын байқаймыз. Ата жолын берік ұстанса да, қатыгездікке салынбай ақылмен шешіп, жүрекпен сезіп әр сөзіне бекем болған. Бұл фильмдегі Абай бейнесі – халқына жанашыр, алды-артын мұқият ойлайтын, зерделі, кеменгер тұлға ретінде танылады.

Фильмге басты рөлді ойнайтын актерлерді таңдауға Мұхтар Әуезов пен режиссерлердің өзі де тікелей қатысып, мұқият қадағаланған. Басты рөлді сомдаған Қалибек Қуанышбаевтың ақынның бейнесі мен ішкі жан дүниесіндегі ой-арпалысын жеткізудегі шынайы шеберлігіне тәнті боламыз. Актердің ойшыл кеменгерге ұқсаған бет әлпеті, дене тұрқы, жүріс-тұрысы, байыпты мәнері, сабырлы болмысы Абай атамыздың бейнесін көз алдымызға әкелді. Соның да әсері болса керек, оның рөлін өнерсүйер қауым жоғары бағалады. Белгілі ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбайдың «Қалибек Қуанышбаев» атты деректі хикаятында арқалы актер өзі сомдаған «Абай» бейнесі туралы былай депті: «1940 жылы Абайдың пьесасын қойғанда, ақынның рөлін мен ойнағанмын. Содан бастап Абайды бұрынғыдан жете зерттеуге тура келді. Менің бұл кездегі тапқаным – Абайдың кітабы болды. Соны қайта-қайта оқып, оқыған сайын ой қосып, шама келгенше білгенімді тереңдете бердім. Әсіресе Абай образын күшейтетін нәрсе – Абайдың қарасөздері. Мен оны төрт-бес рет оқып шықтым. Абайдың тамаша еңбектері оның аса гуманист, ақылды, ұлы адам екенін мейлінше жете ұғындырады. Тек соны іздеп тауып, таза ұққан жағдайда ғана ұлы адамның бейнесін көре де білесің, бере де білесің. Әрине, мен Абай образын толық жасадым деп айта алмаймын. Ондай ұлы адамның бейнесін жете суреттеу – аса қиын іс».

Сонымен бірге кино барысында Абайдың орыстың жер аударылып келген адамдарымен етене жақын байланыста болғаны, нақтырақ айтсақ, Нифонт Долгополовпен қарым-қатынасы туралы эпизодтар да көрсетіледі. Яғни, Абай осы уақытта әдебиетпен бел

шеше шұғылданып, көңіл көкжиегін кеңейткен. Ұзын сөздің қысқасы, бұл фильм, кейінгі шығатын Абай туралы көп киноға тұсбағар сияқты. Кеңес үкіметі тұсында, оған қоса соғыс уақытында шыққанын ескерсек, бұл фильм үлкен қиындықтарды өткерді. Соған қарамастан қазақтың Абайға деген үлкен құрметіне дәлел бола алды.

Келесі кино фильм Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына арнап түсірілген «Абай» фильмі. Ғаламтордағы ашық сілтемеде тек орысша нұсқасы тараған. Және де, қазіргі таңда отандық телеарналардан да мүлдем көрсетілмейді десек те болады. Демек халықтың көпшілігі бұл киноның бар екенін тіпті білмеуі мүмкін. Әсіресе қазіргі буын жастар. Ал киноның премьерасы 1995 жылы 7 тамызда, ақынның туған күніне қарсы шықса керек. Жалпы бұл фильмнің түсірілуінің өзінен байқағанымыз, қазақ елінің ұлы ақынға деген осыншама терең махаббаты мен үлкен құрметінің биіктігі. Ардақ Әміркұлов режиссерлік еткен екі сағаттық фильм, Абай туралы бұған дейінгі түсірілген 1945 жылғы картинаға қарағанда әлдеқайда өнімді боп шыққан. Әрине біз оны техника мен заман ағымының дамуы дейміз.

Бұл кинода Абайдың бозбала шағындағы басты оқиғалар бейнеленеді. Яғни біз бұл жерде егде тартқан қария Абайды көрмейміз. Мөлшері 13-15 жасындағы кездері көрсетіледі. Басты рөлді жас актер Ғабиден Тұрықбаев ойнаған. Фильмнің барлық желісі толығымен «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған. Кітапты оқыған оқырман кино мен романның соншалықты көп ұқсастығын бірден байқайды. Дегенмен, өзгешеліктер де жоқ емес. Фильмнің басталуы шәкірт Абайдың Семейдегі оқуынан ауылға қайтуынан орын алады. Тура романдағыдай жас Абай ел-жұртын сағынып, елге тезірек жеткісі кеп алып ұшады. Ауылына келіп, ең алдымен әкесімен амандасып, сөйлескен диалогтарына дейін романдағыдай. Енді көркем драмалық фильм болғандықтан да, эпопеядағы барлық деталь көрсетіле бермейді. Бірақ Қодар мен Қамқа оқиғасының кинодағы көрсетілу дәлдігі сол заманның бейнесін бүгінге жеткізіп тұрғандай. Құнанбайдың рөлін сәтті алып шыққан Тұңғышбай Жаманкұлов бұл арада керемет ойын көрсетті деп санаймын. Сол уақыттағы заманның қаттылығына Құнанбайдың қатыгездігі астасып үлкен бір жан түршігерлік оқиғаға әкеледі. Бұл оқиғадағы Абай бейнесі картинада тамаша берілген. Оны Абайдың Қодар мен Қамқаның өлім құшқан сәтін өз көзімен көріп, әке қаталдығына жүрегі шыдамай, атқа отыра салып басы ауған жаққа шаба жөнелуінен көреміз. Астындағы атына қамшыны салып-салып жіберіп, ішіндегі өксікті кең далаға сіңіріп жібергісі келуге тырысуы көрсетілген сәт – режиссердің берген бір ұтымды тұсы болды. Абай бейнесі – әділетсіздік пен қатыгездікке шыдай алмаған жастың шарасыздығынан көрінеді. Жас жүрегі осыншама қатыгездікті әкесінен күтпей, әбден есеңгірейді. Үлкен өмірдің бұрмалаңы мен шырғалаңы өте көп екенін Абай дәл Қодар мен Қамқаның өлігін көргенде әбден түсінеді. Құнанбай ол екеуін өлімге қиып қана қоймай, өліктерінің үстінен ру басыларына тас атқызады. Бір қарағанда ауыр сцена. Дегенмен біз бұл жағдайдың да екі ұшы бар екенін білуіміз керек. Бір жағы Құнанбай мен Бөжей арасындағы туындаған ежелгі дұшпандық болса, екінші жағы Құнанбай қайткен күнде де әділ басшы ретінде, бұл үкім басқаларға үлгі болсын деген ниетпен жасады ғой деп топшылаймын. Қандай шешім болмасын, бұл әрекет біз танитын Құнанбайдың озбырлығының айқын көрінісі еді. Ал осы тұстағы Абай бейнесін режиссерлер өте жақсы көрсеткенін жоғарыда айтып кеттік.

Бұл фильмдегі Абай бейнесі енді қалыптасып келе жатқан зор тұлғаның өмір өткелдерінен өтуінен байқалады. Жас Абай Сүйіндіктердің ауылына әкесінің тапсырмасымен келген кезде алғаш рет Тоғжан сұлуды көріп өзін жігіт сезініп, жүрегі дүрсіл қаққан эпизодтар сондай ғажап. Тоғжанмен тіл қатысуы, екеуінің жасырын айлы түнде өзен жағасында кездесуі бәрі, бәрі жастық шаққа лайықты еді. Бірақ тура осы Тоғжан көрсетілетін сәттеріне қатысты әлеуметтік желіде біраз көрермендер сыни пікір айтыпты. «Кітаптағы Тоғжан өте қарапайым, тәрбиелі, М. Әуезов оны текті жердің қызы ретінде сипаттайды. Ал фильмдегі Тоғжанды жеңіл ойлы қыз сияқты көрсеткен», деген ойларды ашық сілтемедегі фильмге жазылған көрермен пікірінен оқыдым. Негізі бұл сөздердің де жаны бар шығар. Мүмкін режиссер Абайдың бозбалалықтан жігіттікке өту кезеңін осылай бергісі келген шығар.

Жалпы киноның өн бойында кемшілік жоқ демейміз. Тәуелсіздік енді ғана алып, дағдарысқа ұшырап жатқан сонау бір қилы заманда түсірілгеніне қарамастан фильм сәтті

шыққан. Сондықтан аса танымалдылыққа ие бола алмағаны түсінікті. Халық жағдайы тұралап тұрса да, ақынның мерейтойына таспаланған киноны шығарушыларға тек алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Алайда жаңа айтқанымдай кемшіліксіз дүние болмайды деген ойға келсек, менің ойымша фильмдегі кейіпкерлердің диалогтарында аздаған шикіліктер болған тәрізді. Сол уақытта оған аса мән бере қоймады ма немесе режиссер көрерменді Абай өмір сүрген дәуірдің атомосферасына шын берілсін деген ойда болды ма ол жағы бұлыңғырлау. Әйтеуір актерлердің аузынан шыққан аздап бейпіл сөздер (қатын, қаншық, ат көтіне) құлаққа түрпідей тиеді екен. Не десек те бұл киноның шығуының өзі үлкен ерекшелік. Осыдан-ақ, қазақ халқы қандай қиын-қыстау кезеңді бастан өткермесе де, Абайын ұмытпағандығын байқаймыз.

Ақынның 170 жылдық мерейлі мерейтойына арналып түсірілген «Абайдың ұлы жұмбағы» атты деректі фильм жайлы аз-кем айтып өтсек. Идея авторы – белгілі ақын Ақберен Елгезек. Қоюшы режиссері – Берік Әбішев. Фильмге Мекемтас Мырзахметов, Тұрсын Жұртбай, Ғарифолла Есім және Омар Жәлел сынды ірі абайтанушылардың ортақ пікірі мен зерттеулері негізге алынған. Рухани-танымдық деректі фильм ұлы Абайдың туған жері Жидебайда түсірілген. Фильмнің тұсаукесері ақынның мерейтойы қарсаңында Семейде ұйымдастырылған ресми конференцияда өтті. Тұсаукесер рәсіміне шетелдік жетекші әдебиеттанушылар, философ, тарихшылар, тіл мамандары мен Абай шығармаларын әлем тілдеріне тәжімалаған шетелдік аудармашылар қатысты. Бас-аяғы шамамен 45 минутқа созылатын деректі фильм Абай Құнанбайұлының өмірінде болған басты оқиғаларды бейнелейді. Жоғарыда атап кеткен абайтанушы ғалымдардың ұлы ақын туралы ғибратты ойлары жақсы көрсетілген. Бұл деректі фильм болғандықтан, белгілі бір тәртіптегі сценарий жоқ. Автор сөзі мен ақынның өмір жолындағы кейбір детальдарды бейнелейтін эпизодтары ұштасады. Бұған ғалымдардың пікір айтқан жерлері аралысып, нақты әрі деректі ақпараттар тұшымды жеткізіледі. Идея авторы Ақберен Елгезек бұл фильмді түсіруіне себеп – «Абай ақынды түсімде көруім» дейді. Ақын атамыз түсіме аян бергендей болып, араға жылдар салсақ та 170 жылдықта бір фильм түсіруге мүмкіндік туғанына қуаныштымын деп жазыпты әлеуметтік желідегі бір жазбасында. Яғни бұл деректі фильмнің шығуына түрткі болып, бастан аяқ ұйымдастырған – Ақберек Елгезек ағаның еңбегін айта кету керек. Фильмдегі әртүрлі кейіпкерлерді шеберлікпен сомдап шыққан Абай атындағы Семей және Бикен Римова атындағы Талдықорған театрларының актерлері болды. Шағын да болса тағылымы мол болған деректі фильм Абай бейнесінің өзіндік бір қырын ашқандай. Қалың көпшілік ақынның өмір жолы туралы айтыла бермейтін тың ақпараттарды абайтанушы ғалымдардың өз аузынан естіді. Бұл - деректі фильмнің ең ұтымды тұсы деп ойлаймын.

Ал енді сәл бері қарай ойыссақ, Абай Құнанбайұлы туралы түсірілген кезекті кино туындылар оның 175 жылдық мерейтойына арналды. Негізінен 1995-тен 2020-ға дейін Абай туралы көркем туынды шықпаған екен. Оған дейін шығып жүргендердің барлығы дерлік деректі фильмдер болды. Абай ақынның өмір жолына арналған кино түсіруді жоспарлау көбіне мемлекеттік дейгейде тойланатын мерейтойы қарсаңында жүзеге асса керек. Кеңірек тоқталғым келетіні «QAZAQSTAN» ұлттық арнасының тапсырысымен 2020 жылы қалың көрерменге жол тартқан – «Абай» сериалы. Бұл – ұлы ақын туралы жарық көрген алғашқы телехикая болды. Осыған дейінгілердің бәрі бірнеше сағаттық фильм болса, бұл туынды 6 бөлімнен тұрды. Сонымен қатар ол кезде дәл карантин мен пандемияның өршіп тұрған уақыты болғанына қарамастан телехикая өте жоғары деңгейде түсірілді. Түсірілім жұмыстары екі айға жуық уақыт Алматы облысында өтті. Сериалдың режиссері – Мұрат Бидосов. Сценарий авторы – Сержан Зәкерұлы. Кеңесшілері – абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахмет пен жазушы-драматург Дулат Исабеков.

Бұл телехикаяда Абай өмірінің үш кезеңі таспаланған. Абайдың кемеліне келген шағын Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбділманов, жас Абайдың бейнесін Ғ. Мүсірепов атындағы жастар мен жасөспірімдер театрының актері Дархан Сүлейменов, ақынның бозбала шағын актер Әли Тұрсынхан сомдады. Құнанбай рөліне ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Қаптағай, әжесі Зеренің рөліне Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Рахиялам Машурова таңдалды. Маған Абай туралы түсірілген фильмдердің ішінде ең ұнаған

нұсқасы осы. Себебі Болат Әбділманов сомдаған Абай бейнесі мәңгілік менің жүрегімде. Ол кісінің актерлік шеберлігінің жоғарылығы сондай, қалың көпшілікке ұлы ақынның бейнесінің басқаша жағымды қырларын танытқандай. Телесериалдың ерекшелігі сол, оқиғалар жүйесі үш уақытта ауысып отырады. Біресе болыстыққа сайланып, төбе би болып, Оразбай сияқты оспадарлармен алысып жүрген қарт Абай бейнесі, біресе Шүкіман қыздың әніне ынтызар болған жігіт ағасы Абай бейнесі, біресе Ахмет Ризадан тәлім алып жүрген жас шәкірт, бозбала Абай бейнесі алма-кезек ауысып отырады. Сериалдағы жаңашылдықтың бір көрінісі болған бұл ерекшелік көрерменді қызықтыра түседі.

Бұл телехикая туралы Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Илья Жақанов «Атырау» газетіне берген бір сұхбатында мынадай пікір білдіріпті: «Қазақстан Телерадиокорпорациясы 6 бөлімді «Абай» телехикаясын түсіріп, біздің тарихымыздың таңғажайып құпия сырларын ашқандай болды. Тәуелсіздіктің арқасында ұлы дала оянып жатқандай болып, мәртебем көтеріліп отыр. Абай өз ортасынан оза туған. Дүниені Аристотель мен Әл-Фараби сынды ойшылдарша шолған. Қазақтың арғы-бергі тарихын, заманын алақанға салған. Өз мезгіліне сын көзбен қараған. Сын көзбен қарап қоймай надандықпен, зұлымдықпен күрескен. Ұлы ойшылдың өмірі өзек болып тартылған 6 сериалы фильм бізге үлкен табыс. Руханият дүниесіндегі енді ғана жасалып жатқан игілікті іс».

Расымен де егемендік алғаннан кейін етек-жеңімізді жиып, еңсе көтерген кезде түсірілген бұл кинокартинаның орны ерекше. Әрбір деталь мен әрбір эпизодтың мазмұндық мәнін ұйымдастырушы тарап терең қарап зерттеген. Өйткені өзі осы фильмге көркемдік кеңесші болған Дулат Исабеков: «Абай» телехикаясы телефильмдердің ішінде үлкен құбылыс болып қабылдануы мүмкін», – деген сөзді айтқан. Олай болатын жөні бар, бұл фильм ақын туралы таспаланған фильмдердің арасындағы оқ бойы озық тұрғаны. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленгені соншалықты, әлеуметтік желілерде үлкен танымалдылыққа ие болған. Ютубтағы ашық сілтемедегі әр бөлімі ең кемі жүз мыңнан аса қаралым жинап, екі жүзге жуық адам пікір қалдырған. Пікір қалдырушылардың шамамен 95%-ы кино туралы керемет әсерлері жайлы баяндаған.

Әрине қанша адам болса, соншама пікір бар дегендей, бұл кино бәріне бірдей ұнамағаны белгілі. Телехикаядағы актерлердің әрекетінен бастап, костюмдарға дейін біраз қатты сынға алынған. Жалпы Абай ақын туралы түсірілген фильмдердің ішінде ең көп даулы сұрақтарды туғызған осы телехикая. *Педагогика ғылымдарының кандидаты Сүлеймен Демирел университетінің профессоры – Жұмақаева Береке Дәулетханқызының «Мәдениет» порталына жарияланған ««Абай» телехикаясындағы кешірілмейтін кемшіліктер»* атты мақаласы мені біраз ойға салды. Бұл жерде телехикаяға қатысты барлық сыни ойлар бір арнаға тоғыстырылған. Мақалада фильмнің барысындағы мәселелер шаммен қаралып, көп нәрсеге талдау жасалыпты. Мысалы, актерлердің таңдалу барысына қатысты қатты сын айтылған. Б. Әбділманов басқа фильмдерде сәтті шыққанымен, Абай бейнесін аша алмаған, Ділде мен Әйгерімнің актрисаларында да ізденіс жоқ, тура романдағыдай керемет әсер бере алмайды дейді. Мен жеке өзім, бұл пікірмен келіспеймін, кино – көркем туынды болғандықтан, режиссер өз қажетінше аздаған детальдар мен эпизодарды өзгерте алады. Мүмкін образдарды ашуда шалалық бар да шығар, бірақ онысы бір көргенде көзге ұрып тұрған жоқ.

Келесі тоқталғаны, костюмдардың, риквизиттердің, сахна декорациясының дайындалуы жағы. Зере, Ұлжан, Ділдалардың кимешектері кимешек емес, оралған орамал сияқты деп, қайсысы енесі, қайсысы келіні екенін айырып болмайсың дегендей ойды айтады. Содан кейін Құнанбай, Оразбай сияқты атақты байлардың ауылы тым жұпыны, мал қорасы есігіне тиіп тұрған көрінісі оғаш, жасанды дейді. Көрерменді сол кезеңнің көрінісіне жетелей алу үшін осы тұстар аздап ақсаған тәрізді. Режиссерлік құрам оны қаражаттың жеткіліксіздігімен түсіндіреді. Одан соң, сюжет пен актерлердің әрекеттері мен диалогтарына да тоқталып өтеді. Абайдың Семейде түрмеден шығып, Салатанаттың үйінде қонақта болғанын қырдағы Ділдалар естіп, ренжитін кезі бар еді ғой? Сол көрініс Абай мен Ділда арасындағы әдеттегі отбасылық кикілжің ретінде көрсетілген деп жазады автор. Ділданы ауылдағы көп шайпау мінезді әйел, Абайды әйелінен қаймығып, бір ауыз сөз айта алмай

шығып кете берген бейнеде көрсетеді. Яғни, осы тұстағы Абай бейнесін беруде режиссер қатты қателескен дейді пікір иесі. Мұны көрген халық, Абайды осал адам көрсетіп, бір деталь ғана абыройын төмендеткен. Әсіресе, осы бір эпизодқа қатысты қып-қызыл дау туындаса керек. Жалпы, ол диалогты киноға кіргізудің қаншалықты қажеті бар еді деп, біраз адам бас қатырған. Әйтеуір бұл жердегі режиссердің мақсатын түсіну қиындау.

Көрермендердің тағы бір сынға алған тұсы, Абайдың жас кезі, яғни медреседе оқып жүрген бейнесі тым жеңіл әрі жасанды дегені. Жас актер Әли Тұрсынхан 13 жасар Абайдың ойлы көздерін, үлкен адамдарша сөйлеуін, ерте есейген тұлғасын дұрыс бере алмағандай. Көпшілік мұны актердің ізденімпаздығының төмендігімен түсіндреді. Мысалы, 1995 жылғы кинодағы 13 жасар Абай бейнесі дәл көрсетілген. Әр нәрсеге үлкен толғаныспен қарайтын ойлы көз, ұстамдылық, даналық сияқты қасиеттерді Ғабиден Тұрықбаев Абай бойына сіңіріп тұрып, жақсы береді. Ал Әли Тұрсынханнан өкінішке орай, мұндай шеберлікті байқай алмаймыз. Кино шығып болған соң, жан-жақтан осындай сыни пікірлер де, мақтау сөздер де, бейтарап ойлар да тез тарап кетті. Тағы бір айта кеткені операторға айтылатын тұсы: Сахнада сүреңсіз көрініс көп. Көп жерінде жарық жетіспейді. Әсіресе бүлдірген тере барғандағы балардың алдынан жайқалған шалғын мен гүл, жеміс бұтақтары жамырап шықса керек еді. Тым болмағанда үлкен объективте (гүлзарлардан көшірмелеп алып) монтаждап қиюластыруға болар еді. Қансонардағы көрініс те солғын. «Осындай әртүрлі мазмұндағы пікірлер телехикая шыққан соң көптеген дау туғызды. Әйтеуір әрбір пікірдің немесе сынның айтылуы бекер емес, демек жөндейтін кемшіл тұстар бар екенін мойындаған жөн. Дегенмен, бұл телехикая да ұлы ақынның бейнесін ашуда үлкен үлес қосқан алтын қордың құрамына кіргені анық.

Абай Құнанбайұлы туралы келесі түсірілген кино туынды да ақынның 175 жылдық мерейтойының қарсаңында шықты. «Абай жолы» деп аталатын бұл телехикая да 6 бөлімнен тұрады. Аталмыш фильм «Хабар» арнасының ұсынуымен 2020 жылдың соңында көрерменге жол тартты. Жас режиссер Мұрат Есжан түсірген фильмнің сценарийін жазғандар Ұларбек Нұрғалымұлы мен Макпал Мадиярова болды. Шетелдік киноларға еліктеп, асығып-аптықпай, бірқалыпты қазақы бояуды сақтап қалғаны үшін көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Алайда бұл киноны тек Абай Құнанбайұлы туралы ғана деу қате. Бұл туындыда Абайдың өмірімен қатар, Мұхтар Әуезовтің өмірі және «Абай жолы» романының жазылу тарихы қамтылды. Сериал мазмұны екі линияда өрбиді. Алғашқысы жазушы М.Әуезовтің стенографисіне айтып отыратын көрініс болса, екіншісі шәкірті Қайым Мұхамедхановқа баяндап беретін романның жазылу жайы. Екі линия да Әуезовтің аузымен айтылғанымен бірі Абай жолын баяндаса, екіншісі Мұхтар жолынан мәлімет береді. Екі линияны қатар алып жүру арқылы режиссер сериалдағы екі кейіпкердің образын қатар аша білді. Осы арада актерлік құрамның да үздік болғанын айта кету керек.

Кинодағы басты кейіпкер Мұхтар Әуезовтің рөлінде әнші Сәкен Қалымов ойнады. Режиссер Мұрат Есжан өзінің сұхбаттарының бірінде «Мен осы киноны түсіру барысында Әуезовтің қандай ерекше адам болғанын түсіндім. Ол кіснің бет-әлпетіне сәйкес келетін кәсіби актер табу қиынға соқты», дейді. Дегенмен Сәкен Қалымов Әуезовтің егделеу шағын жоғары деңгейде ойнап берді деп ойлаймын. Ал бұл кинода Абай бейнесін Айдос Бектемір ашуға тырысса, Нұрышовтің рөлін Бақытжан Әлпейісов, М. Әуезовтің шәкірті Қ. Мұхамедхановтың рөлін Еркебұлан Дайыров сәтті алып шыға алды. Бұл киноның басқа кинолардан ерекшелігі сол, мұнда Абайдың тағдыры мен М. Әуезовтің тағдыры қатар бейнеленіп, екеуі екі түрлі заманда өте ұқсас тағдырды өткергенін керемет жеткізеді.

Жаңа айтқанымдай, мұнда сюжеттік желі үш линияда өрбіп, көрерменді қызықтыра түседі. Абайдан Мұхтарға, Мұхтардан Қайымға, одан соң қайтадан Қайымнан Абайға ауысатын көріністер фильмді тартымды ете түскен. Абай мен Мұхтар өмірі екі заманда параллель алынған. XIX ғасырда Абай өз қазағының арасынан дауға ілініп, өз қазағының кесірінен қуғындалса, XX ғасырдың 30-жылдарында М. Әуезов кеңес үкіметі мен КГБ-нің қысымына ұшырап, айдалып кете барады. Яғни режиссер мұнысымен қай заманда болмасын, қорқытып-үркітетін қанаушы таптың бар болғанын жеткізеді. Одан кейін М. Әуезов босатылса да, артынан шпиондар жүргені, көп шығармасы цензураның тырнағына ілігіп, үлкен

қиындықтарды өткергенін көрсетеді. Нағыз Абайдың бейнесін ашуға ұмтылған М. Әуезов «Абай жолы» романын он жылдан астам уақыт бойы жазған. Абайдың көзін көрген адамдармен сұхбаттасам деп мыңға жуық адаммен сөйлескен. Ақырында романның біраз жерін өзгертуге тура келіп, оқиғаларын ауыстырған. Міне осының бәрі кинода ашық та айқын бейнеленеді. Негізінен кино сыншылар бұл телехикаяны «Абай жолы» емес, «Мұхтар жолы» деп алған дұрыс па еді деген пікірді айтқан. Оған негіз киноның барлық мазмұны көбіне Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың өмірімен байланысты. Әсіресе, «Абай жолы» романының жазылу тарихына қатысты. Кинода жақсы көрсетілген тағы бір айтулы оқиға – «1951 жылғы әдеби айтыс». М. Әуезовке тікелей бата алмай жүргендер оның шәкірті Қ. Мұхамедхановқа өшігіп, Нұрышов сияқтылар шам ала жүгіреді. Мұның өзі сол бір қиын-қыстау кезеңді ашып тұрғандай.

Жалпы алғанда, бұл кино басқаларға қарағанда өзгешелеу. Және татымдырақ, актерлердің ойнауы тұшымдырақ шыққан. Айдос Бектемір Абайдың қарттық шағындағы көкейкесті ойлары мен көкірегіндегі шерлі қайғысын, халқының болашағы үшін үлкен алаңдаушылығын көркем жеткізе білді. Көрермен осы фильмнен соң Абайды ойшыл, дала философы ретінде тани алады. Ақынның ғұмырнамасын роман ретінде жазамын деп талай соққы көрген М.Әуезовтің де тағдыр жолы өз алдына бір төбе. Ендігі кезекте фильм жайлы пікірлерге көз жүгіртсек.

Белгілі журналист Сәкен Сыбанбай телехикая туралы ойын өзінің әлеуметтік желідегі парақшасына жариялап тәптіштеп түсіндіріпті. Киноның ұнаған және ұнамаған жерлерін ашық айтып, біраз сынаған да сияқты. Мысалы, актерлердің ойыны, режиссердің жұмысы, детальдарды бере алуы, монтаж, кейіпкерлердің диалогі, сценарий, сюжет жайлы өте жақсы пікір қалдырып, өте ұнаған жерлері осылар деп сызып тұрып айтқан. Сонымен қатар, ұтымды режиссерлік шешімдер деп, Сталиннің өлгені туралы хабардың ізін ала мұз сүңгілердің ери бастауын көрсету арқылы көктемнің келгенін ғана емес, саяси жылымық келгенін тұспалдау деген сценаларын атаған. Ал ұнамаған тұстары актерлер диалогтары жақсы болса да, кей тұстарда артық пафос қосылып, театр ойынын көрсеткендей айғайлайды деп бір айтады. Қостілділік бар, М. Әуезовті тергеген тергеушілер көрсетілетін орысша эпизодтарды қазақшалап дыбыстап отырса, фильмдегі қазақ тілінің мәртебесі айқындалар еді деп екі айтады. Жалпы бұл киноға айтылған сын да, «Абай» телехикаясына айтылған сынмен астасады. Мұнда да көпшілік қауым декорация, костюм, риквизит жағы осалдау, тым қарапайым, жұпыны деген пікірлерді айтқан. Режиссер Мұрат Есжан бұл олқылықты уақыттың тығыздығымен түсіндіреді. Яғни Абайдай алыптың бейнесін үлкен экранға шығару үшін үлкен еңбек пен ұзақ ізденіс, дайындық үшін ең кемі бес жыл уақыт қажет ететіндігін айтады. Алайда телевизиядан тапсырыс бас-аяғы жарты жыл уақытта келіп, тез арада көркем кино түсіру қажеттілігі туады. Осыған қарамастан Мұрат Есжан бұл киноны өз деңгейінде түсіріп, Абайдай ұлы ақын мен Мұхтардай ұлы жазушының өмірін бір арнаға тоғыстырады. Бұл да бір режиссерлік табыс, меніңше.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы туралы кино түсіру – оңай дүние емес. Мейлі, бір сағаттық фильм, мейлі бірнеше сағаттық телехикая болса да. Абай бейнесін қалыптастыру үшін бұл кинолардың қосқан үлесі зор. Ұлы ақынның мерейлі мерейтойында шыққан әр фильмнің көрермен алдында атқарған өз миссиясы бар. Біз жоғарыда атап өткен барлық фильм мен сериал қазақтың Абай Құнанбайұлына деген шексіз махаббаты мен шетсіз сыйластығына дәлел болады. Олар қазақ кино әлемінде Абай бейнесінің барлық қырынан танылуына ат салысты. Мысалға алатын болсақ, 1945 жылы шыққан «Абай әндері» фильмі кеңес үкіметінің қыспағында болған қысыл-таяң заманда шыққанына қарамай, сол кезеңдегі қалың көпшілікке ұлы Абай бейнесін ұмытылуына жол бермей, қайта жаңғыруға жол ашты. Осы фильмнен соң Абай бейнесі дүркін-дүркін әрі жан-жақты театрларда да сахналана бастады. Халық – Абайдың бейнесін осынысымен де жадында сақтатады.

Одан кейін елу жылдан соң ғана шыққан «Абай» фильмі туралы да ауыз толтырып айтарлықтай әсерлі дүние көп. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы түрлі қиындықтарға қарамастан жарық көріп, үлкен сынға тап болса да, бұл фильм де Абай бейнесін

алыптастыруда аса маңызды. «Абай жолы» романын толық оқи қоймаған көрермен қауым бозбала Абайдың дара бейнесін көре алды. Жасынан зерек, ойы да сөзі де кесек болған Абайдың жастық шағын көрсеткен фильмде ақынның образы тартымды беріледі.

Ақынның 175 жылдық мерейтойына арналып түсірілген қос телехикая да Абай Құнанбайұлының кесек пішімді ұлы тұлғасын қазақ киносында берік қалыптастыруда үлкен орынға ие болды. Мейлі қандай сын, қандай пікір айтылмасын аталған кинолар үлкен экранда ақынның ғұмырнамалық жолын көркем жеткізді. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші дұрыс айтылған әр сын мен пікір қазақ киномотографиясындағы Абай ақынның рөлін айшықтай түспек. Ең бастысы қазақтың маңдайына біткен ұлы ақынының бейнесін дұрыс аша алу. Күні бүгінге дейін Абай жайлы аз кино түсірілген жоқ. Болшақта тағы да көптеп түсіріле береді деп ойлаймыз. Маңыздысы киноның санының көп болуында емес, сапасы жоғары болуында. Қазіргі уақыттағы адамдар көп кітап оқи қоймайтындығын ескерсек, кино арқылы күллі әлемге Абайды паш ету мүмкіндігі жоғары. Тек соны тиімді пайдаланытын кинотүсірушілер болса болғаны. Алдымыздағы уақытта ұлы ақын туралы кинолар дүркін-дүркін түсіріліп, Голливудқа да жетеді дегенге сенімім кәміл.

FTAMP: 17.01.11

Г.Ж. Орда

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., orda_68@mail.ru

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ

Абай мұрасының құндылығы жыл өткен сайын артып келеді. ХХІ ғасырдағы абайтану мәселелерін сөз еткенде, алдымен республикадағы бірнеше жоғары оқу орнындағы Абай ғылыми зерттеу орталықтары еске оралады. Олардың қатарында абайтанушы ғалым Жабал Шойынбеттің жеткішілігімен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі орталықты алатын болсақ, мұнда Абайды танудың алғашқы қадамы ретінде барлық мамандықтағы болашақ мұғалімдерге «Абайтану» пәні міндетті пән ретінде дәрісі өтеді. Осының өзінен кез келген мамандық иесі алдымен Абайдың мұрасын игеріп, содан соң ғана қазақтың болашақ жастарын тәрбиелеуге құқылы екендігін байқау болады.

Екінші – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми зерттеу институтының директоры, профессор Ж. Дәдебаевтың басшылығымен жүйелі түрде шығып отырған «Ғылым таппай, мақтанба» подкасты мен 2 электронды әдеби-сын жинағын атауға болады. 2024 жылы Абай ғылыми-зерттеу институтының кітап қорына және Фараби кітапханасына түскен әдеби зерттеу және ғылыми-танымдық 7 кітап таныстырылыпты. Олар: Қ. Мәдібайдың «Ғалымхат. Қайым Мұхаметханұлы (Спикерлер – Д. Ысқақұлы, Г. Пірәлі), Қ. Әбдезұлының «Алаш перзенті» (Т.Тұяқбай, Г. Орда), Е.Солтанаеваның «Әдеби компаративизм» (З. Сейтжанов, Ж. Мәмбетов), Ж. Дәдебаевтың «Абай ілімі» (Қ. Мәдібай, Т. Тұяқбай), «Абайдың антропологизмі» (Т. Есембеков, Е. Солтанаева), Г. Орданың «Қазіргі қазақ балалар әдебиеті» (Қ. Әбдезұлы, Н. Құдайберген), Ш. Шортанбайдың «Сарасөз» (С. Дәрібаев, Е. Карбозов).

Бұл қатарды Шәкәрім университеті мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы және басқа оқу орындарындағы Абайтану ғылыми зерттеу орталықтарының жұмыстары толықтырады.

2024 жылы жарық көрген бірсыпыра әдеби сын мақалалар жинақтары мен зерттеу еңбектер қолымызға тиді. Олардың бірсыпырасына әр жылдары жазылған сын мақалалар мен естелік-эсселер топтастырылса, енді бір парасы – ұлттық әдебиеттің жекелеген мәселелерін жан-жақты зерттеген монографиялар. Осы еңбектердің көпшілігінде Абай мұрасына деген қызығушылық байқалады. Әдбиеттанушы-ғалым Ж.Дәдебаев – 2024 жылы абайтануға сүбелі үлес қосқан абайтанушылардың бірі. Жоғары оқу орнында білім алатын білімгерлерге арнап жазылған «Абай ілімі» оқу құралы мен «Абай антропологизмі» монографиясы – абайтануға қосылған тың зерттеулер [1]. Олай дейтініміз, зерттеуде Абай антропологизмі, дәлірек айтсақ, Абай шығармашылығындағы адам болмысын танудың көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық, философиялық, танымдық мәселелері қарастырылып, негізгі модельдері жасалған. Ғалым Абай ілімінің жүйесін, оның құрамдас бөлімдері мен бастау көздерін, басты категориялары мен ұстанымдарын ғылыми тұрғыда дәйектеген. Абайтанушылар ақын шығармаларын зерттегенде Шығыс пен Батыспен байланыстыра зерттегені белгілі. Ғалым ақынның дәстүрлі мәдениеттен не алғанына көңіл аударуда жетістікке жеткен. Абайтанудағы жаңаша көзқарасты қалыптастырудағы ізденістер мағыналық-құрылымдық, категориялық, логикалық модельдерден анық байқалады. Абай ілімінің іргелі ұстанымдары ақынның әрбір өлеңіндегі жекелеген сөздердің астарына үңілу арқылы айшықтаған.

Осы қатарда саналы ғұмырын әдебиет пен сөз өнеріне арнап келе жатқан, ұзақ жылдар қара шаңырақтың басшысы болып, тәуелсіздік тұсында ұлт руханиятына қыруар еңбек сіңірген Н.Оразалин ағамыздың Қазақстан Жазушылар Одағының 90 жылдығына арнап шығарған «Биіктік» [2], «Кеңістік» [3] атты мақалалар, эсселер, толғаныстар жинақтарын ерекше атауға болады. Қолымыздағы бірінші кітап тәуелсіздік тұсындағы әдебиет пен өнердің төңірегіндегі айтулы оқиғаларды, әдебиеттің арыстары мен алыптарын есімізге салса, екінші кітапта замандас қаламгерлер туралы сыр шертеді. «Өмір, Дәуір, Заман дамуының ақиқатын» жинақтаған үш бөлімнен тұратын «Биіктік» кітабының «Алмас қылыш» бөліміне ЮНЕСКО шеңберінде аталып өткен Абай («Қазақ сөзінің құдіретті қағбасы») мен Шәкәрімнің («Иесіз өзін кестім кіндігімді...») 150 жылдық, Махамбет («Махамбет мәңгілігі»), Дулат Бабатайұлы («Текті сөздің төркіні»), Сүйінбайдың 200 жылдық («Алдаспан жырдың алыбы»), Төле бидің 350 жылдық («Ұлтына ұстаз болған ұлы би»), Райымбек батыр туралы («Рухқа тағзым»), Әлихан Бөкейханұлының («Алаш мұраты») өмірі мен шығармашылығы туралы портреттер жинақталған.

«Алдаспан» атты екінші бөлімде М. Әуезовтің («Алтын адам»), С.Мұқановтың («Дәуір аманаты»), Ғабит Мүсіреповтің («Ұлылық үлгісі»), Ғабиден Мұстафиннің («Тұлға тағылымы»), Б. Момышұлының («Елдік пен ерлік ұраны») 100 жылдық мерейтойларында жасалған бас баяндамаларда қаламгерлердің шығармашылығы жоғары бағаланса, тоқсанның тұғырына көтерілген Қасым Аманжолов («Ұлы жырға тағзым»), Әбділда Тәжібаев («Рух жыршысы»), Илияс Омаров («Қайраткерлік феномені»), Қасым Қайсенов («Қаһарман»), Хамит Ерғалиев («Жыр-жүрегі тоқтау білмеген...»), Жұбан Молдағалиев («Жыр мен жаратылыс»), Асанбай Асқарұлы («Асекеңнің аманаты»), Сейдәлім Тәнекеев («Қанатты тұлға»), Салық Зиманов («Желтоқсан. Зиманов»), күйші Қожеке Назарұлы («Ұлт рухы шалқыған күн»), Таңжарық Жолдыұлы («Еркіндік үні») туралы мақалаларда ақын-жазушылар мен қоғам және мемлекет, өнер қайраткерлері өмір сүрген дәуір мен сол тұстағы ұлт руханиятына, көркем сөздің құдіретіне көңіл бөлінген.

«Ақсауыт» деп аталатын үшінші бөлімде Шыңғыс Айтматов («Кемеңгерлік төрі»), Әбдіжәміл Нұрпейісов («Ел мен жер мінезі», «Патриарх»), Расул Ғамзатов («Мәңгілік жыршысы»), Әзілхан Нұршайықов («Ізгілікке иманындай сенген...»), Кемел Тоқаев («Уақыт тудырған тұлға»), Серік Қирабаев («Кемел сын, кенен ойдың кеңістігі»), Зейнолла Қабдолов («Құбылыс»), Тұрсынбек Кәкішев («Қазақ сөзінің қара нары»), Мұзафар Әлімбаев («Ой мен жырдың алааманы»), Қалтай Мұхамеджанов («Шындықты тұмар тұтқан»), Ғафу Қайырбеков («Айдыны кең, арқалы ақын»), Сәкен Жүнісов («Суреткер айдыны»), Сейдахмет Бердіқұлов («Рух қайсарлығы») тәрізді қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар жинақталған. Мақалалардың бірсыпырасында көркем шығармалар таратыла сөз болса, енді бір парасында алыптар туралы естелік эсселерге кезігеміз. Әдебиет төңірегіндегі әңгімелерде толғаныстардың болатыны заңдылық. Себебі, қазақ әдебиетінің тарихынан үлкен орын алатын кез келген қаламгер туралы толғанбай жазу мүмкін емес.

Екі бөлімнен тұратын «Кеңістік» кітабына XX ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиетке келген ұрпақ өкілдері мен қатар жүрген замандастарының өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар, эсселер, толғаныстар жинақталған. Автордың бірге оқыған курстастары, араласқан ортасы – бәрі де әдебиет пен өнердің төңірегінде жүріп ұлт руханиятына еңбек сіңірген қалам мен өнер майталмандары екеніне куә болдық. Өмірден мезгілсіз өткен курстастары мен достарын сағына еске алғанда, олардың шығармашылығын тілге тиек етуінен әдебиет майданына бірге араласқан замандастарын ұмытпауы байқалады. Екі кітапқа енген алыптар тобынан бастап, замандастарына дейінгі аралықтағы қаншама қаламгерлердің шығармашылығы туралы мақалалар қамтылған. Кезінде мерзімді баслым беттерінде жарық көрген мақалалардың бір кітапта жинақталуынан XX ғасырдағы әдебиеттің жүріп өткен жолы мен тәуелсіздік тұсындағы ұлт әдебиетінің төңірегіндегі оқиғаларды бағамдауға толық негіз бар. Екі кітапта қаншама мақалалар жинақталғанмен, әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев туралы жазған кең ауқымды естелік эссені кездестірмедік. Осы

тәрізді назардан тыс қалып қойған қаламгердің бірсыпыра мақалалары келесі кітаптың мазмұнын құрайтыны анық.

Мұхтар мен Райгүл Қазыбектің «Қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикалары» – қазақ лирикасының арғы-бергі тарихы туралы әдеби зерттеу [4]. «Кіріспеде» көркем әдебиет тегінің бір түрі саналатын «лирика» жанрының арғы-бергі тарихына шолу жасап, әдебиеттану ғылымында лириканың қаншалықты дәрежеде зерттелгеніне назар аударған. Нәтижесінде қазақ поэзиясындағы лирика жанры туралы әдеби-сын мақалалардан бастап, қазақ, орыс ғалымдарының лирика жөніндегі зерттеулері тілге тиек болған. Табиғат – адамның анасы болса, әр дәуір ақындарының барлығы дерлік табиғат көріністеріне ерекше назар аударып, өз жырларын арнағанын айта келіп, адам мен табиғатты ажырамас бірлікте қараған. Зерттеуші табиғат көріністері ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алып, М.Қашқаридың «Түрік сөздігінде» ерекше орын алғанын айта келіп, I тарауда «Түрік» сөздігіндегі табиғат көріністеріне талдау жасаған. II тарауда ақын-жыраулар поэзиясындағы табиғат көріністері туралы тарата сөз етуде өзіне дейін жазылған ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйеніп отырған. III тарауда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ ақындары: Абай, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай, Шәкірім, Ілияс, Сәкен, Мағжандардың табиғат лирикаларына әдеби талдау жасалса, IV тарауда табиғат лирикаларындағы дәстүр сабақтастығы анықталған. «Қорытындыда» қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихына шолу жасай келіп, «жалпы табиғат, қоршаған орта қазақ ақындарының лирикаларында кеңінен орын алып жырланып келеді» деген түйін жасайды.

Қ. Мәдібаеваның Қайым Мұхамедханұлы туралы «Ғалымхат. Қайым Мұхамедханұлы» ғылыми толғамын портрет-эсселердің қатарына жатқызуға болады [5]. Кітаптың мазмұнын «Абай мектебі», «Шәкірім шежіресі», «Әуезовтің шәкірті», «Әдебиет тарихы», «Сөз орыны», «Сормандай Лиза», «Хаттар сөйлейді» деген тараулар қамтиды. Автор көрнекті ғалым Қайым Мұхамедханұлының ғибратты ғұмырын әдеби мұраны жинау, сақтау саласындағы еңбектерімен ұштастыра келіп абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, әдебиет тарихы салалары бойынша тарата сөз еткен. М. Әуезовтің болашағынан үміт күткен шәкіртінің зерттеулері әңгімешілдігімен, тарихты терең білетін білгірлігімен тұтас қарастырылған. Диссертациялық еңбегі мен қорғаудағы стенограмма материалдары абайтану саласындағы тың ізденістерін толықтыруға қызмет етеді.

Қ. Мәдібаева, Қ. Мұхамедидің зерттеулер мен сын мақалалардан құрастырылған «Ой орамы» оқу құралы үш бөлімнен тұрады [6]. «Мәдени мұра: зерттеу және оқыту» деп аталатын бірінші бөлімде мәдени мұраның зерттелуі мен оқытылуы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк», Абай Құнанбайұлының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты басып шығарған көптомдық толық академиялық шығармалар жинағы, зар заман ақыны Шортанбай Қанайұлы шығармаларының зерттелуі, Ілияс Жансүгірұлы мұрасын зерттелуі, М. Әуезовтің абайтануға қосқан еңбектері, С. Мұқановтың мұхтартану саласындағы еңбегі, Т. Ибрагимовтың «Жер әңгімеші» жинағы, Т. Кәкішұлының әдебиеттанудағы ғылыми мектебі, С. Қирабаевтың Н. Оразалин поэзиясы туралы мақаласы, С. Садырбайұлының жамбылтану саласындағы еңбектері, А. Қыраубаеваның ежелгі дәуір әдебиеті мен Тараз өлкесіндегі дала аңыздары туралы зерттеулері, Ж. Дәдебаевтың ежелгі мұраларға жаңаша көзқараспен жазылған зерттеулері, Қ. Әбдешұлының тәкентануға қосқан үлесі, З. Бисенғалидың Қ. Жұмалиев зерттеулері туралы, Ш. Құдайбердіұлының «Әділмен мария» романы жөніндегі мақаласы, Р. Әбдіғұлованың Б. Майтанов туралы портрет-эссесі, Г. Пірәлінің мұхтартануға қосқан зерттеулері, С. Қалқабаеваның Ә. Нұршайықов туралы, Г. Сәулембектің постмодернизм туралы зерттеулері аясында қарастырылған. Сонымен бірге Қ. Қайсақызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетте жүргізген «Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар Орталығының жұмысы туралы сұхбаты берілген.

«Тіл білімі: зерттеу әдістеме» деген екінші бөлімде А. Байтұрсынұлы, Абай аудармалары, М. Жұмабаев, І. Жансүгірұлы, Н. Оралбаева, Ф. Оразбаева, Д. Әлкебаева тәрізді ғалымдардың тіл біліміне сіңірген еңбектері қарастырылса, «Шығарма сыны» деген үшінші бөлімде Ж. Нәжімеденов, Қ. Ілиясұлы, З. Елғондинованың, Қ.Мұхаметқалиқызының

поэзиясы, Қ. Мұханбетқалидың «Тар кезең», Ә. Ыбырайымұлының «Ұяластар», Н. Ақыштың «Алтынсарин алауы» романдары, К.Матыжановтың «Ұыз тәрбие» зерттеуі, М. Қазыбектің «Қойбек би» эссесі, Е. Әбікенұлының «Министр» әңгімелер жинағы, Б. Болатханованың балаларға арналған «Менің жасыл әлемім» жинағы, студент жастардың «Жез қоңырау» жинағы туралы сын мақалалар топтастырылған.

Г. Орданың «Қазіргі қазақ балалар әдебиеті» монографиясында 1991-2021 жылдар аралығындағы қазақ балалар әдебиетінің даму бағыттары зерттелген [7]. Қазіргі балалар әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы балалар әдебиетінің бастау көзі болып саналатын халық мұрасы мен Абай, Ыбырай шғармаларынан бастап сөз еткен. Поэзия, проза, драматургия жанрлары бойынша шолу тараулар мен Мұзафар Әлімбаев, Оразақын Асқар, Тұрдақын Жексенбай, Сұлтан Қалиұлы, Өтепберген Ақыпбекұлы, Серік Асылбекұлы, Толымбек Әбдірайым, Ділдар Мамырбаева, Сәбит Дүйсенбиев, Сәуле Досжан, Заря Жұмановалардың шығармашылығына арналған тарауларда қазақ балалар әдебиетіндегі мазмұн мен түр жаңалығы бағамдалған. Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі қол жеткізген көркемдік-эстетикалық жетістіктер соңғы жылдарда жарық көрген жекелеген қаламгерлердің кітаптарымен, қазіргі қазақ балалар поэзиясының, әңгімелерінің антологияларына енген шығармалармен саралаған.

Е. Әлімжанның «Абайтаудың аржағы мен бержағы» портреттер, әдеби-сын мақалалар, сұхбаттар жинағы 2023 жылдың соңында шыққандықтан, 2024 жылдың тізімімен қолымызға тиді [8]. Үш бөлімнен тұратын кітаптың «Портреттер» бөлімінде Әулиеата жерінен шыққан Б. Момышұлы, Т. Әлімқұлов, Ш. Мұртаза, Ә. Тарази, М. Мырзахметұлы, Ә. Қалдыбайұлы, Д. Исабеков, Е. Елубаев, Пернебай Дүйсенбин, п.ғ.д. Есен Бидайбеков, Әміртай Бөрі тәрізді қаламгерлер мен композитор Әбдімомын Желдібаев, өнер қайраткері Әлібек Әмзеұлы, орман шаруашылығында 38 жыл қызмет еткен Сағатбек Барлыбаев, Қайрат Рысқұлбековтердің портреттерін жасаған.

«Жазушы жазу үстелінде құдіретті» деген сұхбаты мен әдеби-сын мақалаларында қазіргі әдебиеттің түрлі мәселелері көтерілген. Қазіргі прозаның аяқ алысы туралы «қазақ прозасы тоқырауда ма?», абайтануға қатысты М. Мырзахметұлы еңбектері жөніндегі «Абайды танудың ауыр жолы», И. Жеменейдің зерттеулері туралы «Абайтаудың аржағы мен бержағы», Б. Момышұлы туралы «Александр Бек пен Бауыржан Момышұлының келісім-шарты әдебиет әлеміндегі бірегей құжат», «Бауыржан Момышұлының айтылмаған ерлігі» мақалаларында қаламгерлер туралы тың деректерге кездессек, туған жер туралы «Ежелгі түркілер көк тәңірінен не тілеген?», «Ұлбикенің көші» мақалаларында өткен тарихымыздан сыр шерткен. Кітап мазмұны театр сыншысы Яхия Шынәсілұлы туралы «Орны бөлек Яхия», бүгінгі өміріміз туралы «Қылмыстың «жаны» қайда?» мақалалармен толыққан.

Н. Жанұзақұлының «Бағдаршам» жинағының мазмұнын «Тұлға және уақыт», «Қаламгер және қаламдастар», «Күнделікке түскен жазбалар», «Басылым – қоғам жаршысы» деген бөлімдер қамтиды [9]. Бөлімдердің атынан көріп отырғанымыздай, әр бөлімге белгілі тақырып аясындағы мақалалар жинақталған. Автор Абай, М. Әуезов, Т.Қабаев, Е. Тілепбергенұлы, Н. Оразалин, М. Шаханов, М. Мақатаев, Б. Сарбалаев, З.Жұманова тәрізді қаламгерлердің шығармашылығы туралы мақалаларында қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінін бағамдаса, социалистік дәуірдің әдебиеті туралы толғаныстарынан сөз өнері, поэзия туралы ойлары байқалады. Сонымен бірге екінші бөлімге қаламгер туралы Б.Сарбалаұлының «Жүректен аққан жыр-бұлақ», Б.Мұсаұлының «Сертке бермес сөздеріне сенемін!», Д. Әлбозымның «Заманымыздың адамы және заманымыздың кітабы», Н. Құдайбергеновтің «Ескірмейтін есті сөз» тәрізді замандастарының пікірлері жинақталған.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз еткен зерттеулердің бір сыпырасы –оқулықтар болса, екінші парасы – зерттеулер, үшіншісі – әдеби-сын мақалалар жинағы. Осы еңбектерден әдебиетті насихаттау мен зерттеуге әдебиеттанушы ғалымдармен бірге ақын, жазушылар да өз үлесін қосып жүргенін көруге болады. Абайтану саласында үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Ж. Дәдебаевтың оқулығымен жоғары оқу орнының студенттері білім алып жатса, Қ. Мәдібаева Абай мектебін зерттеумен айналысып келеді. Бір жылда шыққан бірнеше зерттеуге

ортақ қасиет – бүгінгі әдебиетті сөз ету үшін Абай мұрасына сүйену. Ұлттық әдебиеттегі дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдық туралы сөз еткенде, міндетті түрде Аабайға жүгінетінімізді жоғарыдағы зерттеу еңбектер растайды. Бұл қатарға жыл сайын М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарып жатқан ұжымдық монографияларды қосуға болады.

Мақала М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 2025-2026 жылдары атқарып отырған BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» мақсатты бағдарламасының «Әдеби өлкетану» тақырыбы аясында орындалды.

Әдебиеттер

1. Дәдебаев Ж. Абай антропологиясы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2024. – 320 б.
2. Оразалин Н. Биіктік. Мақалалар, эссе, толғаныстар. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ., 2024. – 432 б.
3. Оразалин Н. Кеңістік. Мақалалар, эссе, толғаныстар. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ., 2024. – 472 б.
4. Қазыбек М., Қазыбек Р. Қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикалары. – Алматы: Дарын. 2024. – 168 б.
5. Мәдібаева Қ. Ғалымхат. Қайым Мұхамедханұлы: Портрет-эссе; ғылыми толғам. – Алматы: ЖШС «ЛАНТАР BOOKS», 2024. – 227 б.
6. Мәдібаева Қ., Мұхамеди Қ. Ой орамы: оқу құралы. – Алматы: «KEMEL KITAP» баспасы, 2024. – 590 б.
7. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті (1991-2021 жж.): Монография. – Алматы: Тоғанай, 2024. – 320 б.
8. Әлімжан Е. Абайтаудың ар жағы мен бер жағы. Портреттер, әдеби-сын мақалалар, сұхбат. – Алматы: «Abai» baspasy, 2023. – 304 б.
9. Жанұзақұлы Н. Бағдарлам. – Алматы: «АнАрыс» баспасы, 2024. – 400 б.

FTAMP: 16.21.55

А.Б. Салқынбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., asalkbek@gmail.com

ОН БЕСІНШІ «ҒАҚЛИЯ»: АҚЫЛДЫ-АҚЫЛСЫЗ КІСІНІҢ ПАРҚЫ

Біз таныған әлемде, сөз жоқ, басты құндылық – АДАМ. Адам әлемдік деңгейдегі ұлы ғұламалардың бәрінің қаламының ұшындағы басты мәселе болған, өйткені Адам – таным дүниесіндегі басты құндылық. «Адам» ұғымының құндылығы туралы айту ойдағы абстракция мен нақтылықтың арасындағы күрделі байланысқа назар аударуды қажет етеді. Адамның өзіндік құндылығын анықтау тек философиялық пайымдаулар мен моральдық құндылықтарға ғана қатысты емес, қоғам мен табиғаттағы орнына да байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, адам құндылығы абстрактілі әмбебаптықтан нақты қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік тәжірибелерге дейінгі аралықта қарастырылуы тиіс.

Адам баласы – өз өмірінің қожасы. Сана деңгейінде әрбір жеке тұлға өз жолын өзі таңдамақ. Абай Құнанбайұлы бұл туралы «Он бесінші сөзінде» «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің парқын» танудың ерекшелігі мен сипатын таныта жазады. Абай адам жаратылысында болатын «дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайтын» қасиетін ерекшелей атап көрсетеді: «Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен» [1]. Абай қолданып отырған «қызық» сөзі көп

мағыналы. Байқап отырғанымыздай, «қызық», «қызықты нәрсе», «қызықты уақыт», «қызық көру», «құмарлану» тұлғалары арқылы берілген «қызық» ұғымының мәні терең. Қазақ дүниетанымында ертеден қалыптасқан «қызық көру», «отбасының қызығы», «баланың қызығын көру», «жар қызығы» т.б. сынды атаулар арқылы анықталатын «қызық» ұғымы күнделікті әлемнің қарапайым тілдік бейнесінде адамға тән қарапайым «бақыт» ұғымымен мәндес. Одан өзге «қызық» ұғымы әлеуметтік назардың шоғырлануын аңғартатын, яки, болып жатқан әрекетті, жағдайды қызық көру, тамашалау мақсатындағы әлеуметтік топтың бағдарын танытатын, пайдаға деген ұжымдық ұмтылысты белгілеу үшін де белсенді қолданылады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «қызық» ұғымы объективті заңдар мен адамдардың іс-әрекеттері арасындағы байланыс көмегімен ашылатын негізгі әлеуметтік және құқықтық категория ретінде танылады. «Қызығушылық» сөзі енді «мүдде» мағынасына ауысып, жаңаша мәнге ие болып, әлеуметтік және жеке іс-әрекеттердің нақты жоспарлы мақсатты көздеуін анықтайды. Қызығушылығы бар тұлға белгілі әрекеттің бағытын анықтап, өз мүддесінің жүзеге асуы үшін тер төгеді.

Абай Құнанбайұлы айтып отырған «қызығу» ұғымы жеке тұлғаға ғана қатысты емес, оның әлеуметтік те мағынасы мен маңызы бар. «Қызық» ұғымының қоғам өміріндегі рөлі ескі заманнан бері ғалымдардың назарында болып келеді. Мысалы, он сегізінші ғасырдағы француз философы, революциялық буржуазияның идеологы Поль Анри Гольбах: «Қызық дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, біздің әрқайсымыз бақыт үшін қажет деп санайтын нәрсе», - деп атап көрсеткен екен. Ол адамның мінез-құлқын, көздейтін мүддесі мен пайдасын қалыптастырады деп есептеген. «Бірде-бір адам мүддеден құр қалмайды, адамдар өз мүдделеріне қарсы шықпайды» деп жазады. Гольбах қызығушылықты «көз алдында әрбір заттың бейнесін өзгертетін» күдіретті сиқыршы деп атады. Гольбахтың ойынша, «қызық» – адамның өміріндегі маңызды фактор. Қызыққа негізделген әрекеттер адамның дамуына, білім алуына және қоғамдағы өз орнын табуына ықпал етеді. Гольбах ғылым мен білімнің маңызды екендігін, сол арқылы адам табиғатын, қоршаған ортаны түсіну мүмкіндігін атап өтеді [2]. Сонымен қатар, философ «қызықтың» қоғамдағы мораль мен этикаға әсерін де қарастырады. Адамның қызығушылықтары мен әрекеттері қоғамдық құрылымдарды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын түсінеді. Оның материалистік көзқарастары «қызық» пен моральдың арасындағы байланысты терең түсінуге көмектеседі.

Батыс ғалымдарының біразының еңбектерінен хабардар Абай данышпан «қызық» сөзін осындай әлеуметтік категория ретінде танығаны анық. Өйткені бұл ұғымның жаратушы жаратқан кез келген «пендеге» де қатысты екенін атап көрсетіп, қызықпайтын адам болмайтынын, ақылды мен ақылсыздықтың парқы осы қызығушылықтың не нәрсеге арналғанына сәйкес анықталатынын атап жазады.

Қазіргі қоғамдық қатынастардың дамуы жағдайында «қызығушылық» категориясын жан-жақты талдау ерекше маңызға ие болады, өйткені қоғамдағы әралуан мүдделерді үйлестіру, жеке мүдделердің мемлекеттік мүдделерден басым болмауын қамтамасыз ету мәселесін табысты шешудің жолдарын қарастырудың өзектілігі бар. «Қызығушылық» категориясын талдаудың, құқықтың механизмдерін жасаудың бүгінгі қазақ қоғамы үшін өзектілігі анық. Мұның жалпы қоғамдық қатынастарға да жеке тұлғаның мінез-құлқы мен ділін танып, зерделеуге де әсері болады.

XXI ғасырдың басындағы ғылыми зерттеулерде «қызығушылық» түсінігі әлеуметтік талдаудың ұтымды себебін, өзара қарым-қатынастардағы жеке тұлғалардың ниетін түсіндіру үшін, әлеуметтік талдаудың микродеңгейінде де, сондай-ақ макродеңгейінде де әлеуметтік преференциялардың белгіленген өрісін, шекараларын белгілеу үшін қолданылады. Америкалық зерттеушілер М. Пейлон мен Р. Сведберг «қызығушылық» ұғымын тұжырымдама ретінде тани отырып, оның эвристикалық әлеуеті соңғы жылдары айтарлықтай жоғары болып отырғанын жазады [3, 4]. «Қызығушылық» ұғымы әлеуметтік топтың бағдарын және пайдаға деген ұжымдық ұмтылысты белгілеу үшін белсенді жұмсалуда.

Ал ұлы Абай Құнанбайұлы XIX ғасыр аяғында «қызық» ұғымын қазақ ғылымына әкелген. Ақын қолданған «қызық» сөзінен «ниет», «мүдде» ұғымдарының мағыналарын да

анықтауға болады. «Қызық» атауы жеке тұлғаға қатысты қолданып, әлеуметтік мәні мен сипаты көрініс табады. *«Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен»* [Он бесінші сөзінде].

«Қызығу» ниеттің болуы, орындалуы мен нәтижесі негізінде айқындалған:

- адам бір нәрсеге қызығады;
- сол қызықты іздейді;
- қызықты іздеуі өмірінің ең қызықты уақыты болады;
- өмір бойы есінде қалады.

Есті адамның «қызығының» сипаты мен мәні:

- қызықтың орындылығы;
- қызыққа құмарланып іздеуі;
- көңілі қалайды: айтса – құлақ, ойланса – көңіл сүйсінеді;
- қызыққа кеткен уақыттың өкініші болмайды.

Байқап отырғанымыздай, «қызығушылықтың» табиғаты туралы далалық көзқарас пайда болды: ол субъективті немесе объективті құбылыс ретінде және объективті және субъективті бірлік ретінде ұсынылды. Әдетте, психолог ғалымдар «қызығушылықты» жеке тұлғаға тән субъективті құбылыс ретінде қарастырып, сананың объективті шарттылыққа ие ерекше бағыты деп санайды. Білімнің басқа салаларының өкілдері де қызығушылықты субъективті деп санайды. Абайда да солай. Орынды іске «қызығудың» иесі есті кісі – яки, субъект.


Осы «қызығушылық» иесі есер кісі болуы да мүмкін деп танытады Абай.

Есер кісінің ниеті, орындалуы мен нәтижесі:


- орын таппаған кісі;
- баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығуы;
- өмірінің қымбат шағын ит қорлықпен өткізіп алады;
- соңы өкінішпен аяқталады.
- Есер адамның «қызығының» сипаты мен мәні:
- жас шағында бір қызық тауып алатындай кісімсіп, мықтысыну;
- жас болып жүре беретіндей уақытты бағаламауы;
- буыны босамастай, денсаулығын бағаламауы;
- ойлаған «қызығын» соңына дейін қуа алмау;
- екінші талапқа қайрат қылуға жарамау.

«Қызығушылық» ниет, мүдде орындалуы үшін жеке субъектінің мінезі мен ділі тұрақты да, байламы тиянақты болуы маңызды дейді дала тағылымына негізделген Абай тұжырымы.

Абай тұжырымын кестеге салсақ, онда анық байқалады:



1-кесте. Есті адамның «қызығуындағы» психикалық күй.



2-кесте. Есер адамның «қызығуындағы» психикалық күй.

«Әрнеге әсемпаз болып» әр нәрсеге қызыға беру, яки «мүдде», «ниет», «қызығушылық» ұғымын елеске айналдырып алып, құмарлық дертіне шалдыққандай, мастыққа шалдыққандай болатындардың да кездесетінін «қызығушылықтың» үшінші сипатына жатқызады Абай.

Қызығу құмарлыққа алмасқанда Абай көрсеткен «қызығудың» мынадай деңгейлерін бағамдауға болады:



3-кесте. «Қызығу» құмарлыққа алмасқанда жеке адамның психикалық өзгерісі

«Қызығудың» реті мен жөні ақылға бағынып, ішкі қажеттілік мазмұны мен әлеуметтік көзқарастарға, қоғамдық сырт пікірге бағынып тұруы керектігін зерделейді Абай Құнанбайұлы. Қызығудың объективті-субъективті түсіндірмесі іс жүзінде субъективті, өйткені, қызығушылықты субъектінің өзі объективті қажеттілігі ретінде түсінеді. Іс жүзінде бұл қызығушылық сырт көздің субъективті түсінігі арқылы бағаланбақ: *«Әрбір мастық бойдан ағатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен»* [Он бесінші сөзінде].

Абай Құнанбайұлы «қызықтың» субъективті екенін көрсете отырып, қоғамда өмір сүретін жеке тұлғаның тым мастыққа салынып, құмарлықтың шыңына шығуы *«бойды сынататұғын нәрсе екенін»* ашық жазады.

Демек «қызығушылық» категориясын бағалаудың мынадай сапалық деңгейі болатынын байқауға болады:

- 1) біреуге немесе бір нәрсеге назар аудару;
- 2) ойдың объектіге басым шоғырлануы;
- 3) біреудің немесе бір нәрсенің игілігін құрайтын нәрсе; қажеттіліктер;
- 4) пайда; табыс;
- 5) біреудің ойының, сөзі мен уайымының басым мазмұнын құрайды;
- 6) сырт көздің сынайтын құмарлығына айналу.

Қызығу құмарлыққа айналып, субъектінің қажеттілігі шегінен шығып кеткен жағдайда, *«есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді»*. Ал ақылға ден қоймай, табыс пен пайданы місе тұтпай, мастануға жол бергендер есерлікке салынбақ, *«ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі»* [Он бесінші сөзінде].

«Қызықтың» бұлайша бағалануының психологиялық астары анық. «Қызыққа» құмарлық адамды әр түрлі психологиялық ауытқуларға жеткізуі де мүмкін. Есті кісілер өз «қызығушылығынан» тапқан табысын көргенде, ақылмен қабылдап, дамыту тетіктерін іздеп тауып, көпке қызмет етуін қарастырады. Ортақ игілік пен жеке басының баюы арасындағы қатынасты айқын бағамдап, әмбебаптық пен даралықтың бірлігін зерделей алып, өз мүддесін де, көп мүддесін, ел мүддесін де қамтамасыз ете алатын ақылды тұлғалар бар. Бар тапқанын өз өңешінен өткізуді ойлайтын өзімшілдерді Ақын «есер кісілер» деп бағалап, қолы жеткен «қызықтарын» оң бағалай білмеуін әжуа етеді.


Абай айтқан «қызық», «қызығу» бүгінгі ғылыми әдебиеттерде кеңінен талдануда. Мұны «қызығушылық» терімсөзімен атап, танытар болсақ, қазіргі кезең үшін де Абай атаған «қызық» ұғымының мәні тереңдеп, дамытуды қажет етпек. Мәселен, бюджет қаражаты мен

мемлекеттік мүлікті заңсыз иемденгісі келетін жоғары лауазымды тұлғалардың «қызығуы» болатынын еш қоғамда еш мемлекетте жоққа шығармайды. «Қызығушылық» тұжырымдамасы мемлекеттік мүддені қорғайтын заңдар арқылы дәйектелуі тиіс. Мемлекеттік биліктің өзі ғана мемлекет мүддесін ойласа, ал азаматтар жеке мүддесін ойласа, келісім мен мүдде тепе-теңдігінің туындауы екіталай.

Біздің қазіргі өзімізді танып, бағалауымыз бен ғылымды дамыту үдерісімізде тарихи қалыптасқан рухани дүниетанымның кемел мектебі, рухани мықты өткелі – Абай ілімі. Абай ілімі – бүгінгі гуманитарлық ғылым салалары үшін кемел мектеп, бүтін университет. *«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?»* – деген сауалы әр заман үшін өзекті болмақ [Он бесінші сөзінде].

Әлемді танып, білу үшін, әлем бейнесін жүрегінде саралап, санада орнықтыру үшін, ақылмен оны бағалау үшін «мен үшін – мұнда – қазір» деген ұстаным тұрғысынан білімнің тұрақты эмоционалды және бағалау тәжірибесі қалыптанады. Дүниені танып-білудің тәжірибесі жеке тұлға санасында қабылдана отырып, оның ішкі рухани болмысы мен дүниетанымын анықтайтын басты түсінігіне, негізгі талабына айналмақ. Данышпан Абай нұсқаған *«есті кісі ретінде өзіңнен өзің есеп ал»* деуі осының мазмұнын анықтаудың бастапқы белгілері, саралаудың, сарапқа салудың, ең бастысы, ойланудың талабы. *«Күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал»* деуі қазіргі когнитологиялық ғылыми еңбектерде терең зерттеліп жүрген жеке тұлғаның қалыптасуындағы бағалау категорияларының құрылымы мен принциптерін анықтауда маңызды саналатын уақыт аралығында өз әрекетін бағалау.

Айналаңда болып жатқан күнделікті әрекеттерге баға беру, өзің таныған әлем бейнесі туралы білімді зерделеу үшін өзіңе-өзің есеп беру деген сөз. Санадағы эмоциялық, бағалаушы және стереотиптік білімдерді қайта ақыл сүзгісінен өткізу, жүрек қалауымен қабылданар шешімді жүйелеу.



4-кесте. Санадағы білімді, қабылданар шешімді өзіңе-өзің есеп беру арқылы жүйелейтін Абай кестесі

Мұндай уақытты белгілеудегі мән қандай? Чарльз Филлмор қағидасы бойынша қалыптасқан білімдегі әдепкі мән, яғни санада қабылданған стереотиптік білім әрқашан қоршаған дүниенің нысандары мен құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастың сипаты арқылы жаңартылған білім ретінде қабылданады [5]. Алынған білім (күнделікті жағдай арқылы алынған әртүрлі ақпарат) ақиқат шындықтың субъективті концептуализациясының нәтижесі болмақ. Яки, жеке тұлға ақиқат жағдайды, шындықты өз білім-білігімен, өз түсінік-пайымымен қабылдайды, тарихи қалыптасқан халықтық дүниетаным мен нормалар негізінде саралайды. *Есті кісі ретінде өзіңнен өзің есеп алудың* мәнісі – ойлану. Данышпан Ақынның

«Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?» деуі осындай бағалау жүйесін қамтиды.

Өміріңді қалай өткізіп жүрсің? Сенің тірлікте жасаған әрекетің *«не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды ма?»* деген сұрауды қойған Абайдың діттегені ділмарлық таныту емес еді, әрине, оқыған кісіні ойға шақыру болатын. Уайым-қайғысыздығына уайым қайғы еткізу. Сары уайымға салғызу емес, тірлікте өтіп жатқан әр күніндегі әрекетіне есеп беруін, әрекетінің бос, өзінің қуыс кеуде болып дүниеден өтуден сақтандыру, уақытын босқа өткізуден сақтандыру. Тірлігі *не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды* болу үшін өзіне-өзі есеп беруі. Өміріңнің білімге не ахиретке, е дүниеге жарамды болуы дегенді қалай түсіндіруге болар еді?

Өміріңнің білімге жарамды болуы – жас кезіңнен білімге ұмтылу, білуге ұмтылып, ғылымға жету. Өзіңді тану, өзіңді тану арқылы жаратылыс заңдарын білуге ұмтылу. Бұл – данышпанның бүкіл шығармашылығына тән басты лейтмотив. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» атты атақты өлеңінен бастап, оқу мен білімнің сарқылмас бұлағынан құр қалмауды қазақ баласына үндеумен болды. Білім, ғылым, өнер – Абай заманы үшін де, әр заман үшін де аса қажет әрі маңызды ұғым. Ақынның Ақыл сөздерінде «ғылым» сөзі – 97 рет, «біл» – 219 рет қайталанған. Абай шығармаларындағы «ғылым» ұғымын тереңнен бағамдағанда, «білім» және «ілім» деген тармаққа бөлінетінін аңғаруға болар еді. Ақын өз сөздерінде «ғылымды» адамға ғайыптан қонатын құбылыс ретінде қарамайды, жан қуаты негізінде жиган нәрсе деп ұғады. Ол үнемі ізденумен, талмай еңбектенумен, оқып үйренумен келеді деген қорытынды жасайды. «Ғылым» ұғымы өмірдің қыры мен сырын тануға, жаратылыс заңдарын зерделеуге, өзіңді тануға бағытталған, бес нәрсеге ғашық болып, «талап», «еңбек», «терең ой», «қанағат», «рақым» арқылы өз өміріңді мәнді етуге боларлық ұғым ретінде танылады. Қоршаған ортаны, айналаны терең түсіну ғылымды терең игеру арқылы қалыптасатынын айтқан. Ғылым игерудегі негізгі мақсат – «талап», «еңбек», «терең ой», «қанағат», «рақым» арқылы табиғат заңдылықтарын зерделеп, талдап, анықтап, қоғамның материалдық және рухани қажеттілігіне бағындыру. Абайдың ұғымындағы ғылым – өркениеті озық, мәдениетті мықты елдерден үйрену арқылы сол ғылымды ұлт қажетіне жарату. Өз бойындағы білімді үнемі жетілдіру туралы Абай патша сөзінде де, Ақыл сөзінде де көп айтады, ғылымға үстірт қараудан сақтандырады, яғни ғылым тек жан-тәнімен берілген, салмақпен, табандылықпен қараған адамға ғана қонатындығын ескертеді.

«Біл» – ғылым ұғымының *тұрақты мәні*. *Тұрақты мән* терімсөзі әрбір ірі ұғымның негізінде жататын архи мағына. Тұрақты мән анықтайтын ұғымның грамматикалық, танымдық мәні ерекше маңызды болады.

Абайдың мына бір жұмбағына көңіл бөліп көрелік:

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,

Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.

Жан құмары дүниеде немене екен?

Соны білсең – әрнені білгендерің.

Шешуі: Білмекке құмарлық.

Абай шеберлікпен берген бұл жұмбақтың жауабы «біл, білу» тұрақты мәнінің өрісінен «ғылым» ұғымының танымдық деңгейі өседі. Ғылым «білмекке құмарлықтан» шығады. Мұндағы «білмек», «білмекке құмарлық» тұлғалары Абай шығармаларының тілінде ерекше көзге түсетін -мақ, -мек жұрнақтары арқылы жасалып, ерекше мәнге ие болады. «Білмекке құмарлық» тіркесі Абай шығармаларындағы «біл» тұрақты мәнінің өзегін құрайды да, концепт деңгейіне көтеріледі. Ақын қолданысындағы «біл» тұрақты мәніне зер салып көрелік:

Баламды медресеге біл деп бердім.

Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

*Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.*

*Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.*

«Біл деп бердім» деген Абай ойының астары терең, мұнда «біл» сөзіне жүктеген толғамының терең, әрі мазмұнды екенін аңғарамыз. Ғылымға көңіл бөлудің мәнісін Абай «білгендердің сөзіне махаббатпен еруден» тұратындығын ашады. Жоғарыда талданған «біл» бұл жерде астарланған ойды кеңейте түседі. Хакім Абай сол кезеңде қазақ жеріндегі тұтас ғылымның жоқ екендігіне қарамастан, оның танымдық, аксиологиялық белгілері мен ғалымның қажеттілік мақсатын көрегендікпен зерделеген.

Ғылым-білім туралы Абай қолданатын сөздердің бірқатарын араб-парсы тілінен енген сөздер құрайды. Араб-парсы тілі сөздерінің тілімізде жұмсалуды төмендегідей:

- сөздің өн бойында тура мағынаның сақталуы;
- бастапқы сөз о бастағы лексикалық мағынасын жоғалтып, екінші, үшінші мағыналарға ие болуы;
- о бастағы мағынаның күңгірттеніп, мүлде жаңа мағынада қолданылуы.

Мәселен:

*Білгенге маржан,
Білмеске арзан
Надандар баһра ала алмас.*

«Абай тілі» сөздігінде «*баһра*» сөзін «ләззат, әсер» деп аударған. Ал, зерттеуші Ж.Есеналиева өзінің «Абай және шығыс тілдері» атты монографиясында бұл мағынада қолданылуы туралы өз пікірін басқаша айтады. «Парсы тіліндегі «*бәһра*» сөзі көп мағыналы: часть, доля; польза, выгода; прибыль; Абай бұл фарсизмінің бірінші мағынасын емес, екінші «пайда» мағынасын қолданған. Араб, парсы сөздерінің семантикалық структурасының кеңеюі, жаңа ұғымдарды беруде өзінің алғашқы мағынасын жоғалтуы ол сөздердің өте ертеден бастап енгенін көрсетеді» [6. 18].

Ақын шығармасында жиі ұшырасатын «артық білу» тіркесі жаңаша мән алады. «Артық білу» тұлғасы да – автордың өзіндік төл қолданысы. Абай айтқан ғылымның баспалдағы болатын бұл ұғымдар ақыл сөздерінде де төмендегідей өрбиді: «Біреуі – білсем екен демеклік. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз. Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз» (Жетінші сөзден). «Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» (Отыз екінші сөзден). «Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби – оны білмек керек. Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам» (Қырық үшінші сөзден).

Артық ғылым іздеген адам өз орнын тауып, бір кетікке кірпіш болып қаланары анық. Жаңаны білуге, білгенді берік бекітуге ерінбеу маңызды. Абайдың ғылымға бағыттаған баспалдақ жолы осы деп білеміз. Бір ғалымды көріп, соның ілімі, білімі көңіліңе жақса, білмегенін сұрап, талаптану – нұсқаған ғылымның бастаулары осы әрекеттерде жатыр.

Абай Құнанбайұлы меңзеген білім мәселелері ХХІ ғасыр басындағы ғылым мен білім цифрлық технологиялар призмасы арқылы дамыған кезде ерекше өзекті бола түседі. Гуманитарлық ғылымдардың антропологиялық парадигмасында көтерілген білім мәселесін зерттеудің жоғары дәрежесіне қарамастан, ақын шығармаларындағы білім мен ғылым жайындағы көтерілген мәселелердің өзектілігі туралы лингвокогнитивтік контексте айтуға болады. Ғалымдар таным мәселесін антропология ғылымдарының ғылыми парадигмасы сипатында да қарастырады. Дегенмен, тіліміздегі «білім» ұғымының лингвокогнитивтік және лингвомәдени аспектілері әлі де терең зерттелмеген. «Білім», «ғылым» ұғымдары – қазақтың

тілдік санасы үшін ұлттық маңызы бар мәселе. Абай көтерген білім мен ғылымның қажеттігі мен өзектілігі негізінде «білім» ұғымын сипаттайтын лексикалық құралдар мен олардың негізінде жасалған сөз тіркестерінің лингвокогнитивтік және лингвомәдени сипатын анықтау және талдау маңызды. Яғни, «біл», «артық білім», «ғылым табу», «ғылым бағу», «білгенге маржан», «білгендердің сөзіне еру», «білгенді үйрету», «білмегенді сұрау», «білімнің пайдасы», «ғылымға құмарлық», «ғылымды білмек», «білім-ғылым үйренбек», «білім-ғылым табылса», «ғылым жолы», «ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты», «ғылым-білімге махаббаттандырмақ», «ғылым - Алланың бір сипаты», «ғылым-білімнің хақиқаты», «ғылым құдіреті», «надандық - білім-ғылымның жоқтығы», «есепсіз ғылымның жолдары», «ғылым – кәсіп» деген Абай жасаған атаулар мен сөз тіркестерінің әрбірінің мағынасы мен мәнін талдау, түсіну қажет. Өйткені қазақтың әлемнің тілдік бейнесінде «білім» ұғымының танымдық ерекшелігі мен мәні осындай атаулар негізінде қалыптасып жасалады да, ұлттық болмысының ерекшелігін айқындайды. «Даму», «бостандық», «келешектің жарқын болуы», «өркениетке жету» сияқты ұғымдардың бастау көзі де осы «білімнің» өмірге жарамды болуымен тікелей байланысты.

Абайдың «Ақыл сөзінде» айтылған «*өмірді білімге жарамды ету*» қазіргі таңда қазақ ділінде ұлттық танымдық сананың басты құндылығы болып отыр. Білім мен ғылым қазіргі қоғамда Еліміздің жаңаша дамып, әлеуметтік-саяси сахналарда лайықты орын алуына мүмкіндік береді.

Өміріңнің ақиретке жарамды болуы. Ақырет – белгілі бір әрекеттің ақыры, соңы мағынасы негізінде жасалған синтагмалық тіркес. Бұ дүниеге қарама-қарсы танылатын о дүниедегі өмір, мәңгілік өмір, бақи өмір мағынасында қолданылады. Ақырет – ислам дүниетанымындағы басты ұғымдардың бірі. Өлімнен кейінгі өмірдің жалғасы ретіндегі ақырет мәселесі адамзатты үнемі толғандырып келе жатыр. Ең ежелгі мифтен бастау алатын адамзаттық таным мен діндердің өзегін құрайтын өлместікке, ақиретке деген сенім. О дүниедегі мәңгілік өмір идеясының қайнар көзі жанның құдайдан шыққанына, оның уақытша және жойылмайтындығына сену болды. Бұл мәселе діни дәстүрлерде толығырақ ашылғанымен, философиялық дискурста бұл мәселені Платон, Эпикур, Р. Декарт, Д. Юм, П. Гольбах, марксистер мен орыс материалистік ойшылдары көтереді. Өлім мен өлместік мәселесі адамдар үшін әрқашан өзекті болды, жеке және философиялық рефлексияның нысаны болды. Қазіргі қоғамдағы өлім тақырыбы десакрализациялануда – «өлім жаппай жұту объектісіне, үздіксіз симуляцияның сүйікті медиа объектісіне айналды».

Өзіне есеп беріп отырғанда «ақиретке жарамды болуың» дегендегі Абайдың айтары қазақ дүниетанымында қалыптасқан дүнияуи ойлармен төркіндес. Яки жан дүниеңнің тазалығы, иманыңның кәмілдігі, арыңның тазалығы, адамға жасаған жақсылығың, істегені ізгі істерің болса керек.

Адам өмірі – кез келген қоғам үшін басты құндылық. Өз өмірі – кез келген адам үшін басты құндылық. Кез келген мемлекеттің қызметі өз азаматтарының өмірін сақтауға және ұзартуға, азаматтарды сыртқы қауіптерден қорғауға және олардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Бұл қызметтің ауқымы тек экономикалық емес, сонымен қатар интеллектуалды және рухани деңгейде өсіру, дамыту болмақ. Қазіргі уақытта, ғасырлар тоғысында ғылым, әсіресе оның әдіснамалық бөлігі ғылыми парадигманың өзгеру және түрлену процесін бастан кешіруде. Бұл, ең алдымен, философияға қатысты. Айқын өзгерістер философияның ғылым ретіндегі мәртебесінің өзгеруінен басталады, ол дәстүрлі түрде болмыстың және білімнің дамуының ең жалпы принциптері мен заңдылықтары туралы ғылым ретінде анықталады. Философия «Әлем – адам» қатынастар жүйесін зерттейді. Қазіргі жаһандық дағдарыс дәуіріндегі «өлместік» ұғымын зерттеу өзекті, өйткені ол біздің мәдениетіміздің, діліміздің, тіліміздің дамуына, болашағына қатысты сұрақтарға жауап бере алады.

«Өміріңнің «дүниеге жарамды» болуы». Өмір жайында сұрақ та көп, жауап та жоқ емес. Данышпан Абай үшін өмірдің «жарамды» болуы, өзіне есеп бергенде, соның жауабының мәнді болуына тікелей байланысты болмақ. Әлемдік ғылымда «біз қалай өмір сүруіміз керек»

деген философиялық идеялардың ішінде маңыздысы «Жақсы өмір – қарапайым өмір» деген тәмсіл. Шығыс ойшылдарынан бастап, екі мың жылдан астам уақыт бойы осы мағыналы ой адам баласының тірлігінің мәнін табуына қызмет етіп келеді.

«Дүниеге жарамды» болу ұғымының да сыры мен мәні терең. Абайдың осы қолданысындағы «дүние» сөзінің мағынасы – «тірлік», «тіршілік», «өмір». Абай «ақирет», «дүние» сөздерін қатар қолдану арқылы олардың оппозициялық мағынасындағы ұғымдардың ерекшелігін танытады. Құдай жаратқан адам баласының (субъектінің) бірі – бұ дүниедегі, бірі – о дүниедегі өмірінің байланысар, жымдасар тұсы бар. Ол – адамның бұ дүниедегі істеген ісі, жасаған әрекеті. Моральдық ізгілікке, адамгершілік пен мейірімге, ар мен ожданға, Абайдың өзі айтқандай, *«жүректің сөзіне бас йіп»* тірлік кешкендер – қарапайым адами болмысын сақтап, ынсап пен қанағатты естен шығармай, барына місе тұтқандар. Рас, қазақ тарихының көп бөлігінде жалпы жұртқа үнемді тірлік етіп, барын базарлап, қарапайым таңдау жасау – қажеттілік болды. Адамның рухани аштығы мен тоқтығы барлықпен де, жоқтықпен де өлшенбек емес. Ұрлық пен зорлық, арысздық пен имансыздық, надандық пен өтірік айту сынды қасиеттерді байлық бүркей алмайды, жоқтық та жаба алмайды. Тек оның бір ғана тоқтамы – әр адамның өзінің АРЫ. Ары мен ұяты алдында жауап берері. «Есті кісі қатарында болғың келсе, ... өзіңнен өзің есеп ал» деудің де мәнісі осы өз арың мен өз ұятыңның алдындағы жауабың.

Қазақ халқының ізгілік пен игілік қақында тарих қойнауының сүзгісінен өткен дәстүрлі стандарттары бар. Ол, әсіресе, халықтық мақал-мәтелдер мен ғұламалардың нақыл сөздерінде сақталған. Ұлтымыздың рухани тарихында ізгілік пен кісілік туралы айтылған бай мұра бар, дәстүрлі рухани, мәдени құндылығымызды білуге ынталандыратын, жігерлендіретін, оң жолға бастайтын терең ілім бар. Өкініштісі, заманауи мәдениет пен жаңа өркениет үлгілері бізге тұтынушылық сананы сіңіріп жатыр, ойлану үдерісінде жүрек сөзінен гөрі, ақыл тілін алуға батылырақ үндейді.

Қазіргі заманға дейінгі қалыпты уақытта данышпандардың айтуын көңілге тоқу мен адамдардың өмір сүру принциптері арасындағы айырмашылық онша үлкен емес еді. Қазіргі жаһандану адамдардың санасына ерекше толқыныстар туғызды. Рас, молшылық, береке – адам өміріне қажет, маңызды фактор, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, бірақ ең бай молшылық бізді соғыс, аштық, ауру, әділетсіздік және тирандардың қатыгездігі сияқты бақытсыздықтардан қорғай алмайды. Тарихта мұндай деректерден аяқ алып жүре алмайсыз. Стоик философы, Римдегі ең бай адамдардың бірі Сенеканы Нерон өлім жазасына кескен... Ал, Махамбет пен Абай тағдыры ше? Кеңес кезеңіндегі байлығы мен билігі үшін саясат тәлкегіне түскен тағдырларды кім біліп, кім ескеріп жатыр...

Қазіргі көптеген бай адамдар үшін қарапайым өмір қызықсыз болып көрінер, бәлкім, алайда қарапайым да адал тірлік қарабайырлық емес...

ӨМІР ұғымын зерттеу, зерделеу, өмірді түсіну, өмірге деген көзқарасты салыстыра да салғастыра қарастыру барысында ұғарымыз – кез келген мәдениетте қарым-қатынастың этноспецификалық нормалары мен қалыбы (стереотиптері) бар. Сондай-ақ бұл нормалар ділді (менталитетті) айқындайтын адам мінез-құлқының бағдары саналады. Әлемнің өзіндік тілдік бейнесін таңбалайтын қазақ тіл мәдениетінде ӨМІР ұғымы ерекше рөл атқарады. Өмір – адамның тірілігі. Адамның діни танымы үшін бұ дүниедегі өмірдің мәні тек бұ дүние үшін ғана емес, о дүние үшін де маңызды. Жасаған жақсы амалдар мен алған сауабыңыз ақиреттің де жемісі дейді дін иірімдері.

ӨМІР тұжырымдамасының концептуалды негізін мынадай тұтастық белгілердің жиынтығы ретінде көрсетуге болады:

өмір – болмыс, материяның ерекше формасы;

өмір – қызмет; «адамның биологиялық және әлеуметтік қызметі, әлеуметтік болмысы, қоғамдық қызметі;

өмір – уақыт, «уақыт ұзақтығы»;

өмір – іс-әрекеттердің, оқиғалардың, сезімдердің тұтас жиынтығы;

өмір – шындық;

өмір – жердегі тіршілік;
өмір – тұрғылықты жер, атамекен;
өмір – денсаулық;
өмір – ізгілік;
өмір – махаббат.
өмір – бала; жалғастық пен сабақтастық.
өмір – қызық.

«Өмір» тұжырымдамасының бейнелі құрамдас бөлігі туралы сауалнамалық-сараптамалық әдіс негізінде жүргізілген нәтиже ұлттық ойлау тәсілін бейнелейтін концептуалды метафоралар жүйесін былайша белгіледі:

- кеңістіктік метафоралар: өмір – жол, өмір – кеңістік;
- пәндік метафоралар: өмір – дүние, өмір – сый, өмір – құндылық;
- субстанционалды метафоралар: өмір – ауа, өмір – ағын су, өмір-өзен; ғұмыр-дария;
- рецепторлық метафоралар: өмір – сезім; өмір – тәтті;
- конструктивтік метафора: өмір – құрылу, өмір – тұтастық;
- техникалық метафора: өмір – механизм;
- ақпараттық метафоралар: өмір – кітап, өмір – кино;
- қозғалыс метафорасы: өмір – дөңгеленген дүние, өмір – тіршілік, өмір – күйбең тірлік;
- ғылыми метафора: өмір – ғылым;
- театрлық метафора: өмір – театр;
- тұлғалау метафоралары: өмір – агрессор, өмір – ұстаз, өмір – сот, өмір – бақыт;

Талдау нәтижесінде әлемнің тілдік бейнесіндегі «адам – өмір» қатынасының ұлттық мәдени ерекшелігін атап өтуге болады: өмір – өзен, өмір – жол, өмір – теңіз, өмір – тәтті т.б. Өмір адамды тәрбиелейді (кейде өсіреді, кейде күрсінтеді), өзгертеді, оған көмектеседі; өмір – ұстаз, өмір – уақыт.

Адам кейде енжар, өмірге бағынады, өмірді кінәлай алады немесе оған шағымдана алады.

*Адам – дүниенің ажары
Дүние – өмірдің базары.*

Өмір озады, ажар тозады.

Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ.

Махаббатсыз – өмір тұл.

Өткен өмір – өшкен көмір.

*Өмір – теңіз,
Еңбек – егіз,
Ақыл – сегіз.*

Өмірдің өзі ұлы ұстаз.

«Дүниеге жарамды болу» тұжырымдамасының мәні осындай мақалдар арқылы да айқындала түспек. Абай қолданысында дүниеге жарамды болу – есті кісілерге тән қасиет. Ақынның «ақылды», «білімді» т.б. сияқты сөздерді емес, «есті» сөзін қолдануының да астарлы мәні бар деп түсіндік. Әр сөзіне терең мән түйген данышпан «есті» сөзін қолдану арқылы жеке тұлғаның өзі жасаған бір күндегі, бір аптадағы, бір айдағы әрекетін еске түсіріп, оны өз білігімен бағалауы тиіс. Яғни «есті», «естелік», «ескілік», «есте сақтау», «есте қалдыру»,

«естілік» сөздеріне негіз болатын «ес» тұлғасының *тұрақты мәні* мен мағынасы терең. Уақыт аралығында өткен әр ісін еске түсіруі, оны бағалауы маңызды болғандықтан да «есті кісі» сөзін қолдануының мәнісін ұғамыз. Мұндағы «естелік», «ескілік», «есте сақтау», «есте қалдыру», «естілік» т.б. фреймдері – өзек семаларды «ес» *тұрақты мәні* негізінде көрсетудің тұтас көріністері. Олар білімнің типтік элементтері ретінде мәннің шартты аспектілерін алады және мәтінде тұрақты мәннің өзегін сақтай отырып, туынды жаңа мағынаны анықтайды.

Чарльз Филлмордың фреймдер теориясында мұндай сөз топтары тілдік тәжірибенің және білімнің бірыңғай кестесін білдіреді деп есептейді. «Ес» тұрақты мәні арқылы жасалған тұлғаларда білімнің ерекше құрылысы әртүрлі бағытта нақтыланып, фрейм арқылы уәждеделген, айқындалған және өзара құрылымдық жағынан да негізделген. Фрейм белгілі бір тұрақты мәннің айналасында қалыптасады және белгілі мәндік құрылым шеңберінде осы тұрақты мәннің маңызды, типтік мәліметтерін қамтитын білім бірлігі болады (Т.А. Ван Дейк, Р. Богранд, В. Дреслер).

Кешегіні есте сақтап, болашаққа бағдар жасау үшін де «ес» тұрақты мәнінің мәтінде келуінің маңызы мәнді. Осы арқылы жасалған фреймдер – «есті», «есті кісі» тұлғасының мағыналық құрылымы мен мәні контекстегі ойдың өзегін сақтауы үшін де қажет. Берілетін ақпараттың құндылығы «есті кісі» үшін, мүдделерінің шеңберіне енеді және нәтижесінде онтологиялық статустан прагматикалық статусқа ауысады. Сайып келгенде, *«Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақиретке, не дүниеге жарамды күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?»* деп бағалануы ойдың өзектілігін айқындай түседі.

Өз өмірін бағалай алатын Адам – «есті кісі» дүниеде ненің құнды боларын терең түсініп білімге мән беріп, бұ дүниеде жүрек сөзін тындаудан жалықпай, иманы мен адами қасиетін, арының тазалығы мен намысын таптатпайды. Ақиретті ойлау деген де осыдан шығады. *«Білім», «ақирет», «дүние»* сияқты лексикалық таңбалар арқылы берілген ұғымдар танымның құрамдас бөлігі болып табылатын рухани құндылықтарды өзекті етеді. Бұл тек жеке тұлғаға қатысты бағалау ұғымдарын қалыптастыру емес, сонымен бірге бағалаудың суперконцепциясы ретінде жалпы адам баласына ұсынуға болатын ментальды-лингвистикалық категория деп бағалаймыз. Адам баласының ойлауы мен дүниені тану заңдылықтарының әмбебап сипатына сәйкес әмбебап категорияларға жататын жалпылаудың жоғарғы деңгейіндегі категория ретінде *«білім», «дүние», «ақирет»* ұғымдарын атауға толық болады.

Әдебиеттер

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалары. – Алматы, 2020.
2. <https://www.booksite.ru/fulltext/1/.htm>
3. Peillon M. The Concept of Interest in Social Theory. Vol. 9. N.Y.: The Edwin Mellen Press, 1990.
4. Swedberg R. Interest. Concepts in the Social Sciences. N.Y.: Open University Press; 2005.
5. Fillmore, Ch. Frame Semantics. In Linguistics in the Morning Calm: Selected Papers from SICOL-1981 (p. 111). Seoul: Hanshin Pub. Co. 1982.
6. Есеналиева Ж. Абай және шығыс тілдері. – Алматы, 2021. – 208 б.
7. Салқынбай А. Абайдың даналық әлемі. – Астана, 2023.

Ш. Бекмағамбетов, Г. Бекмағамбетова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ. shanzharhan-bekm@mail.ru

АДАМЗАТ ТІЛІ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ НЕГІЗДЕРІ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
(Kaz-GL Kazakhstani Genetic Linguistics) ҒЫЛЫМЫ ТҮРҒЫСЫНАН

Ғылым, оның салалары үнемі даму үстінде болуы – заңдылық. Бұл тұрғыдан, жаратылыстық ғылымдар, қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар болып бөлінетін салалардың ішінде физика, химия, астрономия, жаратылыстық ғылымдардың өзгерісі жедел болуы да түсінікті. Өйткені жаратылыстың алуан түрлі құбылыстарының құпиялары және оларды танып-білудің қажеттіліктері мен мүмкіндіктері аса мол.

Қоғам мен адам арасындағы қатынастарды зерттейтін: әлеуметтану, психология, саясаттану, экономика, антропология сияқты қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар мен адамның рухани, мәдени, тарихи болмысын зерттейтін тарих, философия, тіл білімі, әдебиеттану, өнертану тәрізді гуманитарлық ғылымдардың дамуы қоғамдық даму өзгерістеріне байланысты болады. Десек те, осылардың ішінде тіл ғылымы дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ілкі пайда болуы тарихқа дейінгі белгісіз замандарға кететін тілдік құбылыстың құпиялары адамзаттың ақыл-ойының қалыптасуымен сәйкес келетін өте ежелгі кезеңдерді қамтитынын түсінуге болады. Сондықтан да тіл ғылымы саласында тілдің жаратылыс табиғатын тану бағытында заманалар бойы айта қаларлықтай жаңалық ашыла қойған жоқ. Яғни адамзат тілі сөздерінің ілкі пайда болуы мен оның қарым-қатынас құралы ретінде қазіргі тілімізде де қызмет етуінің құпиялары күні бүгінге дейін танылған жоқ. Бұл – ақиқат. Ақиқат болатын себебі – егер де бұл құпиялар танылған болса, онда қазірде тілдегі барлық сөздердің ілкі пайда болу негіздері түсіндіріліп, сөздердің тілде қызмет етуінің құпиялары ашылған болар еді. Өкінішке қарай, бұлай болмай отыр.

Қазіргі әлемдік тіл ғылымында ілкі сөз пайда болуы мәселесін зерттеуді ресми түрде мүлде жауып қойған, яғни өткен екі ғасырда әлемдік деңгейдегі үлкен ғылыми басқосуларда бұларды «зерттеудің келешегі жоқ», - деген үзілді- кесілді тұжырым жасалып, зерттеу жұмыстарына тоқтам (вето) қойылған. Тарихи **1-тоқтам 1866 жылы**, хатшылары әр кезеңдерде белгілі ғалымдар М. Бреаль, А. Мейе, Ж. Вандриес, Э. Бенвенист, Ш. Балли, Х. Педерсен, Ф. Де Соссюр, И.А. Бодуэн де Куртенэ болған Париж лингвистикалық мектебі тарапынан қойылды. Мұнда «ешқандай гипотеза сенімді дәлелдер ұсына алмағандықтан, мағынасыз айтысулардан құтылу мақсатында тіл пайда болуы туралы мәселені онан әрі қозғауға» тыйым салынды. Ал **2-тоқтам** тура бір ғасыр өткен соң **1964** жылы (август) Москвада өткен этнографтар мен археологтардың «Жануарлар мен адамдар арасындағы шекара туралы» («О гранях между животным и человеком») деп аталатын ҮІІ Халықаралық конгресіне қатысушылардың «Алғашқы қауым адамдарының қарым-қатынас құралы ретіндегі таңбалар және тіл пайда болуы» туралы мәселені күн тәртібінен алып тастауынан көрінді. Сондай-ақ, жекелеген ғалымдар тарапынан да тілдің генетикалық табиғатын тану мәселесі күмән тудырмай қойған жоқ. А.А.Реформатский: «Происхождение языка научно нельзя доказать, а можно только построить более или менее вероятные гипотезы» [1, 31], – десе, Ж.Вандриес: «Попытка найти первоначальные формы языка – есть результат уподобления естественным наукам – геологии, ботанике или зоологии. Это – неточное уподобление сослужило плохую службу лингвистике» [2, 29], – деген көзқараста болды. Бірақ осыған қарамастан, бұл бағыттағы зерттеулер толас тапты деуге де негіз жоқ. Р.Р. Гельгардт тіл пайда болуы мәселесі уақыт тұрғысынан өте ерте замандарға кететіні лингвисттерді тұйыққа тірей алмауы керек екендігін, жердегі өмірдің пайда болуын зерттеуші жаратылыстанушылар және жердің өзінің пайда болуын зерттеуші геологтар мен археологтар одан да арғы кезеңдерге көз

тігетінін тілге тиек ете отырып, ғалымдар назарын адамзат тілінің антропогенезбен байланысын зерттеуге аударады [3, 30].

XX ғасырдың соңын ала тіл пайда болуы мәселесіне көңіл аударушы ғалымдар қатары қайтадан көріне бастады. Бұлардың негізгі бағыты адам миының, яғни ондағы әлдебір нейрондардың ілкі сөзтуылымға қатысы мәселесін зерттеуге бағытталған еді. Бұл бағыттағы зерттеулер нейролингвистика мен когнитивтік лингвистика мәселелерін байланыстыра қарастыруымен ерекшеленеді. Яғни адамның танымдық қабылеті мидың ішкі құрылымдық жүйесімен, оның белгілі бір биологиялық қабылеттерімен байланысты дегенге саяды. Осы бағыттағы белгілі ғалымдар ретінде америкалық Ноам Хомский (Noam Chomsky), Стивен Пинкер (Steven Pinker), Терренс Деакон (Terrence Deacon), Анжела Фрайдман және Патрисия Кул т.б. аталады. Бұл бағыттағы ғалымдардың алдында америкалық ғалым, генеративтік лингвистиканың негізін қалаушы ретінде танылған Ноам Хомский тұрады. Бірақ ол сөз пайда болуы мәселесін емес, сөйлемдер құрылымын, сөйлемдер модельдерін зерттеумен айналысты.

Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қалыптасқан тіл ғылымының қарастырылу жайында да ойланатын мәселелер аз емес екені көрінеді. Ең әуелі, алғашқы бастауларын ХҮІІІ ғасырдан алады деп есептелетін қазіргі қалыптасқан үндіеуропалық тіл ғылымы деп аталатын бағыт тілдік құбылыстың жаратылыс табиғатын ғылыми тұрғыдан дұрыс танып отыр деуге негіз жоқ болып шықты. Қазірде жаңадан пайда болып отырған **қазақстандық генетикалық лингвистика (Kazakhstani Genetic Linguistics (Kaz-GL))** (Бекмағамбетов Шанжархан. Авторлық оқулық «Генетикалық тіл біліміне кіріспе» (2025) ғылымы тұрғысынан, қалыптасқан тіл ғылымының негізгі 70-тен аса теориялық және практикалық қателері айқындалып отыр [4, 146-158]. Классикалық үрдісте генетикалық тіл ғылымы деп танылып жүрген салыстырмалы тіл ғылымы бағытынан (Э. Сепир, М. Сводиш, Конст. Поздняков т.б) ерекшелеп, біз өз бағытымызды осылай белгілеп отырмыз.

Сонымен, қалыптасқан тіл ғылымының негізгі зерттеу объектілері дұрыс танылмағандықтан, оның былайғы қорытындылары да қате болып шыққан. Мысалы, адамзат тілінің негізі болып табылатын *СӨЗ* табиғаты, оның идеялық және материалдық жақтары дұрыс түсіндіріліп отырған жоқ. Тілдің жаратылыс табиғатында жоқ *ДЫБЫС* деген тілдік бірлік алынып, ол *ФОНЕТИКА* деп аталатын жеке салада қарастырылады. Еш мағынасы жоқ және материалдық тұрғыдан да айқындалмаған *д а р а л а н ғ а н д ы б ы с т а р* деп аталатын «бірліктерден» *мағыналы* сөздер құралатыны туралы айтылады. Ал адамзат тілі сөздерінің негізгі лексикалық қорын құрайтын аса ауқымды бөлігі *уәжделмеген сөздер* деген категорияда қарастырылып, тіл ғылымының зерттеу объектісінен тыс қалдырылады.

Мұның басты себебі қазіргі тіл ғылымының сипаттамалы, құрылымдық тіл ғылымы деңгейінде қалуынан болып отыр. Яғни қазірде тілдік құбылыстың тек сыртқы, көрнекі белгілері ғана: *дыбыс, сөз, сөз түбірі, қосымшасы, сөйлем, сөйлемнің құрылымы, құрамы: бастауыш, баяндауыш т.б.* қарастырылады. Ал толық мәніндегі ғылым болуы үшін ол тілдік құбылыстың ішкі табиғатын ашуы керек болатын. Тек сонда ғана тіл ғылымы өзінің зерттеу нысанының жаратылысын толық таныр еді. Бұл жерде ұлы Абайдың «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей» ... деп келетін ұлағатты сөзінің ақиқаттығы жатыр.

Басты зерттеу объектілері дұрыс айқындалмағандықтан да қазіргі тіл ғылымының негізгі терминдері де тілдік ақиқатқа сай келмейтіні көрініп отыр. Абай шығармашылығын тереңдей зерттеуші белгілі ғалым, ф.ғ.д. Тұрсын Жұртбай сөзімен айтсақ: «Жаратылыстың тұтастығын білдіретін түсінік, Абайдың өз тілімен айтқанда, «тиянақ сөз» қалмады... Ал, ойды жинақы әрі ауқымды жеткізетін «тиянақ сөзсіз» - ұғымсыз (терминсіз) ғылыми пайым – «адасқан ой» (Абай). Ал, «адасқан ойда» тұрлау болмайды. «Ұлып жұртқа қайтады да» отырады. «Мәселе емес» нәрсе – «мәселеге» айналады». «Бас-басына алып қашқан өңкей қиқым ойдың» қиюы қашады» (5, 3-4). Бұл пікірдің қазіргі қалыптасқан тіл ғылымына да тікелей қатысты екені енді айқын көрініп отыр.

Жаратылыстық ғылымдар, мысалы, химия, физика, биология т.т. өздерінің зерттеу объектілерін, яғни заттар мен құбылыстардың табиғатын, олардың ең кіші құрылымдық элементтерін – атомдары мен молекулаларын, т.б. наноэлементтер деңгейінде әлдеқашан

айқындап алған. Ал тіл ғылымына қатысты мұны айта алмаймыз. Бұл бағыттағы кейбір зерттеулер жаратылыстық ғылымдар соқпағымен жүреміз деп, қателікке ұрынды. Мысалы, фонема теориясы тығырыққа тірелгенін сезген қайсыбір ғалымдар жаңаша жол іздей бастады. Т.В.Гамкрелидзе бұл туралы пікірінде тұқым қулаушылықтың хромосомдарда код арқылы «жазылатындығы» туралы айта келіп: «... подобно тому как фраза является сегментом определенного текста с помощью букв или отдельных фонем – так отдельный ген соответствует определенному сегменту в длинной цепи нуклеиновых кислот» [6]- деген тәрізді ойларға барды. Әрине, бұл тіл ғылымын жаратылыстық ғылымдарға ұқсас етіп қарастырудан шыққан табылады.

Осы кезге дейінгі тіл ғылымы тарихында, яғни орта ғасырларда тіл ғылымын да жаратылыстық ғылым түріне жатқызу керектігі туралы пікірлер болғаны белгілі. Мысалы, неміс философы Август Шлейхер (August Schleicher) (1821-1869) тіл ғылымындағы натуралистік бағыттың негізін қалаушылардың бірі болды. Ол тіл табиғатын табиғи организм ретінде қарастырды да, тіл де тірі организм сияқты туады, дамиды, қартаяды, өледі. Тіл де жаратылыс заңдарына бағынады, сондықтан оны жаратылыстану ғылымдары зерттеу керек деп білді. Оның бұл көзқарастарының қалыптасуына Ч.Дарвин ілімі негіз болды. Ғалымның «Дарвин теориясы және тіл ғылым туралы» («Теория Дарвина и наука о языке, 1863») атты еңбегі де осы орайда жазылды.

Қазіргі кезде де тіл ғылымын пәнаралық ғылым деп тану үрдісі бар. Яғни тіл бірнеше ғылым салаларының тоғысында қарастырылады. Мысалы, фонетика саласы дыбыстарды физикалық тұрғыдан, яғни акустика-артикуляциялық тұрғыдан зерттейді. Мұның физиологиялық, биологиялық құбылыс екені де бекер емес. Бірақ бұл – тілдің қолданылу аймағы емес, оның пайда болуына қатысты жайлар. Ал тілдің негізгі қызметі оның қолданылуымен байланысты. Кез-келген өзге құбылыстың да, мысалы, музыканың, өнердің өзге түрлерінің де пайда болуы физикалық (жаратылыстық) құбылыстармен байланысты болады. Бірақ соған қарап, олар жаратылыстық пән емес, әлеуметтік пән қатарына қарастырылады.

Сондай-ақ, тілдік құбылысты зерттеудің қазіргі заманғы бір бағыты – нейролингвистикалық зерттеулер. Мұнда тілдің (сөздің) пайда болуын ми қызметімен байланысты қарастырады. Мұнда адам миының құрылымындағы сөйлеу қызметіне «жауапты» органдар – *брока* және *верника* аймақтары мен олардың қызметтері анықталғанымен, бұл, жалпы алғанда, адамның ойлауы мен есіне (санаға) қатысты жайлар болып табылады. Яғни бұлар да тілдің қолданысына, қызметіне емес, пайда болуына қатысты. Соның өзінде қазіргі нейролингвистиканың негізгі мақсаты болып табылатын нақты сөз пайда болуына «жауапты» нейрондар табылған жоқ және ондай нейрондардың бар екендігі зор күмән тудырады. Яғни мұнда да тілдің (сөздің) пайда болуы және тілдің (сөздің) қолданылуы туралы мәселелердің екі басқа екендігін айқындап, ажыратып алу керек екенін көреміз. Сөз пайда болуы – биологиялық құбылыс та, ал сөз қолданымы – әлеуметтік құбылыс. Соның өзінде тілдік қолданыстағы – сөйлеудегі ми мен сана қызметінің орынын да ескермеуге болмайды. Сонымен, қазіргі тіл ғылымында ілкі сөз пайда болуының қарастырылу деңгейі осы кейбір физика-биологиялық мәселелер төңірегінде шектеледі.

Адамзат тілінің жаратылыс табиғатын тереңдей тануда біз ұсынып отырған *қазақстандық генетикалық лингвистика (Kazakhstani Genetic Linguistics (Kaz-GL))* бағыты аса маңызды жетістіктерге жетіп отыр. Осы бағыттағы генетикалық тіл ғылымы адамзат тілі пайда болуы мәселелерін тереңнен қарастыра отырып, ілкі сөз пайда болуының жаратылыстық негіздерінің өзге де аса маңызды аспектілерін айқындады. Бұл бойынша, адамзат тілі пайда болуының логикалық ұғымдар түріндегі идеялық негіздерінің де, сондай-ақ фонетикалық (артикуляция-акустикалық) элементтер түріндегі материалдық негіздерінің де ілкі пайда болу тегінде ҒАЛАМ МОДЕЛІ, яғни Ғаламдық-Космостық жүйе, осы жүйедегі *негізгі жеті түрлі ғаламдық құрылымдық-семантикалық элементтер* және олардың қызмет ету заңдылықтары тұрғаны айқындалып отыр. Бұл дегеніміз – адамзат тілі пайда болуының тұтастай генетикалық жүйесі жаратылыстық негіздерден бастау алады деген сөз.

Генетикалық тіл ғылымы нәтижелері тілде ең әуелі дараланған, мағынасыз дыбыстар пайда болып, олардан мағыналы сөздер құралған, – деген қалыптасқан тіл ғылымы түсінігінің тілдік ақиқатқа сай емес екенін көрсетіп отыр. Генетикалық тұрғыдан, *даралық сөзтуылымы кезеңі және жалтылық сөзтуылымы кезеңі* деп аталатын адамзат тілі ілкітүбір сөздері пайда болуының негізгі екі кезеңінің алғашқы кезеңінде *материалдақ жағы* жұп құрылымдағы фонетикалық (артикуляция-акустикалық) элементтерден тұратын, ал *идеялық жағы* Ғаламдық жүйе моделінің негізгі жеті түрлі құрылымдық-семантикалық элементінің бірінің атауы болып келетін жеті түрлі **инвариант-сөз** пайда болғаны айқындалды. Фонетикалық материалдың *дауыс* элементін шартты түрде, тілдегі барлық дауыс элементтеріне ортақ дауыс ретінде «У» дауысы түрінде алсақ, инвариант-сөздер мына түрде көрінеді:

1. **УП** сөзі – «Ғалам» ұғымын бейнелейтін сөз.
2. **УҚ** сөзі – «Ғаламдық координат» ұғымын бейнелейтін сөз.
3. **УЛ** сөзі – «Ғаламдық байланыстар» ұғымын бейнелейтін сөз.
4. **УС** сөзі – «Ғаламдық өзек» ұғымын бейнелейтін сөз.
5. **УР** сөзі - «Ғаламдық экспрессивті қозғалыстар» ұғымын бейнелейтін сөз.
6. **УТ** сөзі – «Ғаламдық қалыпты қозғалыстар» ұғымын бейнелейтін сөз.
7. **УН** сөзі – «Ғаламдық нәт-негіз» ұғымын бейнелейтін сөз.

Бұл инвариант сөздердің жаратылысы құпияларға толы, оның бірқатары аталған оқулықта көрсетілген, ал біразы сол құпия күйінде қалып отыр. Мұнда қазіргі қалыптасып қалған көзқарастағы сырт көзге күмән туғызатын нәрсе – сол ең ілкі сөзтуылым дәуірі адамдарының аса жетілген, космостық деңгейдегі ақыл-ой йелері болғандығы. Бірақ мына мәселе ескерілуі керек: қалай болғанда да, адамзат тілі сияқты аса құдыретті құралдың пайда болған дәуірінің адамдары қазіргі түсінікте айтылып жүргендей жартылай жабайы адамдар емес. Ондай жабайы адамдар тіл-құралды жасай алмаған болар еді. Олар туралы «Ең ілкі сөзтуылым дәуірі адамдарының данышпандығы» туралы айтылатын көзқарастың ақиқаттығын генетикалық тіл ғылымы зерттеулері айқын көрсетіп отыр.

Мұндағы жеті түрлі инвариант сөздің жұп элементті фонетикалық материалдары – адамзаттың вербалдық тілі пайда болуының ең ілкі *даралық сөзтуылым кезеңінің инвариант-материалдары*. Бұлардың әрқайсынан адамзат тілі дамуының кейінгі *жалтылық сөзтуылым кезеңінде* ғаламдық құрылымның жетілік жүйесі негізінде алуан түрлі *вариант-материалдар* пайда болады. Ғаламның негізгі құрылымдық-семантикалық элементтерінің атаулары болып келетін жеті түрлі нақты заттық (лексикалық) ұғымдардың әрқайсы жұп элементті фонетикалық материалдардың құрамындағы салдыр сыңарларының артикуляциялық параметрлері арқылы бейнеленеді де, ол бейне **У** түріндегі дауыс сыңарлары арқылы вербалданып, тыңдаушыға жеткізіледі.

Бұл жеті түрлі жұп элементті инвариант фонетикалық материалдың *салдыр элементтерінің* бейнелеуіштік қызметін былайша түсіндіруге болады. Салдыр элементтерінің әрқайсы (мысалы: П салдыры) Ғаламдық жүйенің жеті түрлі негізгі құрылымдық-семантикалық элементінің нақты біреуінің (мұнда: «Ғалам» затының) логографиялық түрдегі, яғни ойша елестетілген, образды-символдық сипаттағы геометриялық бейнесінің негізінде жасалған. «Ғалам» затының *адамзаттың ғаламтанымдық түсінігіндегі* бейнесі – «Шар-қоршау» түрінде елестетілген логографиялық бейне, сондықтан да осы бейнені екі еріннің жымдасуы арқылы айтылатын П салдыры артикуляциялық түрде жасай алады. Яғни екі еріннің жымдасуы арқылы жасалған ауыз қуысының «шар-қоршау» тәрізді бейнесі «Ғаламдық Шар-қоршау» бейнесінің образды-символды моделі бола алады. Бұл – «Ғалам» затының алғашқы логографиялық түрде санада бейнеленуінен кейін, екінші рет бейнеленуі, яғни артикуляциялық түрде қайта бейнеленуі болып табылады. Артикуляциялық бейне дауыс элементі (У) қатысуы арқылы айтылып, *инвариант-сөзге* айналады.

Ал, «Ғаламдық өзек» затының ойша елестету арқылы жасалған образды-символды логографиялық бейнесі вертикал **У** «игрек» өзегіне ұқсайтын сызба түрінде жасалады да, оны УС жұп элементті материалының «С» түріндегі артикуляциялық элементі образды-символдық сипатта қайта бейнелейді. Бұл «қайта бейнелеу» процесінде бейнеленетін

логикалық ұғымның, яғни, «Ғаламдық өзек» логикалық ұғымының, нақты алғанда, «У (игрек) өзегі» түріндегі *өзек/өз/ось* ұғымының бойындағы «ұзындық» семасы «С» салдырының айтылуындағы үстіңгі және астыңғы тіс қатарларының арасынан сыздықтатып біршама «ұзақ» түрде шығарылатын ауа ағынының бейнесінен образды-символды түрде көрінеді деп түсінуге болады. Өзге салдырлардың да (Қ, Л, Р, Т, Н) өз объектілерін (логикалық ұғымдарын) бейнелеуі осындай артикуляциялық бейнелер түрінде түсіндіріледі.


Сонымен, ғаламның жеті түрлі заттық құрылымдық-семантикалық элементінің әрқайсы, біріншіден, санадағы (ойдағы) образды-символдық сипаттағы логографиялық бейнеге айналады да, екінші ретте сол логографиялық бейне жұп элементті инвариант дыбыстың *салдыр* элементінің артикуляциялық параметрлері арқылы визуальды түрде бейнеленіп, сол визуалды бейне *дауыс* элементінің көмегімен вербалды бейнеге айналады. Төменде осы процесстің үш сатылы схемасы берілген (1-сызба).

1-сызба. Ғаламдық жүйе моделінің вербалды түрде бейнеленуінің 3 сатылы схемасы

Ғаламдық жүйе моделінің вербалды түрде бейнеленуінің 3 сатылы схемасы			
р/с	1	2	3
1	«Ғалам» заты	«Ғаламдық шар-қоршау» ұғымы	УП // П
2	«Ғаламдық координат» заты	«Ғаламдық координат» ұғымы	УҚ // Қ
3	«Ғаламдық байланыстар» заты	«Ғаламдық байланыстар» ұғымы	УЛ // Л
4	«Ғаламдық өзек» заты	«Ғаламдық өзек» ұғымы	УС // С
5	«Ғаламдық экспрессивті қозғалыстар» заты	«Ғаламдық экспрессивті қозғалыстар» ұғымы	УР // Р
6	«Ғаламдық қалыпты қозғалыстар» заты	«Ғаламдық қалыпты қозғалыстар» ұғымы	УТ // Т
7	«Ғаламдық нәт-негіз» заты	«Ғаламдық нәт-негіз» ұғымы	УН // Н

Мұндағы графаларда: 1. Ғаламдық жүйенің негізгі жеті түрлі заттық құрылымдық-семантикалық элементтерінің бірі; 2. Сол элементтің ойдағы образды-символды логографиялық бейнесі бойынша жасалған «ғаламтанымдық түсінік» түріндегі логикалық ұғымы; 3. Логикалық ұғымды вербалды түрде бейнелейтін жұп элементті материал және оның артикуляциялық элементі көрсетілген

Ғалам моделінің матрицалық калыбында жеті түрлі инвариант-сөздің орналасу реті былайша көрінеді (2-сызба).




Мұндағы инвариант сөздердің орналасу реті де олардың ілкі сөзтуылымдық жүйедегі қызметімен тікелей байланысты.

Ғалам моделінің матрицалық калыбында орналасқан жеті түрлі инвариант-сөздің әрқайсының салдыр сыңарларының артикуляциялық бейнелері арқылы сол сөздің лексикалық мағынасын бейнелейтін логикалық ұғымдары, ал сол логикалық ұғымдар арқылы олардың өздерінің пайда болу тегінде тұрған Ғаламның құрылымдық-семантикалық жүйесінің белгілі бір элементтері (заттары) айқындалады.

Адамзат тілі сөздерінің пайда болуының екінші кезеңінде, яғни *жалпылық сөзтуылым* кезеңінде даралық сөзтуылымы кезеңінде пайда болған жеті түрлі инвариант-сөздің лексикалық мағыналары *базистік сипаттағы логикалық ұғымдар* ретінде қоданылады да, олардың әрқайсынан сан алуан түрлі базистік сипаттағы *туынды логикалық ұғымдар* пайда болады. Мысалы, УП-инвариант сөзінің «Ғаламдық Шар-қоршау» деген лексикалық мағынасы енді жалпылық сөзтуылымның базистік сипаттағы логикалық ұғымына айналып, онан алуан түрлі туынды логикалық ұғымдар тарайды. (3-сызба).

УП “шар-қоршау” тілдік негізінің кейбір семантикалық өрістері



Туынды логикалық ұғымдардан да жалпылық сөзтуылымның сан алуан тілдердегі алуан түрлі *ілкітүбір сөзтуылымы* жүзеге асады. Ілкітүбір сөздер туылымында жұп элементті вариант-материалдар мен базистік сипаттағы логикалық ұғымдардың генетикалық тұтастығынан тұратын **тілдік негіздер (генетикалық ұрықтар)** деп аталатын тілдік бірліктер аса маңызды қызмет атқарады. Тілдік негіздердің сызбасын мына түрде бейнелеуге болады (4-сызба).



Қазіргі қалыптасқан үндіеуропалық тіл ғылымында тілдік негіздер (генетикалық ұрық) туралы түсінік жоқ. Тілдік негіздер арқылы сөз пайда болуы генетикалық *сөзтуылым* болып табылады. Бұл – қазіргі тіл біліміндегі *сөзжасам* деген түсініктен мүлде өзгеше, адамзат тілі ілкітүбір сөздерінің пайда болуын айқын түсіндіріп беретін ерекше құбылыс.

Қорыта келгенде, генетикалық тіл ғылымы адамзат тілі пайда болуының жаратылыстық негіздерін, яғни Ғаламдық-Космостық негіздерін айқындап отыр. Бұрында тілдің жаратылыстық негізі ретінде дыбыстардың физика-биологиялық табиғатын айтатын болса, енді тілдің тұтастай генетикалық жаратылысының, яғни даралық сөзтуылым кезеңіндегі инвариант сөздер туылымының идеялық негіздерінің де, материалдық негіздерінің де Ғалам моделі мен ғаламдық заңдылықтар негізінде пайда болғаны дәлелденіп отыр.

Сондай-ақ, *тілдік негіздер* (генетикалық ұрықтар), *сөзтуылым* терминдері де генетикалық тіл ғылымын жаратылыстық бағыттағы ғылым ретінде қарауға негіз бола алмайды. Өйткені мұндағы *генетикалық ұрық* (тілдік негіздер) термині де биологиялық сипаттағы түсінік емес, логикалық ұғымдардың сөзтуылымдық қасиеттеріне негізделген түсінік. Сондықтан, қалай болғанда да, адамзат тілі пайда болуының жаратылыстық негіздерін мойындай отырып, тіл ғылымының қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы ғылым екендігін естен шығаруға болмайды.

Әдебиеттер

1. Реформатский А. Введение в языкознание. – М., 1967.
2. Вандриес Ж. Язык. Лингвистическое введение в историю. – М., 1937.
3. Гельгардт Р. Источники изучения глоттогенеза в связи с антропогенезом (Из материалов к курсу общего языкознания). Сб. докладов и сообщений лингвистического общества IY. – Калинин, 1974.
4. Бекмағамбетов Ш. Генетикалық тіл біліміне кіріспе. – 2025.
5. Жұртбай Т. Дәрілқарап. – Алматы: Атамұра. 2024.
6. Гамкрелидзе Т. Якобсон и проблемы изоморфизма между генетическим кодом и семантическими системами. ВЯ., 1988. №3.

GTAMP: 17.82.60

А.У. Исабек¹, П.М. Адиева², А.Б. Қалшабек³

^{1,2}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ., [boy from texas 24 95@inbox.ru](mailto:boy_from_texas_24_95@inbox.ru)

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ ХАТШЫСЫ, ӘУЕЗОВТІҢ ҰСТАЗЫ – МҮРСЕЙІТ БІКІҰЛЫ

Қартайғанда қайғы ойлап, тәкаппар дүниеден баз кешіп, тіршіліктен ешбір опа таппай, ғұмырдың тереңіне бет қойған Абай дана: «жылап туасың, кейіп өлесің», – деген екен. Адам ғұмырында сол жылап туу мен кейіп өлудің екі ортасында қаншама сүрлеу соқпақпен жүріп, мыңмен жалғыз алысып ақыры дүниеден өтеді. Бұл – Адам ата жаралғалы бергі екі аяқты, жұмыр басты пендеге тән заңдылық. Жаратушы – біреу һәм мәңгі, ал пенденің ғұмыры шектеулі, өлшеулі. Жаратқанның пәрменімен бір пенде дүниеде – жалғанды жалпағынан басып жүріп, өлшеулі күні бітерінде шарасы таусылып, аманат жанын қимастан Раббысына тапсырса, бір пенде – тірісінде айналасына шуағын шашып, адамзаттың игілігіне қызмет ете жүріп, дүниеде иманын бекемдеп, кәлимасын айтып, бақытты пенделердің санатына қосылған күйі бақидың сапарына аттанып кете барады. Мұндай пендені Абайыңыз: адамзаттың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың, – деп шегелей түседі. Сондай пенделердің қатарында мақсаты мен мұратына адал болған ардақты тұлға – Мүрсейіт Бікіұлы еді. Мүрсейітке қатысты деректер саны саусақпен санарлық. Алайда Семейлік абайтанушы Әсет Мырзақасым 2009 жылы Мүрсейіт туралы «Абайдың әдеби хатшысы» атты жинақты құрастырған. Бұдан өзге санаулы дүниелер жазылғаны болмаса Мүрсейіт Бікіұлы жайлы зерттеулер там-тұм ғана.

Өздеріңізге белгілі 2019 жылы Мүрсейіт қолжазбасының 1905, 1907, 1910 жылғы нұсқалары негізінде Абай Құнанбайұлының «Китаб тасдиқ» шығармасына текстологиялық-терминологиялық сараптама жүргізе отырып, қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет мәтіннің транскрипциясын жасап шыққан болатынбыз. Осы жұмыстың нәтижесінде 2020 жылдың ақпан айында «**Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасы**», сонымен қатар 2021 жылдың қаңтар айында «**Абай. Китаб тасдиқ**» атты қос ғылыми монография жарық көрді.

Өте сұлу, байырғының сөзімен айтқанда, хұсни өрнекпен қадимше жазылған қолжазбаға сүйенгеннен кейін ұстазым Ақжол Қалшабек: «Мүрсейіт жайында мақала жазсаң болар екен», – деп үлкен бір салмақты ой тастаған еді. Ұстазымның кеңесі бойынша дара тұлға туралы осы бір дүниемізді жазбақ ниетпен ақ қағаз бен қара қаламды қолға ұстадық.

Абай шығармалары бүгінде жоғары деңгейде дәріптелуде. Мың шүкір. Кезінде Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Абайтану» ғылымының негізін салып, оны бір арнаға қойып кетті. Дәл осы «Абайтану» ғылымы Мүрсейіт болмағанда мүлде болмас па еді? Мүрсейіт болмағанда, оның ұлы Рақымбай болмағанда қалың елі, қазағы Абайдың кім екенін білмей кетер ме еді, кім білсін? Осы жайды көп ойланып, Мүрсейіт хақында азды-кем қолымыздағы бар мағлұматтарға сүйене отырып, оның және ұрпақтарының ұлт руханиятына жасаған теңдессіз жақсылықтары мен ерліктерін баяндауды жөн көрдік.

Мүрсейіт Бікіұлы 1860 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданындағы Қасқабұлақ деген мекенде дүниеге келіпті. Мүрсейіттің арғы-тегі жайлы Семейлік Абайтанушы Мұздыбай Бейсенбаев: **«Тобықты Мүрсейіттің жетінші атасы – Әнет баба. Әнет баба Абайдың жетінші атасы Әйтекпен бір туысады. Әнеттің бір ұлы – Байболат. Байболаттан – Бақай. Бақайдан – Тоққожа. Тоққожадан – Көбікен. Мүрсейіттің әкесі – Бікі осы Көбікеннің немересі»** дейді.

Бізге жеткен мәліметтер бойынша Абай шығармаларын жазардан бұрын Мүрсейіт молда Семейде үлкен қызметтерде жұмыс жасаған. Дәлірек айтқанда, оязға тілмәш болып қызмет атқарған. Сол қызметте жүрген Мүрсейіт «Зағипа қыздың дауы» деген мәселеге араласып істі әділ, әрі осы Зағипаның ыңғайына шешіп береді. Қыз дауы өз нәтижесін бергенімен бұл Мүрсейіттің қызметіне кері әсер етіп, жұмысынан босап Өскеменге айдауға жіберіледі. Бұл жайлы абайтанушы ақсақал Мұздыбай Бейсенбаев былай дейді: **«Мүрсейіт осы қызметінде жүргенде тағы бір жесір дауында қызға көмектесемін деп генерал-губернатордың мөрін оның келісімінсіз-ақ қағазға басып беріп, құтқарады. Кейіннен бұл ісі ұлық алдында әшкере болып қалып, жазаға тартылып, Өскемен жағына үш жыл мерзімге жер аударылады. Сол жақта Сұлушоқы болысы Терістаңбалы елінің Көнек деген руындағы нағашы атасы Рай деген кісінің қолында молдалық құрып, бала оқытады. Айдау мерзімі біткеннен кейін Тобықты еліне қайта оралады»**. Иә, бұл кезде Мүрсейітті қазақ әдебиетінің алдында жауапты да үлкен миссия күтіп тұрған еді.

Әйтсе де, хакім Абай көзі тірісінде-ақ жастардың арасында зор құрметке ие болған. Осындай абыройға кенелуге сөз жоқ Мүрсейіттің қосқан үлесі орасан. Бұл туралы Өлкей Марғұлан «Абайдың қолжазба мұралары» атты мақаласында: **«Абай қолжазба мұраларының біздің әдебиетшілердің жақсы білетіні Мүрсейіттің қолжазбасы, не онан кейінгі көшірмелері. Бұны, Абай өлеңін толық қамтыған, аса бағалы, негізгі бұлақ көзі деуге болады. Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі, үлкен кітапханада сақталмай, ауылда, сандық ішінде сақталып келген. Сандық түбінде жатқан сирек қолжазбалардың көбі бізге жетпей, көшпелі тұрмыстың жағдайында жоғалып отырғаны зерттеуші ғалымдарға бұрыннан мәлім. Егер Мүрсейіттің қолжазбасының тағдыры тап осындай болса, онда Абай ақынды жарыққа шығару тіпті қиын болар еді»**, – деп Мүрсейіт молданың мұрасына жоғары баға береді. Сол кездің жастарына оп-оңай, мүлтіксіз көшіріп беріп отырғандығы – Бікі баласының сауатты да, терең білім иесі болғанын айқын аңғартады.

Мүрсейіт мұрасы – Абай шығармаларының асыл нұсқасы немесе қорымда жатқан қолжазба

Сәбит Мұқанов «Абай Құнанбаев» монографиясында Мүрсейіт туралы: **«40 жастан кейін жазу жұмысына белсене кіріскен және атын ашып жазған Абайдың қолжазбалары бізге жеткен жоқ. Абайдың бірнеше қолжазбалары достарымен, оқудағы балаларымен жазысқан хаттары және өзі жинаған кітаптары революция жылдарына шейін сақталып, 1919 жылы Қызыл Армиядан қашып келе жатқан ақ бандылардың ылаңынан өртеліп кетіпті. Абай шығармалары бізге Мүрсейіттің қолжазбалары арқылы ғана жетті. Мүрсейіттің кім екендігін және Абайдың өлеңдерін оның қалай жинап жазған тарихын оқушы көпшілік әлі жете біле бермейді, сондықтан ол туралы Архам Ысқақов айтқан**

мына материалды бере кету қажет (*Архамның аузынан бұл мәліметті 1944 жылдың күзінде жазып алдым С.М.*). Мүрсейіт Бікіұлы руы тобықты. Оның ішінде – Әнет. Мүрсейіттің әкесі – Бікі жасында Құнанбайдың қолына көшіп келіп, малшысы болған, Мүрсейіт Ысқақтың балаларымен бірге Жақып молдадан мұсылманша оқиды. Зерек, ынталы Мүрсейіт Семейдегі интернатта екі-ақ жыл оқып орысша аз да болса хат таниды да, аулына қайтып кеп, балаларға мұсылманша және орысша сабақ береді. Абай тірі кезде, Мүрсейіт оның өлеңдерін жинаумен шұғылданбаған, оған себеп мынау: Абай өзінің қолжазбаларын Махмуд деген молдаға, өз баласы Мекайылға, әйелі Еркежанның інісі Сүлейменге сақтатады екен. Абай өлгеннен кейін Мүрсейіт жинай бастаған және Абай өлеңдерін бастыру мақсатымен Кәкітай Ысқақов жинайды. Кәкітай Ысқақов – Абайдың немере інісі – 1870 жылы туып, 1915 жылы өлген. Кәкітайды Абай жақсы көреді екен. Абай 1882 жылы қыстай Семейде жатып кітапханадан кітап алып оқумен шұғылданғанда, Кәкітай Абайдың қасында болған. Осы кезде Абайдың үйретуімен Кәкітай орысша хат танып, жеңіл-желпі орысша кітаптарды өз бетімен оқып, түсініп кеткен. Жиналған өлеңдерді Кәкітай Мүрсейітке жаздырады. Себебі, біріншіден, Мүрсейіттің қолжазбасы анық және көркем болады, екіншіден, жыртылған я бас-аяғы жоқ қолжазбалардың жоғалған сөздерінің көбін Мүрсейіт жатқа біледі. Кәкітай 1906 жылы Абайдың өлеңдерін Мүрсейітке түгел жаздырып алады да, Омбыда бастыру мақсатымен (ол кезде Омбыдан жақын қалада мұсылманша шрифт болмаса керек) Семейге сатуға екі семіз түйе, екі құр атты жетекке алып жүріп кетеді. Абай өлеңіне құмартқан халық ішінен, оның жинағының басылып шығуын күтпей, Тобықтының өз руларынан да, Мүрсейіт көшірген Абай өлеңдерін қолдаушылар көбейді. Осыларға Мүрсейіт қолында қалған Абай өлеңдерінің бір данасынан көшіріп беріп, ақысына бір қой бес сом ақша алады. Осы әдетпен 1909 жылы баспадан шыққанша, Абайдың өлеңдер жинағы Мүрсейіттің қолжазбасымен көп елге тарап кетеді. Мүрсейіттің тарих алдындағы істегені осы, оның қолжазбасы қазір Абай өлеңдерінің текстология жағынан тексергенде негізгі деректердің бірі болып келеді», – дейді. Абай шығармалары – текстологиялық тұрғыдан қарағанда Мүрсейіт көшірмелерінің негізгі бұлақ көзі екенін Мұхтар, Әлкей, Сәбиттер де бір ауыздан растап отыр.

1909 жылы Тұрағұл мен Кәкітай осы Мүрсейіттің қолжазбасына сүйенудің негізінде ұлы ақынның жинағын Петербургтен тұңғыш рет кітап етіп баспадан шығарды. Бұл қазақ әдебиеті мен абайтану ғылымының ең үлкен жетістігі болған еді. Алайда жинақтың баспа бетін көруі оңайға түскен жоқ. Бұл жайлы Әрхам Ысқақов естелігінде: «1906 жылы жаз шығып киіз үй тіккенде Кәкітай Абылайша қос тіккізіп, Мүрсейіт молланы шақыртып алып: сен мына біз жинаған Абай өлеңдерін реттеп жаз деп, оңаша қосқа отырғызады. Мүрсейіт асықпайтын, сұлу жазатын адам еді. Біріншісін тұтас екі бетке жазғызып, одан кейін бір жағын ақ тастап қайта көшіртіп, бір ай шамасында дайындатып алып Кәкітай Семейге өзі алып жүрді. Жол расхотына сатуға екі семіз ат, екі семіз түйесін әкетті. Кәкітай малын ақшалап алып, Омбы қаласына кеттім деп хат жазды. Одан кейін Омбыда бастыра алмадым, Қазан қаласына жүріп кеттім деп тағы хат жазды. Бір жұмадан кейін үйге телеграмма келді, Қазан қаласындағы баспаханалар басуға уақыты болмады. Сондықтан Петербург баспаханаларымен шарт жасастым. Тез 200 сом ақша перевод ет деген. Айтқанындай 200 сом жібердік. Кәкітай бір айда қайта оралды. Корректорлық міндетін өз мойнына алатын болыпты. Ленинградтағы баспахана бір баспа табақ қағазға басып, Семейдегі Әнияр үйіне жіберіп тұратын болды. Әнияр Кәкітайға жеткізіп тұрады. Кәкітай оның қатесін түзеп, қайта Ленинградқа жіберетін болды, одан тағы қайта басылып келіп, қайтып отыратын еді. Осындай сергелдеңмен жүріп Абайдың бірінші өлең жинағы 1909 жылы, яғни үш жылда зорға жарыққа шықты. Ленинградтағы әріп терушілердің қазақтың сөзін ұқпауынан қатесі көп болды, толық түзеуге мүмкіндік болмады. Абайдың өмірбаянын қысқаша ғып Кәкітайдың өзі жазды», – дейді. Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхановтың себепкерлігімен Абайдың баласы Турағұл інісі Кәкітаймен ұлы ақынның тұңғыш жинағын осындай тауқыметпен жарыққа шығарады.

Ал, Мүрсейіт молданың ерекшелігі – бірнеше адам жабылып жүріп жасаған жұмысты бір өзі жасауында...

Ұлы ақын өз заманында жастардың сауатты, білімді болуына баса мән берген. Абай бастаған сол дәуірдің көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары әр кеште бас қосып, малдас құрып, тарих пен әдебиет жайлы сұхбаттасуды күнделікті әдетке айналдырады. Бұл туралы Әрхамның естелігінде: «Енді Абай болыстықты Күнтудің қарамағына беріп, қолын ел тартысынан босатқан уақытта Халиолла Омбыдағы оқуын ойдағыдай бітіріп қайтады. Енді жоғары школға барып оқуға ниет қылып, бір жыл қырдағы үйінде жатып, дем алып, денсаулығын түзетпекші болады. Аулына келіп аздап тыныққан соң, ағасы Абай, Ысқақ, інілері Оспан, Смағұл, ағасы Құдайбердінің баласы Шәкәрім, ағайыны Ысрайылдың баласы Ысқақ, Ысқақтың көршісі Әнет Бікінің баласы Мүрсейіт, тағы осындай талапты жастарды кешке, оңаша киіз үйге жинай орысша оқуды, жазуды, сөйлеуді үйретіп, онымен бірге орыстың атақты жазушылары Тургенев, Лермонтов, Толстойдың повестерін, романдарын қазақ тілінде айтып беріп, ұқпағандарын жазып беріп, әдебиет кешін өткізіп отыруды әдетке айналдырады», – деген мысалының өзі көп нәрсені аңғарта түседі.

Абай дүниеден өткен соң Кәкітай Петербургтен 1909 жылы ақынның жинағын кітап етіп басып шығарған соң, ол жинаққа Абайдың сыршыл өлеңі мен қара сөздердің енбей қалғандығын Әуезов өз мақалаларында айтып өткен. Ал Мүрсейіт болса Абайдың жазған-сызғандарын сақтап, хатқа түсіріп отырады. Әсіресе, қара сөздердің көшірілуі оңайға соқпаған. Қара сөздердің ішінде кездесіп отыратын құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің өте сауатты көшірілуі бұл да оңай шаруа емес. Солай бола тұра Мүрсейіт мұның барлығын жалғыз өзі атқарды. Осы тұста *«Әуезовтің ұлы арманын»* тілге тиек етіп кетпеске тағы болмас.

Бұл туралы Семейлік абайтанушы Мұздыбай Бейсенбаев Абайдың Тұрағұлдан туған қызы Ақиламамен кездескендегі әңгімесін былай деп жазады: «...осы арада тағы бір ой келеді. Әсіресе, кеңес дәуірінде Абай жинақтары аз басылған жоқ, тираждары да мол болды. Енді 150 жылдық тойға дейін Мүрсейіттің қолжазбасы бойынша Абайдың жеке, арнайы басылымын даярлап, кітап бастырып шығарса дұрыс болар еді. Мүрсейіт енбегі сонда жарқырап шығар еді. Бір әңгімесінде Турағұлдың қызы Ақлия (1990 ж. қайтыс болған): – Мұқанмен бір кездесіп әңгімелескенімде сөзден-сөз шығып, Мүрсейіт туралы айтқанда: «Мүрсейіт қолжазбасы бойынша бөлек Абайдың жинағын құрастыру ойда болып еді, оның моллалығы пәле болды ғой деп айтқаны есімде». Міне, Мұханның ұлы арманы.

Біз жақында ғана мұқым алаш жұртшылығынан сүйінші сұрадық. Өйткені, біз пақырыңыз хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай «Абай. Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбаларына сүйеніп жасалған транскрипция» атты 712 беттен тұратын жаңа туындыны жарыққа шығардық. (Авторлар: Ақжол Қалшабек, Әзімхан Исабек). Бұл кітаптың ерекшелігі – Абай мұрасын көшірген Мүрсейіт қолжазбаларымен етене жұмыс жасаудан тұрады. Әрбір әріпке, әрбір сөзге қайтадан салыстырулар, жаңа зерттеулер жүргізілді. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы еңбек арқылы ұлы Мұхтар Әуезовтің арманы орындалып, қайта жаңғырғандай. Мұнан өзге аталған кітапта Мүрсейіттен бөлек, Турағұл Абайұлы, Рақым Жандыбаев, Оразке Уақбайұлы сынды көшірушілердің қолжазбаларын қайта салыстырып, жаңа текстологиямен көмкерілген Абайдың шығармашылық мұрасын жаңа дәуір тынысымен зерделеп шыққанымыз үлкен олжа болғаны анық.

Кітапқа жанашырлық етіп, үлкен аудиторияға жетуіне себепкер болған қайраткер тұлға, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаров ағамызға шексіз алғыс айту азаматтық борышымыз.

аштыққа ұшырағанда Шолпандағы қоражай, салулы төсек, салқын үй, қасиетті атақонысты тастап, шешем Мағрипа екеуі менен кейінгі Нұритдин, Нәзипа деген екі бауырымды алып, Ақшоқы, Тақырбұлақ арқылы Қарауылға бет түзепті. Мен ол кезде 5 жаста, аяғыммен жүре алады екенмін. Кішкентай екі бауырымды аштан бұралған ата-анам өздері алып жүре алмай Тақырбұлақта шала өлік күйінде беттерін әрең дегенде таспен жабуға шамалары келіпті. Кейін ес жиып, етек жауып дегендей ел қатарына қосылғанда патефоннан Кененнің «Базарым-ау, Назарым-ау» әнін естігенде әкем бұлаудай болып жылаушы еді. Сөйтсем, менен кейінгі екі баласының тірі өлік қайғысы шерін қозғайды екен. Әкем хат танымай-ақ, қиындық тауқыметімен сан рет бетпе-бет келсе де, ашаршылықпен ауып бара жатса да, әкесінің қолжазбасын Шолпандағы шешесі Ажардың қабірінің бас жағына су өтпейтін затқа орап, көміп кетіпті. Зұлмат жылдар өтіп, халық өз қоныс аймақтарына орала бастаған кезде, әкем де Қасқабұлаққа келіп, колхозға мүше болады. Қай жылы екенін тап басып айта алмаймын сол кезде Мұхтардың арнайы тапсырмасымен Алматыдан әкеммен жерлес, ескі замандас руы Көтібақ Сармұрзаның Ғайсасы келіп, Мүрсейіт қолжазбасына сұрау салған. Әкем Шолпандағы шешесінің қабірінің бас жағын қазғанда, еш жері бұзылмай сақталған атамның қолжазбасын Ғайса арқылы Алматыдағы Мұхтарға жөнелтіпті». Міне, тар заманның қапасынан аман шыққан Абай мұрасы біздің заманға осындай жолдарды жүріп өтумен жетіпті.

Тағы бір соны жаңалық, Мүрсейіт Бікіұлының – қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің ұстазы болғандығы. Бұл туралы филология ғылымдарының докторы, Әуезовтанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе» атты еңбегінде: «**Мұхқа да сол арада Мүрсейіт Бікі баласынан сабақ алады. Мүрсейіт – Абайдың хатшысы, жан-жақты өнер иесі болған адам. Ол өз шәкірттерінің қолын жаттықтырушы үшін оларға үнемі Абай өлеңдерін көшірткен және сол өлеңдерді жаттатқан. Қазір Абай ауданы Мұхтар Әуезов совхозында тұратын Мүрсейіттің баласы Рақымбай ақсақал (1886 жылы туған) былай дейді: «Жасымның есейгеніне қарамай әкем мені жылда оқытатын. Мұхтармен де бірге оқыдым. Мұхтар басқа балалардай әкемнен қашпайтын. Әлі есімде, әкем жылда алғашқы сабағын бастағанда «Абайды білесіңдер ғой. Абай деген сөзді жазып үйренеміз», – деп бастаушы еді» («Семей таңы», 17. 11. 1967 ж.)»** деген ерекше дәлелді алға тартады. Ал Мүрсейіттің перзенті Рақымбайға келер болсақ, ол мана Билалдың жалшылығында жүріп, болыстың қамшысына жегіліп, қар төсеніп, мұз жастанып Билалдың малын бағып күнелткен. Билал бірде Рақымбайға «иттің баласы» деп қатты тіл тигізеді. Бұл сөзге шыдамаған Мүрсейіттің ұлы қатты ашынып былай дейді: «**– Қарағым Билал! Неге мені иттің баласы дейсіз? Менің әкем кісі емес, ит пе еді? Өз әкең Кәкітай Абайдың кітабын сонау Петерборға барып зорға шығарғанда менің әкем сол жарықтықтың өлеңдерін өз қолымен жазып, тамам жұртқа, алдымен өздеріңе таратқан Мүрсейіт емес пе еді?»** деген ызалы жолдарды естеліктен оқығанымызда жағамызды ұстап, тебіренгеніміз жасырын емес. Міне, өздеріңіз байқағандай Мүрсейіт ұрпақтарының да, көшірген қолжазбаларының да бүгінгі күнге жетудегі жолы небір бұраландарға толы болған. Бекен Исабаевтың «Ұлылар мекені» кітабындағы мәліметке сүйенсек, тар жол, тайғақ кешіп ғұмыр сүрген Рақымбай Мүрсейітұлы 1971 жылы 88 жасында дүние салады.

Құрметті оқырман! Қолымыздағы мағлұматтарды саралап, сараптап, сүзгіден өткізе келе біздің анық ұққанымыз, ең әуелі, тақырыбымыздың аты айтып тұрғандай – Абайдың әдеби хатшысы, Әуезовтің ұстазы дегенде осы Мүрсейіттің есімі аталуының ғылыми тұрғыда салмағы зор екенін білгеніміз ләзім. Екіншіден, бұл кісі абайтанудың Әуезовке дейінгі кезеңінің белді, ірі өкілі һәм мүйізі қарағайдай абайтанушылардың бірі, бірегейі ретінде дәріптелуі керек деп санаймыз. Үшіншіден, қилы заманның қысымына қайыспай, небір теперіштермен арпалыса, күресе жүріп, бүтін бір ғылыми-зерттеу институт жасайтын жұмысты Мүрсейіттей тұлғаның бір өзі атқарып кеткендігі былайғы жұртты таңдандырмай қоймасы анық. Ал ең бастысы, Абай заманының «баспаханасына» айналған Мүрсейіттің

алтынға бергісіз қолжазбалары – абайтану текстологиясының негізгі арқа сүйер тірегі қала берді эвересті. Бұл – аксиома...

Сондай-ақ абайтануға өмірін арнаған қазақ әдебиетінің абыз ақсақалы Мекемтас Мырзахметұлы Абай шығармаларының осы күнге дейінгі басылымдарын толығымен сараптай келе текстология туралы мынадай қорытынды жасайды: «Ұлы ақын мұрасы төңірегінде түбі істелуге тиіс жайларды дәл осы арада айту да орынды сияқты. Ол – Абай шығармаларының шын мәніндегі академиялық жинағын шығару және мұндай сипаттағы жинақты даярлау үшін істелетін істер. Бірінші, Абай шығармаларына арнайы текстологиялық зерттеу жұмысын жүргізу. Бұл – әрі зор ғылыми мәні бар жұмыс, әрі бұл – біздің мұрагер ретіндегі борышымыз. Өйткені Абайдың асыл сөзі – бір буын емес, сан буындарға тәрбиеші. Ол өз ұрпақтарымен заманнан-заман өткізіп бірге жасамақ. Осынау өлмес сөзге қазіргі буынның иелігі мақтаныш. Ал бұл иелік соңғы буынға ауысқан шақта біздің мұрагерлік дәрежеміз де сол болмақ. Сол үшін де өзіңнен ілгері кетер ғасыр жүгін келер буынға ұзатып салу – үлкен сын. Ол сынға ақын мұрасын біздің рухани азық етіп тұтыну дәрежеміз, зерттеп білу, тану дәрежеміз – бәрі жатпақ. Ал ақын шығармаларының текстологиялық зерттеулер негізінде анықтайтын, толықтыратын, аша түсетін, жанама түсініктерді керек ететін мәселелері көп. Абай шығармаларының үлкен академиялық жинағын – түпкілікті канондық тексін шығару үшін әуелі Мүрсейіт көшіріп алған 1905, 1907, 1910 жылғы қолжазбалардың, Жандыбаев пен «Шыңғыстау» қолжазбаларының фотокөшірмесін бір том етіп жариялау, ол қолжазбалардың транслитерация (араб әріптерін қазіргі әріптермен дәл ауыстырып көшірген үлгі) нұсқасын бір том етіп жариялау, Абай шығармаларының текстологиясына арналған үлкен зерттеу жинақ шығару, Абайда көптен кездесетін термин сөздер мен мәнін түсіне қою қиынға соғатын сөздердің анықтама сөздігін жасау сипатындағы бір алуандас шараларды іске асыру керектігін осы басылым көрсетті», – деп алда атқаратын ғылыми жұмыстың басым бағытын анықтап ойын сабақтайды. Иә, арқадан ерген артқы толқынның қамын жеу бәріміздің ортақ борышымыз. Біздің міндет – болашақ буынның алдында шарық-шаманың жеткенінше һарекет жасау. Берекет Алладан.

Дана Абайдың Абай сөзімен айтар болсақ:

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,

Харекет қыл, пайдасы көпке тисін, – дегендей сол көптің игілігі үшін тырбанып, адамзаттың қарызы үшін еңбек етіп, тағылымды ғұмыр кешіп, кейінгіге тәлімді сөз қалдырған, ұлылардың адамзаттық деңгейге көтерілуіне себепкер болған дарабоз тұлғаларды ел ұмытпаса, керісінше ұлықтаса деген ниет қой біздікі!

FTAMP: 17.82.10

А.Қ. Қадыров

Шәкәрім университеті

Қазақстан Республикасы, Семей қ., aibar.kadirov@mail.ru

ҰЛЫ АҚЫН ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ТУРАЛЫ ШӘКІР ЖЫРЛАРЫ ХАҚЫНДА

«Абай үлгісіндегі ақын Шәкір Әбенев», [1, 366] – деп оның шығармаларынан Абай салған соқпақты бірден таныған ғылымдағы ірі тұлға Әлкей Марғұлан Шәкірдің поэзиясын жете танып, бағытын бағдарлай білген.

Шәкір Әбенев, Абай үлгісінде шығармаларын туғызып қана қоймай, поэзиядағы бағдаршамы Абайдың даналығын терең түсініп «Абайдың ақындығы», «Абай сөзі құлпырмақ күнде гүлдеп», «Қазақ халқы – Абайдың мұрагері», «Сөзін ұғу оңайма ғұламаның» атты жырларын арнап, хакімнің ақындық қуатын терең барлап, баға береді.

Абайдың ақындық қуатына өлеңмен баға беру, саралау ортаң қол ақындарының жүгі емес екені белгілі. Осы өлеңдердің тақырыбының өзі Шәкір Әбенұлының дарынын, ойшылдық сыры мен білімін, ақындық өресін айқындап тұрғанын көруге болады. Бұл классик ақындардың үлгісіндегі «Абайдың ақындығы» деп тақырып алып, оған тереңдеп бару ірі ғалымдардың баратын мәселесі. Шәкір өлеңінде Абайдың поэзиялық қуатына олардан артық болмаса да кем баға бермейді. Шәкір осы өлеңінде Абайдың ұлылық мақсат, мұратын басқалардан шоқтығын биіктетіп тұратын ұстанымын айқындайды. Терең біліммен ақындық биік талғам мен адамзатқа ортақ құндылықтарды өлеңіне арқау етіп оны айтып қана қоймай, өлеңімен халықтың көзін ашып, түзетуге ден қойғандығына да тоқталады. Шығармаларындағы көтерілген ойларын, тақырыптарын саралайды. Ақиқат пен шындық, ынтымақ пен бірлік, жағымпаздық пен парақорлықпен қоса адам бойындағы асыл қасиеттерді мадақтағандығына, не нәрседен қашық болу керектігіне тоқталғанын, көрсеткендігін өлең шумақтарына қосқан. Шынындада адам болам дегенге үлгілі өсиетін айтқан Абай осы ойды көздеді. Барша адамзаттың жанын арашалауға асықты. Абай ойшыл ақын екендігін ерекше нақтылап ашқан.

Алаңсыз ақыл- оймен меңгереді Абай,
Көңілдің құйқылжыған құбылысын, – дейді.

Абай өмір сүрген дәуір шынымен де көңілді құйқылжытатын құбылыстарға толы болатын. «Өз қолыңнан кеткен соң, енді өз ырың», – деп ақын қазақтың азат ел болуы қиындағанын жақсы түсінді. Отаршылдық дерттің меңдеп кеткені қатты толғандырған. Шәкір өлеңіндегі «Зор зұлымдық Абайдың жолын бөгеп, Абайды тебіrentкен бұл бір себеп. Зұлымдықтың құрбаны болды емеспе, Ару қыз, ардақты ер...» деп келетін шумақтарда ойшыл ақынның жан жарасын, күйзелісін заманынан тайсалмай жырына қоса білді. Зор зұлымдықтың отаршылық, бодандық екені айтпасада түсінікті. Абай заманында қазақ даласын патшалықтың ашық отарлау саясатының күшейген уақыты болатын. Ойшыл тұлға ретінде халықтың басына келген құйқылжыған құбылыс тұсында қалай өмір сүру керек екендігін ақыл-оймен меңгеріп, тиімді жақтарын көрсете білгендігін таныды. Халқына «Деркүмән, делдал болма» (күйзелме, дағдарысқа түспе) деген жоқ па? – дейді.

Абай өсті, заманда алай-түлей,
Кедергіге кезікті қиын талай.
Қараңғы елге саңылаудан сәуле шашып,

Өзінің тұрғысынан артты Абай, – деп қиын заманда Абайдың жаңашылдық бағытын меңзей білген. Абай өлеңдеріндегі көтерілген маңызды мәселелер саралана келе, халық үшін оның шығармаларының өлшеусіз өмірлік маңызы бар екенін басып айтады. Шәкір ақын жырлағандай, расында да Абайдың шығармалары ғасырдан ғасырға жасай беретін, еш уақытта тозбайтын, маңыздылығын жоғалтпайтын мәңгілік қазынамыз, адамзаттық және ұлттық құндылықтарды тануымыздағы білімнің таусылмас қайнар бұлағы.

Шәкірдің өлең өнеріндегі адастырмас жарық жұлдызы Абайда Шығыс әдебиетінен гуманистік сипаттағы тәрбиелік, тәлімдік мағыналары терең ой түйінділерін алып, оларды әділетсіздікке, отарлық езгіге, озбырлыққа қарсы күрестің рухани құралы ретінде пайдаланғаны белгілі.

Шәкір Абайдың ой тереңдігін меңзей келе «Тіл дарқаны – мүлтіксіз, сөз негізі» деп қазақ тілін жаңа бір белеске көтерген шебер тұлғаны таныған. М.Әуезов: «Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында, бұл тілдің барлық байлығы, орамдылығы, өрнектілігі табылған. Абайдың барлық өлеңі- қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күйге шейін сөйлеп жүрген жатық тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл- Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі» [2, 82], – деп жазады.

Қазақ тіліне қосқан еңбегіне бергілген әділ баға, бұл жерде Шәкірдің де Мұқтардың да ойлары үндесіп жатыр.

Абай өлеңдерінің ой тереңдігін түсіндірген Ахмет Байтұрсынұлы: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам басқа ақындардың сөзіндей емес.

Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі», [3, 217] – деп жазған Ахмет ойынан Шәкір Абай өлеңдері өзгелердікінен ерекше терең мағыналы екенін, оны түсіну үшін ерекше зейін мен зерде керектігіне тоқталғандығынан көтерілген мәселе жалғасын тауып жатқандығын көреміз.

Шәкір:

«Абай сөзі – адамның жанына азық,

Ақылдың таразысы – ойға қазық.

Абайдың өсиетін түсінгендер,

Кетпейді деп сенемін дүниеге азып» [4, 71].

Ақын Абай сөзі, ақылды ойы адамзаттың рухани азығы, оны түсінгендер дүниеде өз орнын табады деп көрегендік танытады. Абайдың өлеңдеріндегі көтерілген гуманистік бағыттағы тақырыптарын да жырына қосып, назарынан тыс қалдырмаған «Ақыл-ой, ақындықтың киесі – Абай», «Түгел сөздің түбі бір, жүйесі – Абай», «Өлеңге еңбек сіңірген иесі – Абай», – деген Шәкірдің өлең жолдарын «бір тұлға» өз сөзіндей биік мінбеден «қазақтың иесі де, киесі де Абай» деп жиендік жасап тұрғанды да көзіміз көрген.

Абайға өлең жазу, Абай тақырыбына бару, ақындық қасиеті туралы сөз саптау Шәкірді көп толғандырған, ойланған, ізденген, жатса-тұрса мазасы кеткен, шабытын қайраған. Ол өткірдің жүзі менен бізі, қарапайым тілмен өрнектей салуға келмейді деп, үлкен талғаммен, жауапкершілікпен қараған. Абайдың өмір сүрген заманымен өз заманын салыстырады, көп сөзге салынбай, бұрын айтылмаған ойлы түйін айтуға ұмтылады. «Абай сөзі құлпырмақ күнде гүлдеп, келешек бізден қадірін артық білмек» деген тіркесті қолданып, Абай өлеңдерінің мағынасы тұңғыйық терең, мәңгілік, болашағы жарқын екендігін көрсететін ойлы сөзді дәл тауып қолдана білген.

Шәкір Абай поэзиясының әлеуметтік тамырын терең біліп, бағалай білгендігін осы өлеңінде анық танытады.

Сөзінің іші музей, сырты мүсін

Халыққа арнап қазынаға сықады ішін, [5, 69] – деп ақындық шеберлігін ғана сөз етпей, поэзиясында озық ойдың әсем өріліп шыққандығына баса көңіл бөлді. Шығармаларының тақырыбы – идеялық мәні, халықтығы үлкен ақындық қуатын дәл басып көрсете білген. Қоғамдық мінді көрсетудегі шыншылдығына тоқталып, әлеуметтік теңсіздікке қаламын қолына алып қарсы шыққан, ақындық көзқарасында жаңа таным қалыптасқан қазақтың аса ойшыл, дана ақыны ретінде тани алды. Шәкір – Абайдың өлеңдерін «Ғылымның дүрбісімен үңілмесе, Сөзінің көрінбейді терең түбі», – деп көп сөздерін бірден түсіне алмайтынын ойланып, қайталап оқып, терең бойлап, ғылыми түсінікпен қарау керек деп өзіндік пікір де қосады.

Абайдың эстетикалық таным талғамына терең бойлай білген Шәкірдің осы өлеңмен өрілген бағасы ұлы ақынға ғалымдар берген бағадан артық болмаса кем емес. Шәкірдің «Абайдың ақындығы» атты баға, мінездеме берген өлеңі Абайдың 125 жылдық мерей тойдағы елдің танымал арқалы ақындары қатысқан республикалық мүшәйрасында бас жүлдеге ие болған.

Дана Абай салған сара жол Шәкір өлеңдерінің тақырыбы көркемдік иірімдері алғыр шәкірттік танымды байқатады. «Хайуанмен тең» туындысында жастарға адамгершілік, имандылық қасиеттердің дәнін себу идеясымен ұтымды шыққан.

Ақын жастар бойындағы адамгершіліктің биік болуымен қатар, оқу-білім, ғылым, өнерге ұмтылу мәселелерін де терең уағыздайды.

«Жастық шақ» атты туындысында жастарды табиғаттың әсем, сұлу құлпырған суреттерімен салыстыра отырып өлеңнің поэтикалық қуатын арттырған, ақындық шеберлігін де аңғартатын өлең жолдары. Жастық шақтан таудан аққан таза бұлақтай талап, жігер шығады, осы уақытты надандыққа алдырмай өнер үйрен, білім ал дейді. Орман көркі бұлбұлдай

сайраған тілің болсын дейді. Жайнаған жаздың жапырағындай жастық шақты қуратпаймын десек ғылым-білім деп «Жастық шақтың қорғаны білім-өнер, // Өзіне өзі өнерлі толық сенер. // Жас шағында таппасаң білім-өнер, // Қартайғанда төбеңнен түнек төнер» деген жолдардан Абай салған сара жол ағартушылық идеясының да терең екенін байқаймыз.

«Өмірге ғылым сәуле өнер өрнек» деген туындысында «Дүние - лай теңіз, ғылым – кемең» – деп ғылым жетістіктерін саралап, оның болашағы туралы салиқалы ой тастай білген. Өмірге ғылым - сәуле, ғылымсыз өмірдің мәні жоқ дейді. Жердің іші қазына, басқа елдер жердің ыңғайына қарай, оны арнайы техникамен меңгеретініне тоқталады. «Бірте-бірте іске асып, ізденісі, // Оттыда бағындырды ғылым күші. // Ғылым отты мейілінше меңгерген соң, // Заманның да өзгерді құрылысы», деп, Ғылым кемеңі меңгерген ғалымдарды дарынды, ақыл-ойы алғыр – деп, ғылымның күш-құдіретін ардақтап, ғалымдарды көкке көтере мадақтайды. Абайдың «Дүниеде өзі, малда өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген ұлағатының жалғасы іспеттес ой. Осы өлеңдерінде оқуға, білім алуға, өнерді үйренуге жастарды үгіттейді, ол сенің өміріңнің қорғаны, ақынның айтып отырған өнер, білімі мамандық алып, келешекте өмірден орнын табу. Бұл жолдардан жастарды өнер, білімге ұмтылдыруға, заман ағымын ұғындыруға шақырған салихалы үнді тереңірек аңғарамыз. Жастарға адамгершілік, имандылық қасиеттердің дәнін себу идеясымен ұтымды шыққан өлең. Ақырғы демі біткенше қолынан қаламы түспей, өмірін өлеңмен өткізген Шәкір кейінгі жылдарда өзінің ақындық қасиетін, жалпы ақындық өнерге көзқарасын аңғартатын бір неше туындылар жазды .

«Сырым» өлеңінде:

Аузыма кеп домалап өзі түсер,

Өлеңнің бас жағымнан миуасы өсті.

Тұтқасы емеспін мен ойдың терең.

Өтірік пен өсекке болдым керең [6, 122].

Шыныда да Шәкірдің бойында табиғаттың берген сыйы, дарыны бар ақын, аса ойшыл болмағанымен «Халық үшін ақын өзін байлайды оққа» демекші дарындылығын елдің мұңы мен халықтың мүддесін мұқтажымен ұштастыра білген. Өтірік, өсек, арамдықпен арыстандай алысып өткен. Өзі өмір сүрген ортаға шындық көзбен ғана қарап сынады, таразылады. Өтірік көлгірсуді білмейтін, ағын ақ, қарасын қара деп, жамандыққа бүркіттей шүйіліп, жақсылыққа қанатымен су сепкен. Шәкір ақын өлеңдерін қатты қадағалап, қатаң талап қойып

Айшықты, әдемі өлең жеткілікті.

Өлең аз іші - өнеге, сырты мүсін, –

немесе

Түсінген түбегейлі сөздің нарқын,

Алдын созып, шұбыртпас сөздің артын.

Іші өңсіз, сырты жылтыр мың сөзден де.

Демей ме ойды оятар бір сөз жарқын [7, 148], – деп қарауынан, өз өнерін бойындағы дарын азаматтық парыз ретінде балап, өміріне мақсат-мұрат етіп алған рухани серігі поэзияның қадір-қасиетін түсірмеуге тырысқан. Ол өлеңде көп, бос сөздікке салынбай, әр сөздің орнын, қалауын тауып, жымдастырып шығаруға талап қояды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», деп Абай айтқан ақындық талапқа Шәкір де терең эстетикалық талғаммен қарайды.

«Әсерлі өлең арбайды тыңдаушыны» [8, 146] атты туындысында хакім Абайдай «Көкірегі сезімді тілі арамды» өлең жолдарын туғызу үшін ой керек, ой тоқтаусыз қиялға берілмес үшін оны тежейтін ақыл керек. Сергек сезіммен, ой қозғалмаса, ақынның шабыты оянбайтынына тоқталады. Көргеніңнің дұрыс – бұрысын әсірелеп асырмай дұрыс сына, айтпесе жазғаның керексіз болып қалады. Өлеңің тиянақсыз қиял болып шұбырынды сұрлеуге түссе, келемеже мазаққа қаласың. Өнегелі өлең жазу оңай емес, оны сұрыптайтын сынның бар екенін ескертеді. Құлақтың құрышын қандырып, тыңдаушыны арбайтын әсерлі өлең керек, тыңдаушысын мезі қылатын өлеңдер болатынына тоқталады. Болашақты болжайтын қырағы ой, ойдың кенін ақтарып жеткізетін тіл десе, лайланған пікірді тұндыратын қиянатсыз таза жүрек деп пәлсафалық ой түйеді. Шәкірдің ойшылдық қабілетінде көрсететін тіркестер

«Алдымен заманыңның сырын түсін, //Заманға сәйкес болсын істер ісің, // Көңілінде күдікті мүддең болса, // Жасырма, жариялап халыққа ұсын» деп сөз қысқа-нұсқа болсын, бәтуәсіз, нәрсіз мың сөзден, ойды оятар бір сөз болсын деген тұжырымдар жасайды. Ақынның ортаға салып отырғаны осы өнердегі өмірлік тәжірибесі, өлең өнерін жетілдірудің өзіндік тұжырымдары.

«Халық үшін өзін байлайды оққа» [9, 126] атты өлеңіде автор халықшыл ақындар туралы толғайды. Ақынның мақсат мұраты халықтың ой-арманымен егіз болу керек. Халықтың арман тілегін жырлау адастырмайтын темір қазық деп біледі. Ақындардың шабытын шақыратында, өлеңге күш-қуат беретінде халық дейді. Артында халық тұрғанда кез-келген зұлымдыққа қаймықпай қарсы тұрады, ақынның қамқоры, тірегі халық, сондығынан ақында халыққа жақын болады. Мансап пен байлыққа сатылмасаң болды, қорғаушың халық болды. «Арыстанның тісіне тілін төсеп, //Тіл жазасын тартады, қиналады. // Халық үшін ақын өзін байлайды оққа, // Өлтір де, үнін өшір, сана жоққа», - дей келе «Сонда да оны халық ұмытпайды, оның сөзі өзі үшін барар топқа» деп ел намысын қорғаған ақындар ғана тарихтан өз орнын алады – дей келе ақындықты асқақтата жырлайды. Үстемдердің етегін иіскелеп жүретін жағымпаз, шаптақ, қорқақ, шорқақ ақындарды қаламымен түйреп өтеді. Шәкір осы өлеңіндегі ұстанымына сай бола білген ақын.

«Өлең ойды ұйқыдан оятады» [10, 128] атты туындысында өлеңнің халыққа пайдасын терең таркатады. Шәкір өлең – жырды өміріне серік етіп, өмірін өлеңменен өрнектеген ақын. «Өзі көкейкесті құмарым – жыр мен өлең» демекші, өмір суретін өлеңімен өрнектейді. «Өмір биік шынар болса, өлең-жыр бұлбұл қонған бір бұтағы» деген. Өлең күдіретінің халыққа тигізер оң қасиеттерінің ұшан - теңіз екендігін жырлайды. Өлең оқырманын ойландырып, талаптандырып еңбекке баулиды. Жыр жаңалықтың жыршысы елдің көзін ашып, көкірегін оятады, білмейтінін білдіретіндігіне тоқталады. Жыр елдің қуанышына да, қайғысына да ортақ, халықпен бірге өмір сүретінін айтады. Шәкір өлең жүректегі қаталдықты жібітіп, қайғыны ұмыттырып қана қоймайды халықтың сенімді көз құрағы – деп, өлеңнің күш-күдіретін асқақтата жырлайды.

«Жақсы ақын көп болғанымен, жақсы өлең аз» [11, 121] атты өлеңінде ақындардың өлең жазу тәсілін бағдарлап, бірнеше сипатын, бағытын саралап, баға берген туындысы. «Кей ақын шығармайды тығындысын, // Мезгіл тосып шығарар сыйымдысын», - деп болатын шараларды байқастан алдын-ала дайындалып, жоспарлап мезгілінде ұсына қоятын пысық ақындар, десе «Кей ақын күнделікті жағдайды аңдып, // мақтау өлең жазады тиын үшін», -деп әр тақырыпқа тапсырыспен жазатын немесе ақшалы байекештерді атақ үшін биліктегілерге тілдерін безеп, мақтауын асырып өлең шығаратын ақындар бар, – дейді. «Саясаттың бір талын жалау қылып, // Ұшқыр өлең жазуға шығындысын», - деген жолынан саясаттың ыңғайын бақылап отырып, көрініп қалуға, темірден дәм етіп абырой, атақ жинауға ұмтылған ақындар болатынын меңзесе, «Көп жаздым, - деп баспа орынын мазалайсың, // Тынымсыз ызыңдайтын шыбынбысың», – деп мазасыз ақындар болатынын айтады. Өткен ғасырды ақтарып, үйінді-қиындысын құрастырып, бір том тұлғалы өлең жазатындар болды, – дей келе, есерсоқ ақындар болады. Байлыққа, атаққа, билікке ұмтылмайтын, үстемдерден именіп, ығына жүрмейтін есерсоқ ақындар болады, соның бірі менмін, – дейді. Барлығын таңдап, талғап сыннан өткізіп, бағасын беретін халық екендігіне баса назар аударған.

«Өлең аз: іші өнеге, сырты мүсін» немесе

«Жақсы ақын көп болғанмен, жақсы өлең аз,

Бәрін бірдей дарынды дей алмаспын» – деп ой қорытады. Осы туындысынан Шәкірді ақындықты ой елегінен өткізіп зерделеген зерттеуші ақын деуге болады.

Абай мұрасын жастайынан жаттап, есейе келе оның игі әсерін терең танып, бойына құйып, «Абай сөзі құралым, қорғанбаймын» деп өзінің ақындық мұратына үлгі тұтып өткендігі айтылып, басқаларды да осы бағытты ұстауға шақырды.

Абай мен Шәкір арасындағы творчестволық байланыс жөнінде жіктеп алар бір жай бар. Біраз әдебиетшілер Әбенов өнернамасын Абайдың ақындық мектебі аясында қараса, кейбірі ақын шәкірттері қатарына қосады. Белгілі жазушы Медеу Сәрсекеев «Шәкеңнің өзінің

творчестволық жолына шырақ етіп ұстаған қатты қадағалап үйренген мектебі – Абай мектебі»,– десе, Семей өңірінің белгілі ақыны, журналист Кашаф Туғанбаев «Кешегі өткен Абай мектебі шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп көргені де Шәкір Әбенов» ,–деген жолдар нақтылықты қажет етеді. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметовтың «Абайдың ақын шәкірттері деген аталым Абаймен тікелей араласып, ақындық жолында тікелей өз шамасына қарай дамытушылар жатады» [12, 134], – деген пікірді ескере келе, Шәкірді Абай дәстүріндегі ақын ретінде тану ғылыми ақиқатқа сай келер еді.

Әдебиеттер

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, Жазушы. 1985. – 366 б.
2. Әуезов М. Елу томдық. 2 том. – Алматы: Дәуір, 2014. 82-83 беттер
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 217 б
4. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 71 б
5. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 69 б
6. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 122 б
7. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 148 б
8. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 146 б
9. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 126 б
10. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 128 б
11. Шәкір Әбенов шығармалары. 1 том. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 121 б
12. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 134 б

GTAMP: 17.82.10

А.С. Ақтанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., aktanova_aiman@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЛИРИКАЛЫҚ ТҮЛҒА: АДАМДЫҚ ПЕН ІЗГІЛІК БЕЙНЕСІ

Абай Құнанбайұлы шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетінде ең көп зерттелген ақындар қатарында болса да, әлі де оның «жұмбағының» шын сырын дәл тауып, мәнін ашқан зерттеулер аз деп саналады. Абай өлеңдерінің шығу тарихы мен ондағы ақынның көңіл-күйі, психологиялық жағдайы лирикалық тұлғаның да бүкіл болмысын танытады.

Абай ең алдымен отарлық жүйенің салмағынан жаншылған елінің қамын ойлады. Абай шығармаларының көркемдік қуаты да лирикалық тұлғаның ізгілікті ойымен ұштасып жатады. Академик Сейіт Қасқабасов: «...Абай сияқты данышпанның даналығы да сонда: ол әрқашан заманауи. Әр ұрпақ өз заманының проблемасын таба алады Абайдан, онымен сырласады, ақылдасады, ой салыстырады, сұрағына жауап іздеп, оның шешімін де ала алады», – деп Абай мұрасының өміршендігін айтады [1, 81].

Абай Құнанбайұлы – қазақ руханияты мен әдебиетінің темірқазығы, адамшылық пен ізгілікті ұлықтаған ұлы гуманист ақын. Оның өлеңдеріндегі лирикалық тұлға ақынның өз бейнесінің көркемдік-поэтикалық формасы ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамының адамгершілік және рухани биігін аңсаған, ой мен сезімнің тұтастығынан туған тұлғаланған келбеті. Бұл лирикалық кейіпкер арқылы Абай адамзатқа ортақ ізгілік идеяларын, моральдық-этикалық құндылықтарды, кемел адам бейнесін ұсынады. Абай поэзиясының қазақ әдебиеті басты ерекшелігі оның ренессанстық сипаты. Ренессанс деген сөз қайта өрлеу, жаңару, түлеу деген мағынадан шығып, жалпы өнерде адам бейнесінің асқақтығы туралы мәнге ауысқан. Абай да өз туындыларында адамды ең басты орынға қойды. Барлық игілік адам баласы үшін болуы керек екенін білдірді. Бірақ адамның өзі сол игіліктерге ие болу үшін не істеуі керек

деген мәселеге жауап іздеді. Адам бойындағы жақсы қасиеттермен қатар кемшіліктерін де тізе отырып, оны түзетудің жолын нұсқады.

Абайтанушы М. Мырзахметов: «Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі – жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенге әр заман ойшылдары өз ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды», – деп Абай шығармашылығының басты бағыттарын анықтап көрсетеді [2,87].

Абай шығармаларындағы адамдық пен ізгілік салт пен дәстүрге, ақыл мен ғылымға, еңбек пен әділетке негізделген. Бұл ұғымдар оның «толық адам» ілімімен сабақтас. Лирикалық тұлға өз бойындағы немесе қоғамдағы рухани күйзелісті көріп қана қоймай, оны түзетудің жолын ұсынады. «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» деген өлеңінде:

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,

Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.

Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме, – деп ақын жүректің түбіндегі асыл дүниеге назар аудартады

Адамдықтың мәні – адал еңбек, білім, ақыл, ұят, ар-ұждан. Ізгіліктің негізі – мейірім, сабыр, әділет, рақым секілді қасиеттер. Мәселен, «Он жетінші қара сөзде» Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ...» дейді. Абайдың лирикалық тұлғасы тек философиялық-эстетикалық бейне емес, сонымен бірге ұлттың рухани ділін тәрбиелеуші тұлға ретінде қызмет етеді.

Абай Құнанбайұлының лирикалық тұлғасының басты мақсаты алдымен елге қызмет ету, елдің рухани жандүниесін байытып, көкірек көзін ашу десек, сол арқылы өзінің тарих алдындағы жауапкершілігін сезіну де бер. Ақынның лирикалық бейнесі өз заманының ғана емес, болашақ жастардың да оқу-білімге талпынып, ғылым жолына бет бұруына сол арқылы ізгілікке ұмтылуына үндеу тастайды. Әсіресе оларды сынай отырып, адамның кемшілігін көрсете отырып, жаман әрекеттен аулақ болуға шақырады.

Қоғамға сын көзбен қарайды

Тарихи жауапкершілікті сезінеді

Жастарды ізгілікке, еңбекке, ғылымға үндейді

Ақын білім алуда маңызды адам білім алушыға бағыт беретін тұлғаның болуы керек екені туралы көп айтады. Білім алушының талабымен қоса көкірек көзі ашық болуы керек екенін де оқырмандарының есіне салады. Ол:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін, – деген шумақтарында жазған сөзді ұғатын адам талапты, тасыр адам қанша айтсаң да ұқпайды деген ойды да айтады.

Лирикалық тұлға бейне бір ұстаз, хакім рөлін атқара отырып, өз заманының рухани жаңғыру идеясын алға тартады. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Дүние де өзі, мал да өзі – ғылымға көңіл бөлсеңіз» өлеңдеріндегі лирикалық бейне – жас ұрпаққа дұрыс бағдар беруші, ұлттық рухты сақтауға үндейтін ойшыл ретінде көрінеді. Абай Құнанбайұлының білім мен ғылымға қатысты көзқарасы оның дүниетанымдық жүйесінің өзегі болды. Ақынның рухани-этикалық ілімінде

білім мен ғылым адам болмысының іргелі негізі, тұлғалық дамудың басты шарты ретінде қарастырылады.

Абайдың жастарға арнаған өсиеттерінде ғылымға ұмтылу, білім мен өнер үйрену – адамдық қасиеттің басты көрсеткіші ретінде танылады. Абайдың білім туралы тұжырымдары тек жекелеген ақыл-кеңестер жиынтығы емес, тұтас дүниетанымдық жүйеге негізделген философиялық ілім екендігі айқын көрінеді.

Профессор Жанғара Дәдебаев: «Абайдың білім концепциясы жүйесінде өзара сабақтас мынадай бірнеше маңызды мәселелер бар: а) Абайдың білім концепциясына жалпы сипаттама беру; ә) білім алушының ішкі-сыртқы қалпына қатысты қағидалардың мәнін ашу; б) білу үдерістердің иерархиялық жүйесінің моделін пішіндеу; в) білу үдерістерінің амалдары мен тетіктерін жүйелеу; г) білім алушының білу нәтижесінде қол жеткізетін құзіреттілігінің сипаттамасын анықтау. Ақынның білім концепциясында білім мәселесінің танымдық, эпистемологиялық, акмеологиялық мәселелері бойынша құнды ғылыми қағидалар негізделген. Сонымен қатар онда білім алу үдерісі адамның бүкіл өмірі бойында тоқтамайтыны, тоқтауға тиіс емес екендігі туралы ойлардың маңызы да үлкен», – деп Абайдың ғылым мен білімге қатысты тұжырымдарын саралап көрсетеді [3, 87].

Ақынның лирикалық тұлғасы «Адамның кейбір кездері» деп басталатын өлеңінде ерекше көрінеді. Өнер адамының шабытты шағы тылсым да пәк болып көрінеді. Абай Құнанбайұлы қазақ поэзиясындағы ақындық шабыт пен шығармашылық процесті терең философиялық тұрғыда бейнелейді. Ақын:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Өлеңнің алғашқы шумақтарында ақын поэзия мен шабытты тәңірлік қасиет деп сипаттайды. «Тәңірінің берген өнері / Көк бұлыттан ашылса» деген жолдар шабыттың ғайыптан келетін тылсым, таза, биік табиғатын меңзейді. Ақын бұл өлеңінде шабыттың келу сәті, оның рухани тазарумен тығыз байланысты болатыны ой толғайды. Шығарманың көтерер идеялық салмағы адамның ішкі жан дүниесі мен ақындық өнердің мәні және оның қоғамдағы орны туралы тұжырымды ой.

Ақын рухының оянып, жүрегінің тазарып, сезімнің, көңілдің сергек күйге түсуін «кірлеген жүрек», «тас бұлақтың суындай» сияқты көркем бейнелер арқылы жеткізеді. Бұл өлең жолдарынан ақынның рухани тазару мен шабыт алу сәтін табиғатпен атастыра сипаттайтынын байқаймыз.

Өлеңнің келесі шумағында Абай ақындықтың адам рухы мен ой-санасының ерекше күйі екенін айқын көрсетеді.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,

Еркеленіп шығар сөз, - деген жолдарда поэзия жай сөз емес, терең ойдың, өмірлік шындықтың нәтижесі ретінде танылады. Мұнда шабыт рухани серпіліс пен ақыл-парасаттың ұштасқан көрінісі.

Абайдың ақындық тұлғасы қоғамдық қайшылықтарға қарсы тұрар рухани күрескер ретінде көрінеді.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,

Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,

Шиыршық атар, толғанар, – деген бейнелі тіркестерден ақынның халық тағдырына бейжай қарамайтынын, қоғамдық әділетсіздікті жүрекпен сезініп, оған қарсы тұрар ой айтуға тырысатынын байқаймыз. Ол қараңғылыққа, надандық пен зұлымдыққа қарсы рухани майдан ашуға дайын.

Өлеңнің соңғы шумағында ақын поэзияның күрделі табиғатын, оның қоғамдық-әлеуметтік сын ретіндегі қызметін ашып береді.

«Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,

Жек көрсеңдер, өзін біл, – деген жолдар – ақынның көркем сөзі шындықты ашық айту жолында ешқандай кедергіден қорықпайтынын білдіреді. Ол шындықты айту үшін жүректегі ызаны, қолдағы қаламды, тілдегі шындықты пайдалануға мәжбүр. Ақын өз поэзиясының ауыр салдарын да түсінеді, сондықтан: «Не жазып кетсе, жайы сол, / Жек көрсеңдер, өзін біл», – деп таңдауды оқырманның еркіне қалдырады.

Абай бұл өлеңінде ақындықты рух пен ардың ісі, жүрек пен парасаттың өзара үн қатысуы ретінде бейнелейді. Оның ойынша, нағыз поэзия – әділет пен ақылдың үні, ал ақын осы қасиетті ұстанымның шырақшысы. Өлең құрылымындағы бейнелі сөздер, метафоралар, эпитеттер мен теңеулер шығарманың көркемдік деңгейін биікке көтереді. Өлең поэтикалық мазмұнмен қаныққан, автордың эстетикалық және философиялық көзқарасын айқын танытады. «Адамның кейбір кездері...» өлеңі Абай поэзиясындағы ақындық болмыс пен шығармашылық шабыттың терең рухани және этикалық мәнін ашатын туынды. Өлең көркемдік қана емес, философиялық тұрғыдан да құнды мұра. Абай ақындықтың киелі жол екенін, оған адал болу үшін ішкі тазалық, терең ой, әділет пен адамдық қажет екенін сөзбен өрнектейді.

Ақын шығармаларындағы адамдық негізі мен ізгілікке ұмтылу құндылықтарын бағамдайтын сөздерін кестедегідей көрсетуге болады.

Адамдық (адам болмысы, қасиеттері, рухани тереңдік)	Ізгілік (мораль, қарым-қатынас, тәрбие, мейірім)
«Бақпен асқан патшадан, Мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық»	«Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ бол»
«Биік мансап – биік жартас, Ерінбей еңбектеп, жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады»	«Жаман дос – көлеңке, Басынды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың; Басынды бұлт шалса, Іздеп таба алмайсың»
«Қайратсыз ашу – тұл, Тұрлаусыз ғашық – тұл, Шәкіртсіз ғалым – тұл»	«Бағың өскенше – тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің»
«Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер...»	Пайда ойлама, ар ойла Талап қыл артық білуге

Абай Құнанбайұлының поэзиясындағы лирикалық тұлға – терең рухани ізденістің, адамгершілік мұраттың, гуманистік идеяның көркем айнасы. Сонымен ақынның лирикалық

тұлғасы ұлт тағдырына бей-жай қарамайтын, әділет пен ақылдың өлшемімен өмірді пайымдайтын, ішкі рухани тазалыққа ұмтылатын кемел адам болмысы. Абай поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің адамдық пен ізгілік туралы ұстанымдары – бүгінгі заманда да өзектілігін жоймаған, жалпы адамзаттық құндылықтарды паш ететін рухани бағдар.

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Абай. – Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 112 бет
2. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 272 б.
3. Дәдебайұлы Ж. Абай іліміндегі «білім» концепциясының негіздері. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Үшінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2022 жыл /Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022. – 120 б.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.

ҒТАМР: 14.01.11

С.А. Баймуратова

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ, saule2006@bk.ru

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ҚҰАТЫ

Қоғамның дамуы туралы қанша мәселе туындамаса да, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік дамуы туралы мәселе ең өткір мәселелердің бірі болып қалуда. Балаларды Отанын, ұлттық мәдениетін, өз халқының салт-дәстүрлерін қалай сүйуге үйрету және қалай тәрбиелеу керек? Біз жастарды қалай тәрбиелеп жатқанымыз Қазақстан заманауи, тиімді дамып келе жатуына, сонымен қатар, өздерін ұлт ретінде жоғалтпай, қазіргі күрделі жағдайда өзіндік ерекшелігін жоғалтпауға байланысты. Оңтайлы және игі істерді іздеу барысында біз жалпы адамзаттық идеалдар мен құндылықтарға толы үлгіні ту етуіміз керек.

Бұған мысал, Абай Құнанбаевтың мұрасы – қазақ әдебиетінің классигі, философ, композитор, көрнекті қоғам қайраткері. Қазақ халқының көрнекті ұлы Абай Құнанбаевтың бейнесі тамаша жазушылардың, ғалымдардың, суретшілердің, ақындардың назарын өзіне аударады. Оның көптеген туындылары терең мағыналы философиялық идеялардан тұрады, онда оның ойлары, өмірге деген көзқарасы, ақыл-ой (сана), өмірдің мәні баяндалған. Абай арнайы философиялық және педагогикалық еңбектер жазбаса да, жастар тәлімгерінің шығармаларының барлығы дерлік адамгершілік көзқарастарға толы.

Абайдың Қара сөздері шындықты меңзейді. Олардың арасында: Төртінші, Жетінші, Оныншы, Он екінші, Он жетінші, Он тоғызыншы, Отыз бірінші, Отыз екінші, Отыз үшінші, Отыз жетінші, Қырық төртінші Қара сөздерінің тәрбиелік мәні қай заманда да жойылмайтыны, бүгінде де өзекті екені кәміл. Мәнсіз іс-әрекетке бой алдырмай, көре алмастық, қызғаншақтық, алауыздық, өсек құмарлық, ұрлық т.б. тәрізді жамандық жолына түспей, керісінше бар жақсылық жолына ұмтылу, яғни адал еңбекпен шұғылдану, білім алуға, кәсіп-өнер үйренуге, ғылым игеруге талпыну керектігін нұсқайды.

Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен

тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен жеткізе білді. Ойшыл, жастардың әрбірінің айналысар кәсібі болуын, ол кәсіпке дағдылану машығының неғұрлым ертерек басталуын, жастық шақта еңбекке деген ұмтылыстық, икемділіктің тұрақты қасиетке ұласуын құптады. Абай әрбір жастың келешегінің нұрлы, болашағының жарқын болуы адал еңбегі арқылы жүзеге асатыны туралы терең педагогикалық тұжырым жасады [1].

Абайдың өнегелі кеңестеріне жүгіну бізге баланы тәрбиелеу, оған ата-аналардың, ересек адамдардың, тәрбиешілердің, құрдастарының әсері жөніндегі мәселелерді шешуге көмектесе алады. Абайдың жастарға бағытталған «Адам бол!» атты өнегелі қағидасы адамның адамгершілік, еңбекқорлық, білімділік, Отанға адал болу сияқты негізгі мақсат-міндеттерін анықтайды, деп жазады педагог-ғалым. Жас адамда өмірлік қажеттілік ретінде білімге, парасаттылыққа тәрбиелеу өнегелі тәрбиенің негізгі міндеттері болып табылады. Осы жөнінде Абайдың «Отыз үшінші» қара сөзінде жазылған «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қол өнерлі – қазақтың әулиесі сол» [2].

Ұлы ойшыл жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына баса назар аударды «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады. Әрбір қайратсыз қорқақ мақтаншақ келеді. Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді. Әрбір арыс жалқаудан тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. «Залымдық-адам баласының дұшпаны», – деп жазады 3-ші Қара сөзінде.

Абайдың рухани, ғылыми шығармашылық мектебінің ізбасарлары – қазақ мәдениетінің ең үздік өкілдері – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаев және т.б. ғалымдардың педагогикалық көзқарастарына әсер етті.

Мысалы, ұлы Абайдың философиялық-әдеби шығармашылығының педагогикалық қызметі, Т. Шонановтың ғылыми дүниетанымы, мен демократиялық көзқарастарына ықпалы зор.

Абайдың әдебиеттік, философиялық ойларынан нәр алып, оның азаматтық тұлғасынан асыл қасиеттерін бағалай білген көрнекті қоғам қайраткері, тілші, зерттеуші, ғалым-әдіскер Телжан Шонанов, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы көрнекті қазақ зиялыларының бірі. Ол өз заманындағы аса маңызды да өзекті бағыт - ғылым, білім, оқу-ағарту, әдебиет пен тіл майданында өлшеусіз еңбек етіп, өрелі істердің көшбастаушысы болған.

Т. Шонанов 1937 жылдарға дейін тіл саласын зерттеуші ғалым, әдебиетші, педагог, тарихшы, аудармашы ретінде 100-ден аса еңбектер жазды. Олардың басым көпшілігі оқу-ағарту ісі мәселелеріне, бастауыш мектептерге арналған, жалпы тіл мәселесі турасында жазылған еңбектер.

Т. Шонановтың еңбектері бізді он тоғызыншы жүз жылдықта қалыптасқан, педагогикалық теория мен практиканың жалпы адамзаттық проблемалары көрсетілген Абайдың бастауына қайтып апарады. Міне, олардың кейбіреуі: «Әлемді көру және оны тану - сондай-ақ еріксіз болатын тілек. Тек ақыл мен білім ғана адам жүрегінің еңбек қызметінің жемісі болып табылады...» (43 қара сөз) [2].

Ғалым-педагогтың айтуынша, Абай бай рухани мұра қалдырған, ақын ғылым биіктігін меңгеруге ұмтылған адамның жарқын үлгісі болды және өз білімін көтерудің үлкен және қиын жолынан өтті, өмір бойы шығыс, орыс және батыс ғылымы мен мәдениетін зерттеді. Абайдың қара сөздерін жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөз ретінде бағалауға болады және тәрбиелік ойшылдық ролі ерекше, деп атап өтті ғалым.

Т. Шонанов атап өткендей, Абай еңбектерінде балалардың ақыл-ой және адамгершілік тәрбиесі мен оқытудағы ана тілінің ролі, халық мектебі, Қазақстандағы ағартушылар мен педагогтардың кейінгі ұрпақтарының педагогикалық ойына үлкен әсер еткен отбасылық тәрбие туралы оқу-жаттығулар маңызды орын алады. Балаларды оқыту туралы, олардың ең жақсы адами қасиеттерін тәрбиелеу туралы идеялар үнемі тәлімгер-Абайдың ойында болған. Олар оның Қара сөздерінде сипатталған. Абай өз халқының тағдырын ойлай отырып, жастарға

өз үмітін жүктейді. Ағартушы Абай өзінің тыңдаушыларының тәрбие күшіне сенген және өз тыңдаушы-сұхбаттастарын әркім өз кемшіліктерін және балаларының кемшіліктерін түзетуіне бағыттаған. Мысалы, 37 қара сөзінде Абай «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім, деп жазды (37 қара сөз) [2].

Өзінің педагогикалық және басқа да жұмыстарында, немесе Абайдың басқа да ой-пікірлеріне сүйене отырып, балаларды оқытудағы ана тілінің маңызы туралы оның нұсқауларын орындай отырып, Т. Шонанов тіл болмаса халық біріншіден өзінің ұлттық бейнесін жоғалтады, екіншіден мәдени құлдырауға ұшырайды. Қазақ тілін сақтап, балалардың сауатын ана тілінде ашу керектігін, алғашқы үш жылда оларды ана тілінде оқыту қажеттігін ғылыми еңбектерінде жазған.

Абай оқытудың схоластикасына қарсы шығып, діни мектептің саналы жатталуына қарсы күресіп, алғаш рет оқытудың маңызды дидактикалық принципі - білімді меңгерудегі саналылық туралы нақты және дәлелді түрде мәлімдейді. Осылайша, Т. Шонанов, мақаласында мысал ретінде балаларға Абайдың «Жаз» атты өлеңін оқыту алдында түрлі сұрақтар қойып, оларға жайлаудағы жаз мезгілінің сипаттарын айту қажеттігін сөз қылады. Әдіскер-ғалым балалардың өз тілімен айтқан жаз бейнесі мен Абайдың «Жаз» өлеңінің айырмашылығын көрсету керектігін тілге тиек еткен. Бала біреуге арқа сүйемей, өз бетінше іс қыла беру керектігін, бала көзімен көргенін көрмеген нәрсесімен салыстырып, талдап қорытып, отыруын талап етеді.

Абай еңбектерінің тіл шеберлігін, мазмұндық ерекшеліктерін, ойларының тереңдігін Т. Шонанов «Абай кітабын бастыру керек» - атты мақаласында жан-жақты сөз етеді: «... Абай кітабының нұсқалары жоғалуға айналғаны белгілі. Бірақ онымен Абай аты жоғалар емес. Абайды естімеген қазақ жері кем. Орынбор шетінен Сібірге өтсең, Қытай шетіне дейін, Сарыарқада Абай әні айтылып, Абай өлеңі жырланады. Әсіресе, қазақ ішінде көп айтылатын әні «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ. [3].

Жаңғыртып басқанда тәржіме халын әбден толықтырып жазып кітаптың басына орналастырып, лирика, эпос, қарасөздерін ыңғай-ыңғайымен басу жөн. Мүмкін болса, әрине, Абай өлеңінде бейнеленген жерлер һәм Абайдың тұрған қыстаулары, үйлері һәм мақаласының суреттері салынуы тиіс...», – дейді педагог Телжан Шонанов [4].

Осы мақаласында Т.Шонанов Абай сөзін жаңғыртып, тәржімелеп оның шығармаларын терең зерттеп жүрген жас әдебиетшінің Мұхтар Әуезовтің жемісті еңбегіне назарға алынар ақиқат болуы тиіс, - деп жазған. Абай кітаптарын бастырарда оның М.Әуезов сынды зерттеушілерінен, таныс-туыс адамдарынан яғни Абай баласы Тұрағұл, Шәкәрім ақсақалдан толық мағлұмат жинап басу керектігін атап көрсеткен. Яғни осы арқылы Т. Шонанов ұлы ақынның өмірі мен қызметіне ғылыми дәлелдеме жасау керектігін, оның болашақ ғылым үшін жаңалық болатынын әдебиетші ретінде жақсы сезінеді.

Абай Құнанбаевтың әдеби қызметін және оның Ахмет Байтұрсынов шығармашылығына әсерін жоғары бағалай отырып, Т. Шонанов Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған мақаласында жазады: «Әдебиеттегі жаңа бағыт Абайдан басталады. Егер Абай жаңа әдебиет бағытының жалпы жолына йқындап, тұғырын қалады десек, Ахмет Байтұрсынұлы бул ғимараттың іргетасын қалап, қабырғасын тұрғызды. Ғимараттың күмбезін орнатып, әшекейлеу – болашақ ақындарымыздың ісі» - деп Абай мен Аханның қазақ әдебиетіндегі биік орнын атап көрсеткен [5].

Абайдың ұлылығын, ақындық әлемін, оның өз халқының аңыз, ағартушылық, тәрбиелік еңбектері, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында терең пайдасының қажеттілігін түсінген қазақ ғалым-педагогтары, осылайша ойлары бүгінгі күні де мектеп бағдарламасының әдістемелік тәсілі ретінде кеңінен пайдалануға болады, өйткені уақыт өткенмен, озық ойлар ескірмейді. Сондықтан да Абайтануда А. Байтұрсынов, Т. Шонанов, М. Ауезов т.б. еңбектері кейінгі ұрпақ үшін рухани, білім берудің маңызды көзі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Тажибаев Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – Алма-Ата, 1957. – 80 с.
2. Абайдың қара сөздері. Абай.kz ақпараттық порталы.
3. Шонанов Т. Абай кітабын бастыру керек //Ақ жол. – 1921ж., 19 маусым, – № 69.
4. Шонанов Т. Ахмет Байтұрсынов в области народного просвещения и литературы (по случаю исполнения 50 лет со дня рождения).1923, наурыз. ҚРМОА, 544-қор, 1-тізбе, 104-іс.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы: Көркем әдебиет. 2002. – 368 б.

ҒТАМР: 17.01.31-005

А.К. Жундибаева¹, Н.А. Наурызалиев², И.Б. Байсыдық³

^{1,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., arayzhkz@gmail.com

АБАЙ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ: КСЕНОФОНТ ПЕН АБАЙ ҮНДЕСТІГІ

Ежелгі ойшылдар есімі Абай шығармаларында жиі айтылады [1]. Сократ пен Аристодимді сұқбаттастыра отырып, баяндалатын қара сөзі Ксенофонттың «Анабасис» еңбегінде кездесетін әйгілі сұқбаттың оқиғасымен ұқсас [2]. Бұл – «Сократ хакімнің сөзі» – жиырма жетінші қара сөзі. Бұл туралы Б.Ғабдуллиннің «Абай және Сократ» туралы талдауында да кеңінен айтылады. Біздің бұл ізденісімізде қосарымыз: Ксенофонт оқиғасы мен Абай толғамын мәтіндік салыстыру арқылы ерекшеліктері мен өзара үндестігін текстологиялық жағынан анықтау [3].

«Анабасис» өз кезінде өте танымал еңбек болған. Ксенофонт - б.з.д. 430 - б.з.б. 356 - б.з.б. шамасында өмір сүрген ежелгі грек жазушысы, Афина тарихшысы, саяси қайраткер болса да, бүгінде «Анабасис» туралы деректер аз, әйтсе де, аударылған тілдер жеткілікті екендігін байқадық. Зерттеуіміз үшін Ксенофонттың ғылым докторлары Maurice W. Mather, Joseph William Hewitt редакциялығымен Нью-Йоркте шыққан 1935 жылғы, академик И.И.Толстойдың редакциялығымен Москвада шыққан «Анабасис» еңбегінің 1951 жылғы басылымы, ежелгі грек тіліндегі (түсіндірмесі ағылшынша) «Anabasis» (Books- I-IV) еңбегінің /University of Oklahoma Press/1962 жылғы басылымы, Н. G. Dakyns аудармасымен шыққан John Bickers, and David Widger-тердің 2008, 2013 жылғы нұсқалары басшылыққа алынды.

Аталған басылымдарда бастан-аяқ Кир жорығы суреттеледі. Ал Абай баяндаған Сократ пен Аристодим сұқбаты 1857 жылы Москвада жарық көрген (аудармашы: И.Синайский) «Анабасисте» [4] басылымда айтылады.

Мысалы: «Анабасистегі» Ксенофонттың: *«Аристодим: В сочинении эпоса больше всего удивляюсь Гомеру, Меланипиду за дифирамбы, Софоклу за трагедии, Поликлиту в ваянии, Зевксису в живописи»* деген ойын Абай: *«Ол айтты: ...Гомерге бәйітшілігі себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сыйпатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын, [4, 5] – деп, соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты»,* – деп ұлт менталитетіне сай береді.

Осы диалогтағы Ксенофонттың: *«Если ты, услуживая людям, видишь, что и они готовы отплатить тебе таковою же услугою; сам ты за твои милости хочешь пользоваться милостями других, и, подавая советы, замечаешь тех, кто умно пользуется ими: так, и служба богам, на опыте узнаешь, хотят ли они подать и тебе совет касательно вещей, сокрытых от человека, и тогда сознаешь, что божество и столь велико и таких высоких свойств, что в один момент видит все и также слышит все, и, везде присутствуя, в один и тот же момент промышляет обо всем. Поэтому, кажется мне, Сократ учил и своих*

слушателей воздерживаться от дел нечестивых, неправедных и постыдных не только при людях, но и в уединении, и в пустыне; потому-то и слушатели его должны были уже думать, что все, что бы они не стали делать, никогда не укроется от богов» – деген ой түйінін Абайдың аудармасында өзгеше сипатта көреміз.

Абай бұл сөйлемдерді: «Бірақ адам баласы болмаса, бұл гажайып ақылды және гажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе? Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма? – депті», – деп Сократтың сөзімен қорытады.

Жаратылыстың пайда болуы, жан, ақыл ерекшелігі туралы біз келесі диалогтан анық байқай аламыз: «Ей, Аристодим! Қалайша сен бір өзіңнен, яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсың? – еді. – Адамның денесі өзің жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес пе? Денеңде болған дымдар жердегі сулардың бір тамшысындай емес пе? Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың. Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын көресің. Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпей тұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермей тұғын мықты көркем законге қаратылып жаратылды, – дейді».

Бұл туралы ағылшынтілді кейбір зерттеу дерек көздерінде былай жазылады: «In most of his writings, Xenophon pays a lot of attention to building a specific image of the people he chooses to represent. Xenophon omits chronology and usually alters the facts about historical events. Sometimes he even makes up the events completely to achieve the goals of his writing. For example, in Memorabilia, Xenophon carefully rearranges events in Socrates' life in order to convey Socrates' teachings and ideas to the reader and to further prove his innocence before the facts that were held against him at the trial. In the Apology of Socrates, Xenophon decides to completely erase major dialogues at the trial in order to amplify Socrates' words and clearly convey Socrates' virtue» [5].

Яғни, Ксенофонт шығармаларында өзі кейіпкер ретінде таңдаған адамдардың белгілі бір бейнесін құруға көп көңіл бөледі. Ксенофонт хронологияны азайтып, тарихи оқиғалар туралы әдеттегі фактілерді өзгертеді. Кейде ол тіпті өзінің жазушылық мақсатына жету үшін оқиғаларды толығымен ойлап шығарады. Мысалы, өзінің шығармаларында Ксенофонт Сократ өмірінің оқиғаларын оқырманға оның ілімдері мен идеяларын жеткізу үшін, сондай-ақ, сотқа ұсынылған фактілер алдында Сократтың кінәсіздігін дәлелдеу үшін қолданған.

«Xenophon takes the nature of recollection on a societal level, exposing anamnesis for the popular audience of the writings. While continuing Socrates' legacy he takes anamnesis to a more popular medium of writing, which furthermore increases the effect of anamnesis and manifests Xenophon's own image as a preserver of this method. And this popular image of himself is probably one of the motives of Xenophon's writings. It could be assumed that Xenophon doesn't desire glory» [5], – деп кең талдау жасалған осы зерттеуде. Байқап отырғанымыздай, Ксенофонт танымал шығармалар аудиториясының алдында *анамнезді* ұсына отырып, қоғамдық деңгейде естеліктер сипаты ретінде береді.

Ол Сократ мұрасын жалғастыра отырып, ол анамнезді жазудың танымал әдісіне көшіреді, бұл сонымен қатар, анамнездің әсерін күшейтіп, осы осы әдісті сақтаушы ретінде Ксенофонттың өзіндік бейнесін көрсетеді. Бұл Ксенофонт шығармалары танымалдығының негізгі себептерінің бірі. Бұл тұрғыдан алғанда, Ксенофонт даңққа ұмтылмаған деп болжауға болады. Анамнез – бұл жерде жазу әдісі ретінде қолданылып тұр.

«Құдай табарака уа тағала», «қазірет», «бәйітшілдік», «ол жаратушы жаратты, өздігінен кез келіп, солай болып кетпей, басынан біліп істеген хикметімен болса», «адамды жаратушы хауаси хамса заһри бергенде, тахқиқ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж

боларлығын біліп бергендігі» әшкере тұр ғой. «тахқиқ ойлап тексергенде», «адамды жаратушы артық хикмет иесі екендігіне», «һәмма мақұлыхатты», «ижиһад қылуын көргенде» сынды тіркестер Абай дүниетанымының кеңдігін, оқиғаны оқушы қауым қабылдауына лайықтап, баяндауда еркін стиль қолданғандығын көрсетеді. Бұл – Абайдың оқиғаны менталитетке лайықтап беру жолындағы әлемдік биік жетістігі.

Абай да оқырман аудиториясын меңгеруде, оқиғаны жеткізуде өзі туралы көп айта да бермейді, бірақ арада қанша уақыт өтсе де, оның шығармашылық лабораториясының кеңдігіне көз жеткізіп, терең біліміне қайран қаламыз.

Ғаламда әрбір адамның өзіндік орны бар. Абай он бесінші қара сөзінде: «...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыптысың?» дейді.

Адам өз мақсатына еңбекпен, сол еңбектерді өзгелердің дұрыс бағалауымен, сонымен бірге, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

XXI ғасырда өзін-өзі жетілдіру теориясының принциптері жетіле түсуде. Цифрлық технология көмегімен әрбір адам мүмкіндіктерін аша түсуге болады.

Тәуелсіз ел ретінде Қазақ елі өзінің іргесін нығайтып, даму жолына түсті.

Абай есімі аталғанда, «қазақ халқы» деп әлем танитындай дәрежеде жетуіміз үшін бізге XXI ғасырдағы абайтануға зор үлес қосуды қажет етеді.

XXI ғасырда, технология дамыды, ақпарат кеңістігі кең деген уақытта біз өткен ғасырдың ақыл-ой маржанына мұқтажбыз. Бұл – Абай мұрасының өміршендігі.

Абай шығармаларының текстологиясын толық зерделеп, ғылыми негіздеу;

Абай шығармаларының сөздігін түзу;

оның кітапханасын зерделеп, анықтау;

Абайды дәріптеуді насихаттау - бұл уақыт жаңарған сайын жаңғыра беретін игілікті мақсат. Бұл мақсат Қазақстанның жаңа генерациясын тәрбиелеуге негіз болады.

Сонымен қатар, Абай шығармаларын оқи отырып, қазақтың байырғы, мәдени тілдік сөз қолданысы ерекшеліктерімен бірге, ауызекі сөйлеу тілі, ауыз әдебиеті мен жазба әдеби тілі сөздік қорын, мақал-мәтелдердің қолдану ерекшелігін молынан пайдаланғанын көреміз. Күрделі һәм мағыналы. Абай тілін толық меңгерген, ақын қолданған кез-келген сөздің мағынасын түсіндіріп, ойын еркін жеткізе білетін адам – ол бүгінгі және болашақ қоғамның элитасы.

Ертеңгі ұрпақ туған тіліміздегі сөздердің мағынасын түсінбеу дертіне шалдықпауы үшін Абай тілі бүгінгі және болашақ қазақ элитасының тілі болуы тиіс.

Абай мұрасы идеясын қазіргі қазақ әдебиеті тарихында жазылатын шығармалар тақырыбына айналдыру арқылы біз абайтану саласын жаңа бағытта дамыта аламыз. Бұл идеяны жүзеге асыруға бүгінгі жапон әдебиеттануындағы тәсілдерді қолдануға болады.

Жаңа әдеби зерттеулерді қалыптастыруда, өміршең шығарма жазуда бүгінгі күні жапон ғалымдарының жаңа тұжырымы бар. Мұның теориялық атауын қазақшаға аударсақ, «сюжетті анықтау арқылы жаңа шығарма жазу моделі» деген мағынаны білдіреді.

Жаңа шығарма жазыла бастағанда, автор көбінесе оның құрылымын жасап, сюжетін қалыптастыруға тырысады. Автор белгілі жанрда жазыла бастаған шығарманың идеясын жасауға көп көңіл бөлсе, сюжеті жеткіліксіз болып қалуы мүмкін. Сюжет құруға жеткілікті ақпарат болмай қалса, шығарма аяқталғанымен, өз мақсатына жетпейді деп тұжырымдалады.

Бұл теорияның құндылығы: шығарманың қаншалықты өміршең болатындығы виртуальды және цифрлы технологиялардың көмегімен анықталып, іріктеледі. Автор позициясы мен уақыт ерекшелігіне қарамастан, бірнеше ғасыр үшін ғана емес, дәуірлерге, жапон халқының үнемі дамуына қызмет ететін шығармалар жазуды жолға қоятын бұл теорияны тәжірибелік жүзеге асыруда ел тарихында өміршең идеялар берген шығармалар

мазмұны негізге алынады. Автор ғана емес, оқырманның сыншылық, зерттеушілік, шығармашылық ойлары осындай көркем шығармалар арқылы одан ары дамып отырады [6], [7].

Қазақ әдебиетінде Абай мұрасымен қатар жеті ұрпаққа жетелі жөн сілтеп, бағыт беретін шығармалар көп. Сол рухани мұраларымыздың идеясын жаңғырту елді «алысқа жетелейтін» элиталы ұрпақтың дамуына зор мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.1. – 2005. – 296 б.
2. Абай. Книга слов. Поэмы. – Алма-ата: Ел. 1992. – 272 с.
3. Құнанбаев Абай. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы. – 1961. – 693 б.
4. Ксенофонт. Анабасис. – Москва: Академии наук СССР. 1951. – 301 с.
5. Voronin D. The Purpose of Recollection in Xenophon's Writings and his Legacy to Socratic Education. [Электронды ресурс] 2017. –URL: <https://www.academia.edu/40709985/> (қаралған уақыты: 15.03.2020).
6. Akimoto T., Ogata T. A consideration of the elements for narrative generation and a trial of integrated narrative generation system. In proceedings of the 7th International Conference on Natural Language Processing and Knowledge Engineering. – 2011,. pp. 369-377). Tokushima, Japan.
7. Ashida A., Kojiri T. Plot-creation support system for writing novels. [Электронды ресурс] – 2017. – URL: <https://www.semanticscholar.org/paper/> (қаралған уақыты: 11.03.2020).

FTAMP: 17.82.10

А.С. Сансызбаев

Тұран-Астана университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ., sansyzbaevansat@gmail.com

АБАЙ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРЛАР: КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАЛДАУ

Абай Құнанбайұлының көркемдік әлемі – қазақ руханияты мен ұлттық танымның терең қойнауынан тамыр тартқан ойлау жүйесінің айнасы. Оның поэзиясындағы метафоралар – тек көркемдік бейнелеу құралы ғана емес, қазақ халқының мәдени санасы мен дүниетанымын тіл арқылы бейнелейтін концептуалдық құрылымдар. Абай тіліндегі метафоралық модельдер – ұлттық философиялық ұстанымдардың, моральдық-этикалық қағидалардың және рухани-танымдық құндылықтардың ерекше көрінісі ретінде бағаланады. Сондықтан да Абай шығармашылығын когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан зерттеу – оның поэтикалық тіліндегі символдар мен ұғымдарды тереңнен түсінуге мүмкіндік береді [2, 45].

Когнитивтік лингвистика метафораны тек тілдік емес, менталдық феномен ретінде қарастырады. Бұл бағытта Абайдағы «жүрек», «ақыл», «қайрат» тәрізді ұғымдар – адамның ішкі болмысын, дүниені тану механизмін және рухани үйлесімділікті бейнелейтін когнитивтік концепт ретінде танылады [4, 64]. Мысалы, ақынның «жүрек – терең теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» деген метафорасы – сезім мен парасат бірлігін көркем әрі философиялық деңгейде ашатын көркемдік құрылым. Бұл – ұлт санасындағы жүрек культінің лингвомәдени көрінісі, яғни метафора арқылы қалыптасқан ұлттық концепт [8, 34].

Абай тіліндегі метафораларды алғаш жүйелі түрде зерттеген академик Р.Сыздық Абай поэзиясындағы бейнелі сөздердің стильдік ерекшелігін ғана емес, тарихи-семантикалық маңызын да айқындады. Ол «Абай тілі сөздігінде» ақын қолданған метафоралардың тілдік табиғатын саралап, олардың астарында жатқан рухани-мәдени кодты ашуға тырысқан. Р. Сыздықтың пікірінше, Абай метафоралары – тек тілдік қиял жемісі емес, белгілі бір дәуір мен

ортаның менталитетінен туындаған, халықтың танымдық әлемін бейнелейтін көркем бірліктер. Мәселен, «жүрек» концептісін Абай тек ішкі сезімнің нышаны ғана емес, адамгершілік пен даналықтың өзегі ретінде қолданады [2, 29].

Осы бағытты жалғастырған Қ. Жұмалиев пен З. Ахметов сынды абайтанушы ғалымдар Абай тілін ұлттық көркемдік ойлау жүйесімен сабақтастыра отырып, оның сөздік бейнелеу құралдарын поэтикалық һәм философиялық тұрғыдан бағалайды. Қ. Жұмалиев Абайдың бейнелі сөздер арқылы қазақ әдеби тіліне жаңа тыныс әкелгенін айта келе, ақынның көркемдік шеберлігі мен метафора жасау машығы – терең дүниетаным мен идеялық көзқарастардың көрінісі екенін алға тартады. Ал З. Ахметов: «Абай – қазақ сөзінің мағыналық әлеуетін көркем оймен тоғыстырған суреткер» деп бағалап, оның метафоралық құрылымдары халықтың танымдық тәжірибесін бейнелейтін әмбебап символдар екенін атап өтеді [5, 44].

Абай шығармаларындағы метафоралар – қазақ халқының мәдени-тілдік санасының концептілік картасын құрайтын ұғымдар жиынтығы. Бұл метафоралар ұлттық болмысты, моральдық бағдарды және дүниетанымды поэтикалық бейнелер арқылы жеткізудің тиімді тәсіліне айналған. Ақынның «ақыл», «жүрек», «қайрат» тәрізді категорияларды метафоралық құрылыммен беруі – таным мен этиканы біріктірген ерекше тілдік модельді қалыптастырады. Мысалы, «Ақыл мен жүректі тең ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген жолдарда тек поэтикалық бейне емес, өмірлік ұстаным жатыр.

Осы тұрғыдан келгенде, Абай метафораларын когнитивтік және лингвомәдени талдау – қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағытпен ұштасып жатқан өзекті зерттеу саласы. Когнитивтік аспектіде Абай метафоралары адамның ойлау жүйесін, дүниені тану амалдарын көрсетсе, лингвомәдени тұрғыда – ұлттық болмыс пен құндылықтар әлемін бейнелейді. Бұл метафоралар ақын шығармашылығын бүгінгі танымдық парадигмалармен үндестіре зерделеуге жол ашады. Демек, Абай тілі – тек көркем сөз емес, мәдени-танымдық кодтар жүйесі, ал оның метафоралары – қазақ ұлтының рухани болмысын бейнелейтін концептуалдық терезе.

Абай метафораларының когнитивтік табиғаты. Когнитивтік лингвистикада метафора – адамның шынайы болмысты тануы мен ұғынуын қамтамасыз ететін концептуалды модельдеу тетігі болып табылады. Джордж Лакофф пен Марк Джонсонның «Metaphors We Live By» (1980) еңбегінде метафоралар күнделікті ойлаудың, таным мен әрекеттің негізі ретінде қарастырылады. Олар метафораны тек тілдік безендіру құралы емес, адамның әлемді категориялауы мен құрылымдауындағы іргелі когнитивтік механизм деп таниды [6, 68]. Осы теория тұрғысынан Абайдың метафоралық жүйесін талдау – ақын дүниетанымындағы ұғымдық жүйені түсінуге жол ашады [7, 73].

Абай шығармашылығында жиі кездесетін «жүрек», «ақыл», «қайрат» ұғымдары – абстрактілі моральдық категориялар ғана емес, бір-бірімен тығыз байланысқан когнитивтік концепттылар жүйесі. Бұл концепттылар Абай поэзиясында адам болмысының ішкі үйлесімін, кемелдікке жету жолын сипаттайды.

Мысалы, Абай «Ақыл мен жүректі бірдей ұста, сол – нағыз адам болмысы» –деп адамның толыққанды болмысы үшін ақыл мен жүрек үйлесімінің маңызын когнитивтік деңгейде көрсетеді.

«Жүрек» концептісі Абайда тек физиологиялық мүше емес, рухани-адамгершілік бастау ретінде қарастырылады. Бұл ұғым қазақ дүниетанымында да осылай ұғынылады. Жүрек – мейірім, сүйіспеншілік, ар-ождан, адамгершілік сияқты ұғымдардың символы. Мысалы: «Жүрек – терең теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» деген метафорада жүрек теңізге теңеліп, оның ішіндегі асыл тастар – адам болмысының асыл қасиеттері ретінде беріледі. Мұнда «жүрек = теңіз» концептуалдық метафорасы жүректің терең, жұмбақ әрі құндылықтарға толы болмысын танытады. Тағы бір мысал – «Бас – әр нәрсенің басқарушысы, жүрек – қазы, талап – сол екеуінің мініп жүрген аты» (Он тоғызыншы сөз). Бұл жерде «ақыл – басқарушы», «жүрек – төреші», «талап – қозғаушы күш» тәрізді концептілер байланыста көрсетіліп, адамның ішкі әлемі күрделі когнитивтік жүйе ретінде бейнеленеді. Бұл

құрылымнан Абайдың адамның рухани әлемін когнитивтік деңгейде тұтастандыра бейнелейтінін көреміз.

«Қайрат» концептісі – адамның ерік-жігерін, белсенділігін, шешім қабылдауын білдіретін когнитивтік құрылым. Абай: «Ақыл мен қайраттан бар кісі, Бір қайғы – мың қуанышқа асыл іс»– деп қайрат пен ақылдың үйлесімі арқылы өмірде жетістікке жетуге болатынын меңзейді. Осы ұғымдарды жалғастыра отырып, Абай метафоралары арқылы когнитивтік модель қалыптастырады:

- Жүрек – эмоциялық-этикалық орталық, рухани-адамгершілік түйсік.
- Ақыл – рационалды ойлау, парасат пен пайым.
- Қайрат – ерік, әрекет, қозғалыс күші.

Бұл үштік жүйе Абай іліміндегі «Толық адам» концепциясын қалыптастырушы өзек. Олар бірлікте өмір сүруі тиіс. Бұл когнитивтік модель «адам» концептісінің ішкі құрылымын, оның мінез-құлқы мен болмыстық мақсатын танымдық деңгейде сипаттайды.

Абай поэзиясының ішкі философиялық құрылымы «жүрек», «ақыл» және «қайрат» ұғымдары төңірегінде шоғырланады. Бұл үштік – қазақ дүниетанымындағы адамның кемелдену жолын көрсететін рухани бағдар ғана емес, сонымен қатар тұлғаның ішкі құрылымын бейнелейтін концептуалдық модель. Абайдың «Он тоғызыншы қара сөзінде» осы үш ұғым бейнелі түрде сөйлетіліп, олардың әрқайсысының адам болмысындағы орны мен қызметі сипатталады.

Абайда бұл категориялар **метафоралық деңгейде** қолданылып, терең танымдық, этикалық және мәдени мазмұн жүктейді. Метафора арқылы берілген бұл ұғымдар қазақ халқының **антропоөзектік болмысын**, яғни адам мен рух, сана мен қоғам арақатынасын тануға жол ашады.

1) Жүрек – этикалық және эмоциялық құндылықтардың орталығы

Абайда жүрек – моральдық және рухани күштің символы. Ол сүйіспеншілік, мейірім, имандылық, кешірім, ізгілік сынды адамгершілік қасиеттердің бастау көзі. Абай былай дейді:

«Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды», «Жүрек – терең теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» Мұндағы **«жүрек – теңіз»** метафорасы ұлттық дүниетанымдағы жүректің **шексіздік, тереңдік, тылсым күш иесі** ретіндегі образын ашады. Қазақы мәдениетте жүрек – тек физиологиялық мүше емес, рухани орталық, яғни «жүрекпен түю», «жүрекпен сезіну» сынды тіркестер арқылы адамның тұтас жан дүниесі жүрекпен өлшенеді.

2) Ақыл – рационалды ойлау мен даналықтың бастауы

Абай үшін ақыл – танымның, парасаттың, білім мен пайымның негізі. Ол метафора арқылы ақылды **басты басқарушы, жол табар жарық, рухани бағдаршам** ретінде сипаттайды:

«Ақыл мен қайраттан бар кісі, Бір қайғы – мың қуанышқа асыл іс»

«Ақыл – адамзаттың пірі, Қызықтың – қазығы, өмірдің – зері»

Мұнда ақыл **асыл қазына, жетекші күш** ретінде берілген. Қазақтың дәстүрлі түсінігінде де ақыл – тәрбие мен танымның ең жоғарғы деңгейі. Ақылды адам – сабырлы, шешен, салмақты, кісілікке жеткен тұлға. Бұл үштік жүйе Абай іліміндегі «Толық адам» концепциясын қалыптастырушы өзек. Олар бірлікте өмір сүруі тиіс. Бұл когнитивтік модель «адам» концептісінің ішкі құрылымын, оның мінез-құлқы мен болмыстық мақсатын танымдық деңгейде сипаттайды.

3) Қайрат – ерік-жігер, әрекет ету қуаты

Қайрат – тұлғаның белсенділігін, өмірлік жігерін, әрекет етуге деген ұмтылысын бейнелейді. Бұл ұғым Абайда көбіне **жігерлілік, табандылық, ішкі қуат** метафорасымен астасады:

«Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға да, қуғанға...», «Жан қуаты – қайрат»

Қазақ мәдениетінде «қайратты адам» – еш қиындықтан тайсалмайтын, ел мен жер үшін еңбек ететін тұлға. Қайрат – мақсатқа жеткізер күш, ал ол **ақылмен және жүрекпен** бірге болмаса, адастыруы мүмкін. Абай осыны «Толық адам» идеясымен байланыстырады.

4) Үштік үйлесім: Толық адам концепциясы

Абай «Он тоғызыншы сөзінде» осы үш ұғымның ішкі тартысын бейнелі диалог арқылы көрсетеді. Қайрат, ақыл, жүрек – әрқайсысы өз үстемдігін талап етеді, алайда Абай әділ төрелік жасаушы ретінде **жүректі** таңдайды. Себебі жүректе – **рақым бар**, ол **ақылды, қайратты** басқара алатын орталық күш.

«Үшеуің – бір кісінде менің айтқанымдай табыссаңдар, табылып келген, табылмақ мақсұттың аты – толық адам болады» («Он тоғызыншы қара сөз»).

Бұл тұжырым Абай философиясының ең басты тірегі – **адамның рухани кемелденуі** идеясын білдіреді. Жүрек – этикалық бағдар, ақыл – таным құралы, қайрат – іс жүзінде жүзеге асыратын белсенді күш. Осы үштік бірлікте болғанда ғана адам «толық адам» мәртебесіне көтеріледі. Бұл – ұлттық тәрбиенің іргетасы, Абайдың лингвомәдени философиясының өзегі.

5) Қазіргі лингвистикалық және философиялық ұстанымдармен үндестігі

Абайдың жүрек–ақыл–қайрат үштігі когнитивтік ғылымдағы **мультикомпонентті адам моделімен** үйлеседі. Бұл модельде адам – когнитивтік (ақыл), аффективтік (жүрек), және конативтік (ерік, қайрат) компоненттерден тұратын күрделі жүйе ретінде танылады.

Қазіргі антропоэлектік лингвистикада да тіл – тек коммуникация құралы емес, **адам болмысының айнасы, дүниені танудың құралы** ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың метафоралық тілі арқылы берілген бұл үштік жүйе – ұлттық концептосфераның ең терең қабаттарын қамтитын когнитивтік және мәдени құрылым.

«Жүрек – ақыл – қайрат» үштігі – Абайдың рухани-философиялық поэзиясының концептуалдық өзегі. Бұл метафоралар арқылы ақын тек бейнелі сөз өрнегін ғана емес, **ұлттың моральдық-этикалық бағдарын, тұлғалық даму моделін, мәдени жадтағы дүниетанымды** ұсынады. Абайдың бұл үштігі – бүгінгі тіл біліміндегі антропоэлектік, когнитивтік және лингвомәдени бағыттармен толық үндес, заманауи мазмұнға ие терең концепт.

Абай метафораларының лингвомәдени сипаты. Абайдың метафоралық тілі – қазақ халқының мәдени санасы мен рухани болмысын терең бейнелейтін поэтикалық феномен. Оның метафоралары тек тілдік безендіру құралы ғана емес, ұлттың дүниетанымдық коды, тарихи-мәдени тәжірибесі мен этикалық құндылықтарын жеткізетін лингвомәдени таңбалар жүйесі ретінде танылады.

Ақын шығармаларында жиі кездесетін **табиғат метафоралары** – ұлттық болмыс пен ішкі күйді бейнелеудің маңызды нышандары. Табиғат пен адамның арақатынасы – қазақ дүниетанымында ежелден сабақтас ұғым. Мысалы *«Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан...»* деген жолдарда табиғат көрінісі адамның ішкі әлемімен астасып беріледі. Мұнда **бұлт** – белгісіздік пен мұң, **тұман** – беймәлімдік пен торығу, ал **күз** – күйзеліс пен тоқырау символы ретінде қызмет атқарады. Қазақ лингвомәдениетінде бұл табиғи құбылыстар эмоционалдық және философиялық мағынада жиі қолданылады.

Тағы бір мысал: *«Жаздыгүн шілде болғанда, Көгорай шалғын бәйшешек...»* деген шумақта **жаз, шалғын, бәйшешек** арқылы өмірдің шарықтау шағы мен жастық шақтың қуанышы бейнеленеді. Бұл табиғат бейнелері – өміршендік пен үміттің, жаңарудың ұлттық символдары.

Сонымен қатар, Абай поэзиясында **құнды металдар мен материалдық бейнелер** де метафоралық мәнде қолданылады. Мысалы, *«іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын адам таппас ерінбей...»* деген жолда **«алтын»** мен **«күміс»** – сөздің ішкі терең мазмұны мен сыртқы көркем формасын білдіретін лингвомәдени символдар. Бұл жерде сөз тек тілдік бірлік емес, рухани құндылық ретінде ұсынылады. Қазақ мәдениетінде асыл металл – қымбат, қадірлі, бағалы деген ұғымдардың символы болғандықтан, бұл метафора тыңдаушыны сөздің мәніне терең үңілуге шақырады.

«Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген әйгілі жолда «түзелу» сөзі адамның рухани қайта жаңғыруын, моральдық тазаруын білдіреді. Мұнда сөз – тәрбие құралы, ал тыңдаушы – жауапкершілік иесі ретінде бейнеленеді. Бұл қазақы дүниетанымдағы сөз киесі мен тыңдаушы мәдениетінің көрінісі.

Тағы бір маңызды мысал – Абайдың: «*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол – кейінгіге қалдырған ізгі ісі*» деген жолында **табиғаттың өлуі** мен **адамның өлмеуі** қарама-қарсы қойылып, адамзаттың рухани өмірі мен мәдени мұрасы метафоралық деңгейде бейнеленеді. Бұл – **өлім/мәңгілік** концептілері арқылы берілген ұлттық дүниетанымға тән парадоксальді мән.

Абайда **тұлғалық құлдырау мен рухани күйзеліс** метафоралары да ұлттық психологияға тән таныммен беріледі. Мысалы: «*Бас-басына би болған өңкей қиқым...*» деген жолда «**қиқым**» – қоғамның сапалық деңгейін бейнелейтін негативті метафора. Қазақ мәдениетінде «қиқым» – түкке тұрғысыз қалдық, ал Абай бұл образды қоғамның рухани әлсіреуін сипаттауда қолданады.

Абайдың «*Жүректе оты жоқ – қайғы жоқ*» деген жолында «**жүректегі от**» – рухани жалын, жігер, өмірлік мақсатты білдіреді. Мұндағы «от» – ұлттық танымда қасиетті, тазару мен күштің белгісі. Ал оттың болмауы – адамдағы селқостық пен салғырттықтың көрінісі.

Тағы бір терең мазмұнды мысал: «*Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын?*» деген жолында «**адам**» сөзі – биологиялық емес, мәдени-рухани ұғым. Бұл жерде Абай «**адам**» концептісіне ұлттық тәрбиелік мазмұн жүктейді: надандықтан бас тарту – адам атына лайық өмір сүру деген идеяны жеткізеді.

Сол сияқты, Абайдың «*Жартасқа бардым, күнде айғай салдым...*» деген жолында **жартас** – үн қатпайтын қоғамның символы. Бұл табиғат элементі арқылы ақын өзінің рухани жалғыздығын, түсінілмеген ішкі әлемін бейнелейді. Қазақ дүниетанымында табиғат тірі, тылсым құбылыс ретінде қабылданғанымен, мұнда керісінше табиғат та үнсіз – қоғам үнсіз, ойланбайтын, сезінбейтін күйде.

1-кесте – Абай метафораларының лингвомәдени мәні мен ұлттық концепттері

Метафора	Лингвомәдени мәні	Ұлттық концепт
<i>Көңілімнің қошы кеткен, көрер көзім жоқ</i>	Рухани күйзеліс	Көңіл – жан әлемінің көрінісі
<i>Қайғысыздан сақтан, қанағатсыздан қорық</i>	Қанағат – мәдени ұстын	Этикалық құндылықтар
<i>Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан</i>	Әр адамның қоғамдағы орны бар	Еңбек, жауапкершілік
<i>Қараңғы түнде тау қалғып...</i>	Табиғат пен адам үндестігі	Тыныштық, сыршылдық мәдениеті
<i>Жалын мен оттан қайғы алам</i>	Махаббат, сезімнің күйдіруі	От – эмоцияның, құмарлықтың символы

Абайдың метафоралары – қазақ халқының дүниені қабылдау, өмір сүру, ойлау және сөйлеу мәдениетін терең танытатын ұлттық лингвомәдени жүйе. Ақынның әрбір бейнелі сөзі – қазақ халқының рухани әлемін, мәдени болмысын, тарихи жадын бойына сіңірген концептуалдық құрылым. Сондықтан, Абай метафораларын лингвомәдени талдау – тіл мен мәдениеттің тоғысында жатқан кешенді бағыттардың бірі ретінде бағаланады.

Абайдың метафоралық тілі – қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы рухани мәдениеттің тәрбиелік-таныптық арсеналының негізін құрайды. Ол өз заманының әлеуметтік, моральдық, мәдени мәселелерін көркем бейнелеу арқылы ғана емес, тыңдаушы мен оқырманды **ойландыру, тәрбиелеу, өзін-өзі тануға жетелеу** жолында да қызмет етеді.

Абайдың әрбір метафорасы – ұлттық болмысты ұғынуға, дүниеге көзқарасты түзетуге, мінезді қалыптастыруға бағытталған. Ақынның «*Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба...*» немесе «*Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...*» деген жолдары тек көркемдік бейнелеудің үлгісі емес, **өмірлік философияның, рухани жетілудің** концептуалдық ұстыны болып табылады. Мұндағы **метафоралар** – өмір сүрудің ұлттық үлгісі, этикалық бағдар мен мәдени код ретінде қызмет етеді. Абай метафоралары адам болмысын тек сипаттап қоймай, **өзіндік рефлексия мен моральдық жауапкершілікке**

итермелейді. Бұл жағынан олар қазіргі педагогика мен психологияда қолданылатын **когнитивтік модельдерге** де сай келеді.

2-кесте – Абай шығармаларындағы метафоралық бейнелер: когнитивтік концептілер мен ұлттық дүниетаным негізінде талдау.

№	Метафоралық тіркес	Метафоралық мағынасы	Когнитивтік концепт	Лингвомәдени түсіндірме
1	Жүрек – терең теңіз, қызықтың бәрі асыл тас	Жүрек – рухани байлықтың қайнары	Жүрек – адамгершілік, тереңдік	Құндылықтар мен сезімдер жүректе түйісіп, асыл мұра ретінде қабылданады
2	Ақыл мен жүректі бірдей ұста	Ақыл мен жүрек үйлессе – кемелдік	Ақыл – логика, жүрек – этика	Адам кемелдігі – сана мен сезімнің теңгерімі арқылы көрінеді
3	Қайрат пен ақыл жол табар, қашқанға да, қуғанға	Қайрат – шешімділік пен табандылық	Қайрат – әрекетке бағыттаушы күш	Қайрат – батырлық, еңбексүйгіштік, ер мінезділік концептісімен байланысты
4	Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан	Табиғат күйі – ішкі эмоционалдық ахуал	Табиғат – адам жанымен үндес	Табиғат арқылы адамның рухани күйін бейнелеу – ұлттық дүниетанымға тән
5	Өлмейтұғын артына сөз қалдырған	Сөз – өлмейтін рухани мұра	Сөз – тарихи жады, ұлттың коды	Қазақ танымында «сөз» – киелі, мәңгілік рухани құндылықтың белгісі
6	Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын адам таппас ерінбей	Сөздің мәні – рухани байлық	Сөз – таным, ақыл, мәдениеттілік өлшемі	Асыл сөз – ұлттың интеллектуалдық деңгейінің айғағы
7	Қайнайды қаның, ашиды жаның	Рухани күйзеліс пен моральдық ашу	Қан – сезім, жан – рух	Эмоциялық реакцияларды физиологиялық күймен ұштастыру тәсілі
8	Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол	Өзгеге жанашырлықсыздықты сынау	Қайғыны бөлісе алмау – мәдени деградация	Ұлттық тәрбиеде ортақтасу – басты моральдық ұстаным
9	Түбінде баянды еңбек – егін салған	Еңбек – тіршіліктің тірегі	Еңбек – өмір мәні	Қазақ мәдениетінде адал еңбек – тәрбие өзегі
10	Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел	Тыңдаушы – рухани серіктес	Тыңдаушы – белсенді субъект	Сөз бен тыңдаушының өзара моральдық байланысы – ұлттық этика көрсеткіші

Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы метафоралар – қазақ поэзиясының көркемдік жетістігі ғана емес, ұлттың рухани, танымдық және мәдени болмысының көрінісі болып табылады. Ақынның метафоралық тілі арқылы ұлттық дүниетаным, моральдық құндылықтар мен адамзаттық идеялар өзара сабақтасып, көркемдік пен философиялық тереңдікке ие мағынаға айналады.

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан алғанда, Абай метафоралары – шынайы болмысты адам санасында құрылымдаудың тәсілі. Олар арқылы ақын адамның ішкі жан дүниесін, моральдық ізденісін, парасат пен сезім арасындағы тепе-теңдікті бейнелейді. Мысалы, «жүрек», «ақыл», «қайрат» сынды концептілер – адамның рухани болмысының танымдық моделін құрайтын метафоралар жүйесі ретінде ерекше маңызға ие.

Лингвомәдени аспектіде Абай метафоралары қазақ халқының тарихи жады мен ұлттық құндылықтарын сақтайтын мәдени таңбалар ретінде көрінеді. Табиғатқа, еңбекке, сөзге, адамгершілікке қатысты метафоралар – ұлттың моральдық кодексін, дүниені қабылдау ерекшелігін, ортақ таным жүйесін жеткізетін символдық құрылымдар. Абайдың әрбір метафорасы арқылы қазақ ұлтының өмір философиясы, болмысқа қатынасы мен тәрбиелік қағидалары көрініс табады.

Сонымен, Абай метафораларын когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан зерделеу – тек тілдік талдау ғана емес, ұлттың рухани әлеміне бойлау, мәдени жадысын жаңғырту, поэтикалық дүниетанымын жүйелеу үдерісі болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер бүгінгі қазақ тіл білімінің антропоэзектік парадигмасымен тығыз байланысты, әрі болашақта да өзектілігін жоғалтпайтын маңызды ғылыми бағыт екені анық.

Әдебиеттер

1. Құнанбайұлы А. Қазақтың өлеңдері мен қара сөздері. – Алматы: Жазушы, 2005. – 320 б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 192 б.
3. Сыздық Р. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 450 б.
4. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1960. – 376 б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ғылым, 2008. – 314 б.
6. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем [Metaphors We Live By]. – М.: ЛКИ, 2008. – 256 с. (Ағылш. түпнұсқа: University of Chicago Press, 1980)
7. Көкенова Г. Когнитивтік лингвистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 184 б.
8. Қайырбекова А. Метафора: когнитивтік және лингвомәдени аспектілері. – Алматы: ҚазҰУ, 2016. – 210 б.

ҒТАМР: 17.09.91

Б.Е. Салимжанов

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к. **А.Т. Смагулова**

Шәкәрім университеті

Қазақстан Республикасы, Семей қ., 001hero@mail.ru

АБАЙДЫҢ ШАПАҒАТЫН КӨРГЕН

XX ғасыр басында қазақ қоғамындағы түрлі қызметімен халыққа жақсы танымал болған айтулы тұлғалардың бірі – Әнияр Молдабаев. Мысалы, «Абай» энциклопедиясында Әнияр Молдабаевтың 1856-1934 жылдары аралығында өмір сүргені, Абай ауылының азаматы, сүйегі Тобықты ішінде Әнет екені, әкесі Қожабайдың ағаштан түйін түйген шебер болғаны, ұлы Абайдың тәрбиесін көргені туралы т.б. мәліметтер берілген [1, 124]. Абайдың көмегімен ол Семей қаласында алған орысша бес сыныптық бастауыш білімін Ташкент қаласында жалғастырады. Оқуын бітірген соң Әндижан және Марғұлан қалаларында тұрақтап жұмыс істеп, Афтап есімді қызға үйленіп, отбасын құрады. Алайда соңынан іздеуші барып, елге көшіріп әкеледі. Осыдан кейінгі өмірі мен қоғамдық қызметі тікелей Семей қаласында өтеді.

Әнияр Молдабаев – ұлы ақын Абайдың қамқорлығын көп көрген адам. Мысалы, оған қаржы жағынан көмектесіп, Семейден үй сатып әперген де Абайдың өзі және балалары. Бұл үйге Кәкітай, Шәкәрім, Мағауия, Ақылбай, Турағұлдар жиі ат басын тіреп тұрған. Кезінде

Мұхтар Әуезов те осы үйдің сыйлы қонағы болған. Кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Әниардың прототипі Данияр Қондыбаев деген атпен берілген. Мұнда Абайдың бірнеше жетім балаларды оқуға түсіргендігі туралы, соның ішінде Әниар туралы: «Осы жолы өз балаларының ғана оқуы емес, тағы бірнеше жетім жастарды Абай өз талабымен, оқуға бергізді. Бұл балаларды көршілес жатақтарынан арнаулы кісілермен алғызған. Соның бірі, Ералы жатағындағы Әнет – Молдабай баласы Данияр деген жетім бала. Бұның оқуға түсуі – өрескел бір күйден туған. Соңғы екі жыл бойында корпус пен Семей жандаралы тарапынан шыққан бір бұйрықта, қазақтан болыс басы бір бала орысша оқуға берілсін делінген. Сол бұйрық Тобықты болыстарына барса, әкесі бар баланы ешбір ауыл қимаған да, бермеген. Берсе жетім берілсін деп, ол жетімдерге және де иелер табылып, құнын төлемесе берместей болған. Осы жайында бір күні Абайға Михайлов сөз кылып, күйінішпен күліп отырып, «бар Семипалат уезі жиылып, бір баласын оқуға беруге қимайды. Осының не шарасы бар?» [2, 37] деп сұраған.

Сол хабарды білісімен Абай Тобықтының өзі білген, тілін алады дейтін адамдарының барлығына, қалада жатып хат жазған. Шыңғыс болысының есебінен деп, жатақ баласы Даниярды қалаға алғызып, интернатқа бергізеді. Молдабайға сәлем айтып, Шағаннан тапқаны – сол ел ішінде отырған, аз үйлі қырғыздың жетім баласы Омарбек. Оны да орысша оқуға бергізді. Тәкежанға хат жазып, Қызыладырдан және бір жетім бала Құрманбай дегенді алғызды. Ералы жатағына бұдан тыс және бір екі баланы оқуға бергізді. Олар Абайдың өзінің аталас елі емес, Мамайдан шыққан, жатақ балалары. Екі жетім, Садуақас пен Қасен деген балалар болатын. Бұл екеуін Абай мұсылманша оқуға бергізді», - деп жазылған. Ұлы ақынның 95 жылдық мерейтойына байланысты Мұхтар Әуезовтің ұйғарымымен 1940 жылдың 16 қазанында Әниардың үйі Абай музейі болып ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады.

Әниар Молдабаев сол кездегі мемлекеттік банктің қазақ арасынан шыққан тұңғыш қызметкері, әрі алашшыл қайраткер болған. Бұл жайында «Қазақ» газетінде мынандай дерек бар: «1913 жылы Семейде Общество взаимный кредит банкысы ашылып еді. Сол банктің қазір 301 члені, 41 мың 820 сом капиталы болды. Биылдан бастап бұл банкке ақша салғандарға салған сомасынан 10 есе артық кредит ашылатын болды. Бұл банктің учетный комитетіне 12 кісі сайланды, мұның екеуі – қазақ. Государственный банкте көп жылдан бері қызмет етуші Әниар Молдабаев Іәм Заречный слободка саудагері Ғабдулрахман Юсіпұғылы (Абдрахман Жүсіпов). Бұл екеуі де халық жайын жақсы білетін адамдар...» [3]. Міне Ә.Молдабаевтың банк саласында қызмет еткен алғашқы қазақ деген ойымызды осы дерек дәлелдей түседі. Сонымен қатар М. Мүфтиұлының: «Әдетте Әниар Молдабаевтың қоғамдық қызметі туралы айтқанда, алдымен оның банк саласындағы жұмысы ауызға ілінетіні анық... Бұл банкті қазақтар «Уақ-қарыз» серіктігі деп атаған. Егерде 1918 жылы «Абай» журналын бастырушы «Уақ-қарыз» серіктігі екенін ескерсек, онда Әниар Молдабаевтың да бұл іске қатысы болған деп ойлаймыз. Ал, Абдрахман Жүсіповтің үйінде орналасқан «Жәрдем» баспасынан «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газеттері шығып тұрған» [4, 28], – деген пікірі біздің жоғарыда келтірген дерегімізді нақтылай түседі.

Осы орайда Әниар Молдабаевтың баласы Сапарғалидың Абай мұражайында сақталған естелік әңгімесіне (үнтаспаға жазып алған зерттеуші Мұздыбай Бейсенбаев) құлақ түрелік [5]. Онда:

- Атым – Сапарғали. Әниар Молдабаевтың баласымын. 1890 жылы Абай ауданындағы Ақшоқыда, Шолпан деген жерде тудым. Әкем Әниар Семейде Ертіс жағасында интернатта оқып, одан бесінші городское училищені бітіріпті. Содан почтовой ведомостиге қызметке кіріпті. Содан Ташкент жаққа ұзақ командировкаға жіберіліпті. Ол кезде шойын жол жоқ, почта атымен барыпты. Оқу оқып, қызмет істепті. Одан әрі Андижан деген жерге барып тағы қызмет істеп, сол жерде бір өзбек қызына үйленеді. Ол менің шешем болса керек. Екі бала табады, олары көп түрмей өліп қалса керек.

- Ойбай-ау! Менің балам Әниар әлі жоқ, хат-хабар да жоқ.

Баламды көретін уақыт бола ма, сағындым, іздеп бара аламын ба, оған мүмкіндік болар ма екен? - дейді. Абай: - жарайды, саған ат-арба, кісі даярлатып берейін, барсаң барып қайт, –

дейді. Содан бірер жұмадан кейін Абай даярлатқан көлік, адаммен Молдабай Ташкент қайдасың деп жүріп кетеді. Бірнеше күн жүріп жетіп, Әнирды тауып, жылап-еңіреп елге қайту жөнінде сөйлеседі. Ақыры қызметтен босап, әкесімен бірге жолға шығады. Шешем маған екіқабат екен. Сонымен жүріп отырып, Аякөздегі Шолпан деген жерге келіпті. Сол арада шешем аман-есен босаныпты, сол туған бала мен екенмін. Елдегі туыс-жақындар жаңа туған жас балаға ат қою керек десіп, біреулер Шолпанда туды, «Шолпанбай» қояйық десіпті. Ал Кәкітайдың інісі Ахметбек деген кісі: «Жоқ, ол үйлесімді ат емес, сапар шегіп келе жатып туған бала атын «Сапарғали» қойған дұрыс болады» депті. Абай естіп, Ахметбектің қойған аты дұрыс, нәрестенің аты «Сапарғали» болғаны жөн депті. Сонымен менің атым Сапарғали болған екен. Содан кейін біраз уақыт өткен соң қызметке орналасу үшін Семей қаласына келіп, Қасен дегеннің үйінде пәтерде тұрып, Государственный банкке қызметке кіріпті. Ол үй қазіргі қала орталығындағы родильный домға қарсы көкала үй болса керек. Кейінде Абайдың көмегімен үй сатып алып, өз өмірінің соңына дейін сол Комиссарский көшесіндегі үйде тұрған. Әкем Әнир бөлек үй-қора жайы болған соң Абай ылғи менің әкемнің үйіне келіп, айлап жатып мекен етіп жүрген екен. Ол кезде мен баламын 9-10-11 жас кезім. Абайға арналған бөлек бөлме болды. Ол үйде: сүйекті ағаш төсек, көрпе, дөңгелек стол, көкегі бар кішкене сағат, айна, кітаптар қоятын шкаф болатыны есімде. Абайды талай-талай көрдім. «Ей қара пұшық, келші маған, - деп алдына алып отыратын. Мен әр нәрсені өзімше сұрайтын болуым керек. Оған Абай бірдеңе деп күлетін еді. Абайға көптеген кісілер келіп, әңгімелесіп кететінін көретінмін. Соның ішінде Баймағанбет деген адамды жақсы білемін. Әкем Әнир 1919 жылдар болуы керек банкпен пенсияға шығады. 1910 жылдан мен өзім де сол банкте қызмет істей бастадым. Кредитное товариществодан бастап система государственный банкке повышение алып, әкемнің қызмет орнына отырдым. Содан 1942 жылға дейін істедім. Көзім көрмейтін болған соң пенсияға шықтым. Әкем Әнир 1934 жылы 21 январьда таңертеңгі сағат 4-те қайтыс болды. Сол өзіміздің үйдің астыңғы этажында. Әкем көзінің тірісінде бұл үйді банкке өткізіпті. Өзім көп жыл осы банкте істедім. Үйімді банктің балансына беремін деп беріп кеткен екен. Осы күні банк архивінде әкем Әнирдың қолжазбасы бар. Абай музейі біздің үйге орналасқанда Абайдың өзі жататын бөлмесінде біздің үйдің мүліктері Абай пайдаланған мүліктер ретінде сол үйде қалды. Ол мүліктер мыналар еді:

1. Айна, ортасынан сынып жарылған.
2. Жазу столы, кресло орындығымен.
3. Көкегі бар кішкене ағаш сағат, қабырғаға ілетін.
4. Шкаф, кітаптар салатын шкаф.
5. Ағаш төсек. Бірнеше көрпе, жастықтар, төсеніш кигіз. Басқасын ұмытып қалыппын.

Стол үстінде тоғыз құмалақтың тақтайы, тастарымен тұратынын білетінмін. Абайдың баласы Ақылбай Семей қаласына келгенде Байысов Бекбайдың үйінде жатып, ауырмай қайтыс болғанын білемін. Әкем барып-келіп жүретін. Мен өзім 1910 жылы Ысқақ баласы Кәкітайдың қызына үйлендім. (Аты – Қабида. Архамның қарындасы. Ол кісімен 38 жыл бірге тұрдым. Қабидадан бір қыз, бір ұлым болды. Қызым Күләш 1953 жылы қайтыс болды. Ұлым - Мұқыш, қазірде тірі, ауырып - больницада жатыр, – дейді. Әнирдың үйі демекші, Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы баспадан шығар алдында осында Кәкітайдың араласуымен бірталай жұмыстар атқарылғанға ұқсайды.

Ол жайында Әрхам Кәкітайұлы Абайдың өмір жолы туралы естелігінде: «1906 жылы жаз шығып, киіз үй тіккенде Кәкітай Абылайша қос тіккізіп, Мүрсейіт молланы шақыртып алып, «сен мына біз жинаған Абай өлеңдерін реттеп жаз» деп оңаша қосқа отырғызады. Мүрсейіт асықпайтын, сұлу жазатын адам еді. Біріншісін тұтас екі бетке жазғызып, одан кейін бір жағын ақ тастап қайта көшіртіп, бір ай шамасында дайындатып, Кәкітай Семейге өзі алып жүрді. Жол расхотына сатуға екі семіз ат, екі семіз түйесін әкетті. Кәкітай малын ақшалап алып, Омбы 1 қаласына кеттім деп хат жазды. Бір жұмадан кейін үйге телеграмм келді. Қазан қаласындағы баспаханалар басуға уақыты болмады. Сондықтан Петербург баспаханаларымен шарт жасастым. Тез 200 сом ақша перевод ет деген. Айтқанындай 200 сом жібердік. Кәкітай бір айда қайта оралды. Корректорлық міндетін өз мойнына алатын болыпты. И. Бораганский

баспаханасы бір баспа табақ қағаз басып, Семейдегі Әнияр үйіне жіберіп тұратын болды. Әнияр Кәкітайға жеткізіп тұрды. Кәкітай оның қатесін түзеп, қайта Петербургке жіберетін болды, одан тағы басылып келіп қайтып отыратын еді. Осындай сергелдеңмен жүріп, Абайдың бірінші өлең жинағы 1909 жылы, яғни үш жылда зорға жарыққа шықты» деп жазады [6]. Ал, азаматтық қарсыласу жылдары Әнияр Молдабаевтың үйінде – Алашорда басшылары Әлихан Бөкейханов пен Міржақып (Дулатовтың отбасы тұрғаны туралы Гүлнар Міржақыпқызы: «Әкем 1921-1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз – Дулатовтар, біріншісінде Әлихан атакемнің (Бөкейханов) үй-іші жайғасқан еді» деп еске алады. Осыған қоса өзінің анасына еріп Турағұл Абайұлы мен Өміртай Ақбердиннің (ауылдарына барғанын да айтады» [7].

Ал, көрнекті жазушы Сапарғали Бегалин «Замана белестері» [8] кітабында Әниярдың үйінде тұрып, оның жақсы танысы, ерлі-зайыпты Нұрғали және Назипа Құлжановтардан дәріс алғанын, сондай-ақ тағы басқадай өмірлік тағылымы мол оқиғаларды әңгіме етеді. Әнияр Молдабаев сол кездегі мемлекеттік банктің қазақ арасынан шыққан тұңғыш қызметкерлерінің бірі. Әдетте Әнияр Молдабаевтың қоғамдық қызметі туралы айтқанда, алдымен оның банк саласындағы жұмысы ауызға ілінетіні аян. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдары Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылған кезде Әнияр Молдабаев бірауыздан оның қазынашысы болып бекиді. Әрине, партияның мүшелік жарнасын жинау, жалпы партиялық қаржы мәселесі секілді мұндай жауапты істер кім көрінгенге сеніп тапсырыла бермегені түсінікті. Осы жылдары ол Шәкәрім Құдайбердіұлы, Көкбай Жанатайұлы, Нәзипа Құлжанова, Турағұл Абайұлы, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров, Биахмет Сәрсенов тәрізді тағы басқадай ұлт зиялыларымен бірге жергілікті земстволық басқару жиынының депутаттығына сайланады. Әрі Семей уездік Земство басқармасының мүшесі болып енеді. Әнияр Молдабаев 88 жасында дүниеден өтіп, Семейде жерленеді. Ал одан тарайтын ұрпақтар туралы 1995 жылғы «Заман-Қазақстан» газетіндегі белгілі абайтанушы қаламгер Бейбіт Сапаралының «Абайдың «құдасы» Әнияр кім?» және 2000 жылғы «Егемен Қазақстан» газетіндегі ғалым Әбдісағит Тәтіғұловтың «Текті тұлғалар тұяғы» мақалаларында айтылған.

Аталмыш зерттеу еңбегінде Б. Сапаралы: «Шежіре дерекке қайтып оралып зер салатын болсақ, Әниярдың Сапарғали есімді ұлы болғанын, 1910 жылдары ол баласын Кәкітайдың қызына үйлендірген. Әниярдың інісі Сүндетбайдан Қалаубек пен Сіләмбек туатын болса, Сіләмбектен Самат, Сағынтай, Мақсұт және Нұржамал есімді үш ұл, бір қыз тарайды. Міне, осы Нұржамалды кішкене күнінен Әнияр өз бауырына басып, бала етіп алып, Өскенбай немересі, Меккеге қажылық парызын өтеу үшін барып дүние салған, 1906 жылы Шәкәрім қажы басына зиярат қылып, дұға бағыштап қайтатын атақты Ақберді қажының Ұсатайдан туған немересі, Жұматайға (1907-1991) өз қолынан ұзатады. Осылайша Әнияр Молдабаев ұлы мен қызы тұрғысынан да Абай ауылымен жақын құдандалы болады. Ұлы адаммен көзі тірісінде құйрық-бауыр жескен құда болмаса да, көңіл түкпіріндегі арман-мұратын өміршең етіп, Жұматай мен Нұрмажалдан тараған - Тілес, Ілияс, Гүлнұр, олардың балалары: Гүлмира, Айдар, Жәмілә, Мәдина, Дәнияр, Айдос атты шөбере-шөпшектеріне өлмес-әшпес мәңгілік мұра қалдырады» дейді. Ал, Әбдісағит Тәтіғұлов болса Әниярдың немересі, айтулы ғалым Тілес Ақбердин туралы: «Тегіне тартқан бекзада ұл Тілес жасынан жақсыға үйірсек, зерек, үлкенге ілтипатты, кішіге ізетті, құймақұлақ болып өсті» дейді.

Міне, Алаш ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан, алайда есімі көп атала бермейтін арыстарымыздың бірі – Әнияр Қожабайұлы Молдабаевтың ұлағатты өмір жолы осындай.

Әдебиеттер

1. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев; ред. Алқасы: З. Ахметов, Л.М. Әуезова, Б.Г. Ерзакович т.б.). – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995 – 720 бет.

2. Өуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Төртінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 400 б.
3. //«Қазақ» газеті, 1915, №158, 21 қараша.
4. Мүфтиұлы М. Әнияр Молдабаев // Абай, 2009, №3.
5. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығы архиві. КП-214/3
6. Міржақыпқызы Г. Әкемді ГПУ әкеткенде он екіде едім... // Ақжол-Қазақстан. – 2022, 20 қыркүйек.
7. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығы архиві. КП-31/8
8. Бегалин С. Замана белестері: Т.1. – Алматы: Жазушы, 1979. – 440 б.

3-СЕКЦИЯ: АБАЙ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМ: МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

СЕКЦИЯ 3: АБАЙ И МИРОВОЗЗРЕНИЕ: КУЛЬТУРНО-ФИЛОСОФСКИЕ АСПЕКТЫ

FTAMP: 17.82.10

А.Ш. Пангереев

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазасқтан Республикасы, Ақтөбе қ.

АБАЙ ПОЭТИКАСЫ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ОБРАЗДЫ БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Қай халықтың болсын рухани болмысын айқындайтын, ұлттық дүниетанымының мәйегін терең көркемдікпен бейнелейтін ұлы тұлғалары болады. Неміс әдебиетінде – Гёте, ағылшын мәдениетінде – Шекспир, орыс поэзиясында – Пушкин, түркімен әдебиетінде – Мақтымқұлы, өзбек руханиятында – Науаи сынды тұлғалар ұлттық рухтың символына айналғаны сияқты, қазақ әдебиетінде бұл миссияны Абай Құнанбайұлы атқарады. Абай шығармалары – тек көркемдік мұра ғана емес, терең философиялық ой мен қоғамдық санаға әсер еткен рухани бағдар. Оның әрбір сөзі өмір шындығының өзегінен туындап, сол дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік және адамзаттық мәселелерін терең толғап жеткізумен құнды. Абай айтқан ойлар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймай, қайта заманауи контексте жаңаша мазмұнмен қайта оқылып келеді. Абайтанушы Жұмағали Ысмағұлов бұл жайында: «Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдағы санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді» [1, 3], – деп тұжырымдайды. Бұл пікір Абай поэзиясының мазмұны мен мағынасы уақыт өткен сайын жаңа танымдық өрістермен ашыла түсетінін айғақтайды.

Абай шығармашылығының сондай іргелі саласының бірі – адамның табиғатпен қарым-қатынасын, әлемдегі орнын поэтикалық-философиялық тұрғыдан бейнелеу. Адам мен табиғат арасындағы байланыс – ежелден көркем әдебиеттің, философиялық пайым мен ғылымның назарындағы маңызды объект. Бұл ұғымдық аяда әлем әдебиеті мен мәдениетінде сөз зергерлері мен ойшылдары табиғатты таным көзі, тәрбие арнасы және рухани сабақтастықтың негізі ретінде қарастырды. Қазақ әдебиетінде бұл мәселеге Абай өзіндік дүниетаным, ұлттық сана және көркем бейнелеу жүйесі арқылы терең мазмұн берді.

Адам мен табиғат арасындағы қатынас – ежелден көркем әдебиет пен поэзияның басты тақырыптарының бірі. Бұл идея қазақ әдебиетінде де өзіндік философиялық сипатпен жырланып, әсіресе жыраулар поэзиясында өмірдің өткіншілігі мен адамның ғаламдағы орнын пайымдаумен астасып отырған. Табиғат пен адам болмысын біртұтас жүйе ретінде қабылдау дәстүрі ауыз әдебиетінен бастау алып, кейінгі жазба әдебиетте тереңдей түсті. Осы көркемдік жалғастықтың ұлы көшінде Абай Құнанбайұлы ерекше орны бар тұлға ретінде дараланады. Ол – қазақ поэзиясында табиғат тақырыбын адам рухымен, жан әлемімен, ой-толғамымен сабақтастыра бейнелеудің негізін салған ақын. Абай табиғатты жалаң суреттемей, оның әр құбылысын адамның ішкі дүниесімен астастыра отырып суреттейді. Көктемнің көркі, күздің мұңлы лебі, қыстың қатыгездігі немесе жаздың жайдары шуағы – мұның бәрі Абай поэзиясында тек сыртқы орта емес, адам болмысының айнасы ретінде көрініс табады. Ол табиғатты жырлағанда, оны философиялық тұрғыдан зерделеп, болмыстың ішкі сырларымен салыстыра сипаттайды. Бұл тәсіл Абайдың көркемдік ізденісінің тереңдігін, дүниетанымының

күрделілігін танытады. Ақын үшін табиғат – адам мінезінің, көңіл күйінің, таным көкжиегінің көркем символы.

Абай шығармашылығында адам мен табиғат арасындағы үйлесім ғана емес, адам мен әлемнің тұтас байланысы, адамның ғаламдағы орны, өмір мәні мен болмыстың бастауы секілді іргелі сұрақтар қозғалады. Этика, мораль, адамгершілік, қоғамдық сана, әлеуметтік теңсіздік сияқты мәселелер табиғат лирикасымен қатар өріліп, Абайдың дүниетанымдық кеңістігін айқындайды. Бұл сұрақтар – қай кезеңде де өзектілігін жоймаған, адамзаттың мәңгілік ізденісіне айналған тақырыптар. Абай осы ізденістерді өз поэзиясының өзегіне айналдырып, философиялық-поэтикалық мазмұнмен байытып отырады.

Ойшыл ақын табиғатты жаратылыс құбылысы ретінде ғана емес, рухани танымның көзі, тіршіліктің бастау тетігі, адам санасын тәрбиелеуші күш ретінде қарастырады. «Дүние қалай жаратылды? Адамның ғаламдағы орны қандай? Табиғат пен жан дүние арасында қандай байланыс бар?» деген сынды сұрақтарға жауап іздеу Абай поэзиясының терең танымдық желісін құрайды. Бұл тұрғыдан келгенде, Абайдың шығармашылық табиғаты – өз заманының ғана емес, бүкіл адамзаттық ой кешудің жалғасы. Ол өз дәуіріндегі рухани тоқыраудан шығудың жолын іздеген, басқа халықтардың тәжірибесін зерделеп, адам мен табиғат үйлесімін ұлттық дүниетаныммен ұштастырған кемел тұлға ретінде көрінеді. Абайдың ұлылығы – осы терең пайымында, болмыс пен табиғатты ұштастыра отырып, көркем образ арқылы философиялық концепцияны жеткізе білуінде.

Абай шығармашылығының бұл ерекшелігін алғашқылардың бірі болып аңғарған ғалым – қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі Құдайберген Жұбанов. Ол «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегінде: «...сонымен бірге, Абай ескі мұраны талғамай ала беретін адам емес. Ол ескіден қалған мұраға да, өз заманының жайына да сын көзімен қарап, өзінің ақыл елегінен өткізіп алған» [2, 264], – деп орынды пікір білдіреді. Бұл тұжырым Абай дүниетанымындағы терең талғам мен сыни көзқарастың болғанын және оның шығармашылық мұрасының терең пайым мен рухани іріктеуге негізделгенін көрсетеді. Ақынның осындай биік таныммен көтерген іргелі тақырыптарының бірі – адам мен табиғаттың өзара байланысы, адамның ғаламдағы орны мен мәнін бейнелеу.

Абай туындыларында өмірдің барлық қалтарысы мен бұлтарысы көркемдік тұрғыдан өріліп, жалпыадамзаттық мәселелер көркемдік һәм философиялық жүйеде қарастырылады. Ақын поэзиясының қайнар көзі – адам, оның ішкі әлемі, рухани ізденісі мен табиғатпен үндестігі. Сондықтан да Абай шығармалары қай заманда оқылса да, өзектілігін жоғалтпайды, өйткені олар адамзат қоғамының тұрақты рухани мұқтаждығын өтеуге бағытталған.

Қазіргі заманда кең қолданысқа ие болған «адами капитал» ұғымын Абай өз шығармашылығында әлдеқашан поэтикалық-философиялық мазмұнда көтергені аңғарылады. XX ғасырдың 60-жылдарында америкалық экономист Теодор Шульц енгізген бұл термин бүгінде адамның кәсіби әлеуетін, рухани-танымдық мүмкіндігін, интеллектуалдық және моральдық қасиеттерін бағалау өлшемі ретінде қолданылады. Бұл ұғымның мәнін философия ғылымдарының докторы Амангелді Айталы: «Капитал десе – байлық, қаржы, ақша, мұнай, алтын сияқты материалдық игіліктерді елестетеміз. Ал бүгінгі күні адам капиталы дегеніміз – адам бойындағы білім, қабілет, тәжірибе, даналық пен іскерлік. Ендігі жерде ақшалы емес, білімді адамның мәртебесі жоғары» – деп сипаттайды.

Абай да өз поэзиясында осы «толық адам» идеясын ұсыну арқылы адами капиталдың мәнін тереңінен ұққан. Оның «Атымды адам қойған соң, қайтып надан болайын», «Ғылым таппай мақтанба», «Дүниеде өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» немесе «Адам деген даңқым бар» сынды концептілік мәні зор өлеңдері адамның өзін-өзі жетілдіруі мен қоғамдағы орнын тануға бағытталған. Бұл – Абайдың тек жекелеген тұлғаның емес, жалпы ұлттың рухани әлеуетін арттыруға бағытталған көрегендік жолы. Ақын табиғат, адам және ғалам арасындағы қатынастарды біртұтас дүние ретінде қабылдай отырып, адамзаттық деңгейдегі мәселелерді ұлттық сөз өнері арқылы терең жеткізе білді.

Абайдың көркемдік және дүниетанымдық биігіне қалай жеткені, оның ақындық жолға келуінің ішкі рухани себептері – зерттеуші назарынан тыс қалмайтын маңызды сұрақтардың

бірі. Бұл сұраққа жауапты Абайдың өзінің «Бірінші сөзінде» табуға болады. Ақын өмірдің өткіншілігі мен тұрлаусыздығына көз жеткізіп, дүниенің мәнін іздеуге бет бұрады. Ол: «Ақыры ойландым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын» [3, 158], – деп, шығармашылыққа келуінің басты мотивін білдіреді. Бұл – Абайдың өзіндік таным жолына түсуі ғана емес, көркем сөзді рухани ізденістің құралына айналдыруы.

Абайдың осындай рухани бағыт таңдауы – тек ақындық мұраттың көрінісі емес, терең хакімдік пайымның нәтижесі. Бұл тұста оның өмірлік ұстанымы мен философиялық жолы ежелгі грек ойшылы Сократтың дүниетанымымен үндесіп жатады. Сократ та өз заманының рухани дағдарысы кезінде адам өмірінің мәні туралы толғанып, өзін-өзі тану жолына түседі. Белгісіздік пен ішкі дағдарыс кезінде Дельфы қаласындағы Аполлон храмына барып, Пифиядан кеңес алуға ұмтылған Сократ храм ішіне енбей тұрып-ақ оның маңдайшасында жазылған: «Өзіңді өзің таны» деген сөзге кезігеді. Осы бір қысқа ғана тұжырым ойшылдың өмірлік ұстанымына айналып, философиялық ізденістерінің негізін қалайды. Бұл ұғым кейін өзін-өзі тану ілімінің бастау көзі ретінде адамзат санасына сіңіп, бүгінгі философия мен гуманитарлық ғылымдарда да өз маңызын жойған жоқ.

Абай да осы іргелі идеяға өзінің поэзиясы мен қарасөздері арқылы жаңаша мазмұн берді. Ақынның ішкі рухани ізденісі алдымен өзін тануға, содан кейін адамзатты, табиғатты, бүкіл ғаламды тануға ұласты. Бұл жол – жеке тұлғаның ішкі кемелдену жолы ғана емес, поэтикалық-философиялық концепцияға айналған терең таным мектебі болды. Адамды тану – өзін танудан басталатыны ақиқат десек, Абай мұрасы – осы танымдық процестің көркем өрнегі. Сондықтан да оның шығармашылығы адам баласына бағытталған, рухани құндылықтарға негізделген ілім ретінде уақыт өткен сайын өзектілігін арттыра түсуде.

Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов Абайды қазақ руханиятындағы ұлттық Ренессанстың бастаушысы ретінде бағалайды. Ғалым бұл ұғымның осы уақытқа дейін көбіне еуропацентристік тұрғыдан қарастырылып келгенін сынға алып, шын мәнінде әрбір халықтың өзіндік Ренессанстық кезеңі болатынын айта келіп: «Күллі әлемдегі Ренессанстың ең басты заңдылығы – бұрынғы мәдениетті жаңғырту ғана емес. Мұндағы ең басты қасиет – адамға көңіл бөлу, адамды дәріптеу. Адамды барлық нәрсенің қожасы деп түсіну» [4, 68], – деп тұжырымдайды. Бұл ұстаным – Абай дүниетанымының да негізгі өзегі. Ақын үшін адам – әлемді танушы әрі түрлендіруші, қоғамның қозғаушы күші ғана емес, табиғатпен, Жаратушымен байланыстағы тұтас рухани жүйенің орталық тұлғасы.

Абай адам құдіретін алдымен оның білімі мен білігінде, жүрек жылуы мен жан тазалығында деп біледі. Осы таным ақынды Алланы сүю мен адамды сүю арасындағы рухани үндестікке жетелейді. Ақын:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті» [5, 247], – деп, иман мен махаббат, әділет пен адамгершілік ұғымдарын табиғи тұтастықта қабылдайды. Абайдың бұл өлеңі – оның адам мен ғалам, адам мен Жаратушы, адам мен табиғат арасындағы рухани байланысқа терең бойлағанының айғағы. Ол адамның ішкі рухани әлемінен бастап, ғаламдағы орнына дейінгі мәселелерді тұтас пайымдауға ұмтылады. Алайда Абай бұл ілімдерге соқыр сеніммен емес, сыншыл ақыл мен парасат сүзгісінен өткізе отырып келген. Ол – діни фанатизмге қарсы болған, схоластикалық дінді қабылдамаған ойшыл. Абайдың дүниетанымының негізінде Шығыс поэзиясы мен мұсылман философиясының әсері бар болғанымен, ол бұл ықпалдарды саналы түрде талдап, ұлттық дүниетаныммен үйлестіре білген. Бұл туралы Абайтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі Құдайберген Жұбанов: «Шығыс жағасынан алған нәрсенің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, әрине, санашылдық жолымен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы – ислам діні, одан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылымының ілгері-соңғы ғұлама философтарының сөздері болады» [3, 10], – деп атап өтеді.

Абайдың дінге көзқарасын, танымдық күрделілігін көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметұлы да арнайы зерттеген. Ол: «Абай дүниетанымындағы елеулі қайшылықтың бір көрінісі – оның дінге көзқарасында жатыр. Абай ақылмен, сыншыл оймен түп иесін тануға ұмтылған батыл әрекетінде ойшылдық танытады» [7, 44], – деп атап өтеді. Ғалым Абайдың «жан сыры» туралы көзқарасына талдау жасай келе, адамның өзін тану мен табиғатты тану ұғымдарының тығыз байланысын негіздейді. Адамның алдымен өзін, одан соң айнала әлем мен табиғатты тануға ұмтылуы – таным процесінің заңдылығы. Бұл – Абай ілімінің де тірек арқауы. Сондықтан Абай поэзиясындағы табиғат образы – тек көркем сурет емес, адамның рухани әлемімен, философиялық танымымен сабақтасқан күрделі концепт. Табиғатты сезіну – адамның өзін сезінуімен, әлемдегі орнын аңғарумен тікелей байланысты. Абай осыны терең пайымдай отырып, көркемдік бейнелеу құралдары арқылы табиғатты адам болмысының айнасы ретінде ұсына білді.

Абай поэзиясында табиғатты бейнелеу – тек сыртқы көріністі сипаттау емес, ол – адамның ішкі рухани болмысымен астасқан терең философиялық-эстетикалық категория. Табиғат пен адам арасындағы байланыс ақын үшін біртұтас тұжырымдамалық жүйеге айналады. Бұл тұрғыда жылдың төрт мезгіліне арнайы өлең арнауы – Абай поэтикасындағы табиғат концепциясының көркем әрі тұтас репрезентациясы болып табылады.

Жыл мезгілдеріне арналған өлеңдердің түп негізінде қазақ халқының табиғатпен тығыз байланыста өмір сүрген көшпелі тұрмыс салты мен дүниетанымы жатыр. Табиғаттың әр құбылысы, әр мезгілі қазақ санасында өзіндік рең, әрекет пен мәнге ие болған. Бұл таным тілде де көрініс тауып, төрт мезгілді атаудағы етістік формалар арқылы ерекшеленеді: көктем – «туады», жаз – «шығады», күз – «түседі», қыс – «келеді». Осындай көркем семантикалық жүйе арқылы табиғаттың циклі мен адам тіршілігінің өзара үйлесімі тілдік және мәдени код ретінде қалыптасқан. Ал өзге тілдерде, мысалы, орыс тілінде мұндай нақтылық сақталмай, барлығы дерлік «наступила», «пришла» түрінде бейтарап беріледі. Демек, табиғатты бейнелеудегі тілдік байлық пен көркемдік таным – әр ұлттың дүниетанымдық ерекшелігінен туындайды.

Абайдың табиғат тақырыбындағы көркемдік ізденістерінің шарықтау үлгісі – «Жазғытұры» өлеңі. Бұл шығармада ақын көктем мезгілін тек көркем табиғат көрінісі ретінде ғана емес, адамның табиғатқа қатынасы мен ғаламдағы орны тұрғысынан да терең бейнелейді. Өлең:

«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі» [5, 120], – деген жолдармен ашылады. Алғашқы екі тармақ – көктемгі табиғаттың жаңа тынысын сипаттайды. Келесі жолдарда тіршілік иелерінің күн нұрына елжіреуі арқылы табиғаттың адамзатқа аналық мейіріммен қарауы сынды терең философиялық астар байқалады. Бұл – табиғат пен адам арасындағы рухани қатынастың көркем көрінісі.

Келесі шумақтарда табиғаттың көктемдегі жанданысы – тіршіліктің әмбебап ырғақтарына негізделіп суреттеледі: қар құрсауынан босап, көрісіп жатқан ел, толғанып төлдеген мал, саят құрып жүрген жігіт, жамырап сауда жасайтын ауыл, шуағын шашқан күн, гүл жарған жер – мұның бәрі Абай поэзиясындағы реалистік бейнелеудің мысалы. Бұл – тек табиғаттың күйі емес, қазақы тіршіліктің көркем хроникасы. Осы тұстарда ақынның поэтикалық тілі табиғатты реалистік бояумен өрнектеп, символдық мазмұнмен байытып отырады.

Өлең құрылымының өзі ерекше мәнге ие. Табиғаттың көктем мезгіліндегі жадырауы мен өзгерісі – адамның эмоциялық, сезімдік күйімен қабаттас суреттеліп, соңында бүкіл ғаламмен үйлесім табатын философиялық кеңістікке өтеді. Абайдың табиғат бейнесі арқылы жеткізгісі келгені – тек пейзаждық сурет емес, табиғаттың мәңгілік өзгерісі мен адамның тіршілік заңдылығына сай қозғалыстағы болмысы. Демек, табиғат – Абай поэзиясында адамның дүниетанымдық ахуалын бейнелеуші көркемдік құрал ғана емес, танымдық-эстетикалық концепт.

Адам мен ғалам арасындағы үйлесімділік – әлемдік философия мен өнерде ежелден негізгі концепциялардың бірі болып қалыптасқан. Бұл идеяны отандық зерттеушілер де терең пайымдаған. Мәселен, белгілі ғалым Ақжан Машанов «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде: «Адамның мекен-жайы – ғалам. Қонысы – жер немесе адамның үйі – аспан төсегі – жер. Ғалам – адамға өлшенген, адам – ғаламға өлшенген, екеуінің арасында тамаша құрылымдық сәйкестік бар. Дүние үлкен ғалам болса, соның ішіндегі ғақли мүшесі адам – кіші әлем болып табылады. Жер табиғат, біздің планетамыз ғаламның бір бөлшегі болса, адам – оның бөлшегі» [8, 18], – деп жазады. Бұл ой Абай дүниетанымымен үндес келеді.

Абай үшін ғалам – адаммен біртұтас үйлесімде жаратылған жүйе. Табиғат – оның сыртқы көрінісі ғана емес, ішкі мәні бар тірі құрылым. Ақынның:

«Безендірген жер жүзін Тәңірім шебер,

Мейірбандық, дүниеге нұрын төгіп.

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкендей үстіңе аспан төнер» [3, 121], – деген жолдары жаратылыс туралы терең пайымның көркем көрінісі. Мұндағы жер – ана, аспан – әке бейнесінде беріледі. Бұл символдық құрылым адам мен ғалам арасындағы үйлесімділікті, табиғаттың мейірім мен қамқорлық сипатын көрсетеді. Абай Тәңіріні ғаламның шебері, жаратушы күш ретінде танып, табиғатты соның көркем туындысы ретінде қабылдайды. Мұндай поэтикалық құрылымда дәстүрлі түркілік дүниетаным мен Шығыс метафизикасының элементтері қатар тоғысады.

Абай шығармашылығында кездесетін Тәңірі, Құдай, Алла ұғымдары – әртүрлі теологиялық, философиялық көзқарастардың поэтикалық репрезентациясы. Зерттеушілердің айтуынша, Абай поэзиясында Тәңір сөзі – 15, Құдай – 18, Алла – 21 рет кездеседі. Бұл – ақынның сенім мәселесіне біржақты емес, кең дүниетанымдық пайыммен қарағанын аңғартады. Ислам дүниетанымындағы Алла ұғымымен қатар, түркілік Тәңірі атауын да сақтай отырып, Абай дәстүр мен жаңашылдықтың арасынан рухани тепе-теңдік тапқан. Сонымен қатар, Абай дінді соқыр сеніммен емес, сыншыл ақылмен тануға үндейді. Бұл жөнінде көрнекті абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы: «Абай ақылмен, сыншыл оймен түп иесін тануға ұмтылған батыл әрекетінде ойшылдық танытады» [7, 44], – деп жазады.

Абайдың дүниетанымындағы осындай философиялық синтез оның табиғатты бейнелеу тәсілінде де көрінеді. Ол көкті – күн, жерді – ана немесе қалыңдық, табиғатты – тіршілік иелеріне мейіріммен қарайтын ана, ғаламды – тұтас бір жүйе ретінде елестетеді. Бұл поэтикалық құрылым қазақтың дәстүрлі мифтік танымымен де байланысты. Түркілік дүниетанымда аспан – жарылқаушы, жер – асыраушы күш ретінде сипатталады. Бұл идеяны «Күлтегін» ескерткішіндегі: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаратылған» деген көне мәтіндер растайды.

Зерттеуші Құдайберген Жұбанов Абай поэтикасындағы образ жасау ерекшелігіне тоқтала келіп: «Абайдың образ қолданудағы өзгешелігі: әуелі, қатесіз анық, таныс бейне алады; екінші – образы ескі өлі қалыбында қалмай, жанданып кетеді; үшінші – ескі образды өсіріп, жаңартып, жалғап әкетеді. Ескі әдебиет мұрасын Абайдың пайдалануының бәрі осылай» [2, 263], – деп тұжырымдайды. Бұл пікір ақынның табиғат бейнесін де символдық, жаңғыртушы тұрғыдан суреттегенін дәлелдейді. Абай үшін табиғат – тек пейзаждық деталь емес, ұлттық дүниетанымды жеткізудің, ғалам мен адам арасындағы байланысты көркем образбен танудың жолы.

Абай шығармашылығында табиғат – статикалық көркем фон емес, пәлсапалық мәнге ие, терең таным объектісі. Ақын табиғатты бейнелеу барысында халықтық дүниетанымды жаңғыртып, оны заманның рухына сай жаңа мазмұнмен өрнектейді. Бұл поэтикалық тәсілді «ескірмейтін жаңалық» деуге толық негіз бар. Табиғат пен адам арасындағы рухани үндестікті Абай түркілік таным негізінде дамытады. Көк – ер, жер – ана деген мифологиялық құрылым оның көптеген өлеңдерінде бейнелі әрі жаңғыртылған түрде көрініс табады.

Абайдың:

«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,

Құмары екеуінің сондай күшті», – деген жолдары жоғарыда аталған мифопоэтикалық құрылымның көркем поэзияға айналған мысалы. Бұл өлеңде көктемнің келуі мен табиғаттың жаңғыруы адамның жан дүниесімен қатар сипатталады. Жердің көктемде құлпырып, күнге елжіреуі табиғат пен ғарыш арасындағы тұтас үйлесімділіктің көркем моделі ретінде ұсынылады:

«Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тотықұстай» [5, 121-122].

Бұл бейнелер – қазақ фольклорындағы «жер-ана», «күн-баба» сияқты архетиптермен сабақтас. Абай оларды жаңаша семантикалық өріске шығарып, көркемдік пен пәлсапалық ойдың тұтас жүйесін жасайды. Табиғаттың маусымдық ырғағы мен адамның рухани күйі қатар суреттеледі. Күннің батуы, көлеңкенің ұзаруы, уақыттың жылжуы – бәрі де адам өмірінің өтпелілігімен ұштасады.

Ақынның:

«Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Күнді уақыт қызартып,

Көк жиектен асырса» [5, 240], – деген жолдары табиғат құбылысы арқылы уақыт пен тағдыр ұғымдарын бейнелейді. Бұл – тек пейзаж емес, философиялық категория. Адам өмірі күннің батуы іспетті: шегіне жетіп, қайта айналып келмейді. Осы ойды Абай:

«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут – бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек» [5, 202], – деген өлеңінде нақтылайды.

Абайдың бұл танымы – қазақ поэзиясындағы жалғыз құбылыс емес. Бұқар жыраудың:

«Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны», –
дегені мен Шәңгерей Бөкеевтің:
«Қаранды үзіп барасың

Бізден де қайран дүния», – деген жолдары да уақыт пен табиғаттың үйлесімі арқылы адам өмірінің өткіншілігін жырлайды. Бірақ Абай осы дәстүрді жаңартып, философиялық ойлау тереңдігімен байытады. «Күнді уақыт қызартып» деген бір ғана жол арқылы табиғат пен адамның рухани-моральдық өмірін егіздестіреді.

Дегенмен Абай үшін адам өмірі – өтпелі, бірақ мәңгілік мәні бар құбылыс. Ол табиғат өлсе де, адам жаны өлмейді деп біледі. Ақынның:

«Жас – қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек», –

немесе:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес» [5, 178], –

деген шумақтары осыны дәлелдейді.

Белгілі философ Ғарифолла Есім Абайдың бұл танымын былай деп түсіндіреді: «Абай – адам «менікінің» өлмейтінін адамның өз болмысынан, өмірдің болмысынан шығарған. Егер адам табиғат сияқты өлсе, онда өмірдің мәні неде? Адамның мәңгілігі – өмір болмысының негізі. Адам мәңгі болған соң дүние рас. Адамның мәңгілігі – Алланың барлығын растаушы өлшем» [9, 32].

Осы тұжырымды тереңдеткен көрнекті абайтанушы М. Мырзахметұлы да:

«Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі!», –

деген өлең жолдарына талдау жасай отырып, Абайдың өлмейтін деп танитыны – рухани болмыс, яғни жан мен ақыл екенін дәлелдейді [7, 49].

Абайдың бұл поэтикалық-философиялық концепциясы – табиғат пен адам болмысының өзара сабақтастығын, уақыт пен мәңгілік арасындағы рухани үндестікті көркем тілмен жеткізген ерекше поэзиялық әлем. Табиғат – Абай үшін тек сырлық шындық емес, рухани мәні бар тірі құрылым. Ол арқылы адам – ғаламның бір бөлшегі ретінде ғана емес, мән іздеуші, ақыл мен жан иесі ретінде танылады.

Адам болмысы, өмірдің өткіншілігі мен табиғат үйлесімі – әлемдік әдебиетте кең орын алған мәңгілік тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпты әр халықтың ірі өкілдері өзінше жырласа да, олардың дүниетанымдық түйіні мен рухани интонациясы ұқсас келеді. Мұндай үндестік поэзиядағы мәдени сабақтастық пен рухани жалғастықтың жарқын үлгісін құрайды. Мәселен, неміс ақыны И.В. Гете жазған «Wanderers Nachtlied» («Жолаушының түнгі әні») атты философиялық-пейзаждық өлеңді алғаш орыс тіліне М.Ю. Лермонтов тәржімаласа, кейін оны қазақ тіліне Абай Құнанбайұлы аударғаны мәлім. Осы арқылы үш халықтың үш ұлы тұлғасы – Гете, Лермонтов, Абай – адам мен табиғат арасындағы үндестік, тыныштық пен тылсым туралы ортақ поэтикалық концептіні бірдей қабылдап, көркемдік деңгейде бірдей жырлаған.

Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деп басталатын аудармасы қазақ дүниетанымына бейімделіп, түркілік табиғат поэтикасының ерекше реңімен түрленеді. Табиғатпен етене өмір сүрген көшпелі халықтың өкілі ретінде Абай бұл өлеңге өз болмысын сіңіреді. Түннің қоюланып, айналаның жым-жырт тыныштыққа бөленуі, тау бейнесінің қалғып кетуі, адам жанын баураған тыныштық – бәрі де пейзаждық көріністің ар жағындағы философиялық-экзистенциялық мазмұнды меңзейді. Бұл – фәниден бақиға ауысар сәттің символдық бейнесі. Өлеңнің шешімі келесі шумақта көрініс табады:

«Тыншығарсың сен дағы,

Сабыр қылсаң азырақ...» – деген жолдар адам өмірінің өткіншілігі мен тыныштықты, яғни мәңгілік дамыл сәтін философиялық оймен қорытады.

Алайда Абай бұл пайымда өмірге пессимистік көзқараспен емес, ақиқатқа негізделген сабырлы таныммен қарайды. Ақын үшін адамның «мәңгілік дамылдауы» – тағдырға бойұсыну емес, өмірдің мәнін терең түсінудің көрінісі. Осы өлшеулі ғұмырда адам – өз табиғатына сай, Алланың жаратқан саналы пендесі ретінде өмір сүруі керек деген моральдық-философиялық тұжырымды ұсынады.

«Қараңғы түнде тау қалғып» – Абай дүниетанымындағы табиғат пен адам қатынасының үндестігін, өмірдің өлшеулілігі мен жанның мәңгілігі туралы ой кешудің үлгісі. Бұл аударма тек көркем мәтін емес, Абайдың табиғатты терең танитын, жаратылыс заңдылықтарын нәзік сезіне білетін, рухани мәнге бойлай алатын ойшыл тұлға екенін дәлелдейді. Бұл өлең оның адам капиталы туралы концепциясымен де астасып жатыр. Табиғат тылсымына үңілу, өмірдің тынысын түсіну – толық адам болмысының негізгі көрсеткіші. Сондықтан да Абай бұл шығарманы аударуға тек тілдік деңгейде емес, дүниетанымдық, рухани үндестік тұрғысынан да таңдап алған деп пайымдауға болады.

Абайдың бұл аудармасы түпнұсқа мен орыс тіліндегі нұсқадан кем түспейді, кей тұста олардан асып түсетін көркемдік пен философиялық тереңдікке жетеді. Мұны зерттеушілер де растайды. Бұл, біріншіден, Абайдың Гете мен Лермонтов деңгейіндегі тұлға екенінің дәлелі болса, екіншіден, оның қазақ халқының рухани әлеуетін әлемдік поэзия кеңістігінде көрсету миссиясын атқарғанын айғақтайды. Абай арқылы ұлттың рухани биігі де көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл шығарманың аударма шегінен шығып, мәдени-философиялық интерпретация деңгейіне көтерілуі – Абайдың көркемдік шеберлігі мен дүниетанымының биіктігін айғақтайды.

Табиғатпен тұтастық – Абай даналығының әрі ажырамас бөлшегі, әрі адастырмас рухани өлшемі. Оның қай шығармасын алып қарасақ та, сюжет пен философиялық мазмұн табиғатпен етене байланыста өрбиді. Ақынның көңіл күйі, дүниетанымдық пайымы көбіне табиғат құбылыстары арқылы беріледі. Пейзаждық сурет пен психологиялық күй қатар өріліп, адам мен ғалам тұтастығы көркем әрі мәнді сипатқа ие болады. Академик С.А.Қасқабасов айтқандай, Абай табиғатты тек бейнелеу объектісі ретінде емес, адам болмысының көркем айнасы ретінде қабылдайды [4, 307]. Сондықтан да Абай шығармашылығы – уақыт өте келе ескірмейтін, қайта мазмұны тереңдей түсетін рухани мұра. Оның мәңгілік мәні де, қай дәуірде оқылса да құндылығын жоғалтпауы – осы философиялық әрі көркемдік тұтастықта жатыр.

Абай мұрасын алғаш ғылыми тұрғыда бағалап, ұлттық әдебиеттің классикалық негізі ретінде танытқан тұлғалардың бірі – Құдайберген Жұбанов еді. Қазақтың көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбаевтың Қ. Жұбанов туралы: «Бір басында ондаған адамдарды айрықша көзге түсіре алатындай ерекше қабілет пен талант бар... бұл жайсаңды ерте жоғалтқаннан біздің ұлтымыздың ұтылған ұпайын санап шығудың өзі мүмкін емес» [10, 1], – деуі зерттеуші тұлғасының ауқымын дәл сипаттайды. Әдебиет пен тіл, фольклор мен өнер, педагогика мен музыка, ұйымдастырушылық пен көркемөнер – осы салалардың қай-қайсысында да із қалдырған Қ. Жұбановтың Абай туралы ғылыми пікірлері – ұлттық ғылым үшін батылдың, рухани ерліктің үлгісі.

Қ. Жұбановтың Абайды «қазақ әдебиетінің классигі» деп алғаш ғылыми негізде атауы – әдебиеттану ғылымындағы бетбұрыс. Бұл пікір сол кездегі идеологиялық қысым мен ғылыми ортадағы қасаң шаблондарға қайшы айтылды. Сондықтан да бұл тұжырым жай ғана ғылыми тезис емес, қазақ әдебиеттануындағы рухани төңкеріс ретінде бағаланады. Ғылым жолындағы мұндай батыл пайым – ұлттың рухани болмысын тануға деген іргелі қадам, рухани егемендіктің көрінісі. Қ. Жұбановтың осындай биік пайымы Абай шығармашылығының ұлттық ғана емес, әлемдік әдебиетпен терезесі тең рухани кеңістік екенін алғаш болып дәлелдеген үлкен ғылыми көрегендіктің нәтижесі.

Абайдың табиғат поэтикасы – адамның ішкі рухани әлемі мен ғалам заңдылықтарының үндестігін айшықтайтын көркемдік-танымдық кеңістік. Бұл кеңістік Қ.Жұбановтың ғылыми ұстанымдары арқылы алғаш рет жүйелі сипат алып, бүгінгі әдебиеттануда өз жалғасын тауып отыр. Сондықтан да Абайды тану – табиғатты тану, Абайды оқу – адам мен ғалам арасындағы үйлесімділік заңдылығын түсіну. Абай мұрасы – мәңгілік!

Әдебиеттер

- 1 Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері – Алматы: Өнер, 2007. – 400 б.
- 2 Жұбанов Қ. Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. – 584 б.
- 3 Абай. Қара сөздер. – Алматы: Өнер баспасы, 2015. – 124 б.
- 4 Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеу мақалалары. – Алматы: «Жібек жолы» БҰ. 2010. – 576б.
- 5 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Т1. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 302 б.
- 6 Сыздықова Р. Құдайберген Жұбанов – тіл білімінің классигі // Қазақ әдебиеті, – №52 (727). 25 желтоқсан. – 1964.
- 7 Мырзахметов М. Абайтанудың сын сағатында. – Алматы, 1990.
- 8 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 302 б.
9. Ғарифолла Е. Абай пәлсапасы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы баспахана, 2020. – 342 б.
- 10 Кекілбаев Ә. Қ.Жұбанов // «Ақтөбе» газеті. – №121.,14-қазан, – 1999.

Ж.М. Әубәкір

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., kokwe75@mail.ru**АБАЙДЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН ЖЕРЛЕР: ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ ТОҒЫСЫ**

Қазақта «Туған топырақ» деген үлкен ұғым бар. Әр адам баласының туған топырақ турасында ойланбауы, оған тірлігінде айналып соқпауы мүмкін емес. Ол бүгін де, ертең де, болашақта да ғұмыр бойы адамға әр қырынан әсер етеді. Қазақы наным-сенім бойынша кіндік қаны тамып, кір қоңын жуып өскен сол орта тал бесіктен жер бесікке дейін өз пендесін желеп, жебейді. Оның өмір сапарында кездескен қым-қиғаш оқиғалар, шым-шытырық тағдырлар бәрібір айналып келіп туған жеріне соғып отырады. Адамның туған жерімен байланысы – оның өмірлік тәжірибесі мен жеке тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқаратын ерекше феномен. Бұл байланыс тек географиялық мекенмен шектелмейді, ол адамның мәдени, рухани, эмоционалдық және әлеуметтік дамуымен тығыз байланысты. Туған жер адамның болмысын, мінез-құлқын, дүниетанымын және өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл жерде адамның есейгенше жинаған естеліктері, алған тәрбиесі, қоғамдағы алған өнегесі, тілдік ортасы мен мәдени мұрасы оның келешегіне және болашақта орын алатын жағдайларға да әсер етеді.

Әлем әдебиеті немесе қазақ әдебиетінде болсын туған топырақтың ақын, жазушылардың шығармашылығына арқау болуы, яки өскен ортаның белгілі дәрежеде ықпал етуі көп кездесетін жайт. Әр тұлғаның туған жері мен қалыптасқан ортасы олардың шығармашылық өмірінде терең із қалдырады. Бұл байланыс тек табиғи пейзаждар мен географиялық ерекшеліктермен ғана шектелмейді. Ол ақынның отбасынан алған тәрбиесі, сол қоғамдағы саяси және әлеуметтік ахуал, сондай-ақ оның тұлғалық қалыптасуына ықпал еткен мәдениеттің көрінісі. Әр ақынның өмірінде туған жерінің әсері түрлі деңгейде көрінеді: біреуіне туған жері рухани шабыт көзі болса, енді біреуінің шығармашылығы оның өскен ортасының қоғамдық мәселелеріне жауап ретінде туындайды.

«Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайыпқырандарды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздың жарық күндей үміті де үзіліп те кетті», – деп Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандайын сырын ішіне бүккен Шыңғыстың қасиетті топырағында қалың қазағының ғана емес, әлемнің ғұламасы мен данышпаны болып, адамзаттың ақыны мен классик жазушысы, данагөй пәлсафасышы атанған дара тұлғалардың жаралуының да тылсым сыры бары ақиқат. Ол тағдыр мен табиғаттың күдіретті сыйы да екендігі айқын. Кәрі Шыңғыстаудың Ұлылар мекеніне айналуының да себебі осы болмаққа керек. Сонымен қатар Ұлылыққа жетудің жолы – Ата өнегесі мен Ана тәрбиесінен бастау алар терең білім мен ақиқат мақсатпен үйренген ғылым екені де даусыз.

Абайға қатысты тарихи мекендер туралы айтқанда, бүгінгі мақаламызда ұлы ақын өмір кезеңіндегі ерекше орын алатын бес тарихи жерге ғана тоқталғанды жөн көрдік. Әйтпесе Шыңғыстың ішіндегі жайлауда қаншама табиғаты да көркем, тарихилық маңызы да ерекше жерлер жетерлік.

Бірінші, Абай Құнанбайұлының кіндік қаны тамған қасиетті жер – Сырт Қасқабұлақ. Абай 1845 жылы ескіше ай санағы бойынша 10-шы тамызда Қасқабұлақ жотасының батыс бауырындағы бұлақ басына тігілген киіз үйде дүниеге келді.

Жалпы Қасқабұлақтың адыр-жотасы – Үлкен Қасқабұлақ, Кіші Қасқабұлақ және Сырт Қасқабұлақ деп бөлінеді. Себебі өрден ағып жатқан екі бұлақ екі жаққа қарай қасқайып ағып жатқандықтан, халық осы жотаны «Қасқабұлақ» деп атап кеткен. Абайдың дүниеге келген жері Сырт Қасқабұлақ қазіргі таңда Абайдың Қасқабұлағы деп те аталады. Ел ішінде

Қасқабұлақ төңірегіндегі мекендерге қатысты Шәкәрім, Тәкежан, Ысқақ, Ызғұтты Қасқабұлағы деген жер атаулары да кездесіп жатады.

Құнанбай ауылы Қасқабұлақ басында жылдың екі мезгілінде, қыстан аман-есен шыққаннан кейін жазғытұрым уақытында және күз айларында жайлаудан келгеннен кейін отырған. Жаз бойы Шыңғыс асып, ен жайлауда отырған қалың ел, күн суыта осы бауырға қарай көшкен. Қасқабұлақтың басы суы мол, малға жайлы болғандықтан, Құнанбай, Абай ауылдары осы бұлақ басын көбірек мекендеген.

Әрхам естелігінде Абайдың дүниеге келген уақыты туралы былай дейді: *«Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін 1845 жылы ескіше 10 август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келеді. Ел қайта көшерде Құнанбайдың шешесі Зере келінімнің күні таяу, салт атқа мінсе баласына зақым келер деп Ұлжанды өзінің пәуескесіне отырғызып келген еді».*

Жаңа туған сәбиге әкесі азан шақырып, Ибраһим деп ат қояды. Қамқор әжесі Зере тынымсыз нәрестенің бір нәрсеге ұрынып қалуынан қорқып, оған әр қадам сайын: «Абайла! Абайла...», – деп отырады екен.

Екінші, Абайдың Ақшоқысы!!

Ия, ия, Абайдың Ақшоқысы.

Ақшоқы дегенде бірден Абай емес, Құнанбай және оның әулеті жерленген үлкен қорым еске түсетіні анық.

Ал Абайдың өміріне қанық адамдар мен М.О. Әуезовтің «Абай жолын» мұқият оқығандар болмаса, Ақшоқының Абайдың өмірінің ғана емес, шығармашылығының да үлкен бір кезеңі өткен тарихи жер екенін көбі білмейді де, оны қабірстан ретінде ғана танып, Құнанбай мекені деп бағалап келеді.

Ақшоқы – «Абай жолында» жан-жақты суреттелген. Ақшоқының өзі үшке бөлінеді. Үлкен Ақшоқы – Абайдың отау құрып қоныстанған, тарихи мекен болса, Орта Ақшоқы – Абайдың інісі Ысқақтың қонысы, ал Шеткі Ақшоқы – Еңлік пен Кебек жазаға ұшыраған орын.

1860 жылы Құнанбай Ұлжаннан туған үш ұлын – Тәңірбердіні, Абайды және Ысқақты бір мезгілде үйлендіріп, оларға енші беріп бөлек шығарады.

Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов «Абайдың өмір жолы» атты естелігінде Құнанбайдың балаларына айтқан сөзін былай келтіреді: *«Адам өседі, жер өспейді. Малды, жанды салып жүріп алған екі жерде қыстауым бар. Шыңғыстағы Хан өзеніне Құдайберді ие болсын, мына даладағы Жидебай, Борсықбай, Мұсақұл, Бараққа Оспан мен Ысмағұл ие болсын, сендер Ащысу өзенінің жағасындағы Ақшоқы, Тесіпшыққанға көшіңдер. Арты қара-бөктер, адыр алды ойылған көкпек қалың ши, жалпақ шабындық жердің шұрайы. Осы күні оған иеленген ел жоқ. Менің бір қызығып жүрген жерім еді. Ертеңнен қалмай көшіңдер, сендерге берген қыстауым сол, – дейді». Бірақ Тәкежан: «Төрт-бес қыстаулық қара Шыңғысты Күңкенің баласына беріп, Ұлжаннан туған балаларды жапан дала, қалың қарға айдап тастаймын деуі дұрыс емес. Біздің шешеміз күң емес, біз құл емеспіз. Ол қорлыққа мен көнбеймін. Екеуің Ақшоқы мен Тесіпшыққанға барам десеңдер өздерің біл, мен осы түнде көшіп Хан өзенінің бойындағы Қаражұртқа барып қонып, там-қора түзетемін», – деп әке айтқанымен келіспей, Хан тауының бауырына барып қоныстанады. Абай мен Ысқақ әке шешіміне қарсы келмей Ақшоқыға барады. Бір жылдан кейін тұңғыш ұлы Ақылбай осы Үлкен Ақшоқыда дүниеге келеді. Абайдың інісі Ысқақ әулеті 1925 жылға дейін Ақшоқыны мекендеген. Абайдың көп балалары осы Ақшоқыда өмірге келген.*

Абай Ақшоқыға орныққан соң, Ділдә мен Әйгерімге үлкен қыстақ салып беріп, тұрақтап қалады.

Бұл жайында шежіреші Бекен Исабаев былай деп жазған еді:

«Ендігі сөз Үлкен Ақшоқы жайында. Бұл қоныс туралы бізге жеткен мағлұмат ұшан-теңіз. Тегінде Тобықты әулетінің бұл маңға қора-жай салған іргесін алғаш көмген жері осы Үлкен Ақшоқы болып табылады.

Абай Ділдәға 15 жасында үйленген. Сонда: Ақшоқы тауы Абайға 1860 жылдан бастап мекенжай болған болады. Бізше, осы атырапқа салынған қыстау қораның

алғашқысы сол Абай, Ысқақ қорасы болса керек. Қазірде Ақшоқының Құнанбай мен Кәкітай зиратынан жоғары сай түкпірінде сол кезде салынған Абай қорасының ірге тасы жатыр. Сол орында Абай мен Ділдәнің тұңғышы Ақылбай туған. Үлкен Ақшоқыны Ысқақ мекен етеді де, Абай көп ұзамай кіші Ақшоқыға ауысып кетеді. Кіші Ақшоқы үлкен Ақшоқыдан бір шақырымдай ғана таудың батыс шеті. Кіші Ақшоқыдағы қораның ішкі-сыртқы құрылысын Мұхаң «Абай жолы» эпопеясының «Еңісте», «Оқапта» атты тарауларында суреттеген-ді».

Шындығында да Ақшоқыдағы Абайдың сегіз бөлмелі үйі «Абай жолында» да кеңірек суреттелген.

Ақшоқы – Абайдың ғылым, білімді терең меңгерген, «іші – алтын, сырты – күміс» сөз жақсысы өлең жүйесіне дендеп енген, ақындық қуаты шындалған, поэзия әлеміне еркін самғаған қасиетті рухани мекен. Күреске толы өмірдің сан түрлі бұрылыстары мен қиындықтарын көрсе де жеңе білген, алдына қойған мақсат-мүддесіне қол жеткізе алған аяулы қонысы.

Қасиетті мекеннің Абай өмірі мен шығармашылығындағы орны ерекше. *«...Қыстың қалың ортасы болған шақта, Абай Ақшоқыдағы жаңа қыстауында, үнемі кітап соңында болатын. Аңнан Абай қайтып келгеннен бері Баймағамбет қалаға үш рет барып қоржын толтыра кітап апарып, толтыра ала қайтып, Абайдың ендігі ой азығын жиі-жиі ауыстырумен жүр. Абай Әйгерім үйінде отырып, оңашарақ орында кітапқа алаңсыз үңіледі»,* – деп жазады Мұхтар Әуезов өзінің әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясында.

«Ақшоқыда туған өлең, өлең мен ән, сан салалы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп толқып, тарап жатты. Алуан сырлы жаңа сөз Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарады. Бұл атырап, бұл сахара бұрын естімеген сарын есті», – деп жазылғандай Ақшоқыда Абайдың Пушкиннен аудармалары, «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Татьяна сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Онегиннің өлердегі сөзі», «Айттым сәлем, қаламқас», «Қараңғы түнде тау қалқып» тағы да басқа шығармалары дүниеге келіп, жан-жаққа тарап жатады.

Ақшоқы – Абайдың тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына, ғылым-білімді терең меңгеріп, ақындық жолға жолға түсіп, қазақтың Абайынан әлемнің ойшылдарының біріне айналған, олардың қатарына терең мағыналы сөздері мен даналық ойларымен теңесе алатын дәрежеге жеткізген қасиетті мекен. Өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаның түрлі қым-қиғашты өміріне қатысып, жаңа үйлеген жас Абайдан дана Хакімге ауысқан шақтары да осы Ақшоқыда өтеді. Төңірегіне өзінің дарынды ұрпақтарын ғана емес, өнерлі барша жастарды тартып, оларға жол көрсетіп, қазақтың ұлттық ойындарын дамытатын да осы кезең. *«Аздап қолы босағандай болған соң Абайдың алданышы қазақтың ұлт ойыны тоғызқұмалақ, дойбы ойнау. Бұрыннан ойыншы деп атақ алып жүрген Көтібақтан Көрнебай, Мамайдан Смағұл дегендерді шақырып алып ойын әдісін үйретеді. Өзі ғана үйреніп қоймай інісі Ысқақты, ағайыны Ырысалды, Махметжанды, көршісі Текжан, тағы бірнеше жастарды қатыстырып күні-түні бас алмай ойнайды. Бұл ойын бұрынғы елдің ұсақ-өсегі, өтірігінен басқаша бір думан, сауық. Бәсеке жарыс, өнер табарлық мектебі сияқты болып біреуден-біреуге тарайды. Жастардың ынтасын аударады»,* – деп жазады Әрхам Кәкітайұлы өзінің естелігінде.

Турағұл Абайұлы: *«Көбінесе өлеңді қысты күні жазушы еді»,* – дейді әкесі туралы.

Жаз, күз айларында көбіне Абай ауылы жан-жақтан арнайылап келетін қонақтарға толы болып, ақын өзінің төңірегіне өнерлі адамдарды жинақтаған. Таза шығармашылықпен айналысу, білімін көтеру, кітап оқу қыс мезгілдерінде көбірек болған. Ақшоқыда отыз жылдан артық уақытта өмір сүрген кезеңінде Абай жүзден артық өлеңдер мен аудармалар жазды. Классикалық өлеңдері мен поэмалары дүниеге келді. Ақшоқы нағыз поэзия бесігіне айналды.

Жақсы көретін інісі Оспан қайтыс болған соң, Абай әмеңгерлік жолмен оның әйелі Еркежанды алады да, Жидебайға қоныс аударады.

Үшінші тарихи мекен, қазақ поэзиясының Меккесі атанған Жидебай – еліміз үшін қастер тұтар ең киелі мекеннің бірі. Жидебай – Абай өмірінің соңғы он жылы өткен, ұлы

ақынның қаншама шығармалары дүние келген жер болуымен қатар, Хакімнің мәңгілік тыныс тапқан мекені де. Абайдың асыл әжесі Зере мен аяулы анасы Ұлжан, ағасы Құдайберді, данышпан Шәкәрімнің де осы жерде жерленуі тегіннен тегін емес... М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы негізгі тарихи оқиғалар да осы жерде өткен. Көркем шығармада Жидебайдың қорығы мен шұрайлы мекені жан-жақты суреттелген. Естеліктер мен көне көз қариялардың Жидебай туралы әңгімелері де жетерлік.

Жидебайды Құнанбайдың ата қонысы деп айтсақ артық емес. Құнанбай әулетінің де мекендеген қыстауы.

Жидебай дегенде тебіренбес адам болмас. Қасиетті қарт Шыңғыстаудың топырағында жаралып, ауасымен демалып, табиғатынан нәр алған, дарын да, шабыт та, өнер де, тағы да басқа алла жаратқан қасиеттер қонған Абайдың қазіргі қарашаңырағы да Жидебайда емес пе...

Хакім Абайдың 150 жылдық мерейтойы кезінде ескерткіштермен бірге қорғауға алынған 6400 гектар қорық алқабы да өзінің тарихи сипатымен ерекшелене түседі.

Табиғи қорық аумағында және Жидебайдың төңірегінде Абайға, оның әулетіне, ақын өмір кешкен дәуірге қатысты республикалық және жергілікті дәрежедегі тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан.

Олар: Абайдың музей-үйі, «Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені, мешіт, «Құдайберді-Зере-Ұлжан» кешені, Еркежан зираты, Би ата – Кеңгірбай би мазары, Құнанбай құдығы, «Ғабитхан-Шәукімбай» зираты, Махмұт қорасы, Орыс қонысы, Ырыздықбай қорасы, Зұлғарыш қыстауы, Мұсақұл төбесі, Оспан құдығы, Оспан көлі, Шәкәрімнің «Саят қора» экспозициясы, Өртең тауы. Бұл тарихи орындардың әр қайсысының ақын өмірінен алар, шежіреден сыр шертер, тарихтан толғау айтар өз орны бар асыл мұра.

Төртінші, Аралтөбе – Абай мекен қылған қасиетті қоныстардың бірі. Ұлы ақын өмірінің елеулі уақытының біразы осы жерде өткен. Аралтөбені «Әйгерім қыстауы» деп те атайды. Себебі Абай осы мекенде Әйгеріммен тұрып, осында екінші қыстауын салған. Аралтөбеде негізінен қыс мезгілдері тұрған. Аралтөбе туралы М.О. Әуезов «Абай жолында» былай деп суреттейді:

«Қыстауға қонғалы қазіргі қалың қыстың ортасына шейін Абай Аралтөбеде, Әйгерімнің оңаша қыстауында кітап соңында уақыт кешіретін. Ақшоқыда Мағаш, Нұрғаным, Ділдә мекендеген. Абай соңғы жылдары осы Аралтөбеге Әйгерім мен өзіне арнап оңаша қыстау салған. Бұл қыстау Семей қаласына көп кіреберіс. Ақшоқыдан күндік жерде. Семейге де салт атпен жүрген қатты жүріс болса, бір күнде жетіп қонарлық жерде. Аралтөбенің жан-жақ маңайында үш шақырым, бес-алты шақырым, жеті-сегіз шақырым жерлерде көп ел бар. Жақында Ақылбай қыстауы, оның ар жағында әр рулардан шашырап қонған, топталған «көп жатақ» дейтін жатақтардың қыстаулары болатын».

Ақшоқыда Ділдәға арнап үй тұрғызса, сол үлгідегі қыстауды Аралтөбеде Әйгерімге салады.

«Аралтөбеде Абайдың ақындық еңбегінің ең өнімді шағы, шабытқа толы шығармашылық жылдары өткен. Онда Абай кітап оқуға сарыла ұзақ беріліп, Шығыс пен Батыс ойшылдарының, өнер мен ғылым адамдарының еңбектерінен молынан сусындайды. Оның үстіне осындағы Әйгерім қыстауы Шыңғыстағы қалың ел дау-дамайынан қағаберіс қалдырып, көбірек кітап оқуға мүмкіндік беретін.

Аралтөбедегі қыстауда Абай М.Ю. Лермонтов пен И.А. Крыловтың көп шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Көзімнің қарасы» өлеңдерінің әнін шығарған», – деп жазылған «Абай» энциклопедиясында.

Абайдың ең сүйікті дарынды шәкірті Көкбай Жанатайұлының естелігінде де ұстазының Аралтөбеде отырған кездері айтылады.

Бесінші, Абай мекен еткен Шыңғыстау жайлауындағы тарихи жерлер туралы айтуға болады. Олардың ішінен біз тек екі жерге тоқталайық.

Шыңғыстаудағы айрықша жерлердің бірі, Абай шығармашылығындағы айрықша орны бар мекен – Бақанас өзенінің бойындағы Көпбейіт.

Көкбай ақын естелігінде де былай дейді: «1880 жылдан бастап 1886 жылдарға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақытта сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді. «Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды» дегенді менің атымнан айтып еді. Осы хал 1886 жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай аулының ең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы «Бақанас» өзенінің бойы еді».

«Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелетін жайлаудағы тарихи жерлердің ішінде Бала Шақпақтың орны жоғары. Шыңғыстауда Шақпақ тау екеу. Бірі – осы Бала Шақпақ, бауыры-бастау бұлақ; екіншісі – Үлкен Шақпақ осы жерден бес-бес жарым шақырымда. Эпопеяда Шақпақта, әсіресе Бала Шақпақта қаншама оқиғалар баяндалып, Абай өмірі кезеңдерінің көптеген сәттері өткендігі жазылған.

«Өрде» тарауында: «Қызылқайнар тұсында, Жыландыда, Балашақпақта да Байсал ауылымен осы ауылдар ылғи сыбайлас боп, тіресіп келген екен. Күндіз-түн Көтібақ жігіттері Байсал ауылының айналасында болады дейді».

Ұлы ақынның өмірден озған жері де осы – Бала Шақпақ.

Әрхам Кәкітайұлының естелігінде Абайдың Бала Шақпақта қайтыс болғандығы айтылған:

«Сол жылы жонға жайлауға Абайға, Ысқаққа қараған жиырма шақты ауыл түгел көшіп шықты. Жаздай батаоқыр болып, Абай аулы жиыннан босамады. Бала Шақпақ өзеніне барып қонып Мағауияның қырқын өткізуге дайындық жасады. Тобықтымен көрші Керей, семіз Найман елдеріне де хабар берілді. Мағауияның жабдығын Кәкітай мен Турағұл басқарады. Абай мені қойындар деп кіріспеді. Көп адам жиналып қырқын, қатымын беріп тарқаған күні кешке Абай ауырып шықты. Төсектің үстінде басын көтеріп отырып алды. Тамақ ішпеді, жатып ұйықтамады. Өзі сөйлемеді, біреу жағдайын сұраса басын шайқады. Мұндай ауруды бұрын көрмеген ел аң-таң болды, не шара істерін білмеді.

Абайдың осындай ауруға ұшырағанын естіп өзінің бір туған ағасы Тәңірберді келді. Ол есіктен кіре аңырап жылап келді. «Бір анадан төртеу туып едік, екі ініден айырылып едім, енді мен сенің де артыңда қалатын болдым ба», – деп еңіреді. Абай ағасының бетіне қарап отырып: «Ез күнде өледі, ер бір-ақ өледі», – деді.

Басқа сөз айтқан жоқ. Тілі сөйлеуге келмейді деп қойған ел Абайдың әдейі сөйлемейтінін сонда ғана білді. Абай үш күн сол қалыппен басын көтеріп жатпай отырып ескіше жиырма үшінші июнь күні елу тоғыз жасында дүниеден қайтты. Намазына жеті болыс ел шақырылды. Көп адам жиналды».

Қорытындылай айтатын болсақ, ұлыларымыздың туған жерінің киелі тарихын, жан-жақты мәдениетін білгенде ғана еліміздің ертеңін дамытатын жас ұрпақ қалыптасады. Техногенді заманда туған жер тарихын білу өте маңызды. Қазақстанның рухани қасиетті жерлері, киелі географиясы ұғымы негізінде Абай, Шәкәрім, М.Әуезов дүниеге келген өлкедегі ұлыларға қатысты тарихи, киелі топонимикалық жер-су атаулары туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу, оларды нақты анықтап, белгі қою бүгінгі күннің басты талабы.

Әдебиеттер

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. 2005. –296 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. 2005. –336 б.
3. Абай. Энциклопедия. Бас редактор Р.Нұрғалиев. «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы. – Алматы: «Атамұра», 1995. – 720 б.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы «Дәуір», «Жібек жолы». 2014.
5. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
6. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1990. – Бірінші кітап. Абай. – 608 б.
7. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1990. – Екінші кітап. Абай. – 624 б.

8. Оразалин К. Абайдан соң. – Алматы: Жазушы, 1972.
9. Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Алматы: «Информ-Арна», 2010. – 336 б.
10. Абай қорық-мұражайы қорындағы естеліктер // Абай қорық-мұражайы қорындағы естеліктер. I Том. Абай туралы естеліктер. – Семей, Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2015. – 255 б.
11. Абай қорық-мұражайы қорындағы естеліктер // Абай қорық-мұражайы қорындағы естеліктер. II Том. «Мұтылғанның тағдыры. Құрастырушы Ж.Әубәкір. – Семей, Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы, 2015. – 262 б.

SRSTI: 17.09.93

F.A. Gainullina

Alikhan Bokeikhan University
RK, Semey, akhmetovna@mail.ru

ABAI IS THE READER OF THE SEMEY LIBRARY (ON THE QUESTION OF THE POET'S READING SPHERE)

Introduction

In the history of every nation there are especially beloved, memorable places that witness the birth of great names, the beginning of their creative path, the blossoming of talent. For Abai Kunanbaev, such a place was the library opened in the last quarter of the 19th century in Semey in 1883. Mukhtar Auezov repeatedly noted in his novel that Abai loved to visit it, where the poet became acquainted with works of art created by representatives of world classics. [1, 203] Abai's reading sphere was quite extensive for his time.

Studying Abai's reading sphere, researching the aesthetic needs and tastes of the steppe nugget is a particular relevance for native literary studies, will allow us to understand and differently comprehend the process of his formation as a person and a poet, and to determine the sphere of his interests. It also seems significant not only to identify references to the books that Abai read, but also to trace the evolution of his judgments about the authors whose heritage he addressed throughout his life.

The purpose of this article is to identify the features and properties of aesthetic preferences, as well as literary tastes of the steppe poet and his sphere of reading in various periods of his development as a world-class artist.

The method of analyzing the poet's reading sphere is especially relevant in the case of Abai, who himself was an active visitor and reader of the city library and persistently introduced his children and students to reading and knowledge. The author of the article also used: *a descriptive method*, which allowed us to systematize the data available in modern Abai studies on the books that Abai read or translated at different times; *a biographical method*, which was used in studying the characteristics of the relationship between Russian political exiles and the local poet. The author of this work also used methods of *intertextual analysis*.

Before we turn to the books that Abai read avidly, let's look at the history of the Semey library, which in the autumn of 2023 solemnly celebrated its 100th anniversary since its foundation.

The library, which has been named after the great poet since December 1992, does indeed have a long history. [2, 1] The library was opened in 1883 thanks to the great efforts of local patrons – book lovers, as well as revolutionaries, political exiles who by the will of fate found themselves in provincial Semipalatinsk. Abai, as his contemporaries testify, became the most active reader of the Kazakhs who visited the library at that time.

From the library's collections he received not only the best examples of fiction, but also books on philosophy, natural science, history, encyclopedias, dictionaries, and reference books on various fields of science. Collections of encyclopedias and reference books were the first universities for the educator, through them he discovered a new world, became acquainted with new words and concepts.

Thus, among these publications was the “Brockhaus and Efron Encyclopedic Dictionary”, published in St. Petersburg in 1890-1907. “Azбука” and other textbooks, necessary for teaching literacy to both his own children and the children of the villagers, were not ignored.

It was in the library when Abai met the political exile Yevgeny Petrovich Michaelis (1841-1913), a friendship that lasted for many years. Michaelis was known as one of the leaders of the Moscow student unrest, for which he was arrested and then sent into exile. In 1869, he was allowed to serve his sentence in Semipalatinsk [3]. Here Michaelis was appointed as the clerk of the city government.

The governance noticed the young man's abilities, and soon he began working as a special assignment official. Being a man of high moral principles, Michaelis considered it his duty to promote the strengthening of friendly relations between peoples. When the statistical committee appeared in 1878, Evgeny Petrovich was appointed its secretary. In 1886, on the recommendation of E.P. Michaelis, his friend A. Kunanbaev became a member of this committee. The friendship between the poet and Michaelis was a great event in the life of both Abai himself and his Russian comrade.

For many years, the poet saw him almost daily when he came to the city on various business during the winter months. Until the end of his life, the artist would speak of his mentor with great gratitude and reverence. It was Michaelis who more than once advised the young Abai to read this or that new book that had appeared in the library. M. O. Auezov rightly noted in his monograph «Abai Kunanbayev»: «If before meeting Michaelis, Abai read a lot and indiscriminately, then after the comments and recommendations of his friend, he became more disciplined in reading fiction, history, critical literature, books on philosophy, natural science...» [4, 60].

It should be noted that the rare editions collection of the regional library includes books with the personal signatures of their owners - ex-libris, indicating that they were donated from private libraries of city residents. In particular, the annals of the library contain the study of the famous traveler and scientist-geographer N.M. Przhevalsky about his three-year journey to Mongolia «Mongolia and the Country of the Tanguts» (1875). The book marked the beginning of the researching of Central Asia in the second half of the 19th century and enriched the science with new historical and cultural discoveries. Getting acquainted with such books in the library, Abai, of course, experienced an irresistible desire to learn everything new.

In turn, Evgeny Petrovich Mikhaelis, Nifont Ivanovich Dolgoplov (1857-1922) and other young friends of the poet, having received permission from the Semipalatinsk military governor, were frequent guests in Abay's village, were treated with kumys, and had long conversations with the poet. From the memoirs of the poet's son Turagul Kunanbaev and Kakitai Isakov, we learn that Abai, during one of the visits of Russian comrades, introduced N.I. Dolgoplov to an unusual creation of nature - the cave “Konyr Aulie”, which to this day arouses deep interest among both native and foreign researchers.

It is known that N.I. Dolgoplov, like Michaelis, was exiled to the Tobolsk province for participating in political unrest, then to Semipalatinsk. It was here that Abai met this unusual person. Like Michaelis, Dolgoplov played a major role in Abai's life, and gave rise to the poet's enduring interest in European literature, philosophy, and culture. For example, it was from Nifont Ivanovich that Abai received a translation of an interesting work by the American physician and scientist John Draper «The History of the Intellectual Development of Europe». It was from this same person that Abai first learned about the work of G. Longfellow. It should be noted that N. I. Dolgoplov, who had extensive knowledge in the field of medicine, became the prototype of the physician Fyodor Ivanovich Pavlov, who was portrayed with great sympathy in the novel «The Path of Abai». [5, 60].

The enrichment of Abai's knowledge in the field of history and jurisprudence was greatly facilitated by other “politically unreliable” people - S.S. Gross and A.V. Leontyev. S.S. Gross worked on the book «Legal Customs of the Kyrgyz» during his exile and, as Abai scholars believe, he agreed on many difficult issues with Abai [6].

A. Bokeikhanov in the obituary «Abai (Ibrahim) Kunanbaev», written on the occasion of the poet's premature death, particularly emphasizes that «... Abai, perhaps, would have died without showing outstanding poetic talent, if in the 80s he had not experienced a revolution in his views on

the activities of the singer. At that time, Abai met political exiles Mr. Gross, who was collecting materials in the steppe for the brochure «Legal Customs of the Kyrgyz», published under the editorship of Mr. Makovetsky, and Michaelis, who had a huge influence on the education and upbringing of Abai.

Both Mr. Gross and Mr. Michaelis visited Abai in the steppe and introduced him to Russian literature. Thanks to them, Abai became acquainted with Pushkin, Lermontov, Nekrasov, Tolstoy, Turgenev, Saltykov, Dostoevsky, Belinsky, Dobrolyubov, and Pisarev. Until the last minute of his life, Abai remembered Mr. Michaelis with touching gratitude, attributing his education to him, and used to say: «Michaelis opened my eyes...» Subsequently, Abai read Spencer's «Essays», Lewis's «Positive Philosophy», Draper's «The Intellectual Development of Europe», articles from old books by N. G. Chernyshevsky's «Sovremennik», and knew about his fate...» [7, 47]

As for Alexander Viktorovich Leontiev, it is known that he was sent to Semipalatinsk for «communication with persons held in the Petropavlovsk Fortress». [8]

Abai's first meetings with Leontiev, as well as with his closest mentors, including E.P. Michaelis, could have taken place in the city library. A. Leontiev, not without Abai's influence, was going to study the history of the Kazakhs, although this was difficult under the supervision of «political criminals». All of them, as we can see, were united by an increased interest in legal issues. It is known that Abai was a lawyer for many years and was an unrivaled expert on steppe law. The problems of judicial law reform led the friends to conversations and long discussions. It can be stated with confidence that the work «Materials for the Study of Legal Customs of the Kyrgyz» (1886) became a kind of result of their creative communication. And although the official authors of the book were Gross and Leontiev, Abai can undoubtedly be called an authoritative consultant and active co-author of this work. [9]

Relations with exiled friends, it should be noted, were based on spiritual and highly intellectual mutual enrichment. It should be noted that not only Russian friends expanded Abai's sphere of knowledge, but the poet also contributed in every way to their clearer understanding of Turkic history, Muslim culture, local customs, worldview, and beliefs. The memoirs of the American journalist George Kennan, who found himself in Semey in the 1880s, are also of interest. A.V. Leontiev, who accompanied Kennan at that time, told him about Abai, an active visitor to the city library, familiar with the research of Mill, Buckle, and Draper.

In the book «Siberia and Exile», published in 1906, J. Kennan writes with great admiration about Ibrahim Kononbai (Ibrahim Kunanbaev), who deeply studied Darwin and Buckle. The scientist was very surprised to hear from Leontiev: «...I can assure you that when I spoke with him twice, I learned that he had mastered Draper's work "The Intellectual Development of Europe..." well [10, 75]

Despite the fact that Abai read books by European philosophers with rapture, he became more interested in Russian literature in the person of such artists as Pushkin, Lermontov, Saltykov-Shchedrin and others. In the same obituary, A.N. Bokeikhanov notes: «...Abai especially loved the works of Lermontov, from which he loved to make translations; by the way, Abai translated "Duma", «Dagger», «Sail», «Prayer» and others into excellent Kyrgyz verses. Abai translated many of Krylov's fables, finding that fables are most understandable for a Kyrgyz and moral teachings are most useful. Abai translated «Eugene Onegin» into Kyrgyz; «Tatiana's Letter», for which the same translator composed a motif, is especially popular in the steppe.

Abai was an admirer of Tolstoy and Saltykov. He dedicated a special poem to the Kyrgyz children studying in Russian schools, in which, castigating with evil satire the desire of Kyrgyz children to be a bribe-taker - clerk, an underground lawyer, a police official, he suggests them to read L.N. Tolstoy, Shchedrin and strive to be what they were...» [7, 48]

Thus, in the poem «In the boarding school» Abai writes with bitterness:

There is no truth in our children, –

They themselves gravitate towards evil....

For only a few of them, there are

Both Tolstoy and Saltykov...

(translated into Russian by K. Lipskerov) [11, 37]

The great influence of Russian classics on Abai is also evidenced by the fact that, beginning in 1886, the poet began to intensively translate Krylov's fables, Pushkin's and Lermontov's works, making them accessible to his compatriots for the first time. His truly unrivaled translation of Tatyana's letter from Pushkin's «Eugene Onegin» quickly became a widespread song. The people's understanding of the main idea, the comprehension of the characters' inner experiences is proof of the artist's unconditional and original genius, who demonstrated the skill of very subtly and reliably conveying the rich spiritual world and diverse range of characters' feelings.

No less interesting and at the same time difficult to translate were the widely popular fables of I.A. Krylov, because they carried a moral and edifying principle, on the one hand, and the unique flavor of folk thought, on the other. It was important to know well not only the language and realities of Russian life, but also to be able to find a suitable word in the native language. His translations of Krylov's fables are still considered a model for conveying Krylov's moral teachings.

Abay scholars also note his connection with the poetic heritage of M. Yu. Lermontov. Through his translations, the steppe poet introduced the people to the works of Goethe, Byron, Schiller, Mickiewicz. And if in Lermontov's translation (1829), Schiller's poem «Child in the Cradle» (Das Kind in der Wiege) sounded like this:

Happy is the child!
and there is plenty of room in the cradle for him, but
Give him time to become a man –
and the world will seem cramped... [12],

in original:

Das Kind in der Wiege.
Glücklicher Säugling!
Dir ist ein unendlicher Raum noch die Wiege,
Werde Mann, und dir wird eng die unendliche Welt.

thus in the translation of the Kazakh poet it was filled with painful emotions and difficult experiences:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға...

In the translation by K. Lipskerov, who, as we see, sought to be closer to the Abai version, the poem acquired a completely different tone:

A child finds space even in a cradle.
God satisfies us, illuminating our path.
And in old age, in a cramped world, you will want
To hide in a hut, finding peace ... [11, 6]

And Goethe's poem «The Night Song of the Wanderer» in the Russian translation of M.Yu.Lermontov is known as the poem «Mountain Peaks». Kazakh readers know it under the name «Қараңғы түнде тау қалғып...» and is widely spread among the people as a song.

The works read and retold by Abai were also widely distributed: the novel «The Lame Demon» by the French writer Alain-René Lesage, which tells about the peculiarities of European morals of the 17th-18th centuries, and even the novels «The Three Musketeers» and «Henry of Navarre» by Dumas (which Abai read, of course, in Russian translation), poems of medieval Eastern poets «Shah-name», «Leyli and Majnun», «Ker-Ogly» and others.

Despite his noticeable interest in Russian and foreign literature, Abai remained, as Abai scholars believe, a deeply national poet, since he did not lose ties with the culture of his nation.

Thanks to his desire to learn the art of other nations and countries, the poet went through a path of gradual self-education. Friends, students and children of the poet repeatedly claimed that he knew several languages, studied Russian and Western European literature, was aware of the Arab-Persian epic and the spiritual heritage of the classics of the medieval East. Abai himself emphasized the role of the works of the Eastern classics in his development. Thus, in one of his early poems, the poet enthusiastically mentions them:

Shamsi, Saadi, Fizuli
Hafiz, Navoi, Saykhali,
Firdowsi, - to the young poet,
The Greatest, you helped!..

(translated into Russian by A. Gatov) [11.4]

It was these classics of Eastern literature, whose works he became acquainted with in early period of his life, which played a major role in his development as a future poet. Abai did not part with their books even when he left his studies and began public activities. He often quoted from their works. The books of these and other Eastern poets were in his simple luggage when he came home to his village for the summer. And it was these poets that he read being at home...

In addition, Abai carefully studied the works of ancient philosophers. It is no coincidence that in the twenty-seventh word of «The Book of Words» Abai names Socrates, Xenophon, Homer, Sophocles and other scientists and poets who made a great contribution into world science and culture. [11, 288]

Thus, one of the significant universities of «life» for Abai was the library, the collection of which constituted what we call the poet's reading sphere. A modern library, of course, differs from a library of the 19th century. But even today it remains a thread connecting generations.

The list of used literature

1. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1993. – 457 б.
2. Абай кітапханасы сирек басылымдарда. Бірінші кітап / Құраст. Манжибаева Ж.А., Гайнуллина Ф.А. – Астана: Фолиант, 2023
3. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovатели-kraya/972-.html>
4. Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев [Текст]: Статьи и исследования. Под общ. ред. д-ра филол. наук И.Т. Дюсенбаева; АН Каз. ССР. Ин-т литературы и искусства им. М. О. Ауэзова. – Алма-Ата: Наука, 1967. – 389 с.
5. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovатели-kraya/1695-.html>
6. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovатели-kraya/1693-.html>
7. Букейханов А. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Некролог. В кн.: Краеведы 19-20 веков о Восточном Казахстане. Сборник исследований. Сост. Перебеева М.И., Манжибаева Ж.А. – Нур-Султан: Фолиант, 2019. – 528 с.
8. <https://kazpravda.kz/n/svyazana-s-abaem-ne-tolko-imenem/>
9. Матеріали для изученія юридическихъ обычаевъ киргизовъ [Электронный ресурс]. Вып. 1. Матеріальное право / Семипалатинскій областной статистическій комитетъ; сост. П.Е. Маковецкий. – Омскъ: Типография окружного штаба, 1886. – 88 с.
10. Кеннан Дж. Сибирь и ссылка: В двух частях / пер. с англ. И.Н. Кашинцева, – С.-Петербург, 1906, – С.26
11. Абай Кунанбаев Избранное (перевод с казахского) Под общей редакцией Л. Соболева.- С предисловием Мухтара Ауэзова ОГИЗ ГИХЛ, М., 1945, – С.319
12. Лермонтов М.Ю. Полное собрание стихотворений в 2 томах. – Л.: Советский писатель. Ленинградское отделение, 1989. – Т. 1. Стихотворения и драмы. 1828-1836. – С. 95.

Ш.С. Ақтанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ., aktanova_sholpan@mail.ru

**М. ӘУЕЗОВТІҢ «КӨКСЕРЕК» ӘНГІМЕСІНДЕГІ
АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ КОНЦЕПТІСІ**

Әдебиет – өмірлік білімнің қазынасы ретінде өз оқырмандарының дүниетанымы мен мәдениетін қалыптастырудың қайнар көзі. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан адамзат қоғамының даму, өсу, өркендеу, жойылу, құлдырау тарихын бейнелейді. Алдымен ол ұлттық мәдениеттің негізгі белгілерін танытады, себебі кез келген көркем туынды – белгілі бір халықтың ұлттық әдебиетінің туындылары болып келеді. Жалпыадамзаттық мәдениетті жер бетіндегі бүкіл халық бірлесе отырып жасайды, сонымен қатар әр халықтың дүниежүзілік әдебиетке қосқан үлесі әр түрлі болуы мүмкін екендігі даусыз. Алайда, бұл сөзіміз кез-келген ұлттың рухани байлығын төмендетпейді. Себебі, кез келген ұлттық әдебиет тек өзінің ұлттық бірегейлігін таныта отырып, әлем әдебиетіне өз үлесін қосады. Әлем әдебиеті болса барлық халықтардың әдебиетінің диалектикалық бірлігінің тоғысқан тұтас бейнесі болады. Барлық ұлттық әдебиет жалпыға бірдей, ортақ көркемдік үрдістен жеке дамымайды. Кез келген ұлттық әдебиет жалпы тұтас бір әдеби арнаға кірігеді, олар өздеріне ғана тән ерекше белгілермен қатар бір-біріне ұқсайтын типологиялық ортақтық құрады.

Көркем шығарма қай дәуірде қандай ортада жазылса да оның ең басты нысаны адам және сол адамның болмысы туралы болатыны белгілі. Шығармада бейнеленген заманның тынысын, дәуірдің ерекшелігін тануда әдебиеттанулық талдауларға қосымша сол заманның шындығын анықтау барысында сол уақыттың тарихилық концептісімен қатар алып саралау қажет болады.

М. Әуезовтің табиғат пен адамның көркем бейнесінің ерекше айқын көрінетін әңгімелерінің бірі және зерттеушілердің назарына жиі түсіп, мол талданғаны «Көксерек» әңгімесі. Шығарма сюжеті мен негізгі оқиғаларынан көпшілік хабардар болғандықтан оларға арнайы тоқталып жатпай нақтылы адам мен табиғат қарым-қатынасын білдіретін тұстарына тоқталып, зерттеуге нысана еткен концептілік аяда қарастырғанды жөн деп санаймыз.

Шығармада табиғат пен адам бір-біріне қарсы келіп, көз түйістіргендей сәттер бар. Табиғаттың төл перзенттері кең далада кездесіп өзара күш сынасып, өздерінің рухтарын, болмыстарын көрсетеді. Адамға тән, табиғаттан барын қалауынша алуға, еркін болуға үйренген қасиет пен қасқырға тән еркіндік, табиғатпен үндесе өмір сүру сияқты ұғымдар бір-біріне қайшы келіп, драмалық тартыстың негізін тудырады.

Қасқырдың бөлтірігі Көксеректің көзімен көрініп, адамдарға тағының көзімен берілген бағаны көреміз. Құрмашқа көзін ашпаған қасқырдың күшігін әкеліп берген күннен бастап ол оны бар жан-тәнімен жақсы көрді. Бірақ ол Көксеректі адамша жақсы көрді. Адам сияқты қарады. Тіпті оқырмандар да қасқырдың әңгіме соңындағы әрекетіне баға бергенде оған өзіне қас болған адам сияқты қарады. Бұл М. Әуезов көрсеткен нағыз адам болмысы еді. Себебі табиғатпен байланысты адамдар көп жағдайда өзінің жағынан қарап, өзіне ыңғайлы ұстанымда болады.

Әңгімеде «қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды» деген сөз оралымының тура мағынасы көрінгендей болғанымен бұл жерде автордың адам мен табиғат байланысының философиялық концептісін анықтауға болады.

Шығармадағы концептілік категориялар әңгімедегі әр сюжет эпизодтары арқылы көрініп, жалпы шығарманың идеясын ашуға қызмет етеді. Жалпы әңгіме оқиғасының басталуындағы сюжет эпизодтарына 1-кестеде талдау жасалды.

Кесте 1 – Концепт түрлері

Эпизодтар	Макро концепт	Микро концепт
Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат- қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған, тобылғы басқан. Сай бойында май айының салқын лебі еседі. ...Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар.	Табиғат. Көктем мезгілі.	қарағанды сай, қабат-қабат шұбар адырлар, аласа боз қараған, тобылғы, қаптай басқан қараған, итмұрынды қалың жыныс
Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді. Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, бауырын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.	Адам.	жат иіс, дабырлаған дауыстар, мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды, ағаштар сарт-сарт түсіп жатты, екі аяқтылар, көргіш көздер.
	Табиғат / Қасқырлар	жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, бірі үстіне бірі үйіліп бауырын көтеріп қыбырлай алмай
Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...	Адам. Табиғат.	мықты тұсаулар, жеті күшік, бесеуін, көздеріне қарап отырып өлтірді, екі кішкенесін, тірсегін қиып, ең кенжесін алып, жалғыз күшікті, қаңырап қалды
Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді. Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды.	Табиғат.	ел, күндіз-түні, у-шу болып, тұтқын, ауыл тұрғыны

Бірінші эпизодта автор табиғаттың мамыражай бейнесін ондағы ағаштар мен шөптердің, айналадағы басқа да табиғат сурттерімен тыныштық қалпында, бейбіт сипатта бейнелейді. Әңгіме басындағы «қарағанды сай, қабат-қабат шұбар адырлар, аласа боз қараған, тобылғы, қаптай басқан қараған, итмұрынды қалың жыныс» деген микро концептілер қасқырлар мекенінің адам көзінен таса, қалың бұталар арасында екенін білдіреді. Яғни, қасқырлар бастапқыда адамға зиянсыз өз ұрпағын өсіріп жатқанынан хабардар етеді.

Екінші эпизодта бағанағы табиғат тыныштығын бұзып адамдар келеді. «Адам» макро концептісін автор қасқырлар жақтан қарап: «жат иіс, дабырлаған дауыстар, мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды, ағаштар сарт-сарт түсіп жатты, екі

аяқтылар, көргіш көздер» деген сөздермен береді. Адамның нақтылы портреті де бейнесі де жоқ. Тек адамды жыртықшы анның көзімен бағалап сипаттау бар. Бұлай сипаттап беру арқылы М. Әуезовтің авторлық ұстанымы аңдар жағында екенін байқауға болады. Яғни автор идеясының бастапқы композициялық жүйесі осы арадан көрінеді. Макро концептілер автор идеясын ашуға, оқырмандарына ой салуға қызмет етеді.

Үшінші эпизодта адам мен табиғат алғаш рет тартысқа түседі. Бірақ бұл тартыста қасқырлар жеңіліп, адам жеңіске жеткендей әсер беріледі. Автор бұл ойды: «мықты тұсаулар, жеті күшік, бесеуін, көздеріне қарап отырып өлтірді, екі кішкенесін, тірсегін қиып, ең кенжесін алып, жалғыз күшікті, қаңырап қалды» деген микро концептілер арқылы береді. Адамдардың қатыгез сипаты кішкентай күшіктерді аяусыз өлтіргендерінен көрінеді.

Төртінші эпизодта табиғаттан адамдардың әркетіне жауап келеді. Оны автор: «Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді», – деген сөйлемдермен қысқа ғана бере отырып «ел күндіз-түні у-шу болып, тұтқын, ауыл тұрғыны» микро концептілер арқылы аша түседі. Мұндағы «көк күшікке» қатысты «тұтқын», «ауыл тұрғыны» деген сөздер болашақта оқырманның Көксерекке адам сияқты қарауына әкеледі. Автор табиғат концептісін адамдардың қоғамдық ой-санасымен ұштастырады. Адам табиғатты меңгеріп, оны өзіне бағындырғысы келетінін көрсетеді. Бірақ табиғаттан шыққан адамның оны бағындыруы мүмкін емес екенін автор шығарманың Көксеректің қатыгез мінезін суреттеген тұстарында көрсетеді.

Адамдар алғашқы эпизодтарда жасаған өздерінің қателіктері мен қатыгездіктері үшін жазаларын алады. Бірақ бір өкініштісі бұл жазаны адамдардың ең әлсіз, күші жоқ тобынан, балалар тобынан Құрмаш жауапты болып шығады. Автор бұл арқылы табиғаттың қандай әрекетте де әділ екенін көрсетеді. Қасқырдың бес бөлтірігінің өшін ауылға «тұтқын болып келіп», «тұрақты тұрғынына» айналған Көксерек алады. М. Әуезов классикалық ойлау жүйесін меңгерген талантты жазушы ретінде табиғат пен адам арасындағы бұл тартыста соңында адам жеңілгенін көрсетеді деп ойлаймыз. Осы арқылы автор адам жанының рухани экологиясы мәселесіне де назар аудартып, адамның табиғатта еркін өмір сүруі үшін, онымен үндестік табуы керек екенін оқырмандарына ой сала отырып бейнелеген.

«Көксерек» әңгімесінің табиғат пен адам концептілері туралы мәңгілік тақырыпты қозғағанын сюжетіндегі әр эпизодты талдау арқылы көз жеткізуге болады.

«Көксерек өсе келе, адам емес қасқырдың табиғаты жеңіп, өзі тектестерінің үйіріне қосылады. Енді өзін күшік кезінен өсірген ауылға маза бермей, ауылдың малына тиіседі». Көксеректің жыртықшытық мінезі қаталдық пен ызаға толы етіп беріледі. Автор мұны ұтымды шағын концептілік детальдар көмегімен жеткізеді. Мысалы: «Бұның жауабы – езуін ғана ыржитады», «Онда да жүгіріп келмей, құйрығын селектетіп, бүкеңдеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді», «Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді» деген сөйлемдерде Көксеректің мінез ерекшелігі мен тағылық қасиеті айқын көрінеді.

Қара ала төбетпен болған айқасты да автор әр деталіне дейін суреттеп береді. «Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақ шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап басып алды. Қасқырдың екеуінің де жоталары дүңкиіп, жон жүндері үрпиіп алған. Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар бұрқ-бұрқ борайды. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады. Аяқтап келгенде екі санды екеуі ортасынан дар айырып жұлып-жұлып әкетісті. Аздан соң қара аланың қара табандары мен құйрығы ғана қалды. Одан басқа әр жерде шашылған жүндер ғана жатыр», – деген картинада табиғаттың төл перзенті Көксеректің бойындағы алапат күш пен қатыгездік барын көрсетеді. Ол қатыгездік немен келді дегенде, адамдар арасына тұтқын болып келген күнәсіз бөлтіріктің тағылық жыртықшылығына адамдық жыртықшытық қосылды. Осындай сюжет ақын О. Сүлейменовтің «Қасқырдың бөлтіріктері» деген өлеңінде де кездеседі. Мысалы:

Көкжал дәурен өтті бастан Өттеген!
Қанмен бірге күшіктердің бойына
Сіңе берді ашу-ыза, кек деген.
Әлгі кісі кезіп жүрген қиянды
Қас жауы екен қасқырлардың зиянды.
Бірақ та ол анасынан айырылған

Жетімдерді өлтіруге ұялды, – деген жолдардағы қасқырдың бөлтіріктеріне анасының қанымен сіңіп жатқан кек, ыза Көксеректің бойында да бар еді.

«Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ыр» етіп кішкене күйікті күшікті тістеп суырып шықты. Бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап берген еді, Көксерек сонда да тоқтамай көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады», - деген үзіндіде оның тасбауыр, ешкімге жаны ашымас болып өскенін көрсетеді [1. 95]. М. Әуезовтің «Көксерегі» атақты жазушы Джек Лондонның шығармаларымен тақырып жағынан үндес. Бұл кездейсоқ ұқсастық емес. Бірақ тақырып болмаса, өзге жағынан қазақ жазушысының Джек Лондонның «Ақ азуына» ұқсамайды. Көксерек сюжеттік желісі өзгеше айтары да басқа. М. Әуезов шығарманың соңында Құрмаштың әжесінің Көксерекке берген үкімін адамдардың барлық өзіне қарсы келгендерге жасайтын шешімі деп айтуға болады. «Ес жиған соң, жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп:

«Қураған-ай, неңді алып ем?! Не жазып едім?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?! – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті», – деген жолдар табиғат пен адам қақтығысында адамның жеңілгенін көрсетеді. Себебі әженің өлген қасқырдың басынан тебуі сүйікті немересін өлтірген қасқырдан өш алуы емес, шарасыздығы еді.

Ғалым Р.Нұрғали: «Әуезовтің «Көксерегі» реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтердің шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен жаңғырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған. Бейнелеп отырған болмыстың қыр-сырларын бажайлай таныған суреткер жады ежіктеуден, мыжыма тәптіштеуден бойын аулақ салып, жинақылыққа, тамшы арқылы көл суретін, тас арқылы тау кеспірін елестетуді эстетикалық мұрат тұтқан. Бұл образ табиғатына сандық белгіден гөрі сапалық ерекшелік хас екендігін айқындап, әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа кіндіктестігін тағы да тиянақтай түседі», – деп бағалайды [2]. Жазушының бұл әңгімесіне байланысты да жасалған талдаулар әр түрлі. Бір зерттеулерде қасқырдың қасқырлығы туралы ғана айтылып, оқиғанын беткі жағына үңілсе, енді бір зерттеулерде оның астарлы мағына іздейді. Біздің де мақсатымыз адамның саналы тіршілік иесі ретіндегі әрекетіне жазушының жеке көзқарасын тауып, оның мәнін концептілік ұғымдар арқылы ашу және әңгіменің идесына жаңаша баға беру болады.

Р. Нұрғали байқаған эстетикалық мұрат пен адам жандүниесіндегі өмірге деген құштарлық Құрмаштың емес, керісінше Көксеректің бойыннан көрінетіндей. Ол қатыгез деп бағаласақ та, оның сол қатыгездігінің шыққан тегіне үңіле білу де маңызды. Бұл жөнінде белгілі әуезовтанушы, ғалым Б. Майтанов: «Ұлы жанды Мұхтар Әуезов, отыздың о жақ, бер жағында көктен түскендей ғажайып талант жалынан жалтармай ұстаған бақытты суреткер, зәредей әнтек әрекетке бармайды. Қасқырдың да, иттің де, адамның да ішкі дүниесін ақтарып – сапыру жоқ. Шынайылыққа кірбің келтіретін шақтарға есік жабық. Алайда әңгімеде шектеулі мөлшерге сыймайтын әр тарапты психология заңдылықтары үнсіз сөйлеп тұрғандай. «Көксеректі» әлем әдебиетінің антологиясына кіргізетін, камырдан қыл тартқандай қалам құдіреті, шеберлік осындай-ақ болар!», - деп тамсанады [3]. Шынымен де, жазушының негізгі идеясын әр оқырманның, әр зерттеушінің өз көзқарасы мен дүниетанымы тұрғысынан түсінуі де Б. Майтанов байқаған М. Әуезовтің «ұлы жандылығы» деуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Әуезов М.О. Қилы заман: хикаяттар және әңгімелер. – Астана: Фолиант, 2023. – 352 б.
- 2 Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. – Алматы: Санат, 1997. – 221 б.
- 3 Майтанов Б. Қасқыр және әлем заңдылығы // Жұлдыз, – 2001, №1. – Б. 143-149.

FTAMP: 17.01.09

С.А. Мұқатаева

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., mukataieva81@mail.ru

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған философиялық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ойшыл-ақынның шығармашылығының өзегіне айналды. Абай үндеуінің философиялық мәні – адамның өмірдегі міндеті мен рөлін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында ақыл-ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы.

Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының аясында қарастырады. Осыдан келіп адамның әлеуметтік белсенділігі, шығармашылық мүмкінділігінің шексіздігі туралы идея туады. Ал Адам – өз тағдырының қожасы және құрушысы. Адам тіршілігінің бірегейлігі, жердегі тіршілігінің құндылығы әр адам жанының қайталанбас сонылығы идеялары – Абай тұжырымдамасындағы негізгі идеялар. Өз шығармаларында ол адамға мейірбандық көрсету, сұлулыққа ұмтылу – жоғары имандылық қасиетінің белгісі, көрінісі деп айтудан жалықпайды.

Адамдардың әр түрлілігі жайлы айта келіп, Абай әр адамның өмірде өз орнын табуының маңыздылығын атап көрсетеді. Адамның өз орнын, өзін табуына жол сілтеу, бағыт беру – ағартушының, бұқараны тәрбиелеушінің бірінші міндеті осы деп біледі. Осыдан келіп «Адам бол!» деген Абай философиясының негізгі принципінің мағынасы мен мәні ашыла түседі: әр адам өзінің шығармашылық мүмкінділігін іске асырып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс.

Шығармаларының басым көпшілігінде өмір, өмірдегі адамның орны, оның мақсаты, мұң-мұқтажы туралы ой шертіледі. Ендеше, философияның өзекті мәселелері Абай шығармаларында кеңінен талқыланады деуге болады.

«Абайға келгенде, ... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль, философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әр сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік, мәселесіне тіреледі» [1, 171] , – деп жазады абайтанушы, кемеңгер жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Абайдың мораль философиясына қатысы туралы абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: «Абай шығармаларындағы мораль философиясы туралы ойларының желісін сөз еткенде М. Әуезов оларды өзі атап көрсеткен нравственная личность мәселесімен тікелей бірлікте, байланыста қарастырған. М.Әуезов Абайдың дінге, адамгершілікке байланысты танымын, негізінен, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі пікірлерге сүйене отырып ашқанда, Абайдағы дін, тәрбие адамшылық, мораль философиясы жайлы ойлары желісіне, 12, 13, 27, 28, 35, 36, 38, 43, 45-қарасөздеріндегі ой төркініне де үнемі сүйеніп отырады. Осы атаған қарасөздерді талдау үстінде Абайдың діни нанымына байланысты ойларын айтқанда оның түйіні, негізі ақын шығармаларында молырақ уағыздалатын танымы, көбінесе адамгершілікке тірелетінін баса көрсетеді», - дейді. [2, 229-230].

Бұл пікірді мақұлдамау қиын, өйткені адам мәселесі және оның қоршаған дүниеге қатынасы, өмірінің мәні философияның жалпы өзегін құрайтыны, оның басты зерттеу нысаны болып табылатыны ежелден белгілі жәйт. Абай үшін негізгі мәселе – адам мәселесі,

ол және де кең ұғымда алынған. Дәлірек айтсақ, философиялық мәселенің бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас этикалық, эстетикалық, әлеуметтік және басқа қырлары болғандықтан адам мәселесіне Абай жүйелілік тұрғысынан келеді.

Абайдың адамды түсінуі оның философиялық көзқарастарынан ажыратып алғысыз дей тұрсақ та, ойшыл адам мәселесінің философиялық қырына өзінің негізгі назарын аударды деп айта аламыз, оның бүкіл шығармашылығының өн бойы «толық адам» – өз мәніндегі, иманды, үндестікке толы адам туралы терең ой-толғамдарға толы, ал оның басты мақсаты – Адам болу үшін неге жақын, неден қашық жүру керек екендігін үйрету, жақсылық пен жамандықтың ақиқаттық болмысын ашып беру еді. Абай өз рулас ағайындарына, қазаққа арнап, былай деген: «Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «ой, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?» [3, 120].

2020 жылдың 9 қаңтарында Мемлекет басшысы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялады. Оның «Жаңа қоғамның жанашыры» бөлімінде: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» [4].

Ал, 2020 жылдың 15 қазанында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Семей қаласындағы жұмыс сапарында абайтанушы ғалымдармен кездесу барысында жұртшылықты құттықтау сөзінде: «Абай дүниетанымы бір ғана халықтың шеңберіне сыймайды, данышпан ақынның рухани мұрасы бүкіләлемдік мәдениетке қосылған алтын қор. Ұлы ақынның мұрасы – тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Абай әлемінің бар құдыретін, болмыс-құпиясын төрткүл дүниеге барынша жан-жақты таныту, сол арқылы халқымыздың мәдениетін, ұлттық ерекшеліктері мен рухани жетістіктерін әлемге әйгілеу – біздің негізгі міндетіміз болуы қажет», – деді [5].

Абайдың философиялық тұжырымдамаларында «еңбек» ұғымының айрықша орны бар, өйткені қазақтың ойшыл-ақынының еңбектің адам өміріндегі мәні туралы айтылмайтын шығармасы жоқ деп айта аламыз. Еңбек әрекетін Абай адамның рухани, ақыл-ойының қалыптасуының негізі деп есептеді: «Ақыл, ғылым – бұлар кәсиби» [3, 150]. Ол сонымен қатар, еңбек адам жанын түлетеді, ал еңбектен алыс жүретін жалқауларда жаман әдеттерге бейімділіктер көп кездесетінін келтіреді. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады», – деп жазады ол «Ғақлиясында» [3, 142].

Еңбек, халық атына еңбек ету – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің өлшемі, ең жоғарғы игілікті іс деп сенеді ойшыл. Халыққа қызмет ету идеясы, өз мүддесінен халық мүддесінің басымдылығы Абай шығармашылығының арқауы болып өтті.

Адамның қалыптасу процесінде тәрбиенің, қоршаған ортаның рөліне үлкен мән бере отырып, Абай өзін-өзі тәрбиелеумен айналысудың қажеттілігі туралы ойды баса айтады. Адам өз-өзіне басқаша көзбен қарауға, өзіндік талдау, өзіндік баға беру, өзіндік бақылау қажеттілігі туралы есте сақтауға тиіс. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» – деген тоқтамға келеді қазақ ойшылы [3, 103].

Абайда адамды қандай да бір әрекеттер жасауға итермелейтін қажеттіліктерді қанағаттандырудан туады. Бірақ қажеттіліктерді қанағаттандырудың да шегі бар, оның өз мөлшері бар деп есептейді ойшыл: «әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс... Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар» [3, 152]. Бірақ мөлшерді қалай білеміз? Ұлтты сезіну,

арлылық адамды парасаттылық пен асып-таспаудың жолында ұстап тұрады дегенге тоқталады.

Абай «Ғақлияның» отыз алтыншы сөзінде осы ұғымды толық талдай келіп: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы...» [3, 122], – дейді. «Ғақлияның» он төртінші сөзінде қазақ ойшылы былайша ой қорытады: «ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» [3, 102].

Абай ғұмыр бойына адамдық идеяларын ұсынды, ол адамды шыққан тегіне, қоғамдағы дәрежесіне, ақсүйектігі мен байлығына қарап бағаламауға; адамның адамдарға жасаған жақсылығына, оны рухани дүниесіне қарап бағалауға үндеді, рухани қасиеттер – адам өміріндегі басты нәрсе деп есептеді. Нұрлы ақыл мен ойлы жүрек адамды бастап жүруге тиіс, сонда ғана оның еңбегі мағыналы, ауқаттылығы орынды. Ол адамның ішкі әлемі әрқашан даму үстінде болатынын байқап, өзінің негізгі философиялық принципі «Адам бол!» дегенді имандылықтың жетілуі тұрғысынан түсінді.

Басқа да ағартушылар секілді Абай да қоғамның жақсаруына имандылықты жетілдіру жолымен қол жеткізуге болады деп, ал оның жоғарғы міндетін халық игілігіне жарауға ұмтылу деп білді.

Абайтанудың негізін салушы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Абай – қазақ халқының ұлы классик ақыны, үлкен ойшылы, зор әлеумет қайраткері. Сол үшін оны халқымыз сүйеді де, құрмет етеді, оның атағын мақтан етеді...», – дейді [10, 44 б.]. Хакім Абай өзінің аса дарындылығы, ой-өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны біржақты бағалауға, бір бояумен көрсету мүмкін емес. Дүние туралы пікіріне келсек, деизмге жақын деуге болады. Сыртқы дүниенің қисынды тұтастығын, өмір сүретіндігін қуаттайды. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде адам «... Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» [3, 150], – дейді.

Ұлы ақын қазақ халқының шырғалаңнан құтылар жолы – білім игеру, кәсіпті дамыту, аянбай еңбек ету деп біледі. Әсіресе, еңбекті дәріптейді:

Еңбек етсең ерінбей

Тояды қарның, тіленбей...

немесе,

Бақпен асқан патшадан,

Мимен асқан қара артық.

Сақалан сатқан кәріден,

Еңбегін сатқан бала артық [3,123], – деген сөздерде қанша философиялық тұжырым, ой жатыр! Аянбай еңбек етудің арқасында ғана адам дұрыс тұрмыс құра алады, ағайын-туысқа шапағаты тиіп, құрметке бөленеді деп тұжырымдайды.

Абай қазақтың әрбір ұлы, қызының еркі, бостандығы үшін, ой-санасын жетілдіру, ержеткізу үшін күресті. Оларды халқын сүюге, халқы үшін, адам баласы үшін қызмет етуге шақырды, адамгершілікті баулыды.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Осыны біл. Талап қыл, өнер, кәсіп ізде.

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме.

Қызық келсе, қызығып, оған да ерме,

Жүрегіне сүңгі де, түбін кез де,

Бұдан тапқан шын асыл, тастай көрме, – деп ақыл айтып, қайрап, жігерлендіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру туралы, мұның стратегиялық маңызы бар міндет, кезек күттірмейтін мәселе екенін айта келе, «Ұлтымыз бен жұртымыздың жаңа болмысын қалыптастыру үшін бізге Абайдан асқан ақылшы жоқ. Осынау жолда ақын мұрасын зерделеу арқылы әрекет етсек, берекет табатынымыз анық. Біз іздеген барлық сұрақтың жауабы хакім Абайдың өлмес

өлеңінде, салиқалы сөзінде тұр. Ұлы ойшылдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиеті – соның айқын дәлелі. Абай аңсаған қоғам – ойы озық, санасы сергек «толық адамның» толыққанды қоғамы. «Толық адам» дегеніміз – бұл сол замандағы инновациялық философия үрдісі. Турасын айтсақ, Абай өз заманынан озып шықты деген сөз. Себебі орыс тілінде «Цельная натура» я болмаса ағылшын тілінде «A person of integrity» деген түсініктер әлдеқайда кеш пайда болды. Біз акын мұрасына және зиялылардың әлеуетіне сүйеніп, осындай қоғам орнатуымыз керек. Ол қоғамның ұлттық идеясы білім мен ілімге жетелейтін ағартушылық ұстаным болуға тиіс», – деген еді Президент.

Қорыта келе, Абайдың «толық адам» ілімінің пайда болуы қазақ қоғамының дамуы барысында қалыптасқан, ұзаққа созылған дағдарыстан шығу жолын қарастырудың аса қажеттілігі нәтижесінде туған заңды құбылыс екенін ескеру қажет. Абайдың философиялық ой-толғауларына шолу жасау барысында көп ауыртпалық пен қиындықты басынан кешірген, бірақ бұл қиындықтарға мойымаған қазақ халқының даналығына тағы бір рет көзіміз жетеді. Ізгі өнегелерін сақтаған халық мәңгі жасайды деген анық, әрі дана пікірді мойындаймыз.

Әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 15-том: Мақалалар, зерттеулер пьесалар. 1937-1940. – 392 б.
2. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Қазақ ССР-нің «Ғылым баспасы», 1982, – 290 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II-том. – Алматы, Жазушы, 2005. – 336 б.
4. 9 қаңтар 2020. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы // <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>
5. 15 қазан 2020. Қасым-Жомарт Тоқаев абайтанушы ғалымдармен кездесті. Семей қаласы // https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kasym-zhomart-tokaev-abaitanushy-galymdarmen-kezdosti
6. Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 27-том: Мақалалар, зерттеулер пьеса. 1943-1946. – 448 б.

FTAMP: 17.01.09

М.А. Елубаева

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., meiramgulelubaeva@mail.ru

АБАЙ БЕЙНЕСІ - БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ

«Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артар. Бірінші ақынымыз деп қадірлі халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар».

Міржақып Дулатов

Алаш ардақтыларының бірі Міржақып Дулатов айтқандай жылдан-жылға Хакімге деген құрметіміз де артып, Абайтанудың да көкжиегі кеңейе бермек. Абай мұрасы әлдеқашан әлемдік құндылықтар қатарына еніп, туындылары әлемнің 160 тіліне аударылып талай жұрттың игілігіне айналғаны біз үшін үлкен мәртебе, зор мерей.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп Хакім Абай құдды өзі туралы айтып кеткендей» Өз заманы ғана емес күллі әлемде өмір бойы өзекті

болатын тақырыптарды көтерген аяулы ақынның асыл мұрасы халқына ғана емес, төрткүл дүниеге мәшһүр.

Рухани әлемімізді кеңейтіп, мәдениет пен өнеріміздің даму жолында бейнелеу өнерінің алатын орны-үлкен. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, еліміздің тарихын, Ұлы тұлғаларымыздың бейнесін кейіптеп бейнелеп ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап жүрген қылқалам шеберлері, мүсіншілер, колөнер шеберлері Ұлы Абайдың кескін-келбетін бейнелеу өнерінде нақты қалыптастырды деп ойлаймыз.

Биыл 180 жылдығы барлық жерде аталып өтіп жатқан Абай мұрасын бізде жан-жақты насихаттаудамыз.

Ұлы ақын және ағартушы, Абайдың бейнесін тұлға ретінде әр түрлі уақыт кезеңдерінде көптеген көрнекті суретшілер өз шығармаларына арқау етті.

Ұлы Абайдың сан қырлы рухани әлемі біздің асыл қазынамыз. Осындай қымбат құндылықты насихаттау біздің қасиетті парызымыз, бұдан біз еш ұтылмайтынымыз анық. Өйткені Абай мұрасы біз үшін қайта-қайта айналып соғатын мәңгілік мирас, қастерлі қазына.

Абайдың бейнесі әр түрлі техникада жасалған. Мысалы, кенепке майлы бояулар, қағазда линогравюра техникасында және мүсін арқылы көруге болады. Бүгінгі таңда ұлы Абайды және ақын шығармашылығын бейнелеу өнері арқылы жұртшылыққа жеткізуге тырысқан суретшілер Абай мен оның шығармашылығы тақырыбына жүгінді, біздің музей қорында ақын бейнесі кескіндеме, графика, мүсін өнерінде сақталған.

Біздің, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде Абай бейнесі сомдалған Татарстандық, Қазақстандық және Қарағандылық суретшілердің қолдарынан шыққан бірнеше туындылар бар, сол шығармаларға тоқталар болсам. Ұлы Абай образы әр түрлі жанрда бейнеленген.

Ұлы Абайдың тұлғасын суретшілер терең түсіне, түйсіне отырып суретпен нақты жеткізе білді.



РСФСР Халық суретшісі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген суретшісі, Ол Қазақстанда 1941-1956 жылдары жұмыс жасаған, кескіндемеші, график-суретші, фотограф Урманче Баки Идрисович (1897-1990), киіз үйде Абай бейнесін сомдаған «Абай үйде жұмыс үстінде» 1946 жылы, Кенепте, майлы бояу техникасында орындалған. Суретші киіз үйде дөңгелек қазақы үстел басында жұмыс жасап отырған Абай бейнесін бейнелеген, ақынның алдында бірнеше кітаптар, қолында қаламы, сурет ұстамды, ауқымды боялған. Абайдың басында тақия, дөңгелек беті, мұрты мен сақалы қысқа да жинақы. Иығына шапанын жамылған терең ойға шомып, әлдебір алыстарға ой жүгіртіп, болашақты болжап отырма дерсің.

Баки Урманченің бұл жұмысында суретші стилінің кейбір ерекшеліктерін көруге болады, олар:

Суретші ақынның ішкі жан дүниесін дәл беру үшін, ақынның жан тебіренісін, ой-толғауын дәл беруге тырысқан. Мұнда Абайдың бейнесінде шығармашылық зейін, ойлылық пен ой толғау көрсетілген. Интерьер мен пейзажды біріктіру арқылы, суретші әр түрлі жарық эффектілерін пайдалануға мүмкіндік алған. Алыстан шуақ шашып тұрған күн сәулесі картинаға ерекшелік беріп тұр. Суретте қою жасыл, сұр, қара, бозғылт қызғылт түстер қолданылған. Осы түстер арқылы суретші кейіпкердің аумалы-төкпелі заманда өмір сүргенін, әрі оның көңіл-күйі мен жан тебіренісін көрсеткен.

Қалың елім-Қазағым..... деп жырлаған Абайдың, елі үшін тебіреніп, жаны жай таппай отырғанын үстел үстінде шашылып жатқан кітаптар мен ойға шомып отырған кейпінен де көруге болады.



Осипенко Андрей Иванович (1927-2009) Қарағандылық суретші, кесіндемеші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі. Музей қорында 1994 жылы кесіндеме техникасында орындалған «Абай ағартушы», «Абай ақын», Абай ойшыл» деп аталатын триптих туындысы бар. Бұл туындыда суретші қазақтың ұлы ақыны, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы бейнесін бере білген. Абай образын үлкен даналықпен суреттеп, психологиялық иірімі мол, бояуы қанық, ақын жүзінде ерекше салмақтылықпен бірге, оның ақыл-ойы мен ерік-жігерін ажыратуға тырысты.



Келесі туынды Қарағандылық суретші Вениамин Вячеславович Шамшиннің қылқаламынан шыққан «Абай сөзі» шығармасы. 2004 жылы Кенепте, майлы бояумен жазылған. Шамшин В.В. (1928-2004) ҚР Суретшілер Одағының мүшесі. Шығарма кенепте майлы бояумен жазылған, суретші Абайды әрдайым халықпен бірге екендігін, ауыл халқын жинап алып, ортада өзінің «Қара сөздерін» оқып тұрған сәтін бейнелеген. Шығармашылығының өзіндік мәнері қалыптасқан шебер суретші, кескіндемеші қара сөздің атасы, ұлы ақын Абай образын философиялық терең мазмұнға бай суреттеген.

Бұдан біз ақын өлең-жырларындағы жаңа, соны ой-пікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Өлең-жырға көңіл қоятын мән-жайын түсініп байыбына жетуді талап етті «Сыртын танып іс бітпес, ішін көрмей». Абай халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның жоғын жоқтаушы болуға тиіс деп санаған. Абайдың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол.

Абайдың қара сөздері көркем әңгіме емес – ғақлиялық даналық сөздер. Онда ғылыми-философиялық толғаныстар кең орын алған. Абай қара сөздерді жазуға зор дайындықпен

келген. Ол қара сөздердегі келтірілген терминдік атаулар мен сілтемелерден немесе ой-пікір үндестігінен байқалады. Абайдың қара сөздерінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөйлемдері қысқа, мағынасы терең, оқушыға ой саларлық, ғибрат беруді көздей құрылған. Көпшілік қара сөздерінде философиялық сұрау беріп, сол сұрауға өзі жауап беруге тырысады немесе өзімен-өзі кеңесу, ой-пікір білдіру үлгісінде құралады. Бұл-Батыс, орыс ойшылдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, этика мәселелері туралы өз көзқарастарын білдіруде олар осы әдісті кеңінен пайдаланған.

Абай өзінің қарасөздерін жазудағы мақсатын бірінші сөзінде былай баяндайды: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры, осыған бел байладым. Енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Бұл-ел қамын ойлаған ұлы ойшылдың өмір, қоғам. Тіршілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөніндегі көзқарасының жиынтығы, философиялық ой топшылауы еді.




Қарағандылық суретші-мүсінші Арент Виктор Антоновичтің «Абай» деп аталатын қоладан соғылған мүсіні (2020). Мүсінші Абай бейнесін Шыңғыстаудың етегінде тастың үстінде қолында кітабы бар, иығына шапанын жамылып, алысқа көз салып, ойға шомып отырғанын бейнелеген.



Қарағандылық суретші Кеңесбаев Төлеуғали Алмазұлының (1944-2014) Абай Құнанбаевтың портреті» деп аталатын графикалық туындысы, Бұл жұмыс қағазда, линогравюра техникасында орындалған. Суретші Абайдың ішкі бейнесінің жинақылығын, оның шығармашылық тұлға екендігін белгілі дәрежеде көрсете білген. Портрет аса ынтызарлықпен орындалған көңілге қонымды, сабырлы ақын бейнесін көруге болады.



1 сурет



2 сурет



3 сурет

Абай бейнесін шығармашылығына арқау етіп сурет салған Қазақстандық суретшілердің бірі Исатай Исабаев. Суретші Абай мен оның замандастарының бейнесін нақпанақ жеткізуді көздемеген. Мейлінше, ақын өмір сүрген ғасырдағы тірлік тынысын және тарихи оқиғаларды оқырманның көз алдына әкелуге талаптанған.

Бұл туындылар 1 сурет: «Абай» 1977. Қағаз офорт.

2 сурет: «Күз» 1976. Қағаз, офорт

3 сурет: «Абайдың портреті» 1976. Қағаз, линогравюра техникасында орындалған.

Музей қорындағы Абай тақырыбындағы қай туындыны алсақ та, суретшілер қазақтың Дара ақыны – Дана ақыны Абай бейнесін, ғұлама, философ, ойшыл, гуманист ретінде бейнелеуге тырысқан, бұл жұмыстардың барлығында дана Абайдың алыстан болжап білетін, терең ойлы көзқарасы мен өзінің қалың елі қазағы үшін атқарған зор еңбегін көруге болады.

Ұлы ойшыл әлеміне арналған бұл туындылар сөз жоқ баға жетпес байлық, мәңгілік мирас. Бүгінгі өскелең ұрпақтың Абайды сан қырынан бейнелеуі, әр түрлі ортадағы кескін-келбетін өзінің терең болмысымен тарта түсетіні анық, әр жылдары, әр кезеңде ұлы ақын бейнесін қыл қаламына арқау еткен еңбектер музейдің баға жетпес байлығы, ақын әлемінің әсерлі жиынтығы.

Ұлы тұлғамызды бейнелеген кез-келген суретші үлкен толғаныспен қалам сермеп, өз туындыларында ақынның ойшылдығын, ақындығын, даналығын, даралығын ашуға тырысты деп есептейміз. Себебі Абай мұрасы-халық мұрасы, бейнелеу өнерінде де ақынның мұрасы қай ғасырда болмасын өзектілігін жоғалтпай, керісінше уақыт өте келе құндылығы арта береді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған барлық суреттер Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің қорынан алынды.

АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Хәкім Абай – қазақ халқының бас ақыны, көрнекті әдебиетші, ғалым, философ, аудармашы. Абай Құнанбаев 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыс тауында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты - Ибраһим. Абай ислам дінінің қағидаларын барынша құрметтейтін діни отбасында өсіп, тәрбие алды. Абайдың әкесі Құнанбай қажы тобықты руының өте ықпалды, орыс тілін жақсы білген биі болды. Орыстың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерімен қарым-қатынас жасап тұрды. Ол шыққан тегі сұлтан әулетінен болмаса да Қарқаралы округында алғашқы аға сұлтандардың бірі болып сайланды. Ол ғұмырының аяқ кезінде Меккеге қажылыққа барып қайтты. Меккеде Құнанбай қажы салдырған Тәбия қонақүйі әлі бар. Қажылықтан қайтып оралған Құнанбай бұл дүниелік істерден біржола қол үзеді. Ақынның бабасы Өскенбай Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағындағы әділетті де ықпалды қазақ билерінің бірі болатын. Оның қалдырған данышпандық сөздері мен ғибаратты өсиеттері аз емес. Биге қазақтардың алыс жатқан руларының адамдары да шағымын айтып, жүгінетін. Абайдың арғы атасы Ырғызбай да атақты би, әрі батыр болған.

Абай әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, сосын Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқып білім алады. Ол бала жасынан кітапқа құмар болды, араб-парсы және көне түркі әдебиетінің үлгілерімен танысты. Абай қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрып заңы мен ислам дінінің қағидаларын терең меңгерді. Онымен білім жарыстырудан молдалардың өздері қауіптенетін. Абай халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өте жақсы білді. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастады. Абай өзінің өлеңдерін бала кезінен жаза бастады. Бірақ ол ақын ретінде алғаш рет XIX ғасырдың 80-жылдарының орта кезінен бастап таныла бастады. Бұл кезде Абай өз атынан «Жаз» («Жаздықүн шілде болғанда») деген өлеңін жариялаған болатын. Абай - «Ескендір», «Масғұд», «Әзім әңгімесі» поэмалары мен этикалық-философиялық еңбегі «Қара сөздерді» жазды. Ақынның 1890-1898 жылдар аралығында жазылған «Қара сөздерінде» XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының болмысы зерделенді [1, 65].

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Осыны біл. Талап қыл, өнер, кәсіп ізде.

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме.

Қызық келсе, қызығып, оған да ерме,

Жүрегіне сүңгі де, түбін кез де,

Бұдан тапқан шын асыл, тастай көрме, –

деп ақыл айтып, қайрап, жігерлендірді.

Абай қазақтың жаңа әдебиетін – мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады. Шын мағынасында өлең өнерін жасады. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген сертіне жетті. Абай халқына «іші алтын, сырты күміс» өлең қазынасын, мәңгі өлместей асыл сөз қазынасын қалдырды. Ол – қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, зар-мұңы, тілек-арманы. Ол – жапа көрген, көп шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген ер халықтың бейнесі. Абай өз халқын мейлінше сүйді. Сол өз халқын сүю арқылы онымен тілек-арманы, тарихи тағдыры бір халықтарды сүйді. Абай – халқының ұлы кемеңгері. Ол өмір бойы халқының қайғы-шерін жазып, мерейін көтеру жолында қызмет етті. Абай халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр. Абай – қазақ халқының ұлы классик ақыны, үлкен ойшылы, зор әлеумет қайраткері. Сол үшін оны халқымыз сүйеді

де, құрмет етеді, оның атын мақтан етеді. Абай жуандар тобына қарсы шығумен, олардың мінін сынаумен қатар, ел арасындағы барлық ескілік сарқынына қарсы болды. Әйел жөніндегі, тәлім-тәрбие жөніндегі ескі көзқарасқа, ескі салтқа, дау-шарды шешудің ескіден келе жатқан жөн-жосығына, өтірік-өсек, жалқаулық, еріншектік сияқты мінездерге, надандыққа, надан молдаларға – бәріне қарсы шықты, бәрін шенеп, мінеді. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Ол: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы: дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды, білімсіздік – хайуандық болады. Еріншектік – дүниедегі күллі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны: адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады.

Абайдың исламдық діни ортата өсуі, тәрбиеленуі оның жеке тұлғалық философиясына, діни сенімнен туындайтын құдай құбылысын пайымдауына, құндылықтар жүйесін қалыптастыруына айтарлықтай әсерін тигізді. Абай Алла Тағаланы бірлігіне және бар екендігіне иланып, иман құндылығын адамзаттың басты қалқаны деп білді. Ол кейбір адамдардың иманға деген екіжүзді қатынасын қатты сынға алып, өзінің таза арымен тек жақсылыққа, шын тазалыққа ұмтылған адам мен қалың бұқара арасына бөлінбей, иманы жоқ болып көрінгісі келмес үшін жасанды қылықтарға баратын адамның әрекеттерін ажыратып көрсетіп берді. Алланың ұлылығына тұла бойымен сенген адам ғана данышпандыққа ие бола алады. Абай Алланың ұлылығына өзіңді мәжбүрлеп емес, шынайы түрде өз еркіңмен сену керектігін пайымдайды

Қателесу адамға тән сипат, ал осы қателікті мойындау – білімнің алғышарты. Сенім сана сүзгісінен өту керек. Барлық ұлы ойшылдар секіліді Абай да сенімге білім арқылы қадам жасады және оны өзгелерден талап етті. Тек білімі бар адам ғана өз сенімін берік ұстана алады. Адам санасы міндетті түрде қайырымды бастамаға, яғни, сенімге негізделуі керек. Абай сенімді қалай түсінді? Абай он үшінші қара сөзінде: «Иман деген Алла табарака уа тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, оның бар екендігіне мойынсұнып, иланбақ» деген болатын. Осы тұста рухани діни сенімнің сипатын байқаймыз. Ислам негіздерін терең таныған Абай, Жаратушыдан келген шынайы сенімнің жалпы сенімділіктің жоғарғы формасынан айырмашылығын ажыратады. Абайдың пікірінше, ғылымды кері тартатын төрт қасиет бар дейді, оларды ой кеселдері деп атайды, яғни, уайымсыз салғырттық, ойыншы – күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Міне, осы төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды іштей жегі құрттай тоздыратұғын кертартпа нәрселер екендігін айтады. Көптеген дамыған мемлекеттер үшін білім өзінің құндылықтарын жойып, материалдық игіліктерге қол жеткізу жолы ретінде қарастырылады. Білім тауарға айналып бара жатқан сияқты. Осы тұрғыда ойшылдың «Әуелі мал тап, қарыны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Мал тапса қарын тояды, онан соң білім, өнер керек екен» деуін біз біршама жүзеге асырған сияқтымыз. Бірінші кезекте материалдық құндылықтарды көздеп, білімді, адамгершілікті кейінгі орынға ысырып қоятын бүгінгі қоғамның жағдайы Абай идеясымен астасып тұр деуге болады. Адамды адамдықтан айыратын нәпсәни қажеттіліктер. Адамды құлдыққа душар ететін ең күшті зор қуат – нәпсі. Абай айтатын тән қажеті мен жан қажетін айқын ажыратып алмай тұрып, еркіндік туралы айтудың өзі қиын. Яғни, құлдықтың басы – білімсіздік, надандық, ал құлдық сананың өзі осы тән қажеті мен жан қажетін айыра алмаудан шығады. Абай түсінген дін мен мәдениеттің және ғылым мен білімнің өзара астасуы, байланысуы адами жетілуге, толық адамды қалыптастыруға қызмет етуі тиіс [2, 55].

Адамзатты Алла Тағала махаббатпен жаратқан, демек, махаббат адамға дейін болған. Абай адам мен Алланың арасындағы қатынасты сүю деп атады. Өзін махаббатпен жаратқан Алласын адамның сүюі парыз. Абай сүюдің үш түрін айтады, олар: Алланы сүю, оның жаратқан кереметі – адамды сүю және хақ жолы әділеттілікті сүю. Осы үш сүюді имани гүл деп атайды. Сонымен қатар, ойшыл діни сенімді «иман» деңгейінде қарастырды. Ол бар ғұмырын халықты қалың ұйқыдан оятып, сауатсыздықпен күресу арқылы әлемдік өркениеттерге сай жолдармен дамып, қоғамнан оқшауланбау қажет екендігін алға тартты.

Ақынды қатты алаңдатқан жағдайлар қазақтардың жаппай кедейленіп, қайыршылық халге түсе бастауы, патша үкіметі шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлығы, жергілікті болыстардың паракорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі болды. Ол өзінің өлеңдерінде жақын туыстарына көмек қолын созбайтын сараң байларды өлтіре сынады. Абай қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге шақырды. Өзінің кейбір замандастарының бойындағы жаманшылық мінездерді – жалқаулықты, еңбексіздікті, көрсеқызарлықты, алтыбақан алауыздықты, надандықты жеріне жеткізе әшкереледі. Кедейшіліктен құтылудың бір тәсілі егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібін және сауда-саттық жасауды үйрену екенін айтты. Ол былай деп жазды:

«Егіннің ебін,

Сауданың тегін

Үйреніп, ойлап, мал ізде». Оның басқаша ойлауы мүмкін де емес еді.

Абай қазақтарды мал өсірумен қоса сауда жасауды, белгілі бір кәсіп түрімен шұғылдануды үйрену қажеттігіне баса назар аударды. Орта Азия тұрғындарының кәсіп түрлеріне үлкен ілтипатпен қызыға қарады. Ол былай деп жазды: «Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, саудагердің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһари (қала адамдары болып) жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахыреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды». Абай халыққа жаны ашымайтындарды жек көрді, байлардың қарапайым халыққа менсінбей қарауы оның ашу-ызасын келтірді. Қоғамды прогресшіл түрде дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Абай ел басқаруға халық үшін қызмет ететін, адал адамдар сайлануы тиіс деп есептеді. Ол өз төңірегіндегі адамдардың, жақындары мен шәкірттерінің бойындағы өз халқына риясыз берілгендікті, оның мүдделерін қорғау қасиеттерін қолдап отырды. Ұлы ақын жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке, ғылым-білім үйренуге шақырды.

«Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба.

Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуге...

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз,

Тілеуің, өмірің алдыңда,

Оған қайғы жесеңіз,

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ

Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз, – деп жастарды бес нәрседен — өсектен, өтіріктен, мақтаншақтықтан, еріншектіктен, бекер мал шашпақтықтан қашық болуға, бес асыл іске – талап етуге, еңбекті суюге, терең ойлай білуге, қанағатшыл болуға, қайырымды рақымшылық жасауға шақырды. Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Атап айтқанда, ол былай деп айтты: «Балаларды ата-аналарынан алып, мектепке беру керек, олардың біразын мамандықтың бір түрін, біразын басқа мамандықтарды игеруге бағыттау керек. Мектептерді көбейту қажет, оларда тіпті қыздар да оқитын болсын» [3, 34].

Абай өз шығармаларында халықты ғылыммен белсене айналысуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды. Абайдың пікірінше, адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында

тәрбие берілуі қажет. Абай парақор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды әшкерелеп отырды. Халықтың игілігіне жету жолындағы бұл қырсықты ғылым мен білім арқылы ғана жоюға болады деп есептеді. Ол жастарға үздіксіз еңбек етіп, білім алуды міндет етіп қойды. Білім алуға жұмылған еңбек әрқашанда жемісті және ізгілікті болатынын қадап айтты. Қараңғылықтан шығар, елді өркениетке жеткізер жалғыз жол – оқу-білім екенін көзі қарақты жастарға түсіндірді [4, 20].

Абай орыс тілін тамаша меңгерді. Мұның өзі оның орыс ақыны М.Лермонтовтың бірқатар өлеңін қазақ тіліне аударуына мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Абай М.Ю.Лермонтовтың «Шайтан» («Демон»), «Дұға» («Молитва»), «Қанжар», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Жалау» («Жалғыз жалау жалтылдап»), «Теректің сыйы» («Асау Терек долданып, буырқанып») сияқты өлеңдерін аударды. Абай А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанының үзінділерін қазақы ұғымда жатық етіп еркін аударды. Абайдың Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды. Абай И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударумен де айналысты. Қазақтар ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті жетекшісі Ә.Бөкейханов өзінің қырғыз даласындағы әр түрлі уездерде болған кезінде ондағы ақындардың Пушкин мен Лермонтовтың Абай аударған өлеңдерін жақсы білетініне, оларды домбырада әнге қосып айтатынына көз жеткізіп қайтқанын жазады. Орыс тілінен Абай аударған шығармалар қазақ әдебиетін байыта түсті. Абай орыстың ұлы ақындарының 50-ден астам өлеңін қазақ тіліне аударды [5, 15].

Ұлы даланың перзенті ретінде данышпан Абай адамның үш маңызды қасиеттерін – нұрлы Ақыл, ыстық Қайрат және жылы Жүректі атап өтеді. Дана адам білім, ақыл мен қайратты зұлымдыққа емес, қайырымды іске бағыттайды. Даналық адамда міндетті түрде руханилықпен, ізгілікпен, нәзік ұжданмен, ақиқатпен, әділдікке деген ұмтылыспен тұтасады. Абай үшін даналық дегеніміз тек қана ілім емес, ілім мен руханилықтың тұтастануы. Абай әлемге деген өзінің жеке көзқарасын ашық білдіру арқылы, адамзатты өзара түсіністікке, рухани күш пен даналыққа толы адами қарым-қатынасты жүзеге асыруға шақырады, өзінің кез-келген адаммен сұхбатқа дайын екенін білдіреді. Оның адами кейбір қасиеттерді сынауы жалпы тұлғаға деген құрметімен астасады. Абай өзінің оныншы қара сөзінде былай дейді: «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі. Демек, Хәкім Абай адамзатқа Хақ алдындағы мұсылмандық парыздарыңды, ғибадаттарыңды өтеу үшін ең әуелі, ғылым мен білім үйрену керектігін, Алла Тағалаға иман келтіру керектігін алға тартады. Содан кейін барып, намаз, ораза, зекет, қажылық секілді мұсылмандық міндетінді атқара аласың деп тұжырым жасайды.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
2. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993 жыл. – 269 б.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 636 б.
4. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
5. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.

АБАЙ ІЛІМІНДЕГІ БЕС АСЫЛ ЖӘНЕ БЕС ЖАҒЫМСЫЗ ҚАСИЕТ

Қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлы өзінің шығармаларында адам болмысы, ізгілік пен зұлымдық, кісілік пен кемшілік туралы терең толғаныстарын білдіріп, келер ұрпаққа жол көрсетіп кеткен. Абай іліміндегі «бес асыл іс» пен «бес дұшпан» деген тұжырымдар – адам тәрбиесінің, рухани кемелденудің негізі. Бұл ілім тек әдеби немесе діни мәнге ие ғана емес, сонымен қатар, психологиялық, этикалық және философиялық тұғырлардан да маңызды. Мақалада осы қасиеттер жеке-жеке сипатталып, олардың тәрбиелік мәні мен қоғамдағы рөлі қарастырылады.

Абай іліміндегі бес асыл қасиет

1.Талап

Талап - адам баласының сәби кезінен өзін қоршаған ортаны білуге, тануға ұмтылуы. Қолынан келгенінше өзі сүйген ісімен айналысуға талпынуы. Өсе келе өзінің арман-мақсатына жетуге ұмтылысы. Мысалы, оқуға, еңбек етуге немесе шығармашылық, т.с.с. Талапсыз ештеңеге де қол жеткізе алмайсыз. Данышпан Абай атамыз талаптың маңызы зор екендігін анық көрсетіп отыр. Халқымыз да “Талапкерге нұр жауар” деген мақал қалдырған. Талап адамның ерік-жігеріне тығыз байланысты. Ерік-жігері мықты адам өз талабынан ешқашан бас тартпайды. Әрі, өз дегеніне жетеді. Ондай адамдар тарихта жетерлік. Мысалы, Ломоносовты алайық. Балықшы отбасында туған ол 19 жасында оқуға қабылданып, өзінің күшті ерік-жігері арқасында өз заманының атақты оқымыстысына айналады. Сондықтан, әрбір шәкіртке талабың таудай болсын, Ломоносовтай талапты ғалым бол демекпіз.

2.Еңбек

Еңбек адам өміріндегі ең маңызды, шешуші фактор болып табылады. Өйткені, адам баласы жаратылғаннан бері еңбек ету арқылы өмір сүрді және сүріп келеді, алдағы болашақта да солай жалғаса бермек. Еңбектің маңыздылығы жөнінде халықтың даналық сөздері мен мақалдары жеткілікті. Мысалы, «Бейнет түбі – зейнет», «Еңбек, еңбек бәрін де жеңбек», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» (Абай), т.б. еңбек жайында мақал-мәтелдер өте көп. Қай қоғамдық-экономикалық формацияда болса да, еңбек қоғамды алға сүйреуші локомотив іспетті болды және бола бермек. Еңбек арқылы қоғам дамыды, мәдениет пен өркениетке қол жетті. Жеке адам өмірінде де еңбектің маңызы ерекше. Еңбек арқылы адам оқу оқып, білім алады, ақыл-ойы толысады, мамандық иесі болады. Әрине, бұл жерде тек адал еңбек туралы сөз болуға тиіс. «Не ексең соны орасың» дейді халық мақалы. Яғни, еңбек етсең жемісін де көресің деген сөз. Адамның тұлға болып қалыптасуында, кәсіп немесе өнермен айналысуында еңбектің орны ерекше. Еңбек адамды шынықтырады, төзімділікке үйретеді. Өмірдегі көптеген қиындықтарды көп адамдар еңбек арқылы жеңіп жатады. Еңбек адамды ширатады, қиялына шабыт қосады. Талантты адамның табысқа жетуі 99% еңбек, 1% талантқа байланысты деген қанатты сөз бар.

Әрбір шәкірт мектепті бітіріп шыққан соң, өмірге тез бейімделіп кетуі ләзім. Ол үшін шәкірт кәсіп-жұмыстың өзіне лайығын тандап, еңбекті беріле, ықылыспен атқаруы керек. Сонда ғана ол өз қуаныш-қызығына бөленеді. Осы орайда, мектепте кәсіпке, мамандыққа даярлаудың рөлі ерекше болмақ. Еңбек туралы ойшыл Ф.Гүленнің «Үкілі үміт» атты кітабында жан-жақты, терең, өте шебер түрде баяндалған.

3. Терең ой (тәфәккүр)

Адам баласы үнемі ой үстінде жүреді. Өзі туралы, өзге туралы, дүние-мүлік, ішсем, жесем, киінсем, т.с.с. дегендей. Бұл мәселенің материалдық жағы. Терең ойлау кезінде адам рухани дүниені де ойлау керек. Жаратылыс жайында, әсіресе, Жаратушы ие жайында терең ой-толғаныс жасау абзал. Ф. Гүлен: «... Бір сағат тәфәккүр қалған адам бір жыл құлшылық

жасағанмен бірдей сауапқа кенеледі». (Тәфәккүр - ғаламдағы жаратылыстарға көз жіберіп, терең ойлану арқылы Жаратушының құдіреттілігін ұғына түсу - ауд.) [3].

Адам тәфәккүр арқылы (Алланы еске ала отырып) рухани болмысын жетілдіріп, дамыта алады. Физикалық тұрғыдан жетілдіру үшін де өте маңызды. Рухани және физикалық тұрғыдан жетілу – адам ақыл-ой, санасын да дамыту деген сөз. Ал, бұл болса адамның «көкірек көзін» ашуға көмектеседі. Сөйтіп, адам рухани тұрғыдан жоғары сатыға көтеріледі. Терең ойлау арқылы адам имандылыққа жақындай береді. «Көкірек көзі» ашылған – кемелденген адам өзін қоғаммен және табиғатпен үйлесімде ұстайды. Терең ойлағанда адамның рухани болмысының қайнар көздері ашылып, бұрын «ұйықтап жатқан» қабілеттері оянады. Адам бұрын қол жетпеген мүмкіндіктер мен керемет қабілеттерге ие болады. Мұндай керемет қабілет иелері үнді, қытай, жапон сияқты елдерде, софизм тараған елдерде де кездеседі. Үнді ілімінде мұны «Үшінші көздің ашылуы» деп атайды екен [6].

4. Қанағат

Қанағат – адамның адамгершілік бейнесін қалыптастырушы элементтердің бірі. Қанағат сезімі азайғанда немесе әлсірегенде пенденің тұтынушылық қомағай тәбеті күш алып кетеді. Пенде өзіне ала берсем деген тойымсыздық сезімнің ырқынан шыға алмай қалады. Мысалы, ақша-дүние жинаудың соңына түсіп кетеді. Бүгін 1 млн теңге болса, ертең 2 млн теңге болса екен, арғы күні одан да көп болса екен дейді. Сөйтіп, түбі жоқ бір шыңыраудың тереңіне бата береді. Сол жол неше түрлі арамдыққа, тіпті қылмысқа дейін баруы мүмкін. Сондықтан, халқымыз қанағат деген қасиетке ерекше мән берген, қадір тұтқан. «Қанағат - қарын тойғызар» дейді халық даналығы. «Хадистер жинағы» кітабының 203-бетінде: «Әйелдер, ұл балалар, алтын мен күміске толы қазыналар, өзіне ғана тән белгілері ғана асыл тұқымды сәйгүліктер, төрт түлік мал мен егін-жай сияқты (нәпсіге жағатын) нәрселерді адам баласы жан-тәнімен жақсы көреді. Асылында, бұлар дүние тіршілігінің (өткінші) қызығы ғана. Ең тамаша мекен (яғни, адам жаны жай табатын мәңгілік мекен) Алланың қасында» («Әли-Имран» сүресі, 14 аят). Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Дүниеге құмар болма, сонда Алланың сүйіспеншілігіне бөленесің. Ел-жұрттың қолына қарап телмірме. Сонда адамдар да сені жақсы көреді», – деп айтты деген (сонда 210 б.).

5. Рақым

Рақым – мейірім-шапағат, сүю сезімдерімен түбірлес, туыстас. Бұл сезімдер жан-жануар, тіршілік иелеріне берілген Алланың сыйы. Рақым болмаса адамдар бір-біріне тасбауыр, қатігез болар еді. Сондықтан, тәрбие ісінде рақым, мейірім, кешірім сияқты қасиеттерге тәрбиелеудің маңызы зор. Рақым туралы мына жазбаны оқиық: «Алла тағаланың күллі ғаламды қамтыған рақымдылығы бар. Әлемнің жаратылысының негізі - махаббат, рақымдылық пен шапағат. Ұлы Жаратушы бұл ғаламды жаратқанда, барлық жаратылысқа махаббат пен мейірім-шапағаттың ұрығын сепкен». Алла Елшісі (с.а.с.): «Алла тағала көктер мен жерді жаратқан күні жүз рақымдылық жаратты. Рақымдылықтың біреуін жерге таратты. Сол арқылы ана баласына, жан-жануарлар, құстар бір-біріне сүйіспеншілікпен қарайды. Тоқсан тоғызын қиямет күніне сақтады. Қиямет күні Алла оны осы рақымдылықпен толықтырады» - дейді. Жер бетінде сәбиі үшін түн ұйқысын төрт бөлсе де кейімейтін аналық махаббат; құстың балапаны үшін шырылдап, өзін жыланға құрбан етуі, тіпті, жыртқыш аш қасқырдың тапқан азағын өзі жемей, бөлтірігіне беруі - сол рақымдылық пен сүйіспеншіліктің белгісі. Бұлар туа бітті қасиет. Абайдың «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті» дегені әлемге көкірек көзімен қарап, сол сүйіспеншілікті танығаны. Осы рақымдылық пен махаббаттың тоқсан тоғызын Алла ақыретте мұсылман достарына сақтаған» [9, 258].

А. Жалевичтің кітабында: «Мудрость любви» тарауында былай дейді: «Қазіргі ғылым мен практикада философияның мән-мағынасы туралы көп қате пікірлер, адасушылықтар бар. Бұл адасу «философия» сөзінің қазіргі этимологиясына (шығу төркініне) байланысты. Мен таныс философтардан: «Философия деген не? Оның мағынасы қалай?» – деп сұрағанда: грек тілінен аударғанда «филео» – «сүю», «софия»- «даналық». Сондықтан, философия – даналықты сүю» – деп жауап береді. Ал, шындығында Батыс философиялық дәстүрінің негізін

салушы Пифагор: «Философия - бұл сүю даналығы» – деп айтқанын көп адамдар біле бермейді. Даналықты сүю және сүю даналығы. Осы екі ұғымның айырмашылығын ұғыңыздаршы!» [7, 667].

Осы тарауда сүю даналығы жайында керемет мысалдар келтірілген. Онда өмірдегі көптеген қиыншылықтар, ауру, т.б. келеңсіз құбылыстарды сүю арқылы (махаббатпен) жоюға болатыны туралы дәлелді, нанымды тұжырымдар бар. Ата-ананың баланы, баланың ата-анасын, жануарлардың төлін сүюі сияқты сезімдер сүю даналығы (махаббат даналығы) болып шықты. Сүйе білу азайса – мейірімділік те азаяды. Мейірімділік азайған жерде соғыс, зорлық-зомбылық, қатігездік, қылмыс, т.б. келеңсіз құбылыстар көбейеді. Демек, біздің қоғамға сүю даналығымен өмір сүруді үйрену керек. Қайырым, мейірім – сүю даналығының жемісі. Қайталап айтарымыз, тәрбие ісінде қайырымдылық, рақымдылық, кешірімділік сияқты қасиеттерге баулудың маңызы зор.

Абай іліміндегі бес жағымсыз қасиет

1. Өсек

Өсек айту, біреудің сыртынан ғайбаттау - адам баласына ауыр күнә болып табылады. Құран Кәрімде де ғайбаттаудың жазасы ауыр екендігі айтылады. «Бір-бірлеріңді ғайбаттамаңдар. Бауырыңның етін өлген күйде жегенді қайсың ұнатасың. Өне, бұдан тіксінесіңдер. Олай болса, Алладан қорқыңдар» («Хужурат» сүресі 12-аят) деу арқылы ғайбаттың қаншалықты жиіркенішті күнә екендігі және оның ақыры не болатыны айтылған. Адамзат баласы өлген малдың етін жеуден қатты жиіркенеді. Ал, Алла бұл жерде «өліп қалған бауырының етін жеу» дегенді келтіріп отыр. Осы оқиғаны сабақтау үшін мына жағдайды баяндасақ. Өнас (р.а.) былай деп риуаят етеді: «Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) ауыз бекітуді әмір етіп: «Рұқсат етілмейінше ешкім оразасын ашпасын»-деді. Кеш батып, ымырт үйірілген шақта Пайғамбарымыз (с.а.с.) алдына келгендерге ауыз ашуға рұқсат беріп отырды. Осы кезде бір кісі келіп: «Уа, Алланың елшісі, екі қызым ораза ұстап еді. Ауыз ашуға рұқсат етсеңіз. Алдыңызға келуге ұялды»-дегенде Пайғамбарымыз (с.а.с.) рұқсат бермей қойды. Өлгі кісі екінші рет келіп: «Расулалла, олар аштықтан бұратылып, әлсіреуде» – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) қыздарды шақыртқанда, олар қан аралас ірің құсты. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Бұлар халал жолмен ораза ұстады. Бірақ, әркімді өсектеп, етін жеу арқылы харам жеді» – деп астарын түсіндіріп берді. Міне, ғайбаттың адам етін жеумен бірдей жиіркенішті іс екенін осы оқиға анық дәлелдейді» [8, 54-55].

Ғайбаттың жаманшылығы адам арасына қастық отын жағып, бір-бірімен қырқыстырады. Ғайбат деген не? Бір адамның дене бітіміне, мінезіне, тегіне, ісіне, сөйлеген сөзіне, киген киіміне қатысты кемшіліктерді оның сыртынан айту – ғайбат. Сөзбен айтылмаса да, ишара, ыммен, қимылмен біреуді кемсітсе, ол да анық ғайбат. Жазу арқылы біреу туралы ұнамсыз пікір білдірсек, ол да осы күнәнің шеңберіне кіреді [8, 53].

2. Өтірік

Өтірік айту мен жалған куәлік ету – бұл да адам баласы үшін ауыр күнә. Қай дінде, қай қоғамда болса да, өтірікшілер қатаң жазаланып отырған. Ондайларды ислам діні де қатаң айыптайды. «Өзің білмейтін (әрі өзіңе қатысы жоқ) нәрсеге елікпе (яғни, білмегенді білдім, көрмегенді көрдім, естімегенді естідім деп айтпа). Шындығында, құлақ, көз және жүрек сияқты дене мүшелерінің бәрі де (Алла алдында жауапқа тартылады)» («Исра» сүресі 36-аят). «Жалған сөзден аулақ болыңдар» («Хаж» сүресі 30-аят). «Алланың мүмін құлдары жалған куәгерлікке бармайды» («Фурқан» сүресі 72-аят). Өтірікті халық даналығы да айыптайды. Бұған: «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», «Шындықтың шырқы бұзылмас, өтіріктің өрмегі жиылмас», «Өткір пышақ қыңға қас, өтірік сөз жанға қас», «Өтірікшіні сөзінен емес, көзінен таны» деген сияқты халық мақал-мәтелдері куә. Хадис бойынша өтірік тек араздасқан екі адамды татуластыру үшін немесе соғысқан екі жақты бітімге келтіру үшін ғана айтуға рұқсат етіледі.

3. Мақтаншақтық

Мақтаншақтық та адам бойындағы жағымсыз қасиеттің бірі. «Дандайсып адамдардан жүзіңді бұрма, жер бетінде кердеңдеп жүрме. Расында, Алла тағала дандайсыған

мақтаншақтарды мүлде ұнатпайды» («Лұқман» сүресі 18-аят). «Расында, Алла тағала (шүкіршілікті ұмытып) есіріп кеткендерді мүлде ұнатпайды» («Қасас» сүресі 76-аят). Әбу Һурайранан (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Ұлы Жаратушымыз Алла тағала: «Айбындылық, ұлылық – менің изарым (киімім). Асқақтық, тәкәппарлық – менің шапаным. Кімде-кім менімен осы екеуінің біріне таласса, оны аямай азаптаймын», – деп айтты делінген». Бұл жерде айта кетерлік жайт: асқақтық – ешкімге бас имейтін асқақ дегенді білдіретін Аллаға ғана тән ұлылық сипаты. Сол сияқты, шамасына қарамай тәкәппарланып, көкірек керген пенде осы қылығы арқылы Алла тағалаға ғана тән қасиетке таласқан болады. Бұл әрине, үлкен күнә болып саналады [5, 271].

Бұдан шығатын қорытынды, ешқашан байлығыңмен немесе басқа бір артықшылығыңмен мақтанба. Кеуденді керіп, дандайсыма. Бәрін өзім істедім, бәріне тек өз күшіммен қол жеткіздім деп мақтанба. Олай болуы мүмкін емес. Пенде өз күшімен ештеңеге қол жеткізе алмайды, егер Алла қаламаса. Қол жеткен жетістіктердің барлығы Алланың арқасында жүзеге асады. Әбу Һурайранан (р.а.) Расулалла (с.а.с.): «Аллаға «Әлхамдулиллаһ» деп мадақ пен шүкіршілік айтпай басталған әрбір келелі іс жалғассын таппай, берекесі қашады деп айтты» делінген [5, 500].

4. Еріншектік

Еріншектік адамды жаманшылыққа итермелейтін ең жағымсыз қасиеттердің бірі. Халық ұғымында да, діни кітаптарда да, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде де еріншектік, жалқаулық адам баласының қас жауы ретінде сипатталады. Еріншектер мен жалқаулар қоғамда қатаң айыпталады. Себебі, еріншек-жалқау қоғамға масыл болады. Әрі басқаларға теріс үлгі көрсетеді. Еріншектер маңдай терімен еңбек еткісі келмейді, сондықтан, олар қылмысқа да үйір болады. Әрі олар рухани азғындыққа ұшырауға бейім болады. Қоғамда адамдар арасында да еріншектер абыройсыз болады, оларды «жатыпішер жалқау» деп сөгеді. Ислам ғалымы М.Ф. Гүленнің «Үкілі үміт» атты кітабында жалқаулықты рахатқұмарлық деп те сипаттайды: «Рахатқұмарлық дегеніміз - еңбек етуді жек көру, жұмыс істемеу, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін жалқаулық, үнемі өз рақатын ойлап тұру, демалу мен көңіл көтеруге деген әсіреқұмарлық деген мағыналарды қамтиды. Рахатқұмарлық немесе жатыпішер жалқаулық фәни дүниенің жұғымсыз жылтырақтарына құмарту мен қу құлқын мен нәпсіге бой алдырудың көрінісі» дейді (сонда 132-133-беттер). Автор әрі қарай жалқаулық туралы тереңірек тоқталып, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан жан-жақты сипаттама береді: «Нәтижеде жатыпішер жалқаулардан құралған қоғам дертке шалдығып, өзгенің боданына айналмақ»-дейді (сонда 139-бет). «Тіпті, ең керемет рахаттың өзі бірте-бірте адамды жалықтырып, мезі ететін болады. Сондықтан, жалқау, тоғышар жандар бәрінен көп қасірет шегіп, қатты күйзеліске ұшырайды. Әрекет пен қозғалыс қайта оянудың, қайта туудың нышаны. Еңбекқордың жүрегіне ізгілік салтанат құрмақ. Еңбек еткен адам ғана жан рақатына қауышады. Өмірге налу емес, шүкіршілік сезіміне бөленеді» (сонда 152-бет).

5. Бекер мал шашпақ

Бұл жерде Абай атамyz ысырапшыл болма, рәсуаға жол берме дегенді ұқтырып отыр. Шындығында да, біз бар нәрсенің қадір-қасиетін жете түсініп жүрміз бе? Даңғазалық және дарақылықпен жиған-тергенін шашып тастау - ысырапшылдық. Ал, Хадистер жинағының 233-бетінде былай делінген: «Олар (Алланың шынайы құлдары) қаражат жұмасағанда ысырап та етпейді, сараңдық та қылмайды. Екеуінің ортасын ұстанады» («Фурқан» сүресі 67-аят). Осы «Хадистер жинағының» 215, 232-237-беттерінде ысырапқа жол бермеудің маңыздылығы жайында терең ғибратты мысалдар жазылған. Осыны барлығымыз, әсіресе, жастар жағы біліп жүрсе жақсы болар еді. Осы кітаптағы «Дүниені ысырап етіп, рәсуә қылмау» деген хадисте Расулалла (с.а.с.): «Расында, Алла тағала сендердің үш түрлі істеріңе разы болып, одан өзге үш түрлі істеріңе разы болмайды. Алла құлшылық еткендеріңе, Оған ешкімді серік етіп қоспағандарыңа және Оның желісіне (дініне) мықтап жабысып, өзара бөлінбегендеріңе дән риза болады. Сондай-ақ, өсек-аянға үйір болғандарыңды, пайдасыз көп сұрақ қойғандарыңды және дүние-мүліктеріңді оңды-солды шашып, ысырап еткендеріңді ұнатпайды» -деп айтты делінген» (сонда 622-бет). Тағы бір хадисте: «Тіпті, теңіз жағасында тұрсаң да суды ысырап

етпе» делінген екен. Бұл айтылғандар қазіргі күнде де өзінің өзектілігін жойған емес. Күн сайын қаншама дүние-мүлік, тағам, су, т.б. ысырап болып жататыны бәрімізге белгілі. Осы ысырап болатындардың қатарына уақыт пен ақшаны да қосуға болар еді. Біз уақытты қалай пайдаланып жүрміз. Бұл сұрақтың жауабы: біз уақытты тиімді пайдаланып жүргеніміз жоқ. Біз содан қатты зардап шегіп жүргенімізді біреу білсе, біреу білмейді. Үнділерде «Калачакра», Батыстағы елдерде «Тайм-менеджмент» деген ұғым бар. Осы ұғымдарды терең зерттемей, біздің қоғам уақыттан ұтыла беретін анық деп ойлаймыз.

Ақша туралы да осыны айтуға болады. Бізге уақыт пен ақша жөнінде ғылыми-танымдық «сауат ашу» жұмыстары керек сияқты.

Абай іліміндегі бес асыл қасиет – адамның кісілік келбетін қалыптастыратын, рухани биікке жетелейтін құндылықтар. Ал бес жағымсыз қасиет – адамның адами табиғатын төмендететін, қоғамға да, жеке тұлғаның өміріне де залал келтіретін мінездер. Ұлы Абайдың бұл өсиеті – тек өз заманындағы емес, қазіргі және келешек ұрпаққа арналған кемел ақылдың жемісі. Осы құндылықтарды мектептен бастап оқыту, отбасы мен қоғамда насихаттау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер

1. Құнанбайұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2009.
2. Фетхуллах Гүлен. Үкілі үміт. – Алматы: Нұр-Мүбәрәк, 2010.
3. Фетхуллах Гүлен. Призма-1. – Стамбул, 2008.
4. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. – Алматы: Көкжиек, 2013.
5. Хадистер жинағы. Құраст. М. Исаұлы. – Алматы: Нұр, 2005.
6. Востоков В. Секреты тибетских целителей. – Москва: ЭКСМО, 2007.
7. Жалевич А. Сокровища мировой мудрости. – Санкт-Петербург, 2010.
8. Ноғаев А. Даналық ойдан дән ізде. – Алматы: Өнер, 2011.
9. Исаұлы М. Мәңгі мұғжиза. – Астана: АСТ Полиграф ЖШС, 2011.

ГРНТИ: 14.01.33

А.Т. Кулмагамбетова

КГУ «Гимназия №17»

Республика Казахстан, г. Актобе, aliya.kul75@mail.ru

ЭСТЕТИЧЕСКИЕ ИДЕИ АБАЯ И ИХ ЗНАЧЕНИЕ В ОБУЧЕНИИ ХУДОЖЕСТВЕННОМУ ТРУДУ В ШКОЛЕ

Современное образование в условиях глобальных вызовов и обновления содержания школьных программ всё более акцентирует внимание на формировании у обучающихся не только знаний и навыков, но и полноценного мировоззрения, способного соединять интеллектуальное, духовное, культурное и эстетическое развитие. Особую роль в этом процессе играет предмет «Технология», в рамках которого учащиеся осваивают основы художественного труда. На первый взгляд, данный предмет носит преимущественно прикладной характер – обучение ручным навыкам, работе с материалами, основам проектирования. Однако в условиях интеграции гуманитарных и практико-ориентированных дисциплин возрастает значение формирования эстетического вкуса, понимания гармонии и смысла творчества. Именно здесь встает вопрос о педагогическом потенциале культурно-философского наследия Абая Кунанбаева.

Абай – не только поэт и просветитель, но и мыслитель, заложивший основы казахской философии, этики, эстетики. Его взгляды на красоту, труд, внутреннюю гармонию и развитие личности актуальны для современного школьного образования. В поэтических строках и философских размышлениях Абая проявляется глубокое понимание значения искусства и труда в жизни человека. Абай считал, что красота – это не внешняя форма, а проявление

внутреннего содержания, выраженного через труд, нравственность и стремление к совершенству. Эти идеи чрезвычайно важны для учителя технологии, особенно в части преподавания художественного труда, где каждый урок может стать не только мастерской, но и пространством культурного воспитания.

Преподавание художественного труда через призму эстетических взглядов Абая способствует развитию у школьников способности видеть и создавать красоту, осознавать значение труда как творческого процесса, формировать уважение к народному искусству и национальным традициям. Важно, чтобы учитель технологии не просто обучал технике выполнения изделий, но и развивал у учащихся художественно-эстетическое мышление, чувство меры, гармонии, стремление к внутреннему и внешнему совершенству. Наследие Абая, его идеи о воспитании личности через труд и постижение прекрасного, позволяют обогатить содержание и методы преподавания, соединяя практическую и духовно-нравственную составляющую образования.

Философско-эстетическое мировоззрение Абая Кунанбаева представляет собой уникальное сплетение традиционных ценностей казахского народа, восточной мудрости и западной гуманистической философии. Эстетические взгляды Абая нельзя рассматривать вне контекста его нравственного учения, где красота всегда сопряжена с добром, знанием, трудом и духовным совершенствованием. В эстетике Абая нет формального деления на «прекрасное» и «безобразное» как отвлечённые категории – для него истинная красота всегда духовна и морально значима [1].

В своих стихах и особенно в «Словах назидания» («Қара сөздер») Абай говорит о том, что человек должен стремиться к внутреннему росту, к гармонии между разумом, сердцем и волей. Эстетическое восприятие, по мнению поэта, формируется не только в общении с природой или искусством, но и через познание, размышление, труд. Он утверждает: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» – человек превосходит другого человека не внешностью, а разумом, наукой, честью и нравом [1]. Это утверждение подводит к мысли, что красота – не внешняя привлекательность, а проявление внутреннего порядка, интеллекта, высокой нравственности.

Одним из центральных понятий в эстетике Абая является ұят – стыд, совесть, внутренняя сдержанность. Без этого чувства, по мнению поэта, невозможна ни красота, ни истинное творчество. Он критикует слепое копирование чужого, пошлость, отсутствие вкуса – эстетика у него тесно связана с духовной культурой личности. Подобные идеи особенно важны в воспитании художественного вкуса у школьников, ведь они учат отличать мнимое от настоящего, ценное от поверхностного [2].

Абай уделял внимание также и труду как эстетической категории. Он подчёркивал, что только через труд человек обретает достоинство и внутреннюю красоту: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» – если будешь трудиться не ленись, не придётся просить подаяния [1]. Это выражение можно рассматривать как эстетический принцип – труд делает человека достойным и прекрасным в духовном плане. Важно также, что у Абая труд – это не просто физическое действие, но осознанный, творческий акт, способ становления личности, её внутреннего порядка и гармонии.

Необходимо отметить, что в творчестве Абая есть и образно-эмоциональные описания красоты казахской природы, женских образов, традиционного быта. Он рисует картины природы с особой любовью и точностью, используя выразительные поэтические средства, что говорит о его глубоком эстетическом чувстве и понимании формы, цвета, звука. Эти художественные наблюдения могут стать примером для формирования у учащихся чувства композиции, гармонии, соразмерности в художественном труде [3].

Таким образом, эстетика Абая – это не отвлечённая философия, а жизненная практика, обращённая к каждому человеку. Её принципы – разум, честность, внутреннее совершенство, осмысленный труд и стремление к истине — являются прочной основой для воспитания эстетического сознания подрастающего поколения, особенно в условиях преподавания художественного труда, где ценность формы неотделима от содержания.

Художественный труд в современной школе занимает особое место, находясь на стыке практической деятельности и художественного творчества. Это не просто освоение приёмов ручного труда, но важный элемент эстетического воспитания, формирования у школьников способности воспринимать, оценивать и создавать красоту. Через художественный труд учащиеся приобщаются к национальной культуре, осваивают принципы композиции, гармонии, соразмерности, что делает этот предмет идеальной платформой для реализации эстетических идей Абая Кунанбаева.

В системе взглядов Абая эстетика неотделима от нравственности и труда. Он последовательно подчёркивает, что красота – это результат внутренней гармонии, духовного богатства, воспитания вкуса и уважения к труду. Это положение имеет важнейшее значение для содержания курса художественного труда, поскольку именно через трудовую деятельность учащиеся могут не только познать внешнюю форму, но и осмыслить её внутреннее значение. По мнению поэта, истинная красота – это красота, созданная руками человека с любовью, знанием и ответственностью.

Такое понимание эстетики можно органично внедрить в преподавание художественного труда. Например, при выполнении изделий декоративно-прикладного характера (из бумаги, дерева, ткани, кожи и других материалов) учащиеся обучаются не только техническим приёмам, но и эстетическим принципам: симметрии, ритму, соразмерности, цветовому балансу, аккуратности. Все эти категории перекликаются с эстетическими установками Абая, который призывал к умеренности, точности, чувству меры: «Көңілге түрлі ой салар, Әсем ән мен тәтті күй» – гармония и изящество в звуке и образе рождает внутренний отклик [1].

В художественном труде также важно формировать у школьников умение различать и ценить эстетику традиционного искусства. Использование национальных мотивов, казахских орнаментов, форм и материалов – это не только декоративная работа, но и средство приобщения к культурному наследию. Здесь особенно уместна мысль Абая о том, что человек должен сохранять и развивать то лучшее, что есть в народной культуре, не теряя при этом чувства меры и стиля.

Следует подчеркнуть, что эстетика художественного труда формирует у учащихся ценностное отношение к результату своей работы. Это особенно важно в эпоху визуального перенасыщения, когда вкус формируется под влиянием случайных образов и массовой культуры. Через практическую деятельность школьники учатся не просто делать красиво, но понимать, почему это красиво, и какие внутренние качества человека проявляются в созидательном труде. Эстетическое воспитание, таким образом, становится формой развития моральной личности, что полностью соответствует философии Абая [3].

Педагогическая практика показывает, что именно в процессе художественного труда возможно развитие таких качеств, как усидчивость, точность, аккуратность, уважение к традициям и гордость за национальное искусство. Эти качества Абая считал важнейшими признаками настоящей личности. Более того, он подчёркивал, что духовное развитие без трудовой практики невозможно – ведь только в труде проявляется истинный характер человека: «Еңбекке жастайынан дағдыланған ел – өнерлі, өрісті ел» – народ, приученный с юных лет к труду, становится народом творческим и сильным [1].

Таким образом, связь эстетики и художественного труда проявляется не только на уровне внешнего оформления изделия, но и в формировании мировоззрения ученика. Через приобщение к красоте труда, понимание гармонии формы и содержания, ученики осваивают важнейшие культурные и нравственные ориентиры. Учитель технологии, опираясь на философско-эстетическое наследие Абая, способен превратить каждый урок в процесс воспитания творческой, думающей, внутренне богатой личности.

Внедрение философско-эстетических идей Абая Кунанбаева в практику преподавания художественного труда в школе открывает широкие перспективы для формирования у учащихся не только художественного вкуса, но и системы нравственных и культурных

ценностей. Эти идеи могут быть реализованы на разных уровнях: мотивационном, содержательном, организационном и ценностно-воспитательном.

На мотивационном уровне важно начинать уроки с размышлений, связанных с цитатами из творчества Абая. Его высказывания, такие как «Адам еңбексіз күн көрмес» («Человек не может жить без труда») [1] или «Әсемпаз болма әрнеге» («Не стремись быть красивым напоказ») [1], могут использоваться как эпиграфы, способные настроить учащихся на размышление о смысле труда, внутренней и внешней красоте, истинной ценности ручного труда. Эти выражения побуждают учеников не только к действию, но и к осмыслению процесса создания изделий.

На содержательном уровне идеи Абая интегрируются в учебный материал через тематику проектов, выбор форм и символики, обсуждение значения гармонии и соразмерности в декоративно-прикладном искусстве. Ученики, осваивая приёмы работы с национальными орнаментами, казахскими узорами и формами, приобщаются к пониманию народной эстетики, что напрямую соответствует позиции Абая о необходимости сохранять и развивать традиции казахской культуры [2]. Практика показывает, что такие задания становятся особенно значимыми, если в них включена духовная составляющая: смысловая нагрузка изделий, выбор цветовой гаммы, соответствие форм и содержания. Например, учащиеся могут изготавливать изделия, оформленные фразами Абая, создавать каллиграфические панно, декоративные открытки, текстильные элементы, в которых художественное исполнение сочетается с культурным посланием.

На организационном уровне учитель художественного труда может разнообразить формы работы: проводить творческие мастерские, в которых учащиеся создают изделия, вдохновлённые образами природы или моральными идеалами, раскрытыми в поэзии Абая; предлагать вести индивидуальное портфолио «Мудрость и ремесло», где фиксируются изделия, цитаты и размышления учащегося о красоте и труде. Также эффективны ситуации моделирования – обсуждение с учениками вопросов вроде «Что бы сказал Абай об этой работе?» или «Соответствует ли выбранный декор философии простоты и скромности, к которой призывал Абай?».

Ценностно-воспитательный уровень особенно важен, поскольку наследие Абая позволяет выстраивать уроки не только как процесс обучения технике, но и как путь к развитию личности. Абай подчёркивал, что внутреннее содержание труда и его духовная наполненность важнее внешнего эффекта: «Керек адам – ақылға бай, адамшылыққа толы» («Настоящий человек – богат умом и нравственностью») [1]. В этом контексте художественный труд становится средством формирования таких качеств, как ответственность, аккуратность, уважение к труду и традициям. Учащиеся, систематически погружаясь в размышления над эстетическим и моральным смыслом своей деятельности, начинают воспринимать свои изделия не как шаблонные поделки, а как формы самовыражения и культурного высказывания.

Таким образом, практика учителя художественного труда, опирающегося на философию Абая, помогает формировать у школьников целостное восприятие мира, в котором красота связана с добром, труд – с достоинством, а творчество – с культурным самосознанием. Это делает преподавание художественного труда не просто полезным, но глубоким по содержанию и воздействию видом педагогической деятельности, в полной мере реализующим гуманистический и просветительский потенциал великого мыслителя.

Философско-эстетическое наследие Абая Кунанбаева обладает мощным воспитательным потенциалом, который способен оказывать непосредственное влияние на личностное развитие школьников, особенно в рамках предмета «Художественный труд». Через идеи великого мыслителя раскрывается важнейшая задача образования – формирование не только знания и умения, но и внутренней зрелости, чувства меры, вкуса, трудолюбия и уважения к культурному наследию. Эстетика Абая, тесно связанная с нравственностью, духовностью и трудом, может служить педагогическим инструментом для учителя, формирующего у школьников систему ценностей.

Во-первых, художественный труд, интегрированный с эстетикой Абая, формирует ценностное отношение к труду. Учащиеся начинают воспринимать труд не как механическое действие или необходимость, а как способ самовыражения, путь к внутренней гармонии. Это соответствует идее Абая о том, что «еңбек – қуаныш, бейнет – зейнет» (труд – радость, усилие – благодать) [1]. Такой подход способствует развитию у подростков ответственности за результат, аккуратности, терпения, самоконтроля и стремления доводить дело до конца – всех тех качеств, которые составляют фундамент зрелой личности.

Во-вторых, через художественный труд учащиеся приобщаются к национальной культуре и эстетическим традициям, что формирует у них уважение к истории, родному языку, символам и образам казахского мира. Выполнение работ в традиционной технике (например, казахский орнамент, изделия из войлока, ткачество, резьба) становится не просто художественной задачей, но и средством культурного самоопределения. Абай подчёркивал важность познания своей культуры, нации и языка как основы развития личности: «Өз ұлтыңды сүйе білмей, өзгені сүйе алмайсың» – «Не научившись любить свой народ, не сможешь полюбить и чужой» [1]. Такое воспитание способствует укреплению национального самосознания, чувства гордости и преемственности поколений.

В-третьих, систематическое обращение к эстетическим и нравственным высказываниям Абая в процессе творческой работы развивает у школьников рефлексивное и критическое мышление. Учащиеся учатся задаваться вопросами: «Почему это красиво?», «Чем отличается настоящее от поверхностного?», «Какой смысл я вкладываю в свою работу?». Это важно не только в рамках урока, но и в процессе взросления – такой опыт способствует формированию внутренней опоры и моральных ориентиров. Эстетическая философия Абая учит видеть красоту не в показной внешности, а в соразмерности, уместности, честности и гармонии формы и содержания.

В-четвёртых, влияние эстетики Абая на личность учащегося проявляется в развитии творческого потенциала и чувства меры. Абай критиковал чрезмерность, излишнюю внешнюю пышность и поощрял умеренность, простоту и глубину: «Қарапайым бол, көркем бол» – «Будь простым, но красивым». Через создание художественных изделий школьники учатся использовать материалы с бережливостью, формулировать идеи с ясностью, сочетать традиции с современностью. Всё это помогает им вырабатывать личный стиль и повышает уверенность в себе как в создателе, авторе, человеке, способном на осмысленную деятельность.

Наконец, эстетические принципы Абая способствуют развитию этического мышления и гуманистического отношения к окружающему миру. Через труд и творчество ученики учатся уважать не только результат, но и сам процесс, не только свою работу, но и работу других. Это воспитывает эмпатию, трудовую солидарность, терпимость и готовность сотрудничать. Учитель, транслирующий идеи Абая через свою педагогическую позицию, демонстрирует детям пример внутренней культуры и уважения к духовной работе над собой – что особенно важно в подростковом возрасте, когда личность активно формируется.

Таким образом, влияние эстетических взглядов Абая в рамках художественного труда проявляется на всех уровнях личностного развития учащихся: интеллектуальном, культурном, эмоциональном, трудовом и нравственном. Преподавание, основанное на этих идеях, помогает формировать гармоничную, мыслящую, творчески активную личность, способную воспринимать мир как пространство для доброго, красивого и осмысленного действия.

Наследие Абая Кунанбаева является ценным ресурсом для формирования эстетического, нравственного и культурного сознания учащихся. Учитель технологии, интегрирующий философские и эстетические идеи Абая в обучение художественному труду, способствует всестороннему развитию личности ученика. Это соединение традиций, духовности и практики позволяет формировать поколение, способное ценить не только результат труда, но и его смысл.

Литература

1. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2003. – 208 б.
2. Есім Ғ. Абайдың философиясы. – Алматы: Раритет, 2006. – 264 б.
3. Тұрсынов Е. Қазақтың эстетикалық мәдениеті. – Алматы: Өнер, 1998. – 210 б.
4. Бегалиев Т. Эстетика и технология: межпредметные связи в школе // Вестник образования Казахстана. –2019, №9. – 45-48 С.
5. Адамбекова Г.Ж. Эстетическое воспитание школьников в процессе художественного труда // Педагогика және психология. – 2020, №3(44). –32-37 С.

4-СЕКЦИЯ: АБАЙ ЖӘНЕ ЕЛТАНЫМ: ТАРИХИ-САЯСИ АСПЕКТІ

СЕКЦИЯ 4: АБАЙ И ЗНАНИЕ О СТРАНЕ: ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

FTAMP: 11.01.33

М.Ө. Насимов, Б.Ж. Паридинова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., nasimov_m@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ САЯСИ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Абай аманаты» [1] атты мақаласында «... Абайдың ойы мен сөзін күллі әлемдік ауқымда мойындату мәселесін Кеңестер Одағы әлі тарамай тұрып, 1990 жылы халықаралық деңгейде көтерген едік», – деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, аталмыш мақалада «... Абай тойының алдында оның аруағын одан әрі ұлықтау, өмірбаяндық деректерінің көмескі парақтарын қайта жаңғырту, әдеби, философиялық және музыкалық мұрасын тәуелсіздік тұрғысынан тыңнан пайымдау, әлемдік деңгейде кеңінен таныту бағытында іргелі жұмыстар атқарылды», – деген еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [2] атты мақаласында да Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасатындығы айтылып, «... шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек», – деген болатын.

Қазақ қоғамдық ой-пікірлерінің тарихында ағартушылық көзқарастарымен ерекшеленетін шығармалардың маңыздылығы өте жоғары. Қазақтың ірі әдебиетші-ғалымы, драматург, қоғам қайраткері М. Әуезовтың жиырма томдық шығармаларының он тоғызыншы томында жазушы мынадай пікірде: «Қазақ ССР тарихының өткен ғасырын еске алсақ, көзге толық, көңілге медеу үш адамды алдымен айтамыз. Олар кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да бір туғандай сезілетін асыл жандар. Олар: үшеуі үш мұнарадай болған Шоқан, Ыбырай, Абай.

Бұл үшеуінің өмір, еңбек майдандары үш алуан болуымен қатар, үшеуін бір туғандай ететін ұқсастық та аса айқын. Ол ұқсастық: олардың нәр алған тамырынан, аналық топырағынан туған. Бұлардың бәрі де қазақтың киіз үйінде туып, өз елінің өкілі болып шығуымен қатар, тек қазақ халқының ғана тіл, өнер, тарихи мәдениет ерекшеліктерінің көлемінде қалған жоқ, туысы қазақ болса да бұлардың өрісі, өсуі басқаша. Олар өздерінен бұрынғы қазақ баласы бармаған ырыс өлкесіне жетті. Сол барысында шын шұрайлы, анық аналық қазына тапты.

Шоқан орыстың алдыңғы қатарлы демократиялық озғын мәдениетін меңгермесе, Шоқан болмас еді. Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесі, орыстың адамгершіл, прогресшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді. Солар сияқты Абай да Крылов, Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин қалдырған әдебиетік мұраны ұғып, меңгермесе Абай болмас еді» [3, 20-21].

Қазақ халқының өз заманының ойшылдары өмір, дүние, болмыс, адамның жай-күйін түсінуге ұмтылған. Нақты өмірден бастау алатын қазақтың философиялық көзқарастары қоғам мен табиғат туралы пікірлерге толы. Қазақ интеллектуалды мұрасының ақыл-пайым тұтастығын қарастыру аясында ұлы Абайдың діни-этикалық және әлеуметтік ойларын ғана емес, басқару, құқық және азаматтық ұстанымдары да ерекше рөл атқарады. Осы зерттеуде ақынның «Қара сөздеріндегі» қоғамдық және басқарушылық көзқарастары талданып, қазіргі заманға ұсынылатын тәжірибелік сабақтар анықталады. Авторлар мәтінге семантикалық талдау жүргізіп, тарихи-мәдени контекстен туындаған тұжырымдар мен олардың заманауи

маңызын байланыстыруды мақсат етеді. Зерттеу ағымдағы әдебиеттің ауқымынан тыс қалып кеткен тақырыптарды қамтып, дәстүрлі көзқарастар мен бүгінгі мемлекеттің даму талаптары байланыстарын қарастырады. Зерттеуде мәтіннің мағыналық қабаттарын ашатын контент-талдау қолданылады. Бұл ақын көзқарастарын жаңадан бағалауға мүмкіндік тудырады. Нәтижесінде ұлттың рухани және саяси сана-сезімін қалыптастырудағы тарихи бастаулар мен олардың қазіргі жағдайдағы жүзеге асу жолдары бойынша ұсыныстар дайындалады.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы саяси, әлеуметтік және адамгершілік мақсатты қамтиды және адам болмысының маңызды мәселелерін қозғайды. Қоғамның моральдық ахуалын өз «Қара сөздерінде» ой елегінен өткізген Абай қазақ халқының идеалды басқаруы, көсемдігі мен азаматы туралы ой-пікірлерін білдіреді. Абайдың саяси дүниетанымы тек билік институтының ішкі мәніне қатысты ойларынан ғана емес, қоғамдағы әділеттілік, заңдылық, ұлт бірлігі мен ұтқыр көшбасшылық сауалдарына да тоқтайды. «Қара сөздер» қазақ қоғамындағы тақырыптарды қозғайды және қазақ халқының саяси, рухани, ағартушылық және адамгершілік өміріне түсініктеме беретін саясатанулық сипат иеленеді. Осы елеулі тұжырымдарына қарамастан, Абайдың басқару төңірегіндегі дискурс ретінде анықталған саяси философиясы аз зерттелген. Бұл зерттеуде Абай «Қара сөздері» негізінде ұлы ақынның негізгі саяси ұстанымдарын талдағымыз келеді. Зерттеу мақсатына Абайдың «Қара сөздеріндегі» саяси идеяларды жүйелеу және олардың қазіргі Қазақстан үшін маңызын ашу жатады [4].

Абайдың үшінші сөзін саяси көзқарастарға толы деуімізге негіз бар. Үшінші сөзінен билікке қатысты тұжырымдарды аңғаруымызға болады. Ойлардың саяси тұжырымдамалық көрінісінен мынадай үш негізгі мәселелерді анықтаймыз: біріншіден, клиентелизм мен фаворитизм. Бұл сайлау мен тағайындау процесі барысында ру-таптық байланыстар мен отбасы-құрылымдық ықпалының басымдығынан көрінеді. Басымдық бәсекелестік ортада «өзіме дос, жақын, туғандарға» көмек саясатының қалыптасуына әкеледі. Екіншіден, заңның әлсіздігі. Заң мен тәртіп қысымының жеткіліксіздігінен арам мен қулардың «аман қалу» тактикасы үстемдік етеді. Сондықтан қоғамда түсініксіз күмәнді арыз-шағымдар көбейеді. Үшіншіден, әлеуметтік бөліністің басымдығы. Ел ішіндегі бай мен кедей арасында туындайтын экономикалық теңсіздік саяси шиеленістерді күшейтеді. Сәйкесінше, әр топ «өзіне ғана тиімді» шешімдерді іздейтіндіктен жалпыға ортақ игілікке назар аудармайды. Бұл пікіріміз Абайдың айтқан «қызметке таласқыш» типіндегі адамдар бейнесінің көрінісі іспеттес.

Үшінші қара сөзде «... билікке таластық. ... Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді...» [5] тұжырымдарымен басқару бойынша өз пікірін білдіреді. Абай билікке сай келу үшін толымды-білімді қасиеттің болуы қажеттілігін айтады. Демек, көпшілік дауысымен сайланған адам парасат, білім, тәжірибе, әділеттіліктің қыр-сырын білмесе, билікті дұрыс жүргізе алмайды. Сондықтан басқару ісі оңай шаруа емес, ол үлкен жауапкершілік пен рухани кемелдікті талап етеді.

Ұлы Абай билік категориясын тағы екі қара сөзінде қолданады. Жиырма екінші сөзінде «... Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ...» [5]. Тұжырымда ақын биліктің ешбір ішкі мәні, қадір-қасиеті жоқ деп кесіп айтады және биліктің түпкі мағынасын ашуға тырысады. Осы өткір сыни баға билікті сатып алған адамға қоғам да, тарих та құрмет көрсетпейдігін білдіреді. Бұл ойдан шығатын қорытынды, шынайы билік әлеуметтік сенім мен жауапкершілікті жүктейді, ал жасанды биліктің беделі жоқ, тек сыртқы формальдық талаптарға ғана сай келетін бос лауазым. Отыз тоғызыншы сөзінде «... Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен...» [5]. Ақын бұл сипаттамасында «мінезді» бірінші орынға қояды, нақты тарихи тәжірибе негізінде билікті заңды, орнықты лидерлікпен ұштастырады. Демек, Абай басқарушылардың қиын сәтте елді басқару қабілетін жоғары бағалайды.

Бесінші сөзінде Абай «... қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен...» [5], – дейді. Бұл пікірі адал жолмен емес, теріс пиғылмен жиған байлықты көрсететіндей. Қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлықтың белгілері де осы пікірге келеді. Кейбіреулер мемлекеттің ғылымы мен білімінің дамуы үшін жұмыс істемейді, қалтасын сол мемлекеттің берген ақшасын арам жолмен толтыруды көздейді. Өзгелер де осы кәсіппен айналысып жатыр, менікі жұрттікіне қарағанда ештеңе емес қой секілді алдамшы өмірлері өтіп жатыр. Осылайша, Абайдың теріс пиғылмен байлық жиюды сынға алған пікірі қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлық феномені мен мемлекет қаржысын өз пайдасына жымқырудың түпкі тамырын ашуға жәрдемдеседі және жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде адалдық пен этиканы қайта түлету қажет екенін көрсетеді.

Сегізінші сөзінде «...Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» – деген сұрақ қояды. «Біреу – болыс, біреу – би» [5], – деп жауап береді. Ақыл халықты тәрбиелеу, білім мен жаңашылдыққа шақыратын идея. Ақын сұрақтарды риторикалық формада береді: ұсынылып жатқан жаңа идеялар мен реформалар кімге жететіні белгісіз, оны қабылдайтындар да көмескі. Осы сұрақ-жауап құрылымы реформалар мен жаңа идеологияны тарату жолындағы басқару тетіктерін сипаттайды. Насихаттың сәтті болуы үшін ескі мен жаңаның үйлесімділігі қажет, ал олардың назарын аударту күрделі саяси мәселе екенін меңзейді. Бұл көзқарас он бірінші сөзде жалғасатын секілді: «...Әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылып алып, тағы да байимын деп жүр...» [5]. Бұл ой кейін былайша дамиды: «...дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр...» [5]. Жалпы ұлы ақын партия ұғымын үшінші сөзінде екі рет, он бірінші сөзінде бір рет айтқан екен. Осы құрылымды негізге ала отырып, Абайдың «Әуелі – ұрлық...» кейін «партиялас боламын...» ойының астарында қоғамның саяси конъюнктураға бейімделу үрдісін сынға алатындай. Сонымен қатар, үшінші сөзінде «партияның» топтық іс-әрекеттінің әлеуетіне назар аударады, он бірінші сөзінде ұрлық түсінігімен сынайды. Осы ойларынан ақынның идеяларды таратудағы басқарушылық тетіктер мен қоғамдық сана туралы терең саяси түсінігін көреміз. Тағы ескерер жәйт, үшінші сөзінде сайлау туралы екі рет баяндайды.

Жиырма төртінші сөзінде ақын қазақ қоғамындағы бөліністер мен өзара қастықты сынап, ұлттық бірліктің жоқтығы, саяси ынтымақтастықтың әлсіздігін назарға алады. Ішкі тартыс пен сенімсіздік сыртқы саяси тәуелділікке апарып, өз жерімізді қорғай алмай қалу қаупі де айтылып тұрғандай. Ақынның негізгі идеясы ұлттық саяси сананы көтеру, өзара сенім мен тәртіпке негізделген қоғам құруға үндеумен байланысты. Рулық бөліністер, ішкі кек сақтау саяси әлсіздікке әкеледі, ұлттық мемлекет қалыптастыруға бөгет болады. Осы тұжырымдарымен Абай қазақты бірлік, тәртіп, саяси сананың жаңғыруына және ғылым, білім мен мәдениетті дамытуға шақырады. Демек, бұл пікірлер қазақтың ұлттық саяси бірегейлігі мен тәуелсіздігін сақтап қалудың, өз тағдырын өз қолына алудың саяси- философиялық бағдарламасы іспеттес.

Осы ойларымыздан Абай Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» саяси идеялар қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және моральдық күйін терең талдауға бағытталған әрі бүгінгі күнде өзектілігі жойылмаған тұжырымдарды қамтитындығын байқаймыз. Ақынның басқару, әділеттілік, заң үстемдігі, ұлттық бірлік пен рухани кемелдікке қатысты ойлары қазіргі Қазақстан қоғамы үшін мәнін жоймайды. Абай биліктің шынайы табиғатын, оның моральдық негізін ашып көрсетіп, жасанды биліктің, клиентелизм мен фаворитизмнің, жемқорлық пен әлеуметтік теңсіздіктің зиянын айқын сипаттайды. Сонымен қатар, реформалар мен насихат мәселесін, партиялық қатынастардың ішкі мәнін талдап, саяси сананың жаңғыруына және ұлттық тұтастықты нығайтуға үндейді.

Талдау негізінде ұлы ақынның прозалық ойларында басқарушылық және құқықтық мәселелерге қатысты тереңді ойлар бар екені айқындалды. Ұлы Абайдың қоғамдық әділет пен заң қағидалары идеялары заманауи мемлекеттік тәжірибенің этикалық негізін байытуға

қызмет етеді. Сонымен қатар, сыни пайымдар ұлт бірлігі, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, басқарудың моральдық жауапкершілігі түсініктерінің азаматтық сана мен қоғамдық саулықты нығайтуда қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес тарих мұрасындағы парасатты көзқарастарды білім беру бағдарламаларына енгізу ұсынылады. Болашақ көшбасшыларды даярлауда қоғам мен басқару этикасын ұғындыруға бағытталған модульдерді қалыптастыру маңыздылығын атаймыз. Ұқсас зерттеулерді компаративті әдіспен кеңейту, дәстүрлі қауымдастық тәжірибелерімен салыстыра қарастыру перспективалары жоғары. Осылайша, өткеннен қалған ой-мұра бүгінгі қоғамдық даму талаптары мен саяси мәдениетті дамытуға өзіндік үлес қосады деп қорытындылауға болады.

Қорыта айтқанда, Абайдың саяси дүниетанымы ұлттық саясат философиясының іргетасы болып қала береді. Ұлы ақын көзқарастары заманауи саяси процестерге сыни көзқарас пен парасатты ой қосудың үлгісі. Абай мұрасы ел басқаруда әділет пен даналықтың, ал халық тарапынан жауапкершілік пен бірліктің маңызын еске салады. Бұл келешек ұрпақтың саяси мәдениеті мен ұлттық санасын қалыптастыруда таптырмас рухани-идеялық негіз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Абай аманаты // Егемен Қазақстан. – 2020, 7 қазан.
2. Тоқаев Қ-Ж.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. – 2020, 9 қаңтар.
3. Ыбырай Алтынсарин тағылымы / Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы. – 1991. – 384 б.
4. Насимов М. Абай Құнанбайұлының саяси дүниетанымы: ойшыл ақынның «Қара сөздерінен» көзқарастар [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: <https://abai.kz/post/197867>. – Қолжетімділік күні: 2025-06-19.
5. Абайдың қара сөздері [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: <https://abai.kz/post/6>. – Қолжетімділік күні: 2025-06-19.

FTAMP: 06.09.21

Ө.С. Сұлтанов

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік
университетінің қазақстандық филиалы
Қазақстан Республикасы, Астана қ., sultan53@mail.ru

АБАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Абайдың әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты айтқан ой-толғамдарын, ұстанымын сөз қылмас бұрын ұлы ақын өмір сүрген замана ағысына, оның ерекшеліктері мен даму барысына тоқталған жөн. Өйткені адам мен ол өмір сүрген ортада өте-мөте тығыз байланыс болатындығы ақиқат – бұл өмір шындығы. Оны біз ғасырлар бойы адам баласының даму тарихынан да айқын аңғарамыз. Осыған байланысты Абайдың:

*Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманға жаман күйлемек,*

Замана оны илемек, – деп адамзат баласының өз заманы аясындағы тіршілік болмысының мағынасын ашып көрсететін қысқа болса да нұсқа сөзі бар [1]. Осы ғақлияны белгілі жазушы Қойшығара Салғарин былай деп түсіндіреді: «Қарап отырсаңыз, ешкім де заманынан тысқары бола алмайды екен. Заман ортақ екен. Сондықтан да ол ешкімді алаламай, уақыт керуенінен қалдырмай алға сүйрейді. Бірақ заманда ортақтық болғанымен адамда алалық бар. Біреулері білімі мен білігін жұмсап, заманды билемек, ақыл парасатына жүгіндірмек. Енді біреулері басында еркі жок, суға аққан жаңғақтай замана ығымен кетіп, жанын жалдап жалбаң қақпақ» [2]. Әрине, Абай да өз заманының перзенті. Алайда ол қалың

тобырға жататын көптің бірі емес, Ақыл-ойы озық, дана да дарасының бірі. Ал оның заманы қандай болып еді?

Абай өмір сүрген дәуірде қазақ жерінде көптеген өзгерістер болып жатты. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына сауда капиталымен қатар өндіріс капиталы да дендеп ене бастады. Қарағанды, Нілді, Спасск, Риддер және басқа да кен орындары ашылып, жұмыс істеп жатты. Осы өндіріс ошақтарындағы алтын, мыс, көмір, қалайы және тағы басқа металл өнімдерін ағылшын, француз капиталистері патшалық Ресей үкіметінен ондаған жылдарға жалға алып, пайдаға белшесінен батып жатты. Осымен қатар қазақ даласында мыңғыраған төрт түліктің өнімдерін іске жарату мақсатында жүн жуатын, ұн тартатын, тері илейтін, ішек қыратын өндірістер, арақ-сыра шығаратын, тұз өндіретін орындар іске қосылып, сауда-саттық айырбастар да қарқын алды.

Сауда-саттықтық күшейе түсуіне тау-кен өндірістерінің де ашылуы үлкен ықпал етті. Бұл процестің өрістеуіне қазақ жеріне орталық Ресей өнеркәсібінің дендеп енуі де әсерін тигізді. Өз кезегінде қазақтың бай-шонжарлары да қарап қалмады. Олар Ресей базарлары мен жәрмеңкелеріне мыңдап мал айдап, тері, жүн өнімдерін көптеп шығара бастады.

Мәселен, 1820 жылдарда Орынбор, Сібір, Орал жолдарымен айдалған малдан 115 мың сом күміс ақша түссе, 1862 жылғы қазақ шаруаларының Россияға сатқан мал, басқа шикізаттарынан 5348433 сом ақша өндірілді. Бір ғана Қызылжардағы зат айырбастайтын базар арқылы 1820 жылы 70 мың бас әртүрлі мал өтсе, ал 60-жылдарда 100 мың бас ірі қара, бір миллион бас қой сатылып отырды [3].

Қазақстанның ішкі нарығында да сауданың күшеюіне байланысты жәрмеңкелердің маңызы арта бастады. Соның айтулысы Арқа жеріндегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесі болатын. Бұл қазіргі Қарқаралы ауданы жеріндегі орын. Жаздың екі-үш ай мерзімінде жұмыс істейтін сауда-саттық шаруашылық орны, сонымен бірге бір аудандағы әкімшілік және саяси, мәдени орталыққа да айналатын.

1867 жылғы патша үкіметінің шет аймақтарға жіберілетін тауарлардан алынатын бажды мүлдем жойып, бүкіл Орта Азия шекарасына сауда жасаттыруы Қоянды-Ботов жәрмеңкесінің жағдайын өте күшейтті. Қоянды-Ботов жәрмеңкесінің айналмалы сомасы 1869 жылы жарты миллионнан асты [4].

Қоянды жәрмеңкесіне Абайдың да жиі-жиі барып тұрғаны тарихтан белгілі.

Сонымен қатар Абай Құнанбайұлы өмірінің біршама бөлігін ел басқару қызметіне арнап, болыс, би болып, сол кездегі қазақ арасындағы қоғам тіршілігінің небір қым-қуат, сан оқиғаларға толы қайнаған қазанына белсенді араласып, өткізгенін жоғарыда айттық. Сондықтан да қазақ қоғамындағы болып жатқан жағдайларды сырттай бақыламай, іштей араласып билік айтып, терең түсіне білген Абайдың халқына айтары да, үйретері де, қағазға түсіріп қалдырғаны да көп болғаны өз басынан өткерген өмірден туындағаны ақиқат.

Соның бірі елді еңбек етуге, адалдықпен мал табуға, жан аямай кәсіп қылып, сауда-саттықпен айналасуға үндеуі заңдылық, халқының қамын жеген кемеңгерлігі деп түсінген дұрыс болар. Оны біз ұлы ақынның өлеңдерінен де, қара сөздерінен де кездестіреміз. Осы мәселеге байланысты Абайдың айтқандарын Кеңес заманындағы кейбір ғалымдар, жазушылар дұрыс түсінді деп айта алмаймыз. Соның бір дәлелі өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы қазақ баспасөзі бетіндегі Сәбит Мұқанов пен Ыдырыс Мұстамбайұлы арасындағы айтыс [5]. Оны қайтадан шыққан «Абай» журналының (1992 ж.) бірінші санынан оқуға болады.

С. Мұқанов «Жаңа әдебиет» журналында (1928, №3) жарияланған «Әркім «өзінше» ойлайды» атты мақаласында былай деп жазыпты:

«Есек көтін жусаңда мал тауып кел,

Құлға жұқпас, еш адам кеміте алмас», – деген Абай сөздерін ұстай алып, «мынаны кедейге айтып отыр ғой» дейтіндер бар. Байға айтып отырғанын қайдан білеміз. Бай, байлықты молайту жолында ненің «көтінен» жиренеді. Бай қанын сорып жатса, кедей «есек көті» түгіл нені жуса да мал таба алмайды. Ал, бай кедейге талай «есектің көтін жуғызып» одан түскен пайданы қалтасына салады.

Ал, Ы.Мұстамбайұлы «Бай кедейге есектің көтін жуғызса да, жылқы бақтырса да, жапа таптатса да, қайтседе кедейдің ақысын жейді, еңбегін сорады. Талас онда емес. Абайдың аты – Абай. Ол бұл күнгі еңбекшіл елдің жырын жырлай алмайды. Мұнда тағы талас жоқ», деп жазады.

Міне, бұл Сәбит Мұқанов сияқты атақты жазушы мен белгілі қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы болған Ыдырыс Мұстамбайұлы арасындағы айтыстан туындаған үзінділер.

Жалпы, жоғарыдағы пікірлерді заманына қарай айтылған сөз десек жөн болар. Өйткені ол кездегі саясат, идеология қазіргіден мүлде басқаша болды. Меншік, жер, сауда мәселелері түгелдей мемлекеттің қолында, билігінде болғаны белгілі. Жеке кәсіпкерлікке тосқауыл қойылды. Онымен айналысқандар қудаланып, сауда істегендер көпшілікке жек көрінішті болды. Сондықтан жоғарыдағы тұлғаларды жазғыруға да болмас.

Ал еліміз егемен атанып, Қазақстанда нарықтық қатынастар берік орныққан жағдайда Абай сөздері (жоғарыда келтірілген) жаңа қырынан жарқырай көрінді. Айталық:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жусаң да мал тауып кел,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас, – деген Абай сөздері [6] нарықтық экономика заманында бүгінгі көпшіліктің салт-санасына қозғау салып, әдет-ғұрып, мінез-құлқына болсын прогресивтік тұрғыдан ой-түрткі болатыны анық. Кәсіпкерліктің қоғамдағы ролінің артуына себепкер болатыны хақ. Өйткені, бізде жұмыс таңдау, әр нәрседен арлану бар. Ал дамыған елдерде қандай жұмыс болмасын құрметті, адал істелген жұмыс, кәсіп түрі өз дәрежесінде бағаланады.

Қазіргі мемлекетіміздің экономикалық саясатының бірі – елімізде мейлінше шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Өйткені дамыған АҚШ, Жапония, Франция және т.б. елдердің экономикасында кәсіпкерліктің үлес салмағы 50-80 пайызды құрайды. Нарықтық экономикаға көөшуді тақыр жерден бастаған біздің республикамызда, бүгінде шағын және орта бизнестің үлес салмағы 20 пайыздың бел ортысында. Ілгерілеушілік бар. Алайда үкіметіміздің алдағы қойған межесі таяу болашақта бұл көрсеткішті еселеп өсіру болып отыр.

Сонымен Абай сөздері, әсіресе, жастарға заман ағымына сай кәсіп тауып, жалқаулыққа, еріншектікке салынбай, талмай қызмет етіп, қиындықтан жасқанбай байлық, дәулетке ұмтылуға үндейді.

Абай мұндай ұстанымға өзінің өмір тәжірибесі, ел басқарудағы қызметі нәтижесіне сүйене отырып келгені анық. Ұлы ақын «Сегіз аяқ» атты әйгілі туындысында:

Егіннің ебін,

Сауданың тегін

Үйреніп, ойлап, мал ізде.

Адал бол-бай тап,

Адам бол-мал тап, – дей отырып, Абай «мал ізде», «мал тап» дегенде тікелей тек қана қой, жылқы, сиырды т.б. айтып отырған жоқ, жалпылама байлықты меңзеп отыр. Бұл жерде ақын мал ұғымын экономикалық тұрғыдан қарап, оның «капитал», «байлық», «дәулет» сияқты ұғымдармен мәндес екенін айтып отыр. Егін салумен айналысу, сауда-саттықтың жолын табу, табыс көзі, молшылыққа, дәулетті өмірге алып келетінін Абай жақсы білген.

Осы жағдайды жақсы түсінген Абай сөзбен ғана шектелмей, өзі болыс болып тұрған кезде егін шаруашылығы мәселелерімен айналысады. Алайда, бұл істе оған көптеген кедергілер де кездеседі. Ол туралы патша шенеунігі, титулярный советник Вернер дегеннің 1892-93 жылдардағы хабарламасында жазылыпты: «...ықпалды қырғыз Ибрагим Құнанбаев Семейдің әскери-губернаторына өтініш етіп сөйлесіп арызданыпты. Өзіне және Шыңғыс болысының 45 шаңырақ үйіне осы Бақанас, Байқошқар, Жәнібек бойын сұрап, оларды отырықшы ел еткісі келеді. Және әбден отырықшыланып болғанға дейін 5 жыл көшпелі шаруашылық қалпында жүре тұруға рұқсат сұрайды... Мен қоныстану үшін таңдап алған қазақтардың жерін Құнанбаевпен бірге жүріп анықтап аралап шықтым және Мұқыр қазақтарынан тиянақтап сұрадым. Сөйтіп соңында мынадай қорытындыға келдім. Бұл жерде

Құнанбаев өзінің таза жеке мақсатын көздейді» [7]. Нәтижесінде, Абайдың ел келешегін ойлап, істеген игілікті ісінің төркінін дұрыс түсінбеген Вернерлер оның тілегін орындамай тастайды.

Алайда Абайдың бұл мәселенің тек өз басы немесе туыстары үшін ғана қолға алмағанын оның басқа да туындыларынан көреміз. Мысалы, ол өзінің 42-ші қара сөзінде: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, саудаға салынса қолы тиер ме еді?», – дейді. Яғни, ақын елді жалқаулықтан, ұрлықтан, жұмыссыз бос сенделуден егін салу, саудамен айналысу тығырықтан алып шығар бір жол дер қараған. Немесе:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, – деп поэзия тілінде ел келешегі неге байланысты екенін ұғындырып бағады. Сонымен бірге өз баласы Мағауияны ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын мектепке оқуға береді. Сөйтіп, Абай егін егу, бұл кәсіптің қыр-сырын меңгеру білім арқылы келетін «баянды еңбек» дей келе оны мәнсап, билікқұмарлықтан артық қояды. «Жан аямай кәсіп қыл» деген өсиеті арқылы халықтың несібесі молайып, дәулет-молшылыққа жетудің жолы қайда екенін ұғындырады.

Абайдың шын мәніндегі ел болашағын ойлаған кеменгерлігін, халықтың тұрмысын жақсартуда бірінші не қажет екендігін, материалдық дәулет пен байлыққа жету үшін кәсіпкерлік хәм сауданың қандай орын алатынын өзінің поэзиясы мен қара сөздерінде терең ашуы, бүгінгі қазақ қоғамындағы мәселелерге сәйкес келіп, көпшілікті толғандырып отырған мәселелерді шешуде бағыт-бағдар, тәлім аларлық дүние деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Абай. Шығармалар жинағы. – Алматы: 1961. – 295 б.
2. Салғараұлы Қ. Таным баспалдақтары. – Алматы: Қазақстан, 1993. Б. 6.
3. Завалишин И. Батыс Сібірдің бейнесі, III том, – М.: 1867. Б. 56 - 57.
4. Семейдің Облыстық санақ басқармасының 1897 жылғы мәліметі. Б. 185-186.
5. //Абай, 1992. – №1. Б. 55, 69.
6. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: Жазушы, 1968. – 207 б.
7. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы (Абай ізімен): Әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. – Алматы: Жазушы, 1998. Б. 33-34.

FTAMP: 17.09.91

А.Ш. Асқарова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., altynai-74@mail.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Кез келген туынды – уақыт пен кеңістікте өтетін рухани тәжірибенің туындысы. Осы тұрғыдан алғанда, кеменгер Абайдың шығармашылығы да – осынау тарихи-мәдени аяда қалыптасқан, ақын дүниетамыны арқылы сүзгіден өтіп, қорытылған философиялық танымның жемісі.

Өйткені, қашанда тарих – тағылым мен тағзым мектебі. Әсіресе, қазақтың тарихқа деген танымы мен талғамы бөлек. Тарихи санасы тұнық та терең, шежірешіл ұлт. Ал Абай – осынау ұлы мектептің түлегі, қазақтың сан ғасырлық тарихы мен танымының квинтэссенциясы болғандықтан, жалпы адамтану бағытындағы ізденісінде туған ұлтының тарихына, тарихи танымына, этнографиялық, этнологиялық қабаттарына бойламай өткен жоқ. Осылайша, ұлтының салт-дәстүрін, жол-жоралғысын, тарихын, тарихи даму заңдылықтарын

пайымдау арқылы адамды, жалпы адамзаттың ортақ қасиеттері мен мақсат-мұратын, өмір сүру мәнін аңғаруға ден қойды.

Бір атап өтерлігі, бұл ретте Абай мұны алдына арнайы мақсат етіп қоймаған. Бұл мақсатты түрде емес, табиғи қалыпта, интуитивті ыңғайда жүрген. Бұған Абай шығармашылығын қарастыру барысында көз жеткіземіз.

Абай тоғызыншы қарасөзінде: «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?», [1, 215] – деп бастайды да, қазақ арасындағы өз өміріне сырттан зер салады. Бұл жерден біз бақылаушы, пайымдаушы Абайды көреміз. Қазақ және мен, қазақ және адамзат, адамзат және мен пайымдары көрініс береді. Өзін ситуациядан оқшау алып шығып, сыртынан зер салу, ой қорыту – Абайдың тағы бір ерекшелігі.

Дана Абай қазақтың қазақ болғалы басынан өткізген қилы-қилы тағдыры мен қиын-қыстау кезеңдерін, тұтас тарихын жетік білген. Мұны Абайдың қасында 25 жыл жолдас болған Көкбай ақынның естелігінен аңғарамыз. Онда ол: «Абай Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерінің ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең етші» – дегенін келтірген. «Абылай да, Кенесары да – қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай, ұмытпастық еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып, ел ортасына жаю жақсы өлеңшінің міндеті» [2, 210] – деп, тарихи тұлғалардың тарихтағы орнын айқындап берген.

Ақынның тарихи танымын танытатын туындыларының бірі – «*Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы*» атты мақаласы. Қазақтың шығу тегін жазуда тарихта белгілі тұлғалар арқылы таратып береді. Қазақты қырғыз, татар, өзбек, ұйғыр ұлттарымен байланыста қарау арқылы оның түркі тестес халыққа жататынын аңғартады.

Абайдың бұл мақаласын қазақтың түп негізі туралы жалпылама жүйелеп бағыт көрсеткен алғашқы еңбек десек те болады. Келтірген деректерде тұтас түркі халықтарының тарихынан мәлімет беріледі. Бұл ақынның жазба деректерге сүйеніп, өз көзқарасы бойынша қалыпқа салып құрастырған шежіре – Абайдың тарихи танымының көрсеткіші.

Абай жалпыұлттық және жалпыазаматтық мәселелерді терең жырлап, ұлтының еркіндігін білім мен ғылым арқылы ғана шешілетінін жан-тәнімен терең түйсінген.

Абай шығармашылығынан Ресей патшалығының Қазақ еліне деген саяси іс-әрекеттерін және қазақ халқының әлеуметтік жағдайы мен мінез-құлықтарына әсерін көруге болады. Өлеңдерінде жұртының надандығына налиды, пайымына бармай бас-басына би болуды әдет қылды, адамгершілік пен парасаттылықтан айырылды деп күңіренеді.

Саясаттың сыңайы, заманның райы, қазақтың шырайы төменде келтірген көлемді өлеңінде шынайы қалпында бейнеленген.

*Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.*

*Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!*

*Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға,
Таңқаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға.*

*Үйі мәз боп, қой сойды
Сүйіншіге шапқанға.*

*Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.*

*Еш нәрсе емес жұбанар,
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар
Бір дәмдіні татқанға.*

*Көзі барлар ойының
Күлер көтін ашқанға.
Қасиетін бойының
Бекер төгіп шашқанға.*

*Қуанарлық қыз емес
Жылтырауық таққанға.
Өзгелерді, біз емес,
Түсірмекші қақпанға.*

*Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса жолама
Бос желігіп шапқанға.*

*Бір бес надан, оңбассың,
Нансаң, оның қосқанға.
Жасық, жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.*

*Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбірер,
Елертіп көзді аспанға.*

*Жайы мәлім шошқаның,
Тұрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.*

*Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға [1,78].*

Абайдың бұл өлеңін тұтас келтіріп отыруымыз да тегін емес. Қарапайым адамдар мен зерттеушілер арасында «Абай орыс отаршылдығын жазбаған, тек қазақты сынаумен болған» деген жазғырушы пікірлер арагідік кездесіп қалатыны жасырын емес. Жоғарыдағы өлеңде заман кейпін, отаршылдықтың ащы зардабын, одан құтылу жолдарын нұсқап, шындықтың қанын сорғалатын отырып берген емес пе?! Бұдан артық қалай айтуға болады?! Қазақтың ерлігі мен еркіндігін аңсаған өлеңнің өн бойында орыс империясының саясаты мен қазақ елінің әлеуметтік жағдайының шындық тарихы жатыр.

Сондай-ақ, Абай өз халқының болмысы мен адамтану мәселесіне терең бойлаған ойшыл. Абай – терең білім мен ұлы тәрбие иесі.

Ойшыл Абай қоршаған орта, дүние, әлем, табиғат және халқы туралы өзіндік тиянақты көзқарасын тудырған. Яғни, осы аталған қағидаларды рухани-практикалық тұрғыдан игере танытқан.

Ақын мұрасынан байқайтынымыз, Абай халқының асыл болашағын мұрат тұтқан. Қазақ халқының озық-өжет мінез-құлқын жан-жүрегімен сезінген, не қажет екенін білген ақын, халқының күнделікті күйбең тіршілігін өзгертуді армандады. Осыдан барып халқының барлық болмысын танып, өмірдің мәнін түсіндіруге тырысты.

Абайдың ой-арманы, мақсат-тілегі, таным мен санасы күйбең тіршіліктен әлдеқайда жоғары болған. Сонымен қатар, ақын мұрасының ұлттық, танымдық-тәрбиелік маңызы зор. Бірқатар өлеңдерінде қазақтың әдет-ғұрпында кәде, жол-жоралғыға қатысты мәлімет қамтылған. Мысалы, Абайдың «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» өлеңінің айтпағы сөздің құдіреті адамдарға игі ықпалы және жұртшылықтың қадір-қасиетін қабылдауы.

Сонымен бірге, Абай қазақ халқының мал шаруашылығы – атакәсібіне де тоқталып, оны жетілдіру жайын тілге тиек етеді. Мәселен, екінші қарасөзінде «Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз» деп қолда бардың қадірін білмей, іске жарата алмай отырғанымызға қынжылады.

«Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес» – дейді Абай. Абай бірігіп тірлік істеуге үндейді. Бірігіп еңбек етсең, әр адам өз несібесін алады. Бірлесіп ағайын болып, ауыл болып, ел болып істің көзін тауып еңбектенсең, «сонда несібесін құдайдан тілейді», – [1, 212] дейді.

Адамда тірлік жасау үшін көкірегі ояу, ниеті дұрыс болу керек. «Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың. Кеселді жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас, Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық» деп біреудің байлығы ешбір адамға азық болмайды, «Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол» бұл жанның қалауы емес, өзің еңбектеніп, еңбегіннің жемісін көру керек. Білім алып, ғылым үйреніп жан мен малды, елді өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, осы жанның тамағы. Абай малмен айналыспа деген емес, малдың өрісін кеңейтетін кәсіп үйрен дейді. Бір күндік тамағымызды ойламай, «жанды» қамын ойлау керек дегенге келеді. Жан хайуандарда бар, адамның жанының артықшылығы ақылында, сезімінде, ерігінде. «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді». Абай жанның қасиеттерін пайдаланып кәсіп қылуды бағамдап отыр.

«...мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі? Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» [1, 216].

Жалпы, қазақ халқының мал шаруашылығы бойынша көпжылдық тәжірибесі болды. Мал шаруашылығы өнімін, шикізатын өңдеу істерін жақсы меңгерген болатын. Көшпелі қазақ жұртына жүн мен тері өнімдерінен баспанаға қажетті, үй-құрал жабдықтары, киім, тұрмысқа қажетті заттар жасалынды. Оның барлығы қол мен аяқпен жасалды, сол себептен сапасы біршама төмен болған. Батыс елдерінің білімі мен ғылымын сусындаған Абайдың бұл тірлікке көңілі толмады. «Адамзат тірлікте дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» деп

жұрттының тозып, жанның рахатын сезбей өмір сүріп жатқандары жүрегін сыздатты. Халқының бірнеше жыл даму эволюциясынан артта қалғанын сезді. Елді дамыту жолы білім мен ғылымда екенін халықтың жанына бойлады. «Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақұлыққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ» сондықтан қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйренуді дегенді алға тартады.

Басқа елден артықшыландыратын жетістік – өнер. Қуанбас нәрсеге қуану надандық. Абай сөзі әр адамзаттың көңілі мен көзін ашатын ғибрат. «...надан ел қуанбас нәрсеге қуанады, һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі - надандық, ақымақтықтың әсері» дейді Абай.

Алла тағала біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді болсын деп жаратқан емес. Бұл құдай тағаланың ғайыпы емес, пенденің қолынан келген іс. Пенде талаптанса, құдайдың берері де зор.

«Естігенде бір нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені көргенде я естігенде ғибрәтлену керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші ой кеселдерінен қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымшы салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я қайғыға салыну, я нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», [1, 242] – Абай жұртының бүгінгі күні мен болашағы қатты толғандырады, халқының санасын тәрбиелейді, еңбек адамдарды еркіндікке, шығармашылыққа әкеледі деген ой мазалайды.

Ұлы ойшыл:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, [1, 17] – деп ата-бабадан келе жатқан мал шаруашылығынан басқа, егіншілікпен айналу қажеттілігін де тілге тиек етеді. Бірақ, түпкі мәні егін шаруашылығында емес, еңбектің бұдан өзге бәрі жалған деп отырғаны болашақта жемісін көретін іс-әрекетті меңзейді. Яғни, ұлтының болашағы үшін мақсат қойып білім алу.

Абай қазақ қоғамын төртке бөліп жіктеп болмысын ашқан. Бірінші – «бас-басына би болған өңкей қиқым» би, болыстың; екінші – өзімшіл, сараң «мал қызығын біле алмай жүрген» байдың; үшінші – кедейлердің; төртінші – «ұрлық пенен құлықты, қызық көрер, өңі енер» ұры-залымдардың бейнелерін жасайды. Өлеңдеріндегі бейнелер болмысы ақиқат көрінісі.

Көріп отырғанымыздай, Абай өлеңдерінде дәстүр мен жаңашылдық қатар көрініс тапқан. Абайдың еңбектерінің басты идеясы – білімді ел, ұлттық құндылық, біліктілік. Данышпан ақын бірліктің, білік пен білімнің, кәсіп пен өнердің күшін аңғарды. Жұртын өнерге жетеледі, кәсіп үйренуге шақырды. Жаңа бағыттағы, жан-жақты қаруланған ұстаз, қазақ халқына жаңа жол ұсынды.

Сонымен, Абайдың тарихи танымы үш арнаны қамтып жатқанын аңғарамыз. Қазақтың көне заманнан өзі өмір сүрген кезеңге дейінгі тарихы, тағдыры, екінші, шығыстың атақты шайырлары мен тарихнама дәстүрін ұстанған шежірешілері таратқан шығыс тарихы, үшінші батыстың әйгілі қаламгерлері мен философ ойшылдарының мұрасы арқылы жеткен батыс әлемінің тарихы Абайға белгілі деңгейде таныс болған. Осы қазыналы арнаға сүйене отырып, ол тарих толқынындағы қазақтың алмағайып тарихына бойлап, өзіндік байлам жасайды. Болашағына бағдар етер жол нұсқауға тырысады. Тарихи тамырынан ажырамай, ұлттық болмысынан айнымай, жаманынан жиреніп, жақсысын асырып, заман талабына сай ілгері жылжуын көздейді.

Әдебиеттер

1. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
2. Абай туралы естеліктер /құраст.: Б. Жүнісбеков т.б./. – Алматы: Қаламгер, 2018. – 501 б.
3. Абай және ақын шәкірттер мұрасы: төрт томдық. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. 2-кітап. – 494 б.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т.19: Зерттеулер, мақалалар. – 496 б.

FTAMP: 17.01.07

М.А. Азбанбаев

Қазақстан Республикасы Судьялар Одағы
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., azbanbaevm@inbox.ru

АБАЙТАНУДЫҢ ҚАЗЫҒЫ – СОТ ҒЫЛЫМЫ

Абайтанудағы өзекті мәселелердің бірі – 1822 жылы Ресей империясында қабылданған «Устав об управлении инородцев» және соның негізінде жасақталған «Устав О сибирских киргизах» жарғыларының (әрі қарай – жарғы) нормаларының мәнін, ішкі сырын толық ашу жолында сот ғылымын тиімді пайдалана білу [1].

1822 жылғы жарғылар кешені империялық биліктің Сібірлік жергілікті халықтарының өзінің егемендігі мен тәуелсіздігінен толық айырылып, өз ырық өз қолынан мүлдем кеткенін, біржолата империяның басыбайлы меншікті субъектісіне айналғандығын, колониялдық басқару жүйесінің енгізілуін, метрополияның үстемдігін түпкілікті заңдастырды.

1822 жылғы «Устав О сибирских киргизах» жарғысының мәтінінде осынау актіні ерекше жарғы деп белгілей отырып заңның §1 нормасында қазақтарды көшпенді жат жұрттық сословиесіне жатқызған, ал §269 нормасында Орта Жүз қазақтарын Ресей «подданые» деп бекітеді.

Патша үкіметі әскери колониялдық жолмен жаулап алынған жұртқа жарғының § 291 нормасында өзінің мүддесін бүркемелейтін, шындыққа шымылдық қылған екіжүзді норма енгізді: «Аталған заңды қабылдауға ешкімді зорламаймыз, бірақ бір рет келісім берген соң, уәде сөзді қайтып алуға ерік берілмейді».

Бұл норманың пішіні жүз жыл өткенде сәл өзгергенмен ішкі болмысын сақтап қалады, арада тағы бір жүз жыл өткенде байырғы қалпына қайтып оралуды арман қылады.

1824 жылы Батыс Сібірге қарайтын Қарқаралыда сыртқы округ құрылып, биліктің жергілікті органы болып табылатын приказ ашылып, оның төрағалығына сұлтандар арасынан актінің §36 бабына сай аға сұлтан сайланатын.

Ол тұста қазақ елінде хандық билік жойылды, бірақ далада бұқара наразылығы және сұлтандардың қарулы көтерілістері тыйылмады, тарих таразысы толқып тұрды. Сол себептен патша үкіметі бұрынғы төре, сұлтандарды, билерді жергілікті билікте уақытша ұстауға мәжбүр еді.

Патша қызметкері князь П.Д. Горчаков, арғы тарихта черниговтік князьдердің ұрпағынан тараған деп саналатын, Батыс Сібір генерал-губернаторы қызметін 1836-1851 жылдары аралығында 14 жыл атқарған, Кенесары ханға қарсы жазалау әскерін жұмсаған жан сұлтандар билігінің сақтала беруін қаламады.

Князь Горчаков 1838 жылы үкіметке барлық сұлтандарды қазақ даласындағы атқарушы, әкімшілік ісінен, сот билігінен мүлдем аластатуды ұсынды да Сібірдегі әкімшілік билікті империя чиновниктеріне тезірек өткізуді жоспарлады.

Әуел баста сөзі өтпегенін көрген Горчаков билікке сұлтандармен қатар сайлауға түсуге елге белгілі, беделді, қолынан іс келетін қара халықтан шыққан кадрларды іздестіріп, қызметте пайдалану практикасын енгізе бастады.

Жалпы империядағы мемлекеттік даму барысы жарғыға жаңа әкімшілік өзгерістер енгізгеннен кейін «қарадан шыққан хандар» институтын өмірге әкелді, оның бір түлегі Құнанбай Өскенбаев болып шықты.

1849 жылғы шілде айында аға сұлтандық сайлауында Құнанбай қажетті дауыс алса да, шекара комиссияның төрағасы Клейст қазан айының жетісі күні жоғары жаққа сұлтан Құсбек Таукиннің де кандидатурасын жолдайды.

Алайда Азия департаменті Өскенбай ұлы Құнанбайдың кандидатурасын қолдап, князь Горчаков өзі қазан айының 22-сін де бекітеді.

Жарғының §56,57,58 талаптарына сәйкес аға сұлтан бар істі мемлекеттік биліктің жергілікті органы болып табылатын округтік приказ арқылы атқаратын.

Сол себептен аға сұлтан Құнанбай билік орталығы приказ орналасқан Қарқаралы мекенінде тұруға міндетті еді.

Құнанбайдың заңды жеке үйі болуы мүмкіндігін жарғының § 167-168 баптарындағы аға сұлтанға ресми бөлінген жер телімінде қандай да бір жылжымайтын мүлік салынған болса, қызметтен кеткенде тиісті бағалаудан соң сол оның пайдасына сатылады деген заң нормасы жоққа шығармайды.

Аға сұлтан Құнанбайдың Қарқаралыда қызметтік пәтерінен бөлек, жалдап алсын, салып берсін, сатып алсын өз отбасымен тұра алатын үйі болғаны туралы деректің анықтығын растайтын Омбы архивіндегі Құнанбай Өскенбаевтың ісіне жүгінейік [2].

Қарқаралы округтік приказына Құнанбайдың үстінен берілген арыздарды тексеруге іссапармен келіп жатқан Батыс Сібірдің бас басқармасының чиновнигі Гусевтің 1852 жылдың 3 тамызында жазған ресми хатында приказдың орыс заседателі Добшинскийдің Қарқаралы приказына қарайтын гауптвахтадан Майбасар Өскенбаев пен Мырзақан Туғанбаевты бостандыққа шығарып жіберген іс-әрекеттеріне наразылық білдірген.

Аты аталған қазақтарды гауптвахтаға өзі қамаған Гусев хатында оларды ертеңінде Қарқаралы көшесінде тайрандап жүргеніне және аға сұлтан Құнанбайдың үйінде жайбарақат тұрып жатқанына таң қалғанын жазады.

Чиновник Гусевтің приказ бен Омбыдағы басқармамен хабарласқан хаттарында Құнанбайдың үйі туралы дерек бір емес, бірнеше рет аталынады.

Құнанбайдың аға сұлтандық дәуірінде Қарқаралыда жеке өзіне тиесілі үйі болған фактісін жан-жақтан дәлелмен бекітіп жатқанымыздың өзіндік сыры бар.

Құнанбай 1849 жылы қазан айында аға сұлтандыққа тағайындалған соң қызмет етер жерінде тұратын баспана мәселесін бірінші кезекте ретке келтіріп алуы тиістің.

Үйі болған соң, аға сұлтан Құнанбайдың жалғыз тұрмайтыны белгілі емес пе, оның тұрмысына қарайтын сенімді кісілер керек қой.

Қарқаралыда Құнанбайдың қасында қос әйелі Ұлжан мен Айғыз болғанын растайтын бір деректі өлкетанушы Е. Мұстафиннің Қарқаралы мешітінің имамы болған Хасен Сейфуллин туралы кітабында кездестірдік [3].

Ахун Хасен – Қазан татары, Қарқаралы мешітіне 1851 жылы тағайындалған үкімет молдасы.

Қазақ мұсылмандары империяның 1788 жылғы жарлығының 1141-бабына сәйкес құрылған мұсылмандардың діни басқармасының Орынборлық округіне қарайтын.

Патша заңдары Орынбор мұсылман кеңесінің басшыларын ішкі істер министрінің ұсынысымен патша бекітетін. Сол себептен бұл діни кеңес те империя үстемдігін жүргізетін мемлекеттік институттардың бірі болатын.

Патша жарлығының 1146-бабы жергілікті мешіттер мұсылмандардың азаматтық хал актілерін тіркеп отыруға міндеттелген.

Өлкетанушы Е. Мұстафин 1852 жылдан бастап Уфадағы округтік басқармаға жолданып отырған метрикалық актілер ішінен 1852 жылдың 21 желтоқсанында Құнанбайдың Ұлжаннан туған ұлы Оспан туралы Қарқаралы мешітінің метрикасын кездестіреді.

Уфадан Құнанбай ұлының туу метрикасын тапқан өлкетанушы Е. Мұстафин Абайдың інісі Оспанның Қарқаралыда дүниеге келуі мүмкін деген пікір білдіріп отыр.

Зерттеуші Е. Мұстафин архивтен табылған Оспанның метрикасына Абайтанушылар қызығушылық танытар деп ойлайды. Орнымен айтылған білімді сөз.

Жазушы М.Әуезов өзінің «Абай жолы» роман – эпопеясында Абайды Телқоңыр деп атауы бекер емес. Оның негізінде бала Абайдың Қарқаралыда Ұлжан мен Айғыздың қасында болуы оқиғасы жатыр дей аламыз.

Тарихтан Құнанбайдың 1855 жылы әуел басында Абайды Семейдегі Ғабдүл- Жаппар имамға беріп, артынан ғылым жолын тереңдетіп оқытатын Ахмет Риза мешіт- медресесіне ауыстырған әрекетінен хабардармыз.

Ендігі кезекте ақырын жүріп, анық басып Ақжан Машанидің бала Абайдың 1850-1855 жылдары Қарқаралыда Қазаннан келген татарлардан оқыған деген дерегін келейік [4].

Аталары Абай елімен ежелден араласқан, сүйек шатыс болған ғалымның беріп отырған дерегімен санаспасақ ақиқатқа қиянат болар.

Абайдың ой өрісінің дамуына империядағы Шығыстану ғылымдарының бір орталығы болған Қазан қаласында оқығандар оң ықпал еткендігі туралы Машани берген деректің растығын дәлелдейтін заң нормасына сөйлетейік.

Жарғының § 71 бабындағы 1 тармағында жаңадан құрылған округтің приказдарында қаралатын істер орыс және татар тілдерінде жүргізіледі деген заң нормасы бар.

Татар тілін билік тілі қылып заңдастыру татар оқығандарының метрополияның қызметінде көптен бері жүргенінің айғағы, татарларды басшылыққа тарту мемлекеттің ресми ұстанған саясаты екендігінің заңды дәлелі екендігіне шет ел ғалымдарының дерегін келтірейік.

1826 жылы Алтай мен Шығыс Қазақстанның флорасын зерттеу мақсатында Алманияның Дерпт университеті, құрамында ғалымдар К.Ф. Лебедур, А.А. Бунге, К.А.Мейер бар ғылыми экспедициясын ұйымдастырған.

Бұл ғалымдардың күнделіктері 1829-1830 жылдары Берлинде неміс тілінде жарық көреді. 1997 жылы В.В. Завалишин, Ю.П. Бубенков күнделікті толық аударып, 800 данамен басылып шыққан [5].

1826 жылдың 26 шілдесінің кешінде неміс ғалымы Мейер Семейден Қарқаралыға бет алады, жолда Тобықты елі жайлы мол мәлімет жинайды.

Мейер сонау Семейден шыққан күннен төрт апта бойы дала кезіп Қарқаралыға 26-шы тамызда жетіп құлайды.

Жергілікті молда Саллик Сагитич диоптаздық рудникке шейін оған жолбасшы болуға келіскен.

Молда Салликтің шыққан тегі татар, 30 жылдан астам осындағы қазақтармен бірге тұрады, Қарқаралының жер-суын жақсы біледі, ертеректе орыс кезбелері Шангин мен Вяткиндерге жол көрсеткен.

Мейерге Қарқаралыда жолыққан молда Саллик Сагитич кейін приказда «губернский секретарь» дәрежесіне жетіпті.

Жарлықта секретарьдің қызметтік құзыреті сипатталмаған, тек жылдық жалақысы 900 рубль болыпты, аға сұлтандікі – 1200, ресей заседателі – 1000, қазақ заседателі – 200.

Жылдық жалақысына қарағанда, секретарь приказда іс қарағанда қабылданған шешімдерді журналға түсіріп отырып, іс барысын қадағалап, бақылап отыратын жауапты қызметкер.

Ғалым Ш. Уәлиханов 1864 жылы «Сот реформасы» атты жазбасында Ресей үкіметінің қазақ жеріндегі дін саласындағы саясатына терең бойлап, жүйелі сынады [6].

Ол үкіметті жарлық енгізген приказдар, ережелермен қоса шала сауатты, қараңғы, надан татар молдаларын күштеп енгізіп, татар білімін мәжбүрлеп таратты деп айыптады.

Шоқан солақай саяси, ғылыми негізделмеген реформаның салдарынан Орта жүзде қазақ халқының жанына жат пиғылдағы шала сауатты татар молдаларынан бөлек, өздерін әулиеміз деп жариялаған кезбе курд, түрік, ноғайлар басып кетті деп наразылық білдірген.

Империя қазақ даласында өздерінің адамдары, мешіттері арқылы «отарлаушылық мұсылмандықты» енгізуге мүдделі болып, қазақтарды осы уақытқа шейін мұсылмандықтан

гөрі дінсіз, язычниктер деп санайды да, оларды христиан діни сеніміне тарту, шоқындыру саясатын актінің § 244 параграфында арнайы норма қарастырады.

Бұл арада метрополия Жібек жолымен небір сауда керуендері араб, парсы тілі мен дінін емін-еркін енгізіп, қазақты бауырына басып алмақ ойынан да қауіптенген.

Әділет ісінің алды, артын байқарлық білім, ғылымы бар Құнанбай құдай беріп тұрған мүмкіндікті өз мақсат, мүддесіне сай неге ұтымды пайдаланбасын.

Ғылымның пайдасын көре білген Құнанбай қалыптасқан жағдайды қапысыз пайдалана білді. Абайға ұстаз болар адамды Қазаннан оқымыстыларының ішінен таңдап, өз қаржысына жалдады.

Тағы бір жығылмас дәлелді Абайдың өз сөзінен келтірейік: «Мен жасымнан көп көрдім, Мұсылманды, кәпірді. Абыралыдай көрмедім, намаз білмес пақырды».

Қазанның оқымыстыларынан дәріс, тәрбие алған Абайдың «бұл заманның молдалары хахим атына дұшпан болады» деген сөзі жарлық әкелген отарлау молдарларының ғылымға қас ниетте болғанын әшкерелейді.

Ақжан Машани жазған Абайдың Қарқаралыда өскен ортасын жарғы нормалары арқылы сипаттап берелік.

Приказ §56, 57, 58 параграфтарда жергілікті мемлекеттік орган деп жарияланған, аға сұлтан ресей үкіметі атынан жергілікті басқару ісін атқаратын земский чиновник болып танылған. Приказдың канцеляриясы, штатында секретарь, аудармашы, тілмаш қарастырылған.

Заңның §124 параграфында әрбір округте приказ орналасатын ғимараты, оның мүшелеріне баспана болатын тұрғын жай, кеңсесіне бөлме, чиновниктер, переводчиктер, толмачтар тұратын үй салысын деген норма бар.

Жарғы нормаларынан округтік приказдың өзі орысы, қазағы, әсери күзеті, татары бар бір қауым ел болғанын байқаймыз.

Округтік приказда татар оқымыстыларынан татар тілімен бірге орыс тілін де үйреніп білген Абай приказда әкесі Құнанбай өткізетін сот істерін де көзі көріп, құлағы естіп үйренген.

Заңның §22 параграфына сәйкес округтік приказдың полицейлік һәм соттық қызметі болған, сот процесстерінде аға сұлтан төрағалық ететін.

Приказ құрамында §20 параграфқа сай облыстық басқарма тағайындаған екі ресей заседателі, құрметті қазақтардан сайланған екі заседатель болатын.

Төре бітіктің түсіндірмесінде «датель» дегеніміз – зерттеу, соттау. Бітік істі дұрыс зерттеп, толық билік шығару үшін әрбір судья толымды, білімді ғалым адам болуы тиіс дейді [7].

Бітік талабынан біз бұрынғының адамы сот ісін ғылыми қызмет субъектісі, зерттеу институты, сот ғылымы ретінде танығанын көреміз.

Абайдың да пікірі соған саяды, сот ғылымы жайында «Интернатта оқып жүр» өлеңінде біліп айтқан: «... Қисық болса закон бар, Судьяға беруге. Ол да оязной емес қой, Алуға теңдік сенуге. Я өз бетіңмен тәуекел, Занимайся прямотой. Жеңіл көрме, бек керек. Оған да ғылым, оған да ой, Қалайынша қайда еруге».

Абай сот ғылымының табиғатын дұрыс аңғарған. Сот ғылымы – сот төрелігі, сот әкімшілігі, сот билігінде әділет ісінің алды-артын байқарлық, сот арын сақтайтын іргелі мінез туралы ғылым.

Абай да алғаш сот ғылымымен Қарқаралы округтік приказында танысқанын Жарлықтың §210 параграфы растайды.

Бұл нормада округтік приказ уездік сотқа теңестірілген, сотта жалпы мемлекеттік заңнамаға сай кісіге қасақана қаза келтіру, барымта, қарақшылық, билікке бағынбау, мемлекетке опасыздық істер» қаралатын, сот отырысында аға сұлтан төрағалық ететін.

Сотта шешім жалпы дауыс берумен шешілетін. Алдын ала тергеу жүргізген приказдың мүшесі сотта шешім қабылданғанда дауыс бере алмайтын уездік соттың шешімі облыстық соттың ревизиясына жіберілетін.

Бал Абай Қарқаралы приказында оқымысты татарлардан орыс тілін үйреніп білгені оның сот процесстерін тыңдауға, көруге, білуге септігін тигізгені анық іс. Қарқаралы приказы о заманда барлық үкіметтік, үкімет еместік ғимараттар бір жерге шоғырланған шағын әскери-соғыс бекінісі болатын.

Абай осынау бекіністің тар шеңберіндегі өмірді қызықтап жүргенде 1850 жылының қаңтарында Абай әкесі Құнанбайдың үстінен ел адамдары арыз түсіргенін, тергеу басталғанын естиді. Омбыдан тергеуге келген чиновниктерді көреді, әкесінің Қарқаралыда қамауға алынғанына, қолына кісен салынып Омбыға айдалғанына куә болады.

Құнанбай 1854 жылдың қарашасында Омбы түрмесінен кепілдікке шығып, 1855 қаңтарында Қарқаралыға өзін сағына күтіп отырған отбасына қайтады.

Тергеу әлі де жүріп жатқан, және іс немен аяқталары белгісіз, дегенмен қайсар қайраткер Құнанбай алған бетінен қайтпайды, басшылық ісінен бас тартпай күрестің келесі кезеңіне өз баулып, баптап, билікке, мемлекетшілдік мінезге үйретіп, дайындап жүрген бала Абайды салады.

1855 жылы Құнанбай Абайды Семейге медресеге оқуға апарды да, 1858 жылы оқуын толық бітіргізбей, өзінің қасына көмекшілік қызметке, сүйеу болар жігіттікке еріксіз шақыртып алдырады.

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға. Құнанбайдың Қарқаралы приказында өзінің қасында баласы Абайды ұзақ уақыт ұстағанының басты себебі де баласын басшылық ісіне қосу болатын.

Құнанбай баласына ұлағатты ұстаз бола білген әке. М.Әуезов романының басында бала шәкірт Абайды «Бөрінің бөлтірігі» деп заңды суреттеген.

Абай да әкенің ақыл жарлығынан сырдаң тартпады, тез жиренбеді, Қарқаралыда алған бар білім, ғылымын әке жолына салды, алысты, айқасты. Ашуға да, айлаға да жақты шырақ!

Соныменен, біздің талдауымызда Абайдың көркем өнеріне арқау болған қайраткерлік өмірі Қарқаралы приказында басталғанын заман заңы, ғылым қисыны дәлелдеп отыр.

Қарқаралы – Абайдың балалығы өлгенін анық біліп, сезінген, өмірге сын көзімен қараған кезі.

Сын – сот. Сот – толымды ойдың отты шағы. Толымды, білімді сот – ғалым. Сот ғылымы - заңдылық пен құқықтық тәртіп.

Сот ғылымның керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Сот ғылымы - ар, ұятыңды оятар, түп иеңе қайтпағыңды ойға салар өлшем. Сот ғылымы – абайтанудың қазығы.

Әдебиеттер

1. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 406 с.
2. Дулатбеков Н. Құнанбай Өскенбаев ісі. – Нұр-Сұлтан, 2021. – Б 130, 134-135.
3. Мустафин Е. Об имаме Хасане ахуне. – Караганда, 2017. - С. 64.
4. Машани А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1994. – Б 81- 82.
5. Ледебур К. Путешествие по Алтайским горам и джунгарской Киргизской степи / К.Ледебур, А. Бунге, К. Мейер; пер.: В. В. Завалишин, Ю. П. Бубенков. – М.: Наука, 1993. – 416 с.
6. Валиханов Ч. Собрание сочинений: в 5 т. - 2-е изд., доп. и перераб. – Алма-Ата, 1984. – 1985. - Т. 4. - 1985. – С. 77-104.
7. Төре Бітігі. Армяно-кыпчакский судебник 1519-1594. – Алматы, 2003. – С. 352-353.

Ө.С. Сұлтанов

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік
университетінің қазақстандық филиалы
Қазақстан Республикасы, Астана қ., sultan53@mail.ru

АБАЙДЫҢ ЕЛ БАСҚАРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Мұрағат құжаттарындағы деректерге қарағанда, Абай Құнанбаев саналы ғұмырының 18 жылын ел басқару ісіне арнап, оның 12 жылында болыс, 6 жылында би болып, өмірін әрқилы айтыс-тартысқа толы оқиғалар заманында өткізген екен [1].

Абай мұндай қадамға, ел басқару ісіне, билікке белсенді түрде араласып, заң жүйесін қалыптастыруға неліктен ат салысты деген сұрақ туындайды. Бұл жерде басы ашық бір жағдай ел басқару жұмысына Абай өз еркімен бармаған және оны өмірлік мақсаты деп санамаған. Оны жазып кеткен өлеңдері мен қара сөздерінен де байқауға болады. Ақын мұрасын зерттеушілердің деректеріне қарағанда Абай ел басқару қызметіне 20-21 жасынан бастап-ақ араласса керек. Құнанбай Абайдың медреседегі оқуын аяқтатпай, 14-15 жасар кезінде-ақ елге қайтарып алып, ел басқару ісіне баули бастаған екен. Құнанбайдың бұл қылығы баласы Абайды өз орнымды басса екен, әке мұрасына ие болса деген тілектен туындағаны анық.

Өйткені, әкесі Құнанбай Өскенбайұлы ірі ру басы, болыстық қызмет атқарып, 1852 жылы Қарқаралы округінің ең соңғы аға сұлтаны болып сайланады. Бұл кезде қазақ хандығының жойылып, Қазақстанның біржола патшалық Ресейдің отарына айналып, жеріміз тікелей патша үкіметінің әкімшілік жүйесі ықпалына көшіп, сауда капиталының қазақ даласына кіре бастаған уақыты еді. Бұл кездерде билердің бұрынғы ықпал-беделі бәсеңдеп, қазақ даласында сұлтан, болыс, старшиналардың ықпалы күшейеді.

Осымен қатар, патша үкіметі Қазақстанда қоныстандыру саясатын қызу жүргізе бастады. Бұл жағдай болса қазақ рулары арасында жерге, шұрайлы қонысқа, суға таласуды онан әрі үдете түсті.

Жалпы, феодалдық қоғам тіршілігінде ру таласы бірде-бір рет бәсеңдеп көрген емес. Аға сұлтан Құнанбайда сол рулар арасындағы үнемі тұтанып тұратын дау-жанжалды реттеуді ел билеу саясатының негізгі мәселенің бірі еткені де мәлім. Құнанбайдың ел басқарудағы жақсы жақтары да аз емес-ті, қаталдығы да жеткілікті. Оны көзімен көріп, бірге жүріп, қызметіне куә болған поляк зерттеушісі Адольф Янушкевич Құнанбайды өз заманының ұлы тұлғасы болған адам деп бағалаған. Ел басқару оңай өнер емес. Құнанбайдың ел басқаруы Абайға үлкен мектеп болған. Бірақ ол әкесінің жақсы жақтарын үлгі тұтып, жаман жағынан бойын аулақ ұстауға тырысты емес пе?!

Дегенмен, Абай да пенде, өз заманының перзенті болған тұлға. Шалыс басқан тұстары да болған, негізінен жастық шағында. Осы жағдайды белгілі абайтанушы Әбіш Жиреншин «Әдепкі кезде, Абай ел ісіне кірісіп, едәуір өмірін сол қызу өмірдің қойнауында өткізеді, бірде бүге, бірде шіге оқиғаларға, ет қызу албырттықпен батыл да араласып, ауыл намысы, ат дәстүрі буымен «асау жүрек аяғын шалыс басқан», – деп өзі айтқандай албырттық мінездің болғанын көреміз.

Жасымда албырт өстім, ойдан жсырақ,

Айлаға, ашуға да жақтым шырақ, – деп, егде тартқанда данышпан ақынның өзі де әділін айтады», – деп жазыпты [2].

Бұдан біз Абайдың тек ел-жұртын ғана сынап қоймай, өзіне де қатал сыншы болғанын көреміз. Шалыс басқан, кеткен кемшіліктерінен қорытынды шығара білген Абай кейін көпшілік құрметіне бөленіп, атақ-абыройы Тобықты жұртынан асып, қазақ даласының шартарабына жайылады. Оның мысалдары жеткілікті. Ол архив деректерінде де сақталған. Мысалы, 1875 жылы ол Тобықты руының Қоңыркөкше дейтін бір еліне болыс болып сайланады. Абайға дейін Қоңыркөкше болысында айтыс, тартыс, дау-дамай, өзгеден ерен күшті болды. Осы жайында Семейдің уездік начальнигі ресми рапортында: «Тобықтының

Қоңыркөкше болысында, бірде бір болыс дұрыс қызмет атқара алмай жиі-жиі түсе берді. 1872 жылдан бастап 1874 жылға дейін бұл елде бес болыс ауысты» деп жазды. Ал, кейінгі бір ресми мәлімдемесінде: «...Қоңыркөкше болысының халқы Құнанбаевты даусыз бірауыздан болыс сайлады. Бұрын Қоңыркөкше болысында еріксіз алынып жататын барымта, уланған дау, жанжал, неше түрлі қылмыстар мен кісі өлтіру тыйылып, ел ішінде тыйыштық орнай бастады. Осының барлығы Құнанбаевтың беделділігінен болды» [3], деп жазады. Бұл жазбадан Абайдың адалдығы, әділеттілігі арқасында халықтың ортасында абырой беделі бұрынғыдан да арта түскенін көреміз. Абай старшин мен билердің жұмысына да, жер дауы мен жесір дауларына да белсене араласып қандай істің де болмасын әділ шешуіне қызу ат салысады. Пара берушілерді әшкерелеп, қиянатқа жол бергізбейді.

Абайдың билік басында жүрген кездегі ең үлкен еңбегі 1885 жылы орта жүз рулары бас қосқан Қарамола деген жерде өткен ірі билер съезіне бұрын қолданылып жүрген заң ережелерден бөлек жаңа демократиялық негіздегі заң реформасын ұсынуы еді. Ол- бұрын-соңды қазақтың әдепкі заң ережелерін өзгерту, сол кездегі заман талабына сай реформа жүргізіп, ресми түрде бекіту мәселесі еді.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов ұлы ақынның осы қадамына «Осы міндетті мойнына алған Абай бірнеше күн хатқа жазып ереже тізеді. Онысының көбі қазақтың өзі ескіден білген ел заңы болуымен қатар, кей жерлерде жаңа жол – жоба болады», - деп баға беріпті.

Кейінгі өмірінде Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде елді отырықшылыққа, егіншілікті үйренуге, өнер, білімді игеріп, мәдениетті дамытуға үндеуі өзі қызмет жасаған кезеңде халықтың әлеуметтік-экономикалық хал-жағдайын, елдің әлі де болса жартылай көшпелі, жартылай отырықшы күйде қалып отырғанын терең сезінгенін көрсетеді. Соның бір мысалын оның 1876 жылы Қоңыркөкше болысының управителі болып жүргендегі жазған статистикалық мәліметтерінен де байқауға болады. Абай өз қолымен: «19 шаңырақ егін шаруашылығымен шұғылданды. Суарылатын егіндік жерге қара бидай мен бидай 20 қап, тары мен сұлы 8 қап себіліп, одан 13 қара бидай мен бидай 24 қап сұлы өнімі алынды. Суару жүйесі Мұқыр, Тақыр өзендерінде салынды, бір су диірмені болды. Бұл болыстың адамдары өздеріне керекті 2104 қап астықты Семейден сатып алды» деп жазыпты.

Ең бастысы, Абай, ел басқару ісіндегі тәжірбиесінен, оқығанының бәрін ой елегінен өткізіп, зерделей келе, ел басқару қызметінің жемісті, көпшілікке пайдалы болуы ел басқарған тұлғалардың білімі мен білігіне, ақылы мен парасатына тікелей байланысты екендігіне көз жеткізіп:

«Көп шуылдақ не табар,

Билемесе бір кемел» – деп, ой түйеді [4].

Қорыта келе айтарымыз, Абайдың басқарушылық қызметте болған жылдары еш кетпей, оның сол дәуірдегі қазақ қоғамындағы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайды, жағымды, жағымсыз жақтарын терең түсініп, оны шығармашылығына арқау етіп, қазақ қоғамына, оның мінезіне жан-жақты жасалған сипаттамасы, өшпес мұрасына айналды. Оның ұлы ақын болып қалыптасуының негізін қалады. Тек осы сарқылмайтын қайнар бұлақтан бүгінгі жастар мейлінше сусындап, түсініп, сезіне білуі, өз кәдесіне жарата білуі өте қажет-ақ.

Әдебиеттер

1. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы, 2001. – 27-28 б.
2. Жиренчин А.М. Избранные труды. – Алматы: Алаш, 2003- 369 б.
3. КазЦАУ фонда 64 тіркеу № 1, іс 1430 св. 90 дело волостного управителя Ибр. Кунанбаева.
4. Абай. Шығармалар жинағы. Алматы: 1961. – 143 б.

Ұ.Б. Абиева

М.Х Дулати атындағы Тараз университеті
Қазақстан Республикасы, Тараз қ., ulbala.8686@mail.ru

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ халқының рухани тарихында Абай Құнанбайұлының (1845-1904) алар орны ерекше. Ол – ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, композитор және қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмыстың бағдаршамы іспетті рухани көсемі [1]. Заманалар ауысып, қоғамдық-саяси ахуалдар өзгерсе де, Абай мұрасының, оның ішінде «Толық адам» ілімінің маңызы арта түсуде. Себебі, Абайдың бұл тұжырымдамасы тек жеке тұлғаның кемелденуіне ғана емес, сонымен бірге ұлттың біртұтастығы мен мемлекеттің өркендеуіне негіз болатын іргелі қағидаттарды қамтиды [2]. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту мәселесі күн тәртібінде тұрғанда, Абайдың «Толық адам» формуласы бұрынғыдан да өзектірек бола түседі. Бұл мақалада Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасының мәні ашылып, оның ұлттық тұтастық идеясымен сабақтастығы жан-жақты талданады.

Абайдың «Толық адам» концепциясы – оның бүкіл шығармашылығының өзегі [3]. Бұл ілім жекелеген бір еңбегінде емес, өлеңдері мен әсіресе «Қара сөздерінде» тарам-тарам ойлар түрінде баяндалған. Абай үшін «Толық адам» – бұл жай ғана білімді немесе тәрбиелі адам емес, бұл – үш нәрсенің басын біріктіріп, үйлесім тапқан кемел тұлға. Ол үш нәрсе: Ақыл, Қайрат, Жүрек.

Абай адам ақылын екіге бөліп қарайды. Біріншісі – «суық ақыл». Бұл – күнделікті тіршілік қамымен, пайдакүнемдікпен шектелетін, тек өзінің қамын ойлайтын ақыл. Ол білім мен ғылымды тек пайда табудың құралы ретінде қарастырады. Ақын мұндай ақылдың адамды рухани кедейлікке ұшырататынын ескертеді.

Екіншісі – «нұрлы ақыл». Бұл – Жаратушыны тануға, ақиқатты іздеуге, адамгершілік пен ізгілікке ұмтылатын ақыл. «Нұрлы ақыл» иесі ғылым-білімді адамзат игілігі үшін, халыққа қызмет ету үшін үйренеді. Абайдың пайымдауынша, адамды нағыз адам ететін, оны хайуаннан биік қоятын – осы «нұрлы ақыл». Ол «Отыз сегізінші сөзінде» ғылым-білімнің маңыздылығын, оны үйренудің жолдарын көрсетеді.

Абай түсінігіндегі «Қайрат» – бұл тек физикалық күш емес. Бұл, ең алдымен, рухани күш, ерік-жігер, табандылық [4]. Ақылмен танып-білген нәрсені жүзеге асыру үшін, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан жирену үшін адамға қайрат керек. Абай өз заманындағы қазақ қоғамының бойкүйездігін, еріншектігін, мақтаншақтығын қатты сынады. Ол «Бойда қайрат, ойда көз, болмаған соң айтпа сөз» деп, ақыл мен қайраттың бірлігін меңзейді [5]. Қайратсыз ақыл – құрғақ теория, ал ақылсыз қайрат – соқыр күш. Сондықтан, «Толық адам» бойындағы қайрат ақылға бағынып, жүректің әмірімен іске асуы тиіс.

Абай философиясының шыңы – Жүрек. Егер ақыл танымның құралы, ал қайрат әрекеттің қозғаушысы болса, Жүрек – осы екеуіне бағыт беретін, адамгершіліктің өлшемі, иманның ұясы. Ақын «Он жетінші сөзінде» Ақыл мен Қайратты таластырып, ақырында екеуін де Жүрекке бағындырады. Себебі, Абай үшін Жүрек – «адамшылықтың патшасы». Ол – махаббат, мейірім, шапағат, әділет сияқты ең асыл қасиеттердің қайнар көзі.

Абай «Алланы сүй», «адамзатты сүй» идеясын алға тартады. Ол: «Махаббатпен жаратқан адамзат, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», – дейді. Жүрегінде махаббаты бар адам ғана басқаларға жақсылық ойлайды, әділдікті жақтайды және ұлтының қамын ойлайды. Жүрексіз ақыл мен қайрат адамды қатыгездікке, зұлымдыққа итермелеуі мүмкін. Сондықтан Абайдың «Толық адам» формуласының түп қазығы – осы Жүрек.

Бұл ілімнің түп-тамыры тереңде жатыр. Зерттеушілер оның Шығыс философиясымен, әсіресе әл-Фарабидің «қайырымды қала», Жүсіп Баласағұнның «құтты білік», Ахмет Ясауидің

«хикметтері» және сопылық ілімдегі «эл-инсан эл-кабил» (кемел адам) идеяларымен сабақтастығын атап көрсетеді. Алайда, Абай бұл идеяларды қазақтың ұлттық топырағына бейімдеп, өзіндік бірегей тұжырымдама жасады.

Абайдың «Толық адам» ілімі – жеке адамды тәрбиелеумен шектелмейтін, ауқымы кең, әлеуметтік мәні зор тұжырымдама [2]. Ойшылдың түпкі мақсаты – «толық адамдардан» құралған, іргесі берік, өркениетті қоғам, біртұтас ұлт құру. Абайдың ұлттық тұтастық идеясы осы «Толық адам» концепциясынан тікелей туындайды.

Абай өз заманындағы қазақ қоғамының мешеулігінің басты себебін надандықтан, білімсіздіктен көрді [6]. Ол «Жиырма бесінші сөзінде»: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», – деп, білім алудың заманауи талап екенін баса айтады. Абайдың бұл сөзі орысқа бас ұру емес, керісінше, озық мәдениет пен ғылымды үйрену арқылы ұлтты сақтап қалуға, оны дамытуға деген жанайқайы еді.

Ақылды, білімді азаматтардан құралған ұлт қана сыртқы бәсекеге төтеп бере алады, өз алдына ел болып өмір сүре алады. «Толық адамның» ақыл-парасаты – бұл тек жеке бастың игілігі емес, ол – ұлттың интеллектуалды әлеуеті. Сондықтан Абайдың білім мен ғылымды насихаттауы – ұлттық тұтастықты нығайтудың алғышарты.

Абай қазақ қоғамының ішкі алауыздығын, рушылдық пен жікшілдікті, бақталастық пен күншілдікті қатты сынады. Ол «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең, істің бәрі бос» деп, ұлттық бірліктің маңызын көрсетті. Ұлттың тұтастығына кедергі келтіретін осы кеселдердің барлығы, Абайдың пайымдауынша, адам бойындағы «толықтықтың» кемдігінен, яғни ақылдың таяздығынан, қайраттың жоқтығынан және жүректің жібімеуінен туындайды.

«Толық адам» – өз ұлтын сүйетін, оның мүддесін жеке басының мүддесінен жоғары қоятын тұлға [7]. Ол руға, жүзге бөлінбейді, бүкіл халықтың қамын ойлайды. Жүрегінде махаббаты мен әділеттілігі бар адам ешқашан өз бауырына жамандық ойламайды, ел ішіне іріткі салмайды. Демек, қоғамда «толық адамдар» неғұрлым көп болса, ұлттың ішкі бірлігі де соғұрлым нығая түседі. Әл-Фараби сияқты, Абай да адам басқалармен өзара түсіністікте болғанда ғана бақытты бола алатынына сенді.

Абай қазақтарды отырықшы өмірге, егіншілік пен саудаға, өнер-білімге шақырды. Ол жалқаулықты, малға мастанып, еңбек етпеуді «адам сайтаны» деп атады [8]. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деген сөзінде терең мән жатыр.

«Толық адам» – адал еңбекпен өмір сүретін, өз кәсібін жетік меңгерген, жасампаз тұлға. Ол ұлттың экономикалық қуатын арттыруға үлес қосады. Адал азаматтардан құралған қоғам ғана өркендейді. Еңбексіз, тек дайынға басып, біреудің есебінен күн көруді көздеген қоғамның болашағы бұлыңғыр. Сондықтан Абайдың еңбекке шақыруы да ұлттық тұтастықты экономикалық тұрғыдан нығайту идеясымен тығыз байланысты.

Абай заманынан бері бір жарым ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның көтерген мәселелері бүгінгі Қазақстан үшін де өз маңызын жойған жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет», – деп атап өтуі тегін емес

Бүгінгі таңда қоғамда кездесетін жемқорлық, әділетсіздік, білім сапасының төмендеуі, рухани құндылықтардың аяққа басылуы сияқты келеңсіз құбылыстардың барлығы Абай сынаған кеселдермен үндесіп жатыр. Бұл мәселелердің шешімі – Абайдың «Толық адам» формуласында жатыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Президент Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» тұжырымдамалары да Абайдың осы ілімімен сабақтас.

«Адал азамат» – бұл Абайша айтқанда, ақылы мен қайраты жүрегіне бағынған, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, Отанының өркендеуіне үлес қосатын «толық адам» [9]. Демек, ұлттық тұтастықты нығайтып, «Әділетті Қазақстанды» құру үшін әрбір қазақстандық Абайдың «толық адам» болуға үндеген өсиетін санасына сіңіріп, өмірлік қағидатына айналдыруы тиіс.

Абай Құнанбайұлының «Толық адам» тұжырымдамасы – қазақ философиясы мен қоғамдық ойының шыңы. Бұл ілім тек жеке тұлғаның рухани кемелденуінің жолын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге ұлттық тұтастықты сақтау мен нығайтудың іргетасы болып табылады. Ақыл, Қайрат, Жүректің үйлесіміне негізделген бұл формула – білімді, жігерлі, ар-ожданы мол, отаншыл азаматтарды тәрбиелеудің темірқазығы.

Абайдың пайымдауынша, ұлттың біртұтастығы оның әрбір мүшесінің «толық адам» деңгейіне ұмтылуынан басталады. Білімді, бірлігі жарасқан, еңбекқор халық қана өркениет көшінен қалмай, тәуелсіз мемлекет ретінде мәңгі жасай алады. Абай мұрасы – ғасырлар бойы сарқылмас рухани қазына [10]. Оның «Толық адам» ілімін терең түсініп, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру – бүгінгі күннің ең маңызды міндеттерінің бірі. Өйткені, «толық адамдардан» құралған ұлт қана – тұтас әрі мықты ұлт.

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ойшылы, кемеңгер ақыны, рухани тәрбиешісі. Оның шығармаларындағы терең философиялық ойлар мен моральдық-этикалық ұстанымдар тек өз дәуіріне ғана емес, бүгінгі заманға да бағыт-бағдар берерлік маңызға ие. Соның бірі – Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы. Бұл – тек жеке тұлғаның ішкі әлеміне қатысты ұғым емес, сонымен қатар ұлттың бірлігі, рухани жаңғыруы мен тұтастығына тікелей байланысты қағидаттар жиынтығы.

Абайдың көзқарасында «Толық адам» – жүрегі, ақылы және қайраты үндескен, моральдық тұрғыдан кемелденген адам. Бұл үш қасиет – ақыл, жүрек, қайрат – үйлесім тапқанда ғана адам шынайы кемелдікке жетеді. Абай:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек» – деп, толық адамның өлшемін нақты сипаттайды. Бұл идея әрбір адамды өзін-өзі дамытуға, ішкі мәдениетін жетілдіруге шақырады. Ал мұндай толық адамдар көп болған қоғам – рухани жағынан сау, әділетті әрі бірлікке негізделген қоғам болмақ.

